



ИСЛАМ МӘДЕНИЕТІ МЕН БІЛІМІН
ҚОЛДАУ ҚОРЫ



ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ
ДІНИ БАСҚАРМАСЫ

МӘҢГІ МҰҒЖИЗА

Мұхитдин ИСАҰЛЫ

Алматы 2011

УДК 28
ББК 86.38
М 86

Исаұлы М.

И 83. Мәңгі мұғжиза – Алматы:

"Көкжиек-Б" баспасы, 2011. – бет.

ISBN

Оқырман талқысына ұсынылып отырған бұл кітап – теолог ғалым Мұхитдин Исаұлының бірден-бір шоқтығы биік, мұсылмандығымыз бен рух тазалығына қосары мол сүбелі еңбегі. Еңбекте Құран ақиқаттары әсерлі де көркем нақышпен баяндалған. Автор қасиетті Құранның Ұлы Жаратушының кітабы екендігін бұлтартпас айғақтармен дәлелдеген. Мазмұны сал-мақты, тілі оқылуға жеңіл еңбек оқырман жүрегіне жол табар деген сенімдеміз.

Барша мұсылман жұртының ең баға жетпес құндылығы қасиетті Құран Кәрім екені мәлім. Құранда Жаратушы бізге қос дүниенің бақытын ұғындырады. Құран жер бетіне түскелі он бес ғасыр өтті. Сол уақыттан бері Ислам ғұламалары Құранның аяттарына қатысты қаншама еңбектер жазылса да оның мағынасын түгесті дей алмаймыз. Себебі, Құранның мағынасы шексіз, түпсіз терең. Оның үстіне уақыт өткен сайын Құран аяттарының мәні жаңара түспек. «Фуссилат» сүресінің 53 аятында «Болашақта дәлелдерімізді ғаламзат және өз жаратылыстарында көрсетеміз. Сол кезде Құранның ақиқат екендігіне олардың анық көздері жетеді» делінген. Демек, уақыт озып, адам баласының ілімі артқан сайын аяттардың мәнін тереңірек ұғыну мүмкіндігі арта түспек.

Қолдарыңыздағы шағын еңбекте – көбіне намазда оқылатын қысқа сүрелердің тәпсірі берілген. Жаратушы әрбір иманды жанды Өзінің ұлық сөздерінің мәнін ұғынып оқуға нәсіп етпей! Кітап барша оқырман қауымға, дінтану мамандарына, жас жеткіншектерге және тәрбие саласындағы жандарға арналған.

УДК 28

ББК 86.38

ISBN 978-601-7271-02-2

© «Көкжиек-Б» баспасы, 2010

ΚΙΡΙΣΠΕ

I КІТАП

ҚҰРАН КІМНІҢ СӨЗІ?

*«Расында, Құранды Біз түсірдік,
әлбетте, Біз оны сөзсіз сақтаймыз»*

«Хижыр» сүресі

«Құран – Хаққа апарар тура жол»

Хадис шәріп

«Біз тегіміз – түрік, дініміз – Ислам екенін ұмытпауымыз керек. Ол үшін қасиетті кітап – Құран Кәрімді насихаттауымыз керек»

Нұрсұлтан Назарбаев

АЛҒЫ СӨЗ

Қадірлі ізгі қауым! Сіздерге ұсынылып отырған бұл кітап қасиетті Құран тарихынан қазақ тілінде тұңғыш жазылған еңбек екенін естеріңізге саламыз. Тұңғыш болған соң да жүгі ауыр. Құранға қатысты тарих баяндарын барынша жинақтап, қамтып айтуға тура келген. Ислам діні берік сақталған елдерде мұндай кітаптар әлденеше жүздеп жазылған.

Ал қазақ қауымы ислам руханиятын түгелдей басынан бастауға, қалпына келтіруге, қайта тұрғызуға, алға кеткендерді қуып жетуге мәжбүр халдегі ел екенін түсінуіміз керек. Илаһи ілімінде Құран тарихының орны ерекше. Қасиетті Құранның мазмұны қанша терең, соншама кең ауқымды болса, оның тарихы да ұланғайыр бай. Оның әрбір тарауынан, бәлкім, кітаптар жазуға болар. Міне, бұл еңбек сол телегей теңіз білімнің алғы шарты, алғашқы оқулығы іспетті. Сондықтан бұл кітапты ден қойып, жете түсінуіңіз – сіздің алдыңызға ислам әлемінің қақпасын ашуға көмектесуі күмәнсіз.

Себебі, мұсылмандықтың бір шарты – Құранның Аллаһ Тағаланың кітабы екеніне сену. Мінеки, қолыңыздағы **«ҚҰРАН КІМНІҢ СӨЗІ?»** атты бұл кітап осы сенімнің жүйелі дәлелдерін баяндауға арналған.

Кітаптың құрылымы бір-біріне қатысты шағын тарауларға бөлінген. Мысалы, **«Құран мен Пайғамбар**

сөзінің айырмашылығы» деген тарауда Құран аяттары мен хадистердің айырмашылығы нақтылы дәлелмен, өте түсінікті тілде қызықты дәйектемелер бойынша жазылған. **«Құранның ғайып хабарларын қамтуы», «Өткенге қатысты ғайып хабарлары», «Болашаққа қатысты ғайып хабарлары», «Перғауын денесінің сақталуы»** деген тараулардың әрбірі – адам қиялы жетпес тылсым сырларды қамтыған – жеке-жеке кітаптарды оқып шыққандай терең әсерге бөлейді.

Қазақ қауымы яки қазақша білетін барлық отандастар бұл кітаппен танысу арқылы бұрын-соңды ислам діні жөніндегі түсінігін, білімін одан ары тереңдете түседі деген үміттеміз.

Әсіресе, ислам дініне жаңа мойын бұрған азаматтар және мүлде бейхабар жүрген адамдар сәті түсіп осы кітапты оқып шықса, терең ойға қалуы, көкірек көзіне бір сәуле түсіп, Ұлы Жаратушыны тануға ден қоюы ықтимал.

Өйткені, әрбір жақсылықтың себебі, қозғаушы күші болмақ. Бұл ізгі ниетпен жазылған еңбек те сондай бір игі істің бастамасы болар, иншаллаһ!

Исраил САПАРБАЙ, ақын

*Түркі поэзиясы халықаралық фестивалінің,
тәуелсіз «Платиналы Тарлан» сыйлығының
лауреаты*

АВТОРДАН

Күллі мадақ пен мақтаулар мынау ғаламат ғаламзатты асқан құдіретімен ақаусыз жаратып, сансыз галактикаларды тәспі тастарындай ойнатқан һәм жұмыр басты пендесін сол жаратылыстың ең ардақтысы етіп, білмеген нәрсесін үйретіп, құзырынан кітап түсірген Рақымды Аллаһ Тағалаға тән. Оның адамзатқа асқан рақымдылық жасап, адамдарға ақырғы аманаты – Құранды жеткізуші етіп жіберген соңғы пайғамбары, ғаламның Рақым Нұры – хазіреті Мұхаммедке жүрек жарды сәлем жолдап, сансыз салауат айтамыз.

Хақтың қасиетті Құран кітабын терең тануға деген құштарлық әрі сол хақында сөз қозғап, жалпақ жұртқа таныту – әрбір мұсылманның асқақ арманы, өшпес шырағы. Мені де сондай арман бала күнімнен жүрегімді баурап, өзіне тартқан еді. Жоғары оқу орнында оқып жүрген кезімде, Құран ілімінен дәріс беретін ұстазымның қыстың қақаған аязында суық үйде шам жарығымен Құранның ғажайып-мұғжизалығына қатысты еңбек жазғанын көрген кездері, қазақ қауымым үшін мен де жазбақ болып қатты құштарланатын едім. Арадан сегіз-тоғыз жыл өткенде ғана ұстазым бір күні мені шақырып алып, «халқыңа Хақ тағаланың Құранын таныт» деді. Мен де қолыма қалам алып, құлшына кірістім. Шамамен төрт жыл өткенде Анкара университетінен «Құран тарихы және оның негізгі тақырыптары» деген атпен докторлық еңбек қорғап шыққан едім. Бірақ осы кітапты көпшілікке түсінікті болу үшін, аздап басқаша жазуға тура келді. Яғни, бұл еңбек зиялы қауымға да, қарапайым халыққа да ортақ жазылды. Осы кітап елдің көкейінен шықса, екінші кітапта «Құранның негізгі тақырыптары» бөлімі сөз болмақ.

Құран – Хақтың сөзі. Ол адамзатты екі дүниеде бақыттылыққа жеткізу үшін түскен. Алайда нұр мен жарықтан қашқан жарқанат тәрізді кейбір адамдар өзінің қараңғылықтан құтылуын еш қаламаған. Сондай қара ниетті пенделер сол заманда болғаны секілді, қазір де жетерлік. Бірақ заман қартайған сайын, Құран жасара, жаңғыра түсуде. Оның түскеніне шамамен он бес ғасыр өтті. Адамзат оны енді ғана терең түсіне бастады.

Міне, осы кітапта батыстың шығыстанушы ғалымдары Құран хақында пәлен, түген деп сын айтыпты деп ежіктеп жатпай-ақ, Құранның жалпы адам баласының қолынан келмейтін сөз екендігін дәлелдеуге тырыстық. Егер кейбір тұжырымдар қисынсыз келіп жатса, ол менің нұқсандығым. Задында, Құран өзін дәлелдеуде ешкімге мұқтаж емес. Ол – Ұлы Жаратушының сөзі. Оған қарсы шығып, жоққа шығаруға тырыскандардың ешбірі ешқандай табысқа жетпек емес.

Құранда Аллаһ Тағала: *«Егер осы Құранды тауға түсіргенімізде, оның бас иіп, бүгіліп, жермен-жеркесені шыққанын сөзсіз көретін едің. Біз бұл мысалдарды адамдар ойлансын деп береміз»* дейді (Хашыр, 59/21). Құран адамға жай түсе салған кітап емес. Оның адамдарға әкелген міндеті мен жүгі таудың өзі көтере алмай күл-парша болатындай аса ауыр. Міне, осы мақсатта оқырманды қысқа да нұсқа түрде оның осындай кітап екендігіне назар аудартуға тырыстық. Сөз түйінінде, иншаллаһ, осы шағын еңбек халықтың көңілінен шығып, күмәншіл жандардың көзқарасы өзгеріп, Хаққа бет бұрып жатса, «өлсем орным қара жер сыз болмас» еді.

Мұхитдин ИСАҰЛЫ,

теология ғылымының докторы

ҚҰРАНҒА ДЕЙІНГІ АРАБТАРДЫҢ ӨМІРІ

Адамзат тарихына көз салсақ, сонау алғашқы дәуірден бері адам баласы әлемді билеген Ұлы бір күшке сеніп, Одан жәрдем сұрап, соған құлшылық еткен. Яғни, адамның бойында Ұлы Жаратушыға деген сезім әлімсақтан болған. Бұл – адамның өз табиғатында Аллаһ Тағалаға сену мен бой ұсынуы бар екендігін көрсетеді.

Аллаһ Тағала адам пендесіне хазіреті Адамды осы хақ дінінің алғашқы пайғамбары етуі – адамзаттың алғашқы дінінің тәухид діні екендігінің айғағы. Алайда мұндай қоғамдар уақыт өте келе Құдай Тағала сенімінен айырылып, қараңғылыққа бет бұрып, көркем мінез аяқ асты қалған еді. Сол кезде Аллаһ Тағала қауымдарға пайғамбарлар жіберіп, тура жолға шақырды¹. Ислам діні келген кезде араб әлемі осындай күйде болатын. Олардың діни сенімі қым-қиғаш халде еді. Арабтар әу баста аталары Ибраһим мен Исмайыл пайғамбардың Аллаһ Тағаланың бірлігіне негізделген Ислам дінімен жүргенімен, кейінгі пайғамбарсыз заманда ақиқатты ұмытып, пұттарға табынып кетті². Пұтқа табынушылық Араб түбегінің қоғамдық және экономикалық өмірінде салтқа айналған. Арабтар жеке әрі ортақ ерекшеліктері бар пұттар жасаған. Әрбір тайпаның өздеріне тән пұттары болумен қатар, бірнеше тайпаның ортақ сиы-

¹ Фазлур Рахман, Ана конуларыйла Куран, (трж: Алпарслан Ачыкгенч) Анкара окулу баспасы., Анкара. 2000. 38-бет.

² Ибн Кәсир, әл-Бидаиә уән-Ниһаиә, (трж: Мехмет Кескин, Чағры баспа-сы, Станбул. 1994, 1. 311-312-беттер.

натын пұттары да бар еді³. Қағбаның айналасында 360 пұт болған. Араб түбегінің жан – жағынан келген арабтар осы ортақ пұттарға зиярат етіп, табынып, құрбан шалып, оларға арнап адал, харам үкімдерін шығарған⁴. Сонымен қатар олардың Аллаһ Тағала хақында пікірлері де бар еді. Құран осы жайтты былай баяндайды: *«Егер олардан: «Көктер мен жерді жаратқан, күн мен айды бағындырған кім? – деп сұрасаң, сөзсіз «Аллаһ» дейді. Олар (осы ақиқатты біле тұра) қайда лағып барады?»⁵, «Егер олардан: «Көктен жауын жаудырып, сол арқылы жерді өлімнен кейін жандандырған кім?» – деп сұрасаң, сөзсіз «Аллаһ» дейді. (Онда сен) «Күллі мадақ Аллаһқа лайық» де. Бірақ олардың басым көпшілігі (осы ақиқатты) ұғынып, саралай алмайды»⁶. Олардың Аллаһ Тағала хақында түсінігі төмендегідей:*

1. Аллаһ – әлемнің жаратушысы.
2. Ол – жауын жаудырып, әр нәрсеге тіршілік беруші.
3. Ол – мерекелі жиынды басқарушы.
4. Өткінші монизм ақиқаты.
5. Аллаһ – Қағбаның раббысы⁷.

Олардың Ұлы Жаратушыға илана тұрып, пұттарға табынулары қисынсыз еді. Сондықтан, пұттарға табынуларын «Олар бізді Аллаһқа жақындатады» деп,

³ әл-Әбиари, Тарихул- Куран, Бәйрут, Дарул-Лубнани, тс, 22-бет.

⁴ Махмуд Есад, Ислам тарихы исламиет өнжесі араптар, Марифет баспасы, (саделеш: Аһмед Лүтфи Казанжы, Осман Казансы), Станбул, 1983. 283-бет.

⁵ «Анкабут», 29/61.

⁶ «Анкабут», 29/63.

⁷ Изутсу Тошиһико, Куранда Аллаһ ве Инсан, (трж: Сулейман Атеш), Анкара Университесі баспасы, Анкара. 1975, 95-бет.

түсіндірген. Құранда олардың осы әрекеттерін былай баяндалады: *«Бізді Аллаһқа жақындатсын деп қана пұттарға құлшылық етеміз»,* – дейді⁸.

Алайда арабтар Жаратушының бар екеніне сенгенмен, пайғамбар мен қайта тірілуді теріске шығарған болатын. Оны Аллаһ Тағала былай сипаттайды: *«Олар: «Өмір тек бұл ғұмырда ғана. Өмір сүреміз, өлеміз. Бізді осы заман ғана өлтіреді»,* – дейді. *Задында, олар бұл жайлы ешнәрсе білмейді. Бар болғаны болжам жасайды»*⁹. Басқа аятта: *«Олар әуелгі өз жаратылыстарын ұмытып, бізге мысал бермекші: «Мұнша, шіріген сүйектерді кім тірілтеді?»* – дейді¹⁰. Яғни, арабтардың ақырет жөнінде сенімі мүлдем жоқ еді. Бірақ Араб түбегінде арабтармен қатар өмір сүрген еврейлер мен христиандар да бар еді. Осы дерекке жүгінсек, арабтар солардан ақырет туралы естіген деген жорамалға тоқталамыз. Алайда Араб түбегі қауымының ақыретке деген ешқандай сенімі болмағанын да есепке алсақ, олар әһли кітаптың¹¹ көзқарастарына ешқандай маңыз бермегенін аңғарамыз. Оның үстіне еврейлер мен христиандардың да қайта тірілуге деген сенімі өте саяз еді.

Арабтардың арасында пұттарға табынбаған, оларға арнап құрбан шалмаған, тек қана Аллаһ Тағалаға сенген адамдар да болған. Оларды «муаххид»¹² деп атайды. Ха-

⁸ «Зумер», 39/3.

⁹ «Жасия», 45/24.

¹⁰ «Ясин», 36/78.

¹¹ Әһли кітап: Хақ Тағаладан кітап берілгендер. Еврейлер мен хрис-тиандар.

¹² Муаххид: Аллаһты бір, жалғыз, ешқандай ортағы жоқ деп таныған адам.

ниф¹³ дегендер де бар¹⁴. Ханифтердің орталығы Мекке еді. Олар Мекке халқының арасындағы, пұтқа табынып, Аллах Тағалаға шерік қосып, рухани құндылықтарды аяққа басып, дүниеқоңыз болған пенделерге ұқсамай, хазіреті Ибраһим пайғамбардың ханиф дініне иман еткен жандар еді. Бұлар Зубәйір ибн Сулма, Кус ибн Саида, Умәйиәту ибн Әби Салт, Уарақа ибн Нәуфәл, Убәйдуллаһ ибн Жаһш, Зәйд ибн Амр сияқты ханифтер еді.

Ол дәуірде ақсүйектер арасында болсын, мейлі төменгі сатыда болсын әйел затының қоғамда ешбір лайықты орны жоқ еді. Мұндай үрдіс қыз бала дүниеге келісімен басталған. Арабтардың әйелі ұл туса қатты қуанып, қыз туса қылмыс істегендей күйге түскен. Өйткені, адамдар үшін қыздың әкесі болу – масқаралық саналған. Олар мұндай халден сәби қызды туа сала жерге тірідей көму, не оны бойжеткенде біреуге сатып жіберу арқылы құтылған. Кейбір жаны ашығандары ғана қызын елсізге апарып, мал бақтырған.

Бұл жайлы Фараздақтың арғы атасы Сасаа иман еткенде, өзінің басынан кешкенін хазіреті Мұхаммедке (с.а.с.) былай баяндайды: «Пайғамбарым! Қараңғылық дәуірде жасаған жақсылықтарымның маған пайдасы бар ма?». Хазіреті Пайғамбар «Нендей жақсылық жасадың?» – деп сұрады. Сасаа: «Мен бір күні түйемді жоғалтып, іздеуге шықтым. Сахарада жүріп ұзақтан екі шатыр көрдім. Барған соң қарт кісімен жолықтым. Біз

¹³ Ханиф: Хазіреті Ибраһим дініндегі адам.

¹⁴ Изутсу, а.а.е., 105-113-беттер.

әңгіме үстінде отырғанда әйелі келіп, қыз туғанын хабарлады.

Күйеуі: «Аулаққа апарып, жерге көм», – деді. Мен араша түсіп, ақырында сатып аламын деп эзер көндірдім. Әлгі шалға боталы екі түйе мен астымдағы түйемді беріп, қызды аман алып қалдым. Бұдан басқа да Исламға дейін 360 нәрестені құтқардым», – деп сөзін тәмамдады. Хазіреті Пайғамбар: «Осы жасаған жақсылығыңа Аллаһ Тағала саған Исламды нәсіп етті», – деп жауап берді¹⁵.

Ол кезде ерлер әйелге мүлік ретінде қараған. Әйел хайыз кезінде уақытша үйден шығарылған. Негізі арабтардың әйел алуына шек қойылмайтын. Қалағанынша үйленіп, ажыраса берген. Бұл тек арабтарға ғана тән құбылыс емес, Рум мен Сасани империясында да әйелдің адамдық құқы жоқ еді.

Арабтар аспаны ашық сахарада ғұмыр кешкендіктен, ой-өрістері де сол аспандай таза еді. Сондықтан оларда шешендік өнер кеңінен тарап, әсіресе, шайырлық өнері өрістеген болатын. Ол заманда ақындар елінің зиялысы еді¹⁶. Бір ақынның сөзінен екі тайпа соғысып, бір ауыз сөзбен екі ел арасындағы көп жылдық қырғын тоқтап, татулық орнайтын. Ақындар арасында мүшәйра жарысы өтіп, жеңімпаздың өлеңі Қағба қабырғасына ілінетін.

Арабтарда сәуегейлік де етек алған еді. Ондайлардың халықтың жүрегінен орын алғаны сондай көпшілік оларды тылсым күшке ие таңғажайып

¹⁵ Нешет Чағатай, Ислам дөнеміне дек арап тариһы, түрк тарих курум баспа үйі, Анкара. 1989.

¹⁶ Исмайыл Жарраһоғлу, Тефсир усулу, Туркия дианет вакф баспа үйі, 1995. бет.

жандар деп бағалап, зор құрмет көрсететін. Арабтар басына іс түсе қалса яки қайғы-қасіретке душар болса-ақ, сәуегейлерден жөн сұрайтын. Олар балгерлердің пұттардың ішіндегі жындармен тілдесіп, ғайыптан хабар алатынына мүлтіксіз сенетін¹⁷.

Арабтар осындай қараңғы дәуірді бастан кешу үстінде әлемнің Ұлы Жаратушысының құзырынан Жебірейіл арқылы хазіреті Мұхаммедке (с.а.с.) Құран жіберілді. Ол қасиетті кітап қана емес, жазу стилі жағынан адам баласының қолынан келмейтін теңдессіз кітап болды. Оның аса ғажайып мұғжизалық үлгісін дос тұрмақ дұшпан да мойындап оны қабыл етті.

Құран сөзі тау суындай сарқырап ағып, жан мен тән, ар мен жүректі кірден арылтып, адамзатқа бақыт әкелді. Құран арқылы әйел заты теңдікке қол жеткізсе, әке перзентін қыз, ұл деп бөле жармай, бірдей әкелік сезіммен қарайтын болды. Кешегі қызын тірідей көмген әкелер, енді құмырсқаға да аяныш сезіммен қарайтын заманға қол жеткізді. Бір-бірімен қырық пышақтасып қырқысқан ру, тайпалар Құран арқылы арасынан қыл өтпейтін дос атанып, аға-бауырлық қарым-қатынас орнықты. Күні кеше ата-анасына қарсы балалар Құранның атқан арайлы таңынан кейін, оларға қарсы шықпақ түгіл «уһ» деп те наразылық білдірмейтін ибалы дәрежеге жетті. Әсіресе анаға ерекше ізет көрсетіліп, «*Жәннат – аналардың аяғының астында*» деген мәртебелі баға беріліп, ардақталды. Міне, Ұлы Жаратушыдан түскен Құран бұдан он төрт ғасыр бұрын, зұлыматтың қара түнегін сейілтп, адамзат әлемін көкжиектен көтерілген күндей нұр-шұғылаға бөледі.

¹⁷ сол бетте.

БІРІНШІ БӨЛІМ

«Болашақта дәлелдерімізді ғаламзат және өз жаратылыстарында көрсетеміз. Сол кезде Құранның ақиқат екендігіне олардың анық көздері жетеді».

«Фуссилат» сүресі

БІРІНШІ ТАРАУ

ҚҰРАН ХАҚЫНДА ЖАЛПЫ ТҮСІНІК

Адамды жаратып, оның әлсіздігі мен мұқтаждықтарын білетін Аллаһ Тағала оны мына дүниеде қараусыз қалдырмады. Адамзаттың атасы хазіреті Адамнан бастап ақыр заманның үмбетіне дейін әр дәуірде адамзаттың қажеттілігі мен сана деңгейіне қарай илаһи (құдайлық) хабарды сол қауым ішіндегі арнайы таңдалған пайғамбарлар арқылы жіберді¹⁸. Адамзаттың санасы бұрынғыдан гөрі дамып, толысқан уақытта ақырғы пайғамбар хазіреті Мұхаммед (с.а.с.) арқылы 23 жыл бойы уахи етіп, Құранды түсірді.

Құран – адамзатты қараңғылыққа көмілген заманда қапастан құтқарып, нұрға бөлеген нұр мен рақымға толы кітап¹⁹. Құранда Аллаһ Тағала былай дейді: *«Ол сендерді қараңғылықтан жарыққа шығару үшін құлына ап-ашық аяттар түсірді. Сөзсіз Аллаһ сендерге тым мейірімді, аса рақымды»*²⁰. *«Біз мұсылмандарға Құраннан шипа мен рақым түсіреміз. Бұл залымдардың зиянын ғана арттырады»*²¹.

Құран – тарихтағы өзіне дейінгі адамдардың қолымен бұрмаланған өзге илаһи кітаптарға ұқсамаған жалғыз уахилық кітап. Осы жағынан Құран өзге кітап пен діндерді бағалауда жалғыз құқылы кітап. Оның

¹⁸ Идрис Шенгүл. Куран үзеріне. Ышық баспа үйі. Измир. 1994. 233 бет.

¹⁹ әл-Бақилани, Әбу Бәкр Мухаммәд ибн Тәйиб. И'жазул-Куран. Дарул-Ма'ариф. Египет. 1963. 3 бет.

²⁰ «Хадид», 54/9.

²¹ «Исра», 17/82.

нақты мәнісі – Тәурат, Інжіл, Зәбур және Құранның бір бастаудан келуінде. Себеп – Тәурат пен Інжіл ғасырлар бойы адамдардың бұрмалауына ұшырап, Құранның әлі күнге дейін бір әрпі де өзгертілмей сақталуында.

Құран – жоқтан жаратылған жеті қат әлем атты алып кітаптың шексіз тәржімесі. Ұлы Жаратушы әлемді Өзінің ұлылығы мен құдіреттілігін таныту үшін жаратқан. Қасиетті хадисте Аллаһ Тағала: *«Мен құпия қазына едім. Мені танып білсін деп, әлемді жараттым»*, – дейді. Әлем-кітабын адамзатқа арнайы ұсынып, сол кітабы арқылы бізбен тілдеседі. Ендеше, адам баласы алып кітапты оқып, оның тылсым-сырын ақтарып, негізгі мақсатты табуы шарт. Әлемнің мән-мағынасын ұғынуы керек. Бірақ адам пендесінің санасы өлшеулі. Сансыз болмыстың құпия сырын адамзат Ұлы Жаратушының пайғамбары арқылы жіберген кітап кілтімен ғана аша алады. Ол – Ұлы Жаратушының әлемді көз алдымызға елестетіп бізге танытқан Құран кітабы.

Құран адамзаттың сан ғасырлар бойы санасы дамып, кемелдік деңгейге жеткен сәтте түскен. Ол осыдан он бес ғасыр бұрын түссе де, қазір де, қияметке дейін де адам-заттың барлық мәселелерін шешуге жетіп артылады. Құранда Аллаһ Тағала: *«Болашақта дәлелдерімізді ғаламзат және өз жаратылыстарында көрсетеміз. Сол кезде олар оның (Құранның) ақиқат екендігіне анық көздері жетеді»*²², – дейді. Яғни, келешекте адамзаттың күллі болмысы мен Құран арасындағы тылсым байланысты түгел зерттеп, ақыр соңында Құранның Ұлы Жаратушының кітабы екендігіне нағыз ақыл иелерінің көздері жетеді.

²² «Фуссилат», 41\53.

Құранның бұрынғы кітаптардан тағы бір ерекшелігі – алғашқы түскен парақтар мен барлық кітаптардың мазмұнын қамтуында.

Құранның түсуі аса қажет еді. Адамзат – жеті қат алып сарайдың аса қадірлі қонағы. Бүкіл әлем тек адамға арналып жаратылған. Адамзат дүниеге Ұлы Жаратушының жарлығын орындап, ғаламат сарайын тамашалай жүріп, Оған ғибадат етіп, хазіреті Мұхаммедтің (с.а.с.): *«Адамның жақсысы – адамға пайдалысы»* дегеніндей, ізгілік жасап, халыққа пайдасын тигізіп, кейінгі ұрпаққа өшпестей жақсы із қалдырып, жасаған жақсылығының қарымтасына алдағы ақырет әлемінен мәңгілік бақыт мекенін сатып алуға келген. Егер ақырет әлемі мен ондағы мәңгілік өмір болмаса, бұл өмір мен жаратылыстың ешбір мән-мағынасы қалмас еді. Адам баласы бұл дүниеге текке келіп, құр қол кеткен болар еді. Алайда әлемнің жаратылыс мақсаты – Адам. Әлем – алып ағаш, адам соның жемісі мен мәнісі. Адамның жемісі мен мәнісі – мәңгілік бақытты ғұмыр кешу. Ендеше, ақырет болмаса, бұл ғұмыр босқа жаратылды деген мағына шықпай ма?! Адамзатты бұл фәниге қастерлеп әкелген Ұлы Жаратушының онымен тілдеспеуі, сынақ-әлеміне нендей мақсатпен шақырғанынан хабар бермеуі мүмкін емес. Сөзсіз, елшісі арқылы хабар беруі тиіс еді. Сол хабардың ақырғысы осы Құран. Егер Құран болмаса бұл ғұмырға неге келгенін ұға алмай, сахарада сағым құған жанға ұқсар еді. Бұдан бұрынғы түскен кітаптар түгелдей адам қолымен бұрмаланғандықтан, Ұлы Жаратушыдан толық мәлімет ала алмай санасы сарсаңға түсері хақ. Әрі бұрынғы кітаптар сол заманның санасынан аса алмаған еді.

Құран – Аллаһ Тағаланың есімдері мен сипаттарының жер мен көкте жасырылған рухани қазыналарын табушысы. Онсыз Аллаһ Тағаланы тани алмайтын едік. Әлем – Ұлы Жаратушының есімдері мен сипаттарының шағылдары. Құран бізге әлемдегі сол шағылдарға көз тастатып, солардың нағыз иесінің қандайлығын танытады. Көзімізді мысал етейікші. Көру қасиетінің қайнары – Аллаһ Тағаланың Басир (Көруші) сипаты. Басир Жаратушы күллі жаратылысты көреді. Біздікі шектеулі. Әрі бүгін бар, ертең жоқ. Мерзімі біткенде ғайыпқа айнала-ды. Ендеше көру қасиеті тікелей бізге тән емес. Бар болғаны тасқа түскен сәуледей, Аллаһ Тағаланың Басир сипатынан түскен шағыл ғана. Күннің жарығы да Жаратушының Нұр есімін танытқан шағылы ғана. Күнге зер салсақ, оның сөнуге бет алған дене екенін байқаймыз. Ендеше, ондағы сәуле мен қуаттың қайнары – Аллаһтың Нұр есімі. Құран әлемнің таңғажайыптылығынан сөз қозғай келе, олардың қайнар көзі – Ұлы Жаратушының есімдері екендігін айтып, адамзатқа ғибрат береді.

Құран – Исламның рухани кеңістігінің көгінде жарық шашқан нұрлы шырақ. Құран – Исламның негізі мен мәні. Құран – ақырет әлемінің де қасиетті картасы. Ол тек қана бұл ғұмырлық адамдар арасындағы қарым-қатынас емес, сонымен қатар келешек мәңгі әлемді де тамаша түсіндірген кітап. Құран – ақыреттік мекен-жайды, ондағы жәннаттың аса ғажайыптығы мен сұлулығын және жаһаннамның жан шошырлығы мен қорқыныштылығын суреттеп, бізге нендей қам жасауымызды үйреткен кітап. Задында, адам баласының Отаны – жәннат. Адамзаттың ата-анасы сол жерден келген. Бірақ адам баласы сол Отанына жеткенше әлі

талай сапар шекпек. Құран осы Отанына асығып, бұл ғұмырдан өтіп бара жатқан жолаушының қолына берілген жол картасы. Құрансыз адамзат күні ертең алдынан не күтіп тұрғанын біле алмай, қатты күйзеліске түсер еді.

Құран – әрі адамзаттың тәрбиешісі. Құранның басты мақсаты – адам баласының жан-тәнін кірден арылтып, рухына ғайыптық қанат тағып, жәннатқа лайық ету. Асылында, Құраннан тәлім-тәрбие алған адам рухының бұл дүниесі де жәннатқа ұқсас. Өйткені, адамның жан дүниесі мен болмысын тәрбиелеуде ең кемел әдісті адамды жоқтан жаратқан Аллаһ Тағала ғана біледі.. Ендеше, Құран – адамзаттың жалғыз тәрбиешісі.

Құран – күллі адамзаттың заттық және рухани қажеттілігіне сай, кең ауқымға ие, қасиетті дара кітап. Құран адам баласының тән азығы мен жан азығы, бұл фәнилік ғұмыры мен ақыреттік өмірі, адамның жеке басы мен отбасы, экономика, саясат, басқару жүйесіне бірдей жеткілікті кітап. Құран адам өміріне немқұрайдылықпен қарамай, оның барлық қажеттілігін қамтыған кітап. Адам баласы дүрбелең өмірдегі бөгеттер мен асулардан соның көмегімен өтіп, дертінің дауасын, рухының азығын Құраннан ғана табады. Құран – сөзі де, мағынасы да өзіне тән Хақ тағаланың адамзатқа жіберген ақырғы кітабы.

ҚҰРАННЫҢ ҰЛЫ ЖАРАТУШЫНЫҢ КІТАБЫ БОЛУЫНЫҢ ДӘЛЕЛДЕРІ

Құранның 6 ғасырда Меккеде басталып, 23 жылда Абдулмутталибтің немересі және Абдуллаһтың ұлы Мұхаммед (с.а.с.) атты хат танымаған умми²³ кісіден

²³ Умми: Хат танымаған адам. Бірақ умми сөзін қазақ

араб тілінде адамзатқа таблиғ²⁴ етілгені баршаға аян. Бұл мәселе жайында мұсылман мен дінсіздер арасында ешқандай қайшылық жоқ. Алайда хазіреті Мұхаммед (с.а.с.) осы кітапты қайдан алды? Ұстазы кім еді?

Әуелі осы сұраққа Құранның өзі: *«Арыш²⁵ иесінің қасында беделді, күшті, сөзі тыңдалатын сенімді, ардақты елшінің әкелген сөзі»*, – деп жауап береді²⁶. Аяттағы елші – Жәбірейіл Ұлы Жаратушыдан Құранды алып, хазіреті Мұхаммедке (с.а.с.) тұтастай жеткізген. Пайғамбарымыздың ешқандай алып-қосары болмаған. Құранда: *«Аяттарымыз оларға ап-анық оқылған кезде, Бізбен қауышуға үміттенбегендер: «Бұдан басқа бір Құран әкел, яки мынаны өзгерт», – деді. Оларға айт: «Оны өзгертуге менің шамам әсте жетпейді. Мен тек уахи етілгенге ғана еремін»²⁷*. Уахи етілгеніне байланысты бұдан басқа да аяттар Құранда көп кездеседі. Әрі Құранның сөз тұрғысынан да уахи етілгені жайлы аяттар жеткілікті. *«Біз оны арабша Құран етіп*

тіліне «сауатсыз» деп аударуға болмайды. Қазақ тіліндегі «сауатсыз» сөзі хат танымаған адамға айтылумен қатар, сана-сезімі төмен, білімі саяз адамға да айтылады. Әрбір хат танушының сауатты, ал әрбір хат танымағанның да сауатсыз болуы шарт емес. Олай болса, зағиптың барлығы сауатсыз болар еді. Аллаһ Елшісі пайғамбарлықтан бұрын хат танымаса да пайғамбарлыққа лайық ғұмыр кешкен. Ол пайғамбарлықтан кейінде де хат танымаған. Оның умми болуы - пайғамбарлықтың белгісі.

²⁴ Таблиғ: Хақ дінін адамдарға қалтқысыз жеткізу, түсіндіру.

²⁵ Арыш: Аллаһ Тағаланың Арышы. Жеті қат әлемнен тыс Құдай Тағаланың құдіреттілігін танытқан тылсым нәрсе. Күллі ғаламды онымен салыстырсақ, күннің жанындағы моншақ тәрізді.

²⁶ «Текуир», 81/19-21.

²⁷ «Юныс», 10/15.

түсірдік»²⁸. «Раббыңның Кітабынан саған уахи етілгенді оқы. Оның сөздерін өзгертетін ешкім жоқ»²⁹. «Мүзәмміл» сүресінде: «Құранды анықтап, салмақтап оқы»³⁰. Аяттардың арабша болуы мен тіләуат етіп оқылуы Құранның әріптерден тұратынына дәлел. Ендеше, Құранның мағынасы да, сөзі де Аллаһ Тағаладан келгені айдан анық.

Хазіреті Пайғамбарымыздың (с.а.с.) Құранды алғаннан кейінгі міндеттері төмендегідей еді:

1. Жатқа білу.
2. Адамдарға жеткізіп, таблиғ ету.
3. Түсіндірме жасап тәпсірлеу.
4. Иске асыру³¹.

Ендігі кезекте Құранның Аллаһтың кітабы екендігін ақыл таразысына салып, Пайғамбарымыздың өмірі мен өскен ортасына және Құранға ден қойып, пайымдап көрейік.

ҚҰРАНЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

Құран – Ұлы Жаратушының сөзі. Біз барлық жағынан ой салып қарасақ, оның илаһи қайнардан келгенін анық байқай аламыз. Құранның Аллаһ сөзі екендігіне оның өзі дәлел. Оның қырық түрлі мұғжизалық жағы бар. Бірақ бұл жағын әзірге қоя тұрып, оның сыртқы қайнарларына көз салып көрейік. Яғни, Құранның он төрт ғасыр бұрынғы түскен аймағын зерттеп, оның уахи жолымен түскеніне күмәнмен қараған

²⁸ «Юсып», 12/2.

²⁹ «Кәһф», /27.

³⁰ «Мүзәмміл», 73/4.

³¹ Мухаммәд Абдуллаһ Драз, Куранын анлашылмасына доғру, 13бет.

адамдарға қисын жолымен жауап берейік. Ендеше, осы мәселеге тереңнен талдау жасайық:

ҚҰРАН ҚАЙНАР КӨЗІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Құранның уахи жолымен түскеніне күмәнданғандардың оның негізгі қайнар көзі турасындағы пікірлері мынадай: Ханифтер, пұтқа табынушылар, саби-лер, еврейлер мен христиандар, хазіреті Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) саяхаттары, хазіреті Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) умми болуы, өзіндік жеке пікірлер.

ХАНИФТЕР

Кейбір батыс шығыстанушылары хазіреті Пайғамбар Құранды ханифтерден алғаны жайлы пікір айтады. Алайда Араб түбегінде ғұмыр кешкен ханифтер кімдер еді? «Ханиф» деп аталған бұл адамдар сол қараңғы дәуірде тек қана Ұлы Жаратушыға ғана тағзым етіп, пұтқа табынуды бұрыс санаған, сол кездегі надандық сенімдерге қарсы шыққан жандар еді. Бұлардың бар мақсаты – халықты күллі жамандық атаулыдан ада етіп, жалғыз ғана Хақ Тағалаға мойынсұндыру болған. Бірақ олардың бұл армандары бар жоғы аңсау ғана еді. Олардың қоғамдық санасезімге реформа жасайтын нақты пікірлері мүлдем жоқ еді. Ендеше, ханифтер қалай ғана Құранның қайнары бола алмақ. Керісінше, олар келетін жаңа діннің нағыз аңсаушылары ғана еді. Алайда олардың Құранның негізгі пікірлері жайында ешқандай хабарлары жоқ еді. Зәйд ибн Амр секілді ханифтер таяуда бір діннің шығатынын бұрынғы түскен кітаптар арқылы біліп, сүйіншілесе де Ұлы Жаратушының атын да толық атай алмай, Оған қалай ғибадат етерін де білмей өзегі өртке

толып құсамен өткен адамдар еді³². Қорыта айтқанда ханифтер елді қараңғылықтан құтқаратын жаңа дінді қатты қалап, ынтызар көңілдерімен күткен адамдар болған. Әрі хазіреті Мұхаммедті (с.а.с.) меккеліктер бала шағынан өте жақсы таныған. Әбу Жаһил, Әбу Ләһаб секілді ең адуынды дұшпандары оның жақын туысқандары еді. Сондықтан, Құранның ханифтермен аз ғана байланысы болғанда, олар Құранды сиқырлы сөз демей-ақ, негізгі пікірін ханифтерден алған дер еді. Бірақ тарихқа қарасақ, меккелік пұтқа табынушылардың ханиф жайлы бір ауыз сөз де қозғамағанына куә боламыз. Меккелік пұтқа табынушылар Құран хақында «сиқыр», «өлең» т.б. деп жала жапқандары болмаса, олар Құранды ешқашан ханифтермен байланыстырған емес. Негізінде ханифтердің ең атақтысы Зәйд ибн Амр жуық арада бір діннің шығатыны жайлы сөз қозғағаны рас. Бірақ ол сол діннің қандай дін және неңдей жарлықтармен келетінін біле алмаған. Әрі оның хазіреті Мұхаммед (с.а.с.) пайғамбармен ешбір байланысы болмаған. Бұған тарих куә.

Үлкен сахабалардың бірі болған Амр ибн Рәбианың хабарына қараңыз: «Бір күні маған Зәйд ибн Амр: «Мен Ибраһимнен жалғаса келіп Абдулмутталибтің нәсілінен келетін бір пайғамбарды күтудемін. Дегенмен, Оған жете алатыныма көзім жетпейді. Бірақ пайғамбар екеніне иман келтіріп, растап, қабыл етемін. Егер сенің өмірің жетіп кездессең, менен сәлем айт! Сондай-ақ, саған Оның түр-түсінің қандай екенін айттайын. Байқа, жаңылысып қалма!» – деді. Мен оған «Тыңдап тұрмын, айт», – дедім. Ол сөзін жалғастырды:

³² Қараңыз: Ибн Хишам, Сиратул–Расул, Кайр, 1929, 1 том, 144 бет.

«Орта бойлы. Ұзын да емес, аласа да емес. Шаштары түп-түзу я бұйра да емес. Туған жері – Мекке. Есімі – Ахмед. Пайғамбар болып келетін орны – осы жер. Бірақ кейін елі ол әкелген қасиетті дінді ұнатпай, Оны Меккеден шығарады. Ол Ясрибке (Мәдина) hijрат етіп (көшіп), әкелген діні сол жерден тарайды. Одан бейхабар қалма. Мен сан елді аралап, Ибраһимнің дінін іздедім. Кездесіп, әңгімелескен яһуди мен христиан ғалымдарының бәрі маған «сенің іздегенің кейін келеді» деді. Барлығының да сөздері: «Ол – ақырғы пайғамбар. Одан кейін ешқашан пайғамбар келмейді!» деген сөздерімен аяқталды»³³.

Мінекей, оның жаңа дін жайында бар білгені осы. Әрі оның бұл сөздері хазіреті Мұхаммедтің (с.а.с.) пайғамбарлығына дәлел. Әуелі ол жаңа діннің Меккеден шығатынын бұрынғы кітаптардан біліп хабар берген. Екінші, оның Мәдинаға көшіп, сөзсіз діннің сол жерден тарайтыны жайлы ғайып хабарын берген. Үшінші, оның «Ақырғы пайғамбар» екендігінен хабар берген. Ал сол айтылған жаңа дін яғни Құран келгенде жаңа діннің келетінін сүйіншілеген Зәйд ибн Амр Исламға жете алмай, бұл фәниден озып кеткен еді.

ПҰТҚА ТАБЫНУШЫЛАР

Енді бір көзқарас бойынша, жаңа дін Араб түбегінде өмір сүрген пұтқа табынушылардың көп тәңірлік әр түрлі діни нанымдарынан шыққаны хақында пікір айтады. Ендеше, біз сол заманның тарихына көз тастайық. Барлық шығыс пен батыс жазған тарих кітаптарына қарасақ, Құраннан бұрынғы Араб түбегіндегі арабтар «бәдәуи-көшпелі» және «қалалық» болып екіге

³³ Ибн Кәсир, әл-Бидәя, 2\298.

бөлінген. Бірақ мінез-құлқы жағынан екі топ та бір-бірінен ешқандай айырмашылығы болмаған. Яғни, күллі тарих кітаптары бізге олардың ол заманда қараңғылық дәуірді бастан кешіргенін жазады. Әсіресе, сол дәуірдің хал-ахуалын Құран жақсы баяндаған. Арабтардың ең басты қателіктері – Ұлы Жаратушыдан өзге кейбір жаратылысты тәңір санап, оған табынулары еді. Задында арабтардың ата-бабалары хазіреті Ибраһим мен хазіреті Исмайылдан жеткен Аллаһ Тағалаға деген сенімдері бар еді. Кейінгі ғасырларда пұтқа табынушылық бірте-бірте белең алды да, артынан жауыннан кейінгі саңырауқұлақтай сансыз пұттар қаптаған. Кейіннен Ұлы Жаратушыға деген сенім мүлдем әлсіреп кеткен³⁴. Хақ тағалаға тек қана қатты қысылтаяң шақта жалбарынып³⁵, Оған шалған құрбандарының өте аз бөлігін ғана арнағайтын³⁶. Олар тек өз қолдарынан жасаған пұттарға емес, ай, күн, жұлдыздарға да тәңірлік сипат берген³⁷. Арабтарда періштеге деген сенімдері болса да, Құдай тағаланың қыздары санап, оларға да ғибадат еткен³⁸.

Әрі олардың мінез-құлықтары да тым нашарлап кеткен еді. Оларда қыздарын тірідей жерге көму³⁹ жай нәрсе саналып, зина жасау кең жайылған⁴⁰. Әйелдердің құқы аяқ асты болып, жетімдерге зұлымдық жасалған⁴¹. Жамандық жасау марапатталып, ізгіліктер қараланған. Күштілердің әлсіздерді езіп, адам

³⁴ «Жүсіп», 12: 106.

³⁵ «Жүніс», 10:22.

³⁶ «Әнғам», 6:136.

³⁷ «Нәжм»,:53:49; «Фуссилат», 41: 37.

³⁸ «Зухруф», 43:19–20.

³⁹ «Әнғам», 6:140.

⁴⁰ «Нұр», 24:33.

⁴¹ «Ниса», 4:127.

айтқысыз қанаушылық әрекеттері игі іс саналған⁴². Арабтарда жомарттық пен мәрттік жасау бар еді. Бірақ олар осы қасиеттерін мақтану, рияшылдық, даңқын шығару жолына пайдаланған. Екі бай кейде мырзалық көрсетіп, түйе союдан жарысып, біреуі тоқтағанға дейін созылған. Бұлардың саны кейде бес жүз, тіпті одан да асып түсіп отырған. Алайда арабтар осы мырзалығын тек өз бас пайдасы үшін жасаған. Оларда өз баласы үшін, руы үшін т.б. өзіне қатысты ұғым болғанымен Ұлы Жаратушы үшін әрекет ету деген ұғым – түсінік мүлдем жоқ болған. Хақ Тағала үшін жақсылық жасау, жомарттық көрсету деген құндылық-өлшемді олар еш уақытта түсіне алмаған. Өйткені, арабтар ақыреттік дүниеге деген сенімдері жоқтығынан бүгінгі екеннің жемісін көру ниетімен шектеліп қалған. Олардың тек осындай пиғылын Уқаз жәрмеңкесінде жылда өтетін мүшайралық жарыстардағы өлеңдерінен көруге болады. Әр тайпа тек қана өз ата-бабаларын, соғыста жасаған ерліктерін, мал-мүлкінің көптігін т.б. жырлап мақтанған. Араб ақындарының ешбір өлеңдерінде Аллах, ақырет т.б. діни тақырыптар болмаған. Ендеше, осындай бір адамдық қасиеттер аяққа тапталып, Аллахқа ортақ қосу етек алған қоғамның жасанды құндылықтары теңізден терең Құранға қалайша қайнар болмақ?! Кейбіреулер Ұлы Жаратушыға деген сенімді қалдырып, жалған тәңірлерге табынуға тыйым салу оңай деуі мүмкін. Алайда Құран Аллах Тағаланы Ол – Жалғыз деп айтуден шектелмей, Оның жалғыздығын саналы жанды ғаламзатқа көз тастату арқылы ақли, ғылыми т.б. жолмен дәлелдеген. Әрі Құран Хақ тағаланың есім мен сипаттарын баяндап, жаратылыс әлемі солардың айнасы

⁴² Қараңыз: «Фежр», 89:17–20.

екенін сипаттайды. Мысалы, Құран Ұлы Жаратушының рақымдылығын айтып қана қоймай, соны ғаламзат арқылы айқындайды. Айқын дәлелдегені соншалық – Оның рақымдылығын жоққа шығарушы жан ғаламзатты да жоққа шығаруына тура келеді. Ұлы Жаратушының бірлігі мен жалғыздаралығы да дәл сондай. Құран саналы жанға ақыл мен қисын арқылы жалпы ғаламдағы Аллаһ Тағаланың бірлігі мен жалғыздығының мөрі қалай басылғанын көрсетсе, дәл сол мөрдің ғаламның әрбір бөлшегі мен атомында да бар екенін айқын баян етіп, қолмен ұстатқандай болады. Ол мөрді көрген ақыл иесі ғаламзаттың тек қана Ұлы Жаратушының өнері екеніне көзі жетіп, өзгенің араласа алмайтынын анық аңғарады. Сондай-ақ, Құран Хақ тағаланың зати һәм субути сипаттарын⁴³ да баян етеді. Сондай-ақ, Құран ақырет пен ондағы жәннат, жәһаннам, таразы, мақшар т.б. адам санасынан тысқары тылсым-күпиялардан сыр шертеді. Бұлардың бар екендігін айтып қана қоймай, жер мен көктердердің жаратылысынан мысал беріп, оны ақыл мен сананың таразысына салып, айғақпен дәлелдейді. Қай ғасырда болмасын өз халқының адамгершілікті аяқ асты етіп, құрдымға бет бұрғаны жанына батып, елі үшін еңіреген ерлер шығып құндылықтарды қорғауы әбден мүмкін. Бірақ та, елінің бақыты үшін Ұлы Жаратушының атынан сөз сөйлеп, Оның барлығы мен бірлігін, жалғыздығы мен даралығын һәм Оның сипаттарын ғаламзат арқылы айқын баяндауы мүмкін емес. Әсіресе, Оның адам ақылы жетпес жаратылыстан тыс

⁴³ Аллаһ Тағаланың жаратылыстан пәк, Өзіне тән сипаттары. Мысалы, қидам Оның зати сипатына, есту, көру субути сипаттарына жатады. Толығырақ мағлұмат үшін қараңыз; Қайрат Жолдыбайұлы. Ақиқат шуағы. Алматы, 2004.

зати һәм субути сипаттары хақында сөз қозғауы әсте мүмкін емес. Әрі метафизикалық құпия-ғалам жайлы көзбен көргендей баян етуі де адамның санасынан туатын нәрсе еместігін ақылға бай, жүрек көзі өткір жандар сезе алады. Сол ғасырдың пұтқа табынушы атақты бір шайыры хазіреті Мұхаммедтің (с.а.с.) Құран оқығанын естігенде «жо-жоқ, мен өлең мен сөздің қандай екенін аса жақсы білемін. Мен білсем бұл адамнан туған сөз емес» – деп танданысын жасыра алмаған. Оны тандандырған Құранның сөз өнері жағынан құдіреттілігі еді. Алайда Құранның тереңіне ой-сана иелері сүңгіп, ондағы інжу-маржандарды тамашаласа, онда олар аят-маржандарын адам баласы жасай алмайтынын аңғарып, Құранның пенде бойлай алмас шексіз мән-мағынаға иелігін іштей мойындап, Жаратушының сөзі мен Өзін растап, тағзым етер еді.

Әрі пәлсапашы мен ойшылдарды қатты толғандырып, жүрегін күпті еткен, ой-санасына сансыз масадай үймелеп мазалаған сауалдар көп. Оның негізгісі: «Мен кімін? Қайдан келдім? Қайда бармақпын?». Міне, Құран ғаламзат пен адамзаттың жаратылыс мақсаты мен межесін айқын баян етіп, ақыл мен қисынға қанағат қанатын қақтырып, нақты жауаптар береді. Бұл жауаптардың шеңбері шектеулі жаратылған ақыл мен сананың мөлшерінен тыс, тылсым әлем жақтан келгенін көкірек көзі ашық жан ә дегеннен аңғара алмақ.

Құран түсуден бұрынғы Араб түбегіндегілердің дүниеге деген көзқарасына көз салып көрейікші! Күллі жаратылыс әлеміндегі өзгерістер, табиғаттағы түрлі қозғалыстар, аспан денелерінің жүйелі айналуы, өлім, өмір т.б. болмыстардың қаракеттілігі олар үшін мән-мағынасыз бекершілік еді. Оларға жалпы дүние тір-

шілігі бір-бірінен қашық, қашанда жағадан алар жаудай көрінетін. Ақылы бар адам өмірі олар үшін өзге тіршіліктен ешқандай айырмашылығы жоқ еді. Баржоғы денеден жан шыққанға дейінгі алдамшы ғұмырда бақытты өмір сүру жолында еді. Бұндай түсінік-ұғым арабтарда ғана емес, сол заманның күллі пендесінің санасын қаумалаған. Құран түскеннен кейін көзқарастар мүлдем өзгеріп сала берді. Жалпы ғаламзат адамзат үшін жаратылып, Жаратқанның ұлылығын танытқан айна екендігі, адамзат сол айнаны тамашалап, Жаратушы Жаппарға тағзым етіп, жер бетіндегі Оның жаршысы екендігін аңғарды. Өзінің жаратылудағы мақсаты – Хақ тағалаға мойынсұнып, достыққа толы жүрегін ұсыну екендігін ұқты.

Және де адам баласы өз парасатымен құндылықтарды табуы мүмкін бе? Яғни, жақсылық пен жамандықты айырып, әділдік пен зұлымдықты тани білуі пенденің қолынан келетін іс пе? Әлбетте, келмек емес. Өйткені, қауымдар арасындағы құндылықтар әр қилы. Кейбір қоғамда жаман деген нәрсе басқа елде жақсы болып саналады. Бүгінгі өлшем ертеңгі күнмен теңеспейді. Негізгі атазаң да заманына қарай өзгеріп отырады. Ендеше, құндылықтар заман мен мекендерге қарай өзгеріп отырмақ. Құранда «Сендердің жек көргендерің жақсы болуы мүмкін» дейді. Адам – өз заманының төл перзенті. Сондықтан, оның қойған өлшемі келесі ұрпаққа сай келмеуі әбден ықтимал. Демек, адам баласының өз ақылымен жаман мен жақсыны толық ажыратуы қиын. Ал, Құранның қойған құндылық-өлшемдері өз ғасырына сай болуымен қатар кейінгі ғасырлардың да таразысына тең келуде. Оның қойған заңдары қазіргі заманның да күллі түйіндерін шешетін дәрежеде. Ен-

деше, осындай кітаптың қайнар көзі қалайша Араб түбегінің пікірлері қым-қиғаш пұтқа табынушы арабтары болмақ?! Ақыл таразысына салып қарасақ, тағылығы жыртқыштан асқан ел қайда, Ұлы Жаратушыны мадақтап, бүге-шүгесіне дейін түсіндіріп, жар сала келген Құран қайда?! Қайта Араб түбегінде ғұмыр кешкендер ата-баба әдет-ғұрыптарын қатты ұстанатын, жүрегі бейне бір тасқа айналған, қыздарын тірідей жерге көмгенде еш нәрсе болмағандай сазаратын қатал қоғам еді. Міне, сол уақытта Құран нұры арқылы бір умми Пайғамбар аз уақытта-ақ осындай қоғамды жаман қылықтардан арылтып, көркем мінездің шыңына жеткізді. Құран арқылы ол елдің тек қана тұрмыстық салт-санасын өзгертіп қоймай, олардың жан дүниесін баурап алып, әлдебір тылсым сұлулықтарға тартып ғажайып күйге бөледі. Сондықтан, ол қолындағы Құран арқылы жүректердің нұры мен сүйіктісі, руханияттың ұстазы, тән мен нәпсінің тәрбиешісі, ал Құран бүтін тағылым-мағрипаттың қайнар көзі атанды.

Бір қоғамдағы жаман әдеттерінің бірі саналған темекі шегудің өзін тоқтату аса қиын іс. Ал, хазіреті Мұхаммед (с.а.с.) Құран арқылы тоқтатуы мүмкін емес-тей көрінген, тұла бойына әбден сіңген шарап пен пайыз, пайдакүнемдік т.б. әдеттерді қысқа мерзімнің ішінде түбірімен тазартып, орнын ғажайып қасиеттермен толтырды емес пе?!

САБИИЛЕР

Ендігі кезекте сол замандағы Сабиилер жайлы да сөз қозғай кетейік. Сабиилер еврей мен христианның шыққан бір ағым ба, әлде басқа ма? Олар жайлы әр түрлі көзқарастар бар. Бірақ пұтқа табынушы екені

анық. Бұлардың негізгі іс-әрекеттері Құранға мүлдем теріс. Олардың сенімдері Құрайыш тайпасына да әсер еткен. Мысалы, олар періштелер мен жұлдыздарды құдайлар деп сенген. Табиғаттағы құбылыстарға да тәңірлік тылсым деп қараған. Құрайыш тайпасының қажылық жолда Аллах Тағалаға ортақ қосулары Сабиилерден енген сенімдер еді. Тіпті олардың пұтқа табынушы арабтары мен Исламнан мүлдем өзге әдеттері де бар. Мысалы, Сабиилерде қажылық Қағбаға емес, Ирактағы Харранда жасалады. Әрі оларда екі әйел алуға тыйым салынған. Оларда құрбан түгелдей отқа жағылған. Тіпті, Сабиилерде сүндет ету де жоқ. Олар күн шыққанда, күн тас төбеде тұрғанда, күн батуға тақағанда жұлдыздарға да табынған. Бұл – Исламда намаз оқу мәкрүһ саналған мезгілдер. Қысқасы, Араб түбегіндегі пұтқа табынушыларының Құран қайнары болатындай бір түйір де негіздері жоқ.

МОНАХ БАХИРА

Кейбір шығыстанушылардың қисынсыз сөзіне құлақ салсақ, хазіреті Мұхаммед (с.а.с.) Құранды христиан монах Бахирадан алған деген тұжырым жасайды. Алайда сол заманның тарихынан аз ғана хабары бар адам да бұның қисынсыз екендігін аңғарады. Тарихи деректерге қарасақ, хазіреті Мұхаммед (с.а.с.) он екі жасында немере ағасы Әбу Талібпен бірге Сирияға саяхатқа шыққан. Жолда Әбу Талібке жолыққан монах жас баланың пайғамбарлық нышанын байқап қалып, оның болашақта пайғамбар болатынын айтады⁴⁴. Өйткені,

⁴⁴ Қады Иаз, әш-Шифа, 1:308; Али әл-Қари, Шәрхуш-Шифа, 1:631; Тирмизи, Мәнәкиб:3; әл-Хаким, әл-Мустәдрәк, 2:615; Ибни Хишам, Сирәтун-Нәби, 115 бет; Бәйхақи, Дәләилул-Нубууә, 2:24; Юсуф Нәбһәни, Хужжәтуллаһ алал-Аламин,

христиан кітаптарында оның келетіні мен сипаттары жайлы мағлұматтар бар еді. Міне, ол сонда жазылған деректер бойынша хабар береді. Бірақ бұл кездесу аз уақыт қана болған. Хазіреті Мұхаммедтің (с.а.с.) екінші сапары жиырма жасында болған. Бұл кезде хазіреті Хадишаның керуен басы болып шығады. Ол жолда жас күнінде көрген монахпен қайта жолығады. Әбден қартайған Бахира хазіреті Мұхаммедті (с.а.с.) көріп қатты қуанып: «Сен көп ұзамай пайғамбар боласың. Сол күнге өмірім жетсе, сенің аяқ киіміңді тасып, қызмет етер едім», – деп іштегі шерін білдірген⁴⁵. Бірақ ол арманына жете алмай кеткен. Хазіреті Мұхаммедке (с.а.с.) пайғамбарлық сол кездесуден соң он бес жылдан кейін келген. Бар-жоғы екі рет қысқа уақытта кездескен монах қалай ғана Құранның қайнар көзі бола алмақ? Тіпті, ол оның болашақтағы пайғамбарлығы жайлы айтуы – өзінің Құранның қайнар көзі болуын жоққа шығарумен қатар, хазіреті Мұхаммедтің (с.а.с.) ілгеріде пайғамбар болуына куәлік етіп, оны растап отыр емес пе?! Монах Бахира оның пайғамбарлығын Інжіл мен Тәурат кітаптарынан оқып білген. Сол екі илаһи кітапта хазіреті Мұхаммед (с.а.с.) хақында көптеген хабарлар болған. Өкінішке орай, ол пайғамбар болып келгеннен кейін, ондағы шынайы мағлұматтарды еврейлер мен христиандар өз қолдарымен әдейі бұрмалаған.

ТӘУРАТТАҒЫ ХАБАРЛАР

Жоғарыда айтылғандай, хазіреті Мұхаммедтің (с.а.с.) пайғамбарлығы мен түр-түсі, іс-әрекеті туралы Тәурат пен Інжілде көп мағлұматтар болған.

158.

⁴⁵ Хикмет Ышык, Ғаламның рақым нұры, 1 том, 33-34 беттер.

Алайда Аллаһ Елшісі пайғамбар болып келгенде екі кітаптың аманатшылары ол хақындағы мағлұматтарды өз мүдделері үшін өзгертулеріне тура келген. Бірақ қанша өзгертсе де әлі де талай хабарлар сақталып қалған. Мысалы, алысқа бармай-ақ 1944 жылы Лондонда арабша аударылған Тәураттың бір жолына көз салайық. *«Аллаһ Тағала адамзатқа Синада жақындады. Сайрда шағылып көрінді. Фаран тауларында көрініп, өзінің біртұтас толықтығын жария етті»*. (Сифр, Тәсния, баб: 33:2). Синада жақындауы – Аллаһ Тағала адамзатқа деген рақымдылығын хазіреті Мұса (а.с.) арқылы көрсетуі. Яғни, бұл – оған берілген пайғамбарлық. Сайрға келсек, ол – Палестина жері. Хазіреті Исаға (а.с.) берілген пайғамбарлық. Ол Хақ тағаланың нұрын сол аймаққа жайған. Фаран – Мекке қаласы. Өйткені, Тәураттың басқа бір жолында хазіреті Ибраһим баласы Исмайылды Фаранға тастап кеткені хақында айтылады. Ендеше, Тәураттағы Фаран – қазіргі Мекке қаласы. Тәурат жолының жалғасында: *«Оның жанында мыңдаған жарқыраған асыл тастай достары Һәм оң қолында оттан айбалта болады»* дейді. Хазіреті Исаның (а.с.) он бір хауари-серіктерінен басқа достары болмаған. «Асыл тастай достар» әлбетте хазіреті Мұхаммедтің (с.а.с.) сахабалары. *«Оттан айбалта»* болуы дінін тарату үшін жиһатқа шығуы⁴⁶. Ал аталмыш жолда айтылғандай *«Фаран тауларында көрінуі»* – хазіреті Мұхаммедке (с.а.с.) Мекке тауының Һира үңгірінде уахи келуінің басталуы. Демек, Аллаһ Тағала *«Өзінің біртұтас толықтығын»* яғни, жаратылыстан пәк, жалғыздығы мен даралығын Құран арқылы танытты. Тәураттың басқа бір аятында Хақ

⁴⁶ М. Фәтхуллах, ән-Нурул-Халид, 1 том, 49-50 беттер.

Тағала хазіреті Мұсаға былай дейді: «Олар үшін (Израйль ұрпақтары) бауырларының арасынан сен секілді бір пайғамбар шығарамын да, сөздерімді оның аузына саламын. Ол әмірлерімнің барлығын оларға айтып жеткізеді» (Сифр, Тәсния, 18:18). Осы аяттағы «Израйль ұрпақтарының бауыры» деген сөз тіркесі хазіреті Исмайылдың ұрпағынан келетін пайғамбарды меңзейді. Оның нәсілінен келгені білінген жалғыз пайғамбар – хазіреті Мұхаммед (с.а.с.). Сөзді аузына салуы – оның умми болуы. Аталмыш аяттағы пайғамбардың хазіреті Иса (а.с.) мен хазіреті Юша (а.с.) болу ықтималына келсек, бұл ақылға симайтын нәрсе. Өйткені, біріншіден бұл екеуі де Израйль ұрпақтары. Екіншіден, хазіреті Юша шарифатпен келмеген. Хазіреті Исаға кітап түссе де, ол Мұса пайғамбардың шарифатына ілескен.

Әрі «Әшиә» кітабының қырық екінші бабында мынандай аят бар: «Хақ Тағала ақырзаманда өзінің таңдалған құлын пайғамбар етіп жібереді. Оған Жебрейіл арқылы илаһи дінін үйретеді. Ол одан үйренгендерін толықтай халыққа үйретіп, ел арасында хақпен үкім береді. Ол бір нұр. Халықты зұлыматтан құтқарады. Раббының маған алдын ала білдірген хабарын сендерге жеткіземін»⁴⁷. Міне, осында хазіреті Мұхаммедтің (с.а.с.) сипатын анық баян еткен.

Және «Миһайл» кітабының төртінші бабында: «Ақырзаманда бір рақымды үммет шығып, Хаққа ғибадат ету үшін мүбарак тауды таңдайды. Барлық аймақтан сол жерге көптеген халық жиналып, Жалғыз Раббына құлшылықетеді. Оған ортақ, шірік қоспайды»⁴⁸. Міне, осы жерде қасиетті тау Арафат тауы аталып, сол

⁴⁷ Кітаб-ы Мукаддес, Ешиа, Баб: 42, 1-4, 9 аяттар.

⁴⁸ Кітаб-ы Мукаддес, Миһа, Баб: 4, 12 аят.

жерге әлемнің түкпір-түкпірінен қажылыққа келіп, Ұлы Жаратушыға ғибадат ететін «рақымды үммет» аталған хазіреті Мұхаммедтің (с.а.с.) үмметі ап-анық баян етілген.

Інжілде: *«Егер мені жақсы көрсеңдер, әмірлерімді орындаңдар. Мен Раббыма жалбарынамын. Ол сендерге үнемі өздеріңмен бірге болу үшін менен басқа бір жұбатушы, ақиқат рухын (Фарақлитты) береді»*. (14: 15–16). Фарақлит – хақтың рухы, ақиқат пен жалғанды бір-бірінен тұтастай айырған деген мағынаға саяды. Басқа Інжілдің аятында хазіреті Иса: *«Фарақлит келу үшін мен кетемін»*, – дейді. *«Фарақлит келген кезде барлық әлемді жасаған қателіктері үшін кінәлап, оларды тәрбие етеді»* (Иохан, баб:16–8). Осы жерде тарихқа көз салып қарасақ, хазіреті Исадан кейін кім ақиқат пен жалғанды айырып, ғаламзатқа жан бітірді?! Құран келмей тұрғанда күллі әлем қараңғылықта еді. Оның нұрымен ғалам қарық болып, адамзат ақиқат пен жалғанды таныды. Алайда христиандар хазіреті Мұхаммедті (с.а.с.) таныса да мойындамады. Хазіреті Исаның да кеткеніне екі мың жылдан астам уақыт өтті. Бірақ олар әлі сол бір Фарақлитты күтуде. *«Фарақлит келу үшін мен кетемін»* деген хазіреті Исаның сөзі дұрыс болмағаны ма? Олардың ұғымы бойынша екі мың жылда келмеген Фарақлит сонда қашан келмек? Негізінде, алғашқы еврейлер мен христиандар хазіреті Мұхаммедтің (с.а.с.) пайғамбар екенін білгенмен, оның ұлты араб болғандығынан яки саяси мақсаттармен қабыл етпеген. Бірақ оның пайғамбар екенін амалсыз мойындаған. Мысалы, Рим императоры мойындап: *«Иә, Иса Мұхаммедтің келетіні жайлы хабар берген»*,

– дейді⁴⁹. Еврейлердің атакты ғұламаларынан Ибни Сурия, Ибни Ахтаб және оның бауыры Каб ибн Әсад және Зубәйр ибн Батия секілді адамдар мұсылман болмағанмен хазіреті Мұхаммедті (с.а.с.) мойындап: *«Иә, кітаптарымызда оның сипаттары мен басқа да көптеген хабарлар бар»*, – деп мақұлдаған⁵⁰. Эфиопиялық несториан және Эфиопияның сол замандағы басшысы хазіреті Мұхаммедтің (с.а.с.) сипаттарын кітаптарында көргендіктен мойындап иман еткен⁵¹. Және сол заманның христиан басшыларының бірі Харис ибн Әби Шумәрил Ғасани және Шамдық Сахиби Илба, Рим императоры, Ибни Натур, Жаруд секілді дін басылары мен басшылары ақырғы Пайғамбарды кітаптары арқылы танып, иман келтірген. Бірақ Рим императоры тағынан айырылып қалмау үшін иманын елден жасырған деседі⁵². Пайғамбарлықтан бұрын да оның келетінін біліп, сырттай иман етіп, өмірден өткен Шамул, Йеменнің сол кездегі басшысы Тубба секілді еврейлер мен христиандар болған⁵³. Тіпті, олар ақырғы

⁴⁹ Ибну Сәййдин-Нас, Уйунул-Әсәр, 2:26:Қады Иаз, әш-Шифа, 1:364: Али әл-Қари, Шәрхуш-Шифа, 745.

⁵⁰ Қады Иаз, әш-Шифа, 1:366; Али әл-Қари, Шәрхуш-Шифа, 1: 744-745; Ибни Кәсир, әл-Бидайә уән-Ниһайә, 4:80–81; Бәйхақи, Дәләилул-Нубууә, 3:361-362; Уақиди, әл-Мағазии, 403-404; Ибни Жәузи, Сифатус-Сафуә, 3:361-362; Әбу Найм., Дәләилул-Нубууә 1:79, 2:492.

⁵¹ Қады Иаз, әш-Шифа, 1:364: Али әл-Қари, Шәрхуш-Шифа, 1:744.

⁵² Бухари, Бәдул-Уахи: 6; Шәһадат: 28; Али әл-Қари Шәрхуш-Шифа, 1: 744; Нәбхани, Хужжәтул-алал-Аламин, 121, 150-151; Қасталани, әл-Мәуәһибул-Ләдунниә, 6:198; Табарани, әл-Мужәмул-Кәбир, 3:2108; Ибни Адии, әл-Кәмил фид-Дуафә, 3:1094; Әбу Найм, Дәләилул-Нубууә 1:101-102.

⁵³ Бәйхақи, Дәләилул-Нубууә, 3:367, 2:526, 6:20–249; әл-Хинди,

пайғамбардың Мәдинаға hijрат ететінін де білетін. Бірде жүрегі Ұлы Жаратушыға деген мағрипатқа толы Ибни Хәйәбан атты кісі Мадинаға келіп, Бәни Надыр тайпасына қонақ болады. Ол әңгіме үстінде: «Пайғамбардың шығуына өте аз қалды. Осы жер оның hijрат ететін жері», – дейді⁵⁴. Кейіннен Бәни Надыр тайпасы хазіреті Мұхаммедпен (с.а.с.) айқасуға бел бұған шақта сол тайпадағы Сайә деген кісінің екі баласы елге жар салып: «Бұл баяғы Ибн Хәйәбанның бізге айтып кеткен адамы ғой. Онымен соғыспаңдар», – деп араша түседі⁵⁵. Әрі Рим империясының беделді христиан ғалымы Дағатыр деген адам Пайғамбардың сипатын анықтап, иман етіп, ел ішінде жар салған. Сол үшін де ол ұсталып, өлтірілген⁵⁶. Хазіреті Мұхаммедтің (с.а.с.) «Салман менің әһли бәйтімнен» деп, өзіне өте жақын санаған атақты сахаба Салман Парыс та бұрын христиан еді⁵⁷. Тіпті, ол бұрын отқа табынушы болған. Бірақ ол ұзақ уақыт ақиқат дінді іздеп кейіннен христиан болып, христиандықты жақсы білетін поптардан дәріс алады. Ақырында, соңғы кездескен ұстазы өлер алдында келетін пайғамбардан хабар беріп, оның негіз-

Кәнзул-Уммал, 11:401, 12:390-408; Қады Иаз, әш-Шифа, 1:364; Али әл-Қари, Шәрхуш-Шифа, 1: 739-743; Хәйсәми, Мәжмәуз-Зәуaid, 8:240.

⁵⁴ Сол беттерде.

⁵⁵ Бәйхақи, Дәләилул-Нубууә, 2:80-81, 4:31; Али әл-Қари, Шәрхул-Шифа, 1:744-745; Юсуф Нәбһәни, Хужжәтуллаһ алал-Аламин, 137; Әбу Найм, Дәләилул-Нубууә 1:82; Ибни Жәузи, Сифатус-Сафуә, 1:87.

⁵⁶ Бәйхақи, Дәләилул-Нубууә, 367, 2:526, 6:240-249.

⁵⁷ әл-Асқалани, Фәтхул-Бәри, 7:222; Бәйхақи, Дәләилул-Нубууә, 2:82; Ибни Кәсир, әл-Бидәйә уән-Нихәйә, 2:310-316; Муснәд, 5:437; Ибни Хишам, Сиратун-Нәби, 1:233; Әбу Найм, Дәләилул-Нубууә 1:258-264.

гі белгілерін айтып, соған жет деп өсиет айтып кеткен. Кейіннен Салман Мәдинадан Пайғамбарымызбен кездесіп, оның ұстазы айтқан бұлтартпас белгілерін көріп, иман келтірген⁵⁸.

Хазіреті Мұхаммедтің (с.а.с.) жас кезінде сауда жасау мақсатымен Сирияға және Йеменге барғаны белгілі. Ал, Сириядағы Ғассанилер мен Йеменнің Нәжран аймағында тұратын Харис ұрпақтары христиан дініне кірген еді. Голдциер және басқа да шығыстанушылары хазіреті Мұхаммедке (с.а.с.) сол араб христиандарының діни әдет-ғұрыптары мен мәдениеті әсер етуі ықтимал деген пікірлер айтады. Осылайша жаңа пікір арқылы қараңғылықта қалған елін ояту үшін оны пайдаланған болуы мүмкін дейді. Алайда тарихи деректер оның Йемендегі Ғураш жәрмеңкесінен ары аспағанын баяндайды⁵⁹. Осы жерде бір сәт үшін оның сол замандағы христиандармен байланысқанын мақұлдайық. Бірақ оған олардың тұрмыс салты мен мәдени тіршілігі ұнай қоярма еді? Ол заманда христиандар қандай күйде болды? Ендеше, христиандардың тарихи деректеріне көз салып көрейік. Дж. Сейл пікірлерін былай баяндайды: Егер шіркеу тарихына терең үңіліп қарасақ, поптардың бос нәрсеге сөз таластырып, араздасу салдарынан христиан әлемінің үшінші ғасырдан бастап бұзыла бастағанын көреміз. Христиандар нәпсіқұмарлықтарына беріліп, жамандықтар белең алды. Олар қызғану мен қастық жасауда бір-бірімен жарысқандай еді. Христиандықты жөнсіз талдау арқылы сол дінді қоғам өмірінен мүлдем алыстатып жіберді. Осы қараңғылық дәуірде жамандық

⁵⁸ Кеңірек мағлұмат үшін қараңыз: Хикмет Ышық, Ғаламның рақым нұры, 1 том,

⁵⁹ Драз, Куранын аңлашылмасына доғру, 140 бет.

атаулы қаулап өсіп қана қоймай, тамырын әбден тереңге жайып алды. Изник консулінен кейін ағымдардың өзара бақталастығынан шығыс христиандығы жермен-жек-сен болды. Батыс христиандығы да бұдан артық емес еді. Дін басылары Рим папалығына қол жеткізу үшін өз ара күрес жүргізді. Үкімет басшыларымен қатар поптар арасындағы діни сенімнің бұзылуы жалпы халықтың бұзылуына әсер етті. Барлық халықтың мақсаты – қандай жолмен болсын мал тауып, тапқан дүниесін сән-салтанат пен харам жолдарға жұмсау ғана еді⁶⁰. Христиан әлемінің сол заманда осындай күйге душар болғанын барлық тарихи деректер айғақтайды. Христиан әлемі осындай халде болса, кейіннен христиан дініне өткен арабтар қалай ғана көркем мінезге лайық бола алмақ? Олар тіпті христиан бола тұра, өздерінің бұрынғы пұттарын тастай алмаған еді. Хазіреті Әли Тағлиби христиан арабтардың олардан тек қана шарап ішуден басқа еш нәрсе үйренбегенін айтады. Мінеки, сол дәуірдің христиан әлемінің хал-ахуалы осылай. Олардың салт-санасы мен тұрмыс тіршілігі пұтқа табынушы арабтардан ешқандай айырмашылығы жоқ бола тұра қалай ғана көркем мінездің қазынасы болған Құранға қайнар бола алады?!

ҚҰРАННЫҢ ІНЖІЛМЕН ҚАТЫНАСЫ

Кейбір батыс шығыстанушылары хазіреті Мұхаммед (с.а.с.) Құранның мазмұнын христиан кітаптарынан тікелей оқыған болуы мүмкін деген қисынсыз пікір айтады. Бірақ хазіреті Мұхаммед (с.а.с.) оқу-жазу білетін бе еді? Құран оның умми (хат танымаған) елге умми пайғамбар екендігін баяндап, пайғамбарлықтың

⁶⁰ Сол беттерде.

Ұлы Жаратушыдан келгеніне осы хат танымағанын айғақ етіп көрсетеді⁶¹. Әрі «Анкабұт» сүресінде: *«Сен бұдан бұрын кітап оқымаған да, оны қолыңмен жазбаған да едің. Егер солай болса, бұзықтар сөзсіз күдіктенер еді»*, – деп, ашық баян етеді. Тарихи деректер де оның мүлде хат танымағанын мойындайды. Оның Құранды әһли кітаптың жазуынан оқып, көшірді, дегендер егер, бұл пікірінен бас тартпаса олардың алдына тағы бір тосқауыл шығады. Ол – Тәурат пен Інжілдің арабшаға аударылмағандығы. Батыс шығыстанушылары кітаптардың хазіреті Мұхаммедтен (с.а.с.) кейін бірнеше ғасырдан соң яғни, Інжілдің IX-X, Тәураттың XI ғасырда ғана тәржімеленгенін айтады. Әрі олар өз кітаптарын мұсылмандардан неғұрлым жасыруға тырысқан. Құран да олардың қолдарындағы кітаптарын басқаларға көрсетпеуге тырысқандары жайлы хабар береді⁶². Егер хазіреті Мұхаммед (с.а.с.) Құранды олардың кітаптарынан алған болса, еврей мен христиандар «кітабың көшірме» деп ғаламға жар салар еді.

Бірде хазіреті Мұхаммед (с.а.с.) Мәдинада болған кезінде Нәжраннан христиандардың өкілі ретінде дін басылары мен ел басшылары бар 70 адам келіп пікір таластырады. Олар Пайғамбардың сөзін қабыл етпей, өз сенімдерінің дұрыстығын айтып, хазіреті Исаны Жаратушының баласы деп қасарысады. Сонда мына аят түседі: *«Иса жайында саған мағлұмат келгеннен кейін өзіңмен кім таласса да оларға: «Келіңдер! Балаларымызды, балаларыңды, әйелдерімізді, әйелдеріңді, өздерімізді және өздеріңді шақырып алайық. Со-*

⁶¹ «Ағраф», 7:157; «Әли Имран», 3:164; «Жұма», 62:2.

⁶² «Бақара», 2:79; «Әнғам», 6:91; «Әли Имран», 3:78.

дан кейін «Аллаһтың лағынеті жалған айтушыларға болсын!» деп, қарғасайық де»⁶³. Осы аяттан кейін хазіреті Мұхаммед (с.а.с.) отбасын алып шығып, христиандарға Ұлы Жаратушының жарлығын жеткізеді. Бірақ олар жалған айтушыға қарғыс тілеуден бас тартып, Исламның қол астына кіріп, жизия (салық) төлеуге ғана келіседі. Егер, олардың діни сенімі берік болса, еш ойланбастан келісім берер еді ғой. Өз діни дұрыс болған қай дін басы, қалай ғана өз сөзім дұрыс деуден бас тартып, салық төлеуге келісе алады? Егер Құранды Інжілден көшірген деген дәлелі рас болса, неге үнсіз қалып, қарғасудан бас тартады? Әлбетте, олар Құранның бұрынғы илаһи кітаптар секілді Жаратушы Жаппар Иеден келгенін жақсы біледі. Кейбір тарихи деректер бойынша олар еліне қайтып бара жатқанда, араларынан бір адам дін басыларынан неге өз дінінің намысы мен дұрыстығы үшін қарғаспағанын сұрайды. Сонда олар егер келісім беріп, қарғасқанда Нәжран жерінің жермен-жексен болатынынан қорыққандығын айтып, жаңа діннің хақтығын мойындайды. Бірақ саяси дүниеуаилық себептермен Исламды қабыл етпегенін айтады. Иә, олар Құранның хақтығы мен хазіреті Мұхаммедтің (с.а.с.) ақиқатын жақсы білген. Олар хазіреті Мұхаммедті алғаш естігенде-ақ (с.а.с.) Інжілде хазіреті Иса сүйіншілеп кеткен Фарақлит екенін жазбай таныған. Құран олар жайлы: *«Өздеріне кітап берілгендер оны өз балаларын танығандай жақсы таниды. Осыған қарамастан олардың бір тобы әдейі шындықты жасырады»*, – деп хабар береді. Иә, христиандардың басшылары биліктен айырылып қалмау үшін ақиқатты теріске шығаруға мәжбүр болған. Осылайша христи-

⁶³ «Әли Имран», 3:61.

ан әлемі дін басылары мен мемлекет басшыларының қара бастарының қамының кесірінен ғасырлар бойы күткен хазіреті Исаның сүйіншілеп кеткен адамын қабыл етпей, ақиқаттан алшақ қалған. Міне, олар мың бес жүз жылдан бері Құран нұрынан мақрұм, беймаза күй кешуде. Хазіреті Исаның «*Фарақлит келу үшін мен кетуім керек*» деп сүйіншілеген пайғамбары өзі кеткеннен кейін бірнеше ғасырдан кейін келмесе қай уақытта келмек? Хақ Тағала Иса пайғамбар әкелген діннің бұзылуынан кейін шамамен мың жеті жүз жыл бойы ақырғы пайғамбарды жібермей, адамзатты қараңғылыққа тастап қоюы қисынға сай іс пе?!

ҚҰРАНЫҢ ТӘУРАТПЕН ҚАТЫНАСЫ

Кейбір Құранға күмәнмен қарағандар ондағы тарихи әңгімелерді Мәдинада еврей ғалымдарымен жақсы қарым-қатынас жасап, Тәураттан алуы ықтимал деген негізсіз жорамалдар айтады. Олардың хазіреті Мұхаммедпен (с.а.с.) қандай қарым-қатынаста болғаны жайлы Құранда айқын мағлұматтар бар. Еврейлер әу бастан-ақ хазіреті Мұхаммедке (с.а.с.) қарсылық білдіріп, дұшпандық жасауға тырысқан. Олардың ғалымдары бет-перделері ашылып қалмау үшін, кітаптарын көрсетпеуге тырысқан. Олар негізінде кітаптарындағы хабар бойынша пұтқа табынушылармен соғысатын бір пайғамбар күткен. Оның байрағының астында тұрып, оған серт беруді қатты аңсаған. Мәдина аймағында тұратын кейбір еврейлер, сол жердің арабтарына «Пайғамбар келгенде пұтқа табынушы сендермен айқасамыз», – деп өздерін мақтан тұтып отырған. Оның келуіне санаулы мерзім қалғанын да жақсы білген. Бірақ пайғамбарды таңдайтын да жібе-

ретін де, ғаламзатты жоқтан жаратып, тәспінің моншак тасындай ойнатып, тізгінін құдірет қолына ұстаған Ұлы Жаратушы ғой. Міне, Ол өзінің илаһи қалауы бойынша ғасырлар бойы бұрын көптеген пайғамбарлар шыққан еврей ұлтынан емес, араб ұлтынан етіп, жалпы қияметке дейінгі жер бетіндегі адамзатқа ата-анасы жас кезінде бақилық болған бір адамды пайғамбар етіп жібереді. Сонда алдымен Әбу Жаһил секілді туысы оның пайғамбар екенін білсе де, өзінің сөзіне қарай басқа рудан болғандығы үшін нәпсісіне ауыр келіп, қарсы шыққан. Меккенің ауқаттылары да Құдай неге біз секілді дәулетті адамдарды пайғамбар етіп жібермейді, бұл болса Әбу Тәлібтің жетімі деп тәкаппарланған. Сол секілді еврейлер де көптен күткен пайғамбарлары араб ұлтынан шыққаны үшін қызғанышын жеңе алмай, көре алмай күндеп, әуелі қастық жасауға тырысқан. Құранда бұл ашық баян етілген: *«Оларға Аллаһтан өздеріндегі Тәуратты растаушы Құран келген шақта, бұрыннан (Құран келмей тұрып, келетін ақырзаман пайғамбары арқылы) кәпірлерге қарсы жеңіс тілеп жүрсе де, сол білген (Құран) өздеріне келген кезде, оны теріске шығарды. Теріске шығарушыларды Аллаһ лағынет етсін»*⁶⁴.

Кейде олар хазіреті Мұхаммедтен (с.а.с.) рух⁶⁵, кәһф асхабтары⁶⁶ т.б. сұрақтар сұрап мүдіртуге тырысқан. Бірақ Құран нақты жауап беріп тұрған. Кейде хазіреті Пайғамбар олардың кітаптарындағы бағзы мәселе жайлы хабар берсе, олар оны теріске шығаруға тырысатын да, ақырында өтіріктері шығуға айналғанда

⁶⁴ «Бақара», 2:89.

⁶⁵ «Исра», 17: 17.

⁶⁶ «Кеһф», 18:9-25.

ғана амалсыз мойындаған⁶⁷. Әрі тарихта да олардың хазіреті Мұхаммедпен (с.а.с.) қандай қарым-қатынаста болғаны мәлім. Ендеше, еврей ғалымдарынан алды деген тұжырым тіпті де жөнсіз. Егер Құран Тәураттан көшірме болғанда, еврейлер онымен қарсыласып, қастық жасап әуре болмас еді. Ешқандай да келісім жасамас еді. Бар-жоғы мынау көшірме деп, дәлелдер еді де, мәселе бітер еді. Өйткені, хазіреті Мұхаммед (с.а.с.) оларға Құранның Тәурат секілді илаһи-уахи болып түскендігін айтқан. Олардың басым көпшілігі арабтарға деген күндестіктен қабыл ете алмай, орынсыз теріске шығаруға тырысқан. Бірақ бойында Ұлы Жаратушыға деген сүйіспеншілігі бар жандар, әсіресе Абдуллаһ ибн Сәләм⁶⁸ секілді ғалымдар оны бір көргенде-ақ «Мына кісінің жүзінде иненің жасуындай да жалғандық жоқ» деп бірден мойындап, мұсылман болған. Атақты ғұламалардың оның әкелген кітабын қабыл етуі – Құранның илаһи екендігінің бұлтартпас айғағының бірегейі.

Және Құрандағы тарихи әңгімелер Мәдинадағы еврей ғалымдары арқылы Тәурат пен Інжілден алынды деудің ешбір қисыны жоқ. Өйткені, Құрандағы Тәурат пен Інжілде бар тарихи әңгімелер ұсақ мәселесіне дейін Меккеде баян етіліп қойған болатын⁶⁹. Мәдинада ғибрат үшін қысқа ғана айтылған.

⁶⁷ «Әли Имран», 3:93-95; «Мәйда», 5:43.

⁶⁸ Абдуллаһ ибн Сәләм – сол уақытта еврейлерлердің арасында ең атақты ғұламаларының бірі. Ол мұсылман болмай тұрғанда еврейлердің арасында атақты ғалым, ізгі-парасатты кісі саналған. Кейіннен мұсылман болғанда, олар оған ең төмен адам деп одан теріс айналған.

⁶⁹ Құрандағы Меккеде түскен тарихи әңгімелерге қараңыз: «Ағраф» сүресі, Хазіреті Адам: 7:11-25, Хазіреті Мұса: 102-

Тарихи әңгімелердің Абуллаһ ибн Сәләм секілді ғұламалардан да алынуы қисынсыз. Өйткені, жоғарыда айтылғандай сол тарихи әңгімелер ол мұсылман болмай тұрып, баяғыда Меккеде түсіп қойған еді. Қиссалардың Меккедегі христиан Уарақа ибн Нәуфалдан алынуы мүмкін деген тұжырым да ақылға саяр іс емес. Өйткені, ол хазіреті Мұхаммедке (с.а.с.) Құран түсе бастаған жылдары оның ақырғы пайғамбар болатынын сүйіншілеп бұл өмірден өткен. Егер Құран одан алынса, Меккені алақанындай жақсы білетін меккелік пұтқа табынушы басшылар хазіреті Мұхаммедке (с.а.с.) «сиқыршы», т.б. деп әуре болмай-ақ одан алғанын әйгілер еді. Задында, көзі ашық адам Тәурат пен Інжілдегі бұрмаланған тарихи әңгімелерді Құрандағы тарихи әңгімелермен салыстырып қараса, алдыңғы екеуінің ақырғыға негіз бола алмайтынын бірден аңғарады. Өйткені, олардың арасында анық айырмашылықтар

176; «Юныс» сүресі, Хазіреті Мұса: 10:75-92; «Һуд» сүресі, Хазіреті Нұх, 25-49, Хазіреті Ибраһим және Хазіреті Лут: 69-82; «Юныс» сүресі, Хазіреті Юсып: 12:15; «Хижр» сүресі, Хазіреті Адам, Хазіреті Ибарһим, Хазіреті Лут: 15: 26-77; «Исра» сүресі, Исрайыл ұрпақтары: 17:4-8; «Кәһф» сүресі, кәһф асхабы: 18:9-25, Хазіреті Мұса: 60-82; «Мәриям» сүресі, Хазіреті Зәкария, Хазіреті Иахия, Хазіреті Мәриям, Хазіреті Иса т.б. 19:1-33; «Таха» сүресі, Хазіреті Мұса: 20:9-98; «Әнбия» сүресі, Хазіреті Ибарһим: 21:51-70, Хазіреті Дәуіт, Хазіреті Сүлейман: 21:78-82; «Шұғара» сүресі, Хазіреті Мұса, Хазіреті Ибраһим, Хазіреті Нұх т.б. 26:10-189; «Немл» сүресі, Хазіреті Мұса, Хазіреті Дәуіт, Хазіреті Сүлейман: 27:7-44; «Қасас» сүресі, Хазіреті Мұса: 28:3-43, Қарун: 76-82; «Анкебут» сүресі, Хазіреті Нұх, Хазіреті Ибраһим, Хазіреті Лут: 29:14-35; «Сәбә» сүресі, Хазіреті Дәуіт, Хазіреті Сүлейман: 34:10-14; «Сад» сүресі, Хазіреті Дәуіт, Хазіреті Сүлейман, Хазіреті Әюп: 38:14-44; «Зарриат» сүресі, Хазіреті Ибраһим: 51:24-37.

бар. Салыстырып қараған адам Құран өткен тарихтан сөз еткен деректерді қазіргі ғылым да дәлелдеп жатқандығынан оның илаһи ақиқаттығын байқауы керек. Ал алдыңғы екі кітаптағы кейбір әңгімелердің әр түрлі баяндалуын да елемеу мүмкін емес. Себебі, Құран түскен заманда екі кітап та адамдардың қолымен бұрмаланып, түпнұсқасы сақталмаған еді. Мысалы, Тәураттан кейін түскен Інжілдің өзі төрт түрлі болып кеткен. Оларды өзара салыстырып қарасаңыз, арасынан көптеген айырмашылықтарға тап боласыз. Мысалы, «Лука» Інжілінде Мәриямның күйеуі Жүсіпті Гелидің баласы десе, Матта Інжілінде Якубтың баласы деп жазылған (Лука, 3\23; Матта, 1\16). Кейде бір Інжілде болған мағлұмат басқаларында кездеспейді. Кейде үшеуінде бар мағлұмат төртіншісінде жоқ. Тіпті, бір Інжілдегі бір уақиға сол кітаптың басқа жерінде мүлдем басқаша айтылады. Мысалы, «Матта» Інжілінде Яхия пайғамбарды бір жерде шегіртке мен балық жеді десе, басқа жерде оның сол кезде ешнәрсе жемегені айтылады (Матта, 3\4; 11\18-19). Бұдан басқа да толып жатқан қарама-қайшылықтар бар. Сондай-ақ, Тәурат та осыған ұқсас. Оның да негізгі түпнұсқасы сақталмаған. Сондықтан да ибрани тілі мен грек тілі және самири тілінде жазылған Тәураттардың арасында көптеген қарама-қайшылықтар кезігеді. Мысалы, оларда адамның жаратылысы әр түрлі айтылған. Тіпті, хазіреті Лут пайғамбардың шарап ішіп, өз қыздарымен зина жасағаны жазылған. Бұл – кітапты бұрмалаудың ең шектен шыққан түрі. Ұлы Жаратушының адамдарға үлгі-өнеге етіп жіберген пайғамбары ең нас адамның да ары бара қоймайтын іс жасауы көңілге қалай сияды? Мұндай бұрмаланған кітап қалай ғана ақиқаттың

қайнары болмақ? Бір қызығы, онда хазіреті Мұсаның өлімі мен жерленуі жайлы да айтылған. Тәурат Мұсаға берілген кітап болса, оның өлімінен кейінгі жағдайлар қалай қосылған?

Құранға көз салсақ, оның еврей мен христиандардың көптеген іс-әрекеттері мен сенімдерінің бұрыстығын айтып, сынағанын көреміз. Мысалы, Құран олардың хазіреті Ибраһимді өздеріне тартқандығын былайша баяндайды: *«Ей, әли кітап! Инжіл де Тәурат та Ибраһимнен көп уақыт өткен соң түсіріле тұра неге ол жайлы таласасыңдар? Осыған да ақылдарың жетпей ме? Мейлі, шет жағасын білетін тақырыптар хақында пікір таласуға шамаларың жетеді делік. Бірақ білмейтін мәселелер жайлы неге сөз таластырасыңдар? Негізінде, істің ақиқатын Аллаһ біледі, сендер біле алмайсыңдар. Ибраһим еврей де, христиан да емес, ол ханиф (Аллаһты «жалғыз» деп білген) мұсылман еді»⁷⁰. «Немесе Ибраһим, Исмайыл, Ысқақ, Яқұп және ұрпақтары «еврей яки христиан еді» дейсіңдер ме? Оларға: «Сендер ме, әлде Аллаһ па жақсы білетін?» де. Аллаһ Тағаланың білдірген ақиқатын біле тұра жасырғаннан артық кім залым болуы мүмкін? Аллаһ не істегендеріңнен хабарсыз емес»⁷¹.*

Және Құран: *«Олардың қолдарындағы Тәуратты растаушы Құран келген шақта, олар бұрын (ең ақырғы келетін пайғамбар арқылы кәпірлерге) үстемдік етуді тілеген бола тұра өздеріне Тәуратта таныған (Мұхаммед) келген заманда олар қарсы шықты. Қарсы шығушыларға Аллаһтың лағынеті болсын»⁷².*

⁷⁰ «Әли Имран» сүресі, 3\66-67.

⁷¹ «Бақара» сүресі, 2\140.

⁷² «Бақара» сүресі, 2\89.

«Әрқашан оларға: «Аллаһ түсірген Құранға иман келтіріңдер» деп айтылса: «Өзімізге түсірілгенге иман келтіреміз» деп, Құранға қарсы болады. Олардың қолдарындағы Тәуратты растаушы Құран ақиқат. Оларға: «Егер Тәуратқа иман келтірген болсаңдар, бұрын Аллаһтың пайғамбарларын неге өлтірдіңдер?» – де»⁷³.

«Әрине олардың: «Аллаһ кедей, біз баймыз» деген сөздерін Аллаһ естіді. Олардың айтқандары мен жазықсыз пайғамбарларды өлтіргендерін жазамыз да оларға: «Күйдіруші азапты татыңдар!» – дейміз».

Басқа аяттарда, оларды Құранның тура жолына шақырады: «Ей, Израйыл ұрпақтары! Берген нығметім мен ырыс-берекемді еске алыңдар. Маған берген уәделеріңді орындаңдар. Сонда Мен де берген уәдемді орындаймын. Әрі Менен ғана қорқыңдар. Қолдарыңдағы Тәуратты растаушы Мен түсірген Құранға сеніңдер. Сондай-ақ, алғашқы қарсы келушілердің бірі болмаңдар. Және де аяттарымды арзан бағаға сатпаңдар (дүние үшін бұрмаламаңдар). Менен қорқыңдар. Ақиқатты жалғанмен араластырмаңдар. Ақиқатты біле тұра қасақана жасырмаңдар»⁷⁴.

(Мұхаммед) «Ей, әли Кітан! (еврей, христиан) Сендер мен біздің арамыздағы бірдей бір сөзге келіңдер. Ол: Аллаһ Тағалагадан өзгеге құлшылық етпейік. Оған ешнәрсені ортақ қоспайық. Аллаһтан өзге бір-бірімізді тәңір тұтпайық» де»⁷⁵.

Мына аятта жасаған қылмыстары әшкереленеді: «Дегенмен, олардың серттерін бұзулары, Аллаһтың аяттарына қарсы шығулары, пайғамбарларды жазық-

⁷³ «Бақарас» сүресі, 2\92.

⁷⁴ «Бақара» сүресі, 2\40-42.

⁷⁵ «Әли Имран» сүресі, 3\64.

сыз өлтірулері және «жүректеріміз перделі» дегендері үшін (оларға пәлекет бердік). Әрі Аллаһ Өзіне қарсылық көрсеткендері үшін жүректеріне мөр басқан. Сондықтан, өте азынан өзгелері иман келтіре алмайды. Және (Исаға) қарсы шығулары мен Мәриямға үлкен жала жапқандары үшін. Тағы да «Аллаһтың елиісі Мәриям ұлы Иса Мәсіхті өлтірдік!» – дегендері... Негізінде, олар оны өлтірмеді де, аспады. Бірақ оған ұқсатылды (Олар Исаға ұқсатылған сатқынды өлтірді). Расында, ол жайында қайшылыққа түскендер, әрине, одан күдіктенуде. Олардың оған қатысты мәліметтері жоқ. Бірақ күмәннің соңында. Олар оны анық өлтірмеді. Олай емес, Аллаһ Тағала оны Өз жағына көтерді. Аллаһ өте үстем, хикмет иесі. Әнли кітап Исаға өлуінен бұрын сөзсіз иман келтіреді. Және қиямет күнінде ол оларға куә болады. Сонда еврейлердің зұлымдықтары мен көптеген адамдарды Аллаһтың жолынан адастырғандықтары және оларға тыйым салынған бола тұра пайда үшін пайыз алулары әрі адамдардың малдарын орынсыз жегендері үшін бұрын адал етілген нығметтерді харам еттік. Олардың арасындағы күпірлікке бой алдырғандарға күйзелтуші азап дайындадық»⁷⁶.

Міне, Құранда осы және басқа да осыған ұқсас аяттарға зер салыңыз. Мына сөздер шәкірттің ілім үйреткен ұстазына айтар сөздеріне ұқсай ма? Әлде бұлар қателіктерін түзелтіп, жөнге салуға шақырған тәрбиешінің сөзі ме?

Олардың арасында аса ғұлама адамдардың болғаны рас. Бірақ бұлар Құранға шәкірт болған: «Дінді теріске шығарғандар: «Сен пайғамбар емессің!» деуде. «Мені мен сендердің араларыңда куә болуға Аллаһ Тағала

⁷⁶ «Ниса» сүресі, 4\155-161.

жетіп асады. Және кітап ілімі бар аса ғұламалар» де»⁷⁷.

Әнли кітаптың ғұламалары оның мұғалімі болса, неге өз шәкіртіне аса терең мағлұмат беріп, оның шәкіртіне айналмақ? Қандай ғалым болса да өзінің терең ілімімен жазған еңбегін оңайлықпен біреуге бере сала ма? Еврей мен христиандардың Тәурат пен Інжілді ең жақсы білетін ғұламалары хазіреті Мұхаммедке (с.а.с.) шәкірт болуы Құранның Аллаһ сөзі екендігінен туындамаса, басқа қандай дәлел болуы мүмкін? Саяси мақсатпен дей қоятындай олар мансап қуған әкімдер емес, ақиқатты іздеген ғалымдар ғой. Һәм олардың кітаптарында жазылғанындай сол заманда ақырғы пайғамбар келуі тиіс еді. Олар оны асыға күткен шақта хазіреті Мұхаммед (с.а.с.) пайғамбар болып келді емес пе! Егер ол кешіксе, Һәм қияметтің жақын қалғанына қарағанда ақырғы пайғамбар қашан келмек еді? Иә, бұл қисынсыз нәрсе. Осылайша, дәл сәтінде ақырғы Елші де келген.

Қысқасы, еуропа шығыстанушыларының Құран хақында «көшірілу» яки «біреуден алу» деген тұжырымдарында ешбір ғылыми негіз жоқ.

Һәм Құранда жалпы жаратылыстың барлық тылсым сырлары баян етілген. Қазіргі кезде ғалымдар да оны қуаттауда. Осы Құранға ғана тән ақиқаттардың өзі-ақ бұрынғы кітаптардан көшірілген деген жалған тұжырымды жоққа шығаруға жетпей ме?

Жалпы Мекке мен Мәдина аймағына көз салып қарағанда, ешкімнің де, ешбір нәрсенің де Құранның қайнар бұлағы бола алмайтынын байқаймыз.

⁷⁷ «Рағыз» сүресі, 13\43.

ШАБЫТ, ЯКИ ОЙ-ҚИЯЛ ХАҚЫНДА

Құран кісінің қияли сезімінен яки шабыттан туатын сөз емес. Көп болса адам ұзақ қиялдап оның ақыры шабытқа айналып, өлең немесе соған ұқсас әдемі сөз тудыруы мүмкін. Бірақ құр қиялдау арқылы адам баласы ғаламның жаратылысынан бастап, қияметтің тылсым-сырларына дейін қанық болуы мүмкін бе?! Мысалы, физика ғылымынан бейхабар адам физикаға қатысты бір жаңалық ашуы көңілге қона ма? Олай болса, адам жалаң ой яки шабыт арқылы дүниенің түкпір түңлігін ашып, арғы бетіне көз тастауы ақылға сыйымсыз. Яғни, шабыт күшімен өткен шақ пен болашақты бейне бір экраннан көріп тұрғандай тіпті онымен шектелмей, ондағы әрбір елдердің бір-бірінен мүлде бөлек салт-дәстүр хал-ахуалын баяндауы әсте мүмкін емес. Алайда Құран сүрелеріне көз салсақ, оның өлеңнің де қара сөздің стиліне де ұқсамайтын, тек өзіне тән тәсілімен сомдалып, ақиқатты баян еткенін көреміз. Оның өлең еместігін барлық араб әдебиетшілері бірауыздан мойындайды. Әрі осы керемет кітап өзінен кейінгі қаншама кемеңгерлердің ұстазы мен тәрбиешісі болып, миллиондаған ғалымдарға ғаламның тылсым сырын ұқтырып таң қалдырумен келеді. Бұдан кейін де осылай жалғаса бермек. Осындай кемел кітапты Ұлы Жаратушыға тән сөз демей, «бір ақынның қияли сезімінен туған өлең» деу көкірек көзі ашық жандардың аржданына сияр ма?!

ҚҰРАН МЕН ПАЙҒАМБАР СӨЗІНІҢ АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ

ҚҰРАН СТИЛІ

Құран – хазіреті Мұхаммедтің (с.а.с.) өз сөзі де бола алмақ емес. Құран сөзі басқа, әз Пайғамбардың сөз стилі мүлдем басқа. Сөз өнерін жақсы білетін адамға екі ақынның өлеңін яки екі жазушының сөйлемін араластырып оқысаңыз, әрбірі бөлек-бөлек туынды екенін дереу байқайды. Өйткені, әрбірінің өзіндік стилі бар. Құран мен хазіреті Мұхаммедтің (с.а.с.) сөзінің стилі де дәл осындай бөлекше. Араб тілін терең білген ғалымды былай қойғанда, араб тілін білетін жай кісінің өзі аят пен хадисті ажырата алады. Арабтар хазіреті Елшінің (с.а.с.) сөздерін жай өздерінің сөздері секілді айқын айыра білетін. Ал, Құран оқылғанда демдерін іштеріне тартып, үнсіз, қайран қала тыңдаған. Сын айтар сөз таппаған. Оның сөз өнері тұрғысынан күллі араб шайырларынан үстем, адамның қолынан келмес даралығын жақсы білген. Сондықтан да, Әбу Жаһил тәрізді Меккенің басшылары күндіз Құранға қарсы шығып, дауласқанмен түнде Құран оқылған үй сыртын жағалап, оны тыңдаған. Егер Құран әз Пайғамбардың өз сөзі болса, өлеңдері Қағбаның қабырғасына ілінген атақты шайырлар онымен қарсыласып жатпай-ақ, қолма-қол дәлелдеп берер еді. Алайда ешбір ақынның Құранға қарсы сын айтпағанына тарих куә.

Бірде сол заманның аса бай, араб әдебиетін терең білетін Утбә ибн Рәбиға Аллах Елшісін әкелген дінінен бас тарқызбақ болып, оны әңгімеге тартып, әкесінің пұттарға табынғанын айтып, пұтқа табынушылықтың дұрыстығын дәлелдемек болады. Әз Пайғамбар оны

тыңдап болады да: «Айтып біттің бе?» – дейді. Ол: «Иә», – деп жауап қатқанда ақиық Елші тізе бүгіп отырып, «Фұссилат» сүресін оқи бастайды. «Олар бет бұрса: *«Сендерге Ғад, Сәмүд елінің басына келген нажағайдай апатты ескертемін»* аятына келгенде денесі қалтырап, қолымен Аллах Елшісінің аузын басып: «Тоқтат, Мұхаммед! Иланған Аллаһың үшін тоқтат!» – деп орнынан тұрып кетіп қалады. Артынша Әбу Жәһилмен кездескен ол: «Мұхаммедтің оқығаны маған қатты әсер етті. Өйткені, оқығаны өлеңге мүлдем ұқсамайды. Ол сөзсіз өлең емес. Сикыршының сөзіне де келмейді. Не дерімді білмей тұрмын. Ол һәм тура сөзді адам ғой. Оның оқығандарын тыңдап отырып, Ғад, Сәмүд халқының басына келгендері біздің де басымызға келе ме деп қатты қорықтым», – дейді⁷⁸.

Әрі хадистерге түгел зер салып қарасаңыз одан Ұлы Жаратушының алдында өзін құл сезініп, терең тағзым еткен кісінің іс – әрекеті сезілгенін байқайсыз. Мысалы: *«Аллаһым, күш – қуатым болмай әлсіздік танытқандығымды ел ішінде қор саналғанымды айтып мен Саған мұң шағамын. Иә-ә, Әрхамар-рахимин! Сен қор болып, төмен саналған бейшаралардың Раббысысың. Менің де Раббымсың. Мені кімге тастайсың? Сөзі мен ісі жаман әлдекімдерге ме, яки жүктелген ісіме киліккен дұшпандарға ма? Егер маған деген ашуың болмаса, онда шеккен жапа, көрген қиыншылықтарым мен үшін түк емес. Бірақ қашанда аса кең рақымдылығыңды қалаймын. Аллаһым, ашуыңа ұшырағаннан немесе разы болмауыңа душар болудан, Сенің сол бір қараңғылықты жап-жарық етіп жарқыратып, дүние мен ақырет істерін жөнге салған*

⁷⁸ Ибн Кәсир, әл-Бидайә, 3:80–81; Ибн Хишам, Сирә, 1:313.

Нұрлы Жүзіңе сиынамын. Аллаһым, Сен разы болғанға дейін кешіріміңді күтемін! Кешіріміңе ынтызармын, ынтықпын! Аллаһым, барлық күш пен құдірет тек қана Сенің қолыңда»⁷⁹. Иә, Пайғамбарымыздың өміріне назар салсақ, аса тақуа ғұмыр кешіп, өмір бойы Хақ тағалаға жалбарынып, Оған құл болуды ең биік мәртебе санап өткенін байқаймыз. Оның аузынан шыққан әр сөзінен аса кішіпейілділік, ұяндық, биязылықты ашуланған шақта да Ұлы Жаратушыға деген құлдығынан айнымағанын, яғни бір сәт те болсын өзінің бас пайдасын ойламағанын һәм ғазиз ғазауатта қалың қол дағдарып қалғанда, жалғыз өзі арғымақ атқа қанат бітіргендей жауға күндей күркіреп шапқандағы сөздерінен де Хақ тағалаға беріктігі мен адалдығын байқайсыз.

Алайда Пайғамбарымыздың аузынан естіген Құранның көптеген аяттарының үнінен астам ұлылықты, жаратылғанның мысын басқан жаппарлықты, әрбір затқа үкімін жүргізген үстемдік пен патшалық һәм құдіреттілікті аңғарасыз. Құранда бейне бір күллі ғалам мен ақыретті көрген бір көз және соларды өз ұлылығын мөр ете басып, аса үстемдігін сездіре отырып түсіндірген мұғжизалы ғажайып стил бар. Бұл – Құранға илаһи құдіреттілік иелік еттірумен қатар, оның илаһи қайнардан аққанын айқындайды. Күндер мен айларды бір әмірімен тәспінің тастарындай айналдырып, жылдың төрт мезгілін кітаптың беттеріндей оп-оңай ашып келтіретін күллі әлемнің Раббысына жарасатын сөздер Құранның төрінен орын алған. Осы айтылған сөздер – Иесінің ұлылығының айнасы. Болмаса құдіреттілікті білдірген мұндай сөздер

⁷⁹ Бухари, Бәдул–Халқ, 7; Муслим, Жиһад, 11.

жаратылған әлжуаз адам баласынан тууы мүмкін емес. Оған Құраннан көптеген дәлелдер келтіруге болады. Мысалы, Нұх кемесіне мініп, жер бетін топан су қаптап, ақыр аяғында Жаратушы Жаппар Ие:

وَقِيلَ يَا أَرْضُ ابْلَعِي مَاءَكِ وَيَا سَمَاءُ أَفْلَعِي

«Ей, жер, міндетің аяқталды, суыңды жұт! Ей, аспан-көк, қажет емессің жауыныңды тоқтат!»⁸⁰
яки

ثُمَّ اسْتَوَىٰ إِلَى السَّمَاءِ وَهِيَ دُخَانٌ فَقَالَ لَهَا وَلِلْأَرْضِ ائْتِيَا طَوْعًا أَوْ كَرْهًا
قَالَتَا أَتَيْنَا طَائِعِينَ

«Ей, жер мен көк! Ерікті, еріксіз келіп хикмет пен құдіретіме бағыныңдар! Екеуі де:»Ерікті түрде келіп, бізге берген уазипаны Сенің құдіретің арқылы толық атқарамыз» деді»⁸¹. Міне, үстемдік пен ұлылықты қамтыған ақиқи һәм зор әмірлердің құдіреттілігіне қараңыз! Енді, адам баласының: «Ей, аспан жер беті суға толды жауыныңды доғар!» деген сөздері мен аталмыш аяттың түпнұсқасын салыстырып қарасаңыз, екеуі жер мен көктей екенін байқайсыз. Оқылған аятта аспан мен жер бейне бағынышты екі сарбаз, ал әмір сол екеуінің қолбасшысынан келгені ап-айқын сезіліп тұр. Ал, адам баласы жер мен көкке әмір бермек болып дауыстаса, онда одан қалың қолдың сыртынан өтіп бара жатқан мүсәпірдің оларға қолбасшылық етпекші болып, айқай салған бейшаралығы көрінер еді. Ендеше, Құрандағы жарлық, әмірлерден Ұлының ұлылығын, хазіреті Мұхаммедтің (с.а.с.) сөздерінен де «ерікті түрде келіп, әміріне бас иген» жер мен көк секілді тағзым еткен

⁸⁰ «Һуд» сүресі, 44 аят.

⁸¹ «Фұссилат» сүресі, 11 аят.

құлдың Раббысына бағыныштылығын жанары жарқын, жүрек көзі өткір жандар ә дегеннен-ақ байқай алады.

РУХАНИ ТӨҢКЕРІС

Әрі Құран – бұдан он төрт ғасыр бұрын қараңғылықты қақ айырып, бүкіл адамзаттың ой-санасына төңкеріліс жасаған кітап. Ол жеке тұлға, отбасылық, қоғамдық, экономика және құқықтық толық заңдар әкелген. Тіпті, сол заңдар ғасырлар бойы ескірмей, қайта жаңара түсіп, қазіргі замандағы үлкен мәселелерді шешуге лайық. Ал, хазіреті Мұхаммед (с.а.с.) мектеп көрмеген, хат танымаған умми адам. Оған тарих, әсіресе, Құран куә. «Шура» сүресінде: *«Сен бұрын кітап не, иман не екенін білмейтін едің»*, – дейді. «Ағраф» сүресінде: *«Олар, жанындағы Тәурат пен Інжілде жазылған оқу-жазу білмеген умми пайғамбарға бағынып, оның ізімен жүргендер» (7:157)*. Осындай умми адамның күллі заман перзенттерінің барлық мәселесін шешіп, бақыттылыққа бастайтын заң қоюы әсте мүмкін емес. Сіз жас баланың қолынан ғалам жайлы ой қозғаған терең пәлсапалық кітап көрсеңіз не ойлар едіңіз? Сол баланың кітапты ежелеп оқығаны үшін, оны сол жазды дей алар ма едіңіз? Ғаламзатты бейне кітаптай оқып, мағынасын бүге-шүгесіне дейін түсіндіріп өткен заман перзенттері мен қазіргі ой-өрісі дамыған адам баласына ұстаздық еткен Құран хазіреті Мұхаммедке (с.а.с.) түссе де, оның Құраннан алған ілімі шектеулі. Бірақ күллі үмметінің ілімі оның ілімінің жанында теңіздің жанындағы тамшыдай ғана. Айтпағым, Құран жаратылмағандықтан оның мағынасы шексіз.

Әрі Құран – өткен мен болашақтан хабар берген мұғжизалы ғажайып кітап. Өткенді кешегідей,

болашақты бүгінгі күндей айқын айтқан мұндай кітап адам баласының сөзі болуы мүмкін бе?! Оның келешек хақында берген хабарлары уақыты келгенде тура шыққан-ды. Мысалы: *«Расында, Аллаһ Елшісінің түсін ақиқат бойынша тура шығарды. Аллаһ қаласа аман-есен Харам Мешітіне әлбетте шаштарыңды алдырып, не қысқартып бейбіт түрде кіресіңдер. Аллаһ сендердің білмеген нәрселеріңді білген еді. Сондықтан, бұдан өзге жақын жеңіс нәсіп етті»*⁸².

Осы аят түсердің алдында Аллаһ Елшісі хижраның алтыншы жылы мың төрт жүз сахабаларымен Қағбаны зиярат етуге шыққан еді. Бірақ меккеліктер бұларды қабыл етпеді. Әйтсе де, соғысудан қорқып келісім шарт жасауға шақырады. Келісім шарт Меккеден елу-алпыс шақырым қашықтықтағы «Худайбия» деген жерде жасалады. Осы келісім бабтарын мұсылмандар емес, меккелік мүшріктер жасап, Аллаһ Елшісінен тек қана қол қойылуларын талап етеді. Арадағы бейбіт келісім мынадай бабтардан тұрады:

«1. Мұсылмандар мен мүшріктер тыныш, бейбіт өмірді қамтамасыз ету үшін 10 жыл бойы бір-бірімен шайқаспайды.

2. Пайғамбар мен мұсылмандар биыл Меккеге кірмей, кері қайтады. Келер жылы қастарына қылыштан басқа қару алмай келіп Қағбаны тауап етеді, Меккеде үш күн қалады. Бұл мерзім ішінде мүшріктер қаланы босатады.

3. Мәдинадағы мұсылмандардан Меккені паналағандар болса, мұсылмандарға қайтарылмайды. Бірақ Меккеден Мәдинаға барғандар, мұсылман болса да сұралған сәтте кері қайтарылады.

⁸² «Фатх», 26:27.

4. *Араб тайпалары өз қалаулары бойынша Аллаһ Елшісіне (с.а.с.) немесе құрайыш мүшріктеріне жақта-са алады»⁸³.*

Осы бабтар сырттай қарағанда мүшріктерге ғана пайдалы көрінеді. Алғашқыда сахабалар олардың ұсыныстарына келісе алмады. Әсіресе, Мәдинаға келген мұсылмандарды дұшпан қолдарына өздері беруі мен арнайы келіп тұрған жерден Қағбаны көрмей кері қайтулары оларға өте ауыр тиді. Сондықтан да хазіреті Омар шыдай алмай Аллаһ Елшісіне келіп: «Сен Аллаһтың Елшісі емессің бе?» – дейді.

Хазіреті Мұхаммед (с.а.с.): «Иә, солай. Мен Аллаһтың пайғамбарымын».

Хазіреті Омар: «Біз мұсылмандар хақ жолда, ал мүшріктердің теріс бағытта екені де рас па?»

Аллаһ Елшісі: «Иә, солай».

Омар: «Ендеше, дінімізді аяққа таптатуға үнсіз қала бермекпіз бе? Мұндай қорлыққа неге жол береді?» – дейді.

Хақ тағаланың Елшісі: «Ей, Омар, мен Аллаһтың құлы әрі елшісімін. Ешқашан Аллаһ Тағаланың әміріне қарсы шықпақ емеспін. Мен бар болғаны Оның жарлығын орындаушы ғанамын. Аталмыш келісім шартты қабылдауым да Аллаһ Тағала қарсылық емес. Ол маған ешқашан жапа шектірмейді», – деп жауап береді.

Омар сол кезде: «Сен бізге Аллаһ жәрдемші болатынын, Қағбаны бәріміз бірге тауап ететіндігімізді айтып уәде берген жоқ па едің?» – дейді.

⁸³ Дамира Өмірзаққызы, Адамзаттың асыл тәжі, 2 том. 209 бет.

Аллаһ Елшісі: «Уәде бергенім рас. Бірақ дәл биыл тауап етеміз демедім, бірақ Меккені сөзсіз зиярат етесің», – дейді.

Омар сонда да тынши алмай Әбу Бәкірге келді.

«Ей, Әбу Бәкір, хазіреті Мұхаммед (с.а.с.) Аллаһтың хақ пайғамбары емес пе?» – деп сұрады.

«Иә», – дейді Әбу Бәкір, – «Ол хақ пайғамбар».

«Біз – мұсылмандар тура жолда, ал дұшпандарымыз – мүшріктер бұрыс жолда екені рас қой?»

«Иә, біздікі – ақ, олардың ұстанғаны – дұрыс емес».

«Солай екенін біле тұра дінімізді қорлатып қоймақпыз ба?»

«Омар! Мұхаммед (с.а.с.) – Аллаһтың елшісі. Ол Раббына қарсы шықпайды. Аллаһ Оның көмекшісі! Сен соның әміріне мойынсұнғанды біл!» – дейді салмақтап.

Омар сонда да болмай: «Ол бізге Мәдинадан шықпай тұрып Қағбаға барамыз, тауап етеміз демеп пе еді?» – деді.

«Иә, солай деген. Бірақ Қағбаны биыл тауап етеміз деп кесіп айтып па еді?» – дейді.

– «Жоқ».

– «Сен Қағбаны жақында зиярат етесің», – деп, Әбу Бәкір досына демеу берген еді.

Хазіреті Омар арадан көп уақыт өткенде осы қылығына өкініш білдіреді⁸⁴.

Қалған сахабалар да Аллаһ Елшісінің «Құрбандарыңды осы жерде шалып, кері қайтыңдар» деген әміріне әу баста не дерін білмей дағдарып қалады. Бірақ Аллаһ Елшісі сахабаларының осындай күйге душар боларын

⁸⁴ Сол жерде.

білсе де, бейбіт келісімге ләм-мим демей қол қойған. Алайда оның орнында жай бір қолбасшы болғанда адамдарының өзіне деген сенімін жоғалтпау мақсатымен келіспес еді. Негізі өмірінің таяқ тастам жерінің не боларын білмейтін жай пенде мұндай шартты қабылдауы мүмкін емес еді. Міне, олардың реніш білдіріп, дағдарып тұрған кезінде жақында жеңетіндері жайлы осынау аят түседі. Ал сол кезде жеңіс былай тұрсын, өздері қорланып қалған шағы еді. Аллаһ Елшісінің сахабалары Пайғамбарларына мойынсұнып, шарасыз қабыл еткен мүшріктердің келісім шарттарының жеңістің бастамасы екендігін кейіннен біліп, Хақ Пайғамбарға деген сенімдері арта түседі. Артынша, сол жерде есін жиып құрбандарын шалған. Демек, «Худайбия» келісім шарты тұп-тура жеңістің өзі еді. Осы жерде келісім шарттың қалай жеңіс әкелгенін сараптайық:

Бірінші: Осы бейбіт шақтан кейін «Исламның қылышы» атанған Халидибн Уәлид мұсылман болған-ды. Ол айқаста жеңіліп, тізе бүгетін адам емес еді. Қаһарман адамды қылыштан қорқып мұсылман болды деудің жөні жоқ. Егер бейбіт кезең орнамағанда оның Исламға кіруі екіталай еді. Соғыс тоқтап, тыныштық орнағанда қолбасшы Халидтің қолы босап, өткен уақиғаларға ой жүгіртудің сәті түскен. Мұсылмандардың Худайбияда сырттай қорланса да олардың келесі жылы келіп, Меккеде зиярат етуі оған қатты әсер еткен. Олардың бір-біріне деген бауырмалдығы, кішіпейілділіктері, әсіресе, Аллаһ Елшісіне деген сүйіспеншіліктері оның жүрегінің мұздарын жібітіп жіберген. Әсіресе, Рақым Пайғамбарының Аллаһ Тағалаға деген құлшылығы, айналасына шашқан мейірім-шапағаты оның көңіліне сәуле түсіріп, бойына қарқын жүргізген. Өзін олар кет-

кенде бейне мына әлемде жалғыз қалғандай сезініп, мұңға батқан. Ақырында, ол Аллаһ Елшісінің құзырына өз еркімен барып, мұсылмандығын жария етті. Кейіннен Ислам қаһармандарының бірі аталған Амр ибн Аста дәл солай күй кешіп, соңында ол да жалғыздық пен жалған намыстан жалығып өз еркімен мұсылман болған. Осылайша, жылдар бойы мұсылмандарға қарсы шапқан мүшрік батырлары мұсылмандықты танып, хазіреті Мұхаммедке (с.а.с.) үммет болған. Сөйтіп, қаншама мүшріктер өздерінің бұрыстығын аңғарып, көбелектей боп жарыққа ұмтылған.

Екінші: Солкүнге дейін меккеліктер өзгетайпаларға жоғарыдан қарап, Қағбаға иелік етіп, рұқсатсыз оған ешкімді жақындатпайтын. Басқалар ақы төлеп қана зиярат жасай алған. Алайда Худайбияда жасалған келісім шартта бұндай бап жоқ еді. Бұл олардың ең үлкен қателіктері болатын. Келесі жылы мұсылмандар Қағбаға салықсыз кіріп, тауап еткенде, Араб түбегіндегі тайпалар Қағбаның иесі жалғыз меккеліктер еместігін аңғара бастаған-ды. Осылайша, олар да Қағбаны ортақ меншіктеп, меккеліктер қожайындығын жоғалта бастаған. Салықсыз қалғандықтан меккеліктер қаржылық биліктен де айырылатын еді. Ал оларға салық негізгі тірек болған.

Үшінші: Сонымен он жыл бейбіт келісім жасалды. Осылайша, қайда болсын тыным бермей, қудалаған Құрайш мүшріктері мұсылмандарға он жыл мұрсат берді. Бұл Ислам дінінің Араб түбегіне жайылуына жасалған үлкен мүмкіндік деген сөз. «Аллаһтың жәрдемі мен жеңісі келген кезде, адамдар топ-тобымен Аллаһтың дініне кіреді» деп аятта сүйіншілеген шақ осы болған. Он жыл деген жаңа ұрпақтың өркен жаюы

емес пе?! Алайда мүшріктер оларға мұндай жағдай жасағанын білмеді де. Осы аралықта мұсылмандардың тынысы кеңейіп, қанатын жайды.

Төртінші: Осы бейбіт келісім шарты екі жақтың өзара араласуына жол салды. Меккеліктер Мәдинаға келіп, ондағы мұсылмандардың жәннат өмірін көргенде таңданыстарын жасыра алмаған. Әуеде жаңғырған азандар, жамағатпен оқылған намаздар, адамдардың бір-біріне деген ізгі қарым-қатынастары оларды ғажап әсерге бөлеген. Ислам Меккеде де таралып, Құран хабарының кірмеген үй қалмаған. Бұл нағыз жеңіс еді.

Бесінші: Құрайш мүшріктерінің бір кездері Меккеден қудалаған адамымен енді келіп Меккеге жақын жерде келісім шарт жасауы – Исламның билікке жеткендігін мойындаулары еді. Осыдан кейін Араб түбегінің барлық тайпалары Аллаһ Елшісімен мемлекетаралық байланыс құра бастаған. Аллаһ Елшісінің мемлекетін меккеліктер мойындағанда, өзге елдер де мойындауға мәжбүр болған. Өйткені, Мекке – Араб әлемінде басты орында тұр еді⁸⁵.

СҮЙІНШІ ХАБАР

Мұсылмандар Мекке кезеңінің алғашқы жылдарында өте әлсіз болды. Олардың басым көпшілігі кедейлер еді. Сол себепті Меккенің әл-ауқатты пұтқа табынушыларынан азап шегіп, Қағбада Хақ тағалаға құлшылығын толық жасауға да мүмкіндіктері жоқтың. Қолына қару ұстап ақиқи дін үшін күреспек тұрмақ, үстемдердің соққысынан бастарын да көтере алмаған. Мемлекет құрып, билік жүргізу былай тұрсын, жаңа түскен аяттарды үйрену үшін Әркам сахабаның үйіне

⁸⁵ ән-Нурул-Халид, 487 бет.

түн жамылып жүріп әрең жиналатын. Аңдып жүрген тыңшылар арқылы қолға түссе, «Аллаһ», «Ұлы Жаратушымы» дегендері үшін соққыға жығылған. Міне, осындай заманда мынадай аят түседі: *«Аллаһ сендерден иман келтіріп, ізгі іс істегендер үшін, өздерінен бұрынғыларға үкімін жүргізуші еткеніндей жер жүзіне үкімін жүргізуді уәде етті. Сондай-ақ олар үшін өзі разы болған дінін нығайтып, қауіп-қатерден кейін бейбітшілікке жеткізеді»*⁸⁶. Осы аятта оларға болашақта дінін қуаттандырып, әлемді басқаратынынан хабар беріп, сүйіншілеуде. Уәде еткеніндей Ислам діні күш-қуатқа ие болды. Айналасында әлсіз бірнеше адамы бар, болашақ тұрмақ ертеңінің не боларынан хабарсыз, оқу-жазу білмейтін бір кісінің өздігінен сенімді түрде бұлай айтуы мүмкін емес қой. Айтқаны айдай анық шыққанына қарап-ақ, бұл сүйіншілік хабары адамнан емес, күллі заманға үкімін жүргізуші Аллаһ Тағаладан келгендігі айқындалады.

Құран астрономия, химия, физика т.б. ғылым салаларына байланысты жаңадан ашылып жатқан жаңалықтарды сол уақытта-ақ баян еткен. Және келешекте ашылатын жаңалықтардың бәрі Құранды растайтыны даусыз. Құранда: *«Біз аяттарымызды (Ұлы Жаратушының дәлелдерін) сыртқы әлемде және өз іштеріңде көрсетеміз. Сол уақытта Құранның ақиқат екендігі айқындалады»*⁸⁷ дейді. Ендеше, ғаламның жаратылысы мен оның тылсым-сырларын Құранда кім баян етуі мүмкін? Сол заманның барлық ғалымдары жиналса да олардың он ғасырдан кейін ашылатын жаңалықтарды ашуы еш қисынсыз. Тіпті, оқымаған адамның ілім

⁸⁶ «Нұр», 24:55.

⁸⁷ «Фұссилат», 41\53.

хақында сөз айтуы әсте мүмкін емес қой. Ендеше, мұндай тылсым-сырларды соларды жаратушы ғана білмек. Ол – Ұлы Аллаһ.

Қандай да бір адам құнды кітап жазып, мұндай кітапты енді ешкім жаза алмайды деп барлық заманның адамдарына жар салуы лайық емес. Өйткені, адамның жазғанын адам жаза алады, яки толықтыра, сынай да алады. Әсіресе, өткен ғасырда жазылған кітапты келесі ғасыр перзенттері одан әрі өрбітуі, яки жарамсыз етуі әбден ықтимал. Алайда Құран сол түскен ортасы мен жалпы заман перзенттеріне *«Егер құлымызға түсіргенімізден күдіктенсеңдер, онда сендер де соған ұқсаған бір сүре келтіріңдер, Аллаһтан басқа көмекшілеріңді де шақырыңдар, егер сөздерің рас болса. Егер оны істемесеңдер, (негізінде болашақта да) әсте істей алмайсыңдар»*⁸⁸ деп барлығын таласқа шақырған. Ол түскеннен кейінгі әрбір ғасыр онымен таласудан бас тартып, оған өресі жетпейтінін мойындаумен келеді. Ендеше, Құранның жаһанға «жаза алмайсыңдар» деп жар салып, түскен ортасындағы адамдардың оған теңесіп жаза алмауы – оның мұғжиза екенін айғақтаса, одан кейінгі ғасырлардың күресе алмауы – оның мұғжиза кітаптығын растап, куәлік етуі дейміз.

Хазіреті Мұхаммед (с.а.с.) жанындағы достарын қатты жақсы көрген. Олар да оған соншалық берік болған. Алайда кейде түскен илаһи бұйрықтар «мүжмәл»⁸⁹ түрде түсіп, Пайғамбар да, сахабалар да келген бұйрықтардың негізгі мақсатын біле алмаған. Енді, қандай данышпан адам ешкімнің түсіне алмайтын сөздерін айтып, мақсаты не екендігі беймәлім

⁸⁸ «Бақара», 2:23-24.

⁸⁹ Мүжмәл: Мағынасы айқын емес, түйін аяттар.

бұйрықтар беріп, достарын күйзеліске түсіруі мүмкін? Бұл – оның үкім беруші емес, орындаушы, сөз сөйлеуші емес, хабаршы екендігіне айқын дәлел емес пе? Мысалы, мына аятқа көз салайық: *«Көктерде һәм жердегі нәрселердің бәрі Аллаһтікі. Иштеріңдегілерді паш етсеңдер де жасырсаңдар да Аллаһ онымен сендерді есепке тартады»*⁹⁰ жарлығы түскенде сахабалар қатты күйзелді. Олар бұлай тты іштегі толассыз аққан ойлардың бәріне де ақыретте есеп болады деп жорамалдаған еді. Алайда пенденің жүрегінен не өтпейді? Кейде адам еркінен тыс жаман ойлар пенденің жүрегін жаралап, санасын сансыратады. Кейде нәпсіге беріліп, жаман ой құрдымына түседі де, іске асыруға келгенде ғана есін жиып, Құдай тағаладан кешірім тілеп, өзіне-өзі келеді. Қатты мұңайған сахабалар ақырында хазіреті Мұхаммедке (с.а.с.) келіп: «Пайғамбарым, мына түскен аятқа шыдауға қауқарымыз жетпей бара жатыр? Не істейміз?» – деген. Ол сонда: «Түсінбедім! Сендер бұрынғы екі әһли кітаптың (яһудей, христиан) дегендеріндей «есіттік, бірақ біз бұған қарсымыз» дегілерін келіп тұр ма? Қайта сендер: «Есіттік те мойынсұндық. Я Раббымыз! Бізге рақым етуінді тілейміз. Ақыр соңында біз Саған ораламыз» – дендер», – дейді. Олар осылайша дұға етіп, Хаққа жалбарынды. Ақырында Аллаһ Тағала осы аяттың мән-мағынасын түсіндірген жарлығын түсірді: *«Аллаһ ешкімге көтере алмайтын жүк бермейді. Әркімнің жасаған жақсылығы өз пайдасына, жамандықтары да өзіне. (Сендер былай дұға етіңдер): «Раббымыз! Кейде ұмытып яки жаңылысып жатсақ, сол үшін бізді жауапты етіп, есепке тартпа! Раббымыз! Бізге бізден бұрынғыларға жүктегеніңдей*

⁹⁰ «Бақара», 2:284.

ауыр жүк арқалатпа. Раббымыз! Бізге көтере алмайтын жүк берме! Бізді ғаны ет, бізді кешір, бізге рақым ет! Иеміз Сенсің! Бізге кәпірлерге қарсы жәрдем бер!»⁹¹. Осыдан кейін олар жүректегі еріксіз жаман ойларға жауапты болмайтынын білді. Егер, хазіреті Мұхаммед (с.а.с.) әуелгі аяттың мағынасын білгенде, сахабаларын күйзелтпей-ақ, дереу түсіндірер еді ғой⁹². Өйткені, сахабалардың бәрі кімге іштей жаман ой келмейді деп, ақыретте қатты есепке тартылатынын ойлап қайғырғандары сонша, тағаттары таусылуға шақ қалған еді. Алайда хазіреті Мұхаммед (с.а.с.) те аяттың мағынасын түсінбегендіктен олармен бірге күтуіне тура келді. Егер өзі жазған болса, достарын қинамай-ақ айта салмас па еді? Әрі өзі жазған болса, Әбу Бәкір, Осман т.б. жақын достары бізді қатты қинама демейтін бе еді? Һәм Құран Аллаһ Тағаланың сөзі болмай оның сөзі болса, оны жанындағы достары білер еді. Сонда Әбу Бәкірлер әдейі оның адамның сөзі екенін біле тұра, сол сөздерді бейне бір Ұлы Жаратушыдан келгеніне өздерін сендіріп, күні-түні шын беріле жылап, қатты күйзеліске түсер ме еді? Елін жақсылыққа жеткізем деп, өздерін осыншалық екіжүзділікке қия ма?

Сахабалардың да аятқа соншалық берілулері – оның Құдай тағаладан келгендігінің айғағы. Ал, аятты түсіріп, оларды қатты күйзелтіп сынаған Аллаһ Тағала еді. Негізінде, батыстық шығыстанушылардың Құранды адам жазды деген күдіктері де адамдар үшін Аллаһ Тағаланың тағы бір сынағы. Бірақ кейбір бейбақтар Құранмен таласпақ болып, қазіргі заманда ғалымдардың әлемді

⁹¹ «Бақара», 2:286.

⁹² Абдуллаһ Мухаммед Драз, Ен мүһим месаж Куран (ауд:Суат Йылдырым), Анкара. 1985, 27 бет.

енді ғана ежелеп оқи бастаған әріптері онда баяғыда барлығын біле тұра күдіктендірушілердің құрған ауына шырмалып жатса, ақыл-есі бар пенденің өз кінәсі. Аталмыш аятта айтылғандай «Өркімнің жасаған жамандығы өзіне».

ПАЙҒАМБАР ӨНЕГЕСІ

Аллаһ Елшісі өмір бойы Құран оқып, ондағы жәһаннамға қатысты аяттарды оқығанда көз жастарын тия алмаған. Сонда қырық жасына дейін бір ауыз өтірік айтпаған адамның қырықтың қырқасынан кейін халқының бақыты деп Ұлы Жаратушының атынан жалған сөз сөйлеп, өмір бақи, тіпті жалғыз қалғанда да өтірік жылап, елді алдап екі жүзділікпен өтуі мүмкін бе? Әрі одан кейін қаншама ақиқатты аңсаған кемеңгерлер оның өмірін тұтастай зерттегенде де оның жалпы болмысынан ақиқаттан өзге еш нәрсе көре алмаған.

Хазіреті Мұхаммедтің (с.а.с.) пайғамбарлықтан бұрын және кейінгі барлық үлгілі ғұмыры Құранның Ұлы Жаратушының кітабы екендігіне бұлтартпас дәлел. Ол пайғамбарлықтан бұрын қырық жасына дейін меккеліктер арасында «әл-Әмин» (сенімді) деген атқа ие болған. Барлық меккеліктер оны осылай танып, қалтықсыз сенді. Оның бір куәсі Қағбаның қайта жөнделіп, қара тасты орнына қою туралы рулар арасында туған даудың үстіне түскен шақтағы меккеліктердің қатты қуанулары еді. Меккеліктер арасында қара тасты қай ру қою керектігіне қарар бере алмай, ақыр соңында Қағбаға алғаш келген адамның үкіміне көнуге келіскенде көп ұзамай есіктен Абдулмутталибтің немересі көрінген. Барлық меккеліктер «Мұхаммед әл-Әмин» деп қуана қарсы алып, бірауыздан беретін үкіміне

ризалық білдірген⁹³. Хазіреті әл-Әмин (с.а.с.) ел арасында осындай лауазымға ие болып, иненің жасуындай да жалған сөйлеп көрмесе, қырықтан кейін аяқ астынан Ұлы Жаратушының атынан жалған сөйлеуі лайық па? Ендеше, оның ұлы дағуаның атынан халыққа маңызды нәрселерді толық сеніммен аптықпай, асықпай нық сөйлеуі – ақиқаттың айғағы.

Дін дұшпандары оның сенімділігін пайғамбарлықтан кейін де жоққа шығармаған. Хазіреті Мұхаммед (с.а.с.) көрші елдің патшаларын хат арқылы Ислам дініне шақырды. Соның бірі Рим императоры еді. Ол хатты оқыған соң Шамда жүрген Әбу Суфиянды шақырып, ол жайлы сұрады:

– Оған ең көп қосылып жатқан кімдер, байлар ма, кедейлер ме?

– Кедейлер.

– Оған иман еткендердің арасынан бас тартқандар болды ма?

– Қазірге дейін бола қойған жоқ.

– Сандары артып жатыр ма, әлде кеміп жатыр ма?

– Күн сайын артуда.

– Ғұмырында жалған сөйлегенін естіп көріп пе едіңдер?

– Жоқ, ешқашан естімедік.

Хаттан әсер алып, сол кездегі мұсылманның қас дұшпаны Әбу Суфиянның жауабына тәнті болған Рим императоры: Осы уақытқа дейін жалған сөйлемеген адамның енді келіп Ұлы Жаратушы атынан жалған сөйлеуі есте мүмкін емес, – деп, байыпты ой тастаған⁹⁴.

⁹³ Муснад, 3/425; Ибн Хишам, 1/209.

⁹⁴ Бухари, Бәд'ул-Уахи, 6; Муслим, Жихад, 74.

Енді сіз хазіреті Ахмедтің (с.а.с.) айналасындағы сахабалар мен одан кейінгі ғасырлардағы мыңдаған ғалымдар мен әулиелерге, тақуа жандарға көз салып көріңізші! Жылдар бойы жанында жүрген сахабалар, ғұмырын діннің ақиқаттығына арнаған кейінгі ғұламалар, ақиқатты аңсап өзге діннен Исламға кіріп⁹⁵, шөлін басқан қаншама көзі ашық жандардың жалғанды жарық шындықтай көріп, бәрі бірауыздан алданып қалулары ақылға сия ма? Бәрі де ақылға салып, қисынға тартып, ақырында бірауыздан Құранның ақиқаттығын қабыл еткен.

Аллаһ Елшісі кейбір жағдайларға байланысты қатты қиналатын да, бірақ оның шешімін Құран аятынан таба алмайтын. Егер өзінің жазғаны болса, мәселені ушықтырмай шеше салмас па еді? Мысалы «ифк»⁹⁶ оқиғасына қарап көрейік. Бірде Мәдинада мұнафықтар хазіреті Айшаның абыройына кір келтіріп, жала жапты. Бірақ оның пәктігіне қатысты уахи келмегендік-

⁹⁵ Қазіргі дейін Исламды зерттеген өз дініне берік көкірек көзі ашық жандар арасында мұсылман болмағандар өте аз кездескен. Ал өз дінін жақсы танып, өзге дінді зерттеген көкірек көзі ашық мұсылмандардың арасында өзге дінге өткен ешкім болмаған.

⁹⁶ Ифк оқиғасы: Хазіреті Айша бір сапардан қайтып келе жатып, жолда түйесінен түсіп, түзге кетеді. Бірақ бұл түйесіне қайта келгенде керуеннің кетіп қалғанын көреді. Керуеншілер түйе үстіне құрылған жабық шатырдың ішінде отыр деп ойлап, түйесін жетектеп кете барған. Осылайша ол жолда қалып қояды. Бірақ керуеннен қалып қойғандарды түгендеп артта келе жатқан керуен түгендеушісі сахаба мұны байқап қалып, ләм-мим демей түйесіне мінгізіп, үйіне жеткізіп салады. Бірақ Мәдинаның мұнафықтары (сырттай мұсылман, іштей кәпір) осыны пайдаланып, оған зина жасаған деп жала жауып, жаһанға жар салады.

тен ел арасында өсек отша лаулады. Пайғамбарымыз болса сабыр сақтап: «Мен оның жақсы халінен басқа ешнәрсе білмеймін» дегеннен басқа еш нәрсе айта алмады. Істің анық-қанығына жету үшін сахабаларымен ақылдасты. Осылайша бір ай өтті. Ақырында бәрі бірауыздан «одан күмәнданатындай оғаш пиғылы болған емес» деді. Пайғамбарымыз хазіреті Айшаға келіп: *«Айша, маған жақсылап құлақ сал. Мен сен жайында пәлен-түген сөз есіттім. Егер кінәсіз болсаң, Аллаһ сені ақтайды. Ал егер күнә жасаған болсаң Аллаһтан кешірім тіле»* дейді. Мына айтылған сөздер ғайыпты біле алмайтын адамның сөзі. Анық-қанығына жетпей күмәнданбайтын сенімді достың сөзі. Бірақ хазіреті Мұхаммед (с.а.с.) орнынан тұрмай жатып, Аллаһ Тағаладан уахи түсіп, хазіреті Айшаның адалдығы мен пәктігін жария етті⁹⁷. Егер Құран өз сөзі болса, мәселені тым созбай-ақ оның адалдығы жайында хабар бермес пе еді? Өмірінде пенденің атынан жалған сөйлемеген адам, Аллаһ Тағаланың атынан қалай жалған сөйлесін?! Задында, пайғамбарлар жоғарыдан келген бұйрықтарға ғана бағынады. Міне, хазіреті Мұхаммедтің (с.а.с.) бір ай бойы өзінің отбасына кір келтірер жалаға да өздігінен үкім айтпауы – оның уахиға ғана бағынып, әрекет ететіндігін дәлелдейді. Құранда Аллаһ Тағала: *«Ол (Мұхаммед) кей сөзді өзі айтып, Бізге таңса, әлбетте, оның оң жағынан қолға алар едік. Сосын оның күре тамырын кесер едік»*⁹⁸ дейді.

Негізінде, уахидің бір айдан кейін келуінде хикмет бар. Алдымен өз Елшісінің (с.а.с.) тек қана бұйрықпен жүретінін, өздігінен сөз айтпайтындығын,

⁹⁷ Бухари, 6 баб. «Нұр» сүресі бөлімінде.

⁹⁸ «Хакка сүресі», 44:46.

яғни пайғамбарлығы мен Оның толық құлы екендігін айғақтаса, басқа тұрғыдан оның Аллах Тағалаға деген мойынсұнғандығы мен беріктігін һәм сабырлылығын үмметіне өнеге етіп көрсеткен. Әрі үмбетінің Елшісіне деген адалдығы мен беріктігін анықтап, мұнафықтардың ішкі пиғылдарын жария еттіру үшін еді.

ҚАЛАУ ХИКМЕТІ

Құранның Пайғамбарымыздың өз сөзі еместігінің бір дәлелі – уахидың кейде өз қалауына қайшы түрде түсуі. Құран кейде оның көзқарастарындағы қателіктерінен хабар беріп, кейде қаламаған нәрсесіне рұқсат беретін. Кейде кейбір іс-әрекеттері үшін қатты ескертулер алатын. Мына аятқа қарайық. *«Сол уақытта өзіне Аллаһ та бақ берген, сен де бақ берген Зәйтке: «Жұбайыңмен ажыраспа,, Аллаһтан қорық!» – деуде едің. Аллаһтың жариялайтын нәрсесін көңіліңде жасыруда едің. Адамдардан қорқасың. Негізінде қорқуға Аллаһ лайық. Сонда одан Зәйт ажырасқан кезде оны саған некелендірдік. Бұл мұсылмандарға асыранды баласынан ажырасқан әйелдерге үйленудің кінәсі жоқтығын көрсету үшін. Аллаһ әмірі орындалады»⁹⁹.*

Зәйт ибн Харис қара нәсілді адам еді. Хазіреті Мұхаммед (с.а.с.) оны құлдықтан азат етіп өзіне асыранды ұл етіп алған-ды. Ондағы мақсат – адамдар арасындағы нәсілге бөлінушілікті жойып, «Аллаһ назарында ең қадірлі болғандарың – Одан көп қорыққандарың»¹⁰⁰ деген аяттың мағынасын іске асыру еді. Әрі асыранды баланың өз баласындай бола алмайтындығын көрсету еді. Айтқандай-ақ кейіннен аят түсіп, асыранды

⁹⁹ «Аһзаб» сүресі, 33:37.

¹⁰⁰ «Хұжырат» сүресі. 13.

бала өз баласындай болмайтындығын баян етті. Осыдан кейін Зәйт «Мұхаммедтің ұлы» деп емес, «Харистың ұлы» деп атала бастаған. Кейіннен ол Зейнептің үйіне барып оған құда түседі. Сол кезде үйіндегілер өзіне сұрап тұр екен деп қатты қуанады. Бірақ Зәйтке дегенде олар не дерін білмей қатты дағдарып қалады. Бірақ Аллаһ Елшісінің сөзін жыға алмай келісіп, Зейнеп Зәйтке тұрмысқа шығады. Бірақ аралары жараспаған соң Зәйт хазіреті Мұхаммедке (с.а.с.) келіп ажырасатындығын айтады. Бірақ ол аятта айтылғандай: *«Жұбайыңмен ажыраспа, Аллаһтан қорық!»* деген еді. Алайда Зәйт келмес бұрын, хазіреті Мұхаммедке (с.а.с.) жақында ажырасатын Зейнеппен үйлену қажеттілігі хақында Аллаһ Тағаладан хабар келіп қойған еді. Бірақ ол аят түскенге дейін жұртқа жария етпеген еді. Ол заманда асыранды баласын өз баласындай көргендіктен оның ажырасқан әйеліне үйлену туған баласының әйеліне яғни келініне үйленумен бірдей еді. Сондықтан бір жағынан хазіреті Мұхаммедтің (с.а.с.) өз баласындай жақсы көретін Зәйттің ажырасқан әйеліне үйленуі онайға соқпаса, бір жағынан елге бұлай үйлену өз келініне үйленумен бірдей саналатындығы үшін ерсі көрінетін-діктен мұндай істі әу баста жариялау ауыр келді. Сондықтан да аталмыш аят: *«Аллаһтың жариялайтын нәрсесін көңіліңде жасыруда едің. Адамдардан қорқасың. Негізінде қорқуға Аллаһ лайық»* деп, адамдардың санасында қалыптасқан өлшем емес, Аллаһтың қойған өлшем-құндылықтары аса маңызды екендігін танытты. Яғни, сен – пайғамбарсың. Сен Менің адамдарға жарлықтарымды жеткізіп, олардың өлшем-құндылықтарыммен емес, Менің өлшем-құндылықтарымен

жүретін елшімсің. Пайғамбарға адамдардан ұялып, Хак жарлығын жасыру жараспайтын іс-әрекет.

Аллаһ Тағаланың оны Зейнеппен үйлендірудегі мақсаты – адамдардың асыранды баласынан ажырасқан әйелге үйленудің болатындығын көрсету еді. Бірақ ел санасындағы ескі пенделік өлшемдер бойынша, ондай әйелмен тұрмыс құру – ар-ұят салты қатты қалыптасып қалғандықтан, ешкімнің үйленуге батылдықтары бармаған. Ал, пайғамбарлар әкелген жарлығын тек жеткізу үшін емес, сонымен қатар, өздері іске асырып өнеге болмаққа келген. Аталмыш аяттан кейін хазіреті Мұхаммед (с.а.с.) дереу іске көшті. Міне, бұл – Құранның Аллаһ Тағаладан түскендігінің бір дәлелі. Егер Құран өз сөзі болса, ешқашан өз-өзін ел алдында мұндай жағдайға түсірмес еді.

Кейбір еуропаның шығыстанушылары Аллаһ Елшісінің бір күні Зейнепке көзі түсіп, оған үйленді деген шайтани болжам таратады. Алайда әуелі Әз Пайғамбарымыздың оған көзі түсетіндей оны кейіннен көрген жоқ. Ол Зейнепті жастайынан таныған. Ол Аллаһ Елшісінің көз алдында өскен. Екіншіден, Пайғамбарымыздың оған деген кішкене ойы болса, әу бастан-ақ Зәйтке емес, өзі құда түсіп алуға шамасы жетер еді. Үшіншіден, жоғарыда айтылғандай Зейнептің үй-іші түгелдей оны Аллаһ Елшісіне беруге ынтық еді. Сондықтан сол кезде-ақ Зәйт демей өзіне неге құда түспеді?

Аллаһ Елшісінің оған үйленуі илаһи әмір еді. Осы жағдайдың өзі оның пайғамбарлығына толық куәлік етеді. Қалай ғана болмасын, Аллаһ Елшісі Зәйтті құлдықтан азат етіп, өзіне бала етіп алған-ды. Ол оны туған баласындай қатты жақсы көретін. Осы жерде Зәйт

пен оның арасындағы қарым-қатынасты толығырақ айта кетелік:

Зәйт қара нәсіл жан еді. Ал Құраннан бұрын олар құл болып сатылып, адам ретінде қаралмайтын. Сондықтан Зәйт те балалық дәуренінің бал-шәрбатынына тоя алмай, сегіз жасынан бастан тауқымет тарта бастаған. Бірде ол анасымен бірге ата-әжесінің мазарына зияратқа барған-ды. Сол уақытта адамдар оны тұтқындап, Меккеге жақын жердегі Указ жәрмеңкесінде құлдыққа сатуға апарады. Сонда Хаким ибн Хузам деген біреу оны төрт жүз дирхамға сатып алып, хазіреті Хадишаға береді. Бірақ Хадиша Аллаһ Елшісіне үйленгенде оған оны қызметші етіп береді. Аллаһ Елшісі оған құл деп қарамай жанына жақын ұстады. Ол да оның мейірім-шапағатына бөленгені соншалық жанынан кете алмайтын. Аз уақыт болсын одан бөлек қалу ол үшін ең ауыр нәрсе еді. Кейіннен Зәйттің әкесі мен немере ағасы оны құлдықтан құтқару үшін көп жылдар бойы іздеп ақыры табады. Аллаһ Елшісі сонда баласының азаттығын жариялап, ақы-пұл сұрамайды. Сонда Рақым Пайғамбардың нұрына малынған Зәйт одан мүлде кетуге дәті жетпей, әкесіне: «Мен адамдардың ең жақсысы мен қасиетті мекенде жүргеніме разымын» деп, еліне қайтудан бас тартады. Осыдан кейін Аллаһ Елшісі оны өзіне бала етіп алады. Кейіннен Құран келген уақытта Зәйт хазіреті Хадиша мен Әлиден кейін үшінші болып мұсылмандықты қабылдайды. Осылайша, Ислам бір әйел, бір бала, бір құлмен жол ашқан. Мұсылман болғанда да оның жанынан айрылмаған. Әсіресе, Аллаһ Елшісі жүрегі нұрлы, көкірек көздері ашық жандар іздеп, Тайыпқа барып таспен қудаланғанда, оның денесіне тас тигізбеуге тырысып, қалқан болып, қанға боялған

да осы Зәйт еді. Пайғамбарымыз да оны қадірлеп, Хамза алғаш мұсылман болғанда екеуін туыс еткенді. Зәйт Пайғамбарымызбен бірге көптеген соғыста бірге болған. Оның соғыстағы қаһармандығы мен ерлігі сахабалар арасында дастан еді. Пайғамбарымыз бір ғазуатқа шығарда оны өзінің орнына Мәдинаға уәкіл етіп қалдырған. Басқа да жерлерге кішігірім әскер жібергенде оны қолбасшы етіп жіберген. Осылайша көпшілікке ақ пен қара адамдардың арасында ешқандай айырмашылық жоқтығын білдіріп, бірте-бірте құлдықтың жойылуына шара жасаған. Аллаһ Елшісі ақырында Римдіктермен соғысуға үш мың қол дайындап, қолбасшы ретінде Зәйтті жіберген. Бірақ осы соғыста Зәйт, аса қаһармандықпен шейіт болады.

Сол күндердің бірінде Аллаһ Елшісі Зәйттің Умми Айманнан туған қызын көріп қалады. Шейіттің қызы көз жанары мұңға толып, Рақым Пайғамбарына қарайды. Оның мұнайған жүзін көрген ол мейірім-шапағаты тұла-бойын шарпып өтіп, соңында шыдай алмай жылай бастайды. Жанында тұрған Сад ибн Убәда: «Пайғамбарым! Не болды сізге?» – деп сұрайды. Аллаһ Елшісі сонда: «*Бұл – жақсы көрушінің жақсы көргеніне деген сағыныш жасы*», – деп жауап қатады¹⁰¹.

Міне, Аллаһ Елшісі мен Зәйттің арасындағы қарым-қатынас осындай. Сондықтан оның ажырасқан әйелін алу ол үшін дүниедегі ең ауыр нәрсе еді. Бірақ Ұлы Жаратушы пайғамбарға Зәйттің ажырасқан әйелін арнайы уахи келтіріп үйлендіру арқылы адамдарға асыранды баланың әйелі ешуақытта келіні бола алмайтындығын көрсеткен.

¹⁰¹ Сахабилер анциклопедиси, Ыстанбұл, 1993, 667-669 беттер.

Қысқасы, Құран жалпы адамзаттың тәрбиешісі. Пайғамбар да соның алғашқы шәкірті болып, адамдарға өнеге болу үшін келген. Ендеше, оның әрбір іс-қимылы пайғамбарлықты көрсетеді.

АЛЛАҒ ЕСКЕРТУЛЕРІ

Келесі бір аятта: *«Ешбір пайғамбарға жер жүзінде жауға өктем келіп, жеңіске жеткенге дейін тұтқын ұстау жараспайды. Сендер дүниенің фәни пайдасын ойлайсыңдар. Аллаһ (сендерге) ақыретті қалайды. Аллаһ өте үстем, аса хикмет иесі. Егер Аллаһтан алдын ала беріліп қойған үкім болмағанда, (тұтқындардан бодау) алғандарың үшін үлкен азапқа душар болар едіңдер»*¹⁰². Бұл екі аяттың түсуі былай еді. Бәдір соғысында жетпіс пұтқа табынушы қолға түсті. Хазіреті Мұхаммед (с.а.с.) оларға қандай үкім беру жөнінде сахабалармен ақылдасты. Әбу Бәкір тұтқындардан бодау алып босатылуын, ал Омар оларды өлтіру қажеттілігі жайында пікір білдірген. Аллаһ Елшісі (с.а.с.) Әбу Бәкірдің көзқарасын дұрыс деп тапты. Әрі қарай Омардың сөзі: «Ертеңіне таңертең Аллаһ Елшісі мен Әбу Бәкірдің жанына барсам екеуінің де жылап отырғанын көрдім. Сені мен досыңды жылатқан не нәрсе? Не үшін жылайсың айтшы? Болмаса сендердің жылағандарың үшін мен жылаймын дедім. Аллаһ Елшісі: *«Бодау алғанымыз үшін келетін азаптан қорқып жылаймыз. Келер азаптың (ол қолымен жанындағы бір ағашты көрсетіп) мына тұрған ағаштан да жақындығы маған білдірілді»*, – деді. Одан кейін сәл бұрын түскен осы аятты оқыды¹⁰³.

Енді, осыған талдау жасап көрелік:

¹⁰² «Әнфал» сүресі, 8:67-68.

¹⁰³ Муслим, Жихад, 58; Муснәд, 1:31-33.

Құран өз сөзі болса, сахабалармен ақылдасып бір шешімге келіп алып, артынша оның бұрыстығын айтып, өз шешіміне өзі қарсы шығар ма еді. Әрі оның ағыл-тегіл жылағанына қараңыз. Қырық жасына дейін бір ауыз да болсын жалған айтып көрмеген кісі, елуден бел асқан шағында осыншалық көрер көзге жылар ма еді? Задында ол бұл ғана емес, ғұмыр бойы көз жасын төгіп өткен адамзаттың дара тұлғасы. Оның осы туралығы мен әділдігін білетін Бәдір мен Ухуд соғысында шайқасқан барлық меккелік пұтқа табынушылар оның сол баяғы әділ қалпынан таймағанынан ешбір күмәндері болмаса, абзал ниеттегі зерттеуші ғалымдар да оның күллі өмірінен иненің жасуындай да жалғандық ізін таппаған¹⁰⁴.

Негізінде, хазіреті Мұхаммедтің (с.а.с.) Аллах Тағаладан ескертулер алуына себепкер болған қателіктері кәдімгі қателік пе еді?! Әлбетте, жоқ. Ол ғұмырында қателесіп те, кішкене күнә жасап та көрген емес. Ол кейде күнәсіз екі көзқарастың ортасында қалып, біреуін таңдауына тура келетін. Ол сонда үмбетіне ең жеңіл келетінін таңдайтын. Яғни, Аллах Тағала адамзатқа өнеге еткен Елшісіне «жақсы» және «өте жақсы» екі үкімнің біреуін таңдауын бұйыратын да, ол «жақсы» үкімін таңдаса артынан пайғамбарларға тек қана «өте жақсы» үкімін таңдау жарасатынын айтып, ескертулер жасайтын. «Жақсы» үкім де, «өте жақсы» үкім де үмбетіне тең болғанмен «өте жақсы» үкімі «жақсыдан» қарағанда аса пайдалылығын Құран көрсетіп, туралап отырған. Мысалы, Бәдір соғысынан кейін тандалған «жақсы» үкімге қарағанда «өте жақсы» үкімінің тандалу қажеттілігі Ухуд соғысында ғана анық

¹⁰⁴ Қараңыз: Драз, Ен мұһим месаж Куран, 20 бет.

айқындалған. Кешегі тұтқындар Ухуд соғысында қайта айналып келіп, мұсылмандардың кешірімділігіне сеніп, азу тістерін көрсете оларды қырып кеткен. Сол себепті Аллаһ Тағала алғашқы соғыста дұшпандарды тұтқынға алмауларын қалаған еді. Бірақ Аллаһ Тағала білдірмесе ертеңнің қандай боларын білмейтін Рақым Пайғамбары өз рақымына сай олардың өлтірілмеуін «өте жақсы» үкім деп қараған. Мінеки, оның болашақтағы жағдайды біле алмауы, ал Құранның алдын ала біліп, олардың үкімін жөн санамауы – Құранның шектеулі адами өлшем емес, ілгері заманды есеп алып қараған илаһи өлшем екендігі айқын байқалады.

Алайда «жақсыны» «өте жақсы» үкім деп ұққан Аллаһ Елшісінің (с.а.с.) қателігі тек қана өз деңгейіндегі қателік. Үмбеті тұрғысынан болса ол қателік емес, дұрыс һәм сауапты нәрсе. Хазіреті Мұхаммедтің (с.а.с.) осылай екеудің біреуін таңдаудағы хикметі – үмбетіне Құран мен сүннеттен үкім шығарып үйрету. Ол пайғамбар болғандықтан сахабалармен ақылдасуға да мұқтаж емес. Бірақ оларға өнегелік жағынан мұсылмандардың бір мәселе жайында әркім өз бетінше емес, бас қосып ақылдасып қана шешу қажеттілігін үлгі ету еді. Кейіннен ақиық Пайғамбар (с.а.с.) бұл ғұмырдан көшіп кеткеннен кейін «жақсы» мен «өте жақсыны» таңдау сахабаларына, сондай-ақ кейінгі үмбетіне рухани мұра боп қалған. Өйткені, Аллаһ Тағала дінін пендесінің санасын сарғайту үшін емес, ой-өрісін әрі қарай дамытып, кәміл адам деңгейіне шығару мақсатымен жіберген.

Бұдан басқа да көптеген аяттарға көз салсақ, Құранның хазіреті Мұхаммедке (с.а.с.) ескертулер жасағанын көреміз. *«Аллаһ сені кешірсін. Саған шын айтқандар анықталып, өтірікшілерді білмей-*

інше оларға неге рұқсат бердің?» (Тәубе, 9:43), Мұнафықтардың басшысы Абдуллаһ ибн Убәй өлгенде, хазіреті Мұхаммед (с.а.с.) оның жаназа намазын оқыған еді. Сонда мына аят түсті: «Олардан біреу өлсе, әсте жаназа намазын оқыма да қабірінің басында тұрма! Өйткені олар Аллаһқа, елшісіне қарсы келіп, жолдан тайған күйінде өлді» (Тәубе, 9: 84), «Туысқаны болса да жәннамдық екендігі білінгеннен кейін пұтқа табынушыларға жарылқау тілеу Пайғамбарға да мұсылмандарға да жарасатын іс емес» (Тәубе, 9, 113).

Міне, осы аяттарға терең үңілсек, хазіреті Мұхаммедтің (с.а.с.) Құран алдында тек қана бұйрықтары орындаумен шектелген бағынышты құл екендігін көреміз. Әрі Құраннан берілген әмірлерден адами үкімдердің күші жетпейтін әсерлі бір күш білінеді. Бұл қуаттан адамдар мейлі қуансын, мейлі ренжісін, мейлі сенсін, мейлі теріске шығарсын бұлардың бәріне қарамай ақиқат пен жалғанды, жақсы мен жаманды айырған нақты жарлықтарды аңғарамыз. Берілген жарлықтар адамның көңіліне қарап берілмеген. Өйткені, берілген жарлықтарға мойынсұнғандардың бағыныштылықтары Оның қадірін арттырмайды да, қарсы шыққандар да Оның қадірін түсіре алмайды. Яғни, Құран сөздерінен ешкімге мұқтаж емес ғаламат шексіз құдірет Иесін байқаймыз.

Құрметті оқырман, дәлелдерімізді әрі қарай тереңдету мақсатымен қайта Мекке заманынына оралайық. Ол уақытта мұсылмандардың хал-ахуалы қандай еді? Әлбетте, аз ғана иман еткендер қатты қиналып, пұтқа табынушылардың қолынан азап шегіп жатқан. Құранды ашықтан-ашық оқуға екінің

бірінің батылы жете бермеген. Хазіреті Мұхаммедтің (с.а.с.) өзі де Қағбада ғибадат еткендігі үшін кейде сәждеге барғанда түйенің ішек-қарны қойылып, кейде соққыға жығылып жатқанда Әбу Бәкір ара түсіп, оның өзі де қатты таяқ жеген. Бірен-саран Әбу Бәкір секілді Меккенің ауқаттылары болмаса, мұсылмандардың қатары кедей, жарлылардан құралып, Меккеге үкімін жүргізген беделді кісілердің бәрі Құранға дұшпан болған. Олардың негізгі мақсаты мұсылмандарды діннен тайдыру емес, Құранның нұрын сөндіру болған. Сондықтан да оны «сиқыр», «өлең» деп пенденің сөзі ретінде көрсетуге тырысқан. Міне, осы заманда мынандай аяттар түседі: *«Расында, Құранды Біз түсірдік, әлбетте, Біз оны сөзсіз сақтаймыз»* (Хижр, 15:9). *«Аллаһ ақиқат пен жалғанға былай мысал береді. Көбік ұшып кетер, ал адамдарға пайдалысы жерде қалар»* (Рағыз, 13:17). *«Аллаһтың қандай мысал бергенін көрмедің бе? Көркем сөз – тамыры тереңде, бұтақтары көкке жайылған ағаш тәрізді. Ол әрқашан Раббыңның рұқсатымен жеміс береді. Аллаһ ғибрат алынсын, ойлансын деп адамдарға мысал береді»* (Ибраһим, 14:24-25). Бұл жерде адамдарға пайдалы болып қалатын да, әрқашан мәңгілік жеміс салатын да Құран екенін меңзеп тұр. Алайда бұл аяттар түскенде Меккенің мұсылмандарының көрген қорлығы бар, шеттетіліп үш жыл бойы аш-жалаңаш жатқаны бар, толассыз қардай бораған қиын-қыстау заманды бастан кешіруде еді. Егер Құран пенденің идеясы болса, көп ұзамай жеңіске жететінін батыл айта алар ма еді?! Идеяшыл өзіне ергендерді құрғақ сөзбен болса да, үміттендіруі мүмкін, бірақ өзіне нық сенімді түрде жеңіске жететінін паш етуі мүмкін бе? Тарихқа көз салсаңыз, қаншама рефор-

машылар шығып, өзі жер бетінен кетісімен көп кешікпей идеялары артынан қоса кетіп, құмға сіңген судай болған. Христиан, еврей, будда діндері де ғасырлар бойы өмір сүріп келгенмен, қаншама өзгерістерге түсіп бұрмаланып жеткен. Яғни, негізгі қалпын сақтай алмаған. Тек Құран ғана ғасырлар өткенмен бір әрпін де жоғалтпай сақталып келген. Оны болашақ заманның сан қилы тосқауылдарына төтеп бере алатына кім кепілдік бере алмақ? Әлбетте, күллі заман мен мекендердің тізгінін құдірет қолына ұстаған Ұлы Хақ қана кепілдік бере алмақ. Тарихқа қарасаңыз, Құранды жоймақ болып жанталасқан қаншама дұшпандар болған. Бұған дәлел ретінде өз елімізді алайық. Жетпіс жыл бойы елімізге ойран салып, мешіттерді жермен-жексен етіп, қолға түскен Құран кітаптардың бәрін жойған. Құранға жала жауып қаншама кітаптар жазып, жылдар бойы күн сайын басылымдар бетінде пенденің ертегісі етіп көрсетуге тырысты. Бірақ сонда да Құран кітаптар халқымыздың төрінен орын алып, қасиетті аяттары жүректерде сақталды. Ақырында, дұшпандардың өздері жеңілді. Құранда: *«Расында, кәпірлер дүние-мүлік пен қыруар қаржыларын адамдарды Аллаһтың жолынан тайдыру үшін жұмсайды. Һәм ілгері замандарда да жұмсайды. Сосын өздері қайғы-қасіретке ұшырап, ақырында жеңіледі де, жәһаннамға айдалады»*¹⁰⁵. Әлі күнге дейін оған жала жабылып, әлемнің көптеген жерлерінде қыруар қаржы бөлініп, ақпарат арқылы жалған хабар таратылып жатқанмен ол қайта жыл, күн өткен сайын жарқырай түсуде. Құран бейне бір күн, ал оны өшірмекке тырысқандар күнді құдды лаймен сыламақ болған міскіндер.. Құранда: *«Олар Аллаһтың нұрын*

¹⁰⁵ «Әнфал» сүресі, 36 аят.

ауыздарымен үрлеп өшіруге тырысады. Алайда Аллаһ кәпірлер қаламаса да нұрын толықтырады» дейді¹⁰⁶. Мінекей, Пайғамбарымыздың хадисінде айтылғандай, мұсылмандардың «шөп-шалам»¹⁰⁷ секілді болған ғасырларда да бір әрпін де өзгертпей, Құранды сақтап келе жатқан Хақ тағаладан өзге кім дей аласыз? Иә, Ұлы Жаратушы оны сақтайтындығы хаққында кепілдік берген. Егер Құран хазіреті Мұхаммедтің (с.а.с.) өз сөзі болса, қияметке дейін мәңгілік бұзылмайтындығына кепілдік бере алар ма еді?

Әрі сіз ғасырлар бойғы Құран нұсқаларының бәрін компьютерге салып тексерсеңіз де арасынан бір «ха-рака», «әріп» өзгерісін таба алмайсыз. Сонда, оның мұншалық беріктігінің сыры неде? Таңғаларлық осы жағдай сізге ешқандай ой салмай ма?! Бұл куәлер бәрі бір арнаға тоғысып келіп, «Оны, әлбетте, Біз сақтаймыз» аятына айғақтық танытып, бірауыздан куәлік етуіне жетпей ме?!

ТЕҢДЕССІЗ СЕНІМ

Мекке заманындағы хазіреті Мұхаммедтің (с.а.с.) іс-әрекеттері мен сөздеріне психологтардың көзімен де бір қарап өтелік. Оның жалпы өмірін зерделеп қарасақ өзіне нық сенімді халін һәм әкелген дінінің адамзатқа

¹⁰⁶ «Саф» сүресі, 61:8.

¹⁰⁷ «Ұлттар бір-бірін дастарқанға шақырған адамдардай сендерге қарсы шығу үшін жиналады». Бір адам сұрады: «Біздің аздығымыздан ба?» – Ол: «Жоқ, керісінше сендер сол күні өте көп боласыңдар. Бірақ сел басқан шөп-шалам секілді... Аллаһ дұшпандарыңның жүрегінен сендерге деген қорқынышын алып тастайды да сендердің жүректеріне «уәһнді» тастайды», – деді. Сонда біреу: «Пайғамбарым уәһн деген не?». Ол былай деп жауап қайырды: «Өлімді қаламау дүние сүйіспеншілігі!». Муснәд, 5278.

тек қана жеткізуші екендігіне куә боламыз. Ол әкелген дінінің барлық діндерден үстем болып, өткінші емес, мәңгілік қанат жаятындығына бейне бір атқан таңның артынан күн шығатынына сенгендей нық сенімде еді. Ол қаншама үйдің есігін қағып, ізгі адамдар іздеген. Бірақ есіктер тарс жабылып, мүбәрак жүзіне түкірік шашылған-ды. Ол сондай кезде күні-түні Ұлы Жаратушыға «халқымды Өзіңнің тура жолыңа сала гөр» деп жылап, жалбарынған. Оның бұрын Құранға, иманға қатысты пікірі болмағанын меккеліктер жақсы білген. Құран түскен шақтарда ешкім «сен мына пікіріңнің шет жағасын бұрын да айтқан едің ғой» деген. Оған Құран тосыннан келген. Ол елші болатынын өзі де білмеген. Елдің ешбірі де одан ондай сөз естімеген. Құранда: *«Сен өзіңе (Құран) кітап түседі деп үміт етпеген едің. Бірақ бұл тек қана Раббыңның рақымдылығы»*¹⁰⁸ дейді. Оған алғаш рет уахи келгенде үйіне жүрегі дүрсілдеп келіп, жан жары Хадишаға «үстімді жап, үстімді жап» дейді. Қорқуы басылғаннан кейін жарына болған оқиғаны баян етіп: «өзімнен корқамын» дейді. Болған оқиғаның сырын жақсы білген Хадиша қайта оны жұбатып: «Аллаһқа ант етейін! Раббың сені ұятқа қалдырмайды. Өйткені сен туыстарыңа жәрдем етіп, әлсіздерге жанашырлық танытқан һәм жарлыларға қараған, қонақ күткен, ақиқат жолында халыққа жәрдем жасаған жансың», – дейді.

Міне, пайғамбарлық осылай басталған. Оның осы жағдайына қарасақ, «Алақ» сүресінің алғашқы бес аятының ғайыптан келгені, тұңғыш уахидың да тұла бойына ерекше әсер еткені байқалады. Осыдан кейін Хадиша хазіреті Мұхаммедті (с.а.с.) туысы Уарақа

¹⁰⁸ «Қасас» сүресі, 28:86.

ибн Нәуфәлға алып барады. Уарақа кейіннен христиан болған, ибрани тілін білетін, Інжілден кейбір нәрселер жазатын кісі еді. Ол болған оқиғаны хазіреті Мұхаммедтің (с.а.с.) өз аузынан естіген сәтте-ақ «Көргенің Аллаһтың Мұсаға түсірген Ұлы Намус (періште). Әттең, сенің пайғамбарлық күндерінде жас жігіт болып, сені халқыңның туып өскен жеріңнен аластататын заманыңды көрсем ғой, шіркін», – дейді. Ол сонда: «Мені қуа ма?» – деді. Уарақа: «Иә, сен секілділердің ешбірінің дұшпандық көрмегені жоқ. Егер сенің дінге шақыру күніңе өмірім жетсе, саған көмектесер едім», – деп сөзін аяқтайды¹⁰⁹. Осы жайттар да оның Құранды Уарақа арқылы христиан, еврей кітабынан алғандығы емес, қайта Уарақаның оның пайғамбарлығын растағаны әрі қудалатыны хақында хабар бергені анық байқалады. Ол уақытта қос жанарын су алған, төрінен көрі жақын Уарақа оның кейін қудаланатынын қайдан білген? Алайда кейіннен өзінің шеттетілетінін білсе де, Меккеде әкелген жаңа діннің үстем болатынына хазіреті Мұхаммед (с.а.с.) өте сенімді еді. Сол Меккедегі пұтқа табынушылардың мұсылмандарға көрсеткен азабы шегіне жеткен шақта бір күні Ақырғы Пайғамбар (с.а.с.) Қағбаға арқасын сүйеп отырған еді. Жанына бір сахаба келіп, одан Аллаһ Тағалаға қолын жайып, кәпірлерге қарсы жәрдем тілеуін өтінеді. Сонда өз қалпын бұзбаған хазіреті Мұхаммед (с.а.с.) былай дейді: *«Аллаһ атымен ант етейін, сендерден бұрынғы өткен үмбеттер бұдан да қиын азап шеккен. Олардың кейбірі қазылған орларға тасталып, темір аралармен денелері екіге айырылған. Бірақ сонда да діндерінен бас тартпаған. Еттері мен сүйектері ажыратылып*

¹⁰⁹ Бухари, 1:3-4.

жатса да, ешқандай осалдық танытпаған. Аллаһ бұл дінді сөзсіз кемелдендіреді, бірақ сендер асығыстық жасайсыңдар. Сол заман келгенде, бір әйел Хирадан Хадрамауытқа дейін жалғыз өзі сапарға шығады да, жолда жыртқыш аңдардан басқа ешқандай нәрседен қорықпайды»¹¹⁰.

Оның осы айтылған сөздерінен-ақ діннің кемелденетініне деген толық сенімділігі анық көрініп тұр. Айтқанындай-ақ, көп ұзамай «ақырғы дін» әлемдегі барлық діндерге өз үстемдігін паш етеді. Иә, Құранның басқа кітаптардан ерекшелігі – ғасырлар озған сайын өзге кітаптар өткен ғасырлармен бірге көміліп бара жатса, Құран ғасырлар өткен сайын толқын кешкен кемедей жаңара түсуде.

ТЕҢДЕССІЗ МҰҒЖИЗА

Құранның хазіреті Мұхаммедтің (с.а.с.) өз сөзі еместігіне бір дәлел – оның мұғжиза-ғажайыптылығы. Құран аяттарында бұл кітапты адам баласының жаза алмайтындығы айтылған. Құранның осылайша жалпы жын мен адамзатты өзіне бәсекеге шақыруы әрі күллі жын мен адамзаттың оған ұқсас ешнәрсе жаза алмауы – оның Аллаһ Тағаланың хақ кітабы екендігі мен хазіреті Мұхаммедтің (с.а.с.) пайғамбарлығына бұлтартпас дәлел. Құран мұғжизалық тұрғысынан Аллаһ Елшісінің ең керемет дәлелі. Ақырғы ақиық Пайғамбар (с.а.с.): *«Адамдар иманға келу үшін барлық пайғамбарларға мұғжиза беріліп жіберілген. Маған берілгені – Аллаһтың жіберген (Құран) уахиы. Сол үшін қиямет күні үмбетімнің басқа пайғамбарлардың үмбетінен*

¹¹⁰ Бухари, Мәнакиб, 25; Әбу Дәуіт, Жихад, 97.

көп болуынан үміт етемін»¹¹¹. Құран алғаш Меккеде түсе бастағанда пұтқа табынушыларға оны жай сөз етіп көрсету оңай көрінген. Өйткені, ол заманда өлендері Қағбаның қабырғасына ілінген атақты шайырлар бар болған. Алайда Құран оларды ашықтан-ашық таласқа шақырып, тым құрыса Құранға сәл ұқсасын әкелуін талап еткенде, олар өздерінің шамасын келмейтінін аңғарып, әуел баста үндері шықпай, ұқсас сөз келтіре алмай дал болады да, артынан әлсіздіктерін әшкере етіп, Құранға «сиқыр», «өлең», «сәуегейдің сөзі» деп жала жаба бастайды¹¹². Міне, осы уақытта хазіреті Мұхаммед (с.а.с.) оларды Құран арқылы күреске шақырды. Бұған байланысты алғашқы түскен аяттар: *«Я, болмаса олар: «Құранды өзі жасап алды» дей ме? Жоқ, олар иман келтірмейді. Ендеше, олар шыншыл болса, Құран сияқты бір сөз келтірсін»*¹¹³.

*«Егер адамдар мен жындар осы Құранның ұқсасын келтіру үшін бір жерге жиналып, бір-біріне көмектесе де оның ұқсасын келтіре алмайды»*¹¹⁴.

Міне, осы аяттар Құранның хазіреті Мұхаммедтің (с.а.с.) өз сөзі еместігіне тағы да бұлтартпас дәлел. Ал, екінші аяттағы адамдар мен жындар тек қана сол ғасырды емес, сонымен қатар қияметке дейінгі күллі жын мен адамзатты меңзеп тұр. Сол он төрт ғасырдан бері екі топ Құранның ұқсасын келтіруге тырысқан. Біріне Құран достары жатады. Бұлар Құранға деген сүйіспеншіліктерімен өз жазғандарын соған ұқсатуға тырысқан. Екінші, Құран дұшпандары. Бұлар Құранның

¹¹¹ Бухари, әс-Сахих, Фәдәилул-Қуран, 1.

¹¹² Исмайыл Каражчам, Сонсуз мужизе Қуран, 422 бет.

¹¹³ «Тұр» сүресі, 52:33-34.

¹¹⁴ «Исра» сүресі, 17:88.

нұрын сөндіру мақсатымен қаншама жанталасып ұқсасын жазуға тырысқанмен осы ғасырға дейін олар бір сөйлем де құрай алмағанын мойындады. Ендеше, осы екі топ та он бес ғасыр бойы Құранға ұқсас ешнәрсе жаза алмағандығы – аталған аятқа куәгерлік еткендігі. Һәм қияметке дейін де куәлік ете бермек. Алайда Мекке заманында қаншама ақындар өмір сүргенмен біреуі де шығып, Құранмен бәсекелесе алған жоқ. Бәрі де үнсіз қалған. Осыдан кейін Құран оларды он сүремен ғана күреске шақырған. *«Я, болмаса «Құранды өзі жасап алды» дей ме? «Егер айтқандарың рас болса, Аллаһтан өзге көмекке шақыра алатындарыңды шақырыңдар да сол сияқты жасама он сүре келтіріңдер» де. Егер осы шақырғандарыңа жауап бере алмаса, онда біліңдер, шын мәнінде бұл Құран Аллаһтың ілімімен түсірілген әрі Аллаһтан басқа ешбір тәңір жоқ. Ал енді мойынсұнып мұсылман боласыңдар ма?»*¹¹⁵.

«Егер айтқандарың рас болса, Аллаһтан өзге көмекке шақыра алатындарыңды шақырыңдар». Яғни, бұл Құранның Аллаһтың сөзі емес, бөгденің құрастырған сөзі екендігі деген тұжырымдарың рас болса, онда Аллаһ Тағалаға серік қосқан пұттарыңды, әдебиетші, ділмарлар, шайырлар, тіпті шамасы келетін жын мен адамдарыңды көмекке түгел шақырыңдар да Құран секілді бір кітап емес, тым құрыса оның он сүресіне ұқсас сөздерді құрастырып, жасап көріңдер қанекей! – дегені. Одан кейінгі аятқа қарайық: *«Егер осы шақырғандарыңа жауап бере алмаса».* Яғни, Құранның он сүресіне ұқсас он сүре құрастыра алмаса, мұндай қолдан келмейтін іске ешкімнің де көмектесе алмайтындығы айқындалса, бұрын да жасай алмағансыңдар және бұдан кейін де

¹¹⁵ «Һұд» сүресі, 11: 13.

жасай алмайтындарың анықталса, «Онда біліңдер, шын мәнінде бұл Құран Аллаһтың ілімімен түсірілген». Яғни, оны түсіруге күші жететін Ұлы Жаратушы ғана. Аллаһ Тағаланың ілімі ғана осылай болмақ. Жалпы әлемдік заңдар мен адамдардың барлық хал-ахуалын, қазіргі һәм болашақ замандарына, жеке тұлға және қоғамның жақсы тұрмыс құруына қатысты терең де кең ілімді қамтыған Құран тек Жаратушы Жаппар Иенің құзырынан ғана түсе алмақ.

Жер бетінде ешбір пенде жасанды он сүре келтіре алмаған соң, Аллаһ Тағала үшінші рет кәпір қауымға Құранның бір сүресін келтіріңдер деп күреске шақырады. Бұл хақында алғашқы түскен аят мынау: *«Я, болмаса «оны жасап алды» дей ме? «Егер айтқандарың рас болса, Аллаһтан өзге көмекке шақыра алатындар-ыңды шақырыңдар да, сол сияқты жасама бір сүре келтіріңдер»* де»¹¹⁶. Кейіннен Аллаһ Тағала адамзаттың бұл жайындағы әлсіздігін паш еттіру һәм Құранның тек қана илаһи сөз екендігін нықтау мақсатымен ақырғы мына екі аятты түсірген: *«Егер құлымызға түсіргенімізден күмәндансаңдар, онда сендер де соған ұқсас бір сүре келтіріңдер, Аллаһтан өзге көмекшілеріңді де шақырыңдар, егер сөздерің рас болса. Егер осыны жасай алмасаңдар, әлбетте, ешқашан жасай алмайсыңдар. Ендеше, отыны адамдар мен тастардан тұратын кәпірлерге әзірленген оттан қорқыңдар»*¹¹⁷. Яғни, Құран былайша жар салуда: *«Ей, жын мен адамзат! Егер Құранның илаһи сөз екендігіне бір күмәндерің болса, онда қанекей келіңдер! Хат танымайтын бір адамға Құранға ұқсас бір сөз жаздырыңдар.*

¹¹⁶ «Жүніс» сүресі, 38 аят.

¹¹⁷ «Бақара» сүресі, 2:23-24.

Мұны да жасай алмасаңдар, мейлі умми болмасын, атақты әдебиетші, ғалым болсын. Егер осыны да жасай алмасаңдар, мейлі біреу емес барлық әдебиетші тіпті, болашақтағы әдебиетшілер мен ақындардың жәрдемдері мен пұттарыңның көмегін бірге алып, бар күштеріңді салыңдар да, Құранның ұқсасын жасаңдар. Алайда жасай алмасаңдар, онда жасанды он сүре, тіпті ол да болмаса бір сүре жасаңдар. Бірақ болашақта да жасай алмайсыңдар! Әрі иман келтірмесеңдер қарғыс атсын сендерді. Жәһаннамға кіресіңдер» деп, Құранға сын айтқандардың намысына тиюде. Не Құранға қарсы шығып, ұқсасын әкеліндер, не мал-жандарың құрдымға кетпек деуде.

«Әлбетте, ешқашан жасай алмайсыңдар». Яғни, бұрын да жасай алмағандарың секілді бұдан кейін де сөзсіз жасай алмайсыңдар. Осы сөз арқылы олардың «біздің бұрын жасай алмағанымыз, келер ұрпақ та жасай алмайды деген сөз емес» деген ойлары мен сылтауларын да жоққа шығарған¹¹⁸.

Алайда олар Құранға қарсы тұрып күресе алмаған. Егер олар Құранның бір сүресін жасағанда, мұсылмандармен күресіп әуре болмас еді. Әрбір мұсылманды діннен тайдыру үшін сонша тер төкпей-ақ бір сүре жазса жетер еді. Өйткені, ол уақытта Құран пенденің сөзі болып саналар еді де, дағуасынан бас тартар еді. Меккеліктер өте зерек, саясатқа мықты адамдар болған. Осындай кемеңгерлердің оңай жолды емес, ең ауыр мал-жанына қауіпті, салмағы ауыр қиын да ұзын жолды таңдауының сыры неде? Олардың өлеңі ардақталып Қағбаға ілінген, ұзақ соғысқан екі елді бір сөзімен татуластырған атақты, дара ақындары жалған бір сүре

¹¹⁸ Мехмет Килежи, Куран мужизесі, Ыстанбұл, 1997, 67 бет.

ойдан құрастыра салғанда мәселе бітер еді ғой. Алайда Құран олардың намыстарына тиіп, осыншама күреске шақырғанмен ешбірі шығып бір ауыз сөз айтпаған. Өйткені өз сөздері мен Құран сөзінің арасында жер мен көктей айырмашылық барын жақсы білген. Болмаса ел алдында өз беделдерін сақтап, масқара болып қалмау үшін сөзсіз Құранмен күресулері қажет еді. Бірақ олар Құранның осы шақыруына үн қатпай, оңай жолды емес қауіпті жолды таңдады. Міне, олардың қолдарына қалам емес, қылыш ұстауы – Құранның ұқсасын келтіре алмағандығын мойындағаны. Иә, бейне бір Құран тамыры тереңде, ал жапырағы биікте жайқалған бәйтерекке ұқсас. Ешқандай адам ағаш тұрмақ оның жапырағының бір жасушасын жасай алуы, әсіресе, оған жан бітіруі есте мүмкін емес.

Осы жерде оқырманның ойына «бір сүре жазуға тырысқан ақындар болған шығар, бір-біріне жәрдем етіп көрген шығар» деген пікір тууы ықтимал. Өйткені, Құранмен күресу мүмкін болғанда, сөзсіз сол іске кірісер еді. Себебі, бұл жерде ар-намыс мәселесі, малжанына да қауіп бар еді. Егер жасауға тырысқанда, сөзсіз олардың жақтаушылары көп болмақ еді. Өйткені, ақиқатқа қарсылық білдірушілер ол кезде өте көп болған. Егер жақтаушылары болғанда сөзсіз тарихта мөрі қалар еді. Себебі, тарихта кейбір шағын шайқастың өзі адамзаттың назарын аударып, дастан болып жатады. Ендеше, Құранмен күресу үлкен шайқас саналғандықтан, мұндай оқиғаның тарихта ізі қалмауы мүмкін емес. Ал енді Исламға қарсы тұрған барлық оқиғалардың бізге жеткені белгілі. Ешкім ондай оқиғаларды жасырмаған. Алайда сол замандағы жалған пайғамбар Мусәйләма кәззаптың бір-екі өлеңінен басқа

бізге хабар келмегені белгілі. Негізінде ол өзіндік әуезі бар сөзге шешен болған. Алайда шексіз сұлулыққа ие Құранмен таласпақ болған өлеңдері тарихқа аса күлкілі болып еніп, бізге жеткен.

Құранның сенімсіздерді күреске шақыруында көптен азына қарай сатылық әдістеме болғандығына ғалымдар бірауыздан келіседі. Ол мынадай:

1. Өзіндік стилі мен ғайыпқа байланысты хабарлары бар ілімдер мен асқақ ақиқаттарды қамтыған Құран ұқсасын умми, оқу-жазу білмейтін бір адамнан әкеліндер.

2. Егер дәл осындай Құран ұқсасын жасау қолдарыңнан келмесе шешендік сөз өнері жағынан теңесе алатынын құрастырыңдар.

3. Егер бұған да шамаларың келмесе он сүренің ұқсасын әкеліндер.

4. Бұған да шамаларың келмесе ұзын бір сүренің ұқсасын әкеліндер.

5. Егер шама-шарқыларың бұған да келмесе қысқа бір сүренің ұқсасы болсын.

6. Егер умми адамнан жасай алмасаңдар, онда ғалым һәм жазушы адамнан болсын.

7. Бұл да болмаса бір-бірлеріңе көмектесу арқылы жасап көріңдер.

8. Тіпті бұған да шамаларың келмесе күллі жын мен адамзаттан жәрдем сұрандар. Арапша жазылған барлық ғылым қайнар көздерін арқау етіңдер¹¹⁹.

Міне, барлық арабша кітаптар мен Құранды салыстырып қарасаңыз, олардың ешқайсысының Құранға ұқсамағанын көресіз. Ендеше, бұдан кейін де ұқсай алмайды деген сөз. Ендеше, ондағы айтылған сөздер де

¹¹⁹ Мехмет Килежи, Куран мужизесі, 70 бет.

бұдан он төрт ғасыр бұрын түскен араб ұлтына ғана емес, күллі заман перзенттеріне айтылған сөздер. Яғни, Құран бейне бір осы ғасырда түскендей, осы ғасырдың да дінсіздерін де жекпе-жекке шақыруда. Ол кітап сөз өнері жағынан ерекше стилі болуымен қатар, өткен шақ пен болашаққа қатысты ғайыптық хабарлар, астрономия, химия, биология, медицина т.б. салалар бойынша ғылыми тылсымдары болуы шарт. Яғни, келер ұрпақ қана шешетін ғаламдық құпия-сырлар болуы қажет. Әрі онда қазіргі һәм қияметке дейінгі адамдардың барлық мәселелерін шешіп, бақыттылыққа бөлейтін жалпыға бірдей «өлшем», «құндылық» болуы ләзім. Әрі жазылған сол кітапты мектепке барған баладан, академикке дейін әркім өз санасының дәрежесіне қарай түсініп, мән-мағына алуы қажет... Алайда бұл күнге дейін ондай жетістік болған емес. Хазіреті Мұхаммедке (с.а.с.) Құран түсе бастағанда-ақ кейбір араб шайырлары мен әдебиетшілері Құранның ұлылығын мойындап, мұсылман болған. Енді кейбір пұтқа табынушылар Құранға қарсы шығып, көре алмай «өлең», «сиқыр», «бұрынғының аңызы мен хикаясы» деп бұлғақтаған. Қазіргі еуропаның шығыстанушылары да дәл сол кейіпте. Құранның қырыққа жуық мұғжизалық жағы бар. Оның мағынаға аса байлығы сонша – «Фатиха» сүресінің өзіне том-том кітаптар, тіпті оның бір аятының өзіне көптеген парақтар жазылған. Оның әрбір сөз, әрбір әрпінің орналасуында мұғжизалық-ғажайыптылық бар. Әрбір сүреде, тіпті әрбір аяттағы әріптер қатаң, үнді болу жағынан әрі әуендік үндестік тұрғысынан арнайы саналып қойылған. Яғни, әрбір аяттағы әріптердің қойылуында, аяттардың өзара бір-бірімен байланысуында ғажайып математикалық

жүйе бар. Егер сіз оның бір сүредегі бір аятын яки бір аяттағы бір әрпін алып тастасаңыз, мағынаның өзгеріп, ырғақтың бұзылып, қысқасы тепе-теңдіктің астанкестені шыққанын байқайсыз. Яғни, сүрелер мен аяттар арасындағы үйлесімділік бейне бір планеталар, яки атомдар арасындағы қатынас тәрізді. Құранның «Фатиха» сүресі мен ақырғы «Нас» сүресінің арасында жер мен күннің арасындағы байланыс сықылды үйлесімділік бар. Сондықтан, оның оқылуының өзінің де арнайы тәсілі бар. Задында, Құранның сөзі де, мағынасы да Аллах Тағаладан. Бірақ, әлбетте, Құранның әріптері жаратылған қалыптар. Ұлы Жаратушы өзінің шексіз мәнге ие жарлығын сол қалыптар арқылы адамзатқа жеткізген. Сондықтан, Құран оқушы қари сол қалыптарды өзіне тән ырғағы арқылы шығармаса, тыңдаушы оның мән-мағынасына тереңдей алмайды. Жүректерге де толық жете алмақ емес. Ал хазіреті Мұхаммедтің (с.а.с.) хадистері болса мұндай емес. Оның бізге жеткен хадистерінің бәрі сөзбе-сөз жеткен емес. Кейде хадистердің өз арасында синонимдік өзгешеліктер кездеседі.

ҚҰРАНДАҒЫ МӘҢГІ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Өткенге көз салсақ, әу баста мәңгілік шырақтай жарқ етіп, артынша ғасыр қойнауының тереңіне батқан қаншама идеялар көреміз. Өйткені, фәни пенденің ой-пікірлері де фәни болмақ. Алайда Құран мұндай фәниліктен мүлдем ада. Керісінше, заман қартайған сайын ол жаңарып, жасаруда. Оның бұдан он төрт ғасыр бұрын қойған ұстанымдары әлі күнге дейін құнын жоғалтқан емес. Мінеки, Құранның мәңгілік ұстанымдарынан бірнеше мысал: *«Жетімдердің мал-мүліктерін*

беріңдер. Жаманды жақсымен алмастырмаңдар. Олардың мал-мүліктерін өз мал-мүліктеріңе қосып жемеңдер. Ол сөзсіз үлкен қылмыс» (Ниса, 4:2), «Негізінен Аллаһ сендерге аманаттарды өз лайықты орнына тапсыруларыңды және адамдар арасында билік еткенде әділдікпен үкім берулеріңді әмір етеді» (Ниса, 4:58) деген аяттарда жетімдердің ақысын жемеу, аманат пен міндеттердің лайықтыларға берілу, әр нәрсеге әділдікпен үкім берілу ұстанымы, «Негізінде Аллаһ әділеттілік пен игілік-жақсылықты және ағайын-туысқа қарасып, жәрдем етуді әмір етуде. Және де арсыздыққа, жамандық жасауға һәм азғындыққа тыйым салуда. Сөздерінде тұрар, ойланар деп Ол сендерге насихат беруде» (Нахыл, 16:90), «Аллаһтың қол астына алынған елден Елшісіне берілген олжалары Аллаһқа, Елшісіне, жақындарына, жетімдерге, кедейлерге және жолда қалғандарға тиесілі нәрсе. Олар байлар арасында айналған мал-мүлік болмауы керек» (Хашыр, 59:7) аятында байлық пен мал-мүліктің тек қана байлардың қолында болмау ұстанымы, «Кімде-кім кісі өлтірмеген яки жер бетінде лаңкестік жасамаған жазықсыз біреуді өлтірсе, ол адам барлық адамзатты өлтіргенмен бірдей және кімде-кім бір адамды тірілтсе, ол күллі адамзатты тірілткенмен бірдей» (Маида, 5:32) аятындағы ұстанымдар мәңгілік жасайтын мызғымас негізгі қағидалар. Бұлар заманның барлық ағымына бірдей қажетті тірек-негіздер. Сол сияқты да жеке тұлға, отбасы, қоғамды ашкөз ететін пайыз, құмарлық ойындары, ішімдік пен зинақорлық, жалған, жала, ысырапшылдыққа тыйым салынуы, адамды «толық адам» шыңына жеткізу, бұл дүниенің өзінде жәннатқа ұқсас рахат өмір сүруі үшін намаз, ораза, зекет, қажылық т.б. ғибадаттар сонымен қатар ең жақсы,

ең көркем мінез қағидалары, Ұлы Жаратушыға деген сүйіспеншілікке ынталандыру, жеке тұлға, отбасы, қоғамның бақыттылығы үшін қойылған идеал өлшем Жаратушы Жаппар Иенің сөзі екендігіне бұлтартпас дәлел, айнымас айғақ емес пе?

ҰЛЫ ЖАРАТУШЫНЫҢ ИЕЛІГІ

Негізі барлық әлем жаратылған. Ендеше, жаратылғанның сөзсіз Жаратушысы да бар болмақ. Яғни, «мен бармын, ендеше мені жаратқан да бар» қағидасы. Демек, әлем мен адам кімдікі болса, Құран да соныкі. Өйткені, Құран адамның өзіне жұмбақ құпия-сырларын паш етіп, қисын дәлелдермен түсіндіріп беруде. Сондай-ақ күллі ғимарат-ғаламның да қаншалықты ғажайып сәулеттілікпен тұрғызылғанын, бүге-шүгесіне дейін айқындап, баяндауда. Ендеше, Құран ғалам тұрмақ, өзі жұмбағын таба алмаған, ақыл аясы шектеулі пенденің сөзі болмақ емес.

Хазіреті Мұхаммед (с.а.с.) Араб түбегінде туып өсіп, табиғаты ғажап, толқындары асау теңіздерге саяхат жасамағаны жалпы жұртқа аян. Міне, Құран Араб түбегінің шөлейтінен қарағанда, жап-жасыл сұлу табиғат, көз жауын алып сарқырап аққан өзендер, жал-жал толқын теңіздер, асқаралы таулар, жемісі уылжып піскен ғажайып бақтар хақында суреттегеніне куә боламыз. Мысалы, «Нұр» сүресінің қыркыншы аятында: *«Немесе олардың (кәпірлердің ой-санасы мен іс-әрекеттері) терең теңіздегі қараңғылық тәрізді. Толқын үстіне толқын, оның үстін бұлт қаптаған қараңғылықтар. Бір-бірін қаптаған қараңғылықтар. Кісі қолын шығарса, оны да көре алмас. Аллаһтың нұрға*

бөлемеген пендесінің нұрдан нәсібі болмақ емес»¹²⁰. Осы аяттағы теңіздің қараңғылықтары, толқынның бірінен соң бірінің келуі, олардың үстін бұлт қаптауы, мұндай қараңғылықта адам қолын да көре алмау жайындағы нұрдан мақрұм қалған кәпірлерге қатысты мысалы сол заманның араб әдебиетімен де, теңізшілерімен де байланысы жоқ. Осы аятты қазіргі заманның мұхитта саяхат еткен теңізшілері ғана терең ұғынып, көзбен көргендей етіп айтылған сөздің көркемдігіне қайран қалып, бұның шөлде ғұмыр кешкен, яки сол заман перзенттері көркемдейтін нәрсе еместігін мойындаған. Хазіреті Мұхаммедтің (с.а.с.) теңізге саяхат жасамағаны белгілі. Ендеше, теңіз зерттеушілерінің ғана білетін нәрсесін, шөлдегі бір адам көзбен көргендей етіп суреттеуі әсте мүмкін емес. Сондай-ақ, «Әнғам» сүресінің жүз жиырма бесінші аятына көз салайық: «Аллаһ кімді тура жолға салғысы келсе, Исламға жүрегін ашады. Кімді адастырғысы келсе, көкке көтеріліп бара жатқандай жүрегін қысады». Осы аяттағы кәпірдің халін көкке көтеріліп, тынысы бірте-бірте тарылып бара жатқан адамдай бейнелеген. Аяттағы «көтерілу» сөзінің айтылу ерекшелігі шәддәлі¹²¹ «сад» әрпінің артынан шәддәлі «айн» әрпінің келуі арқылы дем ала алмай, ашылған ауызды бейнелеген. Ал бүгінгі ғылыми жаңалықтар биік тауға яки әуешары арқылы көкке көтерілгенде ауаның аздығынан адамның тынысы тарылатынын анықтаған. Ал, Араб түбегіндегі таулардың шыңы адамның тынысы тарыларлықтай биік емес. Ол заманда ешбір пенде құсқа қарап қиялдағаны болмаса әуешары арқылы көкке саяхат еткен де емес. Гималай тауларына шығып,

¹²⁰ «Нұр» сүресі, 24:40.

¹²¹ Араб тілінде бір әріптің қосарланып айтылуы.

тыныс тарылатындығын анықтаған да емес. Ендеше, бұл мысал көкті жер-бесіктің күмбезі етіп жаратқан Ұлы Жаратушыға ғана тән.

Хазіреті Мұхаммедке (с.а.с.) пайғамбарлық келгеннен кейінгі өміріне тұтас назар салайықшы. Оның алғашқы Меккедегі өмірі түгелдей шеккен жапа, тартқан азап, көрген қорлық, түскен ауыртпалыққа ұласқан. Осылайша, Пайғамбардың өмірі қайғы-қасіретке толған. Меккедегі азын-аулақ үмбеті үш жыл бойы құмы жан шыдаспастай қыздырған күннің астында қалған. Бір жылдың ішінде жан жары хазіреті Хадиша мен қырық жыл пана болған немере ағасы Әбу Тәліп екеуі қатар көз жұмған. Ең жақын серігі хазіреті Хамзаның Ухуд соғысында ішек-қарны ақтарылып, азаппен өлтірілген. Міне, осылар хақында Құраннан бір ауыз сөз таба аласыз ба? Және оның кіндік қаны тамған туған жері хәм балғын кезеңі хақында да кітаптан қысқа бір әңгімеге куә бола аласыз ба? Әлбетте, еш куә таба алмақ емессіз. Егер Құран оның өз сөзі болса, сөзсіз онда қайғы-қасіретінің салмағы, ғұмырының әсері болар еді. Алайда Құранда ешбір әсер жоқ. Ендеше, оның қолындағы Құран оған тиесілі кітап емес. Бар-жоғы ол берілген бұйрықты, айтылған сөзді Жаратқаннан толықтай жеткізуші ғана.

АҚЫРҒЫ ПАЙҒАМБАРДЫҢ ЖОМАРТТЫҒЫ

Хазіреті Мұхаммедтің (с.а.с.) жазылса бітпес дастан-ғұмырының басы қалай басталса, ақыры солай аяқталған. Ол Мекке заманында жан жары хазіреті Хадишаның бар мүлкін қаланың ауқаттыларын үйіне қонақ етумен, одан қалса, үш жыл күн астын-

да қалған үмбетіне үлестірумен түгесті. Оны хақ жолынан қайтармақ болған меккелік бай мен билер оған Мекке басшылығын, бейпіл байлық, қаланың ең сұлу перизатын ұсынған. Бірақ ол «оң қолыма күн, сол қолыма айды қондырсаңдар да, дін дағуасынан бас тартпауға ант ішемін» деп, олардың ұсыныстарын елең қылмаған. Мәдина кезеңінде де өмірінің ақырына дейін қарапайым қалпын сақтап, жарлылық көріп өткен. Ол сол кезеңдерде кейде үш күн бойы нәр тартпай, әл-дәрмені құрып, нәпіл намаздарын отырып оқыған. Кейде айлар бойы пәкиза-шаңырағының түңлігінен түтін өрбімеген. Алайда бұл кезеңдерде бір соғыстан түскен олжаның өзінде есеп болмаған. Тек Хунейін соғысынан төрт мың «оққа» салмағында алтын, күміс, жиырма төрт мыңнан астам түйе, қырық мың ұсақ мал олжа түскен. Мұсылмандардың тұрмыс-тіршілігі осылай бола тұра Пайғамбарымыз өлер шағында бір еврейге қалқанын кепілдікке беріп, отбасына нәпақа алған. Ол сол қалқанын қайта алмай жатып, бұл ғұмырдан өткен. Егер қаласа, рим патшалығы секілді ғажайып сарайлар салуға мүмкіншілігі бар еді. Бірақ ол өзіне жан-жақтан келген байлықтың бәрін жоқ-жітіктерге таратып отырған. Аузынан жырып, бөгдеге беріп, өзгенің қамы мен бақытын ойлаған.

Иә, бір адам елінің бақыты үшін өзін пида етіп, ғұмыр-бақи өзгелер үшін өмір сүріп өтуі әбден мүмкін. Бірақ мұншалық өзі ішпей, өзгелерге ішкізіп, өзі жемей, өзгелерге жегізіп, оларды адалдық, ақиқатқа жеткізу жолында жүрген адамның Ұлы Жаратушының атынан өмір бақи жалған сөйлеп өтуі мүмкін бе?

КҮЛЛІ ЗАМАНҒА ТОСЫН ЖАУАП

«Әсбабун-нузул» яғни, Құран аят, сүрелерінің түсу себептеріне қатысты ғылым саласы аяттың қандай мәселеге байланысты түскенін зерттейді. Пайғамбарымызға кез келген уақытта адамдар келіп, бір мәселе жайында үкім, жауап сұраған. Мысалы, Мәдинада еврейлер хазіреті Мұхаммедке (с.а.с.) келіп, рух, Зұлқарнайын т.б. қиын сұрақтар сұрап, мүдіртуге тырысқан. Сол сияқты кез келген уақытта мұсылмандар одан харам, адал т.б. шарифаттық үкімдер сұраған. Әрі оларға дер кезінде берілген үкімдердің сол заманмен ғана шектеулі емес, қияметке дейінгі жаңа заман мәселелерін шешетін деңгейде болуы керек. Міне, хазіреті Мұхаммед (с.а.с.) осылардың бәріне түскен аяттар арқылы жауап берген. Егер Құран адамның сөзі болса, кез келген сұраққа нақты жауап беруі, кез келген мәселеге лайықты заң шығарып, сол қойылған заңдардың ешбірінің де сынға ұшырамауы, тіпті олардың кейінгі ғасырлардың да мәселесін шешуге лайық болуы әсте мүмкін емес. Әрі хазіреті Мұхаммед (с.а.с.) кейбір сұрақтарға жауап беруін кешіктіруі оның пайғамбарлығына дәлел. Хазіреті Мұхаммед (с.а.с.) ешуақытта жорамал жасамаған. Оның жауаптары еврейлер мен христиандардың тіпті сол заман перзенттерінің бұрын-соңды естімеген, әрі жоққа шығара алмайтын ақиқаттар еді. Ал, оның бір мәселеге байланысты сол замат қойылған ұстанымы мен заңдары кейінгі Имам Шафиғи, Әбу Ханифа секілді мыңдаған ғұламалардың ілімдерінің қайнар көздері саналып, сол ұстаным мен қағидаларды негіз етіп, олар өз заманындағы жаңа мәселелерге қатысты заң шығарған. Әрі ешбір дана-ғұламалар сол умми кісінің қолындағы кітабында айтылған пәтуалардың ешқайсысына сын

айтпаған. Қайта сол заңдарды өмір-бақи зерттеп, терең түсінуге тырысқан. Ендеше, қияметке дейінгі ғұламаларға ұстаздық еткен умми кісінің қолындағы кітап жай кітап емес, Ұлы Жаратушының кітабы. Умми кісі де Оның жіберген елшісі. Сөз түйіні осыған тоқтайды.

ЕКІНШІ ТАРАУ

ҚҰРАННЫҢ МҰҒЖИЗАЛЫҚ ТҮРЛЕРІ

«Егер құлымызға түсіргенімізден күмәндансаңдар, онда сендер де соған ұқсас бір сүре келтіріңдер, Аллаһтан өзге көмекшілерінді де шақырыңдар, егер сөздерің рас болса. Егер осыны жасай алмасаңдар, әлбетте, ешқашан (болашақта да) жасай алмайсыңдар. Ендеше, отыны адамдар мен тастардан тұратын кәпірлерге әзірленген оттан қорқыңдар!»

«Бақара» сүресі

СӨЗ ӨНЕРІ ТҰРҒЫСЫНАН МҰҒЖИЗАЛЫҒЫ

Сөйлемнің сөз бен мағына жағынан сәйкестігі: Құранның барлық сүрелерінің арасында планеталардың өзара тартылысы тәрізді бір-бірімен тығыз байланысы бар. Сонымен қатар аяттардың да өзара іліктестігі, тіпті, әрбір аяттың әріптерінің де ара-қатынастары дәл сондай. Осы тақырыптағы айтылатын мәселе әрбір аят-сөйлемнің сөз бен мағына жағынан сәйкестігі. Яғни, Құранның бір аятының қамтыған мағына мен мақсатын сол аяттың әрбір сөзі де өз алдына жеке-дара қамтыған. Мысалы, «Әнбия» сүресінің қырық жетінші аятын алып қарайық.

وَلَئِن مَّسَّتْهُمُ نَفْحَةٌ مِّنْ عَذَابِ رَبِّكَ

«Егер оларға Раббыңның азабынан болмашы бір леп тисе «әттеген-ай, шынында біз өз-өзімізге зұлымдық жасаған екенбіз» дейді». Хақ Тағала осы аятында өзіне қарсылық білдірген кәпірлердің көретін азабының қаншалықты қорқыныштылығын білдірген. Сондықтан бұл аяттың мағынасы, азаптың ең жеңіл түрі адамға мұншалықты қатты тисе, жаһаннамның ауыр азабы қандай болмақ деген ой тастайды. Міне, осы аяттағы жалпы мағына «аз азап» болса, осы аяттың әрбір сөзі де аздық мағынасын білдіріп, жалпы аяттың мағынасын қуаттап, толықтырып тұр. Енді осы аятты жеке-жеке талдап көрейік. «ان» (егер) шек пен аздыққа ишарат етеді. «массә» етістігі азғана тию, қолының ұшымен жай ғана тиіп қалу мағынасын білдіреді. Яғни, бұл да аздықты көрсетеді. «нәфха» сөзі жай ғана соққан

лепті білдіреді. Бұл да аздықты көрсетіп тұр. Әрі осы сөз бір рет болу формуласымен жасалған. Ендеше, осы тұрғысынан да аздықты көрсетеді. «мән» қазақшада -дан, -ден, -тан, -тен жалғауы болып, тұтас бір нәрсенің бір бөлігі мағынасына келгендіктен аздықты білдіреді. «*Azan*» сөзі арабшадағы басқа азап сөздерінің синонимдерінің ішіндегі «аз жаза» мағынасын білдіретін сөз. Бұл да аздықты көрсетіп тұр. «*Раббика*» (сенің Раббың) сөзіндегі «*Рабб*» тәрбие етуші, өсіруші, рақымына бөлеп, қысылғанда жәрдем етуші деген сөз. Аллах Тағаланың Қаһһар, Жаппар, есімдерінен қарағанда Раб сөзі мейірім-шапағатты сездіреді. Бұл да азаптың болмашылығын білдіріп, болмашы азап мағынасын ерекше түрлендіріп тұр. Яғни, осыншама болымсыз, бір ширек азап тиген жанның құтын қашыратын болса, илаһи ауыр азаптың қаншалықты қорқыныштылығын есептей беріңіз. Бұл аяттағы кішкене бөліктер бір-біріне жалғасып бір-біріне жәрдем етуде. Негізгі мақсатты әрбірі өз мағынасымен қуаттап тұр. Аяттағы жалпы мазмұн аздықты білдірсе, ондағы әрбір сөз, тіпті әрбір әріптер де аздықты айқындап тұр. Яғни, мұндағы әрбір әріптер де таңдалынып алынған. Барлық әріптердің дыбыстығы мен айтылуы жағынан нәзіктікті білдіріп, аяттың мағынасын қуаттап тұр. Ендеше, бұл сөздер адам баласының қолынан келетін іс емес. Сол сияқты Құранның барлық аяттары да дәл осылай өз ішіндегі сөздері мен әріптерімен тығыз байланысады. Міне, осыншалық дәлдікпен, тең өлшеммен айтылған аяттарды хазіреті Мұхаммед (с.а.с.) тосыннан келген мәселені шешуде, яки кенеттен қойылған сұрақтарға жауап беру арқылы оқыған. Ендеше, Құран адам сөзі емес.

СӨЗ ЖАҒЫНАН СӨЙЛЕМДЕРДІҢ СӘЙКЕСТІГІ

Бұл тақырыпта сөйлем мүшелерінің бәрінің бір мақсатты көрсетуі емес, біртұтас сөз жүйесінің жеке-жеке бөлшектерін қамтуы сараланады. Осы тақырыптың өткен тақырыптан айырмашылығы әрбір сөздің бәрі бір мағынаны емес, бір пікірдің тек бір жағын ғана білдіруі. Мысалы, «Бақара» сүресінің үшінші аятын алып қарайық. *ومما رزقناهم ينفقون* «*Және өздеріне Біздің берген ризықтарды (Аллаһ үшін) жұмсайды*» аятының сөздері садақа және Аллаһ ризалығы үшін жасалатын көмектердің қабыл болу шарттарын бабтарға бөлу арқылы берген. Яғни, бұл аяттың әрбір сөзінен жеке шарт шығып, бір-бірін толықтырады. Аталмыш аяттан берілген садақа мен Аллаһ үшін жасалатын істердің қабыл болуы үшін бес шарт шығады.

1. *من* (мин) әрпі жоғарыда айтылғандай бір нәрсенің бөлшегін білдіретін (дан, ден) мағынасындағы жалғау болғандықтан, садақа бергенде мал-мүлкінің барлығын емес, берген адам бар мал-мүлкін садақа етіп таратып күн ертең қайыршылық дәрежеге түспес үшін мүлкінің белгілі бір бөлшегін беруі тиіс.

2. Садақа яки Аллаһ жолында жұмсайтын нәрсені біреуден алып, біреуге беру емес, керісінше жеке өзінің иелік еткен мал-мүлкінен беруі тиіс. Осы шарттың мағынасын *رزقناهم* «*Оларға Біздің (Аллаһтың) берген ризықтар*» сөзінен шығарамыз. Яғни, сендерге ризық берген нәрседен беріңдер деген сөз.

3. «*Пәлен жерге пәлен малымды бердім, түген жерге түген дүниемді төктім*» деп берген нәрсесін міндетсінбеу. Осы шартты *رزقنا* (Біздің (Аллаһтың)

ризықтандырған) сөзіндегі لنا «Біз» сөзінен көреміз. Яғни, «Мен сендерге ризық беремін. Ризық беруші Менмін. Менен өзге ешкім ризық бере де алмас. Өйткені, ризықты жоқтан жарататын Менмін. Ендеше, сендерге берген Менің мал-мүлкімді бейне бір өз дүниелерің секілді өзге құлыма міндетсініп беретіндей ешқандай құқыларың жоқ. Негізінде сендерді сеп қылып, сендердің қолдарыңмен өзге құлдарыма беретін Менмін. Сендер жай ғана арқаусыңдар. Егер де Менің малымды бөгдеге міндетсініп берсеңдер одан ешбір пайда жоқ. Бірақ Менің малым екенін аңғарып, біреуге берерде тәкаппарлық етпей, ыстық ықыласпен берсеңдер, ғана қабыл болмақ». Міне, осыған ұқсас мағыналарды

رزقناهم «Оларға Біздің (Аллаһтың) берген ризықтар» сөзінен аңғарамыз. Әрі бұл аятта Ұлы Жаратушының ризықтандырушының Өзі екендігін білдірудегі мақсат – жұмыр басты пенденің ризықтан мақрұм қалам деп қорықпауы керектігі. Жалпы әлемдегі тіршілік атаулы өзіне тән қаужайтын ырысын алуда. Аштан қалған ешбір тірі жан жоқ. Әрбір тіршіліктің өзіне лайық азығын беруші Аллаһ Тағала.

4. ينفقون «(Аллаһ үшін) жұмсайды» сөзі садақаның кімге берілетінін көрсетеді. Садақа қаражатқа зәру, нәфақасы мұқтаж жандарға берілуі қажет. Орынсыз жерге жұмсайтын адамдарға садақа берілмейді. Осы мағынаны аталмыш етістіктен шығарамыз.

5. Ақырғы шарт – Аллаһ атымен беру. ومما رزقناهم «Оларға Біздің (Аллаһтың) берген ризықтар» сөзі осыны білдіреді. «Мал-мүлік Менікі. Ендеше, Менің атыммен берулерің қажет». Даңқы артқан пәленше, түгеншенің яки жер мен көктегі жалпы жаратылғандардың атымен

емес. Сондықтан біреу ата-бабасының даңқын шығару яки өзінің баспайдасы мақсатында мешітсіз бір өлкеде халыққа зәулім мешіт салса да, оны халық пайдаланғанмен салған пендеге одан келіп-кетер ешбір сауап жоқ. Қайта ақыретте шыға алмас шыңырауға құлау ықтималы басымырақ. Әрі бұл аятта ризық пен ризық етістігі жалпылама болғандықтан, сөздің мағынасы өте кең. Ендеше, садақа заттай болумен қатар, Ұлы Жаратушы нәсіп еткен барлық ырыс-берекелермен де болады. Мысалы, біреуге ілім үйрету, насихат ету, іспен қарекет қылу т.б. тұнған қазыналар¹²².

СӨЙЛЕМДЕР АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫСТАР

Сөздердің өз арасында ғажайып байланыс пен сәйкестік болуымен қатар, сөйлемдердің де өз арасында бір-бірімен тығыз қатынас пен жүйе бар. Бейне аяттардың әрқайсысы басқа көптеген аяттардың жүрегі тәрізді. Бұлардың арасындағы байланыс пен жүйе көктегі жұлдыздардың арасындағы тартылыс тәрізді. Күн системасында күн айналасындағы планеталарды өзіне қаратқан орталық болса, аяттардың бұдан айырмашылығы әрбірі бір-біріне, әрі күн әрі күнге қараған планета сықылды.

Мысалы, «Ықылас» сүресінде алты сөйлем бар. *«Аллаһ Жалғыз. Аллаһ Сәмад (Ол ешкімге мұқтаж емес, керісінше барлық жаратылыс атаулы Оған мұқтаж, тәуелді). Ол тумаған. Ол туылмаған. Оның теңдесі жоқ»*. Осы алты сөйлем тәухидтің яғни, Ұлы Жаратушының жалғыздығы мен даралығын дәлелдеумен бірге Оған ортақ қосудың алты түрін жоққа шығарады. Осы

¹²² М. Килежи, Куран мужизесі, 147 бет.

алты сөйлем аса маңызды ақиқаттарға толы тәухид ілімінің шексіз қазынасы. Бұл сүредегі әрбір сөйлем қалған сөйлемдерге һәм дәлел һәм соның нәтижесі болмақ. Неге десеңіз, әрбір сөйлемнің екі мағынасы бар. Бір мағына арқылы нәтиже, келесі мағына арқылы дәлел болады. Осылайша «Ықылас» сүресінде отыз «Ықылас» сүресіндей ғажайып, бір-біріне айқындайтын дәлелдерден тұратын сүрелер бар.

Мысалы:

قُلْ هُوَ اللَّهُ لَأَنَّهُ أَحَدٌ، لَأَنَّهُ صَمَدٌ، لَأَنَّهُ لَمْ يَلِدْ، لَأَنَّهُ لَمْ يُولَدْ، لَأَنَّهُ لَمْ يَكُنْ لَهُ كُفُوًا أَحَدٌ، وَلَمْ يَكُنْ لَهُ كُفُوًا أَحَدٌ، لَأَنَّهُ لَمْ يَلِدْ، لَأَنَّهُ صَمَدٌ، لَأَنَّهُ أَحَدٌ، لَأَنَّهُ هُوَ اللَّهُ، هُوَ اللَّهُ، فَهُوَ أَحَدٌ، فَهُوَ صَمَدٌ، فَذَا لَمْ يَلِدْ فَذَا لَمْ يُولَدْ فَذَا لَمْ يَكُنْ كُفُوًا أَحَدٌ

Яғни, «**Айт! Ол – Аллах**, өйткені Ол – Жалғыз, өйткені Ол – Самад, өйткені Ол – тумаған, өйткені Ол – туылмаған, өйткені Оның ешбір теңдесі жоқ. **Оның ешбір теңдесі жоқ**, өйткені Ол – туылмаған, өйткені Ол – тумаған, өйткені Ол – Самад, өйткені Ол – Жалғыз, өйткені Ол – Аллах. Ол – Аллах, демек Ол – Жалғыз, демек Ол – Самад, ендеше Ол – тумаған, ендеше Ол – туылмаған, ендеше Оның ешбір теңдесі жоқ». Осылайша тізбектеп отызға дейін жалғастыруға болады¹²³. Міне, әрбір аят бір-бірімен осылайша ілік байланыс, бір-біріне әрі дәлел әрі нәтижесі болуда. Түсінікті болу үшін кеңірек баяндайық. Мысалы, «*Ол – Аллах*». Осы сөйлем бейне бір күн секілді қалған сөйлемдермен тығыз байланысып, айналдыра тартып,

¹²³ Жалғасын қараңыз; Мехмет Килежи, Куран Мужизесі, 149 бет.

өзіне әрі дәлел, әрі нәтиже етіп тұр. Әуелі, осы «Ол – Аллаһ» сөйлеміндегі Ұлы Жаратушының Аллаһ екендігін қалған сөйлемдер дәлелдеуде. «Аллаһ» күллі жаратылысты жоқтан жаратқан Ұлы Жаратушының есімі. Оның Жаратушы екендігін келесі Ол – Жалғыз сөйлемі айқындап тұр. Өйткені, Жаратушы екеу болмақ емес. Бір қаланы екі әкім, бір елді екі елбасы басқаруы ақылға қисынсыз. Ендеше, ғаламды екі құдай қалайша басқара алмақ. Әрі екі құдайдың болуы құдайлық сипатқа теріс ұғым. Өйткені, құдай деп құдіреті шексіз, әлсіздіктен ада, пәк, ұқсасы болмаған, жаратылмағанды айтамыз. Өзі сықылды теңдесі болған, құдіреті өзгемен тең, ендеше әлсіздігі бар, әлсіздігі болу жаратылғанға ұқсас, демек жаратылған деген ұғымға сай келгендік құдай болмақ емес. Құранда *«Егер жер мен көкте Аллаһтан басқа тәңірлер болғанда екеуі де жермен-жесексен болар еді»*¹²⁴ дейді. Әрі өзі тәрізді екінші құдайдың болуы – ғаламзатты ақылдасып жаратып, бірге басқаруда деген ұғым. Патша уәзірдің кеңесіне мұқтаж болуы әбден мүмкін, бірақ біреудің ақылына мұқтаждық еткен құдай болмақ емес. Өйткені, бөгдеден ақыл сұрау – нұқсандықты, жарымдылықты көрсетеді. Кемшілігі бар құдай болмақ емес. Әлем нұқсан жаратылса, әп-сәтте күл болмақ. «Тәбәрак» сүресінде *«Әлемге көз салып қараңдар бір ақау таба аласыңдар ма?»* аяты ғаламның ақаусыз жаратылғанын, әрі күн сайын, сәт сайын ақаусыз жаратылуы Жаратушының нұқсандықтан пәк болуының айғағы. Ол пәктік Хақ тағаланың жалғыздығының куәсі. «Жалғыздық – Құдайға ғана жарасқан». Ендеше, жалғыздық сипатқа иелік еткен біреу ғана әлемнің Жаратушысы болмақ.

¹²⁴ «Әнбиә» сүресі, 29.

Ол – Аллаһ. Оның құдайлығына дәлелдік еткен келесі сөйлем «*Өйткені Ол – Самәд*». Самәд – ешкімге һәм ешнәрсеге мұқтаж болмау, кіріптарлық, тәуелділіктен ада, керісінше барлық нәрсе өзіне мұқтаж болу, тәуелді болу. Осы сипат Аллаһтың ұлылығына дәлел болмақ. Иә, қоректену, мекен ету, заманға тәуелді болу, біреуге тізгінін ұстату, әлсіздік таныту құдай сипатына теріс нәрсе. Керсінше, күллі заман мен мекеннің тізгінін тартып, жаратылғанды өзіне шексіз тәуелді еткен, жәрдеміне барлығын мұқтаж қылған біреу ғана Құдай Тағала болмақ. Аллаһ – жаратылмаған. Жаратылған қашанда мұқтаждықпен бірге. Самәд мұқтаждыктан ада, керісінше өзгені мұқтаж еткен сипатына көз салсақ, Аллаһтың жаратылмағандығын яғни, құдайлығын айқындап тұр. Әрі Аллаһтың мекен-тұрағы, заман өлшемі, көлемі жоқ, шектеусіз. Мекен мен заманы, көлемі мен шектеулі болу – мұқтаждықты көрсетеді. Әрі өзгені өзіне мұқтаж қылып, самәд сипатына лайық болу – бұл Құдай тағаланың күллі жаратылысты өзіне мұқтаж еткендігін айқындап тұр. Ендеше, «*Ол – Самәд*» сөйлемі Оның құдайлығына анық дәлел болады. Әрі Аллаһ Тағаланың жалғыздығына да дәлел болуда. Өзгеге мұқтаж болмай, өзгені мұқтаж еткен Құдай қашанда жалғыз болмақ. Ендеше, Ол – Самәд. «*Өйткені Ол – тумаған*». Туу – біреуге мұқтаж болу, бір нәрседен құралу, жаралу һәм жалғыз емес, туған нәрсесі өзіне ұқсау әрі өзгені туғандығына қарағанда, оның да әуелі, басы болу деген сөз. Бұл – аталмыш сипаттардың бәріне де теріс, қарама-қарсы, жат ұғым. Бұл барлық ортақ қосушыларға айтылған нақты жауап. Туған ешқашан жаратушы болмақ емес. Ендеше, тумаған, жаратылмаған біреу ғана Самад, Жалғыз, Құдай болмақ. Аллаһ – тумаған.

«*Өйткені – туылмаған*». Туылу – туу, тууға себепкер болу, біреуден туылғандықтан өзгеге мұқтаж қалу, ұқсасы көп болу, әлсіз болу деген ұғымдарды қамтиды. Бұл – бір тұрғыдан алғанда христиандарға берілген жауап. Хазіреті Иса анадан туылған. Ол туылғандықтан оның ұқсастары өте көп. Өзгелерге мұқтаж. Әу баста анасының ақ сүтіне мұқтаж. Одан әрі ауаға, мекенге, жылуға т.б. толып жатқан нәрселерге мұқтаж. Оның рухы да мейірім-шапағатқа, қала берді денесіне мұқтаж. Ал туылмау – бастауы болмау, тумалу, жаратылмау, мұқтаж болмау, жалғыз болу, құдай болу деген ұғымға иелік еткендіктен өзінен алдыңғы барлық сөйлемдерді айқындап тұр. Ендеше, Ол – туылмаған. «*Өйткені, Оның ешбір теңдесі жоқ*». Теңдесі болу – ол да өзі сықылды болу, яғни, туылу, бастау болу, ұқсасы болу, өзгеге мұқтаж қалу деген ұғымды білдіргендіктен мұндай сипатқа ие құдай болмақ емес. Өзгеге ұқсамаған теңдессіз дара біреу ғана құдай болмақ. Осы ақырғы сөйлем өзінен бұрынғы сөйлемдерге дәлел болумен қатар, екінші сөйлемдей әуелгі «*Ол – Аллаһ*» сөйлеміндегі Ұлы Жаратушының құдайлығына дәлел болып тұр. Ал енді осы сүресінің ақырғы «*Оның ешбір теңдесі жоқ*» сөйлемінен басталық. Осы кезде оның дәлелі өзінен алдыңғы сөйлем болып тұр. «*Өйткені Ол – туылмаған*». Туылғанның қашанда теңдесі, өзіне ұқсасы бар. Туылмаған, жаратылмаған біреудің ғана теңдесі болмайды. «*Өйткені Ол – тумалы, өйткені Ол – Самад, өйткені Ол – Жалғыз, өйткені Ол – Аллаһ*». Ал енді сөйлемдердің алдыңғы сөйлемге нәтиже болу тұрғысынан қарап көрейік. «*Ол – Аллаһ*». Аллаһ – күллі әлемдердің Раббы. Ол жаратылысты жоқтан жаратқан. Әрбір атом жаратылған. Жаратылғандығына қарағанда

оның жаратушысы да бар болу ләзім. Салынған нәрсе болса, оның салушысы, жасалған нәрсе болса, оның жасаушысы, өнердің ұстасы, суреттің суретшісі де бар деген сөз. Ендеше, әлем жаратылған. Жаратылғанның әлбетте жаратушы Құдайы да болмақ. Яғни, Аллаһ – Хақ. Демек бұдан Ол – Жалғыз деген нәтиже шығады. Ғаламды жоқтан жаратқан құдіретті Құдай Тағала ғана жалғыз болмақ. Оның осы жалғыздығынан «Ол – Самәд» деген нәтиже тумақ. Сәмад алдыңғы сөйлемге де екінші сөйлемге де нәтижелік міндет атқаруда. Аллаһ Тағала – ұлы, құдіретті. Ендеше, Ол – Сәмад. Сәмад ешкімге мұқтаж емес, қайта күллі жаратылыс Оған мұқтаж. Ендеше, Ол тумаған, жаратылғанға ұқсамаған деген нәтиже көрініс береді. Демек, Ол – тумаған. Осылайша, бір-бірімен байланыстырып араларындағы ғажайып жүйені тамашалауға әбден болады.

ӘРІП ЖӘНЕ ҚАРАКЕТТЕРДЕГІ СӘЙКЕСТІКТЕР

Құранның сөз бен сөйлемдеріндегі қарым-қатынастары болумен қатар, әріптер мен қаракеттерінің және сөздер мен мағыналарының арасында да ғажайып байланыстар мен сәйкестіктер бар. Яғни, Құранның әр әрпі аса маңызды ақиқаттарға толы. Кейбір әріп бойына ақиқат қазынасын сақтап, кілтін таба білгендер одан ғажайып інжу-маржандар табады. Сол бір әріп талай ақиқат сырдан сыр шертіп, тыңдағанның ой-өрісін кеңейтіп, ұстаздық етпек. Әрбір әріп дән секілді ақиқат ағашының мән-мағынасын қамтыған. Ендеше, Құран пенденің сөзі болмақ емес. Оның сөз, сөйлем, әріптерінің арасындағы тығыз байланыс бейне бір әр тасы әшекейленіп, безендіріліп салынған сарай секіл-

ді. Ондай сарайдың әшекейлі бір тасының орнын ауыстыра қалсаңыз, сол сарайдан орны толмас кемшілік, нұқсандық байқайсыз. Өйткені, оның әрбір тасының өзі сарайдың тұтастық ролін атқарады. Сондықтан оның бір тасын өз орнына қою үшін сол тастың бүтін сарайдағы ара-қатынастарын дәлдікпен білу шарт. Яки, Құран ғажайып жаратылған адамның денесі тәрізді. Оның жүрегін орнына қоюшы дененің барлық мүшелерінің атқаратын ролін, әрі қойылған жүректің солармен байланысын жақсы білуі тиіс. Жүрек тұрмақ, кішкене бір мүшесінің ауысуы – дененің астан-кестенін шығарып, істен шығуына әсер етеді. Сондықтан Құранның әрбір әрпі бейне бір жүректтей өзге сөз бен сөйлем мүшелерімен тығыз байланыса алады. Әрі Құран Хақ тағаланың барлық нәрсені қамтыған ілімі мен шексіз еркіне арқа сүйегендіктен әріптері арқылы орналасқан орны мен тақырыптары тұрғысынан ғаламның сансыз сырларын паш ете алады.

Мысалы, «Ясин» сүресінің отыз сегізінші аятын алып қарайық. وَالشَّمْسُ تَجْرِي لِمُسْتَقَرٍّ لَهَا «Күн де өз өсінде айналуда».

Осы аяттағы «ләм» (л) әрпі араб тілінде меншіктік, бір нәрсенің себебін білдіру мағынасын білдірумен қатар кейде «илә» (барыс септігінің жалғаулары -қа, -ке, ға, ге) кейде «фи» (жатыс септігінің жалғаулары -да, -де, та, те) мағынасында қолданады. Осы аяттағы «ләмді» «илә» мағынасында алсақ (яғни, «діттелген межесіне қарай») онда күннің ақыр соңында саяхатын аяқтап, діттеген межесіне жететінін білдіреді. Сондықтан да күндердің бір күнінде сол межесіне жеткенде, уазипасы аяқталып, бір жола жүзінен нұры тайып, сөнуге бет

алмақ. Қазіргі ғалымдар да күннің сөнетінін ғылыми жолмен дәлелдеген.

Енді, осы ләмдегі «илә» мағынасының басқа қырына қарап, аятқа қайта зер салсақ, онда күн тек қана көкте жағылған шырақ емес, сонымен қатар жаз бен көктемде жер бетінде тоқылған түрлі-түсті кілемнің арқауы яки һәм күндіз бен түннің парақтарында жазылған Ұлы Жаратушының өзінің ұлылығын таныту мақсатымен кестеленген хаттардың сиясы, төккен нұры екендігін аңғарамыз. Яғни, күннің көрінген қозғалысы жер мен әлемдегі жүйенің белгісі ретінде тепе-теңдікті сақтаушы міндет атқаратынын байқаймыз.

Осы «ләмді» енді «фи» (да, де) мағынасымен қарасақ онда, күннің өз орбитасы мен шеңберінде тілдерін орнымен жүргізген сағаттай он екі планетаны Ұлы Жаратушының әмірімен әрекет еттіргенін ұғамыз. Әрі былайша мағына да бар. Барлық істі жаратып, жүргізетін Ұлы Жаратушы. Бірақ ол себеп-салдар заңдылықтарын өзіне перде еткен. Осы Ұлы Жаратушы «тартылыс күші заңдылығы» арқылы планеталарды күнге байлап, осы күш арқылы әртүрлі бағыт, бірақ жүйелі бір әрекетпен планеталарды хикмет шеңберінде айналдырып, күннің өз орталығындағы әрекетін сол тартылыс күшінің пайда болуына арқау еткен. Яғни, күн өз шеңберінің ішінде жүйесінің тұрақтылығы мен тепе-теңдігін сақтау үшін қозғалады. Міне, осы әріптен осыған ұқсас басқа да мағыналар шығаруға болады. Аталмыш мағыналарды жаратылыстану ғылымдарымен салыстырып қарасаңыз, қайшы келмейтінін қайта оларға бағыт-бағдар көрсететінін байқаймыз. Бірақ осы мағыналар аяттың негізгі мағынасы деуден аулақпыз. Баржоғы бір әріп арқылы аңғарған кейбір ғалымдардың пайымдары ғана.

Әріпке қатысты мысалды «Фатиха» сүресінің төртінші аятын алып қарайық.

إِيَّاكَ نَعْبُدُ وَإِيَّاكَ نَسْتَعِينُ (Саған ғана құлшылық етіп, Сенен ғана жәрдем сұраймыз). Міне, осы аят жеке-ше түрде емес, көпше түрде айтылған. Осы көпше түр арабшада «нун» яғни, «н» (бір етістіктің басына «н» әрпі жалғанда «біз» деген мағынаны білдіреді) әрпімен беріледі. Алайда осы аяттың көпше түрде айтылуының сыры неде? Бір мұсылман жеке оқығанда неге «мен» демей неге «біз» дейді? Осы аяттың көпше түрде берілуі – үш жамағатты білдіреді.

Әуелі, жеке адам – кіші әлем. Онда сансыз атомнан бастап, клеткалар, дене мүшелері, сансыз сезімдер бар. Ал барлық әлемнің өз тілі мен халі арқылы Хақ тағалаға құлшылық етіп, зікір ететіні белгілі. Ендеше, кіші әлем атанған адамның да барлық мүшелері Ұлы Жаратушыға құлшылық етеді. Міне, бір адам осы аятты оқығанда өзінің барлық мүшесінің атынан имам секілді оқымақ.

Екінші, осы «біз» көпше түрі жербетіндегі Аллаһ Тағалаға иман еткен барлық мұсылмандарға ишарат етеді. Жер беті – мешіт, Мекке мен Қағба сол мешіттің михрабы, ал жер бетіндегі барлық мұсылмандар сол михрабқа бетін бұрып, бірі шығыста, бірі батыста тұрғанмен, негізі жер беті – мешітте бірге болғандықтан бір-бірінің атынан «Саған ғана құлшылық етіп, Сенен ғана жәрдем сұраймыз» дейді.

Ақырғысы, осы көпше түр барлық әлем мен жаратылысқа ишарат етеді. Себебі, күллі ғалам өз тілі һәм хал, іс-әрекетімен Аллаһ Тағалаға құлшылық етіп, Оны пәктеп, ұлықтығын паш етеді. Ендеше, бір адам осы аятты оқығанда бейне бір имам секілді жалпы жа-

ратылыс атынан «Саған ғана құлшылық етіп, Сенен ғана жәрдем сұраймыз» дейді. Иә, негізінде жер бетіндегі адам баласы жалпы жаратылыстың имамы. Оның дәлелі Аллаһ Тағала оны жер бетіне «халифа» яғни, Өзінің ұлылығын әлемге танытушы етіп, жаратып, жаратылысты сол пендесіне бағындырған. Бағындырғаны сол – Аллаһ Тағала оған өзгеден ерек ақыл, ұғынар сана, ерік берген. Осы ой-санасы арқылы өзінің ерекше уазипасының салмағын ұғынған пенде күллі жаратылыстың өкілі ретінде саптың алдына шығып Жаратушы Жаппар Иесінің алдында қолын байлап, өзінің һәм ғаламның қауқарсыздығын, Оның ұлылығы мен ғаламат шексіз құдіреттілігін іштей терең сезініп «Саған ғана құлшылық етіп, Сенен ғана жәрдем сұраймыз» дейді. Әрі осы мағынадан Ұлы Жаратушының жалғыздығы мен даралығы аңғарылады. Өйткені, күллі жаратылыс Оған құлшылық етіп, жәрдем сұрап, қауқарсыз болғанына қарағанда, өзгеден тіленгеннің ешбір пайдасы болмақ емес. Осы мағынаның бәрін біз бір әріптен ұғынсақ, әлбетте, Құран аяттары мен сөздерінде ғана емес оның әріптері де ғажайып сырдың кілттері болып саналады.

ӘРІПТЕРДІҢ БІР-БІРІМЕН СӘЙКЕСТІГІ МЕН ДЫБЫС ҮНДЕСТІГІ

Құрандағы әріптерге екі тұрғыдан қарауға болады. Әріптердің дыбыстық және сәйкестік жағынан. Осыған қатысты Құраннан ұзын сүре «Әли Имранның» жүз елу төртінші аятын алып қарайық:

ثُمَّ أَنْزَلَ عَلَيْكُمْ مِّن بَعْدِ الْغَمِّ أَمْنَةً نُّعَاسًا يَغْشَى طَائِفَةً مِّنْكُمْ وَطَائِفَةٌ قَدْ أَهَمَّتْهُمْ أَنفُسُهُمْ يَظُنُّونَ بِاللَّهِ غَيْرَ الْحَقِّ ظَنَّ الْجَاهِلِيَّةِ يَقُولُونَ هَل لَّنَا مِنَ الْأَمْرِ

مِنْ شَيْءٍ قُلْ إِنَّ الْأَمْرَ كُلَّهُ لِلَّهِ يُخْفُونَ فِي أَنْفُسِهِمْ مَا لَا يُبْدُونَ لَكَ يَقُولُونَ لَوْ
 كَانَ لَنَا مِنَ الْأَمْرِ شَيْءٌ مَا قَتَلْنَا هَاهُنَا قُلْ لَوْ كُنْتُمْ فِي بُيُوتِكُمْ لَبَرَزَ الَّذِينَ كُتِبَ
 عَلَيْهِمُ الْقَتْلُ إِلَى مَضَاجِعِهِمْ وَلِيَبْتَلِيَ اللَّهُ مَا فِي صُدُورِكُمْ وَلِيُمَحَّصَ مَا فِي
 قُلُوبِكُمْ وَاللَّهُ عَلِيمٌ بِذَاتِ الصُّدُورِ

Міне, осы аятты мұқият зерттесек, араб әріптерінің бәрін көреміз. Арабтың барлық әріптері осы бір аятта орналасқан. Сондықтан барлық үнді, ұяң, дауысты, дауыссыз дыбыстар болғанмен аят өзіне тән әуезін бұзбаған. Қайта осылай болуы ноталардан құралған ғажайып әуен сықылды оның әсемдігін арттырған. Осы аяттағы әріптерге қарасақ, өте бір қырағылықпен қойылғанын аңғарамыз. Әсіресе, жұмсақ дыбыстар мен айтылуы жеңіл келген әріптердің басқа дыбыстардан басым екендігі байқалады. Мысалы, ^۱(ә), ^۲(и) әріптері ең жеңіл әрі бір-біріне жақын болғандықтан әрбірі жиырма бір рет қайталанған. ^۳(м), ^۴(н) әріптері бір-біріне жақындығынан әрбірі отыз үш рет қайталанған. ^۵ش (ш, с, жуан с әрпі) айтылуы жағынан ұқсастығынан әрбірі үш рет қайталанған. ^۶ع, (айн) ^۷غ (ғ) әріптері ұқсас болғандықтан әрі «айн» әрпі «ғ» әрпінен жеңіл болғандықтан алты рет «ғ» әрпі ауыр болғандықтан жартысындай-ақ үш рет берілген. ^۸ط, ^۹ظ, ^{۱۰}ذ, ^{۱۱}ز, (з, жіңішке з, жуан з, жуан т әрпі) айтылу, ауыздан шығу жағынан бір-біріне жақын болғандықтан әрбірі екі реттен айтылған. ^{۱۲}ل (л) және ^{۱۳}ا (ә) екеуі ^{۱۴}لا түрінде жазылады. Сондықтан «әлифтің» «ләмнән» пайы жарты. Сондықтан «әлиф» жиырма бір рет берілсе, «ләм» қырық екі рет берілген. ^{۱۵}ء (хамза), ^{۱۶}ه (h) әріптері бір-біріне жақындығынан хамза әрпі он үш рет, «h» әрпі одан бір дәреже жеңіл болғандықтан он төрт рет берілген. ^{۱۷}ك (к), ^{۱۸}ف (ф), ^{۱۹}ق (қ)

әріптері бір-біріне жақындығынан «к» әрпі тоғыз, «ф» әрпі тоғыз, «к» әрпі он рет берілген. Қалған әріптерін де зерттеп қарасаңыз осындай сәйкестікке тап боласыз. Осылайша, арнайы дауысты, дауыссыз дыбыстарды белгілі сандар арқылы рет-ретімен қойып, одан терең мән-мағынаға толы аяттарды беруі пенденің қолынан келетін іс емес. Әрі Аллаһ Елшісі осындай аяттарды ойланбай айтқан. Оның осындай аяттарды ойланбай айтуы – Құранның адам сөзі еместігін айғақ ете алады¹²⁵.

СӨЗДЕР АРАСЫНДАҒЫ ҚАТЫНАСТАР

Құранның тағы бір ғажайыптылығы сол – ондағы сөздердің бәрі өз орнына аса дәлдікпен қойылған. Сондықтан да олар бір-бірімен ілік байланысқан. Таңғаларлығы сол – егер сіз бір сүредегі екі сөздің орнын алмастырып яки бір сөздің орнына соған ұқсас мағыналы бір сөз қойсаңыз сүредегі олқылықты сезер едіңіз. Мысалы, «Фатиха» сүресіндегі

عَلَيْهِمْ أَنْعَمْتَ صِرَاطَ الَّذِينَ

«Бізді әрқашанда ырыс-берекең мен жақсылықтарыңды берген салихалы құлдарыңның жолымен жүргіз» аяты өзінен бұрын тұрған барлық сөздермен жеке-жеке байланысы бар. Мысалы, сүренің басындағы *الْحَمْدُ لِلَّهِ* «Барлық хамдтар, мадақ пен мақтаулар Аллаһ Тағалаға тән» аятымен тікелей қатысы бар. Өйткені, нығмет, ырыс-береке шүкіршілік пен мадақтаудың дәлелі. Ал аталмыш аятта ырыс-береке айтылады. رَبِّ الْعَالَمِينَ «Әлемдердің Раббы» аятымен де қатысы бар.

¹²⁵ М. Килежи, Куран мужизесі, 157 бет.

Рабб – Аллаһ Тағаланың барлық нәрсенің ризығын берген, атомнан бастап планеталар мен галактикаларды әмірімен басқарып, жөнге салған, күллі жанды нәрселердің тәрбиелеуші сипаты. Сондықтан тәрбиенің кемелі, нағыз тәрбие нығметтер мен ырыстың жалғасы мен тоқтаусыз келуі арқылы болмақ. الرَّحْمَنُ الرَّحِيمُ «Рахман да Рақымды» аятымен де байланысы бар. Өйткені, الَّذِيْنَ «сонау салихалы құлдар» аятында қамтылған пайғамбарлар, шейіттер, салихалы жандар Аллаһ Тағаланың рақымдылығына бөленгендер. Демек бұл жерде Аллаһ Тағаланың рақымдылығына бөлену жағынан байланыс бар. Сонымен қатар مَالِكِ يَوْمِ الدِّينِ «Есен пен ақырет күнінің жалғыз Иесі» аятымен де тығыз қатынасы бар. Себебі, нағыз нығмет дін ғана. Өмірде Аллаһ Тағаланың нәсіп еткен дініне жүрегінде иманың болмаса алтыннан сарай тұрғызсаң да пәнилік тұрғысынан бекершілік. Ақырет ғұмырыңа оның ешбір пайдасы жоқ. Нағыз нығмет пен ырыс бұл дүниеде жасаған амалың мен байлығыңды ақыретте миллион есе етіп қайтарып беруге арқау болар дін ғана. نَعْبُدُكَ «Саған ғана құлшылық етеміз» аятымен де қатысы бар. Өйткені, Аллаһ Тағалаға құлшылық етуде нағыз өнеге көрсеткен ұстаз-имамдар осылар. Яғни, аталмыш аяттағы пайғамбарлар, салихалы жандар. نَسْتَعِينُ «Сеннен ғана жәрдем тілеп, көмек сұраймыз» аятымен де жақындығы бар. Өйткені, пайғамбарлар мен салихалы жандар табыс пен илаһи көмекке ие болған. اِهْدِنَا «Тура жолға сал» аятымен де қатысы бар. Себебі, түзу жолдан таймай, тура жүруді қалаған адамдар пайғамбарларға

еріп, олардың жүрген іздерімен жүреді. الصِّرَاطَ الْمُسْتَقِيمَ «Тұп-тура жол» сөздерімен де байланысы бар. Өйткені, тура жол көрсету олардың тікелей ісі.

Әрі осы сүредегі ешбір сөздің орны ауыстыруға келмейді. Мысалы, «сират» (даңғыл жол) сөзінің орнын синонимі «себил», «тариқ» (жол) сөзімен алмастырсақ, онда орны толмас кемістік байқар едік. Өйткені, сол екі синоним қаншама «сиратқа» ұқсағанымен «сират» сөзінің берер мағынасы мүлде басқа һәм терең.

ҚҰРАННЫҢ БАРЛЫҚ ЗАМАН МЕН ЖАЛПЫ САНАҒА ҰСТАЗДЫҚ ЕТУІ

Адамзатқа келген ақырғы дін – Ислам әлемдік дін болған соң әлбетте оның кітабы да әлемдік болуы ләзім. Құран өзінен бұрынғы кітап пен парақтар секілді арнайы бір елге яки ұлтқа түскен кітап емес. Оның түскен ортасы Араб түбегі ал тілі арабша болғанмен тек қана арабтарға арналған кітап емес. Ешбір араб Құранды бізге ғана тән кітап, ендеше, оған лайық біз, дінді біз өзгеден артық білеміз дей алмаған. Десе, Құранға ең қашық пенде сол болмақ еді. Араб әлемінде христиан арабтар да бар. Сонымен қатар Құран бір заманға ғана сиярлық өлшеулі кітап та емес. Ол қияметке дейінгі барлық ғасыр мен заманға ұстаздық етуге келген кітап. Құранның «Ей, адамдар! Сендерге Раббыларыңнан дәлел (Құран) келді» аяты осының бұлтартпас айғағы.

Иә, Құран күллі адамзатқа түскен ақырғы кітап. Сондықтан ол барлық заман мен мекенді тұтас қамтып, көріп, білетін һәм Өзі сол мекен мен заманнан ада, әуелі мен ақыры болмаған Ұлы Жаратушының жаратылмаған мәңгілік «әзәли» (бастауы жоқ) сөзі. Міне, осы мекен мен заманнан пәк Хақ тағаланың әзәли сөзі – Құран

әртүрлі заман мен әр түрлі мекендерде ғұмыр кешкен адамдарға лайықты түрде жол көрсетіп, ұтаздық ете алады. Яғни, ол күллі заман мен мекеннің тізгінін күдірет қолына ұстаған һәм шексіз ілім мен күдірет иесі Құдай тағаланың уахиы болғандықтан, Құран өзінің шексіз ілім тұрғысынан барлық ғасыр мен мекендерге ұтаздық етіп, кез келген заманның қараңғы қапасын өткір алмас жарығымен қақ айырып, нұрға бөлеп, адамдарды тура жолға бастайды. Құран бейне заманның әрбір ғасырына жеке-жеке түскендей ондағы адамдарға тікелей әсер етеді. Әсері сол – әр ғасырдың адамдары өз заманының көкейтесті мәселелерін осы Құран арқылы шешіп, оны ұтаз етіп қабылдайды.

Құран өзіне тән мұғжизалығын әр түрлі дәреже мен мамандықтарға, атап айтқанда әдебиетші, жазушы, тарихшы, құқықшы, философ, саясатшы, биолог, физик, химик, жай қауым, зиялы қауым т.б. топтарға сездіріп, әркім өздерінің тереңдіктеріне қарай одан пайдалана алады. Өйткені, Құранның жол көрсетіп, бағыт-бағдар беру тәсілі аса кең. Жебірейіл мен мектепке жаңа барған бала бірге бір партада отырып одан дәріс алуы әбден мүмкін. Әл-Фарабидей бір кеменгер мен жай қарапайым адам бірге тұрып, Құраннан дәріс тындай алады. Бірақ әр кім өздерінің қабілеттеріне қарай ұғына, тұшына алмақ. Құранның беретін дәрісі бөлек-бөлек емес біреу-ақ. Алайда Құран әр дәрежедегі адамдардың ой-санасы қанағат етерлік мағыналарды қамтыған. Не болмаса белгі қойып, ишарат еткен. Бұған Құранда көптеген мысалдар бар. Бұған аталмыш «Ықылас» сүресінің

لَمْ يَلِدْ وَلَمْ يُولَدْ وَلَمْ يَكُنْ لَهُ كُفُوًا أَحَدٌ

«Ол – тумаған, туылмаған. Оның ешбір теңдесі жоқ» аятын алалық. Осы аятты оқыған жалпы қарапайым халық өз түсінігіне қарай: «Жарықтық Құдай тағаланың не әкесі, не баласы, тіпті әйелі болмақ емес. Һәм Оған тең келер ешкім жоқ. Жаратқан Ием жалғыз ғой, жалғыз. Ей, Жасаған Ием қуат беріп, қолдай гөр» деп, өзгеге табынудан бойын мүлде аулақ ұстап, жүрегін пәк ұстайды. Ал, орта дәрежедегі ғылым, білімнен аздап жан-жақтан хабары бар адамдар олардан тереңірек ойлап: «Осы аят періштелердің де, хазіреті Исаның да, тіпті туған нәрсенің бәрінің де Құдай бола алмайтынын жокқа шығаруда» дейді. Олардан да ой-өрісі кең дәрежедегілер: «Аллаһ Тағала жаратылысқа тән туу мен туылу атаулыдан мүлдем пәк Һәм ада. Ортағы мен көмекшісі болудан да пәк. Оның жаратылыспен қатысы олардың Ұлы Жаратушысы болуы ғана. Барлық нәрсе Оның «бол» деген әмірімен болған» деп терең ойға батады. Олардан жоғары ірі ғалымдар: «Аллаһ тағаланың бастауы да, соңы да жоқ. Ол жаратылмаған. Туу, туылу – бөлінудің белгісі. Ал бөліну, көбейу жаратылысқа ғана тән нәрсе. Ендеше, Аллаһ жаратылысқа тән сипаттардан пәк. Һәм Оның затында, сипатында, іс-әрекетінде ешбір ұқсасы, ортағы жоқ. Ұқсасы, ортағы болу – әлсіздіктің белгісі. Ендеше, Аллаһтың теңі болуы қисынсыз ұғым» деп, аяттың астарына терең ой жүгіртеді. Одан әрі «толық адам шыңына» қарай қанат қағып, қадам басқан әрбір жан өз биігіне қарай аяттың көкжиегіне көз тастап, оның таңғажайып сырлылығына боялып, Ұлы Жаратушыға тағзым етеді.

Тағы бір мысал ретінде мына аятты берелік.

وَالْجِبَالِ أَوْتَادًا

«(Аллаһ) Тауларды жерге қазық еттік». Жай қарапайым адам осы аятты оқығанда бейне бір жерге қағылған қазықтай тік тұрған тауларға қарап, сол арқылы тіршілікке берілген нығметті ойлап, Құдай тағалаға іштей шүкір етер. Һәм осы аятты оқыған бір ақын жер мен көкті бейне алты канат көк отау секілді шаңырағы самсаған шырақтарға толған, ал тауларды сол шаңырақты мықтаған уықтар яки қағылған бақандар тәрізді көріп ойға батар. Яки сол жер мен көкті құдды көк күмбезді алып ғимарат, таулар соның мызғымас тіректеріндей ойлап, шабыттанып, санасында сурет самсап, қолына қалам алып, Ұлы Жаратушының ұлылығын паш етіп, поэзияның тұңғиығына батар.

Географиядан терең хабары бар әдебиетші ғалым осы аятты оқығанда алып жерді бейне бір кеңістік мұхитында саяхат еткен алып кеме, ал тауларды соның тепе-теңдігін сақтайтын дінгектер, тауды ораған аққара бұлттар сол алып таудың желкендері тәрізді көрер. Сонда сол бір алып кемеге саналы жандарды мінгізіп, өзінің ұлылығын таныту мақсатымен, телегей кеңістік-теңізінде таудіңгегі арқылы тепе-теңдігін сақтатып, өзіне тән жылдамдықпен аққудай сырғытып, айсберг-жұлдыздарға соқтыртпай, шексіз ғаламға саяхат еттірген Ұлы Жаратушы Раббысына бас қойып, терең сәжде етер.

Дүниенің парқын білген бір ойшыл да осы аятты оқып, былайша ойға батар: Жер бетіндегі барлық тіршілік атаулы құдды бір шаңырақтың астында ғұмыр кешуде. Сол тіршіліктің тірегі – су, ауа, топырақ. Міне, су, ауа, топырақтың тірегі мен қазығы – таулар. Өйткені, таулар су қоймасы Һәм ауаны ластықтан тазартушы. Өрі шалшыққа айналудан және теңіздің тасқынынан

қорғау жағынан топырақтың қорғаны. Сонымен қатар адам өмірінің басқа да қажеттіліктері үшін түгесілмес қазына. Демек, тау жай ғана бізден бейхабар жатқан дүлей дүние емес, ғұмырымыздың арқауы. Тауларды тіршілікке тірек еткен Ұлы Жаратушымызға шексіз алғыс айтып, сансыз мадақ етеміз.

Геолог ғалымдар аталмыш аятты оқып, бұл аяттан мынадай мағынаны ұқпақ: Жер астындағы вулкан оттардың қозғалуы арқылы болатын зілзалалар, сол бір алып тауларды мұржа етумен ғана тыныштық табады. Негізі зілзала жерді қозғалтқанда, оны өз орбитасынан шығармауға сол таулардың жер бетіне қазық болып қағылып, биікте тұрулары себепкер болады. Осылайша жұмыр жердің тұла бойын ашу кернегенде, осы таулардың түңліктері арқылы тыныс алып, тыныштық таппақ. Жаратушы Жаппар Иеміз аса ұлы һәм рақымды.

Иә, Құран түскелі замана талай көйлек тоздырып, қаншама кемеңгерлердің нақыл сөздері сол көнерген көйлектің жағасына ілініп бірге кеткен. Өткен ғасырда ғана ел-жұртты таңдандырған жаңа техникалық құралдар бүгінде мұражайлардан ғана табылмақ. Адам заманның төл перзенті болған соң, оның пікірі де сол заманның жағалауында қалмақ. Тек Құран ғана сан ғасырлардың жал-жал асау толқындарын бұзып-жарып, батпас алып кемедей әлі күнге дейін қардай таза, судай жаңалығын сақтауда. Иә, адамның жасанды сөз-қайығы суға батыр, ал Ұлы Жаратушының «эзэли» бастауы болмаған сөз-кемесі ешқашан батыр. Ол таңғажайып әуені мен әуезі арқылы кемел адамдар мен қарапайым адамдардың жүректері мен санасын өзіне тартып, ұшқыр қиялдарын

ұштай түспек. Ендеше, Құран – барлық сана иелеріне шырын, нәр берген илаһи дастархан.

ҚҰРАНДА ҚАТЕЛІК ПЕН ҚАРАМА-ҚАЙШЫЛЫҚ ЖОҚ

Құранда ешқандай кемшілік, қателік, бір-біріне қарама қайшылық жоқ. Алайда қай заманда болмасын, адам баласы қателік пен нұқсандықтан сау емес. Кемеңгер де болса, кейінгіге өшпес мұра етіп қалдырған туындыларынан келер ұрпақтар оның қателігін яки кемістіктерін толықтырып жатпақ. Ешбір адам баласы өз ақыл-ойымен ақиқаттың шыңына шығып, соңғы нүкте қоя алмаған. Тек, Құран ғана әу бастан-ақ ақиқатпен басталып, ақырғы аят ақиқатпен аяқталған. Оны түскен ғасыры да, қазірге дейінгі ғасырлар да, осы шақта да ешбірі сынап, қарама-қайшы пікір таба алмаған.

Құран тақырыптары өзге кітаптардағыдай жеке-жеке емес, бір-бірімен қиюласып кеткен. Мысалы, бір сүре яки ұзын бір аяттың ішінде қаншама тақырыптар баяндалған. Осылай баяндалу түрі адам баласы жазса, қарама-қайшылыққа әкеп соғар еді. Ал Құрандағы бір сүредегі әр түрлі тақырыптар өзара тығыз ұштасып, астасып келіп бір тұтастықты құраған. Құран илаһи мағлұматтар мазмұнын, тәухид пен мағрипатуллаһтың ақли дәлелдерін, көптеген қоғамдық қарым-қатынастың үкімдерін, тарихи ақиқаттар мен әңгімелерді, көркем мінездің бастапқы негіздерін қамтыған көптеген ғылыми ұстанымдарын, һәм ақыретке қатысты мәселелерді т.б. ақиқаттарды бір сүреде біріктіріп, біртұтас еткен. Бірақ осыншалық әртүрлі тақырыптарды жинаған Құраннан ешқандай қарама-қайшылық, сәйкессіздік көре алмайсыз.

Әрі көптеген сүрелердегі тақырыптар бір мезгілде бір тұтас болып түспеген. Әр уақыттарда мысалы бір аят, Меккеде, келесі бір аят қаншама жылдан кейін Мәдинада түскен. Әрі әр түрлі сұрақтар мен әр түрлі адамдарға қатысты түскен. Осы жағдай сүрені қарама-қайшылыққа соқтырудың орнына ажырамас біртұтастыққа жеткізген. Демек, әр түрлі тақырыптар мен әр түрлі сұраққа жауаптардың әр түрлі уақыттарда түсіп, бір-бірімен тығыз байланысып, біртұтас болуы Құранның адам сөзі еместігіне тағы да дәлел. «Бақара» секілді сүренің кіріспесі, негізгі бөлімі, қорытындысы бар. Осы сүренің де аяттары әр түрлі уақыттарда, әр түрлі сұрақтарға жауап, әр түрлі тақырыптар болып түскен. Тіпті, кейде кейінгі аяттар ерте, алдыңғы аяттар кеш түскен. Мысалы, Меккедегі бір оқиғаға байланысты бір аят түседі де, оның жалғасы бірнеше жылдан кейін Мәдинада бір себепке қатысты түскен аят болып, екеуі қатар түскендей бірігіп кетеді. Әрі осы секілді әр түрлі уақытта түскен бірнеше тақырыптар кейіннен сүре біткенде біртұтас болып шығады. Егер адам баласының сөзі болса, бір аяттың ажырамас жалғасы яки бастауы бірнеше жылдан кейінгі бір мәселеге қатысты аят болатынын қайдан білмек? Ендеше, Құран күллі заман тізгінін ұстаған Ұлы Жаратушының сөзі. Әрі әлемнің Жаратушысынан өзге ешкім ғалам мен Құдай тағаланың арасындағы мұншалықты байланысты баян ете алмас. Сондықтан Құранда ғаламның Жаратушысының ақиқатты қателіктен ада етіп, баяндауы Құран Оның өз сөзі екендігін көрсетеді. Құранда Хақ тағала: *«Расында, Құран Аллаһтан өзгенің сөзі болғанда, одан көптеген қайшылықтар табар еді»*¹²⁶ дейді.

¹²⁶ «Ниса», 4\82.

ҚҰРАНЫҢ ҒАЙЫП ХАБАРЛАРЫН ҚАМТУЫ

Ислам ғалымдары Құранның ғайып хабарларын қамтуын оның Аллаһ сөзі екендігіне бір мұғжиза ретінде қабылдаған. Жалпы ғалымдар осы ғайып хабарын өткен шақ және болашақ етіп екіге бөліп, ғылыми зерттеулер жасаған. Десек те кейбір ғалымдар осы тақырыпты үшке бөліп талдаған¹²⁷. Біз де осы көзқарасты қисынды санағандықтан үшке бөліп қарастырамыз.

1. Өткенге қатысты ғайып хабарлары.
2. Болашаққа тиісті ғайып хабарлары.
3. Илаһи ақиқаттар, әлем, болмыс пен ақырет әлеміне байланысты ғайып хабарлары.

ӨТКЕНГЕ ҚАТЫСТЫ ҒАЙЫП ХАБАРЛАРЫ

Құран умми һәм сенімді хазіреті Мұхаммедтің (с.а.с.) тілімен хазіреті Адамнан бастап, өзінің түскен ғасырынадейінгі көптеген пайғамбарлармен үмбеттеріне қатысты оқиғаларды ашық баян еткен. Әрі Құран өзінен бұрынғы Тәурат, Інжіл секілді кітаптардағы бұзылмаған ақиқаттарды айқындап, адамдардың қолдарымен бұрмаланып, бір-біріне қарама-қайшылыққа түскен жерлерін дұрыстап, ұмытылған оқиғаларды қайта жарыққа шығарған. Ендеше, Құран өткен кітаптардың ақиқаттарын растаушы һәм бұрмаланғандарын түзетуші. Алайда осы ақиқаттарды ашу ақли жолмен білінетін нәрсе емес. Хазіреті Мұхаммед (с.а.с.) өткенді зерттейтіндей хат таныған адам емес. Оның өткен кітаптардан алмағандығын жоғарыда баяндап өткенбіз.

¹²⁷ Қараңыз; Зәркәни М. Абдулазим, Мәнәһил-Ирфан, 2 том, 394.

Құран өткен шақтағы оқиғаларды көріп тұрғандай айқын баян етуде. Өйткені, ол ұзақ бір оқиғаның ең маңызды тұсы мен мәйегін алып, мақсатына кіріспе еткен. Ендеше, Құранның бір оқиғаны осыншалықты әрі қысқа, әрі нұсқа баян етуінен оның өткеннің бәрін көретіндігін аңғарамыз. Мысалы, «Жүсіп» сүресін оқып отырсаңыз, оның бастан кешкендерін бейне бір экраннан байқап тұрғандай сезінесіз. Тіпті, дауыстарының өзі құлаққа келіп жатқандай болады. Бірақ бұл әлбетте Құранның өзіне тән стилі мен араб тілін терең меңгергенде ғана білінбек. Онымен қоса Құранға шын ықыласпен жақындап, рухына бойлағанда ғана сезілмек. Алайда қазіргі бұрмаланған Тәурат пен Інжіл тәрізді өткен кітаптарда дәл бұлай баяндау стилі жоқ. Ешбір адам көрмеген нәрсесін бейне бір көргендей бүге-шүгесіне дейін айқын баян ете алмайды. Әсіресе, ақылдан тыс ғайыпқа қатысты оқиғаларды мүлдем баян ете алмақ емес. Ол тұрмақ, асқан зерттеуші де үйінде отырып, ойша Африканың қалың орманында ғұмыр кешкен тайпаның түр-түстерін, салт-дәстүрлерін, мінез-құлқын айқындап, ғылыми жұмыс жасай алмайды. Алайда сіз Құранға жетік болсаңыз, Адам атадан бері қарай ғұмыр кешкен қоғамдардың барлық өміріне қанық болар едіңіз. Тіпті, ол қоғамдардың бір-бірін психологиялық айырмашылықтарына дейін айқындағанына таңданысыңызды жасыра алмас едіңіз. Осыдан барып, сіз Құранның хазіреті Мұхаммедтің (с.а.с.) өз сөзі еместігіне тағы да сене түсер едіңіз. Өйткені, сонау өткенді құдды бейнетаспаға жазғандай етіп баяндау, олардың өмірлеріне бүге-шүгесіне дейін қанық Біреудің ғана қолынан келмек. Ол Біреу – күллі заман мен сол заман-керуеннің жолаушыларының

Иесі болмақ ләзім. Ендеше, Құран – өткенді көріп, баян еткен заман мен мекеннің Жаратушысы Аллаһ Тағаланың сөзі. Құранда *«(Мұхаммед) міне бұл саған Біз уахи етіп отырған ғайып хабарлары. Олардың қайсысы Мәриямға ие боламыз деп жеребе тастаған кезде, сен қастарында жоқ едің. Сондай-ақ олар таласқан сәтте де алдарында емес едің»*¹²⁸ дейді. Осы аятта «қастарында жоқ едің, алдарында емес едің» деп екі оқиғадан да хабарсыздығын баян етуі – хазіреті Пайғамбардың ғайыпты біле алмайтындығын, әсіресе, ғайыпты ақылмен біле алмайтындығын меңзеуі. Ендеше, осы оқиғаны қашанда қасында, алдында болған заманның тізгінін ұстаған Ұлы Жаратушы баян еткен деген сөз. Басқа сүредегі Нұх пайғамбар жайлы хабарда *«Міне, бұлар Біздің саған уахи арқылы білдірген ғайып хабарлары. Бұдан бұрын оны сен де, елің де білмейтін еді»*¹²⁹ дейді. «Қасас» сүресінде хазіреті Мұса хақында баян еткен соң *«Біз Мұсаға әмір бергенде, сен батыс тарапта емес едің. Сондай-ақ көріп тұрғандардан да емес едің. Алайда қаншама нәсілдер жараттық. Олардан кейін қаншама өмір өтті. Сен Мәдян елімен бірге болып, аяттарымызды оқыған да емессің. Бірақ ол хабарларды жолдаушы Бізбіз. Біз Мұсаға дауыстаған кезде, Тұр жақта емес едің. Бірақ сенен бұрын ескертуші пайғамбар келмеген бір елді ескертуің үшін Раббыңның бір шарапаты ретінде сол жерде болған жайтты саған білдірдік. Мүмкін ойланып, гибрат алар»*¹³⁰ дейді. Аталмыш аяттарға көз салсақ, Хақ тағаланың ғайыптан білдірген хабарларын сол заманның ешбірі

¹²⁸ «Әли Имран», 3\44.

¹²⁹ «Һуд», 11\49.

¹³⁰ «Қасас», 28\44-46.

білмегендігін аңғарамыз. Егер бұл хабарлар бұрынғы кітаптардан алынғанда, сөзсіз христиан мен еврейлер дауласып, сынар еді. Алайда олар осы аяттарды естігенмен сырттай жөнсіз сын таққанмен, Аллаһ Елшісімен жүзбе-жүз кездесіп, Құрандағы ғайып хабарларын жоққа шығара алмаған¹³¹. Дауласа қоярдай, көптеген ғайып хабарлары олардың кітаптарында жоқ еді. Тіпті, олардың кейбірі Құрандағы хабарлардың бұрынғы кітаптармен сәйкеспегендігін айтып, жоққа шығармақ болғанда Құран олардан өз сөздерін дәлелдеулерін талап етіп: *«Егер сөздерің жән болса, онда Тәуратты әкеліп оқыңдар»*¹³² деген. Ақыры олар үнсіз қалған. Әһли кітаптан иманға келгендер болса, имандары одан сайын арта түскен.

Құран ежелгі заман адамдарының хал-ахуалынан баян етіп қана қоймай, Ұлы Жаратушыға иман етпей, қарсышыққандардынақырынеменбіткенінкөріп,ғибрат алмақ мақсатымен олардың тарихи жерлерін зерттеуге шақырып: *«Жер бетін аралап, күнәһарлардың ақыры қалай болғанын көріңдер»*¹³³ дейді. Әлемнің түкпір-түкпірінде бұрынғы халықтардың ғаламат сарайлар салып, дүниеге батып, жіберілген пайғамбарларды теріске шығарып, ақырында өздері Қаһһар¹³⁴ Жаратушының қаһарына ұшырап, жермен-жексен болған мекендер аз емес. Демек, тарихтың тереңінде қалған елдерді зерттеуге ат салысқан тарихшылар да Құранды негізгі қайнар көз етіп алуға мәжбүр. Мысалы, қазіргі зерттеушілер

¹³¹ Сююти, И'жазул-Куран, 1 том. 241 бет.

¹³² «Әли Имран», 3\93.

¹³³ «Нәміл», 27\69.

¹³⁴ Қаһһар: Аллаһтың бір есімі. Аллаһ осы есімімен Өзіне қарсы келгендерді жермен-жексен етеді.

Нұх пайғамбардың кемесінің қайда тоқтағаны хақында әр түрлі көзқараста болғанмен, әлі нақты пікірге келе алған жоқ. Негізінде, Құранға көз салсақ, оның кемесі бір емес, бірнеше кеме болғаны байқалады. Және басқа да тарихи деректер келешекте толығырақ ашылғанда Құранда айтылғандармен сәйкестігін аңғарып, оның пенде сөзі бола алмайтындығын тағы бір рет ұғынып, Ұлы Жаратушыға илана тағзым етер. Иә, аятта айтылғандай жер бетін аралап, өткен заманның мұрағаттарын ашып, ондағы қоғамдардың қаншалық өркениеттілікті бастан кешіргендеріне талдау жасау ләзім. Бірақ мұның бәрі өмір сүріп жатқан қоғамға ой тастау мақсатындағы ғибрат болуы керек. Тек қана, мәдениеттілік тұрғыдан қарамаған абзал. Болмаса, олардың таңғалдырған мәдениетімен бірге күйреп, қалың қасіреті де сол қоғамға келуі әбден мүмкін.

БОЛАШАҚҚА ҚАТЫСТЫ ҒАЙЫП ХАБАРЛАРЫ

Құрандағы келешекте болатын жайттарды баян еткен аяттар – Құранның Ұлы Жаратушының сөзі екендігіне айқын дәлел. Өйткені, келешекті заман мен мекеннен тыс Хақ Тағала ғана білмек. Құрандағы ғайып хабарлары тұтас ақиқаттар. Оның болашаққа байланысты айтқан хабарлары мерзімі жеткенде тура келіп отырған. Бұдан кейін де туған айдай ілгері заман көгінен көрініп, қияметке дейін Құранды растай бермек. Біз оның мысалы ретінде бірнешеуіне ғана тоқталайық. Алдымен «Рұм» сүресінің 2-6 шы аяттарымен басталық:

«РҰМ» СҮРЕСІНІҢ ХАБАРЛАРЫ

«Римдіктер ең жақын бір жерде жеңіліске ұшырады. Бірақ олар осы жеңілістен кейін бірнеше

(үш пен тоғыз арасы) жылдан кейін сөзсіз жеңіске жетеді. Бұрын да кейін де жарлық Аллаһ Тағаланыкі. Сол күні мұсылмандар Аллаһтың жәрдемімен қуаныш пен шаттыққа кенеледі. Аллаһ қалағанына жәрдем етеді. Ол аса құдіретті де рақымды. Бұл Аллаһтың берген уәдесі. Аллаһ берген уәдесін бұзбақ емес. Бірақ адамдардың басым көпшілігі бұл шындықты білмейді».

Бұлоқиға 613 жылы болған. Рим мен Сасанидтер империясы бір-бірімен соғысып, Рим империясы жеңіліп, әбден қансыраған. Сасанидтер империясы жеңумен тынбай, Римнің қол астындағы Палестина, Сирия, Египет, Ирак пен Анатолияны басып алды. Ирандықтар басып алған жерлерін қанды қырғынға айналдырған. Әсіресе, Қудусты басып алғанда, барлық шіркеулер мен діни ғимараттарды жермен-жексен етті. Сасанидтерге қосылған жиырма алты мың еврей алпыс мыңнан астам христианды қанға бояған. Сасанидтердің патша сарайы отыз мыңнан астам адамның кесілген басына толған. Сасанидтер басып алған жерлерінің бәріне отқа табынатын пұтханалар жасап, христиандардың жеріне зороастризм дінін жайды. Шығыс Рим империясының осы жеңілгенін пайдаланып, қол астындағы көптеген аймақтар бас көтеріп, Африкадағы өлкелер мен Еуропа жағындағы аймақтар тіпті Ыстанбұлға жақын қалалар да Римнің қармағынан шықпақ болып, ақырында мұраттарына жеткен. Қысқасы, Рим империясы оң иығымен жерге құлаған еді¹³⁵. Рим императоры сарайын тастап қашпақ та болған. Иран империясы болса, әбден дандайсып, онымен былайша келісім шарт жаса-

¹³⁵ М. Хамди Языр Елмалили, Кураны Керим тефсири, «Рұм» сүресі тәпсірі.

уды ұсынды: «Рим императоры Сасанидтердің барлық талаптарын орындайды. Мың жүк алтын, мың жүк күміс, мың жүк жібек, мың жылқы, мың әйел береді». Басқа шарасы қалмаған Рим императоры өзін қорлаған осы шарттарды қабылдауға мәжбүр болып, келісім шартқа қол қойып, өкілдерін жібереді. Өкілдер Иран патшасының алдына барғанда ол: «Бұл жеткілікті емес. Императордың өзі алдыма аяқ-қолдарын шынжырлап келіп, крестке асылған құдайын тастап, от пен күнге табынуы керек», – деп одан сайын панданады. Міне, алып Рим империясы Сасанидтерден жеңіліп қана қоймай, әбден қорланған еді. Олардың мына жеңілісінен кейін, бірнеше жылда өзіне-өзі келіп, жеңетіні былай тұрсын, үміттенудің өзі қисынсыз жайт еді. Рим көп ұзамай-ақ есін жинап, ескі қуатын қайта жиюы мүмкін дейтіндей, Рим императорында ешбір қауқар қалмаған болатын. Римдіктердің осы жеңілген хабарын естіген меккелік пұтқа табынушылар қатты қуанып, мұсылмандарға: «Сендер мен христиандар әһли кітапсыңдар. Біз бен ирандықтар біріміз. Біздің бауырлар сендердің бауырларыңды жермен-жексен етті» деген еді.

Римнің осындай бір қилы заманында Аллаһ Тағала Елшісіне ғайыптан аталмыш аятты түсірген. Құран айтқандай, осы жылдар ішінде Римдіктер қайта есін жинап, Сасанидтерді ойсырата жеңіп, алынған жерлерін қайта алды. Құрандағы «бірнеше жыл» сөзі «бид'» деп берілген. Оның мағынасы Пайғамбарымыз айтқандай «үш жыл мен тоғыз жыл арасы». Хазіреті Пайғамбар ишарат еткендей тоғыз жылдан кейін Римдіктер жеңіске жетеді.

Негізінде осы аяттарда бір емес бірнеше ғайып хабары бар. Біріншіден Рим империясының Сасанидтер-

ді жеңуі. Һәм пәлен жылы демей, бірнеше жыл деуі – жеңістің бірнеше жылға созылуы. Екінші мұғжизалық хабар ол аятта айтылғандай *«Сол күні мұсылмандар Аллаһтың жәрдемімен қуаныш пен шаттыққа кенеледі»* мәселесі. Римдіктер алғаш рет жеңген күні мұсылмандар да Бәдір соғысында меккелік пұтқа табынушыларды жеңген. Осы екі жеңіс бір күнде болатынынан Аллаһ алдын ала хабар берген. Үшінші ғайып хабарына келсек аятта *«Бұрын да кейін де жарлық Аллаһ Тағаланыкі»* делінген. Яғни, римдіктердің жеңілуі мен жеңуі Аллаһ Тағаланың еркінде. Ол қалағанына жәрдем етер. Қалағанын жермен-жексен етер. Һәм Оның жәрдемі себептерге қатысты емес. Себеп-салдарлар Оның еркіне қарай әрекет етер. Кеше Сасанидтерге жеңіс берсе, ертең римдіктерге жеңіс бермек. Демек, осы аятта мұсылмандардың күн ертең Рим империясын жеңетініне құпия ишарат етілген. Һәм Әбу Сайд әл-Худри мен өзге ғалым-рауилердің жеткізген «шаз» қырағатындағы *«Римдіктер ең жақын бір жерде жеңіліске ұшырады. Бірақ олар осы жеңілістен кейін бірнеше (үш пен тоғыз арасы) жылдан кейін сөзсіз жеңіске жетеді»* аяты қырағаты ауысып, былайша оқылады:

غَلَبَتِ الرُّومُ فِي ادْنِي الارضِ وَهُمْ مِنْ بَعْدِ غَلَبِهِمْ سَيَغْلَبُونَ

«Римдіктер ең жақын бір жерде жеңіске жетті. Бірақ олар осы жеңісінен кейін жеңіледі». Осы аятта римдіктер Сасанидтерді жеңген соң, бірнеше жылдан кейін мұсылмандардан жеңілетініне ишарат етілген. Келесі аяттарда да жарлық Аллаһ Тағаланың еркінде болғандығын айта келіп, мұсылмандардың Аллаһтың жәрдемімен қуанышқа жететіндігі жайлы

айтылады. Яғни, екі түрлі оқылған аяттың мағынасын қорытындыласақ, Бәдірде алғаш рет жеңіске жетіп, алып мемлекет болуға бет алған мұсылмандар, кейіннен Ислам байрағын көкке желбіретіп, Аллаһтың қалауымен өзінен әлденеше есе үлкен алып империя Римді жеңетінінен хабар берген. Ишарат етілгендей, кейіннен Рим әскерлері Халифа Әбу Бәкір заманында Йәрмук соғысынан бастап, Ыстанбұлға дейін жеңіс жалғасып, мұғжиза толықтай жүзеге асқан¹³⁶. Аяттың жалғасында *«Бұл Аллаһтың берген уәдесі. Аллаһ берген уәдесін бұзбақ емес»* деп айтылады. Сондықтан, Оның уәдесі сөзсіз орындалды. Оның уәдесі екеу еді. Бірі – Римнің пұтқа табынушыларды жеңуі, екіншісі мұсылмандардың Бәдірде алғаш рет меккелік пұтқа табынушыларды жеңуі. Осы екі уәде көп ұзамай бірнеше жылда іске асқан. Қарап отырсаңыз, бұл жерде ойланарлық нәрсе бар. Біріншіден екі әһли кітаптың яғни, Ұлы Жаратушыдан кітап алғандар, жалпы пұтқа табынушыларға һәм шірк атаулыға қарсы бір күнде соғысуы. Ендеше, бұл жерде Ұлы Жаратушы христиандарға жеңіс беріп, мұсылмандармен бірдей қуанышқа бөлеу арқылы, оларды өз ішіндегі көп құдайшылықты доғарып, мұсылмандармен бірігуге шақырғандай. Екіншіден, әбден құлдыраған Рим империясын қайта өркендету арқылы римдіктер мен Рим императорын кейіннен Елшінің өкілі арқылы Исламға шақырып, оның сол бір пұтқа табынушыларға деген күресін әрі қарай жалғастыруға үндегендей. Яғни, сол жеңіс арқылы оларға екі дүниеде бақытты болудың жолын нұсқағандай. Алайда император Аллаһ Елшісінің жіберген өкілінен шақыру хат алып, жылы

¹³⁶ Елмалылы, «Рұм» сүресінің тәпсірі.

қабылдағанмен тағынан айырылып қалмау үшін, Исламды қабылдамаған. Демек, ол және серіктері Ұлы Жаратушының берген жеңісінің хикметін бағалай алмаған. Алайда мекен мен заманның Жаратушысы Аллах Тағала осыны алдын ала білгендіктен, олардың осы мүмкіндіктен айырылған соң, қайта құрдымға кететінінен хабар берген. Иә, өмірде небір дәулеті мен мансабы тасыған жандар бар. Кейде олар бір күнде құлдырап, бәрінен айырылып, далада қалады да, артынша кенеттен қайта тұғырына қонады. Бірақ олар берілген дәулет пен мансабтың неге берілгенін ойланбай, Құдай тағаланың берген аманатын орынсыз шашып, төгеді де, қайта тұра алмастай шыңырауға құлайды. Осы аят ойлы жандар үшін басқа ғибраттарға да толы. *«Бірақ адамдардың басым көпшілігі бұл шындықты білмейді»* аятының астары да осыны құптағандай.

Осы аяттарда айта кетер тағы бір мұғжиза бар. Осы мұғжизаның жеке өзі-ақ Құранның Аллах кітабы екендігіне кепілдік ете алады. *«Римдіктер ең жақын бір жерде жеңіліске ұшырады»*. Бұл екінші аят пен үшінші аяттың бас жағындағы сөздердің қосылып, бір сөйлем етіліп берілген түрі. Егер 2-3 аятты жеке-жеке етіп, мағына беретін болсақ онда былай айтылады: 2-аят: *«Рим жеңілді. 3-аят: «Бірақ олар осы жеңілістен кейін жердің ең төменінде сөзсіз жеңіске жетеді»*. Осы аяттағы *«Ең жақын жерде»* сөзіне тәпсіршілер әр қалай тәпсірлеп, түсіндірген. Бірі Араб түбегіне жақын жерде десе, енді бірі Рим астанасының жанында деген көзқараста болған. Негізі осы екі мағына да дұрыс. Өйткені, олар сол екі жерде де жеңіліске ұшыраған. Бірақ *«Жердің ең төменінде»* аятының мағынасын қазіргі заманда ғана біле алған. Тарихшылар жеңілген

Рим империясы тоғыз жылдан кейін Сасанидтермен Өлі көлдің жанында шайқасып, алғаш рет жеңген. Біріншіден, аят олардың қай жерде соғысатынын баян етсе, екінші жер бетінің ең төмен ойпаты Өлі көлдің аймағы екендігін айтқан. Қазіргі кезде географтар жердің ең ойпат жері – Өлі көл екенін тапқан. Ол теңіз деңгейінен 395 метр төменде орналасқан. Алайда осы аят бұдан он төрт ғасыр бұрын умми адамнан оқылған. Оқу, жазу білмеген бір адам он төрт ғасырдан кейін табылатын жердің төменгі деңгейін қайдан білсін?! Мұндай жердің қыр-сырларын оны жаратқан Ұлы Жаратушы ғана білмек. Демек, Құран – Оның сөзі.

Әбу Хаййан «әл-Бахрул-Мухит» атты тафсир кітабында Әбул Хакам ибн Бәррәжанның мұсылмандардың Қудусты алатын жылы мен күнін Рұм сүресінің алғашқы үш аятына қарап тауып, алдын ала хабарлағанын баяндайды. Алайда ол кісі Қудус алынбай тұрып қайтыс болады да, хабар берген уақытта мұсылмандар Қудусты алады¹³⁷. Ендеше, аталмыш аяттар басқа да біз білмейтін құпия сырларға толы.

ҚҰРАНЫҢ ЖЫН МЕН АДАМЗАТТЫ КҮРЕСКЕ ШАҚЫРУЫ

Құранда жын мен адамзатты Құранға ұқсас бір сүре жасауға шақырып, алайда олардың жасай алмайтындығын тіпті қияметке дейін де бір сүренің ұқсасын келтіре алмайтындығын нақты түрде айтқан. Құранда *«Егер құлымызға түсіргенімізден күмәндансаңдар, онда сендер де соған ұқсас бір сүре келтіріңдер, Аллаһтан өзге көмекшілеріңді де шақырыңдар, егер сөздерің рас болса. Егер осыны жасай алмасаңдар, әлбетте, ешқашан*

¹³⁷ Әбу Хаййан, әл-Бахрул-Мухит, 7 том, 162 бет.

жасай алмайсыңдар»¹³⁸. Құранның осы аяты бұдан он төрт ғасыр бұрын түсіп, жын мен адамзатты Құранның тұтасы былай тұрсын, бір сүресінің ұқсасын жасауға шақырған. Алайда содан бері қаншама ғасыр жөңкіліп арта қалып, қаншама жазушы мен әдебиетшілер, не бір дарынды ақындар мен ой-өрісі кең кемеңгерлер дүниеге келгенмен бәрі де Құран камалының бір тасын да қозғалта алмай, ақыр соңында қауқарсыздығын аңғарып, бұл фәниден озған. Оның түскен заманынан кейінгі небір дүлдүл ақындар оның ұқсасын келтірмек болып шабыттанғанынан туған сөздері естігеннің күлкісін келтіріп, өзі ел-жұртқа маскара болған.

Олардың ішінде ең маңыздысы Мусәйлемә ибн Хабیب әл-Кәззаб (12\633). Ол хазіреті Мұхаммедтің (с.а.с.) өмірінің соңына қарай Ямәмә деген жерде Ханифа руынан шығып, өзін пайғамбар деп жариялаған. Рахман атты бір періштенің өзіне Жаратушыдан Құран түсіргенін баян етіп, елге түсініксіз сөздер сөйлеген. Ол өзі дүйім жұртты аузына қаратқан аса дарынды шешен болған. Алайда Құранмен таласпақ болып, айтқан сөздерімен елге күлкі болған. Мысалы, «Ей, екі құрбақаның қызы құрбақа! Тазалағаныңша тазала. Сенің жартың суда, жартың лайда. Суды лайламайсың. Ішуге де кедергі жасамайсың». Арабтың ұлы әдебиетшісі Жаһыз осы сөздерді оқығанда түкке түсінбей танданып: «Осы сөздердің қалайша Мусәйлемәға ұнағанын білмей-ақ қойдым. Оның осы тәсіл арқылы айтқан сөздері түкке тұрғысыз, жай айтылған сандырақ қана», – дейді¹³⁹. Ал оның Құранға еліктеп жазған мына бір өлеңі балдырған

¹³⁸ «Бақара» сүресі, 2:23-24.

¹³⁹ И, Карасам, Сонсуз мужизе Куран, 161 бет.

бала мен еңкейген қартқа дейінгі жұрттың мазағына айналған.

الفيلُ ما الفيلُ وَ ما أدراك ما الفيلُ له ذنَبٌ وَ بيلٌ وَ خُرطومٌ طَوِيلٌ...

«Піл. Піл деген не? Пілдің не екенін саған кім үйретті? Оның қатты құйрығы мен ұзын мұрны бар».

Міне, ол Құранмен күреспек болғанда ешкімге түсініксіз сөздер айтып, масқаралыққа ұшыраған.

Иә, Құранның түскеніне он төрт ғасыр уақыт өткенмен, адамзат онымен күресе алмай, күреспек болғандары бірден омақа асып, жеңілгендерін сөзі мен ісі арқылы мойындаумен келеді. Бұдан кейін де қияметке дейін онымен ешкім күресе алмақ емес. Оған дәлел – әуелі Құранның аталмыш аяты болса, екіншісі осы заманға дейін оның ұқсасын жаза алмаулары.

ҚҰРАНЫҢ САҚТАЛУ КЕПІЛДІГІ

Құранның Меккеде түскен кезі мұсылмандардың ең ауыр жылдары екендігі бәрімізге белгілі. Бұл жайында барлық тарихшылар арасында ауызбірлік бар. Ол заманда алғашқы мұсылмандардың басым көпшілігі кедейлер мен хазіреті Біләл секілді құлдар еді. Ол заманда әлсіз мұсылмандардың Құранның мәңгілік сақталу жайында сөз айтпақ тұрмақ, өз халдерінің ертең не боларын болжауы қиын еді. Барлық күш пен қуат меккелік пұтқа табынушылардың қолында болған. Қаласа, мұсылмандарды қырып салуға шамалары жетер еді. Міне, осындай заманда хазіреті Пайғамбар мұсылмандарға мына аятты оқиды: *«Расында, Құранды Біз түсірдік, әлбетте, оны Біз сөзсіз сақтаймыз»*¹⁴⁰.

¹⁴⁰ «Хижр», 15\9.

Бұл аят хазіреті Мұхаммедтің (с.а.с.) пайғамбарлығына айқын куәлік. Себебі, ертеңінің не болары белгісіз ондай қилы заманда жай бір адамнан мұндай толыққанды сөз есту – ақылға сыйымсыз нәрсе еді. Әрі бір адам үлкен үмітпен адамдарын сенімділікке шақыру үшін айтуы мүмкін деген күннің өзінде, қияметке дейін сақталады деуі тіптен де қисынсыз нәрсе. Небір пайғамбарлар арқылы түскен кітаптар мен қаншама ойшылдардың кітаптары ғасырлардың жал-жал толқындарынан өте алмай заман теңізінің түбіне батқан. Тек Құран ғана осы уақытқа дейін қаншама қилы заманның асау толқындарын бұзып жарып, әрбір ғасырдың шырқау шыңынан өтерде, сол шыңға өзінің *«Расында, Құранды Біз түсірдік, әлбетте, оны Біз сөзсіз сақтаймыз»*¹⁴¹ мөрін басып, растатып өткен. Міне, осы Құранның әлі күнге дейін бір әрпінің де өзгермеуі – оның болашаққа қатысты мұғжизалық хабары. Ғасырлар бойы, тіпті әлі күнге дейін Құранды көре алмаушылар оны бұрмалауға, жоққа шығаруға тырысып бағуда. Бірақ олардың бұл машақаты күнді үрлеп сөндірмек болған баланың әуресіне ұқсайды.

ПЕРҒАУЫН ДЕНЕСІНІҢ САҚТАЛУЫ

Құранда хазіреті Мұса хақында көптеген аяттар бар. Онда хазіреті Мұсаның Мысырдан қашқаны, кейін қайта айналып, пайғамбар болып келіп Мысыр перғауынын мұсылмандыққа шақырғаны хақында баян етілген. Осы сүрелерде Исламды қабыл етпеген перғауын ақырында теңізге батуға таянғанда амалсыз тілмен иман еткені айтылған. Алайда жаны алқымға тұрып, иман еткен пенденің иманы қабыл болмайды. Сонда да болса,

¹⁴¹ «Хижр», 15\9.

ешбір пенденің зәредей амалын құр қайтармайтын Ұлы Жаппар Ие перғауынның денесін сақтайды. Аятта былай айтылады: *«Исрайыл ұрпақтарын теңізден өткіздік. Сонда перғауын мен әскерлері жауыздық пен дұшпандық бойларын кернеп арттарынан құды. Ақыр соңында ол теңізге батар сәтте: «Исрайыл ұрпақтары иман еткен құдайдан басқа құдай жоқтығына иман еттім. Мен де мойынсұнушылардан болдым» деді. «Енді ғана сендің бе? Расында, сен де бұрын қарсылық еткендердің бірі едің...» «Сенен кейінгілерге үлгі болу үшін денеңді (жансыз түрде) құтқарамыз. Негізінде көптеген адамдар аяттарымыздан мүлде хабарсыз»¹⁴². Осы аятта болашаққа қатысты мұғжизалық хабар бар. Ұлы Жаратушы тілмен болса да иман еткен амалы үшін перғауынның суға батқан денесін шірітпей, келер ұрпаққа ой салып, күпірліктің ақыры немен аяқталғанын білдіру үшін сақтайды. Негізінде ол заманның перғауындарының бар арманы ұзақ өмір сүру. Сондықтан да тым құрыса денелерін келер ұрпаққа жеткізу мақсатымен мумиялап сақтаған. Алайда теңізге батқан перғауынның денесі мумияланбағандықтан шіруге лайық еді. Бірақ Аллаһ Тағала оның амалсыз тілмен иман еткен амалын құр қайтармай қарымын бұл дүниеде берген. Бұл да перғауынның бар арманы еді. Осылайша, оның денесі осы заманға дейін сақталып, ғалымдар жақында қызыл теңіздің жағалауынан мумияланбаған сәжде еткен бойы өлген адамның денесін тауып алады. Бұл әлбетте, сол перғауынның денесі. Өйткені, ғалымдар бұл дененің сол ғасырда өмір сүрген адамның денесі екендігін анықтаған. Әрі бұл мумияланбаған, сәжде*

¹⁴² «Юныс», 10\90-92.

халіндегі адам. Алайда табиғи заңдылық бойынша адамның денесінің ғасырлар бойы шірімей сақталуы мүмкін емес. Қазір ол Британия мұражайында сақтаулы. Аллаһ Тағала оны өзінен кейінгі, яғни қазіргі ұрпаққа өзін құдай санап тәкаппарланғандардың ақыры немен аяқталғанын ғибрат етіп көрсету үшін сақтаған. Ұлы Жаратушы уақыты келгенде оның денесін ел-жұрттың көз алдына қойып, қарағанға үлгі етуде. Бірақ та, *«Көптеген адамдар аяттарымыздан мүлде хабарсыз»*. Яғни, Құранның ақиқатын біле тұра иман етпейді. Иә, алғаш ғалымдар перғауынның ғасырлар бойы шірімеген денесін қазып алып, сол қалпы мұражайға қойғанда, адамдар оның сәжде еткен түрін анық көрген. Кейіннен мұсылман әлеміндегі кейбір ғалымдар оның сәжде еткен бойы өлген перғауын екендігін дәлелдеп жазғанда, ағылшындар оны қырынан жатқызуға мәжбүр болған.

Құранда бұдан да басқа болашаққа қатысты көптеген хабарлар бар. Уақыты келген хабарлардың бәрі де айдай анық шыққан. Құранда осы мәселеге байланысты мынадай аят бар: *«Біз аяттарымызды сыртқы әлемде және өз іштеріңде көрсетеміз. Сол уақытта Құранның ақиқат екендігі айқындалады»*¹⁴³. Бұл аятта Аллаһ Тағаланың барлығы мен бірлігіне тиісті аяттар мен Құранның ақиқатын көрсететін дәлелдердің бірінен соң бірі айқындалатыны жөнінде айтылған. Айтылғандай көп өтпей-ақ жаратылыстану ғылымдары өз тілдерімен Құранның ақиқаттығын паш еткен. Қазіргі физика, химия т.б. жаратылыстану ғылым салалары оны растаумен қатар, келешекте де ғалымдар өз іштері мен ғаламды жаңа қырынан зерттеп, Ұлы Жаратушының барлығы мен бірлігінің басқа

¹⁴³ «Фұссилат», 41\53.

да мөрлерін көріп, олардың бәрін Құран ақиқаттарының растайтынына қайран қалып, Құранға бет бұра бермек.

БОЛМЫС ПЕН АҚЫРЕТ ӘЛЕМІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ ҒАЙЫП ХАБАРЛАРЫ

Құранның жалпы ғаламзаттың жаратылысы мен ондағы тылсым сырлары һәм адамның жаратылысы ішінде дара саналы болып, болмыс әлеміне келудегі мақсаты және ақырет әлеміне байланысты көз көріп, құлақ естімеген, адамның қиялына келмеген жәннат, махшар, т.б. хабарлары адамның санасынан тыс ғайып хабарлары. Өйткені, осы ұлы ақиқаттарды сан-салалы бұраландаған бұрыс жолдардың ішінен тауып, кірпіш қалағандай етіп, бәрін өз орнына қою адам ақылының мың ойлап, жүз толғанса да қисынын келтірер ісі емес. Ол тұрмақ Фараби, Ибн Сина секілді ең атақты Ислам философтарының өзі осы мәселелердің ең ұсағының өзін ақылдарымен таба алмайтындығын мойындаған.

Жер бетіндегі саналы пенде ақыл қуатын қаншама әуре-сарсаңға салса да, Ұлы Жаратушының барлығы мен бірлігінен өзге нәтиже таба алмақ емес. Адамның Хақ тағаланың заты мен сипаттарын ойша табу мүмкін емес. Әсіресе, Оның даралығының әрбір жаратылыста басылған мөрлерін анықтап көрулері әсте оңай нәрсе емес. Сол секілді адамның өз жаратылысының түпкі мақсатының қандайлығы мен болмысының түпсіз тереңдіктеріндегі сансыз сырлы інжу-маржан қабілеттерінің қаншалықты құпиясын біле алмас. Бұл хабарлар пайғамбар арқылы ғана білініп, аңғарылатын мәселелер. Міне, осы іспетті тағы да басқа ғайып хабарлары Құранның мұғжизалығын танытады. Өйткені,

бұл мәселелер әу бастан жалпақ жұртқа жария, әркезге аян, тасыған дария болатындай оңай нәрселер емес.

Жалпы, илаһи ақиқаттар мен адам жаратылысы, ақырет әлеміне қатысты мәселелерді осы кітаптың екінші томында тереңдетіле, жан-жақты баян етуді ниет еттік.

ҚҰРАННЫҢ ЖАЛЫҚТЫРМАУЫ

Құранның Аллаһ Тағаланың кітабы екендігінің тағы бір дәлелі – оның оқыған адамды еш жалықтырмауы. Он төрт ғасырдан бері сәт сайын, сағат сайын оның барлық аяттарын миллиондаған адамдар тынымсыз оқып, тыңдауда. Адамдарға ерен тәлім-тәрбие беріп, нәпсілерін тазартып, жүректерін жаңартып, рухтарына қанат бітіріп, ақылына туралық беріп, санасына сәуле ұялатқан һәм тіршілікті нәрлендіріп, бақыт әкелген Құран мың рет қайталанып оқылса да, оқығанды қайта-қайта оқудан, тыңдағанды қайта-қайта тыңдаудан жалықтырмақ емес. Сан мәрте оқылып, тыңдалған сайын пенденің кенезіген бар болмысына кәусар бұлақтай әсер етіп, нұрына малындырып, ынта-жігерін арттыруда. Өйткені, Хақ Тағала кітапқа ғажайып рухани ләззат берген. Сондықтан да, өзге көркем сөздер мен әсем әуендердің көп қайталануы адамды жалықтырса, Құранның қайталануы жалықтырмақ былай тұрсын ынтықтығын жоғалтпаған кісінің алған ләззатын арттыра түседі¹⁴⁴.

Құранның оқушы мен тыңдаушыны жалықтырмайтындығы оның жүректерге азық, рухтарға жарық, нәпсіге дауа, жанға шипа, санаға беретін күш-қуаттылығында жатыр. Адамда тән мен рух бар. Тән өзіне жақын

¹⁴⁴ М, Килежи, Куран мужизесі, 299 бет.

заттық азықтан нәр алып, бойына күш бітіреді. «Ас – адамның арқауы» осыдан қалса керек. Ал жан рухани болғандықтан оның азығы да рухани болмақ. Адам әр сәт сайын ауаға мұқтаж болғанындай оның рухы тіпті бар болмысы, әлбетте, рухани азыққа ауадай мұқтаж. Тәннің жарасының дауасы заттық еммен болмақ. Рух жарасының шипасы Хақ Тағала жіберген Құран лебізімен болмақ. Құран оқыған адамның көңілі жадырап, жүрек әлемі шаттыққа бөленбек.

Бір елде ғалымдар тәжірибе жасамақ болып, ес-түссіз талықсып жатқан науқасқа діни кітаптарды тыңдатады. Бұрмаланған Інжіл мен Тәуратты тыңдатқанда ешбір әсер болмай, ақырында Құранды тыңдатқанда науқастың тамырына қан жүгіріп, жүрек соғысы қалпына келе бастайды. Құранда Аллаһ Тағала *«Біз мұсылмандарға Құраннан шипа мен рақым түсіреміз»* дейді.

Жер бетінде дәл осындай ерекшелікке ие ешбір кітап жоқ. Құран ғана осы тұрғыдан теңдессіз дара кітап. Мұсылмандардай ешкім кітабына осылай жақындық танытқан емес. Еврей мен христиандар да талай тілден тілге тәржімаланып асыл түпнұсқасы қалмаған, бұрмаланып маңызы азайған қасиетті кітаптарын дәл бұлай оқыған емес. Өйткені, бір мұсылман басқа сүрені былай қойғанда «Фатиха» сүресінің өзін күніне бес намазда қырық рет қайталайды. Алайда ешбір мұсылман осы сүрені пәлен жылдан бері оқып келемін, жалықтым деген емес. Жүрегінде жарығы аз бір пенде «мен намазды өз тілімде оқимын» деп аудармалық мағынасын оқыса, дәл бұлай қайталай да, ләззатқа бөлене де алмай, көп кешікпей жалығып кетер еді. Ендеше, Құранның жалықтырмауы оның Хақ тағаланың кітап екендігінің

айғағы. Алайда хазіреті Мұхаммедтің (с.а.с.) хадистері мұндай ерекшелікке ие емес.

Құран өзінің мұғжизалық сөз екендігін мағынасын түсінбеген адамдарды жалықтырмау арқылы танытады. Араб тілін білмейтін адамдар арабтың ең атақты шайырының ең мықты өлеңін бірнеше мәрте қайталаса яки тындаса мағынасы беймәлім сөздерден жалығып кетер еді. Алайда осы кісілерге Құранның қысқа бір сүресі мысалы «*Құл ну Аллаһу ахадты*» оқытып яки тыңдатсаңыз қайталау мен қайталатудан жалықпас еді.

ҚҰРАНЫҢ АҚЫЛ МЕН РУХҚА ӘСЕРЛІЛІГІ

Құранда адам баласының ақылы мен рухына, тіпті барлық сезімдеріне қажет нәрселер түгел қамтылған. Құранда жеке тұлға, қоғамдық, рухани һәм ақыреттік ғұмырға тиісті қажеттіліктің тұтасы болғандықтан ол дертке шипа, жанға дауа кітап¹⁴⁵. Құран негіздері пенденің «толық адам» шыңына қарай қанат бітіріп, һәм нәпсінің тізгінін тартып, рухтың асқақ сезімдерін қанағаттандыруда ерекше дара. Құран адам жаратылысына сәйкес болғандықтан олар түсінетін дәрежеде сөз қозғап, ой-санасына қажетті барлық зәру ілімдерді үйретеді. Құран – жер бетіндегі пенденің санасындағы өз өлшемдерінің кемістігін аңғартып, илаһи өлшем арқылы ой-сананың негізгі мәселесіне айналған ғаламзат пен адамзаттың жаратылыс мақсаты мен нәтижесі һәм саналы адамның қай жақтан келіп, қай бағытқа қарай асыққанын анықтап, жөн сілтейтін ақырғы илаһи кітап. Құран адам баласының жұдырықтай жүрегі мен рухына тән күллі қажеттілік пен мынау дүрбелең,

¹⁴⁵ Мехмет Килежи, Куран мужизесі, 365 бет.

күйгелек дүниеде бойын жылытып, денесіне қан жүгіретін, һәм көңілін тарқамас нұрға малып, болмысын қанағаттандыратын барлық ілім мен негіздерді қамтыған.

Құран адамның ақылын қайрап, рухын ұштауда көптеген әдістер пайдаланған. Олардың бірі мынау: Аллах Тағаланың жалпы әлемдегі жаратылыстарының бәрі де танданарлық аса ғажайып нәрселер. Бірақ, өкінішке орай, адам баласы осынау ғаламат өнер мен ұршықтай иірілген әлемдегі жүйелі мұғжизалық күдіретті көре, сезе алмайды. Күннің жер бетіне сәуле шашып, жылу беруі, айдың жарық беріп, шырақтық қызметін атқаруы, жердің өз өсінен айнымай, құшағындағы тұрғындарын түсіріп алмай, әлдилеген әжедей белгілі бір жылдамдықпен самғай ұшып келе жатса да, жер бетіндегі өсімдік атаулының өсіп-өнуі және барлық жан-жануарлардың адамға қол қусырып қызмет етуі, т.б. нәрсенің бәрі дәрменсіз пендеге үйреншікті жай нәрсе болып көрінеді. Егер бір адамды туа сала қараңғы бір жерде дүниеден мүлдем хабарсыз етіп, өсіріп, жасы ұлғайғанда ғана жарыққа шығарса, оған әлемдегі қозғалыстың бәрі ғажайып болып көрінер еді. Бірақ адам баласы жасынан көріп, біліп өскен соң барлық нәрсеге көзі үйреніп кетпек. Һәм имансыз адамдар олардың бәрін себептерге қатысты етіп, солай болу керек деп топшылап, дүниедегі ғажайып ғаламаттан мақұрым бейғам күй кешеді. Міне, Хақ Тағала адамның санасы мен көзіне түрілген бейғам пердесін Құранның алмас семсер сөздері арқылы қак айырып, әлемдегі илаһи күдіретке тиісті мұғжизаларды саналы жандардың көз алдына жайып салып, назар салдырып, ой-санасына сарқылмас қазынананың қақпасын

ашады. Құранда осыған қатысты жүздем астам аят бар. Құран саналыға Ұлы Жаратушының ғажайып өнерлері, яғни, элементар бөлшектен алып жұлдызға дейін назар аудартып, ойланып, толғануға әмір етеді. Осылайша олардың бейғам түңліктерін түріп, санасын түртіп оятып, жүректерге даңғыл жол ашады.

Мысалы, «Бақара» сүресінің 164-аятына назар салайық: *«Расында, көктер мен жердің жаратылуында, түн мен күннің алмасуында, адам баласына пайдалы нәрселермен теңізде жүзген кемелерде һәм Аллаһтың көктен түсіріп, онымен өлі жерді жандандырған жауында әрі жер бетіне тіршілік жаратып, әр түрлі жан-жануарларды жайып таратуында һәм желдердің бағыттарын өзгертіп тұруында және көк пен жердің арасындағы бағынышты бұлттарда, әлбетте, ой тастап, санасын саралап, қараған жандар үшін сөзсіз Аллаһтың барлығы мен бірлігіне қатысты қаншама дәлелдер бар».*

Бірде меккелік пұтқа табынушылар хазіреті Мұхаммедтен (с.а.с.) хазіреті Мұса мен Исаға берілген мұғжизаларды сұрап, артынан егер сен де пайғамбар болсаң, мына Сафа төбесін алтынға айналдырып, мұғжиза көрсет деп талап еткен. Сонда Хақ тағаладан Елшісіне «Қаласаң сол төбені алтынға айналдырайын. Бірақ сонда да иман келтірмесе, бұрын-соңды болмаған азап жіберемін» деген хабар келгенде Рақым Пайғамбары «Онда мені халқыммен жеке қалдыр, оларды әстелеп дінге шақырайын» деп жауап қайырған. Осы сәтте Ұлы Жаратушыдан осы аят түседі. Бұл аяттағы көктер мен жердің жаратылуы мен басқа да жаратылыс ғажайыптары Сафа төбесінің алтынға айналу мұғжизасынан әлдеқайда ғажайып, қызығарлық екен-

дігі баян етілген. Құранның әлем жаратылысы арқылы адамның санасының саңлауына сәуле ұялатып, тамаша тәлім-тәрбие бергеніне осы аяттың өзі-ақ жеткілікті.

«Сендер Оның бірлігі мен құдіретінен, рақымдылығынан һәм мұншалықты адамдарға жеткілікті айғақтарынан күмәнданып, Оның заты мен сипаттары хақында дәлел мен мұғжиза сұрап тұрмысыңдар? Мына төбелеріңе көз салсаңдар, жан-жақтың бәрін құшағына алып ұшы-қиырсыз кеңістік аясында шексіз алып планеталар мен олардың араларындағы алшақ арақашықтық және осы арақашықты толтырған қысымдар мен жарық тәрізді көрінген, яки көрінбеген қаншама аспан денелері бар. Әрі сол аспан денелерінің қозғалу арқылы білінген жүйелері мен қойылған заңдылықтарына көз салыңдар! Һәм мына көктердегі аспан денелерінің бірі болып, теңіздері мен көлдері, қара жерлері мен таулары және қойнаулары мен шөлдері, қазына кендері мен құлпырған жасыл желектері мен жайылған жан-жануарларын арқалап күллі көктермен тірексіз байланысып аяқтарыңның астында дөңгеленген дүние жерге назар салыңдар! Міне, ұшы қиыры жоқ кеңістік аясындағы мына көктер мен жерді жарату мен жасауда һәм жаратылыс жүйесі мен түн мен күндіздің өзгеріп орын алмасуында, бірде ұзарып енді бірде қысқарып, бір-бірімен кезектесуінде һәм адамдарға пайдалы жүктерімен сонау көгілдір теңіздей көрінген жырақтағы планеталардың жүзгендеріне ұқсаған кемелердің жүзуінде, сол кемелерді жал-жал толқын қолдарымен жылжытып адамның қызметін жеңілдеткен теңіздердің жаратылыс сырында һәм мұның қозғалыс заңдылықтарында және Аллаһтың жоғарыдан түсірген суы мен құрғақ топыраққа өлгеннен кейін сол су арқылы қайтадан

жан бітіруінде және осы өсімдік тіршілігінің жаратылуында һәм мына жер бетіндегі саналы жандар мен әр түрлі жан-жануарларды түр-түрге бөліп, таратуы мен олардың да жаратылуында және әр түрлі желдерді бір жақтан бір жаққа, бір түрден басқа түрге айналдыруында, көк пен жер арасында әмірге мойынсұнған бұлттарда күмәнсіз көптеген дәлелдер мен заттық және рухани, дін мен дүниеге қатысты ырыс пен нығметтер және басқа да сендердің қалағандарыңнан артық алып та ғажап мұғжизалар бар! Адамға берілген ақыл да осы мұғжизалардың бірі, тіпті бәрінен де ең үстемі»¹⁴⁶.

Міне, осылай Құран адамға ғалам жаратылысынан сөз қозғай отырып, оның суық ақылын нұрлы ақылға айналдырмақ. Жан жарасына шипа дарытып, рухын «толық адам» шыңына қарай жетелемек. Бірақ бұл мақсатқа адам баласы осы аят, яки осыған ұқсас аяттарды оқып, әлемге құр бекер көз тастап отырып емес, жаратылыс ғылымын жақсы меңгеру, терең бақылау мен ізденіс арқылы қол жеткізбек.

ҚҰРАНЫҢ ОҢАЙ ЖАТТАЛУЫ

Құран шамамен алты мыңнан астам аяттан тұрады. Әрі онда бір-біріне ұқсаған аяттар бар. Сондықтан да Құранды бастан-аяқ жатқа білетін қаридың бір сүрені жатқа оқығанда басқа сүредегі аяттармен шатастырып алуы мүмкін жағдайлары бар. Сол себепті сырттай қарағанда жатталуы мүмкін еместей көрінген Құран оңай жатталады. Құранды үлкен тұрмақ миллиондаған жас балалардың оңай жаттап алулары – Құранның теңдесі жоқтығына айқын куәлік етеді. Әрі бір адам өз тіліндегі жыр-дастандарды оңай жаттап алуы мүмкін.

¹⁴⁶ Елмалили, «Бақара» сүресінің тәпсірі.

Мысалы, кейбір қазақтың жас балалары да қазақша жырларды жатқа айтқаны осының куәсі. Алайда бір адамның, әсіресе, жас баланың өзі білмейтін мағынасы мүлдем түсініксіз ағылшын яки жапон тіліндегі ұзақ жыр шумақтарын тез арада жаттап алып, жатса да тұрса да жалықпай қайталап тұрулары қисынсыз. Ал Құранды исі мұсылман әлемінде миллиондаған адамдар тілі мен мағынасын білмесе де, ұғынбаса да, тез арада жаттап алып, жалықпай күндіз түні қайталап жатады. Бұл араб тілінің ерекшелігінен туындаған қасиет емес, сол тілмен түскен Құранның мұғжизалық қасиеттілігі. Хақ тағаланың «*Расында, Құранды Біз түсірдік, әлбетте, оны Біз сөзсіз сақтаймыз*»¹⁴⁷ деп уәде еткеніндей Ол Құранға оңай жатталу мұғжизалық ерекшелік берген. Әрі Құранның жатталу мұғжизалығы оның көктен уахи болып, түскен қалпында. Сондықтан да біреу Құранның басқа тіліне аударылған мағыналық сөздерін жатқа білулері мүмкін емес. Мысалы, бір қазақтың жас баласы жарты яки бір жылда Құранды жаттап қари болуы әбден мүмкін, алайда Құранның қазақша мағыналық аударма-сын жаттауы аса қиын һәм қисынсыз.

Әлемде мұсылмандар тәрізді кітаптарын жатқа біліп, күндіз-түні қайталаған ешбір дін өкілдері жоқ. Өздерін илаһи діннің мүшелері санайтын еврей мен христиандар да қасиетті кітаптарын дәл бұлай жаттаған емес. Әлемде бір еврей яки христиан дінінің пәленше деген ғалымы кітабын жатқа біліп, тынбай қайталап оқиды екен деген сөзді ешкім естіген де емес.

Иә, Құранның оңай жатталуы – оның Аллаһтың сөзі екендігінің дәлелі. Бұл Құранға ғана тән қасиет. Болмаса, бір адам араб дастанын жаттап айтпақ тұрмақ,

¹⁴⁷ «Хижр», 159.

хадистің өзін әрең жаттайды. Құран мен хадистің айырмашылығы – Құранның оңай, хадистің қиын жатталуында. Мұсылман әлемінде Құранды жаттағандар көп болғанмен хадисті жаттағандар одан аз. Өйткені, Құранды кез келген адам жаттап алу мүмкіндігі болса, хадисті сол саланың арнайы еске сақтау қабілеті мықты мамандары ғана жатқа білген! Мысалы, Имам Ахмәд ибн Ханбәл миллионнан астам хадисті жатқа білген. Сондықтан да оның Исламдағы орны ерекше. Сондай-ақ, хадис кітаптарын жатқа білетін адамдар көп болған. Бірақ Құранмен салыстыруға келмейді. Сіз егер Құранның қысқа бір сүресі мен сол шамалас бір хадисті жаттап көрсеңіз, Құранды бірінші жаттап аласыз. Ал, хадисті мағынасын біліп қана жақсы жаттай аласыз. Әрі көп ұзамай қайталамай қалсаңыз Құран санаңызда ұзақ сақталады да хадис ұмытылып кетеді. Алайда хазіреті Мұхаммедтің (с.а.с.) өз сөздерінің де ерекшелік жағы бар. Оның сөздері басқа араб сөздерінің жанында бәрінен де үстем тұрады. Оның сөздерінде ерекше ғажайып әсер бар. Әсіресе, оның дұғаларында балдай тәттілік бар. Оқыған адам қайталай бергісі келеді. Бірақ Құранмен салыстыруға келмейді. Өйткені, Құранда мұғжизалық қасиет бар.

ҚҰРАННЫҢ «УММИ» ХАТ ТАНЫМАҒАН АДАМНАН ШЫҒУЫ

Құранның хат танымаған пайғамбар арқылы адамзатқа келуі оның Аллаһ сөзі екендігіне ап-анық дәлел. Құранда хазіреті Мұхаммедтің уммилігі хақында көптеген аяттар бар. Хақ Тағала оның уммилігін баса айту арқылы, пенденің ақылы жетпес шексіз ілім мен ғылымға толы мұндай кітаптың оқу-жазу білмейтінге

түсуі – қисынға келмейтіндігін дәлелдеп санаға терең ой тастайды. Құранда «Олар қолдарындағы Тәурат пен Інжілде жазылған сол бір умми Елшіге ілескен жандар»¹⁴⁸ және келесі аятта «Ей, адамдар! Мен – сендердің барлығыңа түгелдей көктер мен жердің иесі Аллаһтың елшісімін. Одан өзге құдай жоқ. Өмірді берген де, өлімді жаратқан да Сол. Ендеше, сендер де Аллаһ Тағалаға және Оның барлық сөздеріне иман еткен сол бір умми Елші пайғамбарға иман келтіріңдер»¹⁴⁹. Міне, осы аяттарда оның оқу-жазу білмегендігі баса айтылған. «Анкабут» сүресінде де былай дейді: «(Ей, Мұхаммед) сен бұдан бұрын кітап оқуды да қалам тартуды да білмейтін едің. Егер солай болғанда (Аллаһтың сөзін жоққа шығаруға тырысқан) бұзақы кәпірлер күдіктенер еді. Жоқ, олай емес. Расында, Құран – ғылым берілгендердің көкіректерінде ап-айқын (мұғжиза) аяттар. Біздің аяттарымызды залымдар-дардан өзге ешкім жоққа шығармақ емес. Олар: «Оған Раббыңнан неге мұғжизалар түсірілмейді?» – дейді. «Мұғжиза жасау Аллаһ Тағалаға ғана тән нәрсе. Мен айқын ескертуші жанамын» – де»¹⁵⁰ деген аяттарда хазіреті Елшінің (с.а.с.) ешбір кітап оқымағандығы мен жазбағандығы бар болғаны пайғамбарлық міндетін атқарғандығы айқын байқалады.

Ендеше, хазіреті Мұхаммедтің (с.а.с.) уммилігі айқын болса, Құранның Ұлы Жаратушы сөзі екендігі де айқын болмақ. Өйткені, Ұлы Жаратушының барлық есім мен сипаттары және иман мен Исламға тиісті ақиқаттарды һәм күллі жаратылыстың тылсым сырлары мен адамзаттың өміріне тән қажеттіліктерді

¹⁴⁸ «Ағраф», 7\157.

¹⁴⁹ «Ағраф», 7\158.

¹⁵⁰ «Анкабут», 29\48-50

баян етуі умми адам тұрмақ оқыған ғалымдардың да қолынан келер іс емес. Һәм умми оқу-жазу білмеген бір адамның кітабын өзінен кейінгі миллиондаған кемеңгер адамдардың оқып, толғанып, өз ғасырларының мәселелерін шешетін том-том кітаптар жазып, тарихқа өз аттарын алтын әріптермен жазып қалдырулары да мүмкін емес. Имам Шафиғи, Ханафи, Ғазали, әл-Фараби, Ибн Сина, Ибн Рушд т.б. секілді мыңдаған кемеңгер ғұламалар ілімдерін сол Умми Кісінің (с.а.с.) қолындағы кітаптан алып, өрістерін кеңейтіп, толық адам шыңына қанат қаққан. Қазіргі заманда да жаратылыс ғылымын зерттейтін ғалымдар сан жылдар бойы еңбектеніп ашқан жаңалықтарын сол Умми Елшінің қолындағы кітаптан көріп, таңданысын жасыра алмай, ақырында оған шәкірт болуға ынтығып, оның алып көшінің соңынан ілесуде. Осы жайттарға қисынмен терең көз салып қарасаңыз, Ұлы Иесінің мөрі басылған Құран ескірмей, қайта жылдар мен ғасырлар өткен сайын, мән-мағынасы жаңара түсіп, жаңа заманның перзенттеріне кіршіксіз таза пікірлер ұсынып, ұстаздық етіп, жарқын ғұмыр мен асқақ бақыттылыққа жетелегенін көресіз. Иә, Құран – Ұлы Жаратушының кітабы. Умми Кісі (с.а.с.) Оның сол кітабын адамзатқа қазқалпында жеткізуші.

Бұдан басқа да Құранның мұғжизалық жақтары бар. Алайда олардың кейбірі араб тілінің шешендік өнеріне қатысты болып, араб тілін білмейтін оқырманға ауыр келмес үшін, жазуды жөн көрмедік. Кейбір мұғжизалық жақтарын да кітаптың екінші томында жан-жақты терең талдау жасайтын болғандықтан, бұл тақырыпта олардың қақпасын ашпадық. Сол аталмыш тақырыптарды оқып, таразыға салып қараған

жан Құранның хақтығын аңғарады. Әлбетте, егер Құранның мұғжизалық жақтарының кейбір тұстары түсініксіз келіп жатса, ол түсіндірушінің кемшілігінен туындаған нәрсе. Ал Құранда ешқандай нұксандық болуы мүмкін емес. Онда кемістік пен нұксандықтың болмауы да оның Хақтың кітабы екендігінің дәлелі. Адамзаттың екі дүниелік бақыты үшін түскенін білсе де, көре алмай, Құранды пенде кітабы етіп көрсетіп, оны жоққа шығаруға тырысқан Құран дұшпандары қанша жанталасқанмен, оның мәңгілік жарығын өшіре алмақ емес. Құранда: *«Олар Аллаһтың нұрын ауыздарымен үрлеп өшіруге тырысады. Алайда Аллаһ кәпірлер қаламаса да нұрын толықтырады»* дейді¹⁵¹. Сондықтан да Құранға қарсы сын айтып, Құдай тағаламен сөз таластырмақ болғандар мәңгілік сөнбес нұрдан мақрұм қалмақ. Ал Құранның хақтығына қалтқысыз сеніп: *«Раббымыз! Біз «Раббыларыңа иман етіңдер» деп шақырған (Пайғамбар, Құран) шақырушыны естіп, дереу иман еттік»*¹⁵² дегендер сол бір мәңгілік нұрдың бақытына бөленіп: *«Раббымыз! Бізге пайғамбарларыңа уәде еткендеріңді бер. Һәм бізді қиямет күні қорлама. Күдіксіз, Сен берген уәдең мен сөзіңнен айнымайсың»*¹⁵³ деп дұға етіп, ақыретте Ұлы Жаратушының уәдесі бойынша Оның түгесілмес қазына мен сарқылмас сыйсыяпатына қол жеткізбек. Ақырғы сөз, Құран – жеті қабат ғаламзатты жоқтан жаратқан Жаратушы Жаппар Ие Аллаһ Тағаланың мән-мағынасы шексіз, мәңгілік кітабы демек – дүр.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

¹⁵¹ «Саф» сүресі, 61:8.

¹⁵² «Әли Имран» сүресі, 3\193.

¹⁵³ «Әли Имран» сүресі, 3\194.

ҚҰРАН ТАРИХЫ

**«Нұхқа және одан кейінгі пайғамбарларға
уахи еткеніміздей саған да (Мұхаммед) уахи
еттік. Ибраһимге, Исмайылға, Исхаққа,
Яқубқа, Яқубтың ұрпақтарына, Исаға,
Әйүп, Юныс, Нарун және Сүлейманға да
уахи еттік. Дәуітке Зәбурді бердік»**

«Нуса» сүресі

БІРІНШІ ТАРАУ

УАХИ

Аллаһ Тағала адамзатты тура жолға салып, Өзіне құлшылық етулері үшін жарлықтарын уахи арқылы адамдар арасындағы пайғамбарларына түсірген. Бұл – Оның махаббатымен жаратқан адамзатына деген ерекше рақымдылығы.

Адам баласы өзінің шектеулі ақыл-ойымен дүниедегі жаман мен жақсыны ажырата алмайды. Әсіресе, өз нәпсісіне табынғандар үшін жақсылық атаулы жамандыққа айналмақ. Уахи келместен бұрынғы арабтардың құндылықтары – қызын тірідей жерге көму, әйел затын мүлік ету, жарлының қанын сүліктей сору, бұрыс та болса жақынына болысудың әділдік саналуы, шарап ішу, зина жасау, пұттарға табыну т.б. еді. Қазіргі заманда да батыс мемлекеттерінде адамның рухына жат нәрселер олар үшін құндылық саналады. Мұндай адам болмысына қайшы мінез-құлықтар бейне бір вирустай теледидар, интернет, радио т.б. арқылы жалпы әлемге тарап, бұл әсіресе үш ғасырдан бері өзінің төлқұжатын іздеп жүрген мұсылман елдерінің ішкі ниетіне қатты әсер етуде. Ендеше, нәпсісінің қалауымен жүріп, бойындағы барлық құмарлық сезімдерді кез келген жолмен қанағаттандыруды құндылық санаған әрбір қоғам ақыр соңында азғындықтың шыңырауына құламақ. Жалаң ақылды ғана ұстанып, әлемге материалдық көзқараспен қараған қоғамның барар межесі де қаратүнек құрдым болмақ. Өйткені, Ұлы Жаратушы мен ақыретке сенімі болмаған ондай қоғамның күмбезі

көркем мінезділікпен қамтылуы екіталай. Әрі олар ғұмырға не үшін келіп, қайда баратынын, бойындағы сансыз қабілеттерін қалай, қандай нәрсеге пайдаланатынын шектеулі санасымен таба алмақ емес. Ондай сұрақтың тылсым жауабын Жаратушысы ғана білмек. Демек, жақсы мен жаманды айыру, түпкі мақсатты айқындау «адами өлшеммен» емес, «илаһи өлшеммен» болмақ. Міне, Хақ Тағала жер бетіне Өзінің ұлылығы мен құдіреттілігін паш ететін өкілі етіп жаратқан ардақты адам баласына «илаһи өлшемді» уахи арқылы білдірмек.

УАХИДЫҢ ТЫЛСЫМ-СЫРЫ

Уахи – Аллаһ Тағаланың адамдарға жеткізетін хабары. Бірақ Жебірейіл періштесі арқылы арнайы жіберілген пайғамбарына жетпек. Елшісі де келген хабарды адамдарға жеткізбек. Бірақ ақыл уахидың ақиқаттығын білгенмен, оның қандай нәрсе екенін біле алмайды. Өмірде көптеген нәрселер бар, ақыл олардың қандай екенін біле алмаса да оның барлығын қабылдайды. Басқаны былай қойғанда ақыл өзінің ақиқатын дәлелдегенмен көзбен көрсетіп, қолмен ұстатуға шарасыз. Рух та ақыл тәрізді. Ақыл және қисын жолымен адам рухтың барлығын біледі. Мұны Абай атамыз «Мені мен менікі» деп екіге бөлген. Адам өзінің барлық мүшесін иеленіп «менікі» дейді. Сонда адамның өзі қайда? Өзі сол рухы. Сондай-ақ айналамызда жалаң көзбен көре алмайтын, қолға ұстай алмайтын көптеген құбылыстар бар. Бұлар ғылыми жолдар арқылы қазір анықталған. Мысалы, әлемде тартылыс күші бар. Магниттің де темірлерді тартатын күші бар. Бұлардың ақиқаттығын атеистер де қабыл еткенмен,

сол тартылыс күшін ешкім көрсетіп бере алмайды. Сондай-ақ адамдар бір-бірлерімен алшақтан телефон, радио, теледидар арқылы тілдеседі. Егер бұларды өткен ғасырлардың адамдары көргенде, қабыл ете алмай жокқа шығару мүмкін еді. Жан-жануарлар әлемі, тіпті адамдар да телепатия арқылы бір-бірімен байланыса алады. Ұзақтан бір-біріне сигнал жіберу арқылы да адамдар хабарласып жатады. Түсінбеген жанға сол сигналдар мүлдем түсініксіз.

Дәл осылайша Аллах Тағаладан келген илаһи хабарларды пайғамбарлар естіп, уахиды еліне сөзбен жеткізуінде ешқандай таңғаларлық нәрсе жоқ. Сондықтан біз біле алмайтын уахидың тылсым-сырлылығын зерттеуге мәжбүр емеспіз.

УАХИ ЕЛШІСІ ЖЕБІРЕЙІЛ

Хазіреті Мұхаммед пайғамбарға (с.а.с.) келген періште Құранда Жебірейіл, Рухул-Әмин және Рухул-Қудус деп аталған. Құранда: *«Кім Жебірейілге дұшпан болса, мынаны жақсы білсін: Ол Аллаһтың бұйрығымен Құранды туралық жетекшісі және бұрынғы түскен кітаптарды растаушы һәм мұсылмандарға сүйіншілеуші етіп жүрегіңе түсірді»*¹⁵⁴. Басқа бір аятта оны «Рухул-Әмин» деп атаған: *«Сөзсіз, бұл Құран әлемдердің Раббысының түсіргені. Оны Рухул-Әмин (сенімді Рух) әкелді»*¹⁵⁵. Осы аятта аты аталған «Рухул-Әмин» – Жебірейіл періште. Хақ Тағала оны рухтан жаратқандықтан «Рух» деп атаған¹⁵⁶. Бірақ бұл аяттағы

¹⁵⁴ «Бақара» сүресі, 2\97.

¹⁵⁵ «Шұғара» сүресі, 26\193.

¹⁵⁶ әр-Рази, Мухаммед ибн Омар ибн Хусәйн Фахрәддин, Мәфәтихул-Ғайб, Бәйрут, 24 том, 142 бет.

оның «Әмин» (сенімді) деген лауазымы – уахиға деген сенімділігі үшін берілген.

Пайғамбарларға уахи әкелген періштенің басқа бір есімі «Рухул-Қудус». Құранда: *«Қасиетті Рух Құранды иман еткендерге тұрақтылық һәм мұсылмандарға туралық пен сүйінші болу үшін Раббыңның құзырынан ақиқатпен түсірді» де»*¹⁵⁷. Бұл аятта Қасиетті Рух ешқандай дақ жұқпаған пәк рух, сенімге лайық, кіршіксіз таза рух деген мағынаға саяды. Аллаһ Тағала кәпірлердің хазіреті Пайғамбарға жапқан жалаларын жокқа шығару үшін оны осылай атаған. Яғни, ей, Мұхаммед! Құранның қасиетті кітаптылығы сол – оны саған кірден ада, кіршіксіз таза, пәкиза «Рухул-Қудус» Ұлы Раббыңның құзырынан түсірген. Әрі иненің жасуындай да жалғандықтан ада ақиқатпен түсірген.

Хазіреті Жебірейіл періштенің Исламда Рухуллаһ, Хамидуллаһ, әр-Рухул-Ағзам, әл-Ақлул-Әкрәм, Намус Әкбар т.б. есімдері де бар¹⁵⁸.

Құранның басқа аятында болса, хазіреті Пайғамбарға елшілік еткен осы періштенің мынадай ерекшелігі бар: *«Ол (Құран) – сөзсіз қадірлі, қуатты және «Ари» иесінің (Аллаһтың) құзырында беделді бір елшінің (Жебірейілдің) әкелген сөзі»*¹⁵⁹. Міне, хазіреті Мұхаммедке (саллалу аләйһи уә сәлләм) уахи осындай елден ерек беделге ие періште арқылы келген.

Қорытындыласақ, уахиды хазіреті Пайғамбарға Аллаһ Тағаладан жеткізген періште елші болған. Осы періштенің есімі – Жебірейіл. Ол жаратылыстағы сансыз періште арасындағы ең беделдісі һәм сұлтаны. Ұлы

¹⁵⁷ «Нахыл» сүресі, 16\102.

¹⁵⁸ Явуз, Юсуф Шевки, «Жебрайл» ДИА, Ыстанбұл, 1993.

¹⁵⁹ «Текуир» сүресі, 81\19-21.

Жаратушы Құранында мадақтаған сенімді де берік періштесі.

УАХИДЫҢ СӨЗДІК МАҒЫНАСЫ

Уахи сөзі – жасырын сөйлесу, іштей білдіру, көкейіне салу, ишарат ету, белгі беру, әмір ету, дауыстау, сыбырлау, азғыру, жазу мағыналарына саяды. Құрандағы уахи сөздерінің сөздік мағынасына көз салайық:

1. Ишарат, белгі беру мағынасы: «Сонда Зәкәрия мінажатханадан шығып еліне: *«Ертелі-кеш Аллаһ Тағаланы дәріптеп, пәктеңдер» деп уахи етті*¹⁶⁰. Бұл аяттағы оның уахи етуі – оларға ымдап белгі беруі.

2. Аллаһ Тағаланың періштелеріне әмір ету мағынасы: *«Сол уақытта Раббың періштелерге: «Расында, Мен сендермен біргемін. Иман еткендерге жәрдем етіңдер деп уахи еткен еді»*¹⁶¹. Аяттағы уахи «әмір ету» мағынасында берілген.

3. Адамдарға тән іштей құпия білдіру, көкейіне салу мағынасы: *«Мұсаның анасына «Оны еміз де оған бір нәрсе болады деп қорықсаң, онда оны дарияға салып жібер. Қорықпа да күйінбе? Расында, оны саған қайтарамыз да оны пайғамбарлардан қыламыз», деп көкейіне салдық»*¹⁶². Осыған ұқсас хазіреті Исаның достарына да құпиялай білдіреді: *«Сол уақытта Хауариларға: «Маған және Елшіме иман етіңдер» деп жүректеріне (уахи еткен) білдірген едім»*¹⁶³. Бұл аяттағы «уахи» сөзі терминдік мағынада берілмеген.

¹⁶⁰ «Мәриям» сүресі, 19\11.

¹⁶¹ «Әнфал» сүресі, 8\12.

¹⁶² «Қасас» сүресі, 28\7.

¹⁶³ «Маида» сүресі, 5\111.

Аллаһ Тағаланың оларға рақымдылық етіп, иманға келулерін құпиялай білдіруі.

4. Жан-жануарларға білдіруі: «Раббың бал арасына: *«Таулардан, ағаштардан және лапастардан ұя жасап ал» – деп уахи етті»*¹⁶⁴. Бұл аяттағы «уахидың» мағынасы араға ұя жасау қабілетін беруі. Сондай-ақ барлық жан-жануарларға Аллаһ Тағала өздеріне лайық міндет берген.

5. Шайтанның адам нәпсісін азғыруы: *«Осылайша әр пайғамбарға адамдардың және жынның шайтандары-нан дұшпан еттік. Олар алдап, бір-біріне жалтыраған сөздерді (уахи етеді) сыбырлайды»*¹⁶⁵. Аяттағы уахи «азғыру» мағынасында берілген.

«Уахи» – Исламнан бұрын араб өлеңдерінде жиі кездесетін сөздің бірі. Ол заманда көбінесе «жазу» мағынасында, әсіресе, тасқа жазылған жазу ұғымында көп қолданылған¹⁶⁶. Сондай-ақ «хабарласу» мағынасында да пайдаланған.

ИСЛАМДАҒЫ ТЕРМИНДІК МАҒЫНАСЫ

Уахи – Аллаһ Тағаланың адамдарға білдіретін илаһи әмірі, жарлығы мен тыйым салуы және басқа да барлық хабарларын Жебірейіл арқылы яки бізге беймәлім жолмен тікелей пайғамбарларына жеткізуі¹⁶⁷. Хазіреті Мұхаммед (с.а.с.) уахи алған алғашқы пайғамбар емес. Хазіреті Адамнан бастап күллі пайғамбарларға уахи келген. Бұлардың кейбірі Құранда берілген. Мысалы:

¹⁶⁴ «Нахыл» сүресі, 16\68.

¹⁶⁵ «Әнғам» сүресі, 6\112.

¹⁶⁶ Ват, Монтгомери, Модерен Дүнияда Ислам Ваһиі, (трж. Мехмет С. Айдын), Анкара, 1982, 33 бет.

¹⁶⁷ әз-Зәркәни, Мухаммед Абдулазим, Мәнәһилул-Ирфан фи Улумил-Қуран, Бәйрут, 1996, 1 том, 55 бет.

«Нұхқа және одан кейінгі пайғамбарларға уахи еткеніміздей саған да (Мұхаммед) уахи еттік. Ибраһимге, Исмайылға, Исхаққа, Яқубқа, Яқубтың ұрпақтарына, Исаға, Әйүп, Юныс, Һарун және Сүлейманға да уахи еттік. Дәуітке Зәбурді бердік»¹⁶⁸.

Хазіреті Мұхаммедке (с.а.с.) тікелей айтылған уахи Құранда былайша берілген: «Саған бұл Құранды уахи ету арқылы өзіңе тарихи әңгімелердің ең жақсысын баян етеміз»¹⁶⁹.

УАХИДЫҢ АЛЫНУЫ

Құран Кәрім уахидың үш түрлі болатынынан хабар береді: «Аллаһ бір адамға уахи жолымен ғана немесе перде артынан, не болмаса бір елші жіберіп рұқсатымен оған қалаған нәрсесін уахи етеді. Ол ұлы да хақим»¹⁷⁰.

Осы аятқа байланысты уахиды үшке бөлуге болады:

1. «Аллаһ бір адамға уахи жолымен» аятына қарай Аллаһ Тағала уахиды тікелей пайғамбардың жүрегіне салады. Мысалы, хазіреті Ибраһимге түсінде балаңды құрбан шал деп уахи етуі¹⁷¹. Бірақ уахидың осы түрі арқылы Құраннан ешқандай сүре не аят түспеген¹⁷². Құран басынан ақырғы аятына дейін Жебірейіл арқылы түскен. Хазіреті Мұхаммедтің (с. а.с) жүрегіне салу, немесе түсі арқылы ешбір уахи келмеген¹⁷³.

¹⁶⁸ «Ниса» сүресі, 4\163.

¹⁶⁹ «Юсып» сүресі, 12\3.

¹⁷⁰ «Шура» сүресі, 42\51.

¹⁷¹ Қараңыз; «Сафғат» сүресі, 37\99-103.

¹⁷² Мәннәнүл-Қаттан, Мәбәһис, 37 бет.

¹⁷³ Суат Йылдырым, Қураны Керим ве Қуран илимлеріне гириш, Ыстанбұл, 1983, 24-25 беттер.

2. *«Перде артынан»* пайғамбарына уахи етуі. Аллаһ хазіреті Мұсаға (а.с.) Тұр тауында перде артынан сөйлескен. Құранда: *«Оған Тұр тауында оң жағынан дауыстап, сөйлесу үшін Өзімізге жақындаттық»*¹⁷⁴ дейді. Бұдан басқа да хазіреті Мұхаммедтің (с.а.с.) Мекке кезеңінде алдымен Ақса мешітіне, содан сол жерден Миғражға көтеріліп, Аллаһ Тағаламен тілдесуі осы перде арты уахиына жатады¹⁷⁵.

3. *«Бір елші жіберіп өз рұқсатымен оған қалаған нәрсесін уахи етеді»*. Аллаһ Тағала уахиды адамдарға жеткізу үшін бір періштені пайғамбарына елші етіп жібереді. Ақырғы кітаптың уахи түрі осы. Құран Жебірейіл арқылы ғана түскен.

Сонымен қатар хазіреті Мұхаммедке (с.а.с.) «сүннет уахи» да келген. Бірақ Құран бұдан бөлек түскен. Яғни, Құран бейне бір жарлық секілді түссе, «сүннет уахи» оны қалай іске асыруды білдірген.

УАХИДЫҢ КЕЛУ МӘРТЕБЕЛЕРІ

Уахидың келуі хақында Құранда нақты мағлұмат жоқ. Бірақ бұл мәселені хазіреті Мұхаммед пайғамбардың (с.а.с.) сөздерінен байқауға болады. Хазіреті Елшіге (с.а.с.) уахи мынадай мәртебелермен келген:

1. Уахидың алғашқы мәртебесі түсінде көрген ақиқат түстері. Ол алдын ала болатын жайттарды түсінде көре бастаған. Бұл жайлы хазіреті Айша: *«Аллаһ Елшісінің көрген түстерінің бәрі таңғы шапақтай апанық келетін»*¹⁷⁶, – дейді.

¹⁷⁴ «Мәриям» сүресі, 19\52.

¹⁷⁵ Мәбәһис, 38 бет.

¹⁷⁶ Бухари, Бәдул-уахи: 3; Муслим, Иман: 231; Ахмәд ибн Ханбәл, 6, 153.

2. Жебірейілдің Аллаһ Елшісінің ояу кезінде жүрегіне уахиды салуы¹⁷⁷.

3. Жебірейіл періште жас жігіттің түрінде Аллаһ Елшісіне уахиды әкелуі. Кейде аса көркем, сымбатты Дихия деген сахабаның түрінде келген. Бұл уахидың ең жеңіл келген түрі болған¹⁷⁸.

4. Қоңырау үніне ұқсайтын түрде келген уахи. Бұл уахидың ең ауыр мәртебесі еді. Уахидың осы түрі ескерту мен қорқытуды қамтыған аяттарға тән. Мұндай уахи келгенде хазіреті Мұхаммед (с.а.с.) уахи келіп біткенге дейін қатты дірілдеп, сөздің салмағынан қорыққан. Уахи аяқталғанда Құран сөздері жүрегінен орын алған¹⁷⁹. Бір хадисте Аллаһ Елшісі уахидың ең ауыр түрін былайша баяндайды: *«Кейде маған қоңырау үніне ұқсас үнмен келеді. Бұл маған ең ауыр тигені. Ол уахиды жеткізіп қайта кететін еді»*.

5. Хазіреті Мұхаммедтің (с.а.с.) Миғраж түнінде Аллаһ Тағаламен тілдесуі түріндегі уахи. Аллаһ Елшісі Миғражда бес уақыт намаз бен «Бақара» сүресінің ақырғы екі аятын тікелей Ұлы Жаратушыдан алған¹⁸⁰.

6. Жебірейілдің нағыз өз түрімен көрініп, илаһи жарлықты жеткізуі. Ол осы түрімен екі рет көрінген. Біріншісі, пайғамбарлықтың басталған жылдары Хира үңгірінде көрінгені. Ол заман алғашқы уахидың келіп, тоқтап қалған кезі еді. Кейіннен Аллаһ Елшісі Хира

¹⁷⁷ Жәләуддин әс-Суюти, әл-Итқан фи Улумил-Куран, Бәйрут, 1996, 1 том, 128 бет.

¹⁷⁸ Нисаи, әл-Хафиз Әбу Абдиррахман ибн Шуайб, Сунән, Мағбатул-Халәби, Египет, 1964, Ифтитах: 924.

¹⁷⁹ Бухари, Бәдул-уахи: 2.

¹⁸⁰ Мухаммәд Тахир ибн Абдилқадир әл-Курдил-Мәккил-Хаттағ, Тарихул-Куран уә Ғараибу Рәсмиһи уә Хукмиһи, 29-31 бет; Жаррахоғлу, Тәфсир усулу, 49 бет.

үңгірінде жүргенде, кенеттен көктен жаңғырған дауыс естіген. Аспанға қарағанда Жебірейілдің көк пен жердің арасында тақта отырғанын көрген. Мұншалық аспан мен жер арасындағы орасан зор келбетін көрген ол шыдай алмай талып құлаған¹⁸¹. Кейіннен екінші рет Мигражда көрген. Бұл уақытта хазіреті Мұхаммед (с.а.с.) бұрынғыдай қорықпаған¹⁸².

УАХИДЫҢ БАСТАЛУЫ

Осы тақырыпты ең жақсы толыққанды түрде жеткізген хазіреті Айша былай баяндайды: «Аллаһ Елшісіне алғашқы келген уахи түсінде көрген «ақиқат түстерімен» басталған. Оның көрген түстері таңғы шапақтай дәл келетін. Кейіннен ол елден бөлек оңаша қалуды қалады. Осыдан кейін ол Хира үңгіріне барып, Аллаһ Тағалаға құлшылық қылатын. Азық алу үшін ғана үйге келіп, көп кідірмей қайта кететін. Ақырында Аллаһ Елшісі Хира үңгірінде болған сол күндердің бірінде уахи келді. Оған періште келіп «Оқы!» – деді. Ол, «Мен оқи алмаймын», – деп жауап қайырады. Аллаһ Елшісінің өзі былай дейді: «Сол уақытта періште мені қапсыра құшақтап алып, тынысым тарылғанға дейін қысты. Содан мені қоя берді де: «Оқы!» – деді. Мен «Оқи алмаймын», – деп жауап бердім. Ол мені қайта құшақтап «оқы» деді. Мен қайта оқи алмаймын» дедім. Ол үшінші рет қысып тұрып қоя берді де *«Сені жаратқан Раббыңның атымен оқы! Ол адамды ұйыған қаннан жаратқан. Оқы! Қаламмен үйреткен Ол Раббың аса ардақты. Ол адамзатқа білмеген нәрсесін үйреткен» аятын оқыды*». Осы аятты алған

¹⁸¹ Бухари, Бәдул-халк: 2-4, Бәдул-уахи: 3; Муслим, Иман: 233.

¹⁸² Жерраһоғлу,

Аллаһ Елшісі жүрегі дірілдеп Хадиша әйелінің жанына келіп: «Жамылғы әкеліп үстімді жап», – деді. Оның қорқуы басылғанға дейін үстін жауып қойды. Кейіннен ол тұрып, әйеліне болған жайды баян етіп: «Өзімнен қорқамын», – деді. Сол уақытта әйелі: «Аллаһ тағаламен ант етейін! Раббың сені ешқашан ұятқа қалдырмайды. Өйткені сен туыстарға қарасып, әлсіздерге болысып, жарлыға жәрдем еткен һәм қонақтарды күтіп, хақ жолында халыққа көмектескен адамсың», – деп оған дем берді. Осыдан кейін хазіреті Хадиша Аллаһ Елшісін ертіп, немере ағасы Уарақа ибн Нәуфалға барды. Ол христиандықтан дініне кірген, ибрани тілін білетін және Інжілден кейбір нәрселер алып жазған адам еді. Ол уақытта әбден қартайған, екі көзі көр еді. Хазіреті Хадиша: «Аға, мына бауырыңның не дегеніне құлақ сал?» – деді. Аллаһ Елшісі басынан кешкендерін түгелдей баян етті. Уарақа сонда: «Бұл көргенің Аллаһ Тағаланың Мұсаға жіберген Намус Әкбар (Жебірейіл). Әттең-ай! Сенің елді дінге шақырған кезінде жас жігіт болып, халқыңның сені елден шеттететін кезінді көрсем ғой шіркін», – деді. Аллаһ Елшісі! «Олар мені елден шеттете ме?» – деп сұрады. «Иә, бауырым. Сендей адамдардың елінен дұшпандық көрмегені жоқ. Егер сенің дінге шақырған күндеріңе өмірім жетсе, саған көмектесемін» деп жауап берді. Алайда көп ұзамай Уарақа бақилық болды. Сол заманда уахи да аз уақыт келмей тоқтап қалған еді»¹⁸³.

Алғаш уахи келгенде хазіреті Мұхаммед (с.а.с.) қырық жаста болған (б.э. 610). Құран аяттарынан алған түсінігімізге қарай, бұл Рамазан айының Қадір түні еді. «Бақара» сүресіндегі: *«Рамазан айы адам баласына тура жол және ақиқат пен жалғанды айыра-*

¹⁸³ Бухари, Бәдул-уахи; 3.

тын Құран түсірілген ай» аятында оның Рамазан айы екенін анық баян еткен. «Қадір» сүресінің: *«Расында, Құранды Қадір түні түсірдік»* аятында да оның Рамазан айының Қадір түні түскенін анық білеміз Ол күннің дүйсенбі екендігі бірауыздан мақұлданған. Бірақ Рамазан айындағы Қадір түнінің қай түні болғандығы беймәлім. Ғалымдар арасында бұл Рамазан айының жиырма жетісі деген көзқарас басым.

Осы жерде қозғай кетер мынадай мәселе бар. Құран Рамазан айында Қадір түні түскені анық. Бірақ әуелі Құран қайда түсті? Өйткені, Ибн Аббастан мынадай хабар жеткен: *«Құран Қадір түні тұтастай бір уақытта аспан әлеміне түсті. Содан кейін жиырма жылда (жерге) түсті»*¹⁸⁴. Басқа бір хабарында: *«Құран «Зікірден» бөлініп, аспан әлеміндегі «бәйтул-иззаға» (іззет үйі) түсірілді. Содан кейін Жебірейіл оны жайлап Аллаһ Елиісіне түсіре бастады»*. Ендеше, Құрандағы Рамазан айындағы қадір түні Құранның түсуі жерге түсу ме, әлде аспан әлеміне тұтастай түсуі ме? Һәм Құранның бес аяты ғана Хирада түскеніне қарағанда, аспан әлеміне Құранның тұтастай түсуі аяттың мағынасына толықтай сай келмей ме? Бірақ осы екі түсу мәселесін біріктіруге болады. Бұлар бір-біріне қарама-қайшы емес, қайта бір-бірін толықтырады. Жалпы Құранның екі тұрмақ, үш түсу түрі бар.

1. Құран әуел баста тұтастай «Ләухул-Махфұзға» түсірілген. Құранда: *«Әлбетте, ол ұлы Құран. Ләухы Махфұзда сақтаулы»*¹⁸⁵.

¹⁸⁴ эз-Зэркәши, Мухаммәд Бәдруддин, әл-Бурһан фи улмул-Куран, Бәурут, 1958, 1 том, 228-230бет; Суюти, Итқан, 1 том, 89 бет, Зэркәни, Мәнәһил, 1 том, 40 бет.

¹⁸⁵ «Бүрүж» сүресі, 21\22.

2. Одан кейін Рамазанның Қадір түні аспан әлеміндегі «бәйтул-иззаға» түскен. Бірақ біз үшін аспан әлеміндегі «бәйтул-иззаның» қандай және қайда екені беймәлім.

3. Жебірейіл арқылы тағы да сол Рамазан айынының Қадір түні хазіреті Мұхаммедке (с.а.с.) түсіп, дүниені нұрға бөлей бастауы. Бұл Хира үңгірінде басталғаны мәлім. Құранның «*Расында, Құранды Қадір түні түсірдік*» аятындағы бір мағына Құранның жер бетіне тұтастай емес, түсе бастау мәселесі. Негізінде әрбір аят – Құран.

Негізінде, ескерте кетер тағы бір жайт Жебірейілдің Құранды қалай алу мәселесі. Жебірейіл Ибн Аббастың хабары бойынша, жиырма жыл бойы аспан әлемінен біртіндеп әкеліп, хазіреті Мұхаммедке (с.а.с.) жеткізді десек, Аллаһ Тағаладан Құранды алу мәселесін қалай түсінеміз? Әрі Жебірейіл Құранды Ләухы Махфұздан алып, Аллаһ Елшісіне жеткізіп отырған деген де көзқарас бар. Ойлап қарағанға бұл жерде де қисынсыз нәрсе жоқ. Құранның бастан ақырына дейін Жебірейіл Аллаһ Тағаладан уахи етіп алып, Елшісіне жеткізген. Бұл негізгі нәрсе. Ал оның Ләухул-Махфұздан және аспан әлемінен де Құран уахиын алуында көптеген хикмет бар. Бұл бір жағынан алғанда, біріншісі Аллаһ Тағаланың жарлығы екіншісі басқан мөрі іспетті. Һәм Құранды әуелі Ләухул-Махфұзға, одан аспан әлеміне, одан жерге біртіндеп түсіру арқылы оның Аллаһ үшін аса қадірлілігін көрсетіп, адамдарды Құран қадірі мен маңызын түйсініп, әрі оны мұқият сақтатуға шақырады. Қорытындыласақ, адам өлшемі мен Құдай тағаланың өлшемі бір емес. Ең дұрысын Хақ Тағала біледі.

ҚҰРАН СӨЗІНІҢ ЭТИМОЛОГИЯСЫ

Құран сөзінің түбірі мен мағынасы жайында ғалымдар арасында әр түрлі көзқарастар бар. Олардың өз араларында Құран сөзінің «хамзалы» (ء) яки «хамзасыз» сөзден шықты деген екі негізгі көзқарас бар. Алдымен «хамзасыз» сөзден шыққан деген пікірлерді ұсынайық:

1. Әбул-Хасан әл-Әшғаридың (ө.324\936) көзқарасына қарай Құран сөзі бір нәрсені бір нәрсеге жақындату, жалғау мағынасындағы *قَرَنَ* «қарана» етістігінен шыққан. Өйткені Құрандағы сүре мен аяттар бір-бірімен жалғасып кеткен. Осыған қатысты оны «Құран» деп атаған. Қажылық пен умраны қосып, жалғағандықтан оған «қиран» делінген¹⁸⁶.

2. Құран сөзі кейбір ғалымдардың көзқарасы бойынша, *قَرِينَةٌ* «қарина» сөзінің көпше түрі *قَرَائِنٌ* «қараин» сөзінен шыққан. «Қарина» – дәлел, айғақ, ұқсас, байланыс мағынасына саяды. Құран аяттары мазмұн, ырғақ, ұйқас жағынан бір-біріне ұқсап, бір-біріне дәлел болуда. Сондықтан да Құранға есім етіп қойылған. Әбу Зәкәрия Яхия ибн Зияд әл-Фәрра (ө.207\822) осыны жақтайды¹⁸⁷.

3. Құран сөзі хамзасыз сөз. Ол ешқандай сөз түбірінен шықпаған. Құран – хазіреті Мұхаммедке (с.а.с.) түскен кітаптың өзіне тән есімі. Бұл көзқараста болған ғалымның бірі атақты Имам Мұхаммед ибн Идрис әш-Шафиғи (ө.204\819). Ол Құран сөзі *قَرَأَ* «қараә» (оқу) сөзінен шықпаған. Егер Құран есімі «қараә» оқу етістігінен шыққан болса, онда әрбір оқылған нәрсені «Құран» деп атауымызға тура келмек. Алайда Құран

¹⁸⁶ Зәркәши, Бурхан, 1 том, 277 бет.

¹⁸⁷ Суюти, Итқан, 1 том, 68 бет.

сөзі – Тәурат, Інжіл секілді хазіреті Мұхаммедке (с.а.с.) түскен кітаптың өзіне тән дара есімі¹⁸⁸. Яғни, Аллах Тағала хазіреті Мұсаға кітап түсіргенде оны «Тәурат» деп атаған. Хазіреті Дәуіт пайғамбарға кітап бергенде, оның атын «Зәбур» деп атаған. Сондай-ақ ақырғы кітапты хазіреті Мұхаммедке (с.а.с.) түсіргенде «Құран оқылған кезде оны тыңда» деп аятта айтылғандай оны «Құран» деп атаған.

Келесі топ Құранның «хамзалы» екенін жақтайды. Бұл топ үшке бөлінеді:

1. Құран сөзі «жинау» мағынасына келетін *القرء* «қар'» сөзінен шығып, *فعلان* «фу'лән» формуласымен жасалған сипат¹⁸⁹. Құран тарихи әңгіме, жарлық, бұйрық, сүре мен аяттарды және бұрынғы кітаптардың жемістерін бір жерде жинағандықтан осы есім берілген. Әбу Убәйд әл-Қасым ибн Сәлләм (ө. 224\839) және Әбу Исақ әз-Зәжжәж (ө.311\923) осы көзқараста болған ғұламалар.

2. Кейбір ғалымдардың көзқарасы бойынша, Құран сөзі «сыртқа шығару» мағынасына саятын *قرأ* «қараә» етістігінен шыққан. Құран оқыған адам сөз бен әріптерді оқып, аузынан сыртқа шығарғандықтан осы есім берілген.

3. Құран сөзі *تلا* «талә» оқу мағынасындағы *قرأ* «қараә» «оқу» етістігенен шығып, *فعلان* «фу'лән» формуласымен жасалған. Бұл көзқарасты Әбул-Хасан Али ибн Хазм әл-Лихяни (ө.215\830) айтады. Құрандағы: «*Расында, оны жинау, оқу Бізге міндет. Ал оны Біз оқығанда, оның оқылуына ілес*»¹⁹⁰ аятында Құран сөзі

¹⁸⁸ Зәркәши, Бурхан, сол беттерде.

¹⁸⁹ Бұл да сонда.

¹⁹⁰ «Қиямет» сүресі, 17-18.

оқу мағынасында берілген. Осы дәлелге қарай Құран сөзі «оқу» етістігінен шығып, хазіреті Мұхаммедке (с.а.с.) түскен илаһи сөздің есімі болған. Бұл көзқарас Ислам ғұлама арасында ең басым болғаны¹⁹¹.

ҚҰРАНЫҢ АНЫҚТАМАСЫ

Ислам ғалымдары Құранның кейбір ерекшеліктерін негіз етіп алып, Құранға анықтама берген. Бірақ бұлар оның барлық ерекшеліктерін қамтыған анықтама емес. Біз солардың кейбірін ұсынайық.

1. Хазіреті Мұхаммедке (с.а.с.) уахи арқылы түсіп, мұсхафтарда жазылған, «тәуәтүр» бұлтартпас хабарлар арқылы жеткен, оқылуы ғибадат саналған мұғжизалы сөз.

2. «Фатиха» сүресінен «Нас» сүресінің ақырына дейін хазіреті Мұхаммедке (с.а.с.) түскен өзіне тән ерекшеліктерді қамтыған ғажайып сөздер¹⁹².

ПАЙҒАМБАРЫМЫЗДЫҢ ҚҰРАН АНЫҚТАМАСЫ

Харис әл-Ауэр былай дейді: «Мешітке кірсем ондағы халық Аллаһ Тағала жайында сөз қозғап, пікір бөлісуді жинап қойып, бос әңгімеге кірісіп кетіпті. Мен мешіттен шығып, хазіреті Әліге барып көрген жайды айттым. Ол сонда:

– Шынымен-ақ айтқандарың дұрыс па? – деп маған қарады. Мен:

– Иә, – дегенде, ол:

– Мен Аллаһ Елшісінің бір күні *«Естеріңде болсын бір күні бір бүлік бой көрсетеді!»* дегенін естіген

¹⁹¹ «Мәбәһис», 19 бет.

¹⁹² Жеррахоғлу, 34 бет.

едім. Сонда мен: – Одан қандай жол арқылы құтылу болады, Пайғамбарым? – дедім. Сонда ол былай деді:

كُتِبَ اللَّهُ فِيهِ نَبَأُ مَا كَانَ قَبْلَكُمْ وَخَيْرُ مَا بَعْدَكُمْ وَحُكْمٌ مَا بَيْنَكُمْ وَهُوَ الْفَضْلُ
لَيْسَ بِالْهَزْلِ مَنْ تَرَكَهُ مِنْ جِبَارٍ قَصَمَهُ اللَّهُ وَمَنْ ابْتَغَى الْهُدَى فِي غَيْرِهِ أَضَلَّهُ
اللَّهُ وَهُوَ حَبْلُ اللَّهِ الْمَتِينِ وَهُوَ الذِّكْرُ الْحَكِيمُ وَهُوَ الصِّرَاطُ الْمُسْتَقِيمُ هُوَ الَّذِي
لَا تَزِيغُ بِهِ الْأَهْوَاءُ وَلَا تَلْتَبِسُ بِهِ الْأَلْسِنَةُ وَلَا يَشْبَعُ مِنْهُ الْعُلَمَاءُ وَلَا يَخْلُقُ
عَلَيَّ كَثْرَةَ الرَّدِّ وَلَا تَنْقُضِي عَجَائِبُهُ هُوَ الَّذِي لَمْ تَنْتَهُ الْجِنُّ إِذْ سَمِعْتَهُ حَتَّى
قَالُوا إِنَّا سَمِعْنَا قُرْآنًا عَجَبًا يَهْدِي إِلَى الرُّشْدِ فَآمَنَّا بِهِ مِنْ قَالٍ بِهِ صَدَقَ وَمَنْ
عَمِلَ بِهِ أَجْرَ وَمَنْ حَكَمَ بِهِ عَدْلٌ وَمَنْ دَعَا إِلَيْهِ هَدَى إِلَى صِرَاطٍ مُسْتَقِيمٍ

«Аллаһ тағаланың Кітабына бағыну. Онда сендерден бұрынғы (елдердің жағдайларына қатысты) хабарлар және сендерден кейінгі (қияметке дейінгі) болатын бүліктер һәм қиямет хақында хабарлар бар. Сонымен қатар араларыңда (иман-күпір, бағыну, қарсылық көрсету, харам, адал т.б. түрінен) болатын жағдайларға қатысты үкімдер бар. Ол ақиқат пен жалғанды бөлуші дара өлием. Онда ешқандай жай сөз, әзіл жоқ. Кімде-кім бір залымнан қорқып, одан алышақтап, онымен амал етпесе, Аллаһ Тағала оны құрдымға тастар. Кімде-кім одан басқа тура жол іздесе Аллаһ Тағала оны адастырар. Өйткені, ол Аллаһ Тағаланың ең мығым арқаны. Ол хикмет пен зікірге толы сөз. Һәм ол Хаққа жеткізер тура жол. Ол өзіне бағынғандарды жолдан таяудан (нәпсіге беріліп) ал өзін (оқыған) тілдерді де шатасудан сақтайды. Ғалымдар еш уақытта оған тоя алмас. Оны көп оқып қайталағандар еш қашан жалықпас һәм дәмі де жоғалмас. Оның адамдарды таңдандыру қасиетінің ақыры жоқ шексіз. Оны жындар да естіген кезде: «Біз

тура жолды көрсеткен ғажайып және ешқашан естімеген Құран естідік. Біз оның (Аллаһтың сөзі екендігіне) сендік» деп таңданысын жасыра алмаған. Құран рухымен сөйлеген адам дұрыс сөйлейді. Онымен амал еткен кісі сөзсіз сый-сыяпатқа бөленеді. Кімде-кім онымен үкім берсе әділдікпен үкім етеді. Кімде-кім оған шақырса, тура жолға шақырады», – деді. Ей, Ауар, сен де осы нақыл сөздерді жадында жақсы сақта!»¹⁹³.

Бұл хадис Құранның рухы мен маңызын, мазмұны мен ерекшеліктерін және оның қаншалықты сарқылмас қазына мен түгесілмес байлық екендігін нақыл сөзбен жеткізген соны хадис. Бұл он тоғыз бабтан тұрады.

1. баб: فِيهِ نَبَأُ مَا كَانَ قَبْلَكُمْ «Онда сендерден бұрынғылардың хабарлары бар».

Негізінде біз әлі күнге дейін өткен тарихтың тереңдерінде өмір сүрген елдер хақында көп мағлұмат білмейміз. Құран бізге өткен заманнан сөз қозғап, Нұх пайғамбардың елі, Һүдтің елі, Салихтің елі т.б. елдер жөнінде хабар берген. Алайда қазірге дейін еуропалық ғалымдар осылар жайлы Құранда айтылған ақиқаттарға мән бермеген. Бірақ археологиялық қазбалар арқылы хазіреті Лүттін елі, Салихтың елінің өмір сүргені анықталды.

Және Құран жоғарыда айтып өткеніміздей, Перғауынның Қызыл теңізге батып, денесі ғасырлар өткен соң теңіз жағалауына шығарылатынынан хабар берген-ді. Бірақ атеисттер, христиан мен еврейлер осы хабарды жоққа шығарып, тіпті күлкі етіп келген. Алайда Құран Перғауынның теңізге батуы ғана емес, оның кейінгі ұрпаққа ғибрат болу үшін теңізден шығарылуынан хабар берген. Қазіргі кезеңде сол табы-

¹⁹³ Тирмизи, Фәдәилул-Куран, 14; Ахмәд бин Хәнбәл 1\91.

лып, Британия мұражайына қойылған. Зерттеушілердің де нәтижесі Құранда айтылған Перғауынға дөп келеді. Бұдан да басқа Құранда айтылған тарихи әңгімелерді қазіргі тарихи деректер растауда. Бұдан кейін де растай бермек.

Хазіреті Пайғамбар (с.а.с.) умми-оқу-жазу білмеген адам. Ол Әһли кітаптың ешбір ғалымдарымен қарым-қатынас жасамаған. Тіпті, олармен тығыз араласқан жандар да хазіреті Пайғамбардың (с.а.с.) айтқан ақиқаттарын ұйып тыңдаған. Олардың арасында оның айтқан ақиқаттарын ертегі деп санағандар да болған. Сондықтан олар біз де ертегі білеміз деп кейбір батырлардың хикаяларын айтып, онымен күреспек болған. Заман өтіп, олардың ертегілері өткен заманның қалтарысында қалды. Ал Пайғамбарымыздың Құран арқылы айтқан ақиқаттары біздің заманымызға дейін жетті. Жетіп қана қоймай тарихшылардың қайнар көзіне айналды. Аллаһ Елшісінің басқа мұғжизаларын былай қойғанда, Құрандағы өткен тарих хақындағы ақиқаттары оның пайғамбарлығына дәлел ретінде жетіп асар еді.

2. *وَ خَبِّرْ مَا بَعْدَكُمْ*. «Онда сендерден кейінгілер хақында да хабарлар бар».

Құран сондай-ақ түскен кезінен бастап қияметке дейін болатын көптеген оқиғалар жайлы хабар береді. Заман ағымының теңіз толқындары секілді бірінен соң бірі үнемі ауысып тұруы жайлы Құран былай дейді: *«Ей, мұсылмандар! Егер дінге немқұрайдылықпен қарап, өз қара бастарыңның қамын ғана ойласаңдар, Аллаһ Тағала (сендердің орындарыңа) дереу жап-жаңа қауым әкеледі (Олардың дінге деген ынтасы алғашқылар тәрізді). Олар Аллаһ Тағаланы сүйеді, Аллаһ та олар-*

ды сүйеді. Олар мұсылмандар алдында аса кішіпейіл, ал кәпірлер алдында аса үстем де, беделді келеді. Олар Аллаһ жолында жиһат етіп, ғазуатқа шығады. Адамдардың тіл тигізіп, сынағандарына мойын бұрып, көңіл де аудармайды. Бұл – Аллаһ Тағаланың қалағанына берер ерекше шарапаты. Аллаһ – шарапаты мол, ілім иесі»¹⁹⁴.

Оқиғалар Пайғамбарымыздың «алтын ғасырынан» бастап, Құран хабар бергендей күнімізге дейін жалғасып келген. Содан бері «елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан» демекші қаншама ел келіп, қаншама ел кеткен. Сахабалар, табииндар, Омяттар мен Аббаситтер одан кейін Қараханиттер, Селжуктар, оның артынан Османлылар келген. Бірі өз шырқау биігіне жетіп, құлап бара жатқанда бейне бір *«Егер Ол қаласа сендерді тастап, жап-жаңа халық әкеледі»*¹⁹⁵ аятын паш етіп құлаған. Абай Хақимнің сөзімен айтсақ: «Дүние – үлкен көл, заман – соққан жел, алдыңғы толқын – ағалар, артқы толқын – інілер, кезекпенен өлінер, баяғыдай көрінер». Заман ағымымен бірі келіп, бірі кетуінің мән-мағынасы мынау: Дүние көлінде заман-желдің айдауымен небір елдер келеді. Бірақ олар бейне бір ұзақтан жер-жаһанды жаңғыртып, арсылдап, гүрсілдеп келіп бекеттің ұйыған тыныштығын бұзып-жарып зулап өтіп бірте-бірте көз жетпес көкжиектің тұңғиығына қайта батып кеткен жүйрік пойыздардай тарихтың қанбас сахара шөліне судай сіңіп, түк болмағандай жұтылып кете бармақ. Осылайша бірі кетіп, бірі орнын басып, ол да ұзақ тұрмай тек қана бастауы мен ақыры болмаған, заман мен мекеннен пәк Мәңгі Ұлы Жаратушы Жаппар

¹⁹⁴ «Маида» сүресі, 5\54.

¹⁹⁵ «Ибраһим» сүресі, 14\19.

Ие қалмақ. *«Жер бетіндегілердің бәрі де жоқ болуға құрдым, пәни дүние. Аса ұлы жомарт иесі Раббың ғана мәңгі қалады»*¹⁹⁶ аяты осының куәсі.

Исламның әлі толық қанат жаймай тұрып, болашаққа қатысты Ислам мемлекеттері хақында хабар беруі – Құранның мұғжизалығын көрсетеді. Бұл секілді хабарлар Құранда көп. Аталмыш мысал теңіздің бір тамшысы ғана.

3. *وَحُكْمٌ مَّا بَيْنَكُمْ* «Ол сендерге үкімші һәм үкімнің қайнары».

Құран алдымен мұсылмандардың одан кейін де күллі адамзаттың барлық мәселелерін шешетін әділ қазы һәм үкім қазынасы. Негізінде Құраннан басқа да әр түрлі жүйелер оның заңына ұқсауы мүмкін. Басқа заңдар да адамдарға пайдалы болуы мүмкін. Бірақ Құранда тепе-теңдік дәлме-дәл сақталған. Ол жалпының пайдасына лайық жүйе қойғанда, жалқының да алар үлесін олқы қалдырмаған. Һәм ол жеке адамның кейбір ерекшеліктерін ғана емес, тұтастай көңіл бөлген. Мысалы, адамның санасына сәуле түсіргенде оның жүрегін де, бойындағы сансыз сезімдерін де тәрбиелеуді мақсат еткен.

Ислам әлемінің өткен тарихына қарасақ, Құран жүйесінің қалай іске асып, сан ғасырлар бойы мұсылмандардың бақытты ғұмыр кешкеніне куә боламыз. Иншаллаһ, жақын заманда да мұсылман әлемінен Құранның рухын түсінген ғалымдар шығып, әлемнің шешілмеген күрмеулерін шешуде үлкен рөл атқарады деген сенімдеміз. Пайғамбарымыздың: *«Бір заман келеді. Сол уақытта Құран басқа қойнауда, мұсылмандар*

¹⁹⁶ «Рахман» сүресі, 55\27.

басқа қойнауда жүреді» деген, мұсылманның қаралы жылдары өтіп, мұсылмандардың Құранмен қайта табысар айт күні де жақын қалса керек. Сол уақытта әлем бейбітшілік шұғыласына малынып, Құранның үкімші екені қайтадан атқан таңдай жарқырап көрінер!

4. *وَهُوَ الْفَضْلُ لَيْسَ بِالْهَزْلُ* «*Ол ақиқат пен жалғанды бөлуші дара өлшем. Онда ешқандай бос, әзіл сөз жоқ*».

Бұны жоғарыдағы үкім бабының толықтырушысы деп түсінуге болады. Ол ақиқат пен жалғанды бөліп әділдікті танытушы. Һәм нақты да маңызды сөзді сөйлеуші. Онда зәредей де жөнсіз сөз жоқ. Сонымен қатар онда ешбір әзіл де жоқ. Жұмыр басты пенденің әдеби сөздері яки өлендерінде бір мәселені жеткізу мақсатында әзіл сөзді пайдалануы мүмкін. Алайда Құран мұндай нәрседен мүлдем пәк. Оның Ұлы Жаратушының кітабы болу тұрғысынан Һәм адамзаттың екі дүниелік бақыттылығын шешу үкімдерінде ешқандай әзілдің болуы мүмкін емес.

5. *مَنْ تَرَكَهُ مِنْ جَبَّارٍ قَصَمَهُ اللَّهُ*. «*Кімде-кім бір залымнан қорқып, Құранға деген сенім мен иманы әлсіресе, Аллаһ Тағала оны құрдымға тастар*».

Бұл жерде залым күштің зымияндығы артып, мұсылманның басына іс түскен қилы заманда, бас пайдасы мен жанын ойлап Құранға жат болып, алшақ кетсе, Хақ Тағала оны жермен-жексен етер. Яғни, ол мұсылман жай ғана мұсылман емес, Құранды зерттеп біліп, оны жан-жүрегімен сезініп, жылдар бойы онымен бірге ғұмыр кешіп, онымен дос болған шақта, кенеттен елде Құранға қарсы іс-әрекет басталып, оны жақын танығандарға деген зұлымдық артып, әлгі мұсылман өз басын ойлап, жан сауғалап Құранды тастап қашса,

міне осы кезде ол Құран досына деген опасыздық танытқаны үшін ақырында Қаһһар тағаланың қаһарына ұшырамақ.

Негізі осы сөздің астарында мынадай мағына бар: Егер мұсылмандар қилы заманда Құраннан алшақтап онымен амал етпей, сол үшін Аллаһ Тағала оларды жермен-жексен ететін болса, ел тыныш жай заманда ешбір себепсіз Құранға немқұрайдылықпен қарайтын болса, онда ондай мұсылман қоғамның жермен-жексені шығып, ұйыққа батары сөзсіз демек-дүр.

«Өлінің жаман жақтарын айтпаңдар»—Исламның негізгі қағидасы, бірақ, өкінішке орай, бірнеше ғасыр бойы мұсылмандар діні бөгде елдерден қорқып, олардың айтқанын жасадық. Олардың бізге жат құндылықтарын алып, өзіміздің төл құндылықтарымыздан бас тарттық. Кейбір ғалымдар Құранды бұрын түскен кітаптармен салыстырып, сын тағып, ел сеніміне күмән ұялатып, халықты одан алшақтатқан. Мұндай ғалымдар — әлі күнге дейін мұсылман арасында кешегінің ісін жалғастырып, еуропаға еліктеп, Құранға солардың берген бағасын беруді абырой, бедел көріп, өздерін елден ерекше санап, мұсылман әлемін Құраннан алшақтатпақ болған есалаңдар. Аллаһ Елшісінің «Құран ұят саналмай қиямет болмайды» және «Бір заман келеді. Сол уақытта Құран басқа қойнауада, мұсылмандар басқа қойнауада жүреді» деген болашаққа қатысты хабары әдеттегідей тура шыққан.

Хадисте айтылғандай сол бір заман да келіп мұсылмандар мен Құранның арасы қырық құлаш алшақтап, екеуі екі жақта қалып, ақырында мұсылмандар жалғыздықтың азабын тартқан. Сондықтан, олар

жалғыздықтың азабын ғана тартып қоймаған, Құранды тастағандары үшін жермен-жексен етілген.

Бұл жерде Құранға екі түрлі теріс қарау бар. Бірі – Құраннан қол үзіп, алшақтау. Екіншісі – тек қол үзіп қана қоймай, ондағы құндылықтарды басқа жерден іздеу. Мұсылмандар кейде біріне, кейде екеуіне де бірдей душар болған. Мына төмендегі келесі баб сол екінші жағдайды баян етеді.

6. وَمَنْ ابْتَغَى الْهُدَىٰ فِي غَيْرِهِ أَضَلَّهُ اللَّهُ «*Кімде-кім Одан басқа тура жол іздесе, Аллаһ Тағала оны адастырар*».

Құдай тағаланың адамды адастыруы әр түрлі жолмен іске асады. Сонда әлгі адам әсте-әсте жолдан ыға бастап, ақырында қалай адасқанын өзі де сезбей қалады. Мысалы, адасар адам әу баста өз дегендерін Исламның жаңа тың ойлары деп ойлайды. Кейіннен қалай күпірлік орға түсіп, ұйықтай шыр айналып ғұмыр кешкенін білмей де қалады. Исламның мәзһәб Имамдарына тіл тигізіп, сынаған жандар солардың бірі. Олар әлемдегі исі мұсылмандардың жүзде тоқсан бесіне үлгі-өнеге болған имам ғұламаларға тіл тигізіп, сынаған адам кейіннен сахабаларды одан әрі Ұлы Жаратушының жіберген ақырғы Елшісін «ол да біздей жай бір адам» деп сынға ала бастайды. Сондықтан ақыр соңында ол да біз секілді жай адам болғанына қарағанда ол да біз тәрізді қателеседі деген қортындыға келеді. Осылайша ол «*аңдамай сөйлеген ауырмай өледінің*» кебін киіп, өзін жарға жығады. Өйткені Аллаһ Елшісінің қателік жасауы (Аллаһ сақтасын!) – Ислам дінінде қателік бар деген мағынаға саяды. Барлық адам баласы қателік жасайды. Бірақ пайғамбарлардың қателігі біз секілді адамдардың жасаған қателіктеріндей болмайды. Олардың қателігі «*жақсы*» мен «*өте жақсы*» арасындағы

«жақсы үкімді» таңдау қателігі. Ал біз секілді жаман үкімді таңдаса, онда дін бұзылар еді. Енді біреулер де өзін ғалым танып, ақыр соңында Құранды сынға алып, одан қателік таптым деп жар салған. Енді біреулер де Құрандағы Құдай жарлықтарын сынға алған. Мысалы, әйелдердің орамал тартуы бүгінгі мәдениетке сәйкес келмейді, сондықтан біз салт-дәстүрмен, яки Еуропа құндылықтарымен жарқын болашаққа қадам басуымыз ләзім деп сынаған. Мұсылман әлемінде Ислам дінін Еуропадан оқып, қорғаған кейбір ғалымдар бар. Олардың Ұлы Жаратушының жарлығына мін тағып, ақыр аяғында тура жолды қазір Құраннан тыс іздеп, адасып жүргенін көреміз. Иә, *«Аллаһ Тағала кімде-кімді адастырса, оны ешкім тура жолға сала алмайды»*¹⁹⁷ дегендей, адам бір адасқан соң, ұйық тартқандай оралмас құрдымға жөнелмек.

Сондықтан, Хақ Тағала құндылықтарды тек Құраннан алып, оны арамызда үкімші, әділ төреші етіп, оған мойынсұнуымызды әмір етеді. Өйткені, ондағы үкімдер әзіл емес, шынайы да салмақты үкімдер. Одан қол үзгеннің де басына пәлекет жаумақ. Ал оны өзіне үкімші етіп, одан үкім алған қоғам да ешқашан қателеспек емес. Өйткені ол;

7. *وَهُوَ حَبْلُ اللَّهِ الْمَتِينُ. «Ол – Аллаһ Тағаланың ең мығым арқаны».*

«Бақара» сүресінде былай дейді: *«Дінде зорлық жоқ. Туралық пен адасу бір-бірінен айырылды. Кімде-кім адасуды теріске шығарып, Аллаһ Тағалаға сенсе, онда ол үзілмес берік тұтқаны ұстайды»*¹⁹⁸. Иә, кімде-кім Құранға толық берілсе, онда ол ешқашан үзілмес,

¹⁹⁷ «Ағраф» сүресі, 7\186.

¹⁹⁸ «Бақара» сүресі, 2\256.

шірімес, мықты арқаннан ұстайды. Сонда ол өмірдің небір шыр айналған құйын-дауылдары мен шықпас шырғалаң жолдарынан аман өтіп, бақыт бақшасының қақпасын тура табады.

Ол – көктен жерге түсіп бір ұшы адамдардың қолында бірі Ұлы Құдіреттің өзінде болып, жұмыр басты пенделерді құтқаруға түскен мығым арқан. Ол – Ұлы Жаратушының арқаны. Ендеше оның үзілуі мүмкін емес. Сол арқанды місе тұтпай, басқалардың жалған да пәни арқандарынан ұстағанның ақыры тұңғыық құрдым. «Жер бетіндегілердің бәрі де жоқ болуға құрдым, пәни дүние. Аса ұлы жомарт иесі Раббың ғана мәңгі қалады»¹⁹⁹ деп аятта айтылғандай, шыр етіп дүниеге келгелі өлуге бет алған қауқарсыз адамдардың өзіндік идеялары бұл ғұмырдың емтихан сахарасында шөлден қаталаған шарасыздардың сусынын қандырмақ емес. Тек Құран ғана жәннаттың Туба ағашындай көктен арқан-қолдарын ұзатып, шөлдеген жанның мейірін мәңгілік қандырмақ.

8. وَهُوَ الذِّكْرُ الْحَكِيمُ «Ол – хикмет пен зікірге толы сөз».

Зікір: Аллаһ Тағаланың есімін қайталау деген мағынамен бірге еске түсіру мағынасына да келеді. Хикмет: Хақ тағаланың бір сипаты. Бұл жерде адамдардың назарын көрінген әлем мен метафизикалық әлемге аудару қызметі жағынан Құранның ерекше есімі.

Құран – хикметтерге толы кітап. Адам баласы Құраннан ұғым-түсінігіне теріс келер еш нәрсе таба алмайды. Оның әрбір мәселесі ақылды қуаттап, адамның ой-өрісін дамытуға күш салады. Оның әр сөзінің аста-

¹⁹⁹ «Рахман» сүресі, 55\27.

рында сансыз хикмет қазынасы жатыр. Адам ақыл мен рух жағынан қаншама биіктерге көтерілсе де, бәрібір Құран шыңына жете алмайды. Оның шама-шарқына қарай жеткен биіктерінен қашанда Құран хикметінің тігіп кеткен байрағын көреді.

9. هُوَ الصِّرَاطُ الْمُسْتَقِيمُ «Ол – тұп-тура жолдың да нағыз өзі».

Адам Құранмен танысқанға дейін астамдық пен нұқсандықтан құтыла алмай, ақиқат деп өмір бойы сағым қуып, құнсыз ғұмырын босқа өткізген. Сондықтан да Аллаһ Тағаланың барлығы мен бірлігін және басқа да иман негіздерін тануда Құран негізгі ұстаз болғандықтан «сиратул-мустақим» яғни «тура жол» оның ерекше есімі аталған.

Ол – сенім негіздері мен құлшылыққа қатысты тақырыптарды ғана емес, сонымен қатар барлық қоғамдық, экономикалық, саяси, басқару тақырыптарында да адамдарды астамдық пен нұқсандыққа соқтығудан қорғаған көшбастаушы. Атеизмді алға ұстаған капитализм мен коммунизм секілді жүйелер астамдық пен нұқсандықтан айыға алмай, кейде адам орнына зат пен мүлікті бірінші орынға қойып, кейде қоғамның ғана пайдасын көздеп, жеке жандар тасада қалып, тура жолды теңдей алмаған.

Сондықтан адам баласына тура жол аса қажетті. Сол тура жолды тура жолдың өзі болған Құран ғана көрсете білген. Біздің күнде Жаратушы Жаппар Иеден қырық рет тура жолды тілеуіміздің сыры осы.

10. هُوَ الَّذِي لَا تَرْيَغُ بِهِ الْأَهْوَاءُ «Ол өзіне бағынғандарды нәпсілеріне бағынудан сақтайды».

Құран өзіне жақындық танытқан жандарға қашанда шам-шырақтай жарқырап, тура бағытын көрсетіп, адасудан сақтайды. Иә, жоғарыда да айтылғандай, ол «мығым арқан». Одан ұстаған бұл дүниеде де қабір мен мақшар әлемінде де сан қилы тосқауылдардан аман өтіп, жәннат мекеніне жетпек. Сондықтан да Құранмен Аллаһ Тағалаға бет бұрғандар нәпсі мен шайтанның барлық тұзақтары іске аспас, әскерлері ала алмас қалың камалға кіреді. Аллаһ Тағала бір хадис құдсиде: *«Кімдекім «Ләә иләһә иллаллаһ» десе, Менің қамалыма кіреді. Ал Менің қамалыма кірген жәннатқа кіреді»* дегеніндей, иман еткен мұсылман Құран қамалына кіреді. Сонда мұсылман өмірде астамдық пен нұқсандықтан ада, қауіп-қатерден аман, жолынан адаспай Хаққа жетеді.

Бұл жерде Аллаһ Тағала біздің Өзіне толық сенім білдіріп, Оған тәуекел етуімізді қалайды. Бірақ сол сеніміміз қалай болмақ?

Бұның ең төмені – қауіпті жерде ата-анасына сенген бүлдіршін бала секілді. Ата-анасының жанында бала қандай жағдайда болсын өзін сенімді сезінеді. Әрі бала ата-анасының өзін далаға тастамайтынын жақсы біледі. Тіпті оны көтеріп аспанға лақтырып ойнаса, бала қорқудың орнына шықылықтап күледі. Тым құрыса осындай сенім қажеттілігі осы бабта айтылған.

11. وَلَا تَلْتَمِسْ بِهِ الْأُنْسَانُ «Оның қорғанындағы тілдер мен сөздер де жаңылып, шатасуға душар болмайды».

Яғни, Құранды мықтап ұстансаңдар, діндеріңмен бірге тілдеріңді де сақтап қаласыңдар. Айтқандай-ақ, Құран – арабтардың тілін өркендетіп, әлемде үлкен беделге жеткізген кітап. Құран болмағанда араб тілінің қазіргі заманға дейін жетуі күмәнді еді.

Басқа бір мағына да оның негізгі өлшем болуы. Өмірде Құран әлемінен тыс өлшеммен жазылған кітаптар бар. Мысалы, еуропа, ежелгі грек және атеистік философиялар адамның шектеулі өлшемімен жазылған ойлар. Адам баласы бұл кітаптарды оқығанда, оларға Құран өлшемімен баға бермесе яки оларды оқымас бұрын санасын Құрандық өлшеммен уыздандырып алмаса, ой-пікірлері соларға қарай ауып, бірте-бірте шатаса беруі әбден мүмкін. Қазіргі кездегі сан жылдар бойы тек қана батыс пәлсапасын яки атеист қисынын оқып, содан ақыл азығын алып, санасы солай қарай қалыптасқан қаншама елдің зиялысы өздерін мұсылман санағанымен Ислам туралы сөз қозғағанда оған сол бұрынғы қалыптасқан «пенделік өлшемдермен» баға беруде.

Қазіргі кездегі кейбір өздерін мұсылман санаған бұрыс ағымдар да алдымен өздері, яки жасырын біреулер арқылы идея құрып, оны Құран аяттарымен қуаттауда. Алайда мұсылмандық бір басқа да, мұсылман болу басқа нәрсе. Яғни, біреу өзін мұсылманмын деп, бірақ ой-санасы пенделік идеялармен қалыптасып, әлемге өзін солай танытса – оған мұсылмандықтың қандай кінәсі бар? Мұсылмандық мінез ол – Құран мінезі, Құран өлшемі. Кімде-кім өзін мұсылман санап, бірақ Құраннан тыс өлшеммен жүрсе, ол нағыз мұсылман емес! Мысалы, Құранда *«Кімде-кім жазықсыз бір адамды өлтірсе, ол жер бетіндегі барлық адамды өлтіргенмен бірдей»*²⁰⁰ деген өлшем бар. Сондықтан, кейбір мұсылмандар атынан көрінген ұйымдар жер бетінде кісі өлтірушілік әрекеттер жасауда. Міне, бұлардың алдымен санасы,

²⁰⁰ «Маида» сүресі, 5\32.

одан кейін тілдері шатасқан. Оның ақыры қылмысқа соқтырған.

12. وَلَا يَشْعُ مِنْهُ الْعُلَمَاءُ «Ғалымдар оған еш уақытта тоя алмас».

Дұшпандар оны көре алмай күндесе де, надандар оны түсінбесе де ол әрқашан ғалымдардың тәжі болып, Имам Ағзам, Имам Шафиғи, Ғазалилер тұрса қолынан тастамай, жатса қастерлеп жастығының бас жағына қойған. Олар оны бірнеше күнде хатым етіп, ал кейбірі Рамазанда күндіз бір рет, түнде бір рет хатым еткен. Бірақ олар сонда да тою дегенді білмеген.

Олар Құран оқыған кезде оның рухына терең бойлап, ғажайып күй кешкен. Әсіресе, тарихи әңгімелерді оқыған уақытта сол заманның өмірін бейне бір экраннан көріп тұрғандай, тіпті даусын естігендей жақыннан сезінген.

Иә, Құран ілімін терең біліп, оған өзін жақын сезінгендер оның тылсым сырларына қаныға алады. Бірақ Құранның басқа тілдегі мағыналық аудармасын оқып, зерттеген адам көп нәрсе ұға алмайды. Абайдың орыс тіліне аударылған қара сөзінен сіз не ұғып сезіне аласыз? Жұмыр басты пенденің сөзі осылай болса Жаратушының сөзі қандай болмақ?

Құран сөздері мағынаға жабылған шапан емес. Ол сөздер оның бейне бір терісі. Терісін алғанда ғажайып болып көрінгенмен, бәрібір дәрежесі тым төмендеп кетеді. Өйткені, ол Құран емес, көп болса айнасы ғана. Айнаға түскен күннің шағылысы мен күннің өзі бір бола алмайды. Ендеше, Құран мен басқа тілдегі аударманың да айырмашылығы осындай.

Сондықтан оған қана алмаған ғалымдар оны өз тілінде оқығандар. Оны олар оқыған уақытта оны бейне

бір Жебірейілден естігендей сезінген. Кейде тіпті Хақ тағаланың Құранды уахи етіп, Жебірейілге оқығанын естігендей күй кешкен. Өйткені олар Құран теңізінде еркін жүзген ерекше жандар.

Осы бабты Мұнауи қари деген кісінің мына әңгімесімен аяқтап, келесі бабқа көшелік:

Бір медреседе бір бала Құран қариы болу үшін түнімен ұйықтамай Құран жаттап жүреді. Бірақ таңертең дәрісте өң-түсі өзгеріп, реңі қашып отырады. Ұстазы шәкіртінің бұл халін байқап жүреді. Баланың ұстазы жай ұстаз емес, оған өнегелік еткен рухани жетекшісі еді. Бірде сол шәкіртінің жағдайын жанындағы балалардан сұрайды. Олар: «Ұстаз, ол шәкіртіңіз күнде түнімен таңға дейін көз ілмей, Құранды бастан-аяқ хатым етіп шығады», – дейді. Ұстазы шәкірті Құранды бастан-аяқ оқып қиналмасын деп оны қасына шақырып алып: «Балам! Сен Құранды заулатып оқи берме. Сен оны жаңадан түскендей баппен оқы. Бүгіннен бастап Құранды заулатып емес, менің алдымда тұрғандай оқы», – деп насихат береді. Сонда әлгі алғыр шәкірт ұстазының айтуымен сол түні солайша Құран оқып, таңертең ұстазына келіп: «Ұстаз! Бұл түні Құранның жартысын ғана оқи алдым» дейді. Ұстазы сонда: «Жарайсың, балам! Енді осы түні Құранды Аллаһ Елшісінің (с.а.с.) құзырында тұрғандай оқы», – дейді. Шәкірті іштей: «Пайғамбарымызға Құран түскен. Ендеше, оның алдында Құранды аса сақтықпен оқуым керек» деп түйеді. Ертеңіне ұстазына Құранның төрттен бірін ғана оқи алғанын айтады. Ұстазы шәкіртінің ынта-жігері мен қабілетін байқап, оның ілім деңгейін арттыру мақсатымен: «Енді осы түні Жебірейілдің Құранды Пайғамбарымызға әкеліп жатқанын естігендей етіп оқы», – дейді. Шәкірті

ертеңіне келіп: «Ұстазым, бүгін бір сүре ғана оқи алдым», – дейді. Сонда, ұстазы ақырғы насихатын айтып: «Балам! Енді сен мекен мен заманнан ада, күллі жаратылыс атаулыдан пәк Ұлы Жаратушының құзырында тұрғандай оқы. Мынаны жадыңнан шығарма! Оқыған Құраныңды Аллаһ Тағала сөзсіз тыңдайды», – дейді. Таңертең шәкірті ұстазының алдына жылап келеді де: «Ұстазым, бүгін түнде Құранды әдеттегідей Фатиха сүресінен бастап *«Әлхамду лиллаһи Раббил-аламин. (Барлық мадақ пен мақтаулар әлемдердің Раббысына тән). Әр-рахманир-Рахим. (Ол – Рахман да Рақымды). Мәлики иаумиддин. (Қиямет пен дін күнінің Иесі)»* деген аятқа дейін оқыдым. Бірақ *«Ияка нағбуду»* (Тек Саған ғана құлшылық етемін) деуге қатты толқып, кібіртіктеп айтуға бір түрлі аузым бармады. Өйткені, мен Оған «Тек Саған ғана құлшылық етемін» деуім керек. Бірақ ойлап қарасам мына өмірде қаншама нәрсеге құлдық ұрып, қаншама нәрсеге бас иеді екенмін. Ал мен Ұлы Жаратушыны көріп, өзімді Оның құзырында тұрғандай сезінгенде «Саған ғана» деуге ұялып, не дерімді білмедім. Сондықтан сол аятты таңға дейін кібіртіктеп дұрыс оқи алмай, қайталай бердім», – дейді.

Ұстаздың шәкірті Құранды асқақ ғұламалардай өзінің жан-жүрегімен беріліп, ар-ожданында сезініп оқыған еді. Бірақ сол талантты шәкірт көп өмір сүре алмай, бір-екі күннен кейін қайтыс болған деседі.

13. *وَلَا يَخْلُقْ عَلَيَّ كَثْرَةَ الرَّدِّ* «Ол қанша қайталанса да ескірмейді. (Қарилар қайталаудан жалықпайды)».

Құран түскелі бері заманның жал-жал толқындары бірінен соң бірі жалғасып сан ғасырлар өтсе де ол әлі сол баяғыша жаңа түскендей тұп-тұнық. Бір ғалымның

сөзімен айтсақ «Заман көнеріп, қартайған сайын Құран жасаруда».

Дүниенің алып замана кемесі алға жылжып, адамдардың ой-өрісі дамыған сайын олардан келер ұрпақтарға өшпес мұра болып қалар туындылар тууда. Мысалы, басқа елді қойғанда біздің кешегі Махамбет жырлары мен Абай поэзиясы, бүгінгі Мұқағалидың қара өлеңдері жазу түрінде ғана емес, ауыздан ауызға тарап, көгімізде ән болып қалықтап, жылдан-жылға жаңғыруда. Һәм Абайдың қара сөздері мен ол жайлы жазылған Мұхтардың шығармалары да әлі күнге дейін қазақтың классикалық шаңырағының төрінде тұр. Бірақ осы алтын қазыналардың бәрі жұмыр басты пенденің өзіндік адами төл туындысы болғандықтан, көп қайталанса сөлі кетіп, жалығуға әкеліп соқтырады. Иә, адам өтпелі болған соң, оның төл шығармалары да жалған болмақ. Уылжып піскен жемістей алғашқыда шырын көрінгенмен, көп жегендіктен адамды жеріндірмек. Хазіреті Адамның заманынан бастап, ғасырлар қойнауында қаншама ғажайып алмас сөздер мен өлеңдер жарық көрді. Бірақ бәрі де өз ажал-күзі келгенде ажары кетіп, көнеріп, иелері секілді олар да келмеске кеткен. Құран ғана заман ағысы күшейген сайын, желкені желбіреп, қарқыны зорая түскен. Ол он төрт-он бес ғасыр бұрын түскенмен осы ғасырға түскендей, адамзат он төрт жасар баладай енді ғана оны ежіктеп оқи бастады. Осындай Құранды адам қанша қайталаса да жалықпас. Өйткені, өзге сөздер көп қайталанғанда сөлі кетсе, бұл қайталанған сайын, кәусар бұлақтай дәмі арта бермек.

Оныңкөнеруі, оныоқығанадамбаласыныңжалығуы есте мүмкін емес. Сахабалар Пайғамбарымыздан алған бойы жаттап алып, өмір бақи қайталаумен өткен. Бей-

не бір тау баурайындағы алғашқы көктемнің саф ауасындай құштарлана жұтып, жалығуды білмеген. Одан кейінгі табииндер де осылай оқып, кейбіреулері ұзақ түнде екі рет Құранды бастан-аяқ хатым еткен. Мысалы, Имам Ағзам Рамазан айында күндіз бір мәрте, түнде бір мәрте Құранды хатым еткен. Олар да солай өмірлері Құран оқумен өтіп, көз жұмарда оқығандарын азсынып, шәрбатына тоя алмай тамсанып кеткен.

Өмірде талай ғұламалар өз ой-өрісінің тереңдігіне қарай, оны түсінуге талпынып, ақырында оның ғажайып атмосферасына оранып: «Өмірде баспаған жер, шықпаған тау қалмады. Соңында бәрінің де жалған пәнилігін аңғардым. Сөйтсем, күллі ақиқат сенде екен ғой, сенде. Бірақ мен бейшара ақиқатты басқа жерден іздеп, текке шаршаппын» деп оған толық мойынсұнуда.

Ғасырлар бойы Құран хақында мыңнан астам тәпсірлер жазылды. Оны түсінуге тырысып, қаншама түсіндірмелер жазылды. Бірақ ешбірі оған тоя алмаған. Бұдан кейін де діни ілім мен жаратылыс ғылымдарына қатысты дана ғұламалар Құран аяттарын зерттеп, әлеммен байланыстырып жаңа тұжырымдар жазар. Алайда сол жазылған жаңа ой-жорамалдар мен жаңалықтардың бәрі де көнеріп, Құран сол баяғы жаңа қалпын сақтап, заманнан тыс өз тұғырында қала бермек. Иә, ол «Әзәлден келген бойы «әбәдқа», мәңгілікке қарай кетеді». Адам баласының ғұмыры күздің қара суығындағы шишасыз жанған май шамның білтесі тәрізді. Осы іспетті оның мәнді сезілген даналық сөздері де, күндердің күнінде толқын жұтқан кемедей із-түзсіз болмақ. Құран ғана «*Расында, Құранды Біз түсірдік, албетте, оны Біз сөзсіз сақтаймыз*»²⁰¹ деп,

²⁰¹ «Хижр» сүресі, 15\9.

Хақ Тағалаға уәде еткеніндей мәңгілікке сақтала бермек.

14 *وَلَا تَنْفُضِي عَجَائِبُهُ* «Оның адамдарды таңдандыру қасиетінің ақыры жоқ, шексіз».

Ол – ғалымдарды ғана емес, жай қарапайым адамдарды да өз дәрежелеріне қарай таңдандыратын кітап. Оны іштей беріліп оқығандар да, одан Құран ілімін жақсы білетін ғалымдар да таңдандыра мағына ұға алады. Бұл – оларға Аллаһ Тағаланың ықыластарына қарай берген хикмет сыйы.

Осы баптағы сөз болашаққа да қатысты айтылған. Қазіргі заманда қоғамдық, экономикалық т.б. салалар дамуда. Жаратылыс ғылымдары да ғалам ақиқаттарының қақпасын қағуда. Демек, иншаллаһ, болашақта Құранды қайта қолға алып, одан әлемнің тылсым сырларының кодтарын тауып, жаратылыс құпияларын ашады да, оның түгесілмес қазыналығына куә болып, одан әрі қарай тереңдеуді жалғастыра түседі. Бірақ олар оның мән-мағынасының шыңына жете алмай, қашан да етегінде саяхат етіп, таңданып *«Егер Раббымның сөздерін жазу үшін теңіз сия болса, тіпті тағзы сондай (теңізбен) қуаттасақ, теңіз тауысылып бітер еді де, Раббыңның сөздері бітпес еді»*²⁰² аятын қайталар еді. Бұл болмыс әлемі Оның жалпы кітабы болса, сол әлемнің үлкенді кішілі бөлшектері Оның сөздері. Сондықтан да ғаламның жанды-жансыз болмыстары, заңдылықтары мен жүйелері Құранда жеке-жеке сөз болып орын алған. Міне, осылар Құран арқылы иманға айналып жан-дүниемізге құйылып, бізді таңдандырмақ. Құран әлем атты кітаптың шек-

²⁰² «Кеһф» сүресі, 18\109.

сіз аудармасы болғандықтан да оның мағынасы бітпек емес-дүр.

هُوَ الَّذِي لَمْ تَنْتَهُ الْجِنَّ إِذْ سَمِعْتَهُ حَتَّىٰ قَالُوا إِنَّا سَمِعْنَا قُرْآنًا عَجَبًا 15. «Оны жындар да естіген кезде: «Біз тура жолды көрсеткен ғажайып және ешқашан естімеген Құран естідік. Біз оның (Аллаһтың сөзі екіндігіне) сендік» деп таңданысын жасыра алмаған».

Бұл баптағы таңданыс сөзінің де жоғарыдағы бабпен қатыстылығы байқалады. Демек, жындар да оған қатты таңданып, бұрын-соңды болмаған ғажайып күй кешкен. Демек, бізбен қатар параллель әлемде ғұмыр кешкен жындар да Құранның Ұлы Жаратушының ұлылығы мен жаратылыстың тылсым сырын қамтыған ұлы қазыналығын сезе білген. Сезумен ғана шектелмей «Ар-ожданымызда Құранды қабыл еттік» деп нағыз мұсылман болған.

Тәпсіршілер жындардың осы мәселесін былай жеткізеді: Аллаһ Елшісіне уахи келгенге дейін жындар көгілдір көктің қақпасынан тың тыңдаған. Күндердің бір күнінде олар сол қақпадан тас жауып, қудаланады. Сол кезде Пайғамбарымыз Мекке халқынан опа таппай Тайыфқа барған еді. Қайтарда Нахыл қойнауында түнеп, таңғы шапақта Құран оқып отырған. Насибин жындарының үлкендері осы уақыттарда жер бетін шарлап, жерде аспан әлемі жабылып қудалардай қандай ерекше өзгеріс болғанын іздеген кездері еді. Сонда Нахыл қойнауынан Аллаһ Елшісінің Құран оқығанын көріп, жер мен көктегі өзгерістің сырын сонда ұғады. Олар дереу Құранды ден қойып тыңдап, қауымына қуанышпен оралады. Бұл жерде айта кетер бір жайт – хазіреті Мұхаммедтің (с.а.с.) адамзатқа ғана емес, со-

нымен қатар күллі жын затына да пайғамбар болуы. Ол жындарға да жіберілген пайғамбар болғандықтан Хак Тағала олардың да Құран оқуын қалаған еді. Әмірге мойынсұнған Аллаһ Елшісі жындарға Құран оқығанды. Естіген жындар оны айнала қоршап алып, бір-біріне «тыныштық сақтаңдар» деп ескертіп, Құранды аса құрметпен тындап, қауымына оралған кезде: *«Ей, халқымыз! Шын мәнінде біз Мұсадан кейін түсірілген және өзінен бұрынғы кітаптарды растаушы, сондай-ақ шындыққа және тура жолға салатын Кітап тыңдадық. Ей, халқымыз! Аллаһ жолына шақырған осы елшінің шақыруын қабыл алыңдар. Сонда Аллаһ Тағала да сендерді жарылқап, күйзелтуші азаптан қорғайды»*²⁰³ дейді.

Құранда айтылғандай жындар да Құранды естіп, сын тағып, қасарыспай, дереу иман етіп, Исламды басқаларға жеткізу үшін қарқынды қимылға көшкен еді.

16. مَنْ قَالَ بِهٖ صَدَقَ «Құран рухымен сөйлеген адам дұрыс сөйлейді».

Адам сөз нәрін Құраннан алып, оны негіз етіп сөйлесе жөн сөйлейді. Құраннан тысқары сөз иесі жалғанның жарын жағалайды. Сондықтан әрбір сала қурамас алып бәйтерек болғысы келсе, тамырын Құранға жаюы шарт.

Аллаһ Елшісі бір хадисінде туралыққа қатысты: *«Туралықтан айрылмаңдар. Туралық сендерді жақсылыққа, жақсылық жәннатқа апарады. Кісі тура болып, туралықты іздесе, Аллаһ әмірімен турашылдар қатарына жазылады.*

²⁰³ «Ахқап» сүресі, 46\30-31.

Жалғаннан сақ болыңдар. Жалғандық адамды күнәга, күнә жәһаннамға апарады. Кісі үнемі жалған сөйлеп, жалғанды іздесе, Аллаһ жарлығымен өтірікші кәззиптардың қатарына жазылады» – деп әмір етеді²⁰⁴. Шамасы қазақта «Тура биде туған жоқ» нақыл сөзі де осыдан қалса керек.

17. *وَمَنْ عَمِلَ بِهِ أُجْرًا «Онымен амал еткен кісі сөзсіз сый-сыяпатқа бөленеді».*

Құранмен амал еткен адамның алғашқы бөленген сыйы – қараңғылықтан құтылып, илаһи рақымдылық аталған бақыттылық тұғыры тура жол. Құран қашанда нұрлы ақыл мен жарқын жүректерді тура жолдан адастырмас шам-шырақ.

Келесі сыйы – «салих амал» аталған ізгілік істер. Артында өшпес із, ақыретте көшпес іс Құран арқылы ғана болмақ. Одан өзге із бен істер құмға басылған таңба тәрізді. Бүгін бар, ертең жоқ.

Ақырғы сый – сол ізгілік істердің ақыреттегі жемістері: Құранда Аллаһ Тағала: *«Иман етіп салих амал, ізгі іс жасағандарды ішінен сарқырап өзендер аққан, өздеріне тән жәннаттармен сүйіншіле»*²⁰⁵ дегеніндей мәңгілік түгесілмес бақытқа қолы жетпек.

18. *وَمَنْ حَكَمَ بِهِ عَدْلًا «Кімде-кім онымен үкім берсе әділдікпен үкім етеді».*

Кімде-кім оны үкімдеріне өлшем, негіз етсе әділдікпен үкім етеді. Аллаһ Тағала Құранда хазіреті Мұхаммед (с.а.с.) пайғамбарға: *«Біз осы әмірді олардың арасында Аллаһтың түсіргенімен үкім етсін деп түсірдік. Ендеше, олардың айтқандарына ерме».*

²⁰⁴ Бухари, Әдәб, 69.

²⁰⁵ «Бақара» сүресі, 2/25.

Аллаһ Тағаланың түсірген үкімдерінен бір бөлігін болсын бұрмаламауларын ескерт»²⁰⁶ деп бізге әрбір мәселеде Құранды негіз етіп алуын әмір етіп, адамдар арасында әділетті болуға шақырады. Басқа бір аятта да Пайғамбарымызға: «*Үкім берген кезде (Құран шеңберінде) әділдікпен үкім бер. Өйткені, Аллаһ Тағала әділдікпен үкім еткендерді жақсы көреді*»²⁰⁷ дейді.

Құранда негізгі мақсаты жер бетіне әділдік орнатып, ақиқаттың байрағын әлем көгіне тігу. Сондықтан да оның шеңберінде жүргендер ақиқаттан адаспақ емес.

19. وَمَنْ دَعَا إِلَيْهِ هَدَىٰ إِلَىٰ صِرَاطٍ مُسْتَقِيمٍ «*Кімде-кім оған шақырса, тура жолға шақырады*».

Бір адам бұл менің өмірімнің мәні. Егер адамдарды тура жолға шақырып, оларды қараңғылықтан нұрға шығаруға арқау болуға атсалыспай, өз басымды ғана ойлап күн кешсем, онда өмірім бекершілік деп халықты Құранға шақырса онда ол адам тура жолға жетеді. Негізі тура жолға жетудің жолы да осы.

Тура жол – Хақ тағаланың жолы. Оған жеткізер дара жол. Бұл күллі пайғамбарлар мен оның үмбеттерінің жүрген жолы. Кімде-кім өзінің тура жолда жүргенін аңғарғысы яки одан таймаудың жолын кепілдікке алғысы келсе, Құран жүгін арқалап, халықты оның жолына шақыруы ләзім. Құранда Аллаһ: «*Маған берген сөздеріңде тұрыңдар. Сонда Мен де сертімде тұрамын*» дейді. Басқа аятта да: «*Ей, иман келтіргендер! Егер Аллаһ Тағаланың (дініне) жәрдем етсеңдер, Ол да сендерге жәрдем етіп, аяқтарыңды мықтайды*» дейді.

²⁰⁶ «Маида» сүресі, 5\49.

²⁰⁷ «Маида» сүресі, 5\42.

Иә, Құранды мұсылмандар өз өмірінің негізгі діңгегі етіп тұрғанда, түпкі мақсатына қашанда сау-саламат жетпек. Ал қай уақытта одан алшақтаса ескексіз қалған қайықтай соққан желдің айдағанына көніп, басы ауған жағына кете барып, жоғарыда айтылғандай мешіттің өзін де дау тудыратын мекенге айналдырмақ.

ҚҰРАНЫҢ ӨЗГЕ ДЕ ЕСІМДЕРІ

Хазіреті Мұхаммедке (с.а.с.) түскен ақырғы қасиетті кітаптың «Құран» есімінен басқа де есімдері бар. Алайда «Құран» есімі солардың арасындағы ең көп қолданылған есім. Құранның басқа атаулары Құранда көп берілген. Бұлардың кейбірі есім болса, кейбірі сипаттары. Кейбір ғалымдар Құранның өзге есімдері тоқсанға жуық десе де, Зәркәшидің «әл-Бурхан» кітабында Құранның елу бес есімі бар екендігін айтады²⁰⁸. Біз бұлардың кейбірімен танысайық:

1. әл-Китаб. Бұл сөз Құранда екі жүз отыз мәрте кездеседі. *«Міне, осы Кітапта күдік жоқ, тақуалар үшін тура жол көрсетуші»*²⁰⁹.

2. әл-Фурқан. Ақиқат пен жалғанды айырушы, бейбіт мағынасына саятын бұл сөз Құранда алты мәрте кездеседі. *«Күллі әлемге ескертуші болу үшін құлына Фурқанды түсірген Аллаһ Тағала аса жоғары»*²¹⁰.

3. Нур, Мубин. *«Расында, сендерге Аллаһтан нұр және «мубин» ашық кітап келді»*²¹¹.

Құранда бұдан басқа да есімдер бар: Кәләм, Һуда, Рахмәт, Шифа, Тәнзил, Уахи, Баян, Хақ, Адл, Буш-

²⁰⁸ Зәркәши, әл-Бурхан, 1. 273бет.

²⁰⁹ «Бақара» сүресі, 2\2.

²¹⁰ «Фурқан» сүресі, 25\1.

²¹¹ «Мәида» сүресі, 5\15.

ра, Қасас, Азиз, Хикмәт, Хаблуллаһ, Рух, Мухәймин, Қайим, Зикр, Бәләғ, Мәжид, Уммул-Китаб т.б.

ҚҰРАННЫҢ ХАДИС ҚҰДСИ МЕН ХАДИС ШӘРІПТЕН АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ

Құранның анықтамасын жоғарыда бердік. Бірақ Құранның сол екі түрлі хадистен айырмашылығы:

Хадис шәріп: Хазіреті Мұхаммедке (с.а.с.) қатысты нәрселер. Бұлар сөзі, жасаған іс-әрекеті, құптап, мақұлдағандары. Сөзіне мысал: *«Жасалған іс-әрекеттер ниетке байланысты»* хадисі осыған дәлел. Іс-әрекетіне мысал, Пайғамбарымыз: *«Менің намаз оқығанымдай етіп намаз оқыңдар»* деп көрсеткен амалдары. Құптау, мақұлдауы: Сахабалар өздігінен Исламға қатысты бір іс жасағанда егер ісі дұрыс болса, хазіреті Пайғамбар оны құптап, мақұлдаған нәрселері.

Хадис құдси: Бұл хазіреті Мұхаммед (с.а.с.) пайғамбардың Аллаһ Тағаланың жарлықтарын бізге жеткізген хадистері. Хазіреті Пайғамбар бұл жерде «рауи» – жеткізуші міндетін атқарады. Яғни, Аллаһ Тағаланың жарлықтарының мағынасын өз сөзімен жеткізеді. Мұндай хадистер былай басталады: *«Аллаһ Елшісі былай дейді: «Аллаһ Тағала былай дейді»* деп әрі қарай баян етеді. Бұл жерде Аллаһ Тағаланың Өзі Өз атымен *«Ей, құлдарым!»* деп жарлық айтады. Мысалы, *«Ей, құлдарым! Мен зұлымдықты Өзіме харам еттім. Оны сендердің араларыңда да харам қылдым. Ендеше, бір-бірлеріңе зұлымдық жасасаңдар»*²¹².

Құран мен хадис құдсидың айырмашылығы

²¹² Муслим, Бирр, 55.

Құран мен хадис құдсидың арасында айырмашылық бар. Біз оның ең маңыздысын ұсынамыз:

1. Құран – бастан-аяқ мұғжиза. Ол арабтарға осыған ұқсас сөз келтіріндер деп күреске шақырып, ұқсасын келтіруге олардың шамасы келмеген. Яки, соған ұқсас он сүре, не болмаса бір сүре. Әрі ол сол замандағы арабтарды ғана емес қияметке дейінгі адамзатты күреске шақыруда. Ал хадис құдси болса, онда ешқандай күреске шақыру мәселесі жоқ.

2. Құран Кәрім бастан-аяқ мүтәуәтүр, яғни бұлтартпас хабарлар. Оның ешбір аятынан ешқандай адам күмәндана алмайды. Ол бізге миллиондаған қари мен әр ғасырда жазылған миллионнан астам түпнұсқалары арқылы жеткен. Хазіреті Оспан заманында жазылған Құран мен қазіргі Құран арасында бір әріп те болсын өзгешелік жоқ. Хадис құдсиге келсек, ол түгелдей бұлтартпас хабар арқылы жетпеген. Олардың кейбірі «ахад» (жалғыз) жолмен, кейбірі «сахих» (мығым, нақты), кейбірі «хасан» (орта) жолмен, кейбірі «әлсіз» жолдар арқылы жеткен.

3. Құранның мағынасы да, сөзі де Аллаһ Тағалаға тән. Оның мағынасы да сөзі де уахи етілген. Хадис құдсиге келсек, оның мағынасы Аллаһтан, сөздері хазіреті Мұхаммед (с.а.с.) пайғамбардыкі. Ол Аллаһ Тағаладан алған жарлықты өз тілімен жеткізген. Яғни, хадис құдси – Аллаһ Тағаланың жарлығын уахи арқылы білдірген мағыналар.

4. Құран оқылуы ғибадатқа жатады. Ол намазда оқылады. *«Құраннан жеңіл келгенін оқыңдар»*²¹³. Сондықтан оның хадисте айтылғандай оқылуы ғибадат саналып, оқығанына қарай Аллаһ Тағала сауап береді.

²¹³ «Мүзәммил» сүресі, 73\20.

Хадисте былай айтылады: «Кімде-кім Аллаһтың кітабынан бір әріп оқыса, оған сауап жазылады. Ол он сауап дәрежесінде. (Кейбір сүресінің басындағы әріптерді) «әлиф, ләм, мимді» бір әріп демеймін. Керісінше, әлиф (ә), бір әріп, ләм (л) бір әріп, мим (м) бір әріп»²¹⁴. Һәм хадис құдси намазда оқылмайды. Аллаһ Тағала оның оқылуына қарай жалпы сауап береді. Әрі хадисте айтылғандай оның бір әрпіне он сауап берілмейді.

ХАДИС ҚҰДСИ МЕН ХАДИС ШӘРІПТІҢ АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ

Хадис шәріп екіге бөлінеді: «Тәуқифи бөлім»: Бұл мазмұнын уахиден алып, адамдарға өз сөзімен баяндаған хадис. Мұның мағынасы мен мазмұны Аллаһтан келсе де, Елшісіне қатысты етіп айтуға болады. Өйткені, бұл жерде Аллаһ Тағаланың өз атымен айтқан жарлығы жоқ. Екіншісі «Тәуфиқи бөлім». Бұл хазіреті Елшінің Құраннан түсінгеніне қарай үкім шығаруы. Егер берген үкімі дұрыс болса, уахи келіп қуаттайды. Ал егер қателесе, уахи келіп дұрыстайды. Хадистың бұл бөлімі ешқандай Аллаһ жарлығына жатпайды. Мысалы, Бәдір соғысында жетпіс пұтқа табынушы қолға түскен еді. Хазіреті Мұхаммед (с.а.с.) оларға қандай үкім беру хақында сахабалармен ақылдасты. Әбу Бәкір тұтқындардан бодау алып босатылуын, ал Омар оларды өлтіру қажеттілігі жайында пікір білдірген. Аллаһ Елшісі (с.а.с.) Әбу Бәкірдің көзқарасын дұрыс деп тапқан. Сол кезде Аллаһтан берілген үкімнің дұрыс еместігін білдірген уахи келген: «Ешбір пайғамбарға жер жүзінде жауға өктем келіп, жеңіске жеткенге дейін тұтқын ұстау жараспайды. Сендер дүниенің фәни

²¹⁴ Тирмизи.

пайдасын ойлайсыңдар. Аллаһ (сендерге) ақыретті қалайды. Аллаһ өте үстем, аса хикмет иесі. Егер Аллаһтан алдын ала беріліп қойған үкім болмағанда, (тұтқындардан бодау) алғандарың үшін үлкен азапқа душар болар едіңдер»²¹⁵.

Сондықтан оның берген үкімі я расталып, не болмаса дұрысталғандықтан уахи шеңберіне кіреді. Құранда: *«Оның айтқандары көкейіне салынған уахи ғана»²¹⁶.*

Хадис құдсиге келсек, ол мағынасы Аллаһтан болып, хазіреті Мұхаммедке (с.а.с.) уахи жолдарының бірі арқылы жеткен хадистер. Бірақ сөздері Елшінікі. Оның мағынасы жағынан Аллаһ Тағалаға тиесілі етеміз. Егер сөздері де Аллаһ Тағаланыкі болғанда Құраннан айырмашылығы қалмай, мұғжизалыққа иелік етіп, оқылуы да ғибадат болар еді²¹⁷.

²¹⁵ «Әнфал» сүресі, 8:67–68.

²¹⁶ «Нәжім» сүресі, 52\4.

²¹⁷ «Мәннән, Мәбәһис», 28 бет

ЕКІНШІ ТАРАУ

«Расында, Құранды Біз түсірдік, әлбетте, Біз оны сөзсіз сақтаймыз».

«Хижыр» сүресі

«Алланың өзі де рас, сөзі де рас. Рас сөз еш уақытта жалған болмас».

Хақим Абай

АЯТ

1. Сөздік мағынасы: «Аят» сөздікте ишарат, анық белгі, дәлел, мұғжиза, нышан, ғибрат мағыналарына саяды²¹⁸. Негізінде Аллаһ Тағаланың барлығын танытқан әрбір зат аят болып саналады. Өйткені, мына ғаламзат жоқтан жаратылған. Ендеше, оның әрбір бөлшегі яки атомы Жаратушысына куәлік етеді. Әрі сол әрбір бөлшек яки атом қозғалады. Демек, әрбір қозғалған нәрсе Ұлы Жаратушының қозғаушы құдіретін танытпақ. Һәм әлемнің әрбір бөлшегі сәт сайын өзгеріп, түрден-түрге енуде. Олай болса, әрбір қайталанбас ғажайып түрден-түрге енген бөлшек-дара Ұлы Жасаушысына айғақтық етуде. Әрбір атомның сансыз бөлшектері Ұлы Жаратушының басқан мұғжизалы мөр аяттары. Құранда бұл сөз жекеше, көпше түрінде 382 мәрте кездеседі. Аталмыш осынау мағыналарды Құраннан көруге болады:

а. Мұғжиза: *«Исрайыл ұрпақтарынан сұра. Оларға қаншама анық аяттар бердік»²¹⁹.*

²¹⁸ Ибн Манзур, Лисанул-араб, «аиа» бабы.

²¹⁹ «Бақара» сүресі, 2\211.

ә. Ишарат, белгі: «Оның сендерге басшы екендігінің аяты сендерге сандықтың келуі»²²⁰.

б. Дәлел: «Көктер мен жердің жаратылуы мен түн мен күннің алмасуында сөзсіз көкірек көзі ашық жандар үшін аяттар бар».

в. Ғажайып іс: «Мәриямның ұлын да, анасын да аят еттік»²²¹.

г. Ғибрат. «Әлбетте, мұнда бір аят бар. Бірақ сонда да басым көпшілігі сенбейді»²²².

2. Терминдік мағынасы: Сүрелердің ішінде басы мен ақыры болған, яки бір немесе бірнеше сөйлемнен құралған сөздер жиынтығы²²³. Өйткені, Құран аяттары әрі мұғжиза, әрі Пайғамбарымыздың пайғамбарлығына дәлел, һәм көкірек көзі ашық, адамдар үшін ғибрат және естігенді таңдандырар нәрсе, әрі тура жол дәлелдері. Демек, әлемде жалпы Ұлы Жаратушыны танытқан екі аят бар. Бірі – жаратылыс аяты. Екіншісі – Аллах тағаланың түсірген сөз аяты.

АЯТТАРДЫҢ ОРНАЛАСУ ТӘРТІБІ

Құрандағы аяттардың орналасуы салыстырмалы түрде емес. Аяттар толығымен «тәуқифи». Яғни, Аллах Елшісі яки сахабалар түскен аяттарды белгілі бір тәсілге сүйеніп орналастырған емес. Оның әрбір әрпінің өзін Аллах Тағаланың бұйрығы бойынша Жебірейіл хазіреті Мұхаммед (с.а.с.) пайғамбарға айтып, орналастырған. Мысалы, Жебірейіл Мәдинада әкелген бір аятты Аллах Елшісіне әкелгенде мұны Меккеде түскен сүренің ортасындағы пәлен аяттан кейін қой дегені секілді.

²²⁰ «Бақара» сүресі, 2\248.

²²¹ «Мүминүн» сүресі, 50.

²²² «Шұғара» сүресі, 158.

²²³ Зәркәши, 1 том, 266 бет.

Аяттардың орнын ауыстыру дұрыс емес. Жебірейілдің әкелген аяттарын Аллаһ Елшісі сахабаларына оқып, жаздырып отырған. Әрі Пайғамбарымыз және сахабалар намазда, насихат айтқанда қайталап отырған. Және әр жылы Рамазан айында Жебірейіл келіп, сол жылға дейінгі түскен сүрелерді бастан-аяқ хазіреті Мұхаммед (с.а.с.) пайғамбардан тыңдаған. Қайтыс болар жылы Рамазан айында хазіреті Пайғамбарымыз Құранды екі рет қайталап оқыған. Осы мәселе Исламда «Арза» деп аталады²²⁴. Пайғамбарымыз Жебірейіл арқылы орналас-тырған аяттар мен қазіргі аяттар арасында ешқандай айырмашылық жоқ²²⁵.

Ең ұзын аят «Бақара» сүресінің 282-ші аяты. Ең қысқа аяттар Ясин, 36\1; Рахман, 55\1,64; Мүддессір 74\21; Фәжр 89\1; Дұха 93\1; Асыр 103\1. Құрандағы сөздердің саны 77934 екендігі анықталған²²⁶.

Құран аяттарының саны шамамен 6200 яки Ибн Аббастан келген хабар бойынша 6600 аят бар. Сонда да қырағат ғалымдары арасында 6204, 6214, 6219, 6225, 6236 дегендер де болған. Бұл жерде аяттардың неге әр түрлі саны болғандығын айта кетелік:

1. Сүрелердің басындағы «Бисмиллаһир-Рахманир-Рахимды» кейбір ғалымдар аят санаса, енді біреулері аят санамаған. Яғни, негізінде «Бисмиллаһир-Рахманир-Рахим» аяты сүренің ішінде бар. Міне, кейбір ғалымдар сүре ішіндегі осы аят жүз он үш сүренің басына тәбәрік үшін қойылған дейді. Сондықтан, қайталанып қойылған ол сүре бастарында түскен аят болып есептелмейді дейді. Екінші бірі «Бисмиллаһир-Рахманир-Рахим»

²²⁴ Зәркәни, Мәнәһил, 1 том, 239-240 беттер.

²²⁵ Сонда.

²²⁶ Суат, Куран илимлеріне гириш, 41 бет.

сүре ішінде бар. Бірақ ол сүре бастарына тәбәрік үшін қойылмаған. Сол сүрелермен бірге қайталанып уахимен түскен дейді. Сондықтан ол қайталанса да уахимен келгендіктен аят санының қатарына жатады дейді.

2. Кейбір ғалымдар бір аяттың аяқталған жерін «соңғы нүктесі» деп қабыл етсе, кейбір ғалымдар қабыл етпеген. Яғни, бірі бір сөйлемді бір аят деп қабыл етсе, енді бірі бірнеше сөйлемді бір аят ретінде қабыл еткен.

3. Кейбір Құран сүрелерінің басында тұрған «Мұқатта әріптері» жеке аят болуы мен болмауы мәселесінен туындаған. Яғни, кейбір ғалымдар оларды жеке аят емес, өзінен кейінгі тұрған сөздердің бастауы дейді. Енді бірі олар сүре басында жеке-дара тұрған аяттар болғандықтан жеке-жеке аят болып саналады дейді. Қазіргі қолымыздағы Құрандарда қойылған аят сандары кейіннен қойылған.

Алғаш түскен аят «Алақ» сүресінің алғашқы бес аяты екендігі ғалымдар арасында басым көзқарасқа жатады. Онсызда уахидың қалай басталғаны жайлы хабарлар осыны қуаттайды. Ең ақырғы түскен аятқа келсек, ғалымдар арасында біртұтас көзқарас жоқ. Ақырғы түскен аят хақында көзқарастар мыналар:

(«Бақара», 278) *«Ей, мұсылмандар! Аллаһ Тағаладан қорқыңдар. Егер сендер шын мұсылман болсаңдар пайыздан түскендерін алмаңдар».*

(«Бақара», 281) *«Аллаһ тағалаға оралатын күннен қорқыңдар. Сонда әркімге өз табысы толықтай беріледі. Ешбір жанға әділетсіздік жасалмайды».*

(«Ниса», 176) *«Олар сенен фәтуә сұрайды...»*

(«Тәубе», 128-129) *«Расында, сендерге араларыңнан ардақты Елиі келді...»*

(«Насыр», 1-3) *«Аллаһ тағаланың жәрдемі мен жеңісі келген кезде...»*

(«Маида», 3) *«Бүгін кәпірлер діндеріңді бұзып, жоқ студен күдерлерін үзді. Олардан қорықпаңдар. Менен қорқыңдар. Бүгін діндеріңді толықтырып, сендерге деген нығмет-ырысымды тәмамдадым. Сондай-ақ, сендерге дін ретінде Исламды қаладым.»*

СҮРЕ

«Сүре» сөздікте жоғары мәртебе, абырой, биік ғимарат, яки ғимараттың қабаттары, қамал деген мағынаға саяды²²⁷. Терминдік мағынасына келсек, «аяттардан тұратын басы мен ақыры бар жеке Құран бөлімі»²²⁸. Өйткені, Құран қаланған кірпіштердей бір-бірін сүйеген аяттардан тұратын қаланың биік қамалына ұқсайды. Құранда 114 сүре бар. Ең қысқасы – үш аяттан тұратын «Кәусар» сүресі. Ал ең ұзыны – 286 аяттан тұратын «Бақара» сүресі.

СҮРЕНІҢ ТӘРТІБІ

Сүрелердің қазіргі қолымыздағы Құрандағыдай орналасқан жөнінде ғалымдар арасында үш көзқарас бар.

1. Алғашқы көзқарас – ол сүрелер тұтастай хазіреті Пайғамбардың бұйрығымен орналасқан. Яғни, «тәуқифи». Ол Жебірейілдің айтуымен аяттардың тәртібі секілді орналастырған. Өйткені, хазіреті Оспан заманында жазылған «Имам» деп аталған алғаш рет арнайы кітап етіп жиналған Құран мен кейбір сахабалардың қолында болған түпнұсқалар да дәл қазіргідегідей. Тәуфиқи болмағанда бұған қарсы

²²⁷ Ибн Манзур, «сур» бабы.

²²⁸ Зәркәши, 1 том, 264 бет.

шығатындар болатын еді. Ғалымдар Аллах Елшісі аяттардың тәртібін белгілегеніндей сүренің де тәртібін өзі белгілеген дейді. Мысалы, Фахруддин Рази меккелік және мәдиналық сүрелердің топқа бөлінбей араласып орналасуы сүрелердің «тәуфиқи» екендігін көрсетеді. Мысалы, «Насыр» сүресі Мәдинада, ал «Кәфирун» сүресі Меккеде алғаш түскен сүре бола тұрса да екеуі қатар орналасқан. Әрі екеуінің арасында тығыз байланыс бар. Міне, осы мәселе сүрелердің орналасуының Аллаһтың әмірімен болғандығын көрсетеді²²⁹.

Ғалым Субһи Салих сүрелердің бүгінгі Құрандағыдай орналасуы уахи арқылы болғанын айтып, сахабалардың қолындағы кейбір басқа тәртіп бойынша орналасқан Құрандарына қатысты мынадай көзқарас айтады: «Сахабалардың жеке кітаптарындағы тәртіп олардың өзіндік тәсілдеріне тән қойылған. Олар ешкімді өздерінде орналасқан тәртіп бойынша сүрелерді қойындар деп мәжбүр етпеген. Әрі өздерінің тәртібімен қойылмауды харам деп те айтпаған. Олар қолдарындағы тәртіпті басқалары үшін емес өздері үшін жазған. Кейіннен мұсылмандар хазіреті Оспанның заманында қойылған сүрелердің тәртібін дұрыс көріп, соған қарай сүрелерді орналастырған соң, бұрынғы сүрелер жүйесінен олар да бас тартқан»²³⁰.

2. Екінші көзқарас болса, сүрелердің бір бөлімі хазіреті Мұхаммед (с.а.с.) пайғамбардың бұйрығымен, бір бөлімі сахабалардың «иштиһадымен» яғни, фәтуалары арқылы қойылған. Мысалы, ғалым Ибн Атиә сүрелердің бір бөлігі – тәуқифи, енді бір бөлігі

²²⁹ Рази, Мәфәтухул-ғайб, 15 том, 215 бет.

²³⁰ әс-Салих, Субһи, Мәбәһис фи улумул-Қуран, Бәйрут, 1979, 71 бет.

де – иштиһади екенін айтады. Ол былай дейді: «Жеті ұзын сүре секілді сүрелердің басым көпшілігі хазіреті Пайғамбар заманында белгілі еді. Одан өзге сүрелер өзінен кейінгілерге қалған болса керек»²³¹.

3. Ақырғы көзқарас болса, ол сүрелердің орналасу тәртібі сахабалардың иштиһадымен яғни фәтуасы арқылы қойылған. Өйткені, хазіреті Әли, Ибн Мәсғуд, Убәй ибн Кағб секілді сахабалардың жеке түпнұсқаларында сүрелердің орналасу тәртібінде өзгешеліктер бар. Егер тәуқифи, Аллаһ Тағаланың әмірімен болғанда оларда мұндай өзгешеліктер болмас еді. Демек, сахабалардың фәтуалары арқылы қойылған.

Бұл жердегі басым көзқарас бірінші айтылған тұжырым. Жалпы Ислам ғалымдары арасында оның Аллаһ Тағаланың әмірімен орналасқаны хақында бірауыздылық бар. Әрі қисынға келетіні де сол. Өйткені жоғарыда айтылғандай хазіреті Мұхаммед (с.а.с.) пайғамбар әр жылы Рамазан айында сол жылға дейінгі сүрелерді Жебірейілге оқып отырған. Әсіресе, өмірден өтер жылы Рамазан айында Құранды бастан-аяқ екі рет Жебірейілге оқыған. Әлбетте, қолдарында түпнұсқалары бар және Құранды жатқа білетін сахабалар Аллаһ Елшісінің Құран оқығанын естіп, түпнұсқалары мен жаттағандарын тексеріп отырған. Ендеше, сол кездегі Аллаһ Елшісінің оқыған Құранын бастан-аяқ естіген сахабалар кейіннен өз ойларымен сүрелерді орналастыруы мүмкін емес. Сосын әлбетте Құранды Пайғамбарымыз бұл өмірден өткеннен кейін көп ұзамай бір кітап етіп, жинаған сахабалар сүрелердің тәртібін сол ақырғы оқылған Құран сүрелерінің орнала-

²³¹ Зәркәши, 1 том, 257 бет.

суына қарай жасауы әбден қисынды. Пайғамбарымыз ақырғы рет Жебірейілге Құранды белгілі бір тәртіп бойынша оқыса, неге сахабалар басқаша жасасын?! Ал кейбір хазіреті Әли секілді сахабалардың қолындарында сүрелердің орналасу тәртібі өздеріне тән Құран болса, белгілі бір себеп бар деген сөз. Мысалы, бірі тек қана Құранның түскеніне қарай меккелік және мәдиналық деп жинаған болуы керек. Енді бірі түсу себептеріне қатысты жинаған болуы мүмкін. Ондағы мақсаттары Құранды жақсы біліп һәм терең ұғыну. Кейіннен діттеген мақсаттарына жеткенде, яки жоғарыдан арнайы бұйрық шыққанда олар өздерінің қойған жүйесінен бас тартқан.

МЕККЕЛІК ЖӘНЕ МӘДИНАЛЫҚ СҮРЕЛЕР

Құран оқыған адам меккелік аяттардан мәдиналық аяттардың мағыналарында болмаған өзгешеліктерді табады. Өйткені, арабтар Исламнан бұрын қараңғылық дәуірде Аллаһ Тағалаға ортақ қосқан, үш жүзден астам пұттарға табынған, жамандық жасауда жарысқа түскен ел еді. Әрі сол заманда арабтарда сөз өнері мен өлең ең шырқау шағында еді. Міне, осындай заманда меккелік уахи олардың көгінен найзағайдай жарқылдап, күндей күркіреп келіп, түскен жасындай жалған сенімдерін жоққа шығарды. Құран оларды тәухидке, Аллаһ Тағаланың барлығы мен бірлігіне шақырып, пұтқа табынушылықтың жалғандығын дәлелдеп берді. Олардың қолдан жасаған яки жаратылған нәрсені пұтқа айналдырып, қор тіршілік кешкенін мұғжизалы тілмен түсіндірді. Құран жалаң тілмен емес, олардың ой-санасына сәуле ұялатып, әлемнің Жаратушысының бір екендігін ғаламзатқа көз тастата отырып, ондағы әрбір

нәрседе басылған Ұлы Жаратушының мөрін көрсеткен. Оларға бұрынғы өткен елдердің пайғамбарларына мойынсұнбағандары үшін жермен-жексен болғандарын айтып, қатты ескертулер жасап, ғибрат еткен. Яғни, қатаң ескертіп, нәубет пен апаттардан хабар берген аят пен сүрелер және сүре басындағы «Мұқатта әріптер», Аллаһ Тағаланың бірлігіне қатысты жаратылыс дәлелдерін біз Мекке кезеңінде түскен Құраннан білеміз. Яғни, жалпы меккелік сүрелер иман негіздері хақында баяндалған. Ақырында, Аллаһ Тағалаға, періштелеріне, кітаптарына, пайғамбарларына және ақырет күні мен тағдырға иман еткен Ислам қоғамы болып, Мәдинаға hijрат еткенде уахи Ислам заңдарына қатысты заңдар әкеліп, қоғамның жүйесі үшін ұстанымдар қойғанын көреміз. Және мәдиналық аяттар сырт көзге мұсылман көрініп, іштей кәпір екі жүзді мұнафықтардың жасырған құпияларын паш ететін, христиан мен еврейлерге ақиқатты айтып, дәлелдеген аяттар болып келеді. Бұл да мәдиналық аят пен сүрелердің ерекшеліктері. Кейбір ғалымдар меккелік пен мәдиналық аят пен сүрелер хақында мынадай өлшемдер қойған. Алғашқы мына өлшемдер меккелік сүре мен аяттар:

1. Сәжде аятын қамтыған әрбір сүре меккелік.
2. «Кәллә» (Жоқ, ешқашан) сөзі болған барлық сүрелер.
3. «Бақара» сүресінен басқа хазіреті Адам және Іблис хақында әңгіме бар әрбір сүре меккелік.
4. يا ايها الناس «Ей, адамдар!» сөзі болып, يا ايها الذين امنوا «Ей, иман еткендер!» сөзі болмаған барлық сүрелер меккелік.

5. «Мұқатта әріптер» мен басталған («Бақара» мен «Әли Имран» сүресі бұдан тыс) жиырма жеті сүре меккелік.

6. («Бақара» сүресі бұдан тыс) пайғамбарлар мен бұрынғы өткен елдер жайындағы сүрелер меккелік.

Мына төмендегі ерекшеліктерді қамтыған сүрелер мәдиналық сүре тобына жатады:

1. Қоғамға қатысты шарият заңын қойған сүрелер.

2. Жиһатқа рұқсат пен жиһаттың заңдарын қамтыған сүрелер.

3. Мұнафықтар жайлы айтылған әрбір сүре. «Анкабут» сүресі меккелік болғанмен, оның басындағы мұнафықтар жайлы айтылған он бір аят мәдиналық.

4. Әһли кітапқа насихат айтып, оларды ақырғы кітаппен жүруге шақырған сүрелер. (Бақара, Әли Имран, Ниса, Маида, Тәубе, Бәййіна)²³².

ҚҰРАН КӘРІМНІҢ ЖАЗЫЛУЫ МЕН ЖАТТАЛУЫ

Уахи хатшылары: Хазіреті Мұхаммед (с.а.с.) пайғамбар умми кісі болған еді. Сондықтан да пайғамбар болып, уахи келгенде оны жанында сахабаларынан оқу-жазу білетіндер жазып отырған. Уахи хатшылары қашанда Аллаһ Елшісінің жанында дайын тұрған. Ғалым Суат Йылдырым бұл туралы былай дейді: «Аллаһ тағаланың Құранға берген екінші есімі – «Кітап». Аллаһ Тағаланың бұлай атауындағы хикметі уахиды жазу арқылы нықтау қажеттілігін түспалдап білдірген. Әрі алғаш уахи етілген аяттарда да қалам жайлы айтып, ондағы мақсат жазудың адамдардың

²³² Суат Йылдырым, Кураны Керим, 50-53 беттер.

ең маңызды ерекшелігі ілім үйрену мен үйретудің рөлін білдірілген. Демек, адамзатты қараңғылықтан мағрипатқа, ілімге жеткізуді мақсат тұтқан Құранға «жазулы мәтін» мағынасына саятын «кітап» атын беріп, «адамзатқа қаламмен үйреткен» Раббымыз («Алақ», 4) осы илаһи жарлықтың қаламмен жазылуын тұспалдап бұйыруда еді»²³³.

Құранның алғаш түскеннен бастап жазыла басталғаны айдан-анық. Өйткені, Құран пұтқа табынушылардың қарсылықтарын былай баяндайды: «Олар «Құран бұрынғылардың аңыздары. Оны жазып алып, ертелі-кеш оқиды» дейді»²³⁴. Хижраттан бұрын сегізінші ғасырда хазіреті Омардың мұсылман болу тұсында уахидың жазылғаны байқалады. Өйткені, ол қарындасының үйінен «Таһа» мен «Текуир» сүрелері жазылған парақтарды тауып алған еді. Хазіреті Оспанның мына сөздері де осыны қуаттайды: «Аллаһ Елшісі (с.а.с.) уахи келген кезде хатшыларының бірін шақырып алып: «Мына аяттарды пәлен аяттарды қамтыған сүреге қой» дейтін»²³⁵.

Хазіреті Пайғамбар уахи келіп тоқтаған замат хатшыларын шақырған. Хатшылар жазып біткенде, жазғандарын дауыстап оқуларын талап еткен. Егер жазушы кейбір жерде қателесе, дереу дұрыстаған.

Зәйд ибн Сәбит бұл жайлы бізге былай дейді: «Аллаһ Елшісі (с.а.с.) келген уахиды маған жаздыратын. Егер бір жерде қателік яки нұқсандық болса, дереу

²³³ Суат Йылдырым, Қураны Керим, 57 бет.

²³⁴ «Фұрқан» сүресі, 25\5.

²³⁵ Ахмәд, Муснәд, 1, 368.

түзеттіретін. Ақырында іс аяқталғанда, мен жаңа келген уахиды адамдарға жеткізетін едім»²³⁶.

Уахи жазушыларының саны шамамен қырыққа жетеді. Бұлардың атақтылары мыналар: Әбу Бәкір, Омар, Оспан ибн Аффан, Әли ибн Әбу Тәліп, Абдуллаһ ибн Сад, Зәйд ибн Сәбит, Зубәйір ибн Аууам, Убәй ибн Каб, Халид ибн Сайд, Әббән ибн Сайд, Муғауия ибн Әбу Суфиян, Ханзала ибн әр-Рәбиғ, Муайқыб ибн Әбу Фатима, Абдуллаһ ибн Әркәм, Шуранбил ибн Хасана, Абдуллаһ ибн Рәуәха²³⁷. Ибн Хажар Әсқалани Құранды алғаш рет Меккеде жазған Абдуллаһ ибн Сад ибн Әби Сарх деген сахаба болғандығын жазады. Мәдинада алғаш рет уахи жазушысы болған Убәй ибн Каб. Убәйден кейін үнемі Зәйд ибн Сәбит жазған²³⁸.

ҚҰРАН ЖАЗЫЛҒАН НӘРСЕЛЕР

Хазіреті Мұхаммед (с.а.с.) пайғамбарға уахи келгенде уахи жазушылары сол заматта аяттарды парақтарға жазып отырған. Бірақ бұл парақтар қазіргі заманда пайдаланған қағаз парақтар емес. Бұлар жазылу мүмкіншілігі бар заттар еді. Деректер бойынша Құран мынадай нәрселерге жазылған:

1. Иленген тері.
2. Түйе мен қойдың жауырын сүйектері.
3. Ақ тастар. Бұған аяттарды оңай ойып жазған.
4. Иленбеген тері.
5. Тақтайшалар.
6. Керамика тастарының жарықшақтары.

²³⁶ Хәйсәми, Нуриддин Али ибнул Әби Бәкир, Мәжмауз-Зәуәид, Бәйрут, 1967, 1 том 152 бет.

²³⁷ Ибн Хажар әл-Әсқалани, Фәтхул-Бәри би Сахихил-Бухари, Египет, 1978, 10 том, 397 бет.

²³⁸ Сонда,

7. Мата. Ахмет ибн Ханбәл Зәйд ибн Сәбиттен «Біз Құранды Аллаһ Елшісінің жанында маталарға жаза-тынбыз» алған хабары осының дәлелі²³⁹.

8. Құрма ағашының жапырақтары.

Мекке кезеңінде тері мен мата басқаларына қарағанда өте аз табылған. Сондықтан да тас, құрма ағаштары мен сүйектерге жазылған. Ол уақытта мұсылмандар әлсіз еді. Бірақ Мәдина кезеңінде мұндай қиыншылық болмаған. Жазылатын нәрселер өте көп болған. Уахи бұрынғыдан қарағанда әлдеқайда жақсы жазылатын нәрселерге түсірілген.

ҚҰРАНЫҢ ОҚЫЛУЫ МЕН ЖАТТАЛУЫ

Құранның бөлек-бөлек түсуінің бір хикметі де оның оңай жатталуына жағдай жасалуы еді. Хазіреті Пайғамбар жаңа түскен аяттарды алдымен ерлерге, содан кейін әйелдерге оқып, жеткізетін еді. Сахабалардан хат танитындар түскен мәтіндерді әрі жазып, әрі жаттайтын да жазғандарын үйлеріне сақтаған. Хат танымағандар болса, хазіреті Пайғамбардың намазда, уағыз-насихатта оқыған Құранын естіп, жаттап алып отырған. Құранды сақтауда, жазудан қарағанда жаттау әлдеқайда қолайлы тәсіл еді. Сахабалар әрі намазда, әрі жеке қалғанда, өз араларында Құранды үнемі қайталап отырған. Түнде мешіттің жанынан өткендер, іштен аралардың ызыңындай Құран үнін естіген. Жаңадан мұсылман болғандарды Аллаһ Елшісі Құранды жақсы білетін кісілерге жіберген. Сахабалар барлық өмірін Құранмен өткізіп, уахи шаңырағында тәлім-тәрбие алған. Олардың тақуалық өмірлерінен бастап, Аллаһ жолындағы күрестерге, қоғамдық қарым-қатынас және

²³⁹ Ахмәд, Муснәд, 5, 185.

Пайғамбарымызға қалай сөйлеу керектігіне, тамақ ішу әдептілігіне тіпті сыбырлап сөйлескендері мен іштей ойлағандарына дейін білдіріп, тәрбиелеп отырған. Міне, Құранға соншалық жақын болған олардың күллі өмірі осылайша Құранға айналған еді.

«АРЗА» ЖОЛЫ

«Арза» деген терминде хазіреті Пайғамбардың әр жылы Рамазан айында Құранның сол уақытқа дейінгі түскен бөлімін Жебірейілмен бірге бір-бірлеріне оқуы. Яғни, «арзада» Құранды тек қана бір жақты емес, бір-біріне қайталап оқылуы. Ибн Аббас былай дейді: «Аллаһ Елшісі жақсылық жасауда адамдардың ең жомарты еді. Әсіресе оның көңілінің дархан болған кезеңі Рамазан айы болатын. Өйткені, Жебірейіл Рамазан айының әр түні Аллаһ Елшісіне келіп, одан Құран тыңдап, тексеретін...». Әбу Нұрайра Жебірейіл Рамазанда әр жылы Аллаһ Елшісіне Құранды бір рет оқығанын, ал қайтыс болар жылы екі рет оқығанын айтады²⁴⁰.

Хазіреті Мұхаммед (с.а.с.) пайғамбар сол күнге дейінгі түскен аяттардан тұратын Құранды бастан-аяқ оқығанда, сахабалар да қолдарындағы Құранның түпнұсқаларын алып келіп, қателіктері болса, түзетіп отырған. Хазіреті Пайғамбардың ақырғы Рамазан айындағы «арзасын» «ақырғы арза» дейді. Бұл жылы Жебірейіл екеуі бір-біріне Құранды екі рет қайталап оқып тексерген. Бұл жайында Аллаһ Елшісі: *«Жебірейіл Құранды маған бастан-аяқ екі рет оқытты. Мен осыған қарап, жақында көз жұматынымды аңғардым»* дейді²⁴¹. Бұл жерде айта кетер бір мәселе, ол осы арзаның

²⁴⁰ Бухари, Фәдәилул-Қуран, 7.

²⁴¹ Сонда,

хикметі. Жебірейіл Аллах Елшісін тыңдаудағы мақсат – оның қателіктерін, яки ұмытқандарын түзету емес, біріншіден, Құранның сақталу жолын мұсылмандарға үйретіп, оның Аллах үшін қаншалықты маңызды екенін білдіргендігі. Екінші, мәселе сол жылға дейінгі аят пен сүрелердің қалай бір-бірінің жалғасын тауып орналасқанын тағы бір анықтау. Үшінші, сахабалардың жазған, яки жаттағандарын түзелтіп, бірлікке шақыру. Һәм Құранның кейіннен бір кітап болып жиналуына жағдай жасау.

Ақырғы ең маңызды мәселе – Құранда Аллах Тағаланың әмірімен кейбір аяттардың үкімі жойылып, аяттың өзі де оқылудан алынып қалған. Аллах Тағала уақытша кейбір үкім беріп, кейіннен оның орнына жаңа үкім қойған. Міне, «арзада» осы аяттардың Құраннан шығарылғанын халыққа жариялап, Құранның ең соңғы қалпын көрсеткен. «Ақырғы арзаның» екі рет қайталанып оқылуында да осындай ерекшеліктер бар.

Қазіргі кезде Рамазан айында мешіттерде қарилардың Құранды хатым етуі де «арза сүннеті». Осылайша «арза» Құранды бастан-аяқ жатқа білмейтін яки оқи алмайтын жай халыққа бастан ақырына дейін тыңдатып, қияметке дейін жалғаспақ.

«ЖЕТІ ҚӘРІП» МӘСЕЛЕСІ

«Жеті кәріп» мәселесі Құран ілімінің маңызды тақырыптарының бірі. Бұл жайлы ғалымдар көптеген көзқарас білдірген. Бұл туралы бұлтартпас «мұтауатүр» хадистер бар. Солардың кейбіреуінен:

1. Бұл хадисті Ибн Аббас жетізеді: «Аллах Елшісі: *«Құранды маған Жебірейіл «бір кәріппен» ғана оқытқан еді. Мен онымен сөйлесіп көп «кәріп» болуын өтіндім. Ол санын арттырды. Бірақ мен тағы да көбейтуін*

өтіндім. Ақыры жеті «қәріпке» шешім қабылдадық» деді²⁴².

2. Убәй ибн Каб жеткізеді: Жебірейіл Аллаһ Елшісіне келіп: «Аллаһ үмбетіңе Құранды бір «қәріп» етіп оқуларын әмір етті» деді. Аллаһ Елшісі: «Аллаһтан кешірім тілеймін. Үмбетімнің бұған шамасы жетпейді», – деп өтініш білдіреді. Ол екінші рет келіп: «Аллаһ үмбетіңе Құранды екі «қәріп» етіп оқуларын әмір етті», – деді. Аллаһ Елшісі тағы да: «Аллаһтан кешірім тілеймін, үмбетімнің бұған да шамасы келмейді», – дейді. Ол үшінші рет келіп: «Аллаһ үмбетіңе Құранды үш «қәріп» етіп, оқуларын әмір етті», – дейді. Аллаһ Елшісі: «Аллаһтан кешірім тілеймін, үмбетімнің бұған да шамасы келмейді», – деп көбейтуін тағы сұрайды. Ақырында төртінші мәрте келіп: «Аллаһ үмбетіңе жеті «қәріп» етіп оқуларын әмір етті. Осы жетеуінің кез-келген біреуін алып оқыса, сөзсіз дұрыс оқиды», – дейді»²⁴³.

Ғалымдаросы «жеті қәріп» жайлы көптеген көзқарас білдіргенмен, басым көпшілігі «жеті қәріпті» «жеті диалект» деп түсінген. Бұл алғашқы мұсылмандарға жасалған жеңілдік еді. Сахабалар Аллаһ Елшісінен есту шартымен кейбір аяттарды әр түрлі оқыған. Яғни, Құран түгелдей араб тілінің Құрайш диалектімен түскен. Ал Араб Түбегіндегі араб тайпаларының тілі арабша болғанмен, араларында өздеріне тән диалект айырмашылықтар болған. Сондықтан, Құран Құрайш диалектімен түскендіктен тек қана өздеріне тән кейбір сөздерді басқа тайпалар түсіне алмаған. Мысалы, Хайбар жылында Әбу Һурайра Аллаһ Елшісіне ке-

²⁴² Бухари, Фәдәилул-Қуран, 5.

²⁴³ Муслим, Салатул-Мусафирун, 274; Ахмәд, Муснәд, 7, 128.

леді. Сол кезде Аллаһ Елшісінің қолынан пышақ түсіп кетіп, пышақты алуын өтінеді. Әбу Һурайра не дегенін түсінбей жан-жағына қарайды. Ол бірнеше рет қайталап пышақты көрсетеді. Сонда ғана Әбу Һурайра пышақты айтып тұрсыз ба, деп өз диалектіндегі пышақ атауын айтады. Ол Құрайш диалектіндегі пышақ сөзін алғаш рет естігенін айтады.

Ендеше, «жеті кәріп» араб тілінің жеті диалекті. Болмаса мағынасында ешқандай өзгешелік жоқ. Аллаһ Елшісі дінді жеңілдетіп, оны жай қарапайым адамдар да түсіне білу үшін көптеген шаралар жасаған. «Жеті кәріп» те соның бір айғағы. Сондықтан хазіреті Пайғамбар (с.а.с.) басқа диалекттегі мұсылмандарға олар түсінбеген кейбір аяттарды өз диалектімен оқуға рұқсат берген. Яғни, Аллаһ Елшісі өзі көрсетіп, оқып берген. Негізінде, арабтардың тілі арапша болғанмен оларда ортақ әдеби тілдері жоқ болатын. Құран түскеннен кейін Құрайш диалекті әдеби ортақ тіліне айналды.

Құранды «жеті кәріп», яғни жеті диалектте оқу рұқсаты қашан аяқталғаны хақында да ғалымдар арасында әр түрлі көзқарас болғанмен басым көзқарас хазіреті Пайғамбар (с.а.с.) заманында өз әмірімен тоқтатылған дейді. Ал хазіреті Оспан заманында осы «жеті кәріп» мәселесі «ақырғы арзаны» негіз етіп алғанда толықтай күшін жойған. Яғни, Халифа «ақырғы арзаны» негіз етіп, Құранды «бір кәріп» етіп жинаған. Бұл Құрайш диалекті еді. Өйткені, Құран Құрайш диалектімен түскен. Бірақ Аллаһ Елшісі Құрайш диалектін білмейтін мұсылмандар қиналмасын, Құранды оңай жаттасын деп Аллаһ Тағаладан уақытша «алты кәріпті» алған.

ҚЫРАҒАТТАР

Қырағат «оқу» етістігінен шыққан. Терминдік мағынасы Құранның кейбір аяттарын грамматикалық тұрғыдан қарекеттерін өзгертіп оқуы. Бұлар Құран секілді бұлтартпас дұрыс жолдар арқылы хазіреті Пайғамбардан (с.а.с.) бізге жеткен. Қырағат «жеті кәріптен» басқа ілім. Жоғарыда айтылғандай ол тек қана Құрайш диалектімен түскен Құрандағы кейбір аяттардың өзгерістері.

Хазіреті Оспан «Мұсхафтарды» (Құран) жаздырып, осы нұсқаға теріс болған кейбір жеке тұлғалардың түпнұсқаларын тастауды бұйырған. Сонда олар бұрынғы «алты кәріпті» тәрк етіп, Құрайш диалектімен түскен Құранды әр түрлі қырағаттармен оқуды жалғастырған. Құранды қырағаттап оқу, қазақ тіліндегі «Құранды дұрыс оқу» мағынасында емес. Толығырақ айтқанда, жалпы Құран араб тілінің Құрайш диалектімен түскен. Бірақ ол кейіннен уақытша жеті диалектімен оқылған. Кейіннен негізгі Құрайш диалектімен түскен Құраннан басқа қалған уақытша қойылған алты диалект күшін жойды. Сонда негізгі Құрайш диалектіндегі Құран қалды. Бірақ осы Құрайш диалектіндегі Құранның көптеген аяттары әр түрлі оқылады. Бұл жерде аяттардың сөзі өзгермейді. Аяттардың оқылуы ғана өзгереді. Мысалы, қазіргі біздің қолымыздағы Құран сол қырағаттардың бірі ғана. Жалпы қазіргі бізге жеткен дұрыс қырағаттардың саны жеті. Бәрі де түгелдей Аллаһ Елшісінен бізге жеткен. Кейбір аяттардың грамматикалық тұрғыдан әр түрлі оқылуы Құранның тереңдігін көрсетеді.

Сахабалар хазіреті Пайғамбардан (с.а.с.) әр түрлі қырағаттар үйренген. Кейбір сахабалар бір емес, бірне-

ше қырағат алған. Сахабалардан кейінгі ұрпақтар да осы қырағаттарды үйреніп, мұсылман елдеріне таратқан. Ол елдегі мұсылмандар үйренген қырағаттарын сол үйреткен имам ұстаздарының атымен атаған. Имам Шафиғи, Имам Ағзам мәзһәбі деген сықылды. Бірақ осы қырағаттардың арасында «шаз»²⁴⁴ қырағаттар да болған. Сондықтан мұсылмандар «шаз» қырағаттардан дұрыс қырағаттарды айырып, таңдаған. Дұрыс қырағаттар жетеу.

Жеті қырағаттың дұрыстығын анықтайтын мынадай үш шарт бар:

1. Қырағат араб тілінің грамматикасына сәйкес келуі қажет.

2. Бұл қырағат өте бұлтартпас жол арқылы хазіреті Пайғамбардан (с.а.с.) келуі қажет.

3. Қырағат хазіреті Оспанның Мұсхафының жазуымен бірдей болу қажет.

ҚЫРАҒАТ ИМАМДАРЫ

1. Нафиғ: Әбу Абдуррахман Нафиғ ибн Әбу Нуғайм (ө.169\785). Өмірін қырағатқа арнаған. Жетпіске жақын «табиғиндардан» қырағат оқыған. Қырағат ілімін Мәдинадан алған. Имам Малик, Абдуллаһ ибн Уәһб жән әл-Ләйс ибн Сад секілді Исламның дара тұлғалы ғұламалары оны имам, ұстаз деп таныған.

2. Ибн Кәсир: Абдуллаһ ибн Кәсир әл-Мәкки (ө. 120/738). Бұл кісі Меккенің қырағат имам ұстаздарының бірі. Имам Шафиғи бұл кісіні қатты сыйлап, оның қырағатын үйренген.

²⁴⁴ Шаз қырағат: Бізге әлсіз хабарлар арқылы жеткен қырағаттар.

3. Әбу Амр: Әбу Амр ибн әл-Ала әл-Басри (ө.154 яки 155/771-772). Қырағатты көптеген табиғиндардан алған. Олардың арасында Мұжаһид, Ата, Икримә, Яхия ибн Ямәр секілді қырағат имамдары бар. Ахмет ибн Хәнбал Әбу Амрдың қырағаты маған ең қатты ұнағаны деп мақтаған.

4. Ибн Амр: Абдуллаһ ибн Амир әд-Димашқи (ө.118/736). Бұл имам ұстаз жеті қырағат ұстаздарының ішінде ең үлкені. Хазіреті Оспаннан қырағат алған. Одан басқа көптеген сахабалардан үйренген.

5. Асым: Әбу Бәкір Асым ибн Әбин-Нәжуд (ө.128/745). Табиғин. Куфалықтардың имамы болған. Қырағатты Әбу Абдиррахман әс-Суләми, Зәр ибн Хубәйш және Әбу Амр әш-Шәйбәниден үйренген.

6. Хамза: Әбу Аммара Хамза ибн Хабиб әз-Зәйиәт (ө.156/773). Хамран ибн Айун, Сүлейман әл-Амәш, Әби Ләйла т.б. кісілерден қырағат алған. Куфаның қырағат имамы болған.

7. әл-Кисай: Әбул Хасан Али ибн Хамза әл-Кисай (ө.189/805) Куфада қырағат имамы болған. Қырағатты Хамзадан алған. Бұдан басқа Мұхаммед ибн Әбу Ләйла және Иса ибн Омар әл-Хамаданидан қырағат алған. Ол араб филологиясы мен әдебиетінде атақты кісі болған.

Осы жеті қырағат қазіргі заманда Ислам әлемінде оқылуда. Қалған қырағаттар ілім ретінде ғана оқытылады. Осы жеті қырағаттың үшеуі кең тараған.

1. Асым қырағаты: Бұл қырағатпен мұсылмандардың басым көпшілігі оқиды. Қазіргі біздің қолдағы осы Асым қырағаты.

2. Нафиғ қырағаты: Бұл қазір Солтүстік Африканың кейбір жерлерінде оқылады.

3. Әбу Амр қырағаты: Бұл қазір ең аз оқылатын қырағат.

ҚҰРАНЫҢ БІР «МҰСХАФ» (КІТАП) ЕТІЛУІ

Әбу Бәкір кезеңінде жиналуы: Хазіреті Мұхаммед (с.а.с.) пайғамбар шағында сахабалар Құранды жазып, жаттап алған еді. Көптеген хатшылардың қолдарында Аллаһ Елшісі арқылы түзетілген түпнұсқалар бар болған. Уахи келіп біткен кезде Ол түскен аяттардың яки сүрелерді Құранның қай жеріне қою керектігін нұсқайтын еді. Яғни, бастан-аяқ аят пен сүрелер белгілі бір жүйемен орналасқан болатын. Бірақ барлығы біртұтас етіліп, «Мұсхаф», яғни кітап етілмеген еді²⁴⁵. Өйткені, бір кітап етіп жинау үшін ақырғы уахи келіп, Құранның толық болуы ләзім. Алайда хазіреті Мұхаммед (с.а.с.) пайғамбардың өмірінің ақырына дейін уахи келуі мүмкін болғандықтан, ол тірі күнінде Құран толық бітті деп, бір кітап етіп жинақтай алмайтын еді. Ол соңғы демі бітіп, уахи тоқтағанда ғана Құранның бір кітап етіп жиналуы мүмкін болды. Әрі бұл жағдай шамамен Аллаһ Елшісінің уахидың қашан аяқталатынын білмеуінен туса керек²⁴⁶. Суюти, Қасталани секілді ғалымдар осы мәселені хазіреті Пайғамбардың кейбір аяттардың үкімі мен оқылуының Құраннан алыну әмірі (нәсіх етілуін) келуі мүмкін деген оймен күткен деген тұжырым айтады. Сондықтан да, ол өмірден өткеннен кейін ғана уахи тоқталғаны айқындалып, Құран алғашқы халифа хазіреті Әбу Бәкір кезінде бір кітап етіп жинал-

²⁴⁵ Драз, Куранын анлашылмасына доғру, 29 бет.

²⁴⁶ Хамидуллаһ, Ислам Пейгамбери, (ауд: Салих Туғ) Ыстанбұл, 1990, 2 том, 699 бет.

ды. Құранның оның кезінде жиналып бір кітап етілуінде де бірнеше себептер болған еді. Олар:

1. Хазіреті Пайғамбардың тірі күнінде Құран жазылған парақтар бар болғанмен олар мемлекеттік істерде ресми емес еді. Өйткені, ол уақытта хазіреті Пайғамбар бар еді. Сондықтан да Құран мәтінінің сенімді кепілі болған. Бірақ кейіннен келген халифаның мұндай ерекшелігі болмағандықтан жазылған парақтарды екі мұхаба арасына жинап, бір кітап ету қажеттілігі туды. Өйткені, бұдан кейінгі негізгі қайнар тұтас кітап етіп жазылған Құран болуы керек еді.

2. Халифа Әбу Бәкір «мұсхафты» хазіреті Пайғамбардың (с.а.с.) уахи хатшыларына жаздырған парақтардан жаздыртып алуына болар еді. Бірақ мұндай нәрсенің арты қиыншылыққа соқтырып, мұсылмандар арасында дау туып кетуі ықтимал. Іәм Құранның кейбір түпнұсқаларында кішігірім қателіктер де болуы мүмкін. Әрі дәл қазір жинап алмаса, сахабалардың кейбірінде ғана болған қысқа түпнұсқалар олар бұл өмірден өткенде солармен бірге жоғалып кетуі де мүмкін. Әрі аз да болса, кейбір оқылуы «нәсіх» болған, яғни үкімі де, оқылуы да жойылған аяттарды білген де, білмегендер де бар. Сондықтан да, осы аяттардың жойылғанын білген мен білмегендер арасында қарама-қайшылық болуы мүмкін. Сондықтан да мәтіндердің бәрін жинап, бір кітап етуі қажет болды. Әрі ол кітапты сахабалардың қолдарындағы жазылған түпнұсқалар мен жаттаған Құрандар арқылы растап әрі кейбір адамдардың жеке қателіктерін дұрыстап, нәтижеде үмбеттің бәрі бірауыздан қабыл еткен «Имам мұсхаф» (негізгі кітап) жазбақ болды.

3. Басқа бір себеп – Ямәмә соғысында көптеген сахабалар шейіт болды. Осы бүлікті ұйымдастырған жалған пайғамбар «Мусәйләмәтул-кәззәб» лақабымен аты шыққан Мусәйләмә деген адам еді. Ол хазіреті Мұхаммед (с.а.с.) пайғамбардың өмірінің ақырына таман өзін пайғамбар жариялап, Құранға еліктеп сөз ұйқастырып, көптеген адамдарды әскер етіп алған еді. Кейіннен һижраттың он екінші жылында мұсылмандармен соғысты. Оған Құранды жатқа білетін көптеген сахабалар да қатысты. Міне, осы соғыста осы қарилардан жетпіс кісі шейіт болды. Осынау жағдай хазіреті Омарды сақтандырды. Дереу халифа Әбу Бәкірге барып, оған «Құранның жоғалып кетуі қаупі бар. Тез арада түпнұсқаларды жинап, бір кітап етіп ал» деп ұсыныс жасады. Алайда халифа оның осы ұсынысын алғашқыда қабыл ете алмай терең ойға қалды. Өйткені, хазіреті Пайғамбардың (с.а.с.) жасамаған ісін жасау оған өте ауыр тиген. Оның бұлай екі ойлы болуы, егер Құран бір кітап етіп жазылып, көбейтілсе адамдар оны жаттауға немқұрайды болып кетпей ме деген күдік еді. Ақырында, ол Құранды жинауға бел буып, Зәйд ибн Сәбитті шақырып оған Құранды жинауға ұсыныс жасады. Ол осы мәселені былай баяндайды: «Ямәмә соғысынан кейін мені Әбу Бәкір шақырып алды. Омар да жанында еді. Халифа маған: «Омар маған келіп Ямәмә күні көптеген қари сахабалардың шейіт болғанын, бұлай кете берсе, қарилар қалмай, Құранның кейбір бөлігі жоғалып кетуі мүмкін деп, Құранды бір кітап етіп жинауды ұсынды. Мен «Аллаһ Елшісінің жасамаған ісін қалай жасамақпын?» дедім. Ақырында, Аллаһ Тағала осыны көкейге қондырып, мен оның пікірін мақұлдадым. «Сен жас әрі ой-өрісі кең адамсың.

Сені елдің бәрі жақсы таниды. Сен Аллаһ Елшісінің уахиын жазған адамсың. Ал қазір кідірме. Тез Құранды жина» деді. Мен де «Аллаһ Елшісінің жасамаған ісін қалай жасамақпын?» дедім. Халифа: «Аллаһ атымен ант етейін, бұл ісің жақсылық» деді. Бірақ Аллаһ атымен ант етейін, бір тауды маған тасы деп бұйырса, бұл істен әлдеқайда жеңіл келер еді. Әбу Бәкір де мені көндіруге тырысып, сөзін жалғастыра берді. Ақыры, Аллаһ Тағала ол екеуінің жүрегіне салғандай, менің де көкейіме қондырды. Бұдан кейін мен құрма жапырақтары мен жеңіл ақ тастар, керамика тастарында жазылған Құран нұсқаларын қарилардан жинай бастадым»²⁴⁷.

Осы жерде Құранның жинау ісі неге Зәйд ибн Сәбитке берілді деген сұрақ тууы мүмкін? Өйткені, сахабалар арасында Абдуллаһ ибн Мәсғуд, Убәй ибн Каб секілді Құранның бастан-аяқ түпнұсқалары бар Құранды жатқа білетін беделді кісілер де бар еді. Демек осынша маңызды істің Зәйд ибн Сәбитке берілуінде кейбір себептер болуы мүмкін. Кейбір Ислам ғалымдары бұл жайлы былай дейді:

1. Зәйд ибн Сәбитті хазіреті Мұхаммед (с.а.с.) пайғамбардың арнайы уахи хатшысы етіп тағайындауы.

2. Зәйд ибн Сәбит сахабалар арасында зеректігімен көзге көрінген. Оның осы зеректігін байқаған Аллаһ Елшісі оған жазу ісінің бақылаушысы міндетін берген. Зәйд ибн Сәбит: «Бірде Аллаһ Елшісі (с.а.с.) мені Мәдинада көріп қалды. Жанымдағылар менің Нәжжар руынан екенімді айтты. Аллаһ Елшісі сол жерде Құраннан дәл он бес сүре оқыды. Мен де оқылған сүрелерді сол жерде қайталап оқып бердім. Аллаһ Ел-

²⁴⁷ Бухари, 6, 225.

шісі маған таңғалып: «Еврей әріптерін жазып үйрен», – деді. Мен оны он бес күнде үйреніп алдым. Бұдан кейін Аллаһ Елшісінің атынан оларға хат жазып, олардан келген хаттарды оған оқитын болдым». Басқа бір хабарда Аллаһ Елшісінің айтуымен Суриани тілін он жеті күнде үйренгені айтылады.

3. Зәйд ибн Сәбиттің Аллаһ Елшісінің тірі күнінде Құранды бастан-аяқ жатқа біліп, қырағаттап өте дұрыс оқи білуі. Аллаһ Елшісі Тәбук ғазуатында Нәжжәр руының байрағын Зәйдке беріп: «Құранды ең жақсы біліп, жатқа білетін Зәйд» деген.

4. «Ақырғы арзаға» қатысуы.

5. Жігіттік шағында болуы. Сондықтан да берілген істі жақсы атқаратын дәрежеде.

6. Ел абыройына бөленіп, сенімділік танытқандығы.

Зәйд ибн Сәбит Құранды жинауда түпнұсқалары бар сахабалардан қатаң шарттар талап еткен. Халифа мен Омар оған: «Мешіттің есігінің алдына отырып, саған кімде-кім екі куәгермен Аллаһтың кітабынан бір аят яки сүре әкелсе, оны жаз», – деген. Зәйдтің тәсіліндегі шарттарды былай беруге болады:

1. Қолында Құранның түпнұсқасы бар адам онымен ғана шектелмей жазған Құрандарын жатқа білуі тиіс. Әрі басқа мұсылмандар да оның жатқа білетін Құранның сүре мен аяттарын сөзбе-сөз, айна-қатесіз жатқа білулері қажет.

2. Жазылған түпнұсқалар хазіреті Пайғамбардың (с.а.с.) нұсқауымен жазылып, оқытқан мәтін екендігін екі куәгер дәлелдеу керек.

3. Егер аяттардың оқылуы «мәнсух» (үкімі жойылған) болса жазылмауы тиіс.

Суюти «екі куәгерден» мақсат – әкелген аяттың мәтінін ақырғы арзада хазіреті Пайғамбарға (с.а.с.) оқылғанына куәлік еткен екі куәгер» дейді²⁴⁸.

Осы мәселеде оған хазіреті Омар көмектескен. Бір кітап етіп жиналған осы Құранға Абдуллаһ ибн Мәсғудтың ұсынысымен «Мұсхаф» деп аталды. Бұл мұсхаф «жеті кәріпті» қамтыған.

Жоғарыда айтылғандай Құран жазылған әрі өзінің орналасқан жүйесі бар еді. Бірақ бастан-аяқ бәрі бір кітап етіп жиналмаған. Хазіреті Омардың қорыққаны да осы еді. Ақырында Зәйд ибн Сәбит парақтарда жазылған түпнұсқаларды негіз етіп, ақырғы арзада оқылған сүрелер мен аяттардың орналасуы тәртібіне қарай жинап, бір кітап етті. Осылайша бір әріп те жоғалмай, сақталды. Бұл іс Хақ Пайғамбары (с.а.с.) бұл өмірден өткен соң алты айдан кейін жасалды. Ол уақытта Аллаһ Елшісінің жанында болған сахабалар тірі еді. Бұл уақыт ішінде Құранның бір аяты яки әрпі жоғалуы мүмкін емес. Өйткені, көптеген адамдар жатқа білген. Жазылған түпнұсқалар да қолдарында еді. Әрі сахабалар бес уақыт намазда, басқа уақыттарда бір-бірлеріне оқып, аяттар мен сүрелер жайлы ойларын ортаға салатын.

Хазіреті Әбу Бәкір кезінде Құранның жиналуы жазылған түпнұсқаларды бір кітап ету ғана еді. Яғни, тері, құрма ағашы, сүйек, т.б. секілді әр түрлі нәрселерде жазылған Құрандарды қағазға жазып, бір кітап еткен. Зәйдтің осы ісі бір жылға созылған. Оған хазіреті Омар, Әли, Оспан, Ибн Каб көмектескен. «Мұсхаф» аталған осы кітап алдымен Әбу Бәкірде, ол қайтыс болғанда

²⁴⁸ Суюти, Итқан, 58 бет.

хазіреті Омар алып сақтап, ол да бұл ғұмырдан өткенде қызы Хафсаның қолында сақталды²⁴⁹.

ОСПАН КЕЗЕҢІНДЕ КӨБЕЙТІЛУІ

Халифа Оспан кезеңінде Ислам мемлекеті Арабстаннан тыс өлкелерге қанат жайды. Сол жаққа арнайы мұғалімдер жіберіліп, олар өздері үйренген Құран қырағаттары мен «қаріптерін» жаңа мұсылмандарға оқыта бастады. Әр түрлі Құран қырағаттары мен «қаріптерін» үйренген адамдар өзара дауласып, өздерінікін жақтап, басқаларды жоққа шығара бастады. Өйткені, олар хазіреті Пайғамбардың (с.а.с.) Құранның әр түрлі оқылуына не үшін рұқсат бергенін әрі оның бірнеше қырағатпен түскенін білмейтін еді. Сондықтан бұл жердегі ең үлкен бірінші мәселе «жеті қаріп» мәселесі. Аллаһ Елшісі сахабаларға түсініксіз келген кейбір сөздерді өз диалектіндегі сөзбен алмастырып оқуларына уақытша рұқсат берген еді. кейіннен сахабалар осы үйренген Құрандарын жаңа мұсылмандарға да дәл солай үйреткен еді. Алайда жаңа мұсылмандар «жеті қаріптен» хабарсыз болатын. Негізі осы «жеті қаріп» Әбу Бәкірдің заманында жиналған Құраннан да орын алған-ды. Сондықтан да сахаба Хузәйфа Куфалықтардың «Абдуллаһ ибн Мәсғудтың қырағаты», Басралықтардың «Әбу Мұса әл-Әшғаридың қырағаты» деп дауласқандарына әбден төзімі таусылып: «Аллаһ Тағала атымен ант етейін! Осыдан Халифаға барсам, осы айырмашылықтардың жойылуын талап етем», – деген еді²⁵⁰.

²⁴⁹ Зәркәши, 1 том, 234 бет.

²⁵⁰ Ибн Әби Дауд, Әбу Бәкір Абдуллаһ, Китабул-Мәсәхиф, Египет, 1936, 13 бет.

Екінші мәселе Құранда бірнеше қырағаттың болғандығын басқа аймақтағы мұсылмандардың білмеулері.

Ақырғы мәселе кейбір сахабалардың қолдарындағы түпнұсқаларда аяттардың тәпсірлері мен түсіндірмелерінің жазылуы. Араб емес кейбір мұсылмандар осы жазуларды аят деп ойласа керек.

Әбу Қилабә былай дейді: «Халифа Оспан заманында әр мұғалім өз ұстазынан алған қырағатты шәкірттеріне үйрететінеді. Кейіннен шәкірттер бір-бірімен кездескенде, әркім өзінікін жақтап, пікір таластыра бастаған. Олар мұғалімдеріне айтып, олар да ұстаздарынан алғаны бойынша өздері білетін қырағатты жақтап, қарама-қайшылық туа бастады». Қазіргі мұсылмандар арасындағы қарама-қайшылық пен пікірталас та осыған ұқсайды. Мысалы, сүнниттерде жалпы төрт мәзһәб бар. Кеңес үкіметі тарап, қазақ елі егеменді ел болғанда, ел жастары әр түрлі елге барып, Ислам дінін үйреніп елге келіп, үйренгендерін халыққа үйрете бастады. Шет мұсылман елінен келген мұғалімдер де дінді жастарға өз мәзһабтары бойынша үйретті. Бірақ дінді үйренген ел азаматтары бір-бірімен жолыққанда өздері үйреткен мұғалімдерінің пікірлерін жақтап, бөгде пікірді жоққа шығарып, ақыры дауға айналды. Бәрінің де мұғалімдері өз көзқарастарының дұрыстығын айтып бақты. Олардың түсінігі бойынша ұстаздарының ұстанған мәзһабтарының көзқарасы ғана дұрыс болып көрінді. Алайда ұстаздары «менің мәзһабым басқа мәзһабтардың көзқарастары мен Құран мен сүннет қайнарынан үкім шығару тәсілдерінен қарағанда абзалырақ» дегендерін ұғына алмады. Пайғамбарымыздың «Үмбетімнің әр түрлі көзқараста болуы – рақымдылық» хадисін де іш-

тей терең сезіне алмады. Дәл осылайша, сол уақытта да әр түрлі қырағаттар мен «қаріптердің» болуын түсіне алмаған. Осы дау Халифаға да жетіп жатқан еді.

Өзіне келіп жеткен осындай әр түрлі шағымдар Халифаны қатты толғандырды. Ақыры Кавказ аймағы-нан келген Хузэйфәтул-Ямәнның жеткізген хабары оның әрекетке көшуіне түбегейлі ықпал етті.

Кавказ аймағында Шам әскерлері мен Ирактың әскерлері бірге болған еді. Шамдықтар Құранды Убәй ибн ибнул-Кабтан үйренген. Ирактықтар болса Құранды Ибн Мәсғудтан үйренген болатын. Екеуі екі түрлі қырағат болғандықтан екі әскер арасында қатты дау туды. Тіпті олар бір-бірлерімен шайқасуға шақ қалды. Сонда дереу Хузэйфа Мәдинадағы Халифаға келіп: «Ей, Халифа! Мұсылмандарға жәрдем ет! Болмаса Құран еврейлер мен христиандардың кітаптары тәрізді қарама-қайшылыққа ұшырайды» деп, жағдайды түсіндіріп, қырағатта бірлік болуын сұрады.

Халифа дереу іске көшіп, халық үшін «Имам Мұсхаф» жаздырып, қырағатты анықтатып, «жеті қаріпті» бірге түсіруге қаулы қабылдады. Осыдан кейін Халифа хазіреті Омардың қызы Хафсаға хабар жіберіп, қолындағы түпнұсканы көбейтіп қайтып беру үшін уақытша сұрады. Осы істі жасауға Құрайшытықтар (меккелік) мен Әнсарлықтардан (мәдиналық) он екі кісілік топ құрып, төраға етіп Зәйд ибн Сәбитті тағайындады. Алқа құрамында Абдуллаһ ибн Зубәйір, Сайд ибн ибнул-Ас, Абдуррахман ибнул-Харистай үлкен сахабалар бар еді. Бұл алқа Құранды Құрайш диалектісімен қайта жазып, көбейту жоспарын жасады. Жазу үстінде кейбір аяттарда қарама-қайшылық туса, Құрайш диалектінің негіз етіп алатын болды. Халифа Құрайштың үш

кісілік тобына: «Сендер мен Зәйдтің арасында Құранға қатысты мәселе туындаса Құрайш тілін негіз етіп алыңдар. Өйткені, Құран солардың тілімен түскен», – дейді²⁵¹.

«Имам Мұсхаф» хазіреті Мұхаммед (с.а.с.) пайғамбардың өмірінің ақырында Рамазан айындағы «ақырғы арзада» Жебірейілден алған соңғы Құран оқылуына негіз етілген. Іс біткенде, ескі түпнұсқаларды жойып, әкімдеріне хат жіберіп: «Мен мынадай бір іс жасап, қолымдағы бұрынғы Құран түпнұсқаларының бәрін жойдым. Сендер де нұсқаларыңды жойыңдар. Ал, мына қайта жазылған Құранды көбейтіп таратыңдар», – дейді²⁵².

Халифа Оспанның «Имам Мұсхафтағы» принциптері былайша:

1. Әбу Бәкірдің заманында жазған мұсхаф кітапты негіз ету.

2. Ақырғы арзадағы оқылған «қаріп» бойынша жазылып, қалған алты «қаріп» тасталады.

3. Егер диалект айырмашылығы туа қалса, онда Құрайш диалектісі негіз етіледі.

4. Сүрелер қазір қолымыздағы жүйе бойынша жүйеленеді.

5. Осы түпнұсқалар жан-жаққа таратылып, осыған ұқсамаған нұсқалар жойылады²⁵³.

6. Тәфсир мен түсіндіру мақсатымен жазылған кейбір жеке сөздер мұсхафқа алынбайды.

Бұл іс нижраның жиырма бесінші жылы болған. Іс біткенде түпнұсқа Құранды Хафсаға қайтарып бер-

²⁵¹ Бухари, Фәдәилул-Қуран, 3.

²⁵² Бухари, Фәдәилул-Қуран, 3.

²⁵³ Мухсин Демиржи, Куран тариһи, Ыстанбұл, 1997, 155 бет.

ді. Жазылған жаңа «Имам Мұсхаф» кітап мешітте оқылып, мұсылмандардың бәрі бірауыздан мақұлдаған. Бұл «Имам Мұсхаф» төртеу болып жазылды. Біреуі Мәдинада қалып, қалған үшеуі Шам, Куфа, Басраға жіберілді. Кейбір хабарда осы кітаптардың жетеу болғандығын айтады. Сонда қалғандары Мекке, Йемен және Бахрейнге жіберілген²⁵⁴.

ҚҰРАНҒА ҚАРЕКЕТ ПЕН НОҚАТТАРДЫҢ ҚОЙЫЛУЫ

Ислам діні келген заманда арабтардың жазуы қазіргі кездегідей емес еді. Яғни, сол дәуірдің жазуында әріптердің ноқаттары мен қаракеттері жоқ болатын. Бірақ сахабалар Құранды қателіксіз оқыған. Өйткені, олардың өз тілдері еді. Бірақ хижраның бірінші ғасырының екінші жартысынан бастап, арабтан өзге халықтың Ислам дініне кірулері және бұлардың араб тілін білмегендіктерінен Құранды жаңылыс оқу белең ала бастады. Бұл, әлбетте, Құранның қарекеті мен ноқаты болмағандығынан туындаған жағдай еді. Өйткені, араб жазулары жазылғанына қарай оңай оқыла салатын қазіргі қазақ әріптері секілді емес еді. Біріншіден, араб әріптерінің дауыссыз дыбыстары жазылады да, ал «ә», «и», «у» дауысты дыбыстарын адам сөздің мағынасына қарай өздері ойдан қойып оқыған. Екіншіден сол жазылған дауыссыз дыбыстарының жазу таңбалары көбінесе бір-біріне ұқсаған. Мысалы, «б», «т», «с» әріптерінің жазылуы бір-біріне қатты ұқсайды. Бұны араб тілін жетік білмегендер айырып оқи алмайды. Сондықтан кейіннен «б» әрпінің астына бір ноқат, «т» әрпінің үстіне екі ноқат, «с» әрпінің үстіне үш

²⁵⁴ Зәркәши, 1 том, 240 бет.

ноқат қойып, бір-бірін ажыратып, оқылуы жеңілдігін жасаған. Әрі дауысты дыбыстары қойылмағандықтан да араб тілін білмеген адам дұрыс оқи алмайтын еді.

Осы мәселені алғаш ойлаған Басраның әкімі Зияд ибн Сумәйя (ө.53\673) болған. Ол Әбул Әсуәд әд-Дуәлиді (ө.69\688) шақырып, жұрт Құранды дұрыс оқу үшін бір тәсіл табуды ұсынды. Әсуәд хазіреті Әліден араб грамматикасын үйренген, араб тілін жетік білген адам еді. Бірақ ол әкімнің мұндай ұсынысын әу баста қабыл етпеді. Кейіннен бір адамның «Тәубе» сүресін дауысты дыбыстарын өзгертіп, Құранның мағынасын басқаша беріп оқығанын естіп, қатты ойға қалды. Өйткені, ол адам «Аллаһ және Елшісі пұтқа табынушылардан пәк» деген мағынаға сай аятты грамматикалық қателік жасап, «Аллаһ пұтқа табынушылар мен Елшісінен пәк» деп оқығаны оған қатты әсер етті. Ол дереу қайта барып, әкімнің ұсынысын қабыл етіп, одан жазушы сұрады. Әкім оған отыз жазушы жіберді. Ол отыз адамның ішінен біреуін ғана таңдап алды. Ол оған бір қолыңа Құранды, бір қолыңа кітаптың сиясынан басқа бір сияқалам алып, менің оқығанымға қарай әріптердің асты-үстіне қарекеттерді қой деп, қарекеттердің жазылуын үйретті. Әрбір бетке қарекет қойылған кезде өзі тексеріп отырды. Осылайша Құран қарекеті қойылды²⁵⁵.

Келесі мәселе Құран әріптерінің бір-бірінен ажыратып оқитын, ноқаттарының қойылуы. Бұны алғаш байқаған Ирақтың әкімі Хажжаж ибн Юсып еді (ө.95\703). Кейбір адамдардың Құранды қате оқығанын көрген ол дереу өз заманының үлкен ғұламасы Насыр ибн Асымды шақырды. Кейбір хабарда ол Яхия ибн

²⁵⁵ Субхи әс-Салих, 92 бет.

Ямәрді шақырған деседі. Негізі екеуі де Әбул Әсуәд әд-Дуәлидің шәкірттері. Осы ұсынысты қабыл еткен Насыр яки Ямәр Құран әріптерін бір-бірінен ажыратқан ноқаттарды қойды. Бұны ғалымдар «Ижам» деп атаған²⁵⁶.

ҚҰРАННЫҢ ТАРИХИ ТҮПНҰСҚАЛАРЫ

Құран Исламның алғашқы кезеңінен бастап жазылған. Бұл тақырыпта айтылатын мәселе солардың сақталуы. Ең алғашқы бір мұсхаф кітап болып Әбу Бәкір заманында жазылған еді. Осы мұсхаф Әбу Бәкірден кейін халифа Омардың қолында болды. Ол бұл өмірден өткенде қызы Хафсаның үйінде сақталды. Кейіннен хазіреті Оспан уақытша сұрап алып, Зәйд ибн Сәбиттің төрағалығымен құрылған топ арқылы көбейтіп, Хафсаға қайтып берген. Оның қолында сол нұсқа көп жыл бойы сақталған. Кейіннен Мәруән Хафсаға адам жіберіп, сол түпнұсқаны сұрады. Бірақ ол мұсхафты бермеді. Арадан жылдар өтіп, Хафса қайтыс болғанда, мұсхаф Омардың баласының қолына өтті. Міне осы кезде Мәруән тағы да адам жіберіп, Омардың баласынан түпнұсқаны сұрап алған. Осылайша алғашқы түпнұсқа Омяттардың қолына өткен²⁵⁷. Кейбір ғалымдар Омяттар оны сақтық үшін жағып жіберсе керек деген тұжырымдар жасайды. Бірақ Омяттардан кейін сол түпнұсқаның қайда кеткені хақында ешбір мағлұмат жоқ.

Халифа Оспан көбейтіп, негізгі бес қалаға таратқан Құран түп нұсқалары жайлы баян етелік:

²⁵⁶ Зәркәни, 408 бет.

²⁵⁷ Осман Кескіюғлу, Нүзүлүнден гүнүмізе Куран Керим билгилери, Анкара, 1987, 133 бет.

1. Мәдина мұсхафы. Халифа Оспанның заманында көбейтілген Құранның біреуі Мәдина қаласында қалған. Ол кейіннен Мәдина қаласында Пайғамбарымыздың мешітінде ұзақ жылдар бойы сақталған. Оның сол жерде сақталғаны жайлы көптеген ғасырдың саяхатшылары баян етеді. Солардың бірі Ислам ғалымы Мәуләна Шибли «Тәһзибул-ахлақ» жинағында осы нұсқаның 735 жылы сол жерде болғандығын жазады. Кітаптың үстінде: «Аллаһ Елшісінің сахабаларының бір жамағатының жинағаны осы. Бұлардың арасында Зәйд ибн Сәбит, Абдуллаһ ибн Зубәйір және Сайд ибн Ас болған!» деп, нұсқаның екінші жағында жинауға қатысқан басқа сахабалардың да есімдері жазылған. Осы түпнұсқа бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін сол жерде сақталып келген. Соғыс уақытында ғана сақтық жасап, арнайы мықты жерде сақтауға алынған. Соғыс аяқталғанда қайта орнына қойылған. Мұса Жаруллаһ 1930 жылы большевиктерден қашып, мұсылман елдерінде жүргенде Құран түпнұсқалары жайлы зерттеп, Үндістанда басқан. Сол кітапта ол Мәдинадағы түпнұсқаның Пайғамбары-мыздың мешітінде тұрғанын жазады.

2. Куфа мұсхафы. Халифа Оспан көбейтілген Құранның біреуін Куфаға жіберген еді. Осы нұсқа кейінгі ғасырларда Тарсус қаласында сақталады. Ғалымдар оның Аббаситтер заманында барған болса керек деп жорамалдайды. Өйткені, Аббаситтер халифалары сол жерде өмір сүрген. Кейіннен осы түпнұсқа Сирияның Хумус қамалына өтіп, сол жерде сақталған. Атақты Наблуси 1689 жылы сол қамалдан көргенін жазады. Ол да бірінші дүниежүзілік соғысына дейін сол

жерде сақталып, соғыс уақытында арнайы бір жерде қорғалған.

3. Мекке мұсхафы. Мәуләнә Шибли кітабында хижраның 735-інші жылы сол жерде болғанын жазады. Бұл мұсхаф жайлы терең мағлұматтар өте аз.

4. Басра мұсхафы: Бұл мұсхаф Басрадан Куртуба қаласына апарылған. Кейінгі жылдары Португалияға апарылған. Ол жерден бір саудагер сатып алып Марокко қаласына жеткізген. Ол сол жерде мемлекет қазына-сында ұзақ уақыт сақталған. Бірақ одан кейін не болғаны беймәлім.

5. Шам мұсхафы. Иерусалим мен Дамасктың арасында орналасқан Табәрия деген жерде сақталып, кейіннен Шам қаласына жеткізілген. Мәуләнә Шибли жинағында Әбул-Қасым әс-Сәбти хижраның 657 жылы Шам қаласының мешітінде хазіреті Оспанның сол жерге жіберген мұсхафын көргенін жазады. Басқа ғалымдар кейінгі жылдарда сол қалада, бірақ басқа мешітте көргендерін жазады. Бірақ Сұлтан Хамит заманында мешітте өрт шығып, ол да бірге жанып кеткендігі жайлы хабарлар да бар.

Бұдан басқа да хазіреті Оспанның мұсхафы деген түпнұсқа бар. Бұл түпнұсқа жайлы Мұса Жаруллаһ былай дейді: «Құран Кәрімнің бұл нұсқасы 1868 жылы Самарқандтан Хажей Ахзар «Убәдуллаһ Хазрет» медресесінен Петербург кітапханасына апарылып, төңкеріске дейін сол жерде тұрды. 1917 жылы большевик төңкерісінен кейін Ресей мұсылмандары ұйымы үкіметтің рұқсатымен сол мұсхафты орталық кітапханадан алып Уфа қаласына апарады. Ол осында алты жыл сақталды. Кейін Түркістан мұсылмандары қатаң талап етіп, үлкен мұсхаф ресми бір топтың бақылауымен арнайы бір ва-

гонмен Уфадан Ташкент қаласына апарылып, Ресей мұсылмандарының Ислам Шейхінің қолымен 1923 жылы Түркістан мұсылмандарына тапсырылады. Қазір сол үлкен мұсахаф Ташкентте Бейлербейі мешітінде салынған бір бөлмеде сақтаулы» (Мұса Жаруллаһ, 1927)²⁵⁸.

Бұдан басқа да қазіргі уақытта Ыстанбұлда сақталған хазіреті Оспанға тән һижраның отызыншы жылдары жазылған мұсахаф және хазіреті Әлидің жазуына ишарат етілген мұсахаф, һәм хазіреті Омарға тән теріге жазылған мұсахаф, басқа да сол алғашқы жылдары жазылған сүрелер бар. Бұдан басқа Мысырда да хазіреті Әли жазған және жаздырған Құран нұсқалары бар.

Құранның түпнұсқалары ғасырдан ғасырға көбейтіліп, бізге жеткен. Құранның түпнұсқалары жайлы зерттелген кітаптарда қазіргі мұсылман әлемінің Түркия, Мысыр, тіпті еуропаның Париж, Лондон, Ватикан, Берлин, Петербург т.б. кітапханаларында әр ғасырда жазылған Құрандар бар. Міне, Құран осылай бұрынғы кітаптарға ұқсамай, толықтай бізге жеткен. Оның айғағы егер сіз жоғарыда айтылған Құран нұсқаларының бәрін бір жерге жинап, саралап қарасаңыз, ешбірінен өзгешелік таба алмайсыз. Сонау хазіреті Оспан заманында жазылған Құранның нұсқасы мен қазіргі қолыңыздағы нұсқаның бір әріп те болсын өзгешелігі жоқтығына кәміл куә боласыз. Сонда сіз Аллаһ Тағаланың «Расында, Құранды Біз түсірдік, әлбетте, оны Біз сөзсіз сақтаймыз» (Хижыр, 15:9) деп берген уәдесінің орындалып жатқанын аңғарып, бас иіп тағзым етесіз. Егер сол заманғы мен қазіргі заманғы нұсқалардың арасында бір әріп те болсын өзгешелік

²⁵⁸ Осман Кескиоғлу, 138 бет.

болса еді, батыстың шығыстанушы зерттеушілері құйындай құтырып, әлемге «бұл адамның сөзі», «талай өзгеріске ұшыраған» деп жар салар еді. Бірақ олар да күндердің бір күні қателектерін мойындап, Құран ақиқаттарына бас иер! Негізінде сол зерттеушілердің арасында Құранның ақиқатын аңғарып, қазір мойынсұнып жатқан ғалымдар да бар.

Сөз қорытындысы, Құран – жаратылысты жоқтан жаратқан Ұлы Жаратушы Аллаһ Тағаланың өзгермес сөзі. Хаким Абай айтқандай: «Алланың өзі де рас, сөзі де рас. Рас сөз ешуақытта жалған болмас». Жаратушы Жаппар Ие оны қияметке дейінгі жалпы адамзаттың екі дүниелік бақыты үшін, Жебірейіл елшісі арқылы адамдар арасындағы ақырғы елшісі хазіреті Мұхаммедке (с.а.с.) уахимен жеткізген. Ол да өзінің елшілік міндетін қалтқысыз атқарып, адамдарға Құранды толықтай ұсынған. Оның сахабалары мен кейінгі үмметтері де Құранды көздерінің қарашығындай сақтап, кейінгі ұрпақтарға аманат етіп келуде. Бұдан кейін де қияметке дейін бұзылмай сақтала бермек. Өйткені, бұл – Аллаһ Тағаланың уәдесі. Ол ешуақытта серті мен уәдесін бұзбақ емес.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ахмәд ибн Ханбәл. Муснәд. Египет, 1949.
2. Әбиари. Тарихул-Қуран, Бәйрут.
3. Бақилани, Әбу Бәкр Мухаммәд ибн Тәииб. И'жазул-Қуран. Египет, 1963. 3 бет.
4. Бәйхақи. Дәләилул-Нубууә.
5. Бухари. Әбу Абдиллаһ Мухаммәд ибн Исмайл. әл-Жамус-Сахих, Станбул, 1907.
6. Ват Монтгомери. Модерен Дүнияда Ислам Ваһиі, (трж. Мехмет С. Айдын), Анкара.
7. Дамира Өмірзаққызы. Адамзаттың асыл тәжі. Алматы, 2004.
8. Жәләуддин әс-Суюти. әл-Итқан фи Улумил-Қуран. Бәйрут, 1996.
9. Зәркәни. Мухаммед Абдулазим, Мәнәһилул-Ирфан фи Улумил-Қуран. Бәйрут, 1996.
10. Зәркәши. Мухаммәд Бәдруддин. әл-Бурһан фи улмул-Қуран. Бәйрут, 1958.
11. Ибн Әби Дауд. Әбу Бәкир Абдуллаһ. Китабул-Мәсәхиф. Египет, 1936.
12. Ибн Кәсир. әл-Бидаиә уән-Ниһаиә. Станбул, 1994.
13. Ибн Манзур. Лисанул-Араб.
14. Ибн Хажар әл-Әсқалани. Фәтхул-Бәри би Сахихил Бухари. Египет, 1978.
15. Ибн Хишам. Сиратул-Расул. Египет, 1929.
16. Идрис Шенгүл. Куран үзеріне. Измир. 1994.
17. Изутсу Тошиһико. Куранда Аллаһ ве Инсан. Анкара, 1975.
18. Исмайыл Жарраһоғлу. Тефсир усулу. Анкара, 1995.
19. Китаб-ы Мукаддес.

20. Қады Иаз. әш-Шифа.
21. М. Хамди Языр Елмалили. Кураны Керим тefsи-ри.
22. Махмуд Есад. Ислам тарихы исламиет өнжесі араб-лар. Станбул.
23. Мәннәнүл-Қаттан. Мәбәһис фи Улумил-Қуран. Бәйрут, 1997.
24. Мехмет Килежи. Куран мужизесі. Станбул, 1997.
25. Муслим. Әбул Хусәйн ибн Хажжаж. Сахих. Станбул, 1973.
26. Мухаммәд Абдуллаһ Драз. Куранын анлашылма-сына доғру. Анкара, 1993.
27. Мухаммед Абдуллаһ Драз. Ен мүһим месаж Куран (ауд:Суат Йылдырым). Анкара, 1985.
28. Мухаммәд Тахир ибн Абдилқадир әл-Курдил-Мәккил-Хаттат. Тарихул-Қуран уә Ғараибу Рәсмиһи уә Хукмиһи.
29. Мухәммәд Али әс-Сәбуни. әт-Тибян фи Улумил-Қуран. Бәйрут.
30. Мухсин Демиржи. Куран тариһи. Станбул, 1997.
31. Нешет Чағатай. Ислам дөнөміне дек араб тариһи. Ан-кара, 1989.
32. Нисаи, әл-Хафиз Әбу Абдиррахман ибн Шуайб. Сунән. Египет, 1964.
33. Осман Кескиоғлу. Нүзүлүнден гүнүмізе Куран Ке-рим билгилери. Анкара, 1987.
34. Рази. Мухаммед ибн Омар ибн Хусәйн Фахрәддин. Мәфәтихул-Ғайб. Бәйрут.
35. Салих. Субхи. Мәбәһис фи улумул-Қуран, Бәйрут, 1979.
36. Сахабилер ансиклопедиси. Ыстанбул, 1993.

37. Суат Йылдырым. Кураны Керим ве Куран илим-леріне гириш, Станбул, 1983.
38. Тирмизи, Мухаммэд ибн Иса. Сунэн. Египет.
39. Фазлур Рахман. Ана конуларыйла Куран. Анкара. 2000.
40. Хаким. әл-Мустәдрәк.
41. Халифа Алтай. Құран Кәрім қазақша және түсінігі. Сауд Арабия, 1991.
42. Хамидуллаһ. Ислам Пейгамбери, (ауд: Салих Туғ) Станбул, 1990.
43. Хәйсәми. Нуриддин Али ибнул Әби Бәкир. Мәжмауз-Зәуәид. Бәйрут, 1967.
44. Юсуф Нәбһәни. Хужжәтуллаһ алал-Аламин,
45. Явуз. Юсуф Шевки, «Жебрайл» ДИА. 1993.

II КІТАП
ҚҰРАН БАҚТАРЫ
(ҚЫСҚА СҮРЕЛЕР ТӘПСІРІ)

ӘУЕЛГІ СӨЗ

الحمد لله رب العالمين و الصلاة والسلام على محمد و على آله و

صحابه اجمعين

Күллі мадақ пен мақтау – мынау ғаламзатты ұлы құдіретімен жаратып, таспиықтың тасындай бір жіпке тізіп, жүйе орнатқан һәм жұмыр басты пендесін соның ең ардақтысы етіп, құзырынан кітап түсірген Рақымды Аллаһ Тағалаға тән. Оның адамзатқа айрықша рақымдылық көрсетіп, Құранды жеткізуші етіп жіберген ақырғы пайғамбары, ғаламның Рақым нұры – хазіреті Мұхаммедке сәлем жолдап, салауат айтамыз.

Аллаһ Тағала Құранды ақырғы елшісі (с.а.с.) арқылы қияметке дейінгі жалпы адамзаттың мәселелерін шешіп, екі дүниеде де бақытты ету мақсатымен түсірген. Пайғамбарымыз (с.а.с.) – Құранды адамзатқа әрі жеткізуші, әрі түсіндіруші. Өйткені, Ол Хақ Тағаланың Елшісі, сол себепті Құранды бәрінен де терең біледі. Задында, Оның (с.а.с.) міндеті де – тәблиғ²⁵⁹ және түсіндіру. Құранда бұл жайлы аяттар көп. Мысалы: *«Ей, Пайғамбар! Раббың тарапынан түсірілгенді баршаға жеткіз. Егер мұны жасамасаң, пайғамбарлық уазипаңды толық орындамағаның. Аллаһ сені адамдардан қорғайды»*²⁶⁰. Осы аятта Құранды халыққа жеткізуі оның негізгі міндеті екендігі айтылып тұр. Ендеше, Құранды ең алғашқы тәпсірлеуші – хазіреті Мұхаммед (с.а.с.) пайғамбар. Басқа аятта: *«Саған да*

²⁵⁹ Тәблиғ – жеткізу. Яғни, Хақ Тағаланың дінін адамдарға дәлме-дәл жеткізу.

²⁶⁰ «Маида» сүресі, 5\67.

адамдар ұғуы үшін түсірілгенді ашық баян етсін деп, Құранды түсірдік. Әрине, олар түсінер»²⁶¹. Атақты ғұлама Ибн Тәймия осы аятқа сүйеніп: «Пайғамбардың (с.а.с.) сахабаларға Құранның мағынасын түсіндіріп, тәпсірлеуі парыз», – дейді²⁶². Аллаһ Елшісі (с.а.с.) пайғамбарлықтың алғашқы күнінен бастап, Аллаһтан түскен уахиды сахабаларға түсіндірген. Құранды терең түсінуге сол кітаптың өзі әмір етуде. Мысалы: «Саған ақыл иелері аяттарын түсініп үгіт алсын деп, мүбәрак бір кітап түсірдік»²⁶³.

Құран тәпсірінің қайнар көзі – Пайғамбарымыздың (с.а.с.) сүннеті екені айтпасак та түсінікті.

Бұл жерде халыққа кеңінен түсінікті болу үшін екі негізгі терминнің астарына үңілуіміз қажет. Ол – «тәпсір» мен «тәуил» сөзінің этимологиясы. Тәпсірдің түбірі «фәсәрә» – баяндау, жаңалық ашу, айқындау және жасырын нәрсені ашу тәрізді мағыналарға саяды²⁶⁴. Діни терминде – мән-мағынасы айқын білінбеген сөзден мақсат етілген мағынаны айқындау. Яғни, бұл сөз араб тілінің «тәфил» бабы арқылы жасалған. Ғұламалар бұл сөзді Құран аяттарының мағыналарын айқындау үшін пайдаланғанымен, бұл Құран ауқымында ғана шектелмей, басқа да ілім салаларында қолданылған.

«Тәуил» – «әуәлә» сөзінен шыққан, «кері қайту, оралу» мағынасын береді²⁶⁵. Осы сөздің «тәфил» бабы – «түсіндіру, айқындау және баяндау» тәрізді

²⁶¹ «Нахыл» сүресі, 16/44.

²⁶² Жәләуддин әс-Сиуити. әл-Итқан фи Улумил-Куран. Бәйрут, 1996, 2 том. 208-бет.

²⁶³ «Сад» сүресі 38/29.

²⁶⁴ Ибн Манзур. Лисануль-араб, 15-том. «Фәсәрә» бөлімі.

²⁶⁵ Лисануль-араб, 11-том. «Әуәлә» бөлімі.

мағыналарға саяды²⁶⁶. Терминдік мағынасы – «сырттай ұқсас екі ықтимал мағынаның біріне қайтару». Яғни, аяттағы ықтимал мағыналардың бірін таңдау.

«Тәпсір» мен «тәуил» сөздері кей замандарда бір-бірінің орнына қолданылса да тәпсір сөзі термин ретінде тәуилден бұрын пайдаланылған.

Жалпы тәпсірлер «риуаят» және «дираят» болып екіге бөлінеді.

1. Риуаят тәпсірі – Сәләфи, Исламның алғашқы ғұламаларының еңбектеріне сүйенген тәпсір. Риуаят тәпсірі кейбір аяттарды түсіндіргенде, алдымен тікелей Құранның басқа аяттарын және Хазіреті Пайғамбарымыздың (с.а.с.), сахабалардың сөздерін дәлелге келтіреді және бұған кейде табиғиндердің сөздерін де жатқызады.

Риуаят тәпсірінің атақтыларының кейбіреулері.

1. Мухаммәд ибн Жәрир әт-Табәри. Жамиул-баян ан тәуил-Куран.

2. Әбу Ләйс әс-Самарқанди. Тәфсирул-Қуранил-азим.

3. Әбу Исхақ әс-Саләби. әл-Кәшф уәл-бәян ан тәфсирил-Куран.

4. Әбу Мухәммәд әл-Хусәйн әл-Бәғәуи. Мәалимут-тәнзил.

5. Ибн Кәсир. Тәфсирул-Қуранил-азим.

2. Дираят тәпсірі – «рәй» және «макул» тәпсірі деп аталады. Бұлар риуаят тәпсірлермен ғана шектеліп қоймай, тіл, әдебиет, дін, т.б. әр түрлі мағлұматтарға сүйеніп жасалған тәпсірлер. Яғни, өздерінің иштиһады (ой-пікірі) арқылы жасалады.

²⁶⁶ Сол жерде.

Дираят тәпсірлерінің мәшһүрлері:

1. Фахруддин әр-Рази. Мәфәтихул-ғайб.
2. әл-Бәйдауи. Әнуәрут-тәнзил уә әсрәрут-тәуил.
3. ән-Нәсәфи. Мәдәрикут-тәнзил уә хақайкут-тәуил.
4. Әбу Хайән. әл-Бахрул-мухит.
5. әл-Алуси. Рухул-мәани фи тәфсирил-Қуранил-азим.

Құран жер бетіне түскелі он бес ғасыр өтті. Содан бері Ислам ғұламалары Құранға қатысты атан түйеге жүк болар кітап жазса да мұсылмандар Құранды әлі күнге дейін толық түсінді дей алмаймыз. Құранның мағынасы шексіз. Ол – Ұлы Жаратушының жаратылмаған сөзі. Бұл – адамдар Құранды түсінбейді деген сөз емес. «Адам өз заманының төл перзенті» демекші, әр толқын өз уақытының қажеттілігіне қарай дәріс алған. Заман өткен сайын Құран жаңара түседі. Сол себепті бұрынғыларға қарағанда қазіргілердің Құранды терең түсінуіне мүмкіндік мол. Әлемде ашылған жаңалықтар арқылы Құранды жаңа қырынан оқуына әбден болады. Адамзат Құранды сол жетістіктері арқылы енді ғана оқи бастады. Адамзат осы күнгіден де маңызды ғылыми жетістіктерге қол жеткізсе, Құранның Хақ Тағаланың кітабы екендігін көп аңғарар еді. Құранда: *«Болашақта дәлелдерімізді ғаламзат және өз жаратылыстарында көрсетеміз. Сол кезде Құранның ақиқат екендігіне олардың анық көздері жетеді»*²⁶⁷ дейді.

Қолыңыздағы кітапта әзірге Құранның алғашқы сүресі және ақырғы парасының «Шәміс» сүресінен «Нас» сүресіне дейін тәпсірледік. Жалпы көпшілікке арналғандықтан жеңіл әрі жатық тілмен жеткізуге

²⁶⁷ Фуссилат сүресі. 41/53.

талпындық. Терең жазылған тәпсірдің бәрін түсіну қиынға соғады. Атақты тәпсіршілердің Құранға қатысты тәпсір кітаптары бойынша әуелі Құран сүрелерінің арабша мәтінін бердік, содан соң қазақша мағынасында түрік, қазақ тіліндегі аудармаларға, арабша тәпсірлерге сүйендік. Сүренің қайда түскендігін, түсу себептерін, аяттарының санын қоса көрсеттік. Аяттарды жеке келтіріп, тәпсіршілердің ойларын айтып, соңынан сол сүренің қазіргі таңдағы адамдарға да қатысты жағын өзімізше түсіндіруге талпындық. Сондай-ақ, әлбетте сол аяттарға қатысты Пайғамбарымыздың (с.а.с.), сахабалардың сөздерін келтірдік. Қандай да бір аятты талдағанда оның кириллицадағы нұсқасын қоса келтірдік.

Құранның қысқа сүрелері көбінесе намазда оқитын сүрелер. Намазда Құранды түсініп оқыған мұсылманның Хақ Тағалаға деген құлшылығы тереңдей түседі. Біздің мақсатымыз – халықтың Құранды түсініп оқып, тақуалыққа жетуіне қызмет ету. Құран оқу, оны өзгеге жеткізу – нұр үстіне нұр. Іске сәт, оқырман!

Мұхитдин ИСАҰЛЫ,

Теология (тәпсір) ғылымының докторы

سورة الفاتحة

«ФАТИХА» СҮРЕСІ

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ { ۱ } الْحَمْدُ لِلَّهِ رَبِّ الْعَالَمِينَ { ۲ } الرَّحْمَنِ
 الرَّحِيمِ { ۳ } مَالِكِ يَوْمِ الدِّينِ { ۴ } إِيَّاكَ نَعْبُدُ وَإِيَّاكَ نَسْتَعِينُ { ۵ }
 اهْدِنَا الصِّرَاطَ الْمُسْتَقِيمَ { ۶ } صِرَاطَ الَّذِينَ أَنْعَمْتَ عَلَيْهِمْ غَيْرِ
 الْمَغْضُوبِ عَلَيْهِمْ وَلَا الضَّالِّينَ { ۷ }

Мағынасы:

1. Рахман да Рақымды Аллаһтың атымен.
2. Барлық хамд, мадақ пен мақтау әлемдердің Раббы Аллаһқа.
3. Ол Рахман да Рақымды.
4. Дін күнінің, ақырет күнінің жалғыз Иесі.
5. Саған ғана ғибадат қылып, Сенен ғана жәрдем, көмек сұраймыз.
6. Бізді тура жолға *(Саған қас-қағым сәтте болсын ауытқымай, адаспай тура апаратын жолға) сал! (Тура жолыңда тұрақты ет! Діттеген межемізге, Саған жеткенге дейін бізді қорғаныңнан шығарма!).*
7. Бізді әрқашан ырыс-береке мен жақсылықтарыңды берген салиқалы құлдарыңның жолымен жүргіз! Ашуыңа, қаһарыңа ұшырағандар мен тура жолдан тайып, адасқандардың жолына түсірме!»

«Фатиха» сүресі Аллаһ Елшісіне (с.а.с.) Меккеде пайғамбарлық келген алғашқы жылдарда түскен. Жеті аяттан тұрады. Тұтас күйінде түскен ең алғашқы сүре. Құран Кәрімнің «кіріспесіндей» болғандықтан, «бір

нәрсені ашушы, бастаушы» мағынасына сай – «кітаптың Фатихасы», «эл-Фатиха» деген ат берілген.

Бұл сүренің бұдан басқа да атаулары бар, солардың кейбіріне тоқтала кетейік:

1. Намазда оқылуы уәжіп болғандықтан «Суратус-салат» (Намаз сүресі) деп аталған. Өйткені, Пайғамбарымыз: «*Фатиханы оқымағанның намазы қабыл болмайды*»²⁶⁸, – деген.

2. (Аллаһ Тағаланың «Аршының» астындағы қазынасынан түсірілгендіктен) «Кәнз, қазына» деген атау да берілген.

3. Күллі Құран сүрелерінің негізі, дақылы болғандықтан, «Уммул-Китаб», «Уммул-Қуран», «Кітаптың анасы», «Құранның анасы» деп те аталған.

4. Құран дұға, тілек, бата болғандықтан, «Дұға» сүресі деген де аты бар.

5. Адамның рухани және психикалық дертіне бірден-бір ем-дауа болғандықтан «Шипа» сүресі деген аты бар.

Бұдан басқа да «Фатиха» сүресінің жиырмадан аса атауы кездеседі.

«Фатиха» сүресі – Құранның негізі. Яғни, Құранның барлық мағынасын қамтығандықтан, оның мынадай негізгі тақырыптары бар:

1. Тәухид (Аллаһ Тағаланың дара екендігі).
2. Пайғамбарлық.
3. Ақырет.
4. Құлшылық пен туралық.

Ислам ғұламалары: «Құранның мағынасы мен мазмұны «Фатиха» сүресінде бар. «Фатиха» сүресінің

²⁶⁸ Муслим. Әбул Хусәйн ибн Хажжж. Сахих. Станбул, 1973. Салат 34-36.

мағынасы «Бисмиллаһир-Рахманир-Рахимде» қамтылып, ондағы мағына сол «бәсмәләнің» ب «б» әрібінің ноқатында бар», – дейді.

«Фатиха» сүресінің мағынасы ұшан-теңіз. Мысалы, Фахруддин әр-Рази отыз екі томдық «Тәфсирул-кәбир» еңбегінің толық бір томдығын «Фатиха» сүресіне арнаған.

«Фатиха» сүресінің шағын тәпсірі

«Фатиха» сүресінің тәпсірін бастамас бұрын Құрандағы «қуылған шайтаннан Аллаһ Тағалаға сиынуға» қатысты аятты тәпсірлейік. Өйткені, Құранды оқығанда Аллаһ Тағалаға осылайша сиынып бастау қажет. Бұл – Аллаһ Тағаланың бұйрығы. Құрандағы «Нәміл» сүресінде: فَإِذَا قَرَأْتَ الْقُرْآنَ فَاسْتَعِذْ بِاللَّهِ مِنَ الشَّيْطَانِ الرَّجِيمِ – «Құран оқыған кезінде қуылған шайтаннан Аллаһ Тағалаға сиын»²⁶⁹ дейді. Ендеше бұл – أَعُوذُ بِاللَّهِ مِنَ الشَّيْطَانِ الرَّجِيمِ

«عوذ» сөзінен шыққан. Үш түрлі мағынасы бар. Біріншісі, «илтижә» – «Аллаһ Тағалаға сиыну». Екіншісі, «истижәр» – «Хақ Тағаланың от азабынан қорқу». Үшіншісі, «илтисақ» – «бекем ұстану». Ендеше Аَلِيهِ التَّجِيءُ وَ مِنْهُ اسْتَجِيرُ أَعُوذُ بِاللَّهِ сөзінің мағынасы: біріншіден, Аллаһтың рақымдылығы мен жәрдеміне сиынамын. Оны пана тұтамын. Одан басқа ешбір пана да, күш-қуат та жоқ. Екіншіден, Аллаһ Тағаланың рақымдылығына сиынумен қатар, Оның азабынан қорқып, Оған және сиынамын. Үшіншіден,

²⁶⁹ «Нахыл» сүресі, 98.

Аллаһ Тағалаға сүйеніп, Оны ғана тірек етіп, Оның жолынан тістей қатып айырылмаймын. Өзгенің бәрі де өткінші, жалған.

الله сөзі – Аллаһ Тағаланың ұлы есімдерінің бәрін қамтиды. «Аллаһ» сөзі – кемшіліктен ада, кәміл де толық сипаттарды қамтыған адам баласының ақылы жетпейтін ұқсасы мен серігі жоқ Ұлы Жаратушы деген мағынаны береді. «Аллаһ» деген кезде пенде осылай ойлайды.

شطن немесе شاط алыс, ұзақ деген мағынаға келеді. Құранда: *«وَكَذَلِكَ جَعَلْنَا لِكُلِّ نَبِيٍّ عَدُوًّا شَيَاطِينَ الْإِنْسِ وَالْجِنِّ»* «Осылайша Біз әр пайғамбарға адам мен жын шайтандарынан дұшпан жасадық»²⁷⁰, – дейді. Мейлі адам, мейлі жын болсын, илаһи рақымдылықтан қуылған барлық нәрсе «шайтан» деп аталады.

الرجيم мағынасы – مرجوم мағынасына саяды, «лағынет етілген, малғұн» деген сөз. Бұлайтта Аллаһтың рақымынан қуылған – шайтан. Кейде қауқарсыз пенде шайтанның өзін жағалап жүріп іштей азғырылғанын сезбей қалады. Құдды шайтан адамның жүрегіне арнайы қондырғы қойып, өзі соны басқарып тұрғандай. Яғни, шайтан адамды жақыннан да, қашықтан да азғыра алады. Адамның жүрегінде шайтанның азғырынды ойын қабылдайтын осал тұсы да, сондай-ақ, Хақ Тағаланың «илаһи нұрын» сіңіретін, қуат алатын рухани жағы да бар. Міне, шайтан пенденің жүрегіне ұзақтан радио толқындары тәрізді, «уасуасаларын» (азғыру) жібергенде әлгі адам қалай басы айналғанын сезбей де қалады. Пайғамбарымыздың сөзімен айтсақ, «Ханнас»

²⁷⁰ «Әнғам» сүресі, 112.

шайтан аузын адамның жүрегіне тақап үрлеген кезде адам өзінің қандай күйге түскенін білмей де қалады. Білген күннің өзінде желімдей жабысқан азғырынды ойды қууға күші жетпей, шайтанның айтқанына көніп, айдауына жүреді. Міне, осы кезде адам Аллах Тағалаға сиынып: *اعوذ بالله السميع العليم من الشيطان الرجيم* – деуі қажет. Яғни, «шайтанның азғырғанын естіп, білетін және оны қууға құдіреті шексіз Аллаһ Тағалаға сиынамын».

Адамға өзгеде жоқ сана мен ерік беріліп, ғаламзат оған бағындырылғандықтан ертеңгі сұрауы да өте ауыр болмақ. Жұмыр басты пенде күні ертең мақшарда Хак Тағалаға есеп беріп тұрып, «міндетімді толық атқардым, жәһаннамға кіруге ешқандай құқым жоқ» дей алмайды. Олай болса, адамды сол тозақ отынан кім құтқара алады? Тіпті өзінің бұл өмірден мұсылман болып өтеріне кім кепілдік ете алады? Бүгінгі мен ақырының не бола-рын білмей дағдарған пенде Жаратушы Жаппар Иеге сол азабынан сиыну арқылы ғана жұбана алады.

Ғарыштан үнілгенде тозақ түйіріндей жер бетінде қыбырлап тіршілік еткен адам баласына қаскүнем қаскөй күштерді санап тауыса алмайсың. Жердегі ма-садан бастап көктегі метеориттер, яки, жұлдыздардың жерге соқтығуына дейін әрбір қатер адамға кез келген сәтте зиянын тигізуі мүмкін. Әлсіз пенденің бұларға қалай шамасы келмек? Ендеше, ол осылардың бәріне күш-құдіреті жететін, соларды жаратқан Ұлы Иесіне сиынуы қажет. Сол ғана оны әрбір қадамында кездесетін қауіп-қатерден аман сақтай алады.

Сонымен қатар, адам баласының бұл өмірдегі қажеттілігін айтып, тауысу мүмкін емес. Оның жүрегінде мәңгілікке ұмтылған арман тілектері бар, бірақ соларға қол жеткізуге өзі соншалық қауқарсыз. Өзіне салса, сол

тілектерінің ешбіріне де қол жеткізе алмас еді. Өзінің дәрменсіздігін сезінген кезде қайғырып, өмірден опа таппай кетеді. Адам баласы осындай шақта ғаламзаттың Ұлы Жаратушысына ғана арқа сүйеуі қажет. Адамның рухына мәңгілік өмірге деген сезімді салған Хақ Тағала пендесінің сол тілегін кері қайтарып, аяқ асты етпейді. Аллах Тағалаға сиынудың үшінші мағынасы осы.

Сөз түйіні, Құран – Аллаһтың сөзі. Құран оқығанда пенде Раббысымен сөйлеседі. Онымен сөйлескен адамның жүрегі таза болуы қажет. Мұсылман Құран оқырда Хақ Тағалаға сиыну арқылы ғана жүрегін шайтанның барлық азғыруынан тазарта алмақ.

1. بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ – «Рахман да Рақымды Аллаһтың атымен». Араларында Имам Әбу Ханифа да бар бір топ фикһ (құқық) ғалымдарының көзқарасы бойынша, «бәсмәлә» аяты – «Фатиха» және басқа сүрелердің бір аяты емес, тек қана «Нәміл» сүресінің 30-аяты. Басқа сүрелердің басында тәбәрік етіп жазылғандықтан намазда оны дауыстап оқымайды²⁷¹.

Имам Шафиғи бастаған басқа бір топ фикһ ғалымдарының көзқарасы бойынша, «бәсмәлә» аяты Фатиха және өзге сүрелердің алғашқы аяты. Сондықтан, «Фатиханы» Шафиғилар намазда дауыстап оқиды²⁷².

²⁷¹ Толығырақ мәлімет алғыңыз келсе, қараңыз; әл-Имам Алауддин Әбу Бәкр ибн Мәсғуд әл-Кәсәнил-ханафи, Бәдәиус-Санани, Бәйрут. 1996. 1 том. «Китабус-салат» бөлімі. (Кәсәни; Ферғана аймағының үлкен қалаларының бірі саналған Кәсәнда туған. Алауддин әс-Самарқандидің ең мықты шәкірті. 587 жылы 10 режеп айында қайтыс болған.)

²⁷² Мухаммәд Али әс-Сабуни, Рәуәиул-бәян тәфсиру әяәтил-ахкәм минәл-Куран, Станбул. 1-том. 43-бет; Төрт мәзһәбтың «бәсмәлә» хақында көзқарастарына қатысты кеңірек мағлұмат үшін қараңыз; Уәһбә Зухәйли, әл-Фикһул-Исләмия

2. الْحَمْدُ لِلَّهِ رَبِّ الْعَالَمِينَ – «Барлық хамдтар, мадақ пен мақтаулар әлемдердің Раббы Аллаһқа».

الْحَمْدُ – «Хамд»: мадақ пен шүкірді қамтыған ере - ше мадақтау түрі. Мадақ жанды мен жансызға да айтылады. Жансызға хамд етілмейді. Мадақ жақсылықтың алдынан да, соңынан да айтылады. Хамд жақсылықтан кейін айтылады. Оның хамд етушіге жеткен бір жақсылық болуы шарт емес. Ал шүкірде бұл шарт. Шүкір берілген бір нығметке сөз бен іс арқылы, болмаса, жүреппен нығметті сыйлағанға құрмет ретінде оған жасалған қайтарым²⁷³. Берген сыйы, жақсылығы үшін рахметін жаудыруы мен алғысын білдіруі.

الْحَمْدُ لِلَّهِ – «әл-Хамду» сөзінің басында «анықтық хал» бар. Бұл да «хамд» сөзіне мынадай мағына береді. Әзәлден әбәдке (бастаусыз, мәңгі) дейінгі барлық хамд – Аллаһ Тағалаға тән. Өйткені, барлық мекен, күллі заман, жалпы жаратылыс пен нығметтер Оныкі болғандықтан, барлық хамд Оған айтылуы қажет²⁷⁴.

уә әдилләтуһу, Димашк. 1996. 1-том. 646-650-беттер.

²⁷³ Қараңыз; Хафизуддин Әбул-Бәрәкәт Абдуллаһ ибн Ахмәд ибн Махмуд ән-Нәсәфи, Мәдәрикут-гәнзил уә Хақаикут-тТәуил, (Тәфсирун-Нәсәфи) Станбул, 1991. 1 том, 5 бет. (ән-Нәсәфи; Өзбекстандағы Соғд аймағының Нәсәф шаһарында туған. Қайтыс болған жылы белгісіз. Ислам әлеміндегі атақты тәпсіршілердің бірі. Сондай-ақ ханафи фикһында атақты ғұлама. Ұстазы Шәмсул-Әиммә (Имамдардың шырағы) Мұхаммед ибн Абдуссәттәр әл-Кердери (Кердерлі). Атақты шәкірттері «Мәжмәул-Бахрәйнның» авторы Музаффаруддин ибн әс-Сағати (ө. 694/1294-1295) және әл-Һидаяға шарх жазғандардың бірі Хусамуддин әл-Хусәйн ибн Али ибн Хажжаж әс-Сығынақи (ө. 714/1314-1315).

²⁷⁴ әл-Имам Фәхруддин әр-Рази, әт-Тәфсирул-кәбир әу мәфәтихул-ғайб, Бәйрут, 1990. 1-том, 148-149-беттер. (әр-

الله – «Аллаһ» – нағыз илаһ, Құдайдың өзіне тән есімі. Қалған барлық көркем есімдерінің мағыналарын сыйдырған құдайлығының жеке-дара атауы. Кейбір ғұламалардың көзқарасы бойынша, бұл сөз басқа бір сөздің түбірінен шыққан, десе де, жалпы көзқарас бойынша бұл сөз басқа сөздің түбірінен шықпаған. Өуелден өз алдына бөлек есім болған²⁷⁵.

رَبِّ – «Рабб» – негізінен «тәрбие» мағынасындағы сөз болғанымен, тәрбие етушіге есім болып берілген. «Ие», «қожайын» мағыналарына да саяды²⁷⁶.

الْعَالَمِينَ – «Аламин» сөзі – «аләм» сөзінің көпше түрі, Аллаһ Тағала білетін шексіз, түпсіз барлық әлем деген сөз. Атомдар әлемінен жұлдыздар әлеміне дейін әрбір әлем, рухтар әлемі. Түс әлемі, қабір әлемі, өсімдік, жан-жануарлар, дауыстар, түрлер, барлығы да өз алдына бір төбе жеке әлем. Көктегі әрбір жұлдыз өзінше әлем. Ас-

Рази; Мұхаммед ибн Омар ибн әл-Хусәйн ибн Али әл-Қурайши әт-Тәйми, әл-Бәкри, әт-Табәристаи 543/1149 жылы рамазан айының 25-інде Рәй шаһарында дүниеге келген. Лақап аты Әбу Абдиллаһ яки Әбул-Фадл. Ілім алу үшін Хорезм, Бухара, Самарқанд, Хожкент, Бенакит, Ғазнә және Хинд т.б шаһарларды аралаған. Ол тек қана тәпсірші емес, сонымен қатар кәләм, құқық методологиясы, фәлсәфә салаларын терең білген. Ең атақты кітабы отыз екі томнан тұратын аталмыш тәпсір кітабы.

²⁷⁵ «Аллаһ» сөзінің этимологиясы жайлы тереңірек мағлұмат үшін қараңыз; Мухаммәд Али әс-Сабуни, Рәуәиул-бәян тәфсиру әяәтил-ахкәм минәл-Қуран, 1-том. 19-бет.

²⁷⁶ әл-Имам Мухис-Суннә Әби әл-Хусәйн ибн Мәсууд әл-Бәғәуи, Тәфсирул-Бәғәуи, Рияд, 1993. (әл-Бәғәуи; Мәрв пен Херат арасындағы «Бағ» яки «Бағшур» деп аталатын ауылда 433/1041 яки 436/1044 жылы туылған. Ол тәпсірші ғана емес, сондай-ақ фикһ және сүннет ілімдерін терең меңгерген); Сайд Қутуб, Фи зилалил-Қуран, Бәйрут. 1995. 1-том. 22-бет.

трономия мамандарының шамалауынша, әлемде жүз миллиард галактика бар және бұл галактикалардың бірінен саналған Құсжолы галактикасында екі жүз миллиард жұлдыз бар. Бұл да әлемдердің Раббы болған Аллаһтың ұлылығы мен құдыретінің шексіздігін көрсетеді.

Кейбір тәпсіршілер: *الْحَمْدُ لِلَّهِ رَبِّ الْعَالَمِينَ* – «Барлық хамд, мадақ пен мақтау әлемдердің Раббы Аллаһқа» сөзінен бұрын *قولوا* – «Қулу» – «Айтыңдар!» сөзінің мағынасы бар екендігін айтады.

3. *الرَّحْمَنُ الرَّحِيمُ* – «Рахман да Рақымды». Рахман – жақсы болсын, жаман болсын, оларды мұсылман болсын, кәпір болсын бөліп-жармай нығметін дүниеде бәріне берген Аллаһ деген сөз. «Аса Рахымды» деп тәпсір етуге де болады²⁷⁷. Кейбір тәпсірші ғалымдардың көзқарасы бойынша, бұл аятта *الرَّحْمَنُ* – «Рахман» сөзі – «Раззақ» мағынасында. Яғни, Аллаһ Тағала әрбір тіршілік иесіне ризығын жіберуде. Құмырсқаның асқазанына лайық ризық жібергені тәрізді, алып китті де аш қалдырмайды. Сондай-ақ, кәпірге де, мұсылманға да еңбегінің жемісін береді. Яғни, Аллаһ Тағала Өзін жоққа шығарған бір кәпірдің де төккен бейнетінің зейнетін бұл өмірде береді. Яғни, Рахман сипатымен қараған Аллаһ Тағала ешбір пенденің еңбегін алаламайды. Өз ісінде ықыласты болса, кәпірдің де тілегін қабыл етеді. Өйткені, кәпірдің жүрегі күпірге толғанымен, оның еткен еңбегі мен жұмсаған қажыр-қайратындағы ықыласы – мұсылман сипатына жатады. Ал, қандай да бір мұсылман өз ісіне салғырт қарап,

²⁷⁷ әр-Рази, әт-Тәфсирул-кәбир, 1-том, 155-бет.

Аллаһ Тағалаға қанша жалбарынса да дұғасы қабыл болмайды. Өйткені, жалқаулық – кәпір сипаты. Оның осы жалқаулық деп аталатын кәпірлік сипаты, оның дұғасының қабыл болуына кері әсер етеді. Қазіргі таңда мұсылмандардың артта қалып, кәпірлердің өркендеуі осының белгісі. Андалусия арқылы ғылымға қол жеткізген европалық христиандар мұсылмандардың жаратылыс ғылымдарын өрбітіп, талай-талай іс тындырды. Соның арқасында олар мұсылман елдеріне үстемдік жүргізуге мүмкіндік алды. Керісінше, мұсылмандар көп ғасыр бойы ғылымнан қол үзді. Жалқаулыққа салынды. Соның салдарынан кәпірлерге кіріптар болып қалды. Ендеше, әрбір мұсылманның сипатының барлығы мұсылман сипаты болмағаны тәрізді, әрбір кәпірге тән сипаттың бәрі кәпір сипаты болуы шарт емес. Кейбір мұсылмандар бар: жалқау, өтірікші, сөз берсе уәдесінде тұрмайды, аманатқа қиянат жасайды. Араққұмар, зинақор, залым, рақымсыз. Кейбір кәпірлер бар: бейнетқор, адал, өтірік айтпайды. Сөзіне берік. Міне, алғашқының жүрегінде болмашы иманы бар демесеңіз, мінез-құлқы мен жүріс-тұрысы кәпірдің қылығы. Екіншісі имансыз демесеңіз, жүріс-тұрысы түгелдей мұсылман қарекеті. Міне, الرَّحْمَن – «Рахман» Аллаһ Тағала бұлардың қайсысының дұғасын қабыл етеді?.. Бірақ, кәпір сол істерінің қызығын бұл өмірде ғана көреді. Ақыретіне еш нәрсе қалмайды. Мұсылман жамандығының жазасын көбінесе бұл өмірде тартады.

الرَّحِيم – Рахим. «Аса рақымшылдық етуші» деген сөз. Ақыретте нығметтерін тек қана мұсылмандарға беруші мағынасына келетінін айтқандар да бар. Аллаһ Тағала пәни дүниеде барлығына нығмет бергенімен

ақыретте Өзіне сеніп, сол молшылықтың қадірін біліп, Оған шүкіршілік еткендерге арнайы жағдай жасайды. Яғни, мақшарда, Хақ Тағала осы Рақым сипатымен мұсылмандарға ғана рақымшылдық етіп, жәннатына кіргізеді. Ендеше иман келтіргендер Оның рақымымен ғана жәннатқа кіре алады. Мұсылмандар тек амалының сауабымен оған қол жеткізе алмайды. Неге десеңіз, жәннат шексіз нығметтерге толы мекен. Ал адамның сауабы шектеулі һәм санаулы ғана. Болмашы дүниеге бағалы затты сатып алу мүмкін бе? Жәбир ибн Абдуллаһтың бізге жеткізген бір хадисінде мақшарда сауаптары таудай болған бір мұсылман есепке тартылуға шақырылады. Сонда Аллаһ Тағала оған «Құлым, сен менің рақымыммен жәннатқа кіргің келе ме, әлде өзіңнің амалыңмен бе?» деп сұрайды. Өзінің амалының сауабына көңілі толған әлгі пенде «Өзімнің амалыммен» деп жауап қатады. Сонда Аллаһ Тағала оның екі көзі мен амалдарының сауабын тартыңдар деп періштелерге әмір етеді. Өлшеген кезде оның бұл дүниеде жасаған амалдарының сауабы «көз» деген нығметтің шүкіршілігін де өтей алмайды²⁷⁸. Яғни, ол амалдарымен жәннатты сатып алмақ тұрмақ, бұл дүниедегі көзінің де ақысын өтей алмаған. Алайда, Аллаһ Тағала адам баласына бұл дүниеде көзден басқа да қаншама нығметтер берген. Ендеше адам баласы бұл өмірде мың сан рет басын сәждеге қойып, құлшылық қылса да Аллаһ Тағаланың бұл дүниеде берген нығметтерінің шүкіршілігін өтей алмайды. Ендеше мұсылманның осы өмірдегі жасаған құлшылықтары жәннаттың өтеуі емес, керісінше бұл дүниедегі алған нығметтің алғысы болып табылады. Бірақ, Аллаһ Тағаланың рақымының

²⁷⁸ Хаким. Мустәдрәк.

кеңдігі сол – осы өмірде берілген нығметке айтылған шүкіршілікті бейне бір жәннаттың өтеуіндей санап, рақым етеді. Аллаһ елшісі (с.а.с.) бір сөзінде: «*Аллаһ Тағала рақым етпей ешбір құл жәннатқа кіре алмайды*», – дейді. Бір сахаба: «Сен де ме Пайғамбарым?» – дегенде, «Иә, Мен де»²⁷⁹ – деп жауап қатады.

الرَّحِيم – Рахим» – мейірім-шапағат мағынасын береді. Аллаһ Тағаланың күллі ғаламды қамтыған рақымдылығы бар. «Әлемнің жаратылысының негізі – махаббат. Рақымдылық пен шапағат. Ұлы Жаратушы бұл ғаламды жаратқанда, барлық жаратылысқа махаббат пен мейірім-шапағаттың ұрығын сепкен. Аллаһ елшісі (с.а.с.): «*Аллаһ тағала көктер мен жерді жаратқан күні жүз рақымдылық жаратты. Рақымдылықтың біреуін жерге таратты. Сол арқылы ана баласына, жан-жануарлар, құстар бір-біріне сүйіспеншілікпен қарайды. Тоқсан тоғызын қиямет күніне сақтады. Қиямет күні Аллаһ оны осы рақымдылықпен толықтырады*» дейді. Жер бетінде сәбиі үшін түн ұйқысын төрт бөлсе де, кейімейтін аналық махаббат; құстың балапаны үшін шырылдап өзін жыланға құрбан етуі, тіпті жыртқыш аш қасқырдың тапқан азығын өзі жемей бөлтірігіне беруі – сол рақымдылық пен сүйіспеншіліктің белгісі. Бұлар – туа бітті қасиет. Абайдың «Махаббатпен жаратқан адамзатты, сен де сүй сол Аллаһты жаннан тәтті» дегені, әлемге көкірек көзімен қарап, сол сүйіспеншілікті танығаны. Осы рақымдылық пен махаббаттың тоқсан тоғызын Аллаһ ақыретте мұсылман достарына сақтаған. Негізінде ақыреттің бар екенін жер бетіндегі махаббат іздеріне қарап сезе аламыз. Ақырет болмаса, бұл ғұмырдағы махаббаттың ешқандай мән-мағынасы

²⁷⁹ Хаким. Мустәдрәк.

қалмай, рақымдылық зұлымдыққа, махаббат қасіретке, ләззат уға, достық дұшпандыққа айналар еді.

الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ – Рахман да Рақым аятынан кейін
 مَالِكِ يَوْمِ الدِّينِ – «Дін күнінің, ақырет күнінің жалғыз Иесі» аятымен өз жалғасын табуында мынадай сыр бар. Рақымды рақым еткен ақыреттің болуы. Нығметті нығмет жасаған да мәңгілік бақыттылықтың бар екені. Аллаһтың рақымы болмаса ең үлкен нығмет саналған ақыл мен сана адам үшін қасіреттің нақ өзі болар еді. Өйткені ол ақылымен болашағын ойлаған сайын алдында қабірін көріп, өмірінің ләззатын у мен заһарға айналдырар еді. Сондай-ақ рақымдылықтың ең нәзік жемісі саналған махаббат пен шапағат та адамдар қимасынан айырылған сәтте ауыр қасіретке айналар еді.

مَالِكِ يَوْمِ الدِّينِ – «Дін күнінің, ақырет күнінің жалғыз Иесі».

يَوْمِ الدِّينِ – «Иаумид-дин» – «жаза, қайтарым беру күні» деген сөз. Басқа да мағыналарды қамтыған «дін» сөзінің «Фатихада» екі негізгі мағынасы бар. Бірі – «істердің қайтарымы», бірі «білінген күн». Дін күні істердің қарымының берілетін, дін білдірген жағдайлардың жүзеге асатын кезең.

Кейбір тәпсіршілер «дін күнін» – қиямет деп тәпсірлеген. Сол күні Сұр үрленіп, жын мен адамзат қайта тіріліп, амал дәптерлері иелеріне беріледі. Осыдан кейін ізгі іс істегендер сый-сияпатын алып, ал жамандар жамандықтарының жазасын көреді²⁸⁰.

²⁸⁰ Ибн Кәсир. Тәфсирул-Қуранил-азим, Бәйрут, 1997. 1-том. 27-бет. (Ибн Кәсир; Имадуддин Әбул-Фида Исмайыл ибн Умар ибн Кәсир Димашққа жақын Бусраның ауылдарының бірінде 701/1301 жылы дүниеге келген. (Оның 700/1300 жылы яки

Дін күнінің басқа бір мағынасы – діннің атқан таңдай анық білінетін күн. Иісі мұсылман Аллаһ Тағалаға, періштелерге, қайта тірілуге, кітаптарға, пайғамбарларға, тағдырға, жақсылық пен жамандықтың Аллаһ Тағаладан болатындығына сенеді. Намазға, оразаға, қажылыққа, зекетке мойынсұнады. Міне, барлық осы сенгендері сол жерде негізгі мағынасымен және негіздерімен көрінеді. Иә, сол күні аят пен хадистерде айтылған ақиқаттар Құдайлық ақиқатына дейін дін тұтастай көрінбек.

Аллаһ дүние мен ақыреттің Раббы бола тұрса да, бұл жерде арнайы түрде: *مَالِكِ يَوْمِ الدِّينِ* – «Дін күнінің Иесі» деуінде мынадай ұғым бар:

1. Сол күні діннің хабар берген ақиқаттары толық мағынасымен көрінетіндіктен әрі Аллаһтың ұлылығына перде болған сыртқы себеп заңдылықтар ғайып болып, әр нәрсенің шынайы түрі мен мәні көрінетіндіктен, «дін күнінің жалғыз Иесі» деп айтылған.

2. Мақсат – сол күннің маңыздылығына көңіл аударту.

3. Дүниеде адамдардың түрліше меншігі болады. Яғни, адамдар менің үйім, менің бау-бақшам, жерім дүнием, т.б. демей ме. Негізінде бұның бәрі де – Аллаһ Тағаланыкі. Сол күні осылардың бәрі жоғалып, Аллаһ Тағаланың патшалығы анық білінеді.

одан бұрынырақ туған деген де мағлұмат бар. Қараңыз; Исмайыл Паша әл-Бағдади, Һәдиятул-арифин, Станбул 1951, 1-том. 215-бет; өз-Зәрқани. Мәнәһилул-Ирфән фи Улумил-Куран, Бәйрут, 1995; Мәннәнул-Қәттән. Мәбәһис фи Улумил-Куран 1997). Фикһ, хадис, тәпсір ілімдерін терең меңгерген. Тәпсірде ең атақты кітабы аталмыш тәпсірі. Ислам әлеміндегі ең мәшһүр екі «риуаят тәпсір» кітабының бірі саналады.)

يَوْمَ الدِّينِ مَالِكٌ аятындағы «Иәум» сөзі – «күн» деген сөз. Адам өмірінің бір күніндей жамағат пен ұлттардың да бір күні бар. Бұдан басқа бір күн бар, ол да дүние өмірінің күні. Бұдан өзге бір күн тағы бар, ол дәл осы дүние күнімен тең ақырет күні. Бүгін дүние, ертең ақырет дегеніміз – осы екі күн. Дүние – бір күн, ақырет те – бір күн. Аллаһ Тағаланың мына ғажайып патшалығында дүние мен ақырет бар-жоғы – екі күн. Бірақ, Аллаһтың заманы жоқ. Заман жаратылған нәрсе. Иә, адамзат өз күнін аяқтаған кезде осы күннің есебін ақырет күні бермек.

Сүренің басында الْحَمْدُ لِلَّهِ رَبِّ الْعَالَمِينَ – «Барлық хамд мен мақтау Аллаһ Тағалаға лайық» деген мағынасы терең үкім бар. Мұның астарына бойлай алмаған кейбіреулерде: «Неге Аллаһ Тағалаға, неге басқаларға емес?» деген сұрақ тууы мүмкін. Міне, ойына осындай сұрақ туатын адамдарға жауап ретінде «Барлық хамд мен мақтау Аллаһ Тағалаға лайық» деген соң дереу илаһи сипаттар берілген. Күллі мадақ Аллаһ Тағалаға. Өйткені, Ол – رَبِّ الْعَالَمِينَ – «Әлемдердің Раббы». Барлық болмыстарды жаратып, жетілдіріп, бар болуын жалғастырған. الرَّحْمَنُ الرَّحِيمُ – «Рахман да Рақымды». Ғажайып ғаламзатты рақымдылығымен көркейткен, күндерді, айды, жалпы ғаламзатты өсімдіктер мен жан-жануарларға қызмет еттірген, жанды-жансыз барлық болмыстың бәрін адамға бағындырып, қызметші етуші Аллаһ – مَالِكٌ يَوْمَ الدِّينِ – (Мәлики иаумид-дин) ақыреттің де жалғыз Иесі. Ендеше, барлық хамд мен мадақ әлемнің жаратылысынан қияметке дейінгі барлық жақсылықтар,

адамдар мен қоғамдар арасында жасалған ізгіліктердің бәрі де Аллаһ Тағалаға лайық.

5. *إِيَّاكَ نَعْبُدُ وَإِيَّاكَ نَسْتَعِينُ* – «Саған ғана гибадат қылып, Сенен ғана жәрдем, көмек сұраймыз». Бейне бір сүренің осы жеріне дейінгі бөлімінде Хақ Тағала жайында толғану нәтижесінде, Аллаһ Тағаланың сипаттарын түсініп, тұшынып, зікір етіп ойлануымыз, бізді Оның құзырына шақыруға дайындады. Осы дайындықтан кейін Аллаһ Тағаланың ұлы құзырына кіріп, Оны көріп тұрғандай, Онымен сөйлесу биігіне шығып, құлдығымызды ұсынғымыз келеді. Сондықтан *إِيَّاكَ نَعْبُدُ وَإِيَّاكَ نَسْتَعِينُ* дейміз. «Намаз – мұсылманның миғражы», – деген Пайғамбарымыз (с.а.с.), міне, осы тұсқа ерекше назар аударады. Құл бейне бір миғражға көтеріліп: «Саған ғана гибадат қылып, Сенен ғана жәрдем сұраймыз» дейтін биікке көтеріледі.

Мұсылман намазындағы осы мағыналарға терең ой тастаса, өзін Аллаһ Тағаланың құзырында тұрғанын сезе алады. «Раббыңа Оны көріп тұрғандай құлшылық қыл. Сен Оны көрмесең де Ол сені көруде»²⁸¹ хадисін аңғарады.

Жалпы бұл аят *إِيَّاكَ نَعْبُدُ* – «Саған құлшылық қыламыз» – деуге болатын еді. Бірақ, *إِيَّاكَ نَعْبُدُ وَإِيَّاكَ نَسْتَعِينُ* – деу арқылы «Өзеге емес, тек Саған ғана құлшылық қыламыз және тек Сенен ғана жәрдем тілейміз» деп, тек қана Аллаһ Тағалаға құлшылық қылатынымызды һәм бұның ең маңызды мәселе екендігін көрсетуде²⁸².

²⁸¹ Муслим, Иман, 1.

²⁸² Мухаммәд Али әс-Сабуни. Сафуәтут-тәфәсир, Станбул, 1-том. 25-бет.

وَإِيَّاكَ نَسْتَعِينُ – «Я, Раббымыз! Біз Саған жасаған құлшылық пен мойынсұнуымызда, барлық істерімізде тек қана Сенен жәрдем тілейміз. Сенен өзге ешкімнен жәрдем сұралмайды»²⁸³.

Осы аятта етістіктер *إِيَّاكَ أَعْبُدُ وَإِيَّاكَ أَسْتَعِينُ* – «Мен құлшылық жасаймын, мен жәрдем сұраймын» деп жекеше түрде емес, «құлшылық етеміз, жәрдем сұраймыз» – деп көпше түрде айтылған. Сөзсіз жамағатқа имамдық етіп, намаз оқыған имам осы сүрені оқығанда жамағатты да меңзеп «құлшылық етеміз, жәрдем сұраймыз» дей отырып, көпше түрде оқығаны дұрыс болады. Яғни, имам жамағаттың атынан дұға еткені үшін «біз» дей алады. Бірақ, әрбір мұсылман жеке қалып осы аятты оқығанда неге «Біз» деуіміз керек дейтін сұрақ тууы мүмкін. Ғұламалар бұл сұраққа жауап берген. Аятта: «біз құлшылық қыламыз, жәрдем тілейміз» деп мыналарды меңзейді:

1. Денеміздегі барлық көрінген және көрінбеген мүшелер мен жасушалардың барлығының, яғни, адам өзінің барлық болмысының атынан құлшылығын білдіреді. Өйткені, адамның барлық мүшелері өз тілі мен болмысына сай Хақ Тағаланы дәріптеп, құлшылық етеді.

2. Періштелер мен жындар да Аллах Тағаланың бар және бір екеніне иман келтірген саналы болмыстар.

3. Аллах Тағаланың жалпы ғаламзаттың Раббысы болуы тұрғысынан барлық әлемдердегі жанды, жансыз нәрселер. Құранда: *يُسَبِّحُ لِلَّهِ مَا فِي السَّمَاوَاتِ وَمَا فِي الْأَرْضِ* – «Көктердегі және жердегі нәрселер Аллаһты

²⁸³ әр-Рази. әт-Тәфсирул-кәбир, 1-том, 196-бет.

*дәріптейді»*²⁸⁴, – дейді. Намазын жалғыз оқыған мұсылман күллі ғаламзаттың атынан Аллаһ Тағалаға тағзым етіп, құлшылығын білдіреді.

Бұдан басқа да осы аят бізге – жамағат рухын береді. Өйткені, осы аятта «Мен» деуді алып тастап, «Біз» дейді. Намаз біздің қоғамдық өміріміздің екі тізгін, бір шылбырын тең ұстауға мүмкіндік беретін жүйе секілді. Намазда осылай ұғынсақ, жамағат, қоғам болып тату-тәтті өмір сүреміз. «Біз» қара көбейтетін жай әншейін қарақұрым жамағат емес, рухымен біртұтас, мызғымас, ажырамас алып қоғамбыз. Пайғамбарымыз (с.а.с.) айтып кеткен: *«Мұсылмандар бір-біріне иық тірескен гимараттар тәрізді»* деген нағыз идеал қоғам сонда іске аспақ. Осыны ойлап намазға тұрған адам, өмірде де жалғыздықтан құтылып, бейне бір жәннатта жүргендей күй кешпек.

Аллаһ Тағала пайғамбарының тілімен мұсылмандарға айтқызған осы дұғаны қабыл ететінін және «Фатиха» сүресімен құлы мен Өзінің арасында екіге бөлгенін айтады.

Әбу Һурайраның риуаят еткен бір хадисінде Аллаһ пенқұларасындағы осы байланыс былайша өрнектелген: «Фатихада Аллаһ Тағала құлымен сұхбаттасып былай дейді: «Фатиханы екіге бөлдім. Жартысы – Менікі, жартысы – құлымдікі. Және құлыма қалағаны беріледі. Құл *الْحَمْدُ لِلَّهِ رَبِّ الْعَالَمِينَ* – деген кезде, Аллаһ Тағала: *«Құлым Маған мадақ, хамд етті»*, – дейді. Құл *الرَّحْمَنُ الرَّحِيمُ* – деген кезде, Аллаһ: *«Құлым Мені мақтады»* дейді. Құл *مَالِكِ يَوْمَ الدِّينِ* деген кезде, Аллаһ Тағала: *«Құлым Мені ұлықтады»*, – дейді. Міне, осы жерге дейін Менікі. Құл

²⁸⁴ Жұма сүресі, 62/1.

إِيَّاكَ نَعْبُدُ وَإِيَّاكَ نَسْتَعِينُ деген кезде Аллаһ Тағала: «Бұл Мені мен құлымның арасындағы нәрсе», – дейді. «Сүренің ақыры болса, тек қана құлымдікі. Құлыма қалағаны беріледі»²⁸⁵, – дейді.

Міне, адам «Фатиха» сүресін оқыған кезде осы байланысқа айрықша көңіл бөлгені дұрыс. Құл: «Аллаһым, мені тура жолға сал. Астамдық пен кемшіліктен сақта. Нәпсіқұмарлыққа түсірмейтін, ашуың мен қаһарыңа ұшырамайтын жолға баста. Санасыз өмірден мені сақта. Пайғамбарлар, сыддықтар, шейіттердің жолына сал. Ашуыңа ұшыраған мен адасқандардың құлдилатып құрдымға апарар жолынан сақта!» – дейді. Аллаһ: «Бұл құлыма тиіс нәрсе, құлыма сұрағаны беріледі» – деген жауабын береді.

إِيَّاكَ نَعْبُدُ – «Саған ғана құлшылық қыламыз» а - тында мынадай бір ой бар: Аллаһым, өзгеге емес, тек қана жариялап, растап, жалғыз Саған бет бұрып, Саған мойынсұнамыз. Көңіл тыныштығын Сенен ғана іздеп, Сенің құзырыңда ғана жүрегіміз жай тауып, бақытты ғұмыр кешетінімізге нық сенеміз.

Бұл жерде айта кетер тағы бір мәселе бар. Ол да نَعْبُدُ – «нағбудудың» өткен шақта келмей, осы шақта айтылуы. Егер ол өткен шақта келсе «құлшылық жасадық, орындадық» мағынасына келер еді. Бұл құлшылықтың рухына теріс. Адам жасап қойған құлшылығын мақтан тұтып, тәкаппарланғандай көрінер еді. Бірақ, نَعْبُدُ – «нағбуду» сөзінде бұндай қателікке апаратын мағына жоқ. Өйткені, осы шақ етістік адамды Ұлы Жаратушының құзырындағы әлжуаздығы мен

²⁸⁵ Муслим, Салат 38, 40.

қауқарсыздығын сезіндіріп, Оның алдындағы айнымайтын ниетінің тұрақтылығын меңзейді. Яғни: «Раббым, мен Сенен басқасына азаттығымды құрбан етпеуге және ешбір пенденің, яки, ешбір жаратылыстың алдында кішірейіп, кіріптар болмау ниетіндемін. Сол үшін де терең құлшылығыммен және ғибадат ниетіммен Саған бет бұрып, Саған ғана назар аударамын. Саған ғана мойынсұнып, харамнан бойымды аулақ саламын. Ниетім – ең үлкен амалым. Ниетімді амал санауым да менің үзілмес үмітім. Жасағандарымның салмағына қарай емес, жасауға ниет еткенімнің өлшеміне қарай баға беруінді тілеймін».

Міне, пенде осы биіктен өзіне мүмкіндік берілгенін сезінгендей болады. Ендеше, осындай мүмкіндікті абзал жолмен пайдалана білуі тиіс. Сондықтан, ең лайық, ең қажетті нәрсені сұрау абзал. Олай болса, көп уақыт өткізбей тура жолға салуды, одан айырмауды тілеп,

اهدِنَا الصِّرَاطَ الْمُسْتَقِيمَ – «*Һидаят ет, бізді тура жолға*» – деп, Раббысынан өзін тура жолға салуын қалайды.

6. اهدِنَا الصِّرَاطَ الْمُسْتَقِيمَ – Бізді тура жолға (Саған қасқағым сәттің өзінде адастырмайтын тура жолға) сал! (Тура жолыңда тұрақты ет! Діттеген межемізге, Саған жеткенге дейін бізді қорғаныңнан шығарма!). «Иһдинә» – бізді тура жолға сал, һидаятымызды арттыр, бізді хақ жолдан айырма деген сөз.

Бұл аятты оқыған адам егер тура жолда болмаса, оның тура жолға түсуіне бірден бір дұға болады. Бірақ, тура жолға түскен мұсылман үшін осы аяттың мағынасы қандай? Өйткені, ол онсыз да тура жолға түскен адам ғой. Тәпсіршілердің тұжырымы бойынша, бұл дұға: 1.

Біздің һидаятымызды арттыр, 2. Бізді тура жолдан тайдырма, тұрақты ет – мағынасын береді.

الصِّرَاطُ الْمُسْتَقِيمَ – «Сират мустақим» – Құран жолы, Аллаһ елшісі мен оның сахабаларының жолы, жәннаттың жолы, ақиқат жолы, Ислам, негізгі жол деген сөз.

«әс-Сират»: Осы сөздің басында анықтық хал бар. Бұл да «сират» сөзінің мынадай мағынаға келетінін көрсетеді: Бұл жол – бізден бұрынғы салиқалы кісілер мен пайғамбарлар, әулиелердің жүрген жолы.

Міне, пенде Аллаһ Тағаланың разы болған құлшылығын іске асырып «дұға» биігіне шыққан кезде ең маңызды тілегін білдіреді. Осы аятта сан қилы діндер мен қандай да бір идеологиялардың бұрыстығын білдіретін ишарат жатыр. Тура жол – ақиқатты біліп, оны барлық нәрседен артық көруді және оған мойынсұнып, шамасына қарай оны үстем ету үшін қажыр-қайрат жұмсауды білдіреді.

7. صِرَاطَ الَّذِينَ أَنْعَمْتَ عَلَيْهِمْ غَيْرِ الْمَغْضُوبِ عَلَيْهِمْ وَلَا الضَّالِّينَ
 «Бізді әрқашан да ырыс-береке мен жақсылықтарыңды берген салиқалы құлдарыңның жолымен жүргіз. Ашуыңа, қаһарыңа ұшырағандар мен тура жолдан тайып, адасқандардың жолына түсірме».

صِرَاطَ الَّذِينَ أَنْعَمْتَ عَلَيْهِمْ «Нығмет берілген адамдар». Нығмет берілген адамдардың кімдер екендігі бұл аятта айтылмаған. Құранның кейбір аяттары мағынасы астарлы кейбір аяттарды тәпсірлейді. Бұл аятты да «Ниса» сүресінің 69-аяты тәпсірлеп түсіндіреді. وَمَنْ يُطِعِ اللَّهَ وَالرَّسُولَ فَأُولَٰئِكَ مَعَ الَّذِينَ أَنْعَمَ اللَّهُ عَلَيْهِمْ مِنَ النَّبِيِّينَ وَالصِّدِّيقِينَ

وَالشَّهَدَاءَ وَالصَّالِحِينَ وَحَسُنَ أُولَئِكَ رَفِيقًا – «Кімде-кім Аллаһ пен елшісіне мойынсұнса, олар Аллаһ Тағаланың нығмет берген пайғамбарларымен, сыйдықтарымен, шейіттерімен, салиқалы кісілерімен бірге болады. Бұлар қандай жақсы дос-бауырлар!». الْمَغْضُوبِ عَلَيْهِمْ – «Ашуға ұшырағандардың» – еврейлер, الضَّالِّينَ – «Адасқандардың» да – христиандар екені риуаят етілген. Тура жолдан ауытқу мен Аллаһ Тағаланың қаһарына тек еврей мен христиандар ғана ұшырамайды, оған барлық тура жолдан адасқандар мен Аллаһтың қаһарына ұшыраған қауымдар және адамдар осы топқа жатады²⁸⁶.

Сөз ақыры, «Фатиха» сүресі Құранның мазмұнын қамтыған. Оған кейбір тәпсіршілер томдап кітап жазған. Хазіреті Әлінің: «Қаласам «Фатиха» тәпсіріне қатысты түйеге жүк боларлық еңбек жазар едім»²⁸⁷ деуі тегін емес. Иә, ғұлама Елмалылы да: «Құран – ғажайып дене, «Фатиха» – соның басы, «бисмиллаһ» – оның тәжі» деген.

«Фатиха» сүресінен кейін «әмин» деу – аяттан емес, сүннет.

«Фатиха» сүресінің ерекшелігі

1. Аллаһ Елшісі (с.а.с.) «Фатиха» сүресі – әрбір дерттің дауасы»²⁸⁸ – деген.

2. Басқа бір хадисте: «Фатиха» сүресі – Құранның ең үлкен сүресі»²⁸⁹ – деп айтылады.

²⁸⁶ әр-Рази. әт-Тәфсирул-кәбир, 1-том, 211-бет; Мухаммәд Али әс-Сабуни. Сафуәтут-тәфәсир, 1-том. 25-бет.

²⁸⁷ Суити. Итқан, 4, 200.

²⁸⁸ Сонда.

²⁸⁹ Бухари. Әбу Абдиллаһ Мухаммәд ибн Исмайл. әл-Жамус-Сахих, Станбул, 1907.. Фәдәлиул-Қуран 9.

3. Тағы бір хадисте: «Фатиха» сүресі мен «Бақара» сүресінің ақыры маған Арштың астындағы бір қазынадан берілді»²⁹⁰, – дейді.

4. Әнәс ибн Мәликтің риуаятында Аллаһ Елшісі оған былай дейді: «Жатарда «Фатиха» мен «Ықылас» сүресін оқысаң өлімнен басқа барлық нәрседен аман боласың»²⁹¹.

5. Әбу Сағид Ибнул-Муалла былай дейді: «Мен пайғамбар мешітінде намаз оқып жатыр едім. Аллаһ елшісі мені шақырды. Бірақ, мен (намазда болғаным үшін) жауап бере алмадым. Сосын жанына келіп: Пайғамбарым, намаз оқып жатыр едім (сондықтан да жауап бере алмадым деп кешірім сұрадым). «Аллаһ Тағала кітабында: *«Ей, иман келтіргендер! Аллаһ пен елшісі сендерді шақырған сәтте дереу жауап беріңдер»* демеп пе еді?! («Әнфәл», 24), – деді де: «Сен мешіттен шықпай тұрып, саған Құранның ең үлкен сүресін үйретейін бе?» – еп қолымнан ұстады. Мешіттен шығып бара жатқанда мен: «Сіз ең үлкен сүрені үйретемін» демеп пе едіңіз? – дедім. Ол маған: «Ол сүре – Әлхамду Лиллаһи Раббилаламиндағы (намазда көп оқылатын) жеті аят және маған берілген ұлы Құран», – деді²⁹².

6. Ибн Аббас айтады: «Жәбірейіл Аллаһ елшісінің жанында отырған кезде жоғарыдан есік ашылғандай бір дыбыс естілді. Сонда Жәбірейіл басын көкке көтеріп: «Міне, көктен бір есік ашылды. Бүгінге дейін бұл есік ашылмаған еді», – деді. Сөйткенше болған жоқ, көктен бір періште түсті. Жәбірейіл сөзін жалғап:

²⁹⁰ Хәйсәми. Нуриддин Али ибнул Әби Бәкир. Мәжмауз-Зәуәид. Бәйрут, 1967.

²⁹¹ Зәуәид.

²⁹² Бухари.Тәфсир 1.

«Міне, жерге бір періште түсті. Бүгінге дейін бұл періште жерге түспеген еді», – деді. Періште сәлем берді де Пайғамбарымызға: «Саған берілген екі нұрды сүйіншілеймін. Бұлар сенен бұрын ешбір пайғамбарға берілмеген еді. Олардың бірі – «Фатиха» сүресі, екіншісі – «Бақара» сүресінің ақырғы бөлімі. Олардың оқылған әрбір әрпіне саған сөзсіз үлкен сауап беріледі», – дейді²⁹³.

«ШӘМИС» СҮРЕСІ

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

وَالشَّمْسِ وَضُحَاهَا (۱) وَالْقَمَرِ إِذَا تَلَاها (۲) وَالنَّهَارِ إِذَا جَلَاها (۳)
وَاللَّيْلِ إِذَا يَغْشَاهَا (۴) وَالسَّمَاءِ وَمَا بَنَاهَا (۵) وَالْأَرْضِ وَمَا طَحَاهَا (۶)
وَنَفْسٍ وَمَا سَوَّاهَا (۷) فَأَلْهَمَهَا فُجُورَهَا وَتَقْوَاهَا (۸) قَدْ أَفْلَحَ مَنْ
زَكَاهَا (۹) وَقَدْ خَابَ مَنْ دَسَّاهَا (۱۰) كَذَّبَتْ ثَمُودُ بِطَغْوَاهَا (۱۱)
إِذِ انبَعَثَ أَشْقَاهَا (۱۲) فَقَالَ لَهُمْ رَسُولُ اللَّهِ نَاقَةَ اللَّهِ وَسُقْيَاهَا (۱۳)
فَكَذَّبُوهُ فَعَقَرُوهَا فَدَمْدَمَ عَلَيْهِمْ رَبُّهُمْ بِذُنُوبِهِمْ فَسَوَّاهَا (۱۴) وَلَا يَخَافُ
عُقْبَاهَا (۱۵)

Мағынасы:

1. «Күнге және оның жарығына,
2. Ай күнге ерген сәтте,
3. Жарқыраған сәтте күндізге,
4. Оны бүркеген сәтте түнге,
5. Аспанға және оны жасағанға,
6. Жерге және оны жайғанға.

²⁹³ Муслим. Мусафириин 254.

7. Нәпсіге және оны толықтырғанға,
8. Сонда оған жамандық пен ізгілік қасиетті бергенге серт!
9. Расында нәпсісін тазартқан кісі табысқа жетті.
10. Әлдекім оны кірлетсе, қор болды.
11. Сәмүдтің азғындары жалғанға,, теріске шығарды.
12. Оның ең жауызы қарсы шыққанда.
13. Сонда Аллаһтың елшісі оларға: «Аллаһ Тағаланың түйесіне әрі оның суарылуына килікпендер», – деді.
14. Бірақ, олар оны жоққа шығарып, түйені өлтіріп тастады. Сонда Раббылары оларға күнәларының салдарынан апат жіберіп, жермен-жексен етті.
15. Аллаһ Тағала оның ақырынан қорықпайды».

Мекке кезеңінде түскен. Он бес аяттан тұрады.

1. وَالشَّمْسُ وَضَحَاهَا – «Күнге және оның жарығына». Бұл аятта алдымен күн не көрінсін, не көрінбесін, оның барлық ерекшеліктерімен бірге жалпы өзіне, сосын көкжиектен найза бойы көтеріліп айналаға шашқан жарығына серт етумен бастаған²⁹⁴. Өйткені, күннің шығуы да, батуы да, жалпы күн жүйесі жер бетіндегі өмірдің өсіп-өркендеуінің негізгі арқауы мен қайнары. «Ясин» сүресінде де айтылғандай, күн өз орбитасы мен шеңберінде тілдерін орнымен жүргізген сағаттай он екі планетаны Ұлы Жаратушының әмірімен қозғалысқа

²⁹⁴ әл-Имам Мухис-Сунна Әби әл-Хусәйн ибн Мәсууд әл-Бәғәуи. Тәфсирул-Бәғәуи, Рияд, 1993. 8-том, 437-бет; Абдурахман ибн Наср әс-Сади. Тәйсирул-Кәримир-Рахмән фи тәфсири кәләмил-Мәннән, Бэйрут, 5. 406; Қараңыз: Уәһбә Зухәйли. әт-Тәфсирул-мунир, 15-том, 642-бет; әр-Рази. әт-Тәфсирул-кәбир, 31-том, 171-172-беттер.

келтіреді. Негізінде барлық істі жаратып жүргізетін Ұлы Жаратушы. Бірақ, Ол себеп-салдар заңдылықтарын Өзінің ұлылығына перде еткен. Осы Ұлы Жаратушы «тартылыс күші заңдылығы» арқылы ғаламшарларды күнге байлап, осы күш арқылы түрлі бағыт, жүйелі әрекетпен оларды хикмет шеңберінде айналдырып, күннің өз орталығындағы әрекетін сол тартылыс күшінің пайда болуына арқау еткен. Күн өз шеңбері жүйесінің тұрақтылығы мен тепе-теңдігін сақтау үшін қозғалады²⁹⁵. Міне, Аллаһ Тағала күнге серт ету арқылы Өзінің күн арқылы адамзатқа нәсіп еткен нығметін хәм шексіз құдіретін білдіруде. Бізден әлдеқайда қашық күннің пайдасын санап тауысу мүмкін емес. Аллаһ Тағала бізді күнге серт ету арқылы назарымызды соған аударып, ондағы Өзінің жаратқан шексіз нығметіне ой көзімен үңілуге шақырады. Хақ Тағаланың қолда барда «алтынның» қадіріне жете бермейтін ғапыл құлдары бәрібір күн арқылы берілген шексіз несібені пайымдай алмайды. Бұны күн шықпай, жер бетін айлап-жылдап қараңғылық басқанда ғана терең ұғынып, сезінетін шығар.

Әрі осы аятта *وَضَحَاهَا* – «жарығы» деу арқылы күннің жарығына ерекше мән беріп арнайы серт еткен. Күннің жарығы дүниені жарыққа бөлеп, Хақ Тағаланың шарапаты мен шексіз құдіретін танытудың ғибратты дәлелі. Яғни, ол жаз бен көктемде жер бетінде тоқылған түрлі-түсті кілемнің арқауы хәм күндіз бен түннің парақтарында жазылған Ұлы Жаратушының өз ұлылығын таныту мақсатымен кестеленген хаттардың сиясы, төгілген нұры²⁹⁶. Жалпы күннің бізге беймәлім

²⁹⁵ Мұхитдин Исаұлы. Құран кімнің сөзі?, Алматы, 2005. 95 бет.

²⁹⁶ Сол бетте.

пайдалы жақтары бар. Бізге мәлім ең негізгі пайдасы – жылуы мен жарығы. Міне, осы екі ерекшелік сәске уақытында айрықша білінеді. Күн көкжиектен арқан бойы көтерілгенде жер бетіне жылуы мен жарығын шашады. Осы екі қасиеттің келе жатқанын сезіп, жер бетіндегілерді сүйінші сұрап оятқандай елең-алаңнан құс біткен шулап, сайрай бастайды. Осы екі нығметке адам баласы аса мұқтаж. Ешбір пенде қараңғылықта қалғысы келмейді. Суық пен қайнаған ыстықты жаны сүймейді. Қашан да нұрға бөленіп жүргісі келеді. Сондай-ақ ол жылулық пен рақым-шапағатқа да аса зәру. Бақыттылық та осы екі ерекшелікте жатыр. Міне, осы екеуі жәннәтта бар. Мына пәни дүниенің суығы мен аптап-ыстығында, қараңғы түнегінде адам осы екі қасиет арқылы бақыттылыққа жете алады. Ол әлбетте – иман. Задында барлығының қайнары – Ұлы Жаратушының екі сипаты, рақымдылығы мен нұрында. Міне, күннің жарығы Жаратушы Жаппар Иенің осы сипаттары хақында бізге жар салуда.

2. وَالْقَمَرَ إِذَا تَلَاهَا – «*Және оған ерген сәттегі айға серт*». Яғни, күнге еріп, ол көкжиекке қызарып батысымен артынша көп ұзамай оның орнын жоқтатпай туған айға серт. Мұның уақыты да айдың он төртінен он алтысына дейінгі толған ай түндері. Қалған күндері туған айдың көрінісі дәл бұлай болмайды. Ал ай ортасындағы толған ай бейне бір күн артынан күн туғандай нұрланып туып жер бетін жарық сәулесіне бөлейді де, осы бір ғажап жарығы таңға дейін жалғасады. Міне, осыған «күннің артынан еруші» яғни, күннен кейін туған екінші күн деуге әбден болады. Сондай-ақ, жер бетінде «ақ түн» болып тұратын аймақтардағы ай да осы екінші күнге жатады. Сондағы ай бейне бір күндей болып, тіп-

ті кітап оқуға боларлықтай айналаны сүттей жарыққа бөлейді. Нәм бұл аятта ай жарығын күннен алатындығы жайында хабар беріп, күннің шағылуына қарай жарығы өзгертіндігін айтуда. Яғни, ай өзінен жарық шығармайды. Күннің сәулесіне қарай өзгеру қарекеті арқылы толықсып, ақырында толған ай деңгейіне жетіп, жер бетін жарыққа бөлейді. Сондықтан аятта жаңа туған ай емес, яки, оның толудан бұрын немесе кейінгі жағдайына емес, дәл толған кезеңіне серт етілуінде үлкен сыр жатыр. Неге десеңіз, аятта серттер арқылы ең басты мәселеге назар аудартқан. Ол, әлбетте, адамның «толық адам» мәртебесіне жетуі. Жұмыр басты пенде осы кемелдікке нәпсісін Исламның нұры мен жарығына бағындырып нәр алуы арқылы ғана жете алады. Яғни, адам жамандыққа да, жақсылыққа да бейім. Міне, Аллах Тағала өздігінен жарық шашпайтын айдың күн арқылы бірте-бірте толысатындығын айта отырып, дәл солай адам да өз нәпсісін Ислам жарығымен кемелдендіруге үндейді. «Мұсылман болу әсте-әсте» демекші, адам баласы Ислам ақиқатын бірте-бірте үйрену арқылы, күндердің бір күнінде сол Ислам дінін танып-білген өкілі болып шығады.

Әрі ﷻ – «тәлә» сөзін тіләуәт, оқу мағынасына сай деп түсінуге де болады. Онда ай күнді, күннің жарығын жер бетіндегілерге оқиды. Яғни, күннің бізге көрінбейтін жарығын алып, бізге күннен хабар береді. Негізі күнде, ай да, ол екеуінің қозғалысы да, Хақ Тағаланың аяттары. Яғни, белгілері мен дәлелдері. Міне, ай да осы аяттарды оқу арқылы Ұлы Жаратушының құдіреті жайлы жер бетіне, әсіресе ондағы ақыл иелеріне паш етеді. Сондай-ақ ауыспалы мағына тұрғысынан Аллах Тағаланың аятын оқып, оны айналасына илаһи шабыт

арқылы түсіндіріп нұрға бөлеген, нәпсісін тәрбиелеген мұсылманмен салыстыруға да болады. Өйткені, Құранның бір атауы – Нұр емес пе?!

3. وَالنَّهَارِ إِذَا جَلَّاهَا – «Күнді ашып, жарқыратқан сәтте күндізге». Аяттағы «жәллә» сөзі жарқыратып ап-айқын көрсету деген мағынаға саяды. Бұл уақыт – күннің шайдай ашық аспан аясында жарқырап көрініп, шөкімдей бұлттың немесе тұманның болмаған күндізгі шақ. Яғни, бұл жерде күн жарығының жер бетіне толық жайылған кезеңіне ант етілген.

Бұл аяттағы күндіз күн сәулесінің жер бетіне шағылысуының нәтижесі бола тұра күндіздің күнді ашып, жарқыратты деуінде, яғни, күндіздің күнге әсер етуші етіп «күндіз күнді ашқан сәтте» деп күннің жарығы мен айдан кейін қосымша осыған серт етілуінде терең мән жатыр. Күн біздің тіршілігімізге жарық беруі үшін оған еш нәрсе кедергі жасамауы шарт. Сондай-ақ жасалған нәрсенің белгілері де сол нәрсені жасағанға дәлел бола алатындығына назар аударған. Біз көрген күндіз күннің жарығына, жарық болса, күннің бар екендігіне дәлел. Күннің көрінуі оның жарығының көрінуіне қатысты. Сол арқылы білінеді. Жарық та бізге күндіз арқылы білінеді. Күндіз қаншалықты айқын, кедергісіз болса, жарық та соншалық айқын білінбек. Ал, жарық қаншалықты кедергісіз және айқын болса күндіз де соншалықты айқын да анық көрінеді. Егер күндіз тұманды яки бұлтты болса, күн бұл кезде тікелей емес, тек ақыл арқылы білінеді. Ендеше күндіздің бұл жерде осындай маңыздылығы бар. Күн тәрізді Ислам, Құранның қадір-қасиеті мейлінше білінуі үшін күндіз секілді оны көрсете білетін лайықты мұсылман жамағаты керек. Мысалы, сахабаларды күндізге ұқсатуға бола-

ды. Олардың ой-санасы мен жүректері ашық аспан аясындай таза, пәк болғандықтан Ислам күнінің жарығы мол төгіліп, Хақ Тағаланың нұрлы діні айқын білінді. Көптеген ел осы күндізге қарап ақиқатты айқын көріп, мұсылмандықты жан-жүректерімен тез қабылдай білді. Бұл кейінгі ғасырларда да жалғасын тапты. Алайда қазіргі кезеңді олай деп айта алмайсың. Қазіргі шақта Күн мен күндіздің арасын көлгейлеген кедергілер мыңсан. Исламға күйе жағылуда. Күндіздің тұманды, қара бұлтты болуы арқылы, күннің жылуы мен жарығы түспей қалғанына қарап, күннің жарығы мен жылуы жоқ, қайта қараңғылықтың өзі деп түсінгені тәрізді қазіргі кезеңде кейбір дін дұшпандары күндіздің шуағын көлегейлеп, Ислам жарығы мен нұрын бүркемелеп, әлемге оны жаман етіп көрсетуге тырысып, қаралауда. Яки оның әлемге танылмауына Ислам әлеміндегі мұсылмандардың айқын күндіздей нағыз мұсылман бола алмауы себеп болып отыр. Құранға бейкам қарап, оның тұңғыық тереңіне бойламай ой жүгіртпегендіктен, шынарға қарап бой түзейтін шыбықтай Құранға қарап нәпсісін тәрбиелей аламағандықтан; жік-жікке бөлініп, өзара дауласқандықтан; өзгелерге тұманды, бұлтты күндіз-қоғамы болып көрінуде. Осыдан Ислам өз жылуы мен жарығын, нұры мен рақымын айқын көрсете алмауда. Ендеше бүгінгі таңда әлемге Ислам дінінің жарығын таныта білу үшін мұсылман қоғамы өз ой-санасы мен нәпсілерін тазартып, бойындағы жаман қылықтарын тұмандай сейілтп, санасын тұмшалаған өзімшілдік қара бұлттарынан айығуы қажет. Яғни, мұсылман қоғам қаншалықты Құранға мұқтаж болса, бүгінгі таңда Құран да өзін танытатын, үлгі алатын өнегелі идеал Құран жамағатқа сондай мұқтаж.

4. وَاللَّيْلِ إِذَا يَغْشَاهَا – «Оны (күнді) бүркеп жатқан сәттегі түнге серт». Бұл да «түннің» күнді және барлық көкжиектерді бүркемелеп, нұр мен жарықты түгелдей тұмшалай бастаған, яки, бүркеп жатқан кездегі қою қараңғылық заманға серт²⁹⁷. Осы аятта Хақ Тағала қараңғылық басқан түнмен ант еткен. Бұл жерде де үлкен мән бар. Яғни, түн мен қараңғылық күндіз бен жарыққа қарама-қарсы ұғымдар. Ал «болмыс қарама-қайшылықтар арқылы білінеді». Мысалы, бейбітшіліктің қадірі ел арасында бүлік басталғанда, яки соғыс кезінде, тоқшылық та ашаршылық жайлағанда білінеді. Қазақта «ашаршылықта ішкен ашыған айранның қырық жыл ауыздан дәмі кетпес» деген сөзінің мәні сонда жатыр. Сондай-ақ тауда түнімен тоңған адам күннің жылуын, оның қадірін ерекше сезінеді. Ендеше бұл аятта қараңғылықты айту арқылы нұр мен жарықтың ерекшелігіне назар аудартуда²⁹⁸.

Сонымен қатар, бұл жерде нұр мен жарықтан көз жазып қалған, соны іштей жабырқап, оның жоқтығын іштей сезінген нәпсілік сананың маңыздылығына да назар салуда. Бұл аятта қою қараңғы түн – айдың ақырғы түндері. Өйткені, айдың аяғында ай бірте-бірте кішірейіп жоғалып, жер бетін қараңғылық басады. Алдыңғы аяттардағы күн, жарық – Ислам, мұсылмандарға ишарат етілсе, бұл аятта сол Ислам нұрынан мақрұм қалып, өз нәпсісін надандық, күпірлік, қайғы-қасірет, жалқаулық және нәпсіқұмарлықтың

²⁹⁷ Тәфсирул-Бәғәуи. 8-том, 437-бет; әс-Сағди. Тәйсирул-Кәримир-Рахмән, 5-том, 406-бет; Уәһбә Зухәйли. әт-Тәфсирул-мунир, 15-том, 643-бет.

²⁹⁸ Елмалылы М. Хамди Языр. Хақ діні Құран ділі, Станбул. 9-том. 238-бет.

қара шәлісімен бүркеп, қараңғылықта қалып қойған пенденің күйіне меңзелген. Алдыңғы аяттар қуаныш пен сүйінішке толы серт болса, бұл сертте қорқыныш пен ескерту бар.

5. وَالسَّمَاءِ وَمَا بَنَاهَا – «Көкке және оны жасағанға серт». Көктегі жұлдыздарды жаратқан, арасын қашық болса да оларды тұтас бөлменің кірпіштері тәрізді бір-бірімен байланыстырып, әшекейлі бір сарай етіп, ғажап жүйе енгізген Аллаһ Тағалаға, яки, оны солай жасағанға, жасаған тәсіліне, заңдылықтарына серт²⁹⁹.

6. وَالْأَرْضِ وَمَا طَحَاهَا – «Жерге және оны жайғанға серт». Әсіресе, оның ішінде адамзат ғұмыр кешкен жерге және соны жайғанға, яғни, жерді бейне бір көрпедей төсеп, оның үстінде өмір сүруге мүмкіншілік жасаған Жаратушыға, яки, жердің жаратылған теңдессіз тәсіліне серт.

7. وَنَفْسٍ وَمَا سَوَّاهَا – «Нәпсіге және оны түзегенге серт». Бұл жерде адамның нәпсісі туралы сөз болып отыр. Ал адамның нәпсісі – рух пен тәннен тұратын болмыс, яки тәнді басқарған рух. Нәпсіні осылай түсінеміз. Тәннің түзелуі рухтың сол тәнге енуіне дайын болуын білдіреді. Немесе бұл жердегі нәпсінің түзелуі адам бойындағы барлық мүше мен ішкі-сыртқы сезімдердің орын-орнына қойылуы.

Иә бізді жоқтан жаратқан Жаратушы Жаппар Ие осы сүреде жалпы адам баласының бұл дүниеге келуінің сырын баяндауда. Адам баласы жер бетіне үлкен бір мақсатпен келтіріліп, ауыр міндет жүктелген.

²⁹⁹ Уәһбә Зухәйли. әт-Тәфсирул-Мунир, 15-том, 643-бет; әр-Рази. әт-Тәфсирул-Кәбир, 31-том, 173-бет; Елмалылы М. Хамди Языр. Хақ діні Қуран ділі, 9-том. 239-бет.

Міне, осы жүкті пенде көтере алса, ақыретте шексіз нығмет, бақыт берілмек. Алайда, көтере алмай, яки көтеруден қашқақтап, өз бетінше ғұмыр кешсе, өз міндетіне немқұрайды қарағандықтан, ақыр соңында азапталып, мәңгілік құрдымға кетпек. Сол себепті осы жүктің ауырлығын, ертеңгі есебінің қиындығын сезген хазіреті Әбу Бәкір, Омар тәрізді сахабалар «Әттең-ай, адам болмай, бір құстың аузында кеткен бір тал шөп болғанымда ғой!» деп аһ ұрып өмірден өткен. Аллаһ Тағала алдымен иман келтіріп, салиқалы амал етудің маңыздылығын білдіру мақсатында күнді, толған ай және күндізді мысал қылып түсіндіреді. Содан кейін күпірлікті сол жарық пен нұрды тұмшалап, бүркеген қою қараңғылық түнге теңеп көрсетеді. Алдыңғы үш жарық пен нұрды өткен шақта айтса, түнге келгенде:

وَاللَّيْلِ إِذَا يَغْشَاهَا – «Жарықты бүркеп жатқан кезде» – деп осы шақта береді. Адам айнала қас қарайып, ымыртанып, түн қоюлана бастаған сәтіне қарап таңның қаншалықты ғажаптығын, күндіздің де қаншалықты нығмет пен берекет екендігін ұғынады.

Міне, осы аяттардан кейін Хақ Тағала біздің назарымызды көкке және оны ғажап етіп жаратқан Өзіне аудартады. Яғни, бұл жерде Өзінің шексіз ұлылығын таныту мақсатымен жасағандығын аңғартады. Содан кейін бізге жерді және оны адамның өмір сүруіне ыңғайлы жаратқандығын баяндайды. Үшінші кезекте адамның жаны мен тәнінің қалай жаратылғандығын және оны пайымдауға жер бетінің халифасын осындай ауыр сынақты көтеруге лайықты жаратқандығына зер салдырады. Пендеге ауыр міндет жүктелгелі отыр. Бірақ, қолында қаруы болмаған адам қалай қарсыласа алсын? Міне, Хақ Тағала үшінші кезекте адамның

жаны мен нәпсісін жаратып, оның бойына барлық сезім мүшелерін және оны екі мүшені беріп, бес қаруын сай еткендігін білдіреді. «Оны түзелтіп рухымнан үрлеген кезімде» – деп адам рухын ерекше етіп жаратқандығын ұқтырады. Яғни, адам баласына жүкті көтере алмаймын деп қашқақтайтын ешбір жөні жоқ. Өйткені, оның рухы барлық сынаққа төтеп беруге сақадай сай жасалған. Оның рухы – Хақ Тағаланың әмірімен жаралған рух.

Құранда: *قُلْ الرُّوحُ مِنْ أَمْرِ رَبِّي* – «Айт: рух Аллаһ Тағаланың әмірінен»³⁰⁰, – делінген.

Хақ Тағала адамды Өзінің ұлылығын танып, Оған құлшылық қылсын деп жаратқан. Ол әуелі жер мен көкті, одан кейін адамның соларға қарап, шүкіршілік ете алатын саналы рухы мен денесін жаратып, бір-біріне сай қылды. Соның бәрін Өзі жаратқандығын осы аяттарда айқын баяндайды.

8. *فَأَلْهَمَهَا فُجُورَهَا وَتَقْوَاهَا* – «Сонда оған жамандық әрі ізгілік қасиетін бергенге серт!»

Аяттағы «фужур» – тура жолдан адасу, ақиқат жолының жүйесінен шығып, күпір пиғылымен қарсы келу, бас көтеру деген сөз. Бұл сөз барлық жамандық атаулыны қамтиды. Пайғамбарымыздың (с.а.с.) бір хадисінде осы «Фужур» сөзіне қатысты: *وَإِيَّاكُمْ وَالْكَذِبَ فَإِنَّ* – «Жалғаннан сақтаныңдар. Жалғандық адамды – жамандыққа, жамандық – жаһаннамға апарады», делінген. Бұл жердегі сөз де дәл аяттағы мағынаны береді.

«Тақуалық» «Фужур» ұғымына қарама-қарсы мағынаны береді. Ол нәпсісін құтқарып, Аллаһ

³⁰⁰ «Исра» сүресі, 85.

Тағаланың қорғанына сиынып, жамандық пен кесапаттардан сақтану деген сөз. Яғни, Аллаһ Тағала сынаққа әзір тұрған адамның бойына бірі жақсы, бірі жаман осы екі қасиетті салған. Адам баласы өз жүрегін екі жаққа да бұру мүмкіндігі бар. Яғни, оның пейілі жақсыға да, жаманға да қарай өзгере алады. Міне, осыны адамның өзі шешеді. Оның жаратылыс мақсатының сыры да осында.

Сол себепті оған ақыл мен ерік берілген. Ал ерік бар жерде жамандық пен жақсылық орын алады. Адам сол еркін жақсылыққа қарай бағыттап, күллі жамандыққа бейім тұрған нәпсісін тазартып, Хақ Тағаланы танып, Оған құлшылық қылуы тиіс. Яғни, Оған нағыз лайық құл болсын. Оған құл бола білу үшін Оны жақыннан тану қажет. Сонда ғана ол «толық адам» болмақ. Міне, хакім Абайдың «көкірек көзі ашық», «толық адам» дегені де осы.

Қорыта айтқанда, жұмыр басты пенде өмірінің мақсұты, ғұмырының маңызы мен сыры, ақиқаты және кәміл бақыттылығы мыналар:

Әуелгісі – пенде өзінің бойындағы сезім таразылары арқылы Хақ Тағаланың берілген шексіз нығметтерін өлшеп, жалпы түрде шүкіршілік қылу. Сондай-ақ адам өз жаратылысындағы қасиеттер арқылы Құдай Тағаланың көркем есімдерінің құпия қазыналарын ашып, сол есімдері арқылы тану. Һәм мына сынақ дүниесінде адам өз бойындағы Аллаһ Тағаланың есімдерінің шағылдарын зерттеп біліп, Оның сол есімдерін өмірі арқылы жалғанға жар салып, паш ету. Пенде өзінің мінез-құлқы мен сөзі арқылы Жаратушысының құзырында тұрып, өзінің пенделік құлдығын жария етіп, терең тағзым ету. Әрі Хақ Тағаланың өзінің бойында көрінген сипаттарының

шағылдарын, адамдық қасиеттері арқылы өлшеп, өзін сол арқылы Хақ Тағалаға көрсету. Жалпы жаратылыс та Жаратушыға бас иіп, өз тілінде зікір етіп, құлшылық қылады. Міне, адам баласы жерге, әсіресе сол жер бетіндегі жанды-жансызға көз тастап, одан көктерге қарап, ондағы сансыз жұлдыздардың бір-бірімен қақтығыспай, соқтықпай ғаламат бір жүйе арқылы қозғалып Аллаһ Тағалаға құлшылық қылып тұрғанын көріп, Хақ Тағаланың шексіз ұлылығын ойлауы керек. Пенденің міндеті – өзіне берілген мысқалдай ілім және ерік-жігерін Жаратушының шексіз ілімі, еркімен салыстырып, өзінің ілімі мен еркінің шектеулі, ал, Оның ілімі мен еркінің өлшеусіз екендігін түйсіну. Сондай-ақ, басқа сипаттар арқылы да Оның сипаттары мен есімдерінің құдіреттілігі мен жаппарлығын тану. Һәм адамның өзіне тән тілі болғанындай, мына ғаламзаттағы әрбір жаратылыстың өзіне тән тілі бар. Ол сол тілі арқылы Жаратушы Жаппар Иенің жалғыздығы мен күллі әлемнің Раббы екендігіне куәлік етеді. Міне, адам баласы ой-санасы арқылы сол тілдерді оқып, үйреніп, олардың сөздеріне құлақ қойып, терең ұғына алады. Осылайша пенде өзінің қауқарсыздығы, әлжуаздығы және дәрменсіздігімен Хақ Тағаланың шексіз құдіреті мен ешкімге мұқтаж емес, қайта күллі әлем Оған мұқтаж екендігін танып ұғу. Оның ешкімге мұқтаж еместігін түсіну. Мысалы, адам баласы ашыққан сайын тамақтың ләззәті мен дәмінің ерекшелегін сезеді. Сол сияқты пенде де өзінің қауқарсыздығы арқылы Оның шексіз құдіреттілігін ешкімге мұқтаж болмайтын мәртебелері арқылы аңғарады.

Міне, адам баласы өзіне жүктелген осы міндетті атқарса, Хақ Тағаланың разылығына бөленбек.

Ал егер өз еркі арқылы осынау ғаламзаттың өзіне бағындырылғандығын, шексіз нығмет берілгендігін біле тұра, Ұлы Жаратушысына қарсы шығып, жамандыққа бұрылып, пейілі өзгерсе, ынсапсыздығы мен надандығы үшін Жаратушы Жаппар Иенің рақымдылығынан қуылады.

9. *فَذُفْلِحْ مَنْ زَكَّاهَا* – «Расында нәпсісін тазартқан кісі азаттыққа жетті». Ендеше аяттың басында айтылғандай, жарықты жаратып, олармен бірге көптеген нығметтерді қамтыған көк аспанды бейне бір шаңырақтай құрған және жерді төсеніштей төсеген, осынау нығметтердің парқын ұғып, жаман мен жақсылықты аңғара білетін нәпсіні жаратып түзеген – Аллах Тағалаға серт; кімде-кім өз нәпсісін күнәлардан арылтып, тақуалықпен тәрбиелеп, нұрдың шарапатына бөлесе, ол расында нағыз азаттыққа жетті³⁰¹. Яғни,

فَادْخُلِي فِي عِبَادِي وَاَدْخُلِي جَنَّتِي – «Құлдарымның арасына кір, жәннатыма кір»³⁰², – деген Хақ Тағаланың разылық сөзіне иелік етіп, нағыз аңсаған арманы мен мақсат-мұратына жетеді. Пайғамбарымыз осы аятты оқығанда: «Аллаһым! Менің нәпсіме тақуалығын бер және оны тазарт. Сен оны тазартушылардың ең жақсысың. Сен оның қорғаушысы және иесісің»³⁰³ – деп, дұға етіп отырған.

³⁰¹ Тәфсирул-Бәғәуи, 8-том, 439-бет; әс-Сағди, Тәйсирул-Кәримир-Рахмән, 5-том, 407-бет; Уәһбә Зухәйли, әт-Тәфсирул-мунир, 15-том, 644-бет; әр-Рази, әт-Тәфсирул-Кәбир, 31-том, 175-бет.

³⁰² «Фәжр» сүресі, 89/29-30.

³⁰³ Нисаи, әл-Хафиз Әбу Абдирахман ибн Шуайб. Сунән. Египет, 1964., Истиазә. 13, 65; Муслим. Зикр, 73; Ахмәд ибн Ханбәл. Муснәд. Египет, 1949.

10. وَقَدْ خَابَ مَنْ دَسَّاهَا – «Әлдекім оны кірлетсе, қор болды». Яғни, кімде-кім оны сақтай алмай, күнәлармен шайқап, қадірін түсіріп, өлшемін бағалай алмаса, нағыз қайғы-қасіретке душар болады. Басқа сөзбен айтқанда, Хақ Тағала оны теріс жолға салып, адастырып, шыға алмас шыңырауға тастайды. Мақшар күнінде екі көзі шарасынан шығып жан-жағына алақтап, қордың қоры болғанын сезіп, Аллаһ Тағаланың рақымынан күдер үзіп, يَقُولُ يَا لَيْتَنِي قَدَّمْتُ لِحَيَاتِي – «Әттең-ай, өмірім үшін әу бастан жақсылық жасағанымда зой»³⁰⁴ – деп зарлап, мәңгілік азап пен қайғы-қасіреттің ұйығына құлайды.

Тәпсіршілердің басым көпшілігінің тұжырымы бойынша, алдыңғы серттердің жауабы осы екі сөйлемнен табылады.

Бұл жерде илаһи шабыт арқылы нәпсіні тазартудың нұр, жарық және көкпен, ал нәпсісін кірлеткен адам түн қараңғылығымен салыстырылған. Сондықтан да Хақ Тағаланың адам бойына үрлеген сол бір рухты, яғни, илаһи нұрды осылайша қараңғылыққа көмуі неткен орны толмас қасірет десеңізші! Осыны мысал арқылы жандандыру үшін былай дейді:

11. كَذَّبَتْ ثَمُودُ بِطَغْوَاهَا – «Сәмүд қатты азғындап жоққа шығарды». Аяттағы Сәмүд халқы – жер бетінен жойылған араб тайпасы. Хақ Тағала оларға Салих пайғамбарды жіберген. Һәм оларға мұғжиза ретінде ғажайып түйе жаратқан. Бұл түйе Сәмүд халқы үшін сынақ болатын. Аллаһ оның емін-еркін жайылуын, халыққа құдықтың суын түйемен алма-кезектесіп пайдалануын бұйырды. Яғни, құдықтың суын бір күн халықтың өзі іше, бір күн түйеге ішкізуі қажет болды.

³⁰⁴ «Фәжр» сүресі, 89/24.

Осы түйенің үш түрлі мұғжизасы болған. Бірінші: Хақ Тағаланың құдіретімен бір күні жартас жарылып, арасынан осы түйе шыға келген. Екіншісі: бұл түйе өз кезегі келген күні барлық құдықтардағы суды түгелдей ішіп тауысатын. Сол күні халық су ала алмайтын. Үшіншісі: ғажайып түйе су ішкен күні күллі халыққа жететіндей сүт беретін болған. Міне, осындай түйеге Хақ Тағала ешқандай жамандық жасамауын әмір етті. Егер оған қандай бір залал жасаса, жермен-жексен болатындығы ескертілді. Яғни, оған жамандық жасау Аллаһ Тағалаға қарсылық саналып, түйеге зиянын тигізгендер Оның қаһарына ұшырайтын еді. Сондықтан, түйенің жаратылысы қалай мұғжиза болса, оған жамандық жасағанның азапқа душар болатындығы да мұғжиза еді. Алайда, Салихтың елі бұған сенбей, айтқандарын жоққа шығарып, жалған деп қарсы шыққан. Ендеше жалғандық жаман әдет болғандай, шындық пен ақиқатқа тұнған бір хабарды жоққа шығарып, өтірік деп айту да өте жаман әрекет әрі қиянат. Ал, бір пайғамбардың жеткізген хабарын жоққа шығару – оны жіберген Аллаһ Тағаланы мойындамау, теріске шығару болып саналады.

Аяттағы *بَطُّوْاَهَا* – «тағуа» азғындық деген мағынаға саяды. (Бәлкім қазақ тіліндегі «тағы», «тағылық» сөзі осы сөздің өзгерген түрі болса керек). Сәмүд халқы тау тастарын ойып кәсіп қылған күшті, қуатты ел болған. Сондықтан да олар осы күштеріне әбден сеніп азғындап кеткені сонша өздеріне жіберілген пайғамбарға сенбей, сөздерін де өзін де жоққа шығарды³⁰⁵.

³⁰⁵ Қараңыз; Уәһбә Зухәйли, әт-Тәфсирул-мунир, 15-том, 647-бет.

12. *إِذْ أَنْبَعَثَ أَشْقَاهَا* – «Олардың ең азғын жауызы бас көтеріп қарсы шыққан сәтте». Яғни, жоққа шығарудың ең айқын белгісі сол сәтте болды. Халықтың арасында тағылығымен танымал болған Қудар ибн Салиф деген бір адам топ арасынан атылып шығып, Салих пайғамбардың «Түйеге тиген ауыр азапқа душар болады» деген ескертуін «өтірік» деп жай тұрған түйені сабалап, соққыға жыға бастайды. Міне, бұл әрекет олардың әбден шектен шыққандарының белгісі болды. Өйткені, ғажайып түйені әлгі адам жанындағы қорқау серіктерімен бірге ұрып жатқанда, халық жайбарақат қарағандықтары үшін олар да қарсы шыққандардың қатарынан саналды.

13. *فَقَالَ لَهُمْ رَسُولُ اللَّهِ نَاقَةَ اللَّهِ وَسُقْيَاهَا* – «Сонда Аллаһтың елшісі оларға: «Аллаһ Тағаланың түйесіне әрі оның суарылуына қилікпеңдер» деді. Сол кезде Салих пайғамбар араша түсіп: «Бұл Құдай Тағаланың сендерге жіберген сынағы. Оған жолаушы болмаңдар. Болмаса ауыр азапқа душар боласыңдар», – деп тағы ескертті.

14. *فَكَذَّبُوهُ فَعَقَرُوهَا* – «Бірақ, олар оның сөздерін жоққа шығарып, түйені өлтіріп тастады». Олар пайғамбарларының айтқандарына құлақ аспады. Күндіз-түні араларында жүріп, насихат айтқанмен, халқы тым құрыса бір рет: «осының айтқаны дұрыс болып шықса жағдайымыз не болмақ?» – деп ойланып та көрмеді. Қайта *فَعَقَرُوهَا* – «ақара» сөзі бір малды құлатып, аяқтарын байлап, сойып, өлтіру деген мағынаға келеді. Ендеше олар жазықсыз түйені ұрып қана қойған жоқ, жерге жығып, байлап бауыздап өлтіреді. Бұл іс-әрекеттері олардың азғындықтарының ең шектен шыққан түрі еді.

Иә, бұл барлық пайғамбарларға қарсы шығып, жер бетінен жоқ болуға айналған қауымдардың, Исламға қарсы келіп, шариғатты «өткен ғасырлардың дәстүрі, қазіргі жаңа заманға сәйкес келмейді» – деп, Исламға күйе жағып азғындаған әрбір адам мен қоғамның шектен шыққан көрінісінің де мысалы. Хадистерде айтылғандай, Хақ Тағала бір дінсіз қоғамды яки бір кәпірді, жермен-жексен етпестен бұрын оларға белгілі бір уақытқа дейін тәубесіне келсін деп мүмкіндік береді. Бірақ, олар әбден шектен шығып, Қаһһар Тағаланың ашуына бір тисе, одан кейін ешқайда қашып құтыла алмайды. Бұл олардың бар мүмкіндіктерін жоғалтқан сәттері. Және бұл мысал қазіргі кезеңдегі өздерін жаңа заманның «Ислам ғұламаларымыз» деп жүрген кейбір мұсылмандарға да қатысты әңгіме. Олар мұсылмандарды христиандармен салыстырып, жаңаша ойлауға шақырады. Олардың пайымдауынша, бізден бұрынғы өткен Ислам ғұламалары, атап айтқанда, Рази тәрізді тәпсіршілер және Имам Ағзам секілді мазһаб имамдарының айтып және жазып кеткен кітаптарының бәрі де сол заманға ғана тән ғылым. Олардың бұл күнге беретін ешқандай пайдасы жоқ. Олар мұнымен де шектелмей Имам Бухари, Муслим тәрізді хадисшілердің миллиондаған хадистердің ішінен таңдап жазған хадистерін өздерінің ойлары деп жартысын, тіпті бәрін түгелдей «сахих» емес, тіпті жалған деп, жоққа шығарады. Жоққа шығарып қана қоймай, «فَعَفَرُواهَا» «фә ақаруһә» мәселесіндей хадистерден мысал келтіріп, олардың ақылға қонымсыздығын дәлелдемекке тырысады. Міне, бұлардың іс-әрекеттері Сәмүд халқының Хақ Тағаланың жіберген мұғжиза-түйесін бауыздап, жоққа шығарғандықтарымен бірдей.

15. فَدَمَدَمَ عَلَيْهِمْ رَبُّهُمْ بِذُنُوبِهِمْ فَسَوَّاهَا – «Сонда Раббылары оларға қылмыстарының салдарынан апат жіберіп, түгелдей жермен-жексен етті». «Хижр» сүресінде: فَأَخَذْنَاهُمُ الصَّيْحَةَ – «Сонда оларды ащы дауыс бас салды»³⁰⁶ – деп айтылғандай, Сәмүд халқының үстіне ауыр азап найзағайдай жарқ етіп түсіп, бәрін бір сәтте жермен-жексен етіп, жер бетінен жоқ қылды³⁰⁷. Көп жылдар, бәлкім, ғасырлар бойы ғұмыр кешіп келе жатқан қоғам бір сәтте жер бетінен жоғалып, Сәмүд халқы бұрын-соңды өмір сүрмегендей ізім-қайым кетті. Иә, Хақ Тағаланың қаһарына ұшыраған ел, не жеке тұлғаның ақыры осылай болмақ. Өйткені, олар киелі түйені бауыздағанындай өз тағдырларын өздері шешкен еді. Аллаһ Тағаланың ашуына тиген елдің ажалы кейде су тасқыны, кейде жерден шыққан от, енді бірде зілзала, тағы басқа біз білмейтін орасан пәлекеттер арқылы болады. Міне, Сәмүд халқы да ащы дауыс арқылы бізге беймәлім бір пәлекетке тап келіп, тауды ойып салған үйлерімен қоса түгелдей тып-типыл болды. Аллаһ Тағаланың түйені жартастан шығарып, күллі құдықтардың суын бір өзіне ішкізіп көрсеткен мұғжизасында құдіретінің шексіздігін түсінер деген ғибрат жатыр еді. Өйткені, олардың өмірі тау-таспен тікелей қатысты болған. Олар сол тауларды тесіп сарайлар тұрғызып, өмір сүрген. Ал тасты ойып, үй салу деген екінің бірінің қолынан келе бермейтін іс. Олар тас дегеннің не нәрсе екендігін жақсы білетін. Және түйе олардың малының төресі, яғни, тіршілік көзі еді.

³⁰⁶ «Хижр» сүресі, 15/83.

³⁰⁷ Тәфсирул-Бәғәуи. 8-том, 440-бет; әс-Сағди. Тәйсирул-Кәримир-Рахмән, 5-том, 407-бет; Уәһбә Зухәйли. әт-Тәфсирул-мунир, 15-том, 649-бет.

Аллаһ Тағала олардың ең қатты деген жартасты жарып, түйе яғни, жанды нәрсені жаратып көз алдарына қойды. Аллаһ Тағаланың құдіретімен жартас екеш жартас та қақ айырылып, қақпадай ашылады. Ендеше ең қатты нәрседен ең жұмсақ тіршілікті жаратқан Құдайдың бұл құдіреті олардың көкірек көздерін ашуға жетпей ме? Бірақ, олардың жүректері сол жартастардан да қатты болып шықты. Хакім Абайдың «Жартасқа бардым, күнде айқай салдым» дегеніндей, Аллаһ Тағаланың құдіреттілігіне жартас тағзым етіп, қақ айырылғанмен олардың тас жүректері міз бақпай қойды.

فَسَوَّاهَا – «Әрі оларды түп-түзу, бірдей етті». Яғни, сол халықтың арасындағы ең азғындары мен оның серіктерін ғана емес, Салих пайғамбарға иман келтірмей, түйеге тиген кезде үнсіз қалған адамдардың бәрін де бала-шағасымен қосып тып-типыл етті. Аллаһтың пәлекеті бір елге келгенде сол елдің бейкүнәларын да бірге алып кетеді. Өйткені, пәлекетті шақырған сол елдің үлкендері, ата-аналары. Кінә да, обал да солардың мойнында. Неге десеңіз пәлекетті шақырған егделері. Қандай да бір қоғам пәлекетті де, берекетті де іс-әрекеттерімен және мінездері арқылы өздері шақырады.

16. وَلَا يَخَافُ عُقْبَاهَا – «Аллаһ Тағала оның ақырынан қорықпайды». Яғни, Хақ Тағала берген азабы мен жазасынан кейін: «бұның ақыры қалай болар екен, обал болып залалы тиіп жүрмей ме?» – деп абыржымайды³⁰⁸. Өйткені, Ол – ғаламзаттың Ұлы Жаратушысы. Жаратқанын не істеймін десе, өзі біледі. Ол – فَعَالٌ

³⁰⁸ Елмалылы М. Хамди Языр, Хақ діні Қуран ділі, 9 том. 240-250 бет.

لَا يُسْأَلُ عَمَّا يَفْعَلُ – «Қалағанын жасаушы» және
– «Жасағанынан сұралмайды». Аллаһ Тағаланың жаратқан ісінде ешқандай мін жоқ. Ол – мін мен нұқсандықтан мүлдем ада. Пенде өзін жамандыққа тартса да, Аллаһ Тағала оларды әрдайым жақсылыққа үндейді. Демек, адам, қоғам өзіне-өзі зұлымдық істейді. Тағдыр да оған әділдік жасайды.

Сәмүд халқы тәрізді Аллаһ елшісін жалғанға шығарып, нәпсісіне еріп азғындағандар ақыр соңында айықпас ауыр азапқа кезігеді Ал, адам баласы Ақырғы елшіге иман келтіріп, оған берілген мұғжизаларды растап, Құран мен сүннет нұрына малынып, нәпсілерін тақуалыққа баулыса, мәңгілік азаттыққа жетеді.

«ЛӘЙЛ» СҮРЕСІ

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

اللَّيْلُ إِذَا يُغْشَى { ۱ } وَالنَّهَارُ إِذَا تَجَلَّى { ۲ } وَمَا خَلَقَ الذَّكَرَ
وَالْأُنثَى { ۳ } إِنَّ سَعْيَكُمْ لَشَتَى { ۴ } فَأَمَّا مَنْ أُعْطِيَ وَاتَّقَى { ۵ }
وَصَدَّقَ بِالْحُسْنَى { ۶ } فَسَنُيَسِّرُهُ لِلْيُسْرَى { ۷ } وَأَمَّا مَنْ بَخِلَ
وَاسْتَغْنَى { ۸ } وَكَذَّبَ بِالْحُسْنَى { ۹ } فَسَنُيَسِّرُهُ لِلْعُسْرَى { ۱۰ } وَمَا
يُغْنِي عَنْهُ مَالُهُ إِذَا تَرَدَّى { ۱۱ } إِنَّ عَلَيْنَا لَلْهُدَى { ۱۲ } وَإِنَّ لَنَا لَلْآخِرَةَ
وَالْأُولَى { ۱۳ } فَأَنْذَرْتُكُمْ نَارًا تَلَظَّى { ۱۴ } لَا يَصْلَاهَا إِلَّا الْأَشْقَى
{ ۱۵ } الَّذِي كَذَّبَ وَتَوَلَّى { ۱۶ } وَسَيُجَنَّبُهَا الْأَتْقَى { ۱۷ } الَّذِي
يُؤْتِي مَالَهُ يَتَزَكَّى { ۱۸ } وَمَا لِأَحَدٍ عِنْدَهُ مِنْ نِعْمَةٍ تُجْزَى { ۱۹ } إِلَّا
ابْتِغَاءَ وَجْهِ رَبِّهِ الْأَعْلَى { ۲۰ } وَلَسَوْفَ يَرْضَى { ۲۱ }

Мағынасы:

1. Қараңғылық басқан сәтте түнге.
2. Жарқыраған сәтте күндізге.
3. Және еркек пен ұрғашыны жаратқанға серт.
4. Шын мәнінде іс-әрекеттерің әртүрлі.
5. Ал енді әлдекім (Аллаһ жолында) мал-мүлкін берсе, тақуалық қылса.
6. Ең ізгі жақсылықты дұрыс деп білсе.
7. Сонда оның жолын жеңілдетеміз.
8. Ал енді кім сараңдық істесе, елемесе.
9. Ең ізгі жақсылықты жоққа шығарса.
10. Сонда оның ауырлыққа ұшырауын жеңілдетеміз.
11. (Тозаққа) жығылған сәтте, оның малы оған пайда бермейді.
12. Негізінде тура жол көрсету – Біздің міндетіміз.
13. Сөз жоқ, ақырет те, дүние де – Біздікі.
14. Сондықтан сендерге жалындаған отты ескерттім.
15. Оған ең азғын ғана кіреді.
16. Сондай өтірік деп жалтарғандар.
17. Тақуалық қылған одан алшақтатылады.
18. Әлгі малын сарп қылып тазарғандар.
- 19-20. «Ол жасаған жақсылығын біреуден бір нәрсе алу үшін емес, тек қана Ұлы Раббының разылығын алу мақсатымен жасайды».
21. «Әлбетте сөзсіз жақында разы болады».

Меккеде түскен бұл сүре жиырма бір аяттан тұрады. Барша ғұламалардың көзқарастары осылай. Дегенмен де, Әли ибн Әби Талха бұл сүренің Мәдинада түскендігін айтады. Сондай-ақ, ғұламалардың кейбірі осы сүренің бір бөлігі – Меккеде, бір бөлігі – Мәдинада түскен деп есептейді.

Түсу себебі

Судди бұл сүренің ансарлық Әбуд-Дәһдәһпен байланысты екенін түсіндіреді³⁰⁹. Бір мұнафықтың үйінің алдында құрма ағашы өсіп тұратын. Ағаштың айнала-сында тұратын жетімдер осы құрманың нашарларын үйіне алып кететін. Сонда әлгі мұнафық артынан барып әлгі құрмаларды тартып алатын. Оны естіген Аллаһ елшісі (с.а.с.) оған: *«Бұларды жетімдерге бер. Сауабына ақыретте саған жаннаттан бір құрма ағашы беріледі»*, – дейді. Бірақ, сөз ұқпас, сараң мұнафық оның сөзіне құлақ аспайды. Сол кезде мәдиналық Әбуд-Дәһдәһ оны түгелдей дуалымен сатып алып Пайғамбарымызға келеді де: *«Мен жаннаттағы құрма ағашын алғым келеді. Ендеше мына құрма ағашын сол жетімдерге сыйлаймын»*, – дейді. Хақ пайғамбар да келісімін береді. Ол құрма ағашты сыйлаған соң артынша осы сүре түседі.

Кейбір ғұламалар бұл сүренің хазіреті Әбу Бәкір хақында түскенін айтады. Десек те сүре жалпы жомарт пен сараңдарға айтылған.

1. وَاللَّيْلِ إِذَا يَغْشَى – *«Қараңғылық шөккен кезде, түнге»*.

Бұл сүренің басында айтылған серттер алғашқы сүредегі серттердің мазмұны болумен қатар, сол сүреден кейін тұруы да аса қатты назар аударарлық мәселе. Алдыңғы сүреде алдымен күн, яғни, нұр хақында, одан кейін сол нұрдан қараңғылыққа бату жайлы айтылған еді. Одан ары нұр мен қараңғылықты келтіре отырып, Хақ Тағала және адамның өзін әрі бойындағы нәпсісін яғни, жаратылысын танытатын жолдар көрсетіп, сол жолда жүрмей өз нәпсісінің тұңғиық қараңғы ұйығына

³⁰⁹ Алуси, а.а.е., 15, 2/187.

батқандардың ақыры Сәмүд халқындай болатынын мысал етіп айтқан. Ал бұл сүреде түн яғни, қараңғылық арқылы бастап күн мен нұрдың шығуы айтылады³¹⁰. Яғни, адам баласы өзінің қараңғы нәпсісін тазартып, ғаламзаттың Ұлы Жаратушысына иман келтіру арқылы «толық адам» шыңына шығып, ақырында Аллаһ Тағаланың разылығына ие болатынын айтқан. Алдыңғы сүре жарықпен бастап, ақыры Жаһаннам шыңырауында мәңгілік қалған адамдардың қорқынышты хал-ахуалдарын айтып, қорқытумен аяқталған болатын. Ал бұл сүре де алдымен қорқытумен басталып, соңын сүйіншілеумен аяқталады.

Алдыңғы сүре: *«(Аллаһ) оның ақырынан қорықпайды»*, – деп аяқталады. Бұл сүре осының бір қырын түсіндіріп өтеді. Яғни, «Негізінен іс-әрекеттерің әртүрлі» – деп әр адамның өмірі өзіне қатысты болатындығын айтады. Бір адамның, яки, бір қоғамның, тіпті, күллі ғаламзаттың жоғалып, жермен-жексен болуы, құрдымға кетуі Ұлы Жаратушы Жаппар Иеге ине жасуындай зиянын тигізбейді. Күллі ғалам бір сәтте күлге айналса да, Аллаһ Тағаланың пәктігіне мысқалдай нұқсан келмейді. Оның асқан ұлы құдіретінде тозаңдай кемістік болмайды. Оның дәлелі – Ол түнді күндізге, күндізді түнге айналдырады. Сол алма-кезек алмасқан күн мен түннің ішінде ер мен әйелді жаратып, жаратылысқа сәнмен қоса мән-мағына береді. Сондықтан қараңғылықтан жарыққа, қорқыныштан қуанышқа қарай жылжып, алдымен түнге серт етуден бастаған. Аяттағы аталған түн – жалпы адам баласының ішкі және сыртқы қараңғылықтарының белгісі. Сол

³¹⁰ Елмалылы М. Хамди Языр, Хақ дини Қуран дили, 9-том. 254-бет.

себепті түн арқылы айтылған серт «Қою қараңғылық шөккенде» деп берілген. Яғни, қара шәлідей қараңғылығымен күндізді қамти алатын күллі жаратылыс пен көкжиектерді, тіпті қайғы-қасіретті жапқан сәтке³¹¹ әрі «Әнғам» сүресінде «Сендерді түнде өлідей ұйықтататын Сол»³¹² деп айтылғанындай өлім тәрізді ұйықтатып, бейғамдықпен көздері мен көңілдерін, санасы мен нәпсілерін бүркеген сәтке; қысқасы, қазіргі мезгілде және болашақта адамды айырудан бірігуге; көпшіліктен жалғыздыққа; көрінген әлемнен жоқтыққа апару үшін төнген, не төнетін қою қараңғылыққа заманға серт. Бұл заман – түгелдей шөксе, түгелдей жоқтыққа көмілу іске асады.

Бұл жердегі إِذَا يَغْشَى сөзі осы шақ етістікпен келген. Сондықтан сол түннің қазіргі кезде де, болашақта да болатындығына назар аударған. Осы мағынада алғанда аятта айтылған Сәмүд халқы секілді бір жердің, яки, бір қоғамның жермен-жексен болып құрдымға батқан және батып бара жатқан кездегі қайғы-қасіреті мен қою қараңғылық тәрізді ауыр азапқа түскендей жағдайларын еске салады. Және осы аят, бізге бейне бір терең ұйқыға батып өздерінің өмірлерінен бейхабар болған әсіресе, хазіреті Мұхаммедтің (с.а.с.) пайғамбар болып жіберілетін кезеңдегі әлемді бүркеген «жаһилия», яғни, қараңғылық дәуірге ишарат етеді³¹³. Исламнан бұрын күллі әлем қараңғылықта қалған еді. Әһлі кітап саналған еврей халқы Тәуратты өз қалауынша бұрмалап, тек дүниеге ғана құмар болып, ақыретті

³¹¹ Уәһбә Зухәйли, әт-Тәфсирул-мунир, 15-том, 655-бет.

³¹² «Әнғам» сүресі, 60.

³¹³ Елмалылы М. Хамди Языр, Хақ дини Қуран дили, 9 том. 254-бет.

ұмытып ғұмыр кешсе, христиандар әсіресе олардың дін басылары саясатпен айналасып өзара қырқысты. Халыққа өнеге болудың орнына олардың бұрынғыдан бетер адасуына жол ашқан ды. Араб түбегіндегі арабтар мүлдем адамдықтың арын таптап, азғындап кеткен кезең ді. Міне, осындай қою қараңғылық басқан кезде, көп ұзамай көкжиектен жарық қылаң беріп, айнала нұрға бөленген ді.

Және осы аяттағы адамның бойына үрей тудыратын түпсіз қою қараңғылық қияметтің қорқыныштылығын көз алдымызға келтіреді.

Қысқасы, бұл аят арқылы жалпы қараңғылықпен бірге қияметтен кейінгі жаратылыстың уақытша түгелдей жоқ болу қараңғылығына серт етіліп, күллі ғаламның, жалпы жаратылыстың фәнилігіне, Ұлы Жаратушының мәңгі ақиқат екендігіне назар аударған.

كُلُّ مَنْ عَلَيْهَا فَانٍ وَيَقْوِمُ وُجْهُ رَبِّكَ ذُو الْجَلَالِ وَالْإِكْرَامِ

Бұл: «Бүкіл жер бетіндегілердің бәрі пәни. Ұлы дәрежеге ие, әрі жомарт Раббың Өзі ғана қалады»³¹⁴.

كُلُّ شَيْءٍ هَالِكٌ إِلَّا وَجْهَهُ – «Оның Өзінен басқасының барлығы жоқ болады»³¹⁵, – аяттарының оқылған кезі. Осыны оқығандар фәниліктен өтіп, мәңгілікке қарай бет алады. Яғни, Хақ Тағалаға тағзым етіп, құлдығын мойындап иман келтіргендерге фәнилік шағында тәухид нұры арқылы мәңгілік бақыттылық әлемі көрінеді. Жаратушы Жаппар Ие оларды құрдымға тастамай қайта жаратып, Өзінің жаннат сарайына кіргізіп, мәңгілік өмірді нәсіп етеді.

³¹⁴ «Рахман» сүресі, 26-27.

³¹⁵ «Қасас» сүресі, 88.

Ақырғы Пайғамбар келмей тұрғанда адамдар әбден адасып, қараңғыда қарманып қалған еді. Осы шақта Құдай Тағала пайғамбар арқылы оларды жүректеріне иман нұрын құйып, қараңғылықтан нұрға шығарды. Бақара сүресінде де: *اللَّهُ وَلِيُّ الَّذِينَ آمَنُوا يُخْرِجُهُم مِّنَ الظُّلُمَاتِ إِلَى النُّورِ* – «Аллаһ Тағала иман келтіргендердің досы. Оларды қараңғылықтардан нұрға шығарады»³¹⁶, – дейді. Бұл аят жоғарыда айтылғандардың мағыналарын толықтыра түседі. Өйткені, аятта «қараңғылық» емес, «қараңғылықтар» дейді. Ал нұр мен жарық жалғыз. Яғни, бір-ақ тура жол бар. Одан басқасы қараңғылық. Дүниедегі күпір қараңғылықтарынан бастап, ақыреттегі жаһаннамның тұңғыық қараңғылықтары. Рақымды Аллаһ Тағала мұсылман құлдарын жалпы қараңғылықтардан нұрға бөлейді. Бұл дүниеде иман бергені тәрізді, уақытша қайта жоқ болған кезде де қайта тіріліп, жарыққа шығармақ. Сондықтан, аяттың жалғасында:

2. *وَالنَّهَارِ إِذَا تَجَلَّى* – «Жарқыраған сәтте күндізге», деп осыны білдірген. Алдыңғы сүреде күндіздің күнді шығарған уақытқа серт еткен болатын. Бұл аятта күндіздің өзінің шыққанына серт етілген³¹⁷. Ендеше, мұнда ақиқат күнінің тәухид нұрымен жарқыраған Исламның шығуына ишарат білдірген. Аталмыш осы екі аятқа терең көз салсақ түн мен күндізді айта отырып, сол екеуін жаратқан Аллаһ Тағалаға серт етіп жатқандығын байқаймыз. Түн мен күн арқылы Оның күдіреті мен ұлылығын таныту мақсатымен Жаратушыға серт етілген. Жоқтан бар қылатын, барды жоқ қылатын,

³¹⁶ «Бақара» сүресі, 257.

³¹⁷ әс-Сағди.Тәйсирул-Кәримир-Рахмән, 5-том, 409-бет.

қараңғылық пен жарықты жарататын Ұлы Жаратушыға серт! «Әли Имран» сүресінде:

تُولِجُ اللَّيْلَ فِي النَّهَارِ وَتُولِجُ النَّهَارَ فِي اللَّيْلِ وَتُخْرِجُ الْحَيَّ مِنَ الْمَيِّتِ
وَتُخْرِجُ الْمَيِّتَ مِنَ الْحَيِّ وَتَرْزُقُ مَنْ تَشَاءُ بِغَيْرِ حِسَابٍ

«Түнді күндізге айналдырасың, күндізді түнге айналдырасың. Сондай-ақ өліден тіріні шығарып, тіріден өліні шығарасың. Және кімді қаласаң оған шексіз несібе бересің»³¹⁸, – дейді. Міне, Ол осындай құдіреті шексіз Аллаһ Тағала. Сол себепті келесі аятта айқын көрсетіп, еркек пен ұрғашыны жаратқанға яғни, Ұлы Жаратушыға серт деп айтылған.

3. وَمَا خَلَقَ الذَّكَرَ وَالْأُنثَى – «Және еркек, әйелді жаратқанға серт».

Алдыңғы сүреде нәпсі жайлы айтылған болатын. Міне, бұл сүреде сол нәпсінің еркек пен әйел болып екіге бөлінгендігіне³¹⁹ және осы сүредегі ескертулердің екеуіне де қатысты екендігіне әрі жоқтан бар етіп, көпті біртұтас етіп бір жүйеге қойған Жаратушының жалғыздығына сонымен қатар адам бойындағы әртүрлі құндылық сипаттарды бірігіп іске асыру арқылы бірлік жүйесінің маңыздылығына назар аударған³²⁰. Сондықтан, істе ұйымдасып, бір мақсатта және бірлік үшін амал етуге шақыра отырып, серттің жауабында:

4. إِنَّ سَعْيَكُمْ لَشَتَّى – «Негізінен іс-әрекеттерің әртүрлі», дейді. Яғни, іс-әрекеттерің жүйесіз. Алайда бақытты қоғам ретінде ғұмыр кешу үшін ауызбірлікті әрекет етіп, бір-бірлеріңе қол ұшын беріп көмектесулерің қажет.

³¹⁸ «Әли Имран» сүресі, 27.

³¹⁹ Тәфсирул-Бәғәуи, 8-том, 445-бет.

³²⁰ Уәһбә Зухәйли. әт-Тәфсирул-мунир, 15-том, 655-бет.

«Әли Имран» сүресінде: *وَاعْتَصِمُوا بِحَبْلِ اللَّهِ جَمِيعًا وَلَا تَفَرَّقُوا* «Барлығың түгелдей Аллаһ Тағаланың жібінен (дінінен) мықтап ұстаныңдар, жік-жікке бөлінбеңдер»³²¹, – дейді. Яғни, бұл жерде Аллаһ Тағала әуелі мұсылмандарды бірлікке шақырады. Аяттың біз ұққан осы мағынасы бейне бір осы заманда түскен жаңа аят тәрізді. Қазіргі кезеңде Ислам әлемінде тіпті жалпы жер бетіндегі мұсылмандарда ауызбірлік жоқ. Біреулер дінді саясатқа айналдырса, енді біреулер дінді өздерінің жеке мансаптарына құрал етіп алған. Енді біреулері суннит болса да, ұлттары басқа болғандығын сылтауратып, біріге алмауда. Алайда, Ислам тұтастай бірлікке алтын қазық болар дін емес пе?! Мысалы, барлық мұсылман жалғыз Жаратушы Аллаһ Тағалаға сенеді. Ендеше, Жаратушысы – бір. Барлығы да ақырғы Пайғамбарға сенеді. Бұл тұрғыдан да ешқандай айырмашылық жоқ. Сондай-ақ иман негіздерінде де сенім біреу. Және иісі мұсылманның құбыласы да, Қағбасы да, михрабы да, құлшылықтары да бір. Әсіресе, осы бірлік қажылықта, Арапатта білінеді. Жер бетінің түкпір-түкпірінен әртүрлі ұлттар арасындағы мұсылмандар келіп, сол жерде ешбірі бір-бірін алаламай Ислам байрағы астында қол жайып тұрып, Хақ Тағалаға жалбарынып, бір-бірлері үшін дұға етеді. Мұсылман топтары өзгелердің ұстанған бағыттарын дұрыс, ал өздерінің ұстанған бағыттарын өзгелерден абзалырақ деп қараса мәселе басқаша болар еді.

Жоғарыда түн мен күндіз және ер мен әйелді айта отырып, Жаратушыға серт етілуінің осы аятпен тығыз қатысы бар. Яғни, Аллаһ Тағала мұсылмандарды қараңғылықтардан нұрға шығарды.

³²¹ «Әли Имран» сүресі, 103.

Олардың жүректеріне иман нұрын ұялатып, кәпірдің ұға алмаған нәрсесін нәсіп қылды. Ислам байрағы мен Құранды қолдарына ұстатты. Алайда, кейбір мұсылман қоғамдары, яки мұсылман елдің кейбір топтары осы ақиқаттың қадірін толық түсіне алмауда.

Аяттағы *شَتَّى* «шәттә» сөзі – «шәтит» сөзінің көпше түрі. Бөлек-бөлек, ыдырау, бөліну, қор болу мағынасына саяды. Тәпсіршілер осы аяттың мағынасын бір-бірлерінен мүлде алшақ, иман мен күпір деп түсіндірген. Яғни, біреулер иман, ізгі жақсылықтар арқылы тура жолда болса, енді бірі күпір, қарсы шығып, күнәкар, пасық болып бұрыс жолда қалады. Өйткені, мақсаттары басқаша адамдардың іс-әрекеттерінің нәтижелері де басқаша болады. Ізгілікке ұмтылған адам, әлбетте, бүлікке құмбыл тұрған адамға мүлде ұқсамайды. Осы мағына басқа аятта:

أَفَمَنْ كَانَ مُؤْمِنًا كَمَنْ كَانَ فَاسِقًا لَا يَسْتَوُونَ

«Мүмін кісі пасық пендедей бола ма? Әлбетте, бір болмайды»³²², – дейді.

5. فَأَمَّا مَنْ أَعْطَى وَاتَّقَى – «Ал енді әлдекім (Аллаһ жолында) берсе, тақуалық қылса». Яғни, мал-мүлкінің садақасы мен зекетін берсе. Бақара сүресінде де:

رَزَقْنَاهُمْ يُنْفِقُونَ وَمِمَّا - Біз берген несібеден ізгілік жолы - да жұмсайды»³²³ деп айтылғандай қолындағы дүниесін ізгілікке бағыттап, мұсылмандардың күшеюі үшін атсалысып, Аллаһ үшін сарп етсе және тақуалық жолын ұстанып, Хақ Тағалаға терең мойынсұнып, бөліну мен харам нәрселерден бойын аулақ ұстап, сақтана

³²² «Сәжде» сүресі, 32.

³²³ «Бақара» сүресі, 3.

біліп: *«الَّذِينَ يَجْتَنِبُونَ كَبَائِرَ الْإِثْمِ وَالْفَوَاحِشَ إِلَّا اللَّمَمَ – «Олар ұсақ-түйек қателіктерден басқа үлкен күнәлар мен арсыздықтардан сақтанады»³²⁴* сипатына қол жеткізіп, Хақ Тағаланың қорғанына кірсе. Бұл жерде дүниесін беру тақуалықтан бұрын айтылған. Яғни, пенде дүниесін Аллаһтың жолына жұмсау арқылы ғана тақуалыққа жете алады³²⁵. Сараң адам елге қанша насихат айтқанмен, құлшылық қылғанмен дүниесіне келгенде сараңдық танытса тақуалыққа жете алмайды. Яғни, сараңнан тақуа шықпайды.

6. *وَصَدَقَ بِالْحُسْنَى – «Ең ізгі жақсылықты дұрыс деп білсе»*. Негізінде жақсылық және сол жақсылықтың ең жақсысыбарекендігінесеніп, ізгілікпенжаманшылықты, парасаттылық пен жасандылықты айыра білсе. Жасаған жақсылықтары ешқашан жоғалмайтындығына бексеніп, ізгі амалдарын арттырған сайын арттыра түссе. Өзге сүрелердегі кейбір аяттар да осыны қуаттайды. Мысалы: *لِّلَّذِينَ أَحْسَنُوا الْحُسْنَىٰ وَزِيَادَةٌ وَلَا يَرْهَقُ وُجُوهَهُمْ قَتَرٌ وَلَا ذِلَّةٌ أُولَٰئِكَ لِلَّذِينَ أَحْسَنُوا بِالْحُسْنَىٰ – «Жақсы іс істегендерге асқан жақсылық әрі артығы да бар. Олардың беттерінде бір дақ, не қорлық әсері көрінбейді. Жаннат тұрғындары міне, осылар. Олар сол жерде мәңгі бақи қалады»³²⁶*.

وَمَنْ يَّقْتَرَفْ حَسَنَةً نَّزِدْ لَهُ فِيهَا حُسْنًا – «Кім бейнеттеніп жақсы табысқа ие болса, оның осы жақсылығын арттыра түсеміз»³²⁷. *وَيَجْزِي الَّذِينَ أَحْسَنُوا بِالْحُسْنَى*.

³²⁴ «Нәжім» сүресі, 32.

³²⁵ әс-Сағди. Тәйсирул-Кәримир-Рахмән, 5-том, 410-бет.

³²⁶ «Юныс» сүресі, 26.

³²⁷ «Шура» сүресі, 23.

гендерді де асқан жақсылыққа бөлейді»³²⁸. إِنَّ اللَّهَ لَا يُضِيعُ أَجْرَ الْمُحْسِنِينَ – «Аллаһ игілік істеушілердің сауабын зая қылмайды»³²⁹. وَسَنَزِيدُ الْمُحْسِنِينَ – «Игілік істеушілердің сауабын арттырамыз»³³⁰. وَلَنَجْزِيَنَّهُمْ أَحْسَنَ الَّذِي كَانُوا – «Әлбетте өздерінің істегендерінен әлде қайда жақсы сыйлыққа бөлейміз»³³¹. Міне, осы тәрізді аяттарда жақсылық жасаған мұсылманның ешқашан жақсылықтары жоғалмайтындығы, қайта сауап ретінде жақсылық берілетіндігін айтқан. Ендеше мұсылман осылардың бәрінің растығын мойындап, сенімін бойына сіңіріп, туралықты негізгі мінезі етіп алғаны абзал.

Аяттағы حُسْنَى – «хуснә» – сөзі қазақ тілінде ең ізгі, ең жоғары жақсылық, жақсылықтың ең абзалы, ең ізгі қасиет деген мағыналарға саяды. Яғни, бұл сөз сипат бола тұра есім түрінде берілген. Бірақ, бұл қандай ең ізгі жақсылық? Тәпсіршілер осыған әртүрлі мағына беріп түсіндірген. Ең әуелгісі – «Тәухид сөзі». Яғни, لا اله الا الله сөзі. Яки, «Құран». Немесе ең жақсы дін – Ислам діні, ең жоғары сауап яғни, жаннат³³² одан да жоғарысы Хақ Тағаланың әсем дидарын көру нәсібі. Одан да жоғарғысы Аллаһ Тағаланың ризалығына бөленуі. Негізі, бәрін де қамтыған аят десе болады.

Осы растау аяты «Ал енді әлдекім (Аллаһ жолында) мал-мүлкін берсе, тақуалық қылса» аятынан кейін келген. Яғни, ең жоғары жақсылықты іс арқылы рас-

³²⁸ «Нәжім» сүресі, 31.

³²⁹ «Тәубе» сүресі, 120.

³³⁰ «Бақара» сүресі, 58.

³³¹ «Анкабут» сүресі, 7.

³³² Тәфсирул-Бәғәуи, 8 том, 445-бет.

тау, Аллаһ үшін дүниесін беру мен Аллаһтан қорқу арқылы болады. Жалаң сөзбен растап қоя салған адамға ешқандай жақсылық келмейді. Мысалы, бір дінсіз ғалым «Ислам діні жақсы. Құлшылықтар денсаулыққа пайдалы болса, шарифат заңдары қоғамға өте пайдалы» десе, оған ешқандай қайыр жоқ. Ол бұдан кейінгі аятта айтылған бақыттылардың қатарына жатпайды.

Ендеше әр мұсылман Аллаһ үшін дүниесін сарп етіп, тақуа болып, ең ізгі жақсылықты растасасын.

7. فَسَنُيَسِّرُهُ لِلْيَسْرَى – «Сонда оның жолын жеңілдетеміз». Ең оңай жолмен яғни, өте жеңіл жолмен бақытты болуына жол ашамыз. Яғни, فَسَوْفَ يُحَاسِبُ حِسَابًا – «Жеңіл есеп арқылы есе - ке тартылады да қуанышқа кенеліп үй-ішіне, жақын туыстарына оралады»³³³ – дегеніндей жеңіл есепке тартылып, Жаннатқа кіретіндей бақыттылық жолына дайындаймыз. Жеңілдіктен жеңілдіктерге жеткіземіз.

«Бәләд» сүресінде де айтылғандай, өзгелер үшін асуы биік ауыр жол саналған қайыр жолы ол үшін ең жеңіл жол болып, күллі тосқауылдардан оп-оңай өте шығады. Өрқашан ізгі істерге өте оңай кенеліп, бақыттылыққа жетеді. Яғни, адам баласы әу баста дүниесін оп-оңай бере салғысы келмейді. Алғашқыда көзінің қарашығындай сақтап жүрген дүниесінің біразын өзгеге бергенде, адам өзінің бір мүшесін бірге бергендей сезініп, нәпсісі қара терге түсіп, жүрегі сыздайды. Алайда жүректер Ұлы Жаратушының құдіретті қолына шоғырланған. Ол жүректерді қалаған жағына бағдарлай алады. Міне, алғашқыда адамның нәпсісіне ауыр тигенмен, ол бірте-бірте жеңілдей бастайды. Яғни,

³³³ «Иншиқак» сүресі, 8-9.

Аллаһ Тағала оның сол жақсылыққа деген ниетіне қарай жеңілдетеді. Әсіресе Хақ Тағаланың дінін өркендету жолында жүріп, Пайғамбарымыз бен сахабалардың ізін басқан жандарда бұл мүлдем басқаша болады. Мұндай жандар бір бергеннен кейін алақаны ашылады. Ақырында жүрегіне терең сіңгендіктен дүниесін Хақ жолында жұмсамаса, өмір сүре алмайтындай дәрежеге жетеді. Аллаһ Тағала да осы кезде олардың көп беруге деген барлық құлшыныстарын ашып қояды. Әрі жолдары ашылған сайын ашыла түсіп, Хақ Тағалаға жақындық пен сүйіспеншілігі және ақыретке сезімі арта береді.

Пайғамбарымызға бір сахаба келіп, өзінің ақыретке сезімінің өте төмен екендігін айтады. Сонда Аллаһ елшісі: *«Адамның жаны қашанда да дүниесінің жанында. Ендеше, сен де дүниеңнің біразын ақыретке жібер»* – дейді. Яғни, адамның мал-мүлкі қай жақта болса, ойы да сол жақта тұрады. Мысалы, малын түзге жайып жіберіп, үйінде күрең шайдан ұрттай отырған адамның бар ойы далада, яғни, даладағы малында болады. Ішкен шайының ыстығын да сезбей, малын уайымдап отырады. Олай болса, ақыретке малын жіберген мұсылман да соған ұқсас келеді. Ол қашанда да бір жағынан сол дүниесін рияшылдық жасап жоғалтып алмауды ойласа, бір жағынан сол дүниесін көбейтуге беріледі. Сөйтіп жүріп ақыретке деген сенімі де күшейіп, жолының жеңілдегенін, сахабалардың ізін басқан ізбасар екендігін байқамай да қалады. Аллаһ Тағала оның жолын жеңілдетіп, әлгі мұсылман бұл дүниенің бес күндік пайдасын емес, ақыреттік пайда көзін ойлай бастайды. Яғни, оған жолыққан таудай қиыншылық тобығынан келмейді, керісінше, одан ләззат алады. Бейне бір

таудың сеңгір шыңына өрмелеген альпинистер тәрізді. Олардың алдынан қиыншылық кездескен сайын шыңға жетуге деген құлшыныстары арта түседі. Десек те, Хақ Тағала жолында дүниесін жұмсап, тақуа болған мұсылмандардың рухани дүниесі олардан әлдеқайда терең. Олардың құлшыныстары да, іс-әрекеттері де мінез-құлықтары да, қысқасы, күллі ғұмыры өзгелерден мүлдем басқаша келеді. Бұларды түсінбеген адамдар сырттай қарап, «дүниесін өзгелер үшін неге шашады, неге өз пайдасына, баласына шашпайды?» деп тон пішеді. Олардың осы іс-әрекеттерін түсіне алмағандарды Хақ Тағала келесі аятта баяндайды:

8. *وَأَمَّا مَنْ بَخِلَ وَاسْتَغْنَى* – «Ал, енді кім сараңдық қылса, елемесе». Яғни, дүниеқоңызданып, қанша дүние жиғанмен сол дүниесін өзгеге бермек тұрмақ, қызғыштай қорғап, ат-тонын ала қашса. Аллаһ Тағаланың сауабына теріс қараса³³⁴. *وَاسْتَغْنَى*, «истәғнә» сөзі – өзін әбден бай санап, дүниесінің өзгеден көп екендігіне көңілі тойып, ешқандай адамды місе тұтпай, панданып, тәкаппарланып, өзін тірі жанға мұқтаж емеспін деп санап, тіпті дүние ләззатына тойғаны сонша бұдан кейін ол ақыреттік нәсіп маған қажет емес деп ойлаған сараң адам. Бұл аятта дәулетіне мастанып панданған, мейірім-шапағаттан мүлдем жұрдай болған, көршілері аш жатса да міз бакпай сарайында дүниенің қызығын тамашалап, садақа мен қайыр жасаудан бойын ала қашқан, тіпті жарлыға жәрдем етуді қор санаған, нағыз ар-ожданы шіріген, сараң дінсіз адамды бейнелеген. Яғни, кеудесінде жаны бар демесеңіз, тірі өліктің нақ өзі. Басқа аятта:

³³⁴ Тәфсирул-Бәғәуи, 8-том, 446-бет.

أَمْ تَحْسَبُ أَنَّ أَكْثَرَهُمْ يَسْمَعُونَ أَوْ يَعْقِلُونَ إِنْ هُمْ إِلَّا كَالْأَنْعَامِ بَلْ هُمْ أَضَلُّ سَبِيلًا – «Немесе олардың басым көпшілігі құлақ салып тыңдайды яки ойланады деп ойлайсың ба? Олар мүлде хайуандар тәрізді. Тіпті одан бетер жолдан адасқан»³³⁵, – дейді.

9. وَكَذَّبَ بِالْحُسْنَى – «Ең ізгі жақсылықты жоққа шығарса». Ең ізгі жақсылыққа, яки, ақыретке иман келтіріп, ізгі амал жасағандардың ақыры жақсы болатындығына сенбей «жалған» деп жоққа шығарады. Күн өткен сайын ең ізгі жақсылықтарға иман, Ислам, ихсан, Құран ақиқаттарына дұшпандық жасап, парасатты адамдардың іс-әрекеттерін көрген сайын ойланудың орнына ашу-ызасы қазандай қайнап, бұрқылдап, өшпенділігі ішіне сыймай жарыла жаздайды. Аяттың басында айтылғандай тұла бойын күшірдің қою қараңғылығы бүркеп, жарыққа қарсы шығады.

10. فَسَيَسِّرُهُ لِّلْعُسْرَى – «Сонда оның ауырлыққа ұшырауын жеңілдетеміз». Жаһаннамға кіру тәрізді ең қиын және ең ауыр қасіретке апаратын жолға дайындаймыз. Олар бұдан кейін ауырлықты жеңе алмайды. Яғни, ешқашан бір сәт болсын ойлануға мұршалары болмайды. Санасында жарыққа дұшпандық жасау ойлары шыбын-шіркейдей құжынап, мойын бұрғызбайды. Һәм Жәннатқа барар жол оған мүлде қиындап, Жаһаннамға баратын жолы ашыла береді.

11. وَمَا يُغْنِي عَنْهُ مَالُهُ إِذَا تَرَدَّى – «(Жаһаннамға) жсығылған сәтте, оның мал-мүлкі, байлығы оған пайда бермейді». Оның жиған дүниесі оның басына ең қиыншылық туған сәтте ешқандай пайда бермейді. Алайда адам

³³⁵ «Фұрқан» сүресі, 44.

дүниені не үшін жинайды? Өмірін құтқаруға септігі жоқ байлықтың қандай қажеті бар? Аллаһ Тағала жолына жұмсаған адамның дүниесі мақшарда азаптан құтылуына көмек болып жатқанда сараңның мал-мүлкі жаһаннамның тұңғиық қараңғылығына батыратын қара тасқа айналмақ. Яғни, бұл адам осы өмірде малын қызғанып, тәкәппарлану арқылы өзін мәңгілік азапқа дайындаған. Міне, сол шақта өзінің өмірлік бейнетінің көрінісіне куә болады.

12. *لِّلْهُدَىٰ إِنَّ عَلَيْنَا* – «Негізінде тура жол көрсету – Бізге тән». Бұл жерде насихаттау үшін жаңа бір сөз бастауда. Яғни, тура жол көрсету, жүрекке иман нұрын жарату Хақ Тағалаға тән нәрсе. Қараңғылықта қалып адасқан елді жарыққа шығару үшін пайғамбарлар жіберу, кітаптар түсіру, ақиқатты таныту тек қана Ұлы Жаратушыға лайық іс. Аллаһ Тағаланың тура жолы болмаса, адамдар өздігінен ақиқатты тани алмайды. Адамдардың тура жолда жүріп, жақсылық жасауы, олардың Хақ Тағалаға дұға етіп, жалбарынуларына қатысты жағдай. Яғни, адам баласы жасаған жақсылықтарын өзім жасадым деп асып-таспауы қажет. Өйткені, жақсылық Аллаһ Тағаладан, жамандық болса адамның өзінен. Аллаһ Тағала нәсіп қылып, жүрегіне иман нұрын салмаса, жақсылыққа пейілін бұрғызбаса адам қайдан жақсылық жасасын? Тіпті, сол жақсылықты жарататын Аллаһ Тағаланың Өзі. Құранда: *وَاللّٰهُ خَلَقَكُمْ وَمَا تَعْمَلُونَ* – «Сендерді және іс-әрекеттеріңді де жаратқан Аллаһ Тағала»³³⁶, – делінген.

³³⁶ «Саффат» сүресі, 96.

13. وَإِنَّ لَنَا لِلْآخِرَةِ وَالْأُولَى - «Сөз жоқ, ақырет те, дүние де – Біздікі». Алғашында да ақырында да дүниеліктің Иесі – Хақ Тағала. Оған қарсы шығатын жалғанда ешкім жоқ. Жаратылысты жаратқан жалғыз Ұлы Жаратушы сол ғана. Бұл жалғанда да, ақырет күнінде де Оның ғана жарлығы іске асады. Ендеше Оның тура жолына мұқтаж емеспіз деп, өзге жол іздеп адасудың ешбір жөні жоқ. Ол не десе сол болады. Оның жарлығы мен бұйрығына қарсы шыққандар тек өздеріне зиянын тигізеді. Пенденің өзі ғана қор болып, ауыр азапқа ұшырайды.

14. فَأَنْذَرْتُكُمْ نَارًا تَلَظَّى - «Сондықтан сендерге жалындаған отты ескерттім». Яғни, өзіне түскенді күйдіріп, азаптайтын мәңгілік өшпейтін от. Сондықтан да, تَلَظَّى – «Тәлазза» сөзі осы шақта айтылған. Бұған тек Елшілердің әкелген ақиқатын жоққа шығарып, Аллах Тағалаға иман келтіруден бас тартып, шариғаттарға қарсы шыққан кәпірлер ғана кіреді³³⁷.

15. لَا يَصْلَاهَا إِلَّا الْأَشْقَى - «Оған ең азғын ғана кіреді». Бұл жерде аяттағы الْأَشْقَى – «әшқә», «ең азғын» кәпір адам екендігін айқындау үшін төмендегі аятпен түсіндірілген.

16. الَّذِي كَذَّبَ وَتَوَلَّى - «Өтірік деп жоққа шығарып, (ақиқаттан) бет бұрған». Яғни, тура жолды, ақиқатты жалған деп жоққа шығарып, діннен безген. Міне, бұл нағыз кәпірдің іс-әрекеті. Ой-санасы түзу, пейілінде жылу бар адам ақиқатты көре тұрып ешқашан жоққа шығармайды. Ынсапсыз, санасыз адам ғана мұндай көрсоқырлыққа барады.

³³⁷ Уәһбә Зухәйли. әт-Тәфсирул-мунир, 15-том, 661-бет.

17. *الآتَقَى وَسَيَجْنِبُهَا* – «Тақуалық қылған одан алысқандығына». Күпірліктен әрі күнәдан өзін сақтаған тақуалардың ол жерге кіруі былай тұрсын, маңайынан аулақ болып, үстінен тез өтіп жаннатқа кіреді.

18. *الَّذِي يُؤْتِي مَالَهُ يَتَزَكَّى* – «Әлгі мал-мүлкін сарп етіп тазарғандар». Аллаһ Тағала жолына дүниесін жұмсағандықтан соның екі дүниеде берекетін көріп, ақыретте мәңгілік бақыттылыққа қол жеткізеді. Хақ Тағала алдында тазарады, әрі Оған тағы да жақынырақ болу ниетімен мал-мүлкін қайыр-садақа етіп жұмсайды³³⁸.

19-20. *إِلَّا ابْتِغَاءَ وَجْهِ رَبِّهِ الْأَعْلَى نِعْمَةً تُجْزَى وَمَا لِأَحَدٍ عِنْدَهُ* – «Ол жасаған жақсылығын біреуден бір нәрсе алу үшін емес, тек қана Ұлы Раббының разылығын алу мақсатымен жасаған». Біреуге жәрдемдесу арқылы сол адамды өзіне кіріптар ету, реті келгенде бір нәрсеге пайдалану ниетімен емес, тек Хақ Тағаланың ризалығын алу пейілімен береді. Мысалы, біреуге жақсылық ниетімен ақшалай жәрдем беріп, күндердің күнінде әлгі адам жағдайы жақсарып кетсе, бұл адам барып сол көмегін еске түсіріп міндетсінбейді. Қайта: «Мен себеп қанамын. Аллаһ Тағала мені сауапқа кенелдіру үшін, менің қолым арқылы саған ризық, несібе берді», – дейді.

21. *وَلَسَوْفَ يَرْضَى* – «Әлбетте сөзсіз жақында разы болады». Сол тақуа кісі ақыретте Аллаһ Тағаладан риза болады. Яғни, Раббысынан күткен ризалығын алып,

³³⁸ Қараныз; Тәфсирул-Бәғәуи, 8-том, 447-бет.

шексіз нығметке бөленеді³³⁹. Ғұлама Рази: «Бұл аяттағы разы болатын – Аллаһ Тағала», – дейді. Аллаһ Тағала құлынан разы болып, ризалық мәртебеге жеткізіп, разы еткен құлдарынан етеді. Яғни, пенденің жаратылыс мақсаты – Хақ Тағаланы танып, Оның барлық шексіз нығметтеріне шүкіршілік қылып, құлшылық жасап, ақырында Оның жаннаттан әлденеше артық ризалық мәртебесіне жету. «Тәубе» сүресінде де: **وَرِضْوَانٌ مِّنَ اللَّهِ** – «Аллаһтың разылығы барлығынан да үлкен. Міне, нағыз зор табыс (бақыт) деген осы»³⁴⁰, – делінеді.

«ДУХА» СҮРЕСІ

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

{ ۱ } وَاللَّيْلِ إِذَا سَجَى { ۲ } مَا وَدَّعَكَ رَبُّكَ وَمَا قَلَى { ۳ }
 وَالْآخِرَةُ خَيْرٌ لَّكَ مِنَ الْأُولَى { ۴ } وَلَسَوْفَ يُعْطِيكَ رَبُّكَ فَتَرْضَى
 { ۵ } أَلَمْ يَجِدْكَ يَتِيمًا فَآوَى { ۶ } وَوَجَدَكَ ضَالًّا فَهَدَى { ۷ } وَوَجَدَكَ
 عَانِلًا فَأَغْنَى { ۸ } فَأَمَّا الْيَتِيمَ فَلَا تَقْهَرْ { ۹ } وَأَمَّا السَّائِلَ فَلَا تَنْهَرْ
 { ۱۰ } وَأَمَّا بِنِعْمَةِ رَبِّكَ فَحَدِّثْ { ۱۱ }

Мағынасы

1. «Күннің көтеріліп жарқыраған сәске мезгіліне.
2. Тыныштық ораған түнге ант етейін!
3. (Ей, Елшім!) Раббың сені тастамады да кейімеді.

³³⁹ Тәфсирул-Бәғәуи, 8-том, 448-бет; Уәһбә Зухәйли, әт-Тәфсирул-мунир, 15-том, 662-бет; Қараңыз; Елмалылы М. Хамди Языр, Хақ діні Қуран ділі, Станбул. тз. 9-том. «Ләйл» сүресі.

³⁴⁰ «Тәубе», 9/72.

4. Әлбетте, сен үшін әрқашан істің ақыры алғашқысынан әлдеқайда қайырлы.
5. Әлбетте, Раббың саған шарапатын төгіп, дән риза боласың.
6. Ол (Аллаһ) жетім қалғаныңда қамқорлыққа алмады ма?
7. Сені діннің үкімдерінен бейхабар қалып, қатты абыржып мұнайғанда, түп-тура жолға салмады ма?
8. Кедейлікке түскеніңде дәулетке кенелтпеді ме?
9. Ендеше жетімнің ақысын жеп, басынба.
10. Тіленші, сұраушыға дөрекілік жасап, зекуші болма.
11. Раббыңның ырыс-нығметтерін тоқтаусыз, толасыз айтып түсіндір».

«Дұха» сүресі Меккеде түскен. Сүре он бір аяттан тұрады. Есімін бірінші аяттағы «Дұха» сөзінен алған. Бұл сүреде күннің саф алтындай жарқыраған сәске мезгілі мен түннің қараңғылықты жамылып, айнала тыныштыққа оранған мезгіліне ант етіледі де, Аллаһ Тағаланың Елшісін тастамағанын, оған кейімегенін және өмірінің ақыры әуелгісінен және ақыреті бұл дүниеден әлдеқайда жақсы екендігі айтылады. Сонымен қатар, Хақ Тағала мол несібе беріп оны разы еткенін айтып көңілін жұбатуда. Және Аллаһ Тағаланың оған берген дүние мен ақырет нығметтері үшін шүкірін жария етуі әмір етілген.

Түсу себебі

Пайғамбарымызға алғаш уахи түскен соң әрі қарай жалғасын таппай тоқтап қалады. Осыған қатты

абыржыған Ақиық елші көңіліне қаяу түсіп, мұңаяды. Уахидың тоқтауы мен себебіне қатысты әр түрлі риуаяттар бар.

Бухарида Аллаһ елшісі бір күні мазасызданып, екі-үш күн бойы түнде құлшылық жасай алмайды. Бір әйел Пайғамбарымызды келеке етіп: «Ей, Мұхаммед! Иенді көрмей тұрмын. Шамасы сені тастаған болса керек», – дейді. Осыған орай Аллаһ Тағала «Дұха» сүресін түсіреді.

Муслим мен Тирмизиде риуаят етілген хадисте бірде уахидың кешіккені айтылады. Осыны білген мүшріктер: «Мұхаммедті Иесі тастап кетті» деп айтады. Аллаһ Тағала: «*Раббың сені тастамады да кейімеді*» деп, «Дұха» сүресін түсіреді.

Уахидың төрт күн, он екі күн, он бес күн, жиырма бес күн және қырық күн тәрізді әртүрлі кешігу мезгілі хақында деректер бар³⁴¹.

Тәпсірі

1. *الضُّحَى* – «Күннің көтеріліп жарқыраған сәске мезгіліне». Дұха – күннің найза бойы көтеріліп, жарқырап көрінген сәске мезгілі³⁴². Бірақ, бұл жерде «Дұха» сөзі – түнге карама-қарсы ұғымда беріліп, ап-айқын күндіз мағынасында айтылған. Яки ақиқат күнінің Мұхаммед көкжиегінен көтеріліп, «Әлемдерге рақым етіліп» («Әнбия», 107) жан-жаққа елшілік міндеті арқылы жарық шаша бастаған заманға ишарат.

³⁴¹ Тәфсирул-Бәғәуи, 8-том, 453-бет.

³⁴² Уәһбә Зухәйли. әт-Тәфсирул-Мунир, 15-том, 667-бет.

2. وَاللَّيْلِ إِذَا سَجَى – «Тыныштыққа оранған түнге ант етейін!». Аятта ант етілген түн мезгілі – айналаны түгелдей қараңғылық басып, тыныштық ораған шақ.

Аллаһ Тағала осы екі мезгілге ант етуінің бір хикметі де мынау болса керек: Күн жарықта, яғни күндіз адамдар қыбыр-қыбыр тіршіліктен шаршайды. Түн қараңғылығы шаршап, қалжыраған адам баласының тынығып, тыныс алу үшін аса қажет. Сондай-ақ, Аллаһ Елшісіне уахи ауыртпалық түсіретін. Хақ Тағала уахиды кешіктіру арқылы Оның ауыртпалығын жеңілдетеді. Уахи күндізгі жарық тәрізді. Оның тоқтауы да түннің тыныштығына ұқсайды.

Қысқасы, қараңғылықтан – жарыққа, жарықтан – қараңғылыққа алма кезек тоқтаусыз алмасқан заман мезгілдеріне, яғни, алғашқы өмір мен тіршіліктің басталу сәті болған сәске шағына, сол жарықты тұмшалап, болашақ жаңа өмір мен бақыттылықтың бастауы әрі сүйіншісі саналған түннің қараңғылық басқан үнсіздік шағына ант етейін:

3. مَا وَدَّعَكَ رَبُّكَ وَمَا قَلَى – «(Ей, Елшім!) Раббың сені тастамады да кейімеді». وَدَّعَكَ – «Уаддаға» сөзі – қонақтың қоштасуымағынасымен қатар, түгелдей тастап, қол үзіп кету мағынасында қолданылады. Аллаһ Тағала хақында қоштасу мағынасы мүмкін болмағандықтан, екінші «тәрк ету, қол үзу» мағынасында тәпсірленген³⁴³. Сүренің түсу себебі де осыған дәлел. Яғни, «Раббың сені тастамады да кейімеді».

³⁴³ Тәфсирул-Бәғәуи, 8-том, 454-бет; әс-Сағди. Тәйсирул-Кәримир-Рахмән, 5-том, 413-бет.

4. *وَلَلْآخِرَةُ خَيْرٌ لَّكَ مِنَ الْأُولَى* – «Әлбетте сен үшін әрқашан істің ақыры алғашқысынан әлдеқайда қайырлы». Сенің әрбір хал-ахуалыңның ақыры, сен үшін бастапқысынан әлдеқайда қайырлы. Яғни, сен күннен-күнге ілгері қарай, ізгілікке қарай биіктей бересің. Мысалы, өміріңнің бастапқысына қарағанда пайғамбарлық өмір және пайғамбарлықтың басталған кезде уахидың келуіне қарағанда оның тоқтауы, әрі оның тоқтауына қарағанда, қайтадан басталуы әлдеқайда жақсы. Және осы сүренің түсуінен кейінгі өмірлерінің ақыры алғашқыларынан әлдеқайда қайырлы. Сондай ақ, бұл дүниеге қарағанда – ақырет абзалырақ. Міне, осылайша жақсыдан – жақсыға қарай биіктей бересің.

Аяттағы «*Сен үшін*» Пайғамбарға қарата айтылған. Сонымен қатар, оның үмбеті үшін де айтылған десе қателік болмайды. Ендеше Пайғамбарға қайырлы несібе – үмбетіне де қайырлы.

Сүреде Хақ Тағала сол нығметтердің қандай екендігін аша түсіп, былай дейді:

5. *وَلَسَوْفَ يُعْطِيكَ رَبُّكَ فَتَرْضَى* – «Әлбетте Раббың саған шарапатын төгіп, разы боласың». Раббың келешекте саған мол шарапатын төгеді де сен дән риза боласың. Барлық мұң-қайғың көшкен бұлттай ыдырап, ауыртпалықтарың тұмандай сейіледі де, сен ешбір күмәнің қалмай толайым шаттыққа кенеліп, мәңгілік әлемде риза боласың.

«*Раббың саған мол шарапатын төгіп, сен дән риза боласың*» аятын Хасан Басри: «бұл – Аллаһ елшісінің үмбетіне деген шапағаты» деп түсіндіреді. Аллаһ елшісі: «*Мен Раббым маған: «Разымысың, Мұхаммед?» дегенге дейін үмбетіме шапағат етемін. Сол кез-*

де «Иә, Раббым, ризамын» деймін»³⁴⁴, – дейді. Басқа бір хадисте де: «Әр пайғамбардың қабыл етілген бір дұғасы бар. Барлық пайғамбарлар дұғаларын шұғыл жасаған. Мен болсам дұғамды қиямет күні үмбетіме шапағат ету мақсатында сақтадым»³⁴⁵, – дейді. Ибн Аббас осы аятты «Оның ризалығы – үмбетінің барлығы жаннатқа кіруі» – деп түсіндіреді. Аллаһ елшісінің үмбеті хақындағы риза мен шапағатына жету де, тек қана иман келтіріп, ізінен жүру арқылы болмақ³⁴⁶.

Негізінде аяттың кеңдігіне көз салсақ, бұл жердегі мағына «шапағат» қана болмаса керек. Кейбір ғұламалар аталмыш аятты: «Ең лайығы оның бұл дүниеде берілген мол шарапатты да, ақыреттегі жақсылықтарды да қамтуы. Әлбетте ақыреттегі шарапаттар бұл дүниедегіден әлдеқайда биік болмақ», – деп баяндайды.

Ары қарай аятта Аллаһ елшісі (с.а.с.) үшін әрқашан ақырғысы алғашқыларынан әлдеқайда жақсы екендігін, адамдарды қалтқысыз сендіру мақсатымен, бұрынғы берілген үлкен нығметтерді мысал ету арқылы дәлелдейді.

6. أَلَمْ يَجِدْكَ يَتِيمًا فَآوَى – «Сені жетім түрде тауып қорғаныш, арқау сүйеу болмады ма?». Аллаһ елшісі (с.а.с.) әкесі Абдуллаһтан құрсақта жатқанда жетім қалып, дүниеге келген. Дүниеге көзін ашқанда жанында анасы мен Абдулмұтталиб бар еді. Кейіннен алты жасында анасынан да айырылды. Алғашында Абдулмұтталиб одан кейін оның өсиеті арқылы немере ағасы Әбу Талиб қамқоршысы болған. Міне, Аллаһ

³⁴⁴ Суити. Дуррул-Мәнсур, 7, 534.

³⁴⁵ Бухари. Тәухид 31; Муслим, Иман 338.

³⁴⁶ Қараңыз; Тәфсирул-Бәғәуи, 8-том, 455-бет.

Тағала елшісін әкесінен жетім қалған кезінен бастап, толықтай қамқорлығына алды. Өскен сайын ақырғысын алғашқысынан қайырлы қылып, оңаша тәрбиелеп, оны ешқашан тәрк етіп, тастамаған еді. Аят жетімді әркім шамасы жеткенінше қамқорлығына алуы керектігін насихаттайды. Әрі хазіреті Пайғамбарды қамқорлығына алған Аллаһ Тағала екендігін білдіріп, жетімді қанатының астына алған қашан да Хақ Тағаланың ризалығына қауышатынын меңзейді.

7. *وَوَجَدَكَ ضَالًّا فَهَدَى* – «Сені діннің үкімдерінен бейхабар жүргенде тауып, таңдап тұп-тура жолға салмады ма?». Аллаһ Елшісі әсте сенім мәселесінде қате қадам жасап көрген емес. Аллаһ Тағаланың дара екеніне сеніп өсіп, ешбір пұтқа табынуды білмеген. Аллаһтан өзгені құдай демеген, ешқандай жаманшылық жасамаған. Ақиық елші пайғамбар болмай тұрып та елінің діни сенімдерінің бұрыстығын терең аңғарған жан еді. Әһлі кітап саналған христиан мен яһудейлердің де шектен шыққанын жақсы сезген-ді. Алайда, адасқандарды қалай тура жолға салып, Хаққа бет бұрғызарын білмей қатты ойға батып күй кешкен еді. Сондықтан, Аллаһ Тағала былай деген: Яғни, сен пайғамбарлықтан бұрын ақылмен табу мүмкін емес ақиқаттар мен шарифаттардан бейхабар қалып, тура жол іздеп қатты толғанған біреу едің. Сол кезде Раббың сені таңдап, тұп-тура жолды көрсетпеді ме? Уахи арқылы жіберген кітаппен білмегендеріңді үйретіп, ақиқатты танытпады ма?

8. *وَوَجَدَكَ عَائِلًا فَأَغْنَى* – «Сені кедей күйінде тауып, соңынан байытпады ма?». *عَائِلًا* – «Айыл» – кедей, жоқшылық көруші деген сөз³⁴⁷. Яғни, сен дәулеті жоқ

³⁴⁷ Уәһбә Зухәйли. әт-Тәфсирул-мунир, 15-том, 669-бет.

біреу едің. Сол кезде сені таңдап дәулетті етпеді ме? Өйткені, Аллаһ елшісіне (с.а.с.) әкесінен бір ұрғашы түйе және бір қызметшісінен өзге ешбір мирас қалмаған болатын. Аллаһ Тағала оған алдымен Шамға жасаған саудалық сапарынан мол берекет берді. Сосын хазіреті Хадишамен үйленген кезде оның барлық дәулетін оған сыйға тартқызып байытқан-ды. Осылайша оны бөгдеге кіріптар болудан құтқарған.

Аллаһ Тағала елшісіне (с.а.с.) берген үш нығметін атап көрсеткен соң, оның қарымы етіп оған үш нәрсені әмір етеді:

9. فَأَمَّا الْيَتِيمَ فَلَا تَقْهَرْ «Ендеше жетімнің ақысын жеп қорлама». Олай болса сен де Раббыңның берген және беруге уәде еткен шарапаты мен нығметтерінің шүкіршілік белгісі етіп, жетімдерді қорлап, зекуші болма³⁴⁸. Жетімдерді жұрттан ұят болып жүрер деген оймен емес, тек адам болғаны үшін ғана қадірлеуі тиіс. Өйткені, бір хадисте Аллаһ елшісі: «Мен және (Құдайдан қорқып) жетімге кепіл болған кісі мына екеуі тәріздіміз» деп екі саусағын көрсетеді³⁴⁹.

10. وَأَمَّا السَّائِلَ فَلَا تَنْهَرْ. – «Тіленшіге дәрекілік жасап, зекуші болма». Тіленшіні, яки, сұраушыны жазғырма, қайта мол шарапатыңды төгіп, қажеттіліктерін бер немесе бере алмасаң да жылы сөйле.

Тәпсіршілердің кейбірі السَّائِلَ «Сәйілді» – «дүние сұраған тіленші» деп түсіндірген³⁵⁰. Егер тіленуші қоймай сұрап, табандылық танытса, онда жылы сөзбен

³⁴⁸ әс-Сағди. Тәйсирул-Кәримир-Рахмән, 5-том, 414-бет.

³⁴⁹ Бухари. Талақ, 25, Әдәб 24; Муслим. Зухд 42; Әбу Дауд. Әдәб 123; Тирмизи. Бирр 14; Муатта, Шир 5.

³⁵⁰ Тәфсирул-Бәғәуи, 8-том, 458-бет.

шығарып салуы тиіс. Алайда, бұл да пайда бермейтін болса тіленушіге қаттырақ айтуда күнә жоқ. Өйткені, Құранда нағыз тіленушілердің қандай екендігін баяндап келіп: *تَعْرِفُهُمْ بِسِيمَاهُمْ لَا يَسْأَلُونَ النَّاسَ إِلْحَافًا* – «Оларды бейнесінен-ақ танысың. Олар адамдардан бетін жыртып, жабысып сұрамайды»³⁵¹, – дейді. Яғни, Аллаһ Тағаладан ұялмай, қайта-қайта артыңнан қалмай жабысып сұраған тіленушілерді Ислам діні орынсыз санаған.

Кейбір ғалымдар *السَّائِلُ* – «Сәйілді» мал, дүние, қайыр тілеуші емес, ілім мен дін жайлы сұрақ сұраушы деп те тәпсірлеген. Өйткені, қайыр тіленушіге қолынан келе тұра бермей, бар-жоғы жылы сөзбен шығарып салған адамды Исламда жазғырмаған. Алайда, ілім сұраған адамға ілімі бар кісінің жауап бермеуін Ислам құптамайды. Бір хадисте: «Өзінен ілім сұрағанда, оны жасырған адамға (ақыретте) оттан ауыздық салынады»³⁵² дейді.

Ендеше *السَّائِلُ* – «Сәйіл» (сұраушы, тіленуші) кім болса да әуел баста бірден бетін қайтармай, жылы сөз айтуы тиіс. Егер ұялмай бетін жыртып, артынан қалмай жабысқан жағдайда ғана оған лайық сөз айтылса орынды болмақ. Аллаһ Тағаланың «Оларды бейнесін-ақ танысың» деп анықтап көрсеткен жоқ-жітіктерге пенденің шамасы жеткенше көмектескені абзал.

Іздену қашан да мадақталған. Бұл жерде әдепсізке бармай, шектен шықпау шартымен табандылық көрсетіп, жалыну да ізгілік саналған. Мал мен дүние ті-

³⁵¹ «Бақара» сүресі, 273.

³⁵² Әбу Дауд. Илим 9; Тирмизи. Илим 3; Ибн Мәжә. Муқаддимә 24; Муснад, 2, 263.

лену күнә. Бірақ, өз күш-қуатымен мал табуға шамасы жетпеген жоқ-жітіктерге арнайы рұқсат бар.

11. *وَأَمَّا بِنِعْمَةِ رَبِّكَ فَحَدِّثْ* – «Раббыңның ырыс-нығметтерін тоқтаусыз, толассыз түсіндір». Тек қана желбуаз сөз айтып, тәкаппарлану мақсатымен емес, қадірін біліп, шүкіршілік ету үшін Раббыңның бергендерін көрсетіп және одан өзгелер де пайдалана алатындай түрде сөз және іс-қимыл арқылы да жеткіз. Өйткені, берілген ырыс-нығметті айту пенденің жасаған шүкіршілігі.

Нығмет жайлы сөз қозғап, оларды паш етудің әртүрлі мағыналары бар. Әрбір нығмет құрамы жағынан өзіне сай түрде сипатталады. Бұл – адамның Аллаһ Тағалаға шүкіршілік етуі және барлық берілген несібелердің Құдай Тағаланың шарапаты екендігін білуі. Жалпы адамның бейнеттенуі мен қайраттанып күш-жігер салуы оның дүние табуға деген дұғалық пейілі ғана. Аллаһ Тағала құлына сол ықыласты бейнеті үшін дұғасын қабыл етіп, табысқа кенелтпек. Хақ Тағаланың берген байлыққа пендесі өзім жеттім деп тасып кетпей, сол үшін шүкіршілік қылып, Оныкі екендігін паш етуі тиіс.

Мысалы, Хақ Тағаланың ең сүйікті құлына берген пайғамбарлығы – ең үлкен нығмет. Ендеше пайғамбарлық нығметінің айтылуы: Дағуат пен тәблиғті (дінге шақыру) түп-тура және толықтай іске асыру.

Құран нығметін айту – оны оқып халыққа түсіндіру, әмірлерін орындап, тыйым салғандарынан тыйылу, білмегендерге үйрету әрі тәлім-тағылымдарын елге жеткізу.

Тура жол нығметінің айтылуы – адасқан жандарға тура жолды көрсету. Сонымен қатар осы іс барысын-

да барлық ауыртпалық пен көрген зәбір шеккен жапаға төзімділік танытып, сабырлық көрсете білу.

Атақты ғұлама Алуси аятты: Сен жетім едің, дінді танымайтын да едің, кедей едің. Аллаһ сені қорғанына алып, саған тура жолды көрсетіп, дәулетті етті. Аллаһ Тағаланың саған берген нығметін ұмытпа. Сол себепті жетімге мейірім-шапағатыңды төгіп, жоқ-жітіктерге жәрдем жасап, тіленушіге жаның ашысын. Өйткені, сен жетімдік пен кедейліктің қандай екенін жақсы білесің. Раббың саған тура жол көрсеткеніндей, сен де Оның құлдарына тура жолды көрсет, – деп түсіндіреді.

Иә, Құран жалпы адамзатқа түскен. Сондықтан да осы сүреден әрбір мұсылманның алар үлесі бар. Мәселен, жетім болып, жоқшылықтың зардабын көріп өсіп, кейіннен байығандар, малының санынан жаңылысқан небір ауқатты жандар бар. Өмірдің жоқшылығын тартып, байлыққа кенелген адамдар, кедейлік пен жоқшылықтың қандай екенін өте жақсы біледі. Өйткені, өзі сондай ортадан шыққан. Олай болса, әлі де сондай күйде өмір сүріп жатқандардың халін бай баласына қарағанда әлдеқайда жақсы сезінеді. Бұл жердегі аят сондай адамдарға да байлықты берген – Аллаһ Тағала деп тұр. Сен оның қадірін біліп, шүкіршілік қыл. Оның белгісі ретінде жоқ-жітіктер мен жетім-жесірлерге қолұшын беріп, қолыңнан келгенін аяп қалма.

Мұның мысалы, Абайдың «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалан» дегеніндей, өмірде адасып, орнын таппай, қайранда қалған жайындай әр нәрсеге басын бір ұрып жүргенде тура жолды тауып, өмірге неге келгенін аңғарып, арнасын тапқан ағындай жан сарайына жайма шуақ көктем туып, бақыттылыққа оранған небір жандар бар. Ендеше, олар үшін де сол

нығметтің шүкіршілігінің белгісі – өзі тәрізді жол таппай, адасып жүргендерге қол ұшын беріп, тура жолды таныттыруы. Өйткені, ол адасу мен қараңғылықтың не екендігін көзін ашқанда тақуа отбасында дүниеге келген адамға қарағанда әлде қайда жақсы сезініп, ұғына алады.

Сондай-ақ, тұтас бір қоғамға да қатысты. Мысалы, біздің қазақ елі жетпіс жыл бойы Кеңес өкіметінің қараңғылық қапасында атеистіктің зардабын тартып келді. Қайда барарын, болашағы қандай боларын біле алмай қатты дағдарды. Дұшпандар бұл ел қайтып мұсылман ел болмайды деп баға берді. Бейне бір Хақ Тағала теріс қараған ел тәрізді еді. Алайда олай болмай шықты. Хақ Тағала сан ғасырлар бойы Өзіне құлшылық қылып келген мұсылман қазақтың ұрпағын далаға тастамады. Не істерін білмей қатты дағдарған кезде рақым етіп, мол шарапатын төгіп, тәуелсіздікті нәсіп қылды. Өзіне деген сенімін жүректерде көктемде қайта бүршік жарған көктердей қайта оятып, иман нұрын себетті. Ақырғысы алғашқысынан әлдеқайда қайырлы дегендей, әлі талай алда мол шарапатын төге бермек. Ендеше, шүкіршілік етіп, қоғамның жоғары лауазымдылары төмендегі қоғамның қауқарсыз мүшелеріне қолұшын созып, жәрдем беруі абзал. Бұл айтылғандар аяттың тікелей мән-мағынасы емес. Бірақ, осы сүрені оқыған жандар ақыл қуатына қарай терең мәннің парқын білмек.

«Дұха» сүресінің ақырында және бұдан кейін де Құран аяқталғанға дейін әрбір сүренің соңында тәкбір айту (Аллаһу әкбәр) – сүннет. Бұл Аллаһ елшісінен бізге жеткен хабар. Ілгеріден бері осылай айтылып келген. Жеті қырағат имамдарының бірі Ибн Кәсир арқылы біз-

ге жеткен. Бұның себебі уахидың кешігіп, бір шамадан соң қайта түскен кезде Аллаһ елшісі (с.а.с.) қуанышы қойнына сыймай, «Аллаһу Әкбәр» деген³⁵³.

«ИНШИРАХ» СҮРЕСІ

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

أَلَمْ نَشْرَحْ لَكَ صَدْرَكَ { ۱ } وَوَضَعْنَا عَنكَ وِزْرَكَ { ۲ } الَّذِي أَنْقَضَ
ظَهْرَكَ { ۳ } وَرَفَعْنَا لَكَ ذِكْرَكَ { ۴ } فَإِنَّ مَعَ الْعُسْرِ يُسْرًا { ۵ } إِنَّ مَعَ
الْعُسْرِ يُسْرًا { ۶ } فَإِذَا فَرَغْتَ فَانصَبْ { ۷ } وَإِلَىٰ رَبِّكَ فَارْغَبْ { ۸ }

Мағынасы:

1. «Біз сенің көкірегіңді ашып кеңейтпедік пе?
- 2-3. Беліңді қайыстырған ауыр жүгіңді түсірмедік пе?
4. Іәм сенің абыройыңды көтермедік пе?
5. Қашанда ауырлықпен бірге жеңілдік бар.
6. Шын мәнінде қиыншылықпен бірге оңайлық бар.
7. Ендеше бір істі бітіргенде дереу жаңа іске баста.
8. Әрқашан Раббыңа ғана белбайлап, бет бұрып, Оған ғана жақында».

Меккеде «Дұха» сүресінен кейін түскен. Сегіз аяттан тұрады. Бұл сүренің атауы алғашқы аяттағы сөзден алынған. Аллаһ Тағала елшісінің (с.а.с.) жүрегін қуантуды білдірген *نَشْرَحْ*, «нәшрах» – «сүйіндіру» сөзі сүре тақырыбының негізін қалайды. Өте салмақты болып, Пайғамбардың белін қайыстырған пайғамбарлық пен тәблиғ ауыртпалығы Хақ Тағаланың шарапатымен жеңілдетілген. Бұл сүре сонымен қатар Пайғамбардың

³⁵³ Уәһбә Зухәйли. әт-Тәфсирул-Мунир, 15-том, 677-бет.

ізімен жүріп, оның тәблиғи мен хақ жолына деген қызмет уазипасын арқалаған барлық мұсылмандарға да маңызды күш-жігер беретін қайнар көз.

Тақырыбы «Дұха» сүресіне өте қатты ұқсайды. Осыған орай, осы екі сүренің бір кезеңде түскендігі байқалады. Хақ Тағала елшісінің жабырқаған көңілін сейілту мақсатымен алдымен «Дұха» сүресін, сосын осы сүрені түсірген. Бұл сүреде Ұлы Жаратушы алдымен: «Біз саған үш нығмет бердік. Бұлар болған жерде сен мұнаймайсың. Біреуі – «Көкірегіңді кеңейту» нығметі. Екіншісі – «Беліңді қайыстырған жүктен құтылуың». Үшіншісі – «Абырой, беделіңнің артуы», дейді.

Тәпсірі

1. *أَلَمْ نَشْرَحْ لَكَ صَدْرَكَ* – «Біз сенің көкірегіңді ашып кеңейтпедік пе?». Сені қуанышқа бөленсін деп көкірегіңді ашып, кеңейтпедік пе? Осылайша кең тыныс алып, жүрегің сүйініп, бойыңа күш-қуат бермедік пе? Хақ Тағала сауал арқылы оған берген нығметінің ақиқаттығын айтып тұр. Яғни, «Ей Пайғамбар! Тура жол, иман, Құран нұрымен Біз сенің жүрегіңе шаттық қанатын тақтық» деген сөз³⁵⁴. Басқа сүреде де Хақ Тағала: *فَمَنْ يُرِدْ اللَّهُ أَنْ يَهْدِيَهُ يَشْرَحْ صَدْرَهُ لِلْإِسْلَامِ* – «Аллаһ кімді тура жолға салуды қаласа, оның жүрегің Исламға ашады»³⁵⁵, – дейді.

Ибн Кәсир: Яғни, жүрегіңді нұрландырдық және оны кеңейтіп, рахатқа бөледік. Аллаһ Тағала елшісінің (с.а.с.) жүрегің ашып, сүйіндірумен бірге дінін де

³⁵⁴ Тәфсирул-Бәғәуи. 8-том, 463-бет; әс-Сағди.Тәйсирул-Кәримир-Рахмән, 5-том, 415-бет; Уәһбә Зухәйли. әт-Тәфсирул-Мунир, 15-том, 679-бет.

³⁵⁵ «Әнғам» сүресі, 6\125.

кеңпейіл және жеңіл етті. Онда ешқандай зорлық, ауырлық және қиыншылық жоқ, – деген³⁵⁶.

Әбу Хаян да: «Көкірегін ашуы оған уахи етілгенді жеткізуі үшін жүрегін хикметпен нұрландырып, рахатқа бөлеуі», – дейді³⁵⁷.

Кейбір тәпсіршілер де аятты «Пайғамбардың көкірегін ашуында» екі мағына жатқанын айтады. Біріншісі: Аллаһ елшісі пайғамбарлықтан бұрын-ақ араб мүшріктері, христиан және еврей мен мәжусилердің діндерінің бұрыс екендігін іштей сезіп білетін. Сондай-ақ, арабтар арасындағы Ханифтерге де көңілі разы емес-ті. Өйткені, олардың сенімдері шым-шытырық, күңгірт тұғын. Алайда Аллаһ елшісі сол кезде Ибраһимнен қалған діннің туралығын ұстанып келсе де, шариғаттың қандай екенін білмеген ді. Сондықтан, екіұдай күйде жүрген болатын. Аллаһ Тағала пайғамбарлық беріп елшісінің күмәндарын сейілтпiп, ап-айқын тура жолды көрсетіп, жүрегін толықтай қанағаттандырып, сүйіндірді. Келесі мағынасы: Аллаһ Тағала елшісіне пайғамбарлықпен бірге батылдық, өткір сана, талмас ерік және жүрек қуанышын берген. Аллаһ елшісін пайғамбарлық жауапкершілікті орындауы үшін қажетті зор ілімге ие қылды. Егер осы ілім өзгеге берілетін болса, олардың санасы көтере алмас еді. Сонымен қатар оған ең үлкен жамандық атаулыны жойып, қоғам санасын өзгерту мақсатымен ерекше хикмет те берілді.

Кейбір тәпсіршілер болса, «Көкірегін ашу, кеңейту» аятын – «көкірегінің жарылуы» деп түсіндірген. Хадистерде көкірегінің жарылуы балалық шағы мен пайғамбарлық кезінде, яки, Миғраж түнінде болған.

³⁵⁶ Ибн Касир. Тәфсирул-Қуранил-Азим, Қаһирә, 4. 524-бет.

³⁵⁷ Әбу Хаян. Бахрул-Мухит, 8, 487-бет.

Сол кезде періштелер оның көкірегін жарып, жүрегін шығарып, бізге беймәлім сұйық заттармен жуып, қайта орнына қойған. Сонан соң көкірегін хикметпен толтырған. Бұл – Пайғамбарымыздың Хақтан алған мұғжизаларының бірі.

Хақ Тағала: «Біз ашпадық па?» – деу арқылы Өзінің ұлылығын танытуда. Яғни, «Біз» деуі ұлылығының белгісі.

2-3. أَنْقَضَ ظَهْرَكَ الَّذِي وَوَضَعْنَا عَنْكَ وِزْرَكَ – «Беліңді қайыстырған ауыр жүгіңді түсірмедік пе?». وِزْرُ «Уизр» – ауыр жүк деген сөз. Пайғамбарлық жүгінің ауырлығы, яки, Оның пайғамбарлықтан бұрынғы немесе пайғамбарлық басталғандағы төтеп беруі мүмкін емес орасан кейбір қиыншылықтары. Сондықтан «Белінді қайыстырған» деп берілген. Пайғамбарлық басталғанда Аллаһ елшісі өзге жандар төзе алмас бізге беймәлім ауыртпалықтарды көтерген. Бұл бәлкім алдағы пайғамбарлық жүгін тасып, дінді тәблиғ ету жолында жасалған дайындық та болуы мүмкін. Міне, қара нар көтере алмастай арқалаған ауыр жүгін Аллаһ Тағала алып тастап жеңілдетеді.

4. وَرَفَعْنَا لَكَ ذِكْرَكَ – «Һәм сенің абыройыңды көтермедік пе?». ذِكْرُ «Зикр» бұл жерде абырой, атақ мағынасында берілген. Аллаһ Тағала жалпы пайғамбарлар арасында оның есімін бәрінен де үстем еткен. Оның белгісі Аллаһ Тағаланың есімі айтылған жерде оның да аты аталмақ.

Бір хадисте Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Жебірейіл маған келіп: «Раббым және Раббың: «Сенің абыройыңды қалай көтергенін білесің бе?» – деп сұрады. Мен: «Аллаһ Тағала ең жақсысын біледі», – дедім. Сонда: «Мен зікір етілген кезде, сен де Менімен бірге еске алынасың»

деді», – деп айтқан³⁵⁸. Бұл оның беделінің ең биікке шыққандығын дәлелдейді. Өйткені, «Аллаһ» деген кезде елшісі де бірге еске алынады. لا اله الا الله деген кезде محمد رسول الله қосыла айтылады. Бұл – иманның негізі.

Әбу Хаян: «Аллаһ Тағала Сүйікті Пайғамбарының атын шаһадат кәлимасында, азанда, қаматта, тәшаһүтта, хұтбаларда және Құранда көптеген жерде Өз атымен бірге айтқан», – деген.

Иә, дүниенің мұсылмандар тұрған жерінің барлығында да азан оқылып, Аллаһ елшісінің есімі айтылады. Сондай-ақ, жыл он екі айда оның аты айтылады. Дүние жүзінде тәуліктің жиырма төрт сағатында оның есімі қашан да жаңғырып тұрады.

5. فَإِنَّ مَعَ الْعُسْرِ يُسْرًا – «Қашанда да ауырлықпен бірге жеңілдік бар». Пайғамбарлық ауыр жүкті көтеру, алғашқыда қиын болды. Ендеше, сенің көрген қиыншылығыңмен бірге үлкен жеңілдік те бар. Өйткені, әрбір ауырлықтың бір жеңілдігі болады. Сондықтан саған жеңілдік бердік.

Кейбір тәпсіршілердің көзқарасына қарай, Аллаһ Елшісі (с.а.с.) мен сахабалары мүшріктерден көп жапа шегіп, Меккеде қиын кезеңді бастан кешірген еді. Аллаһ Тағала оны жұбатып сүйіндіру мақсатымен сүренің басындағы нығметтерді жеке-жеке айтса, мына аятта оның көңілін жайландыру әрі үміттендіру үшін жеңілдік бар екендігіне уәде берді. Сондықтан да осы уәдесіне назар аударту мақсатымен қайталады³⁵⁹.

³⁵⁸ Өт-Тәбәри. Жамуил-Баян, Бәйрут 1998, 15, 235.

³⁵⁹ Тәфсирул-Бәғәуи, 8-том, 464-бет.

6. *مَعَ الْعُسْرِ يُسْرًا إِنَّ* – «Шын мәнінде қиыншылықпен бірге оңайлық бар». Бұл да алдыңғы аятты нақтылау мақсатымен берілген. Яғни, бұдан кейін де бір қиыншылыққа тап болсаң, оның да бір жеңілдігі бар екендігін ұмытпа. Ауыртпалықтан шаршама. Оларға да төзімділік таныта біл.

Аят мұсылмандарға әрбір қиыншылықта екі жеңілдік бар екенін айтады. Бірі – дүниедегі екіншісі – ақыреттегі жеңілдік болса керек.

Аллаһ Елшісі осы аят түскенде жүзі қуанышқа толып күлім қағып: «Бір қиыншылық екі жеңілдікті жеңе алмайды «Қиыншылықпен бірге бір жеңілдік бар, қиыншылықпен бірге бір жеңілдік бар» дейді³⁶⁰.

Сонымен қатар қиыншылықтан кейін жеңілдіктің орын алуы әрбір адам үшін бола береді деген сөз емес. Әбу Убәйдә хазіреті Омарға римдіктердің көптігін айтып, абыржыған хат жібереді. Хазіреті Омар оған: «Сөзсіз иманды жүрекке қандай бір қиыншылық туса Аллаһ Тағала оған артынан бір жеңілдік береді. Бір ауыртпалық екі жеңілдікті жеңе алмайды», – деп жауап хат жазады³⁶¹.

7. *فَإِذَا فَرَغْتَ فَانصَبْ* – «Ендеше бір істі бітіргенде дереу жаңа іске баста». Өмірде ешқашан бос тұрма. Мысалы, алған уахиды үмбетіңе жеткізген кезде, яки, парыздарды орындап болған сәтте, дереу басқа құлшылықпен міндетке көш³⁶². Ісім бітті екен деп, бейқамдыққа салынба. Әрқашан Хақ ризалығын іздеп, бір істен ке-

³⁶⁰ Муатта. Жиһад, 6.

³⁶¹ Муатта. Жиһад, 6.

³⁶² әс-Сағди. Тәйсирул-Кәримир-Рахмән, 5-том, 416-бет.

лесі іске көше бер. Бұл жарлық тек қана Елшісіне тән емес, әрбір мұсылманға да қатысты³⁶³.

Бұл аят Исламда еңбек етудің маңыздылығын танытқан аяттың бірі. Өйткені, мұсылманға маңызды бір қарекет-пәлсапасы мен өмір ұстанымын ұсынады. Иә, мұсылман әрқашан қарекет үстінде, тіпті дем алғанда да қарекетте болуы тиіс. Басқа сөзбен айтқанда, өмірін жүйелі түрде өткізіп, ғұмырының бос өткен жері болмауы тиіс.

8. وَإِلَى رَبِّكَ فَارْغَبْ. – «Әрқашан Раббыңа ғана бел байлап, бет бұрып, Оған ғана жақында». Яғни, қалауың жалғыз Хақ Тағала болсын. Не тілесей де Одан тіле. Одан өзгені мақсат тұтушы болма. Әрқашан да тоқтауды білмей, құбыланы бетке алып, Оған жақындай түс.

«ТИН» СҮРЕСІ

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

وَالَّتَيْنِ وَالزَّيْتُونَ { ۱ } وَطُورِ سِينِينَ { ۲ } وَهَذَا الْبَلَدِ الْأَمِينِ { ۳ } لَقَدْ خَلَقْنَا الْإِنْسَانَ فِي أَحْسَنِ تَقْوِيمٍ { ۴ } ثُمَّ رَدَدْنَاهُ أَسْفَلَ سَافِلِينَ { ۵ } إِلَّا الَّذِينَ آمَنُوا وَعَمِلُوا الصَّالِحَاتِ فَلَهُمْ أَجْرٌ غَيْرُ مَمْنُونٍ { ۶ } فَمَا يُكَذِّبُكَ بَعْدُ بِالذِّكْرِ { ۷ } أَلَيْسَ اللَّهُ بِأَحْكَمِ الْحَاكِمِينَ { ۸ }

Мағынасы

1. «Інжір мен зәйтүнге.
2. Сина тауына.
3. Және осы бейбіт қалаға серт!
4. Біз адамды ең көркем бейнеде жараттық.

³⁶³ Уәһбә Зухәйли. әт-Тәфсирул-мунир, 15-том, 681-бет.

5. Сосын оны төмендердің ең төменіне тастадық.
6. Бірақ, иман келтіріп салиқалы амал жасағандар басқа. Оларға түгесілмейтін сыйлық бар.
7. Осыдан кейін, ей адам, сенің мақшар мен есеп беретін күнге сенуіңе қандай кедергі қалды?
8. Аллах үкім берушілердің ең жоғарғысы емес пе?»

Меккеде түскен сүре. Сегіз аяттан тұрады. Меккелік сүре екендігіне «Осы бейбіт қалаға серт» аяты куә. Сүреде інжір, зәйтүн, Сина тауы және Бейбіт қалаға ант етіп, адамның ең ғажап түрде жаратылған соң, ең төмен шыңырауға тастағанын, бірақ, иман келтіріп жақсы іс істегендерге түгесілмес сый-сияпат берілетінін айтады. Ақырғы аятта осыншалық ап-анық дәлелдерден кейін ақыретте жақсылық жасағанға сыйлық, жамандық жасағанға жаза берілетін күнді жоққа шығару мүмкін еместігін, өйткені, Аллаһ Тағала үкім берушілердің ең жоғарғысы екендігін баяндайды.

Тәпсірі

1. وَالزَّيْتُونَ – «*Інжір мен зәйтүнге*». Тәпсіршілер аяттағы інжір мен зәйтүн хақында негізінен екі көзқараста болған. Оның бірі – інжір мен зәйтүн бұл жерде кәдімгі жеміс ағаштары. Хасан, Мұжаһид тәрізді атақты ғұламалар: «Бұл кәдімгі жеп жүрген інжір мен зәйтүн»³⁶⁴ – деп түсіндірген. Өйткені, бұл аятта ешқандай астарлы мағына жоқ. Олай болса, адам жаратылысының ғажайыптылығы мен ақырының ащылығы, яки тәттілігін баяндауда інжір және зәйтүнмен ант етіп бастауында қандай хикмет болуы мүмкін деген ой әркімнің санасында тууы хақ. Інжір мен зәйтүн адам өмірі үшін аса

³⁶⁴ Куртиби. Ахкамул-Қуран, 10, 110; Тәфсирул-Бәғәуи, 8-том, 458-бет.

пайдалы. Ол һәм азық, һәм жеміс, әрі дәрі және сауда тұрғысынан да пайдасы көп. Олар жемістердің ішіндегі ең ғажап және мүбарәк жеміс саналады. Ендеше Аллаһ Тағала осы екеуінің ең пайдалы жағын назарға алып, ант еткен.

Екінші көзқарасқа келсек, інжір мен зәйтүнді айтудағы мақсат жеміс ретінде емес, хазіреті Исаның туып-өскен жері болғандықтан. Сол жерлер осылармен аты шыққан. Өйткені, Тұр тауы Аллаһ Тағаланың хазіреті Мұса пайғамбармен сөйлескен жері³⁶⁵. Бейбіт қалада Пайғамбарымызға (с.а.с.) уахи келген жер. Ғұлама Алуси: «Бұлар мүбарәк абыройлы жерлерге ант», – деп осы көзқарасты қуаттайды.

2. وَطُورِ سَيْنِينَ – «Сина тауына». Бұл – Аллаһ Тағала Хазіреті Мұса пайғамбармен сөйлескен тау. Бұл тау Мысырдың Қызыл теңізге жақын жерінде орналасқан. «Синин» – берекелі деген мағынаға саяды. Тәпсірші әт-Табари де: «Тур синин» кәдімгі білетін Тұр тауы» – деп осы көзқарасты қуаттайды.

3. وَهَذَا الْبَلَدِ الْأَمِينِ – «Осы Бейбіт қалаға ант етейін!». Яғни, ей, Мұхаммед! Мынау тұрған, туып өскен және пайғамбар етіп жіберілген бейбіт, сенімді сипатымен танылған осы қалаға ант етейін. Бұл қаланы тәпсіршілер бір ауыздан Мекке қаласы деген. Аяттағы: الْبَلَدِ الْأَمِينِ – «Бәләдул-әмин» бейбіт, сенімді қала деген сөз. Хазіреті Ибраһимнен бері қарай барлық арабтардың құрмет көрсетер қасиетті аймағы ретінде қабыл етілген. Бұл жерде біреу біреуге тиіспейді. Бұл жердің аңдары ауланбай, ағаштары кесілмейді. Сахарада қарақшылар өріп жүрсе, бұл аймақта жан сақтайтын қала болған.

³⁶⁵ әс-Сағди. Тәйсирул-Кәримир-Рахмән, 5-том, 417-бет.

4 لَقَدْ خَلَقْنَا الْإِنْسَانَ فِي أَحْسَن تَقْوِيمٍ – «Біз адамды ең көркем бейнеде жараттық». Яғни, адам түрін заттық және рухани етіп ең көркем суретте жараттық. Бұл жерде «көркем бейне» адамның тек сыртқы көрінісі емес. Оның жан-дүниесі, ішкі сезімдері, шексіз қабілеттері, ой-санасы, ақылы, т.б. бәрін де ең көркем бейнеде жаратылғандығы айтылады.

5. ثُمَّ رَدَدْنَاهُ أَسْفَلَ سَافِلِينَ. – «Сосын оны ең төменгі шыңырауға тастадық». Өзінің ең ғажап түрде жаратқанымызға сай міндетін орындамағандықтан түпсіз шыңырауға тастадық³⁶⁶. Яки, ғажап жаратылысынан айырып қор етіп, жәһаннамның түбіне тастадық. Яғни, адамдықты аяққа таптап, адамзатқа қиянат көрсеткені үшін, барлық шен-шекпенінен айырылып қалмақ.

Тәпсірші Мәудиди аятты былайша тәпсірлейді: Бір адам ең ғажап түрде жаратылған соң сана-сезімдері жамандыққа бой алдырса, Аллаһ Тағала оған тек қана жамандық жолында табысқа жеткізеді. Сондықтан да әлгі адамның қатты азғындағаны сонша – ешбір мақлұқ оған жете алмайды. Бұның мысалын қоғамда ап-айқын көруге болады. Өлермендік, менмендік, нәпсіқұмарлық, арсыздық, есірткі, ішімдікке салыну, көреалмаушылық, т.б. жаман пиғылдарға берілген адам, мінез-құлық жағынан шынында да ең төменгі шыңырауға құлайды. Бірақ, осы құлауы адамның өз қолымен жасаған істері арқылы болмақ. Дәлірек айтқанда, бұл жерде адамның өзінің ой-санасы мен еркіне қатысты нәрсе. Аллаһ Тағала оны ең көркем етіп жаратып тектен-текке шыңырауға тастамайды.

³⁶⁶ Тәфсирул-Бәғәуи, 8-том, 472-бет.

6. *إِلَّا الَّذِينَ آمَنُوا وَعَمِلُوا الصَّالِحَاتِ فَلَهُمْ أَجْرٌ غَيْرُ مَمْنُونٍ*. – «Бірақ, иман келтіріп салиқалы амал жасағандар басқа. Оларға түгесілмейтін сыйлық бар». Аллаһ Тағаланың ең ғажап түрде жаратқандығына сай міндетін атқарған адам баласы төменгі шыңырауға құламақ емес³⁶⁷. Өйткені, олар Аллаһтың жарлықтарын орындап, ризалығын алу ниетімен иман келтіріп салиқалы амалдар жасайды. Хакім Абайдың: «Өлді деуге сыя ма ойландаршы, өлмейтұғын артында сөз қалдырған» дегенінде салиқалы ой жатыр. Олар өмір бақи Хақ Тағалаға құлшылық қылып, Оның ұлы есімін ғаламзатқа паш етіп, Онсыз ғұмыр кешкен бейбақ жандарды Хақ Тағаламен қауыштыруға бар күшқайратын жұмсап, өшпестей өнегелі өмір қалдырған, Хақты сүйіп, Оған фәни болған тақуа жандар. Осы ерен ерліктері үшін Ұлы Жаратушы оларға түгесілмес, сыйсияпат әзірлеген. Әсіресе, олар Хақ Тағаланың ең үлкен сыйы – ризалығына жетіп, мәңгілік әлемде шаттыққа бөлене бермек.

7. *فَمَا يَكْذِبُكَ بَعْدُ بِالْذِّينِ* – «Осыдан кейін, ей, адам, сенің мақшар мен есеп беретін күніне сенуіңе қандай кедергі қалды?». Аяттағы *الذِّينِ* – «әд-дин» сөзінің мағынасы Ислам діні болумен қатар «ақырет күні» мағынасы да болуы мүмкін³⁶⁸. Өйткені, «дін» сөзі – «қарымын қайтарды» мағынасына саятын «дәнә» етістігінен шыққан. Ендеше, сөз ақыретті жоққа шығарған адамға айтылып тұр. Осы ақиқат, мына сый-сияпат пен жаза дүниенің өзінде де көрініп тұрған жоқ па? Мынадай апанық дәлелдерден кейін есеп күнін жалғанға балауыңа сені не итермеледі?

³⁶⁷ Қараңыңыз; Тәфсирул-Бәғәуи, 8-том, 472-бет.

³⁶⁸ Уәһбә Зухәйли. әт-Тәфсирул-мунир, 15-том, 691-бет.

Немесе басқа тәпсірде: Ей, адам! Ең көркем бейнеде жаратылған адамдардың бір тобы мінез-құлық жағынан ең төменгі деңгейге дейін құлдырайды және бір тобы да иман мен салиқалы амалы үшін шыңырауға түспей аман қалады. Өздеріне берілген «ең көркем жаратылуға» лайық болады. Міне, ақиқат осы. Осыдан кейін сен қалай ғана тиісті жазасы мен сыйын беруді жоққа шығарасың? Шындығында осы екі түрлі адамның ақыры бірдей болады дегенге сен иланамысың? Ең төмен шыңырауға құлағандарға жаза берілмеуі сеніңше әділдік пе? Олар өмірде Хақ Тағаланы жоққа шығарып, Оның жарлығын көзге ілмей, күнәға белшесінен батады. Бар жамандықты жасап, әлсіздерді езіп, ел үстінен күн көреді. Кісі ақысын жеп, адам өлтіреді. Зинақорлық жасап, жер бетінде істемеген зұлымдығы қалмайды. Олар осылайша бұл дүниеде білгенін жасап, бейпіл ғұмыркешіп өлген де, Хақ Тағала оларды қайта тірілтіп жазасын бермей ме? Егер тиісті жазасын бермесе нағыз әділетсіздік сол емес пе? Ақысы желініп, небір зұлымдыққа ұшыраған бейкүнә пенделердің құқықын кім қорғамақ сонда? Адамдар қайта тірілмесе нағыз әділетсіздік сонда болмай ма?

8. أَلَيْسَ اللَّهُ بِأَحْكَمَ الْحَاكِمِينَ – «Алайда, Аллаһ үкім берушілердің ең жоғарғы үкім берушісі емес пе?». Билік иелері, патшалар өзіне қарсы шыққандарға тиісті жазасын береді, ал, бағынып жарлығын орындағандарға сыйлық тартады. Ал, сонда бәрінен де үстем әрі олардың Жаратушысы Хақ Тағала үкімін орындай алмай ма? Жаза мен сыйлық берер уәдесін іске асыра алмағаны ма сонда? Әлбетте, олай болмайды. Сөзсіз адамды көркем бейнеде жаратқан Аллаһ Тағала үкімшілердің ең жоғарғысы. Жақсы мен жаман-

ды, жалған мен туралықты айырып, иман келтіріп шынайы ықыласпен тамаша амал жасаған мұсылмандарға түгесілмес сый-сыяпат беріп, кәпір мен дінсіздерді және зұлымдық жасағандарды шыңырауға тастамақ. Бұл аят – ақыреттің де дәлелі. Аллаһ Тағала зұлымдық жасағандардың нақты жазасын ақыретте ғана береді.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) «Кімде-кім осы сүрені оқи келе, «Аллаһ үкім берушілердің ең жоғарғы (Хақим) үкім берушісі емес пе?» аятын оқыған соң, «Иә, мен де оған куәмін» десін», деп айтқан³⁶⁹.

«АЛАҚ» СҮРЕСІ

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ

اقْرَأْ بِاسْمِ رَبِّكَ الَّذِي خَلَقَ { ۱ } خَلَقَ الْإِنْسَانَ مِنْ عَلَقٍ { ۲ } اقْرَأْ
وَرَبُّكَ الْأَكْرَمُ { ۳ } الَّذِي عَلَّمَ بِالْقَلَمِ { ۴ } عَلَّمَ الْإِنْسَانَ مَا لَمْ يَعْلَمْ
{ ۵ } كَلَّا إِنَّ الْإِنْسَانَ لِرَبِّهِ لَكَن لِّيَطْغَى { ۶ } أَنْ رَأَاهُ اسْتَغْنَى { ۷ } إِنَّ إِلَىٰ رَبِّكَ
الرُّجْعَى { ۸ } أَرَأَيْتَ الَّذِي يَنْهَى { ۹ } عَبْدًا إِذَا صَلَّى { ۱۰ } أَرَأَيْتَ
إِنْ كَانَ عَلَىٰ الْهُدَىٰ { ۱۱ } أَوْ أَمَرَ بِالْتَّقْوَىٰ { ۱۲ } أَرَأَيْتَ إِنْ كَذَّبَ
وَتَوَلَّىٰ { ۱۳ } أَلَمْ يَعْلَمْ بِأَنَّ اللَّهَ يَرَى { ۱۴ } كَلَّا لَئِنْ لَمْ يَنْتَهِ لَنَسْفَعًا
بِالنَّاصِيَةِ { ۱۵ } نَاصِيَةٍ كَاذِبَةٍ خَاطِئَةٍ { ۱۶ } فَلْيَدْعُ نَادِيَهُ { ۱۷ } سَنَدْعُ
الزَّبَانِيَةَ { ۱۸ } كَلَّا لَا تَطْعُهُ وَاسْجُدْ وَاقْتَرِبْ { ۱۹ }

Мағынасы:

1. «Жаратқан Раббыңның атымен оқы!»
2. Ол адам баласын ұйыған қаннан жаратқан.

³⁶⁹ Әбу Дауд. Салат 150; Тирмизи., Тәфсиру сүрә 95.

3. Оқы! Ол Раббың аса ардақты.
4. Ол қаламмен үйреткен.
5. Ол адамзатқа білмеген нәрсесін үйреткен.
6. Сөз жоқ, адам баласы азғынға айналады.
7. Өзінің байлығын өзіне жеткілікті санағаны үшін.
8. Есінде болсын, ақыр соңында оралу сөзсіз Раббыңа қарай болады.
9. Көрдiң бе, тыйым салғанды.
10. Бір құл намаз оқыған сәтте.
11. Көрдiң бе? Егер ол (Мұхаммед) тура жолда болса да.
12. Немесе тақуалықты бұйырған болса да.
13. Көрдiң бе, егер ол (адам хақты) жалғанға шығарып, бет бұрған болса?
14. Аллаһ барлық нәрсені сөзсіз көріп тұрғанын білмей ме?
15. Жоқ, егер ол бұдан тыйылмаса, әлбетте, кекілінен сүйрейміз.
16. Өтірікші күнәкардың кекілінен.
17. Сонда ол сыбайластарын шақырсын.
18. Біз де дереу жаһаннамның басқарушыларын шақырамыз.
19. Абай бол. Оған бағынба. Аллаһ Тағалаға сәжде етіп, Оған жақында!»

Тәпсірі

1. أَقْرَأُ بِاسْمِ رَبِّكَ الَّذِي خَلَقَ. – «Жаратқан Раббыңның атымен оқы!» Яғни, Оның ұлы атымен, «Аллаһ» деген атымен бастап оқы. Оқи баста. Бұл аят әмірі түскелі тұрғанда, Хира үңгірінде

Хазіреті Пайғамбарымызды Жәбірейіл періште қатты қысып «оқы» деген болатын. Бірақ, Пайғамбарымыз оқу-жазу білмейтін болғандықтан ما انا بقارئ – «мен оқи алмаймын» дейді. Мұнан кейін тағы бір рет қысып «оқы» деген болатын. Ол: «мен оқи алмаймын», – деген жауабын қайталайды³⁷⁰. Демек, алғашқы екі рет «оқы», деп айтқан әмірі Құран емес, оқуға арнайы дайындық жасау үшін берілген әмір еді. Құран үшінші реттегі قُرْأْ بِاسْمِ رَبِّكَ الَّذِي خَلَقَ – «Жаратқан Раббыңның атымен оқы!» – деген әмірмен басталған³⁷¹. Алғаш рет аяттың бұлай түсуі Ақырғы елшінің хат танымайтындығының белгісі. Ол хат танымаса да бүкіл араб шайырларының бірігіп жаза алмайтын, не өлеңге, не қара сөзге ұқсамайтын аяттарды жатқа айтуы оның пайғамбар екеніне әрі сол аяттардың Аллаһтан екеніне дәлел болады. Негізінде «Анкабут» сүресінің 48-аятында: وَمَا كُنْتُمْ تَتْلُونَ مِنْ قَبْلِهِ مِنْ كِتَابٍ وَلَا تَخُطُّهُ بِيَمِينِكُمْ إِذَا لَارْتَابَ – «Сен бұдан бұрын бір кітап оқымаған едің де, оны қолыңмен жазбаған да едің. Егер ондай болғаныңда сөзсіз бұзақылар күдіктенетін еді»³⁷². Басқа бір аятта: مَا كُنْتُمْ تَدْرُونَ مَا الْكِتَابُ وَلَا الْإِيمَانُ – «Сен бұрын кітап деген не, иман деген не, білмейтін едің»³⁷³. Ендеше, сенімен қатар күллі ғаламзатты жоқтан жаратып тәрбиелеген, саған әрқашан ие болған Раббыңның құдіретімен саған оқылатын Құран түсіре бастады. Олай болса, сен сол Раббыңның атымен оқы! Бұл – бірінші мәселе.

³⁷⁰ Уәһбә Зухәйли. әт-Тәфсирул-мунир, 15-том, 700-бет.

³⁷¹ Қараңыз; Тәфсирул-Бәғәуи, 8-том, 477-бет.

³⁷² «Анкабут» сүресі, 48.

³⁷³ «Шура» сүресі, 42/52.

Екінші мәселе – бұл жерде нені оқы дейді: Әлбетте, Құранның тілімен Ұлы Жаратушының атымен ғаламзат деген кітапты оқы дейді. Бұл әлем әу баста жаралғанда «бисмиллаһ» – сөзі арқылы жаратылған. Яғни, Аллаһ Тағаланың *كن فيكون* – «Бол» деген құдіретімен жаратылған. Сосын бұл аятта *بِاسْمِ رَبِّكَ* – «Раббыңның атымен» деп «Рабб» сөзі қолданылған. «Рабб» – тәрбие етуші, барлық нәрсені жөнге салушы, ризық беруші деген Аллаһтың рабб сипаты. Яғни, сені жоқтан бар еткен, содан кейін, ананың құрсағында белгілі бір сатылардан өткізген, одан дүниеге әкелген, сосын бүкіл ризықтарыңды берген – Рабб деген мағына. Олай болса, сен оқу-жазуды білмесең де саған оқуды үйреткен, әлбетте, сенің Раббың. Сондықтан да, осы Рабб ұлылығын еске түсіріп *الَّذِي خَلَقَ* – «Ол Раббың сені жаратты» деп әрі қарай аят жалғасқан. Яғни, сені әлемді жоқтан жаратқан Раббыңның есімімен оқы.

2. *خَلَقَ الْإِنْسَانَ مِنْ عَلَقٍ* – «Ол адам баласын ұйыған қаннан жаратқан». Яғни, ұйыған қаннан адам баласын жарату арқылы өзінің ұлылығын көрсеткен Рабб, әлбетте, өмірінде хат танып көрмеген адамға мұндай әмірді беріп, оқыта алады. Ендеше Оның атымен оқы! Сондықтан да алғашқы әмірді қуаттау үшін қайыра «Оқы» – деп екінші рет айтылады. «Оқып Аллаһтың сөзін тәблиғ ет», «халыққа дінді жеткіз» – деген мағынаға да келеді.

3. *الْأَكْرَمُ أَقْرَأُ وَرَبُّكَ* – «Оқы! Ол Раббың аса ардақты». *الْأَكْرَمُ* «Әкрам» – өте жомарт деген сөз. Яғни, жомарттығында шек болмаған, қайтарымыз, себепті, себепсіз жомарттық еткен, шексіз ризық берген,

мұғжизалар берген, нағыз жомарттық иесі, сені жоқтан жаратқан және саған өзінің есімімен бастауды әмір еткен тек қана – Раббың!

4. الَّذِي عَلَّمَ بِالْقَلَمِ – «Ол қаламмен үйреткен». Қаламмен жазуды үйреткен, себеп арқылы ілімді білдірген де – Сол!³⁷⁴ Болмаса ұйыған қаннан, яғни, ет пен сүйектен жаратылған адам өздігінен қаламмен жазуды біле алмайтын еді.

5. عَلَّمَ الْإِنْسَانَ مَا لَمْ يَعْلَمْ – «Ол адамзатқа білмеген нәрсесін үйреткен». Адамға ерекше қабілет-қасиеттерді жаратып, аяттар түсіріп уәһби ілім³⁷⁵ ретінде де үйретті. Талаптанып ізденіп, көз майын тауысар жолымен де үйретті. Міне, осындай Ұлы Жомарт Раббың, сені қаламға мұқтаж етпей-ақ оқыта алады. Білмеген нәрселеріңді білдіреді. Сол үшін де сен Оның атымен Құранды оқы, оқы. Бәйдәуи былай дейді: «Аллаһ адамды ерекше мәртебеден ең ұлы биікке шығарғаны жайлы айтып Өзінің Ұлылығын паш ету мен жомарттығын көрсетіп, адамның бастауы мен ақырғы жағдайын көрсету арқылы Аллаһты танудың екі жолы – ақыл мен есту жолы жайлы баян еткен». Жаратылысты зерттеу Аллаһты танудың ақыл жолы болса, оқу, жазу арқылы естуге сүйенген дәлелдер есту жолына жатады. Құран ақли дәлел болумен қатар, сөз болу жағынан есту дәлелі.

6. كَلَّا إِنَّ الْإِنْسَانَ لِرَبِّهِ لَكَنَّاظٍ – «Жоқ, адам баласы сөзсіз азғынға айналады».

Бұл аяттар кейіннен түскен. Бұған себеп болған Әбу Жәһил деп айтылады. Ол «Егер Мұхаммедті

³⁷⁴ Уәһбә Зухайли, әт-Тәфсирул-мунир, 15 том, 706 бет.

³⁷⁵ Уәһби ілім: Аллаһтан тікелей алынған ілім.

Қағбада намаз оқығанын көрсем мойнын жұламын», – деген еді. Өйткені, كَلَّ – «Жоқ» кәпірге айтылған сөз дейді. Негізінде бұл дәл жоғарғыдағы аяттармен бірге сәйкес келмейді. Аят Пайғамбарымызға айтылған: «Оқуға немқұрайдылық етіп жүрме, ей, Мұхаммед!». Өйткені, адам баласы сөзсіз азып, шектен шығады.

7. أَنْ رَأَاهُ اسْتَغْنَى – «Өзінің байлығын өзіне жеткілікті санағаны үшін». Өзін-өзі бай, ауқатты санап, ешкімге мұқтаж емеспін деп ойлаған жандар, шектен шығып азып-тозады. Муқатил бұл аятты Әбу Жәһіл хақында түскендігін айтады³⁷⁶. Ендеше, сен ешқашан өзіңді бай санама, әрқашан Раббыңның есімімен оқы, қайталап оқы. Әмірлерін орында. Өйткені;

8. إِنَّ إِلِيَّ رُبُّكَ الرَّجْعَى – «Есіңде болсын, ақыр соңында оралу сөзсіз Раббыңа қарай болады».

Басқа бір мағына. Ей, адамдар, «Оқуға немқұрайдылықпен қарамаңдар». Яғни, Аллаһтың атымен оқуға. Өйткені, адам баласы қай уақытта Аллаһтың атымен оқуды ұмытса, сол сәттен бастап, шектен шығып бұзыла бастайды. Күн Аллаһ Тағаланың атымен шығып, Аллаһтың атымен батады. Ай да Хак Тағаланың есімімен көк жүзінде қалықтап, жер бетіне сәулесін шашады. Егер бір сәт өздігімен жүзетін болса, әлемнің астан-кестені шығар еді. Сондықтан да, жер-бетінде тыныштық пен бейбітшілік орнатқыларың келсе, Аллаһ атымен жүріңдер деген секілді мағыналар бар.

9. الَّذِي يَنْهَى أَرَأَيْتَ – «Көрдің бе тыйым салғанды?» Бұл аят Пайғамбарымызға қарата айтылғанмен, барша

³⁷⁶ Тәфсирул-Бәғәуи, 8-том, 479-бет.

адамдарға айтылған. Яғни, «Ей, Мұхаммед! Немесе, ей адам, назар сал!

10. *عَبْدًا إِذَا صَلَّى* – «Бір құл намаз оқыған сәтте». Яғни, құлшылық қылған Аллаһтың құлына намаз оқыған кезінде кедергі жасап, бөгет болу неткен жаман іс, қандай жаман бұзақылық! Міне ол, мұндай содырлықты өзін бай санағаны үшін істеуде. Өзін үстем көріп, өмірдің бар қызығы байлық пен даңқта ғана деп ойлап, ал намаз оқып Аллаһ Тағалаға құл болғандарды кертартпалық, заман талабына сай нәрсе емес деп санағанды көрдің бе? Сүренің басында қырағат пен оқу жайлы айтылып, содан кейін намазға өтуіне келсек, намазда қырағаттың болуы керектігі әрі намаз күллі құлшылықтың негізі болғандықтан. Яғни, Аллаһ адам баласын әлемді Құран тілімен «бисмиллаһ» деп оқуға, әлемнің Жаратушысының барлығы мен бірлігін тануға шақырады. Әр нәрсенің қарымы мен сұрауы бар, бірақ, біз Аллаһтың берген ырыс-берекетін қайтара алмайтынмызды сол себепті де Оған шүкіршілік керектігін, шүкір де құлдық екенін, сол құлшылықтың негізі намаз екенін, осыдан кейін біз намаздың діннің тірегі екенін аңғарамыз. Ақиқат осы бола тұрса да, кейбір содырлар осынау Аллаһтың білім жолы немесе басқа жолдар арқылы берген байлығын өзінікі санап, онымен қоймай сол Ұлы Жаратушыға шүкірлік жасаған жандарға кедергі жасап, олардың рухы мен еркіндіктерін бұрмалауға тырысып, осының нәтижесінде әлемде тепе-теңдік пен бейбітшіліктің бұзылуы, яғни, өмірде нағыз содырлар адамның санасы мен ішкі рухын тұмшалағандар екені баян етіледі.

11-12. *أَوْ أَمَرَ بِالتَّقْوَىٰ أَرَأَيْتَ إِنْ كَانَ عَلَى الْهُدَىٰ* – «Көрдің бе? Егер ол (Мұхаммед) тура жолда болса да. Немесе тақуалықты бұйырған болса да».

أَرَأَيْتَ – «Көз сал». Яғни, тағы да қара. Осылай б - лып жатқандарды санаңның таразысына салып тартып көр. Не дейсің ол жайлы? «Сол құл тура жолда болса немесе жамандықтардан сақтандырып, тақуалықты насихат етсе». Бұл шартты сөйлем болғаннан соң жауабы түсірілген. Олай болса бұл жердегі *أَرَأَيْتَ* – «Көрдің бе?» сөзі тыйым салған адамға да айтылса керек. Сол себепті мағынасы: «Ой салып қара! Ей, намаз оқыған жанға бөгет жасаған азғын пенде! Егер бір адам тура жолда болып, туралық пен ақиқатты жарқырата ашып, адамзатты бақытсыздықтың шыңырауынан бақыттың шыңына шығарғысы келіп, Ұлы Жаратушысын табуға, танытуға тырысса, немесе жер бетіндегі адамзатты жаман мінездерден арылтып, Аллаһтың мінезінен үлгі алуға шақырса, сеніңше бұл жаман нәрсе ме? Ол Аллаһ Тағаланың жаман мен жақсы дегендеріне мойын бұрмай, сенің өлшемдеріңе құлақ асуы керек пе?

Егер «Көрдің бе?» сөзінің мағынасы тыйым салынған кісіге меңзелсе онда: «Ей, оқу парыз етіліп, намаз оқыған құл! Ей, Мұхаммед! Саған намазда бөгет жасаған азғын адамды көрдің ғой, олай болса, мынаны жақсылап ойлан: егер ол адам азғындық жасамай тура жолда жүрсе, немесе намазға бөгет болғанша, Аллаһтан қорқып сақтануды насихат етсе қандай жақсы болар еді. Ол әлі Аллаһ Тағала құлдарының не істеп жатқандарынан хабардар екенін білмей ме?

13. *أَرَأَيْتَ إِنْ كَذَّبَ وَتَوَلَّىٰ* – «Көрдің бе, егер ол (адам хақты) жалғанға шығарып, бет бұрған болса?».

أَرَأَيْتَ – «Көрдің бе?». Бұл жерде де екі жорамал бар. Алғашқысы, бұл сөз Пайғамбарға айтылса, мағынасы: «Назар сал, яки, көрдің бе, ей, Мұхаммед! Сен тура жолда болып, ақиқатты айтсаң да сол бір намазға тыйым салып кедергі болған азғын адам ақиқаттан бет бұрса өзіне жақсы болады деп ойлай ма? болады

Егер сөз намазға қарсы болған азғын адамға айтылса, онда: Намаз оқыған құлға кедергі жасаған, ей, азғын пенде, бері қара! Егер намаз оқыған сол құл саған құлақ асып, намазын тастап, кереғар әрекет етсе, жақсы болады деп ойлайсың ба? Сен адамдарды тура жолдан тайдырғаннан, жер бетінде содырлық жасағаннан не ұтасың? Пенде ғаламзат деген кітапты зерттеп, Хақ Тағаланы терең таныса, таныған сайын таңданып, өзінің құл екендігін аңғарып шүкірлік қылып, намазға бас қойып, терең тағзым етсе, сол арқылы бойын тазартып, тақуалыққа жетсе және қоғамды ақиқатқа шақырып, әділдікке баулыса, бұл сеніңше жаман қылық па? Хақ Тағаланы танудан қашып, Оның физика, химия тәрізді жаратылыс кітабы мен Құран кітабын оқымай, надан болып қоғамды артқа тартса, онымен қоймай сол надандығымен қоғамда бүлік шығарса, Аллаһ Тағаланың осыншалықты нығметіне шүкір, алғысын білдірмей ынсапсыз болса, күллі жамандық атаулыны жасап, ел ішіне ылаң салса, бұл сеніңше жақсылыққа жата ма?

14. أَلَمْ يَكُنْ لَكُمْ بَرَاءَةً أَنْ تَقُولُوا «اللَّهُ يَرَىٰ كُلَّ شَيْءٍ» – «Аллаһ барлық нәрсені сөзсіз көріп тұрғанын білмей ме?». Ақыр соңында азғын пенде өзінің Хақ Тағалаға қайтып оралатындығын білмей ме? Аллаһ Тағала бұл өмірде адамның не істегендігін, оның ниеті қандай екендігін ең жақсы білуші. Ол адамның

жүрегіндегі жақсыны да, жаманды да, бұрысын да, дұрысын да көруде. Ендеше, ерте ме, кеш пе, күндердің күнінде адам баласының бұл дүниедегі дәм-тұзы бітіп, мақшар күні есепке тартылып, сөзсіз жазасын тартады. Аллаһ Тағала жер бетінде тіршілік еткен пенделерінің не істеп жатқандарын көруде. Өзіне құл болуға тырысып, намаз оқып, сәждеге бас қойғандардың амалдарын көруде. Сондай-ақ, кәпірлердің намаз оқығандарға қарсылық білдіріп, оларды келеке қылып, жар салғандарын да көруде. Бірақ, Аллаһ Тағала мұсылманға да, кәпірге де өмір берген. Кейбір тақуа құлдарының өмірін ұзартқаны – сауабының мол болсын дегені. Кәпірлердің өмірлерін ұзартқаны – жаһаннамда тартар азабының тым ауыр болсын дегені. Аллаһ Тағаланың әрбір ісінде қайыр бар. Ең жақсысын Сол ғана біледі.

15. كَلَّا لئن لَّمْ يَنْتَه لِنَسْفَعَا بِالنَّاصِيَةِ – «Жоқ, егер ол бұдан тыйылмаса, әлбетте, кекілінен сүйрейміз».

كَلَّا – «кәлләә», «жоқ» азғынның жағдайын білдіріп, одан сақтандыру мағынасында айтылған. Яғни, لِنَسْفَعَا – «Ол азғын бас тартпаса», өзін бай санап, азғындық пен тыйым салудан бас тартып өзіне келмесе. لِنَسْفَعَا – «сүйрейміз». Сөзсіз сүйрейміз. سَفَعَا – «Сәфәғә» Қатты ұстап тарту деген сөз. Яғни, сөзсіз ұстап сүйрейміз. بالنَّاصِيَةِ – «кекілінен ұстап». نَّاصِيَةٍ – «нәсиә» – маңдайдағы шаш деген сөз³⁷⁷. Өтірікші, күнәкардың кекілінен.

16. نَاصِيَةٍ كَازِبَةٍ خَاطِئَةٍ – «Өтірікші күнәкардың кекілінен». Бұл жерде оны не үшін сүйрейтіндігін айтқан. Яғни, Аллаһ Тағала ешқандай күнәсіз пендені жазықсыз

³⁷⁷ Уәһбә Зухәйли. әт-Тәфсирул-мунир, 15-том, 812-бет.

жазаламайды. Пенде бұл өмірде жамандық жасап өзіне-өзі зұлымдық жасайды. Хақ Тағала да ақыретте өзіне тиісті әділ бағасын береді. Қазақтың сөзімен айтқанда: «Не ексең, соны орасың».

17. فَلْيَدْعُ نَادِيَهُ – «Сонда ол жақтастарын шақырсын».

نادي – «нади» – елдің ақылдасу, т.б. секілді бір нәрсе үшін сөйлесуге бір жерге жиналу мағынасындағы ندوة – «нәдуә» сөзінен шыққан. Исламнан бұрын Ме - кедегі Құрайыштың жиналатын мәжіліс ғимараты «дарун-нәдуа» деп аталатын еді. «Нәди» – сол жерге жиналған адамдар. Хақ Тағалаға құлшылық қылып, Оның сүйіспеншілігін іздеген жандарға бөгет болған адамдардың бұл өмірде өздерінің арқа сүйеген күштері бар еді. Ондай азғындар өздігінен кедергі жасамайды. Белгілі бір жоғары орында мәжіліс өткізіп, сол жерде мұсылмандарды басып-жаншу мақсатымен әртүрлі идеологиялық жоспарлар жасайды. Мұсылмандарға телеэкран, радио, газет, журналдар және интернет арқылы жала жауып, әлемде бейбітшілік байрағының желбіреуін қаламаған дінсіз топтар өздерінің лауазымды орындарда отырған қуатты күштеріне арқа сүйейді. Мысалы, кешегі атеистік қоғамда комсомолдар мен коммунистер дінге қарсы үгіт-насихат жүргізгенде Кеңес үкіметі мен партиясына арқа сүйген еді. Қазіргі таңда Исламға «террор діні» деп күйе жаққандар да біз білетін, яки білмейтін құпия лаңкестік күштерге сүйенуде. Міне, соларды мақшар күні, екі жағынан қорқынышты екі періште кекілінен сүйреп, жаһаннамға қарай алып бара жатқанда сол жан түршігерлік кезде сол арқа сүйеген күштерін шақырсын. Сол кезде оларға кім көмектесе

алады. Әлбетте, ешбір пенде жәрдем ете алмайды. Бұл дүниеде құпия есіктің арғы жағынан «Біз бармыз» дегендер сол күні өз басымен қайғы болып, не істерін білмей қиналады.

18. سَنَدُعُ الرَّبَّانِيَّةَ – «Біз зәбәниларды шақырамыз». «Зәбәни» – азап періштелерінің атауы³⁷⁸. Олар тозақ қақпасының алдында әлгі азғын кәпірлерді қарсы алып, Жәһаннамның тұңғыық, терең отқа оранған шыңырауына қарай тарта жөнеледі.

19. كَلَّا لَا تُطَعُّهُ وَاسْجُدْ وَاقْتَرِبْ – «Абай бол. Оған бағынба. Аллаһ Тағалаға сәжде етіп, Оған жақында!».

كَلَّا – «абай бол!» – ескерту үстіне ескерту. لَا تُطَعُّهُ – «оған бағынба». Өзін бай санаған, өтірікші, содыр, намазға бөгет жасаған азғынға құлақ аспа! Раббыңа бағынып, Оның атымен оқы. Ілім алуда табанды бол.

وَاسْجُدْ – «сәжде ет». Раббыңның әміріне мойынсұнып, Оған сәжде етуді жалғастыр. Басқалардың саған қырын қарағандарын көңіліңе алма. واقترِبْ – «жақында». Яғни, сәжде мен намаз арқылы Аллаһқа жақында. Хадисте: اقرب ما يكون العبد الي ربه و هو ساجد – «Құлдың Раббысына ең жақын болатын кезі сәжде еткен сәті». Жақындық. Сүренің басында айтылғандай, Аллаһтың есімімен бастап, шүкіршілік ретінде намаз оқу арқылы, тақуалық пен Аллаһтың сипаттарына мінезін ұқсату арқылы Оған жақындау. Міне, адам баласының жаратылысының мақсаты да осы.

³⁷⁸ Тәфсирул-Бәғәуи, 8-том, 481-бет; әс-Сағди. Тәйсирул-Кәримир-Рахмән, 5-том, 420-бет.

«ҚАДІР» СҮРЕСІ

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ
 إِنَّا أَنْزَلْنَاهُ فِي لَيْلَةِ الْقَدْرِ { ۱ } وَمَا أَدْرَاكَ مَا لَيْلَةُ الْقَدْرِ { ۲ } لَيْلَةُ الْقَدْرِ
 خَيْرٌ مِّنْ أَلْفِ شَهْرٍ { ۳ } تَنَزَّلُ الْمَلَائِكَةُ وَالرُّوحُ فِيهَا بِإِذْنِ رَبِّهِم مِّن
 كُلِّ أَمْرٍ { ۴ } سَلَامٌ هِيَ حَتَّىٰ مَطْلَعِ الْفَجْرِ { ۵ }

1. «Біз Құранды Қадір түні түсірдік.
2. Қадір түнінің не екенін білесің бе?
3. Қадір түні мың айдан да қайырлы.
4. Сол түні Раббысының рұқсатымен Рух пен періштелер әртүрлі іс үшін түседі.
5. Таң рауандап атқанға дейін сол түн бейбітшілікке оранады.

Сүре атауы аяттағы «Қадір түні» сөзінен алынған. Меккеде түскен бұл сүре бес аяттан тұрады. Бұл сүре Аллаһ Тағаланың Құранды Қадір түнінде түсіргенінен хабар береді. «Қадір түнінің қандай түн екендігін сен білесің бе?» деу арқылы сол түннің маңыздылығына баса назар аудартып, қадір түні мың айдан да артық мүбәрак түн екендігін және сол түні періштелер, тіпті Рухтың өзі де Хақ Тағаланың рұқсатымен Оның белгілеген әрбір ісі үшін түскендігін және таң бозарып атқанға дейін сол түн бейбітшілік нұрын шашқан түн екендігін айтады.

Түсу себебі

Осы сүренің түсу себебі хақында мына екі оқиға айтылады. Әуелгісі, Аллаһ елшісі Израйыл

ұрпақтарының бір сарбазы Хақ Тағала жолында мың ай қару арқалағанын айтады. Мұсылмандар мына жағдайға қатты таңырқап, өздерінің амалдарын азсынады. Осыдан кейін Хақ Тағала осы сүрені түсірді³⁷⁹. Екіншісі, Пайғамбарға үмбеттердің өмірлері көрсетілді. Аллах Елшісі сонда үмбетінің өмірлерінің қысқалығынан өзге үмбеттердің ұзақ ғұмырларында жасаған амалдарына жете алмайтындығын ойлап уайымдаған-ды. Аллах Тағала да оған Қадір түнін беріп, оны өзге үмбеттердің мың айынан да артық етті³⁸⁰.

Бұл аят – Қадір түнінің жақсылықтарының өте көптігін айтумен қатар, ардақты Пайғамбарымыз бен үмбетіне арналған ерекше сүйінші.

Қадір түнінің маңызы дүниенің ең үлкен төңкерісін жасап, жаһанды қараңғылық қапасынан айықтырып, нұрға бөлеген Құранның сол түні түсе бастауында жатыр. Кейбір ғалымдар Қадір түнінің онсыз өткен мың айдан артық екендігін айтады. Мың ай шамамен сексен төрт жыл. Ендеше бұл түн, сексен төрт жыл бойы жасаған амал және құлшылықпен тең болмақ.

Тәпсірі

1. *إِنَّا أَنْزَلْنَاهُ فِي لَيْلَةِ الْقَدْرِ* – «Расында, Біз Құранды Қадір түні түсірдік». Біз осы мұғжиза Құранды қадірі мен беделі үстем бір түнде түсірдік³⁸¹. Тәпсіршілер: «Құран «Зікірден» бөлініп, аспан әлеміндегі «бәйтул-иззаға» (ізет үйі) түсірілді. Содан кейін Жәбірейіл оны жай-

³⁷⁹ Бәйхақи. әс-Сунәнул-Кубра, 4, 306.

³⁸⁰ Муатта. Итиқаф 15.

³⁸¹ Тәфсирул-Бәғәуи, 8-том, 485-бет; Уәһбә Зухәйли. әт-Тәфсирул-мМунир, 15-том, 820-бет; әр-Рази. әт-Тәфсирул-кәбир, 32-том, 27-бет.

лап Аллаһ елшісіне түсіре бастады» – деген дерекке сүйеніп, оның аспан әлемінен түскендігін мақұлдайды. Құранның Қадір түнінде түсірілуі – сонымен қатар сол түнде түсіріле бастады деген де мағынаны береді. Өйткені, уахи алғаш рет Қадір түнінде түскен.

Кейбір ғалымдар Қадір түнін «тағдыр түні» деп жорамалдаған. Кейбірі де, Қадір абырой, бедел мағынасына келетіндіктен «қасиетті түн» деп те түсіндіреді. Басқа ғалымдар да Қадірді «тарылту» мағынасы дейді. Өйткені, сол түні періштелерге жер беті тар келмек. Негізінде Қадір осы үш мағынаға да келеді. «Қадір түні» деп үш рет қайталаған.

2. وَمَا أَدْرَاكَ مَا لَيْلَةُ الْقَدْرِ – «Қадір түнінің не екенін білесің бе?». Қадір түні деген не? Қадір түнінен сен нені ұқтың? Бұл жерде сол түннің маңыздылығын көрсету мақсатымен айтылған³⁸². Яғни, қандай түн екендігін білдірмесек оның қадірін біле алмас едің. Бірақ, оның қадірін де Біз білдірдік.

3. لَيْلَةُ الْقَدْرِ خَيْرٌ مِّنْ أَلْفِ شَهْرٍ – «Қадір түні мың айдан да қайырлы». Сол түні жасалған амалдар мен құлшылықтар және Хақ Тағаланың ризалығын алу жолындағы өзге де амалдар Қадір түні болмаған мың айда жасалынған амал, сауапты істер мен жақсылықтардан әлдеқайда көп болмақ.

4. تَنَزَّلُ الْمَلَائِكَةُ وَالرُّوحُ فِيهَا بِإِذْنِ رَبِّهِمْ مِّنْ كُلِّ أَمْرٍ – «Сол түні Раббысының рұқсатымен Рух пен періштелер әртүрлі іс үшін түседі». Сол түні жер бетіне Рух пен бірге періштелер түседі. Тәпсіршілердің басым көзқарасына қарай бұл аяттағы Рух – Жәбірейіл³⁸³. Кейбір ғалымдар

³⁸² әс-Сағди. Тәйсирул-Кәримир-Рахмән, 5-том, 422-бет.

³⁸³ Тәфсирул-Бәғәуи, 8-том, 491-бет.

да Рух – өте алып періште деп жорамалдаған. Егер ол көктер мен жерді жұтса оған бір шайнам ғана болар деп түсіндірген.

بِإِذْنِ رَبِّهِمْ – «Раббыларының рұқсатымен». Періштелер ХАҚ Тағаланың рұқсатынсыз, жарлығынсыз қанаттарын да қимылдата алмайды. Бірақ, бұл жерде осы істің аса маңыздылығына назар аударту мақсатымен айтылған.

مِنْ كُلِّ أَمْرٍ – «Әр әмірден». Яғни, сол түні әмір бері - ген әрбір іс үшін деген сөз. Олардың істері әрқашан да жақсылық, періштелер жамандыққа аттап баспайды. Олар жақсылық өлшемінде өмір сүреді. Соны білдіру мақсатымен былай дейді:

5. سَلَامٌ هِيَ حَتَّى مَطَلَعِ الْفَجْرِ. – «Таң рауандап атқанға дейін сол түн бейбітшілікке оранады». سَلَامٌ «Сәләм», яғни, бейбітшілік, есендік, амандық деген сөз. Ол – ХАҚ Тағаланың жіберген сәлемі. Періштелер мұсылмандарға сол түні сәлем беріп тұрады. Өйткені, періштелер түннен бастап, таң қылаң бергенге дейін, топ-топ болып жер бетіне түседі. Әр түскен топ сәлем бергендіктен таң ағарғанға дейін сол түні сәлем берулері толастамайды³⁸⁴. Не болмаса, аяттағы «сәләм» амандық, саламат мағынасында берілген. Сол түні жер бетіне зиянды нәрселер түспейді. Түні бойы адамдарға пайдалы нәрселер түспек. Ол түн – амандық түні. Періштелер сол түні ешқандай жамандық пен азап түсірмейді.

هِيَ حَتَّى مَطَلَعِ الْفَجْرِ – «Сол түні таң бозарып атқанға дейін». Мұнда мұсылманға сол түнді Құранның түсе бастағанын адамзатты қараңғылықтан нұрға бөлегенін

³⁸⁴ Әс-Сағди. Тәйсирул-Кәримир-Рахмән, 5-том, 424-бет.

ойлап, шынайы ынтамен Құран оқып, нәпіл және қаза намаздарын оқып, дұға қылып өткізуі насихатталған. Аллаһ елшісі: «Кімде-кім шынайы сеніп, Хақ Тағаланың ризалығы үшін Қадір түнінде тұрып (намаз оқып, құлшылық қылса) оның өткен күнәлары кешіріледі»,— дейді³⁸⁵.

Ең кереметі осы түнді мың айдан артық қылған Құранның сол түні түсе бастауында жатыр. Мұсылманның міндеті – алдымен Құран оқуды үйреніп, одан кейін мағынасы мен тәпсірін меңгеріп сол білгендерімен амал ету. Одан кейін осы ақиқаттарды өзгелерге жеткізіп, олардың да тура жолға түсулеріне күш-қайратын жұмсауы қажет. Қадір түнін ғана қадірлеп, сол түнді ұйықтамай өткізіп, басқа түндерде Құраннан тыс ғұмыр кешу дұрыс емес.

Хазіреті Айша: «Ей, Пайғамбарым! Қадір түніне кезіксем не істейін? Сонда ол былай дейді: «Аллаһым, Сен ғафу етушісің, ғафу етуді сүйесің. Ендеше мені ғафу ет!»³⁸⁶.

Бұл түннің қандай түн екендігіне байланысты әртүрлі көзқарастар бар. Ғалымдар қырыққа жуық көзқарастарын білдірген. Қадір түні бір жылдың ішінде жасырулы. Негізінен Рамазан айында, әсіресе сол айдың ақырғы он түнінің – тақ түндері. Жиырма жетінші, яки, ақырғы түн болуы мүмкін. Сол мұбарак түн әр жылы қайталатындығы айтылады.

Ислам ғұламаларының басым көпшілігі Рамазан айының жиырма жетісін Қадір түні деп қабылдайды.

«БӘЙИНӘ» СҮРЕСІ

³⁸⁵ Бухари. Ләйләтул-Қадр 1.

³⁸⁶ Тирмизи. Дауат 84.

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

لَمْ يَكُنِ الَّذِينَ كَفَرُوا مِنْ أَهْلِ الْكِتَابِ وَالْمُشْرِكِينَ مُنْفَكِينَ حَتَّى
تَأْتِيَهُمُ الْبَيِّنَةُ { ١ } رَسُولٌ مِّنَ اللَّهِ يَتْلُو صُحُفًا مُّطَهَّرَةً { ٢ } فِيهَا كُتِبَ
قَيِّمَةٌ { ٣ } وَمَا تَفَرَّقَ الَّذِينَ أُوتُوا الْكِتَابَ إِلَّا مِنْ بَعْدِ مَا جَاءَتْهُمْ الْبَيِّنَةُ
{ ٤ } وَمَا أُمِرُوا إِلَّا لِيَعْبُدُوا اللَّهَ مُخْلِصِينَ لَهُ الدِّينَ حُنَفَاءَ وَيُقِيمُوا
الصَّلَاةَ وَيُؤْتُوا الزَّكَاةَ وَذَلِكَ دِينُ الْقَيِّمَةِ { ٥ } إِنَّ الَّذِينَ كَفَرُوا مِنْ أَهْلِ
الْكِتَابِ وَالْمُشْرِكِينَ فِي نَارِ جَهَنَّمَ خَالِدِينَ فِيهَا أُولَئِكَ هُمْ شَرُّ الْبَرِيَّةِ
{ ٦ } إِنَّ الَّذِينَ آمَنُوا وَعَمِلُوا الصَّالِحَاتِ أُولَئِكَ هُمْ خَيْرُ الْبَرِيَّةِ { ٧ }
جَزَاءُؤُهُمْ عِنْدَ رَبِّهِمْ جَنَّاتٌ عَدْنٍ تَجْرِي مِنْ تَحْتِهَا الْأَنْهَارُ خَالِدِينَ فِيهَا
أَبَدًا رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمْ وَرَضُوا عَنْهُ ذَلِكَ لِمَنْ خَشِيَ رَبَّهُ { ٨ }

Мағынасы:

1. «Мейлі Әһлі кітаптан, мейлі мүшрік болған кәпірлерден болсын, ешбірі өздеріне ап-айқын әрі анық дәлел келгенге дейін күпірліктерінен бас тарту ниеттері жоқ еді.
- 2-3. Ал, бұл дәлел – ақиқат, хикмет және әділдік хақында жазылған пәк парақтарды оқитын Аллах Тағала тарапынан жіберілген Пайғамбар еді.
4. Кітап иелері сол айқын дәлел келгенге дейін (бұл тақырыпта) қарама-қайшылыққа түспеген-ді.
5. Алайда оларға ширктен қашық, шынайы түрде Аллах Тағалаға ғана құлшылық қылулары, намазды лайықты етіп оқулары, зекет берулері әмір етілген-ді. Міне, нағыз тұл-тура дін осы.

6. Кітап иелері мен мүшіріктер арасындағы дінге қарсы шығып, күпірлік еткендер жаһаннамға кіріп, мәңгі бақи сонда қалады. Олар жаратылғандардың ең жаманы.
7. Алайда, иман келтіріп, қабыл етілуге лайықты ғажап амал жасағандарға келсек, олар күллі жаратылғанның ең жақсы да қайырлы болғандары.
8. Бұлардың Раббыларының қасындағы сыйлықтары: астарынан өзендер ағатын Ғадын жаннаттары. Олар сол жерде мәңгі бақи қалады. Аллаһ Тағала олардан, олар да Аллаһ Тағаладан разы болған. Бұған Құдай Тағаладан қорыққан пенде ғана қол жеткізе алмақ».

Түсу себебі

«Бәйинә» сүресі Мәдинада түскен. Сүре сегіз аяттан тұрады. Сүре атын алғаш аятта кездескен «әл-Бәйинә» (анық дәлел) сөзінен алған. Сондай-ақ, бұл сүрені «Қайимә», «Мунфәккин», «Бәрия», «Ләмиакун» сүресі деп те атайды. Ол мына тақырыптарды қамтиды:

а. Хазіреті Мұхаммед (с.а.с.) пайғамбарлығына мүшірік пен әһлі кітаптың³⁸⁷ көзқарастары.

ә. Аллаһ Тағалаға шынайы ықыласпен құлшылық қылу.

б. Бақытты мен бақытсыздардың ақыретте баратын жерлері. Яғни, жаман адамдар жаһаннамдық, ізгі жандардың жаннаттық болу мәселесі.

Бұл сүренің Құрандағы орналасу тәртібі жағынан «Алақ» пен «Қадір» сүресінен кейін орын алуында үлкен мән бар. «Алақ» сүресі – алғашқы уахиды,

³⁸⁷ Әһлі кітап: Христиандар мен еврейлер.

«Қадір» сүресі осы уахидың түсу уақытын білдірген. Сүреде қасиетті кітаппен бірге пайғамбардың жіберілуінің ақиқаты айтылған. Алғашқыда Пайғамбар жіберілуінің қажеттілігі былайша баяндалған: Дүниеде кітап иелері болсын, мүшрік болсын адамдардың түскен күпірліктерінен құтылуы тек қана Пайғамбар жіберілу арқылы ғана жүзеге аспақ. Осы елші Хақ Тағаланың кітабын адамдарға айқын түрде баяндауы және сол әкелген кітабының пәк болуы әрі дұрыс тағылымдарды қамтуы тұрғысынан пайғамбарлығы үшін ап-айқын дәлел бола алады.

Тәпсірі

1. لَمْ يَكُنِ الَّذِينَ كَفَرُوا مِنْ أَهْلِ الْكِتَابِ وَالْمُشْرِكِينَ مُنْفَكِينَ حَتَّى تَأْتِيَهُمُ الْبَيِّنَةُ – «Мейлі Әһлі кітаптан, мейлі мүшрік болған кәпірлер болсын, ешбірі өздеріне ап-айқын һәм анық дәлел келгенге дейін күпірліктерінен бас тарту ниеттері жоқ еді». Әһлі кітап пен мүшріктер күпірде бірдей болғанмен, олар жеке айтылған. Әһлі кітап деп – бұрынғы пайғамбарлардың әкелгендері өзгеріске ұшыраса да, оған көзжұмбайлықпен сенгендер. Мүшріктер – ешқандай пайғамбарға сенбеген және қолдарына киелі кітап ұстамаған адамдар.

Алғашқылар кітап иелері бола тұра Аллах Тағалаға баласы бар деп ортақ қосып, Оны жаратылысқа ұқсатып ширк келтірген. Құранда олардың ширк келтіргендері хақында көп жерде айтылады. Бірақ, Құранның ешбір жерінде олар үшін «мүшрік» сөзі қолданылмаған. Оларға «Әһлі кітап» деп қана айтылған. Кейде «Яһуди» және «Насара» деп те берілген. Өйткені, олардың негізгі діні – Тәухид діні еді. Бірақ, солай бола тұра ширкке бой алдырған.

Мұнда әһлі кітаптан «күпірлік етушілер» деп айтылуында мынадай мән бар. Олардың арасында соңғы кітап Құран мен ақырғы Пайғамбарға иман келтірмеулері өздеріндегі Тәурат пен Інжілге де күпірлік етумен бірдей екендігін көрсетуі. Христиан мен яһуди Құранға сенбесе, өздерінің кітаптарына да сенбейді деген сөз.

Аяттағы мүшріктер – Аллаһ Тағалаға ортақ қосқандар және Хақ Тағаладан өзге нәрселерді тікелей құдай деп танығандар. Мысалы, жеке бір адамға Жаратушы Құдай сипатын тағып, соған табыну. Яки Перғауынның: *فَقَالَ أَنَا رَبُّكُمُ الْأَعْلَى* – «Мен сендердің ең үлкен раббыларыңмын»³⁸⁸ – деп өзін құдай санауы. Не болмаса атеист-дінсіздердің Жаратушыны жоққа шығарып, табиғатқа, көсемдеріне, өз нәпсілеріне табынушылықтары, т.с.с.

الْبَيِّنَةُ – «Баиһна» – ап-анық, айқын дәлел деген сөз. Өзі нұр тәрізді айқын болуы арқылы өзгені де айқындауы. Бұл жерде ақиқатты баяндап, айқындаған ап-айқын айғақ, дәлел деген мағынада берілген.

Бұл аяттағы «анық дәлел» – Ақырғы елші (с.а.с.). Оның мөп-мөлдір өмірі – діннің ең айқын дәлелі. Оның шыншыл, сенімді болуы және мінез-құлқының түгелдей ғажайып көркем болуы, сауат ашпағанына қарамастан, оған Құранның берілуі діннің Хақ Тағаладан екендігінің айқын куәсі. Ол сол кітап арқылы қараңғы қоғамды жиырма үш жылдың ішінде түгелдей надандық сенімдері мен мінез-құлықтарынан өзгертіп, заттық һәм рухани тұрғыдан кемелдік биікке жеткізіп, идеал қоғамға айналдырған. Міне, осылардың барлығы оның айқын елші екендігінің талассыз дәлелі еді.

³⁸⁸ «Назифат» сүресі, 24.

Дәлел болмай әһлі кітап иелері мен мүшріктердің теріс құндылықтары мен адасушылықтарынан айығулары әсте мүмкін емес еді. Алайда осы дәлелдер келгеннен соң да олардың кейбіреулерінің өзгермей ескі әдетінде қалып қоюына Аллаһ елшісі кінәлі емес. Бір ақиқаттың дәлелі қашан да оның ақиқаттығын айқындайды. Бірақ, сол айқын – өзгені өзіне мақұлдатуға мәжбүр емес. Дәлелді көргенмен оны мойындау, әрі ақиқатты нақ тану әркімнің өз еркінде. Сондықтан да дінді қабыл етпегендер ақыретте «біз тура жолға түсірілмедік» деп сылтау айта алмайды.

2-3. فِيهَا كُتِبَ قِيمَةٌ رَسُولٌ مِنَ اللَّهِ يَتْلُوا صُحُفًا مُطَهَّرَةً. – «Ал, бұл дәлел – ақиқат, хикмет және әділдік хақында жазылған пәк парақтарды оқитын Аллаһ Тағала тарапынан жіберілген пайғамбар еді». Яғни, олар Хақ Тағаладан пайғамбарлық міндетімен бір пайғамбар келгенге дейін күпірліктен айығып, түзелу ойларында жоқ болатын.

Сол елші оларға صُحُفًا مُطَهَّرَةً қателік пен өзгеруден және жалғаннан ада, пәк парақтарды оқиды.

صُحُفًا – «сухуф» сөзі – сөздікте «жазылған парақтар» деген мағынаны береді. Бірақ, Құран терминінде «пайғамбарларға түскен кітаптар» мағынасы да беріледі. «Пәк парақтар» – жалған мен күмәннан ада, ақиқат сөздер³⁸⁹.

3. فِيهَا كُتِبَ قِيمَةٌ – «Сол парақтарда ең тура үкімдер бар». Яғни, ақиқат пен әділеттілікті қамтыған түп-тура кітаптар³⁹⁰, өзгермейтін ақиқи, дана, жазулар сол бір парақтардың ішінде жатыр. Міне, сол парақтарда да

³⁸⁹ Тәфсирул-Бәғәуи, 8-том, 495-бет.

³⁹⁰ әс-Сағди.Тәйсирул-Кәримир-Рахмән, 5-том, 425-бет.

«оқы» деп оқуға әмір етілген Құран сүрелері. Құран бұрынғы илаһи кітаптардың жемісін жинағандығы үшін Аллаһ Тағала: *فِيهَا كُتِبَ قِيمَةٌ* – «Сол парақтарда ең тура үкімдер бар», – деді.

4. *وَمَا تَفَرَّقَ الَّذِينَ أُوتُوا الْكِتَابَ إِلَّا مِنْ بَعْدِ مَا جَاءَتْهُمْ الْبَيِّنَةُ* – «Кітап иелері сол айқын дәлел келгенге дейін (бұл тақырыпта) қарама-қайшылыққа түспеген-ді». Кітап иелері әсіресе олардың ғұламалары өздеріне «бәиинә» ап-айқын мұғжиза келгеннен кейін ғана ой-түсініктері екіге бөлінді. Бір жағы сол айқын дәлел, яғни, Елшіні мойындап, иман келтірсе, бір жағы күпірлік құшағынан шыға алмай қалды. Олар өздерінің ғасырлар бойы күткен Ақырғы елші өз қауымынан шықпағандығы үшін пендешілікке салынып, қызғаныштан өрт болып жанып, мұсылман бола алмады. Олар Ақырғы елшіні танып, біле тұра қасақана мойынсұнбады. Құранда *الَّذِينَ آتَيْنَاهُمُ الْكِتَابَ يَعْرِفُونَهُ كَمَا يَعْرِفُونَ أَبْنَاءَهُمْ* – «Өздеріне кітап берілген адамдар Оны (Мұхаммедті) тура өз балаларын танығандай таниды»³⁹¹ аяты олардың хазіреті Мұхаммедті (с.а.с.) өте жақын білетіндіктерін айқындайды. Ал, олардың Абдуллаһ ибн Сәләм тәрізді ниеті түзу атақты ғұламалары оны бір көрген сәттен-ақ танып, иман келтіреді.

Басқа бір мағынасында күпірлік етушілер өзгеріске ұшыраған діндері мен ескі әдеттерінен бас тартқысы келмеді. Өйткені, оларға ол уақытта ақиқатты айқындайтын дәлел келмеген еді. «Фәтрәт» аралық заманда өмір сүріп жатқан-ды. Кейіннен оларға хақ пен жалғанды айырып, ғаламды нұрға бөлейтін айқын дәлелмен пайғамбар жіберілді. Ақырғы пайғамбар келген соң мүшріктерден

³⁹¹ «Бақара» сүресі, 46.

бұрын ең алдымен кітап иелері бұрынғы қателіктерін түзеп, оған иман келтірулері қажет еді. Олар өзара ешқандай қарама-қайшылыққа түспеулері керек еді. Сан ғасырлар бойы күткен елшілері – осы болатын. Олар оны кітаптарында жазылған түр-түсі, туған жері, мінез-құлқы арқылы бірден таныса да Оның соңына ермеді. Елші келер келместен өзара қарама-қайшылыққа түсіп, пұтқа табынушылар тәрізді оған қарсы шықты. Олардың мұншалықты көреалмаушылықтары пайғамбардың араб нәсілінен болуы ғана емес, олар өздерінің ескі әдеттерінен арылғылары келмеді. Өйткені, олар шарифатты өз нәпсілерінің пайдаларына қарай өзгертіп отырған-ды. Оларға тікелей ақиқатқа мойынсұну өте ауыр тиді. Ақырғы дін дінбасыларының жеке мүдделерін қорғамайтын еді. Сол себепті олар өткінші дүниесінің пайдасына бола, ақыреттегі мәңгілік пайдасын жоққа шығарды. Фәни мансабы үшін, мәңгі бақи жаһаннамда қалуды жөн көрді.

وَمَا أُمِرُوا إِلَّا لِيَعْبُدُوا اللَّهَ مُخْلِصِينَ لَهُ الدِّينَ حُنَفَاءَ وَيُقِيمُوا الصَّلَاةَ 5.

«Алайда, оларға ширктен қайшық шынайы түрде Аллаһ Тағалаға гана құлшылық қылулары, намазды лайықты етіп оқулары, зекет берулері әмір етілген-ді. Міне, нағыз тұп-тура дін осы». Яғни, оларға ілгеріден бері тек қана Аллаһ Тағалаға құлшылық қылуға әмір етілген еді. Тәурат пен Інжілде де, Құранда да әмір етілген міндет біреу болатын. Яғни, Хақ Тағалаға ортақ қоспай, шынайы құлшылық қылу жарлығы.

Аятта «Ханифтер» делінген. Бұл жалған сенімдер мен бұралаң пікір және қисық мінездерден айығып, үнемі ақиқаттан ажырамай, Хақ Тағалаға ортақ қоспай,

Оған ғана құлшылық қылып, сауабын Одан ғана күтуші деген сөз³⁹². Ханифтік хазіреті Ибраһим дінінің сипаты болуымен қатар жалпы пайғамбарлардың тәухид пен хас діннің атауы. Ханиф сөзін Аллаһ Тағалаға ғана бас иіп, құлшылық қылған мұсылман деп түсіндірсек болады. Ханиф – ширктен аулақ, тек қана Аллаһ Тағалаға құлшылық діні. Бұл барлық пайғамбарлардың тәблиғ еткен діндерінің негізі саналады. Міне, кітап иелері әу бастан осы ханифтікпен міндеттелген болатын. Ендеше, олар Аллаһ Тағалаға ханиф болып құлшылық қылып, намаз оқып, зекет беруге әмір етілген-ді. Міне, осы үш негіз тұрақты елдің діні. Бұл үш негіз Хақ діндердің өзгермейтін мызғымас дінгеі. Намаз бен зекет иманнан кейінгі барлық құлшылықтардың діні. Ендеше кітап иелері мен хазіреті Мұхаммедтің (с.а.с.) әмір еткен нәрселері бірдейлігіне қарағанда, әһлі кітаптың Ислам дінін жоққа шығарып, хазіреті Мұхаммедке (с.а.с.) қарсы шығуларының себебі қызғаныш пен күншілдіктен басқа ешнәрсе емес еді. Құранда: وَمَا اخْتَلَفَ الَّذِينَ اُوتُوا الْكِتَابَ اِلَّا

*«Аллаһ құзырындағы дін – Ислам. Кітап берілгендер өздеріне ілім келгеннен кейін араларындағы күншілдіктен ғана талас-тартысқа түсті»*³⁹³ – деп олардың қарсы шығуларының себептерін ашық айтқан.

6. اِنَّ الَّذِيْنَ كَفَرُوْا مِنْ اَهْلِ الْكِتَابِ وَالْمُشْرِكِيْنَ فِيْ نَارِ جَهَنَّمَ

«Кітап иелері мен мүшріктер арасындағы дінге қарсы шығып күпірлік еткендер жаһаннамға кіріп, мәңгі бақи сонда қалады. Олар жаратылғандардың ең жаманы». Бұл ара-

³⁹² Тәфсирул-Бәғәуи, 8-том, 496-бет.

³⁹³ Әли Иман, 19.

да күпірліктегі мақсат – Хазіреті Мұхаммедті (с.а.с.) теріске шығару. Яғни, әһлі кітап иелері мен мүшріктер Оған пайғамбарлық келген соң қарсы шығып, дінін мақұлдамаған.

شَرُّ الْبَرِيَّةِ – «шәрул-бәрия» – «жаратылыстың іші - де ең жаманы» деген сөз. Тіпті жан-жануарлардан да төмен. Өйткені, жан-жануарларға ақыл мен ерік берілмеген. Алайда адамдар сана мен ерікке ие болғанына қарамастан, ақиқаттан теріс айналып кеткен.

Қиямет күні жаһаннамға түсіп, сол жерде мәңгі бақи қалады. Олардың тозақта мәңгілік қалып қоюының себебі: Олар жаратылыстың ең жаманы. Азғындардың тұрағы да Жаһаннам болуы тиіс.

7. إِنَّ الَّذِينَ آمَنُوا وَعَمِلُوا الصَّالِحَاتِ أُولَٰئِكَ هُمْ خَيْرُ الْبَرِيَّةِ. – «Алайда иман келтіріп, қабыл етілуге лайықты ғажәп амал жасағандарға келсек, олар күллі жаратылғанның ең жақсы да қайырлы болғандары». Күллі жаратылыстың ең жақсысы. Амалы да қайырлы, Аллаһ құзырындағы мансабы тұрғысынан да қайырлы³⁹⁴. Ендеше, иман келтіріп ізгі амал жасамаса, олар ең жақсысы бола алмайды. «Хайрул-бәрия» әрі иман келтіруші әрі ізгі амал жасағандар.

8. جَزَاءُ لَهُمْ عِنْدَ رَبِّهِمْ جَنَّاتٌ عَدْنٌ تَجْرِي مِنْ تَحْتِهَا الْأَنْهَارُ خَالِدِينَ فِيهَا أَبَدًا رَضِيَ اللَّهُ عَنْهُمْ وَرَضُوا عَنْهُ ذَلِكَ لِمَنْ خَشِيَ رَبَّهُ – «Бұлардың Раббыларының қасындағы сыйлықтары: астарынан өзендер ағатын Ғадын жаннаттары. Олар сол жерде мәңгі бақи қалады. Аллаһ Тағала олардан, Аллаһ Тағаладан олар да разы болған. Бұған Құдай Тағаладан қорыққан пенде ғана қол жеткізе алмақ».

³⁹⁴ Уәһбә Зухәйли. әт-Тәфсирул-мунир, 15-том, 743-бет.

Бұл аятта «әбәд» сөзі берілген. Яғни, жаннаттағылардың мәңгі бақи сол жерде бақытты ғұмыр кешетіндігін білдіру мақсатымен айтылған. Және бұдан абзалы – Аллаһ Тағала Өзінің шарапатын сүйіншілеп, «Аллаһ Тағала олардан, олар да Аллаһ Тағаладан разы болған» дейді. Өйткені, барлық арман-қалаудың ең жоғарғысы мен барлық ләззаттың ең ғажайыбы саналған Аллаһтың ризалығына жетіп «көз көріп, құлақ естімеген, ешбір адамның санасына да сыймаған» ең үлкен ризалық мәртебесіне жеткен.

Міне, осы сый-сияпат пен ризалық мәртебесі – «Раббысынан қорыққандарға тиісті». Яғни, осы табыстың жалғыз себебі мен сыры Хақ Тағалаға деген ізгі сезім мен қорқыныш сезімі. Құрандағы «Хашият» сөзі тағзым ету мен сүйіспеншіліктің нәтижесінен туындаған қорқыныш. Пайғамбарымыз да: «Хикметтің басы – Аллаһ Тағалаға деген ізгі қорқыныш»³⁹⁵, – дейді. Бұның дәрежесі де ілім мен мағрипаттың дәрежесіне сәйкес келмек. Сондықтан да Құранда:

إِنَّمَا يَخْشَى اللَّهَ مِنْ عِبَادِهِ الْعُلَمَاءُ – «Шындығында, Аллаһ Тағаладан құлдары арасында нағыз қорқатындар ғұламалар ғана» («Фатыр», 28) деп айтылады. Осы қорқынышта сүйіспеншілік пен құрметтеу де бар. Бұл қорқынышты әрбір адамның өз сүйіктісінен көз жазып қалудан туындайтын қорқынышқа ұқсатуға болады. Бұл қорқынышта уайымның әрі мөлдір мұңның ізі бар, сол себепті осы қорқынышта ізгіліктің дәнегі бар. Сондықтан Құдайдан қорыққан, Оған жақындау үшін қолдан келгенін жасайды. Алайда, кәдімгі табиғи қара дүрсін қорқынышта адам қорыққан нәрсесінен алшак

³⁹⁵ Суити. әл-Фәтхул-Кәбир.

тұруға тырысады. Мысалы, оттан қорыққан одан аулақ жүреді. Ал, Аллаһтан қорыққан, керісінше Одан алшақ қалмауға тырысып, бар күш-қуатын Оған жақындауға жұмсайды. Ендеше, Аллаһ Тағалаға деген қорқыныш пен басқа қорқынышты салыстырып карауға да келмейді. Екеуінің арасындағы айырмашылық жер мен көктей.

«ЗІЛЗАЛА» СҮРЕСІ

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ

إِذَا زُلْزِلَتِ الْأَرْضُ زِلْزَالَهَا { ۱ } وَأَخْرَجَتِ الْأَرْضُ أَثْقَالَهَا { ۲ } وَقَالَ
الْإِنْسَانُ مَا لَهَا { ۳ } يَوْمَئِذٍ تُحَدِّثُ أَخْبَارَهَا { ۴ } بِأَنَّ رَبَّكَ أَوْحَى لَهَا
{ ۵ } يَوْمَئِذٍ يَصْدُرُ النَّاسُ أَشْتَاتًا لِّيُرَوْا أَعْمَالَهُمْ { ۶ } فَمَنْ يَعْمَلْ مِثْقَالَ
ذَرَّةٍ خَيْرًا يَرَهُ { ۷ } وَمَنْ يَعْمَلْ مِثْقَالَ ذَرَّةٍ شَرًّا يَرَهُ { ۸ }

Мағынасы

1. «Жер қатты сілкіндіріліп қозғалған сәтте.
2. Жер ішіндегі жүгін шығарған сәтте.
3. Адам баласы: «Бұған не болды?» – деген сәтте.
4. Ол күні жер уақиғасын түсіндіреді.
5. Раббыңның оған білдіруімен.
6. Сол күні адам баласы амалдары көрсетілуі үшін топ-тобымен келеді.
7. Сонда кім тозаң салмағындай жақсылық істеген болса, ол оны көреді.
8. Ал, және кім тозаң салмағындай жамандық істесе, оны көреді».

Түсу себебі

«Зілзала» сүресі Мәдинада түскен. Сегіз аяттан тұрады. Бірақ, тәсілі жағынан Меккеде түскен сүрелерге ұқсағандықтан, сонда түскендігін айтқан ғалымдар да бар. Сүре аты бірінші аятындағы сөзден алынған. Бұл сүре қияметтен бұрын болатын қатты зілзаладан және одан кейінгі өлілердің қабірлерінен шығып, есеп беретіндігінен хабар береді.

Сахих хадисте: «Зілзала сүресі Құранның жартысына тең»³⁹⁶ – десе, басқа хадисте: «Төрттен бірі», – дейді. Бірінші хадис былайша түсіндірілген: Құранның үкімдері – дүние үкімдері мен ақырет үкімдері болып екіге бөлінген. Бұл сүре қысқаша ақырет үкімдерін қамтыған.

Тәпсірі

1. إِذَا زُلْزِلَتِ الْأَرْضُ زُلْزَالَهَا – «Жер қатты сілкіндіріліп қозғалған сәтте». Бұл аятта «зілзала» сөзі екі рет қайталанған. Бұл зілзаланың күштілігін білдіреді. Жер беті тоқтаусыз сілкінеді және жер бетінің бір бөлігі емес, түгелдей сілкінетіні айтылады. Одан кейін ешқандай зілзала жоқ³⁹⁷. «Хаж» сүресінде де: يَا أَيُّهَا النَّاسُ اتَّقُوا رَبَّكُمُ إِنَّ زَلْزَلَةَ السَّاعَةِ شَيْءٌ عَظِيمٌ – «Ей, адамдар! Раббыларыңа қарсы келуден қорқыңдар. Шындығында қиямет сағатының зілзаласы үлкен оқиға»³⁹⁸ – делінген. «Уақиға» сүресінде де: «Жер қатты сілкініп таулар жермен-жексен ұшқан тозаңдай болады» деген аятта және басқа да көптеген аяттарда осы қиямет зілзаласы сөз болады. Барлық тір-

³⁹⁶ Тирмизи. Сәуәбул-Қуран 10.

³⁹⁷ Тәфсирун-Нәсәфи, 4-том. 372-бет.

³⁹⁸ «Хаж» сүресі, 1.

шілік атаулы жермен-жексен болып, дүниенің барша жүйесі бұзылып құрдымға кетеді.

2. وَأَخْرَجْتُ الْأَرْضَ أَنْقَالَهَا – «Жер ішіндегі жүгін шығарған сәтте». Бұл жерде екі мағына бар. Бірі: өлілерді қабірлерінен лақтырып шығаруы. وَإِذَا الْقُبُورُ بُعْثِرَتْ – «Қабірлердің ішіндегілер сыртқа шығарылған кезде»³⁹⁹ аятының мағынасына сай келеді. Бұл қайта тірілудің мағынасына келгендіктен, екінші Сұр үрлеуіне ишарат етеді. Келесі жер қойнауындағы қазына байлықтардың, кендердің сыртқа шығарылуы. Бұл алғашқы Сұр үрленген уақытта, яғни, алғашқы зілзала кезеңі екені белгілі. Көптеген тәпсіршілер бұл аяттың екі мағынаны да, яғни, өлілер мен қазыналардың жер бетіне шығарылу мағынасын қамтығандығын айтады⁴⁰⁰.

Алайда осы көзқарасқа кейбір ғұламалар қосылмай: «Жер қойнауындағы ауырлықтарын шығарған кезде» деген аяттағы ауырлық пен жүктің «қазыналар» екендігіне қатысты Құранның ешбір жерінде белгі жоқ. Бұл тек қана тәпсіршілердің жорамалдары. Ал жердің қойнындағы өлілердің сыртқа лақтырылу мағынасы дұрыс⁴⁰¹. Өйткені, адам баласы жауапкершіліктері мен күнәлары тұрғысынан халі мүшкіл. Бұл, әлбетте, жерге ауырлық түсіреді. Сондықтан адамдардың рухани ауырлығынан жер иығын сілкіп, оларға сыртқа шығындар деуі мүмкін, – деген пікір білдіреді.

Қазіргі заман тәпсіршілері бұны жер астындағы лавалардың сыртқа атқылап шығуы деп те түсіндірме

³⁹⁹ «Инфитар» сүресі, 4.

⁴⁰⁰ әс-Сағди. Тәйсирул-Кәримир-Рахмән, 5-том, 427-бет; Теренірек мағлұмат үшін қараңыз: әр-Рази. әт-Тәфсирул-кәбир, 32-том, «Зілзала» сүресі

⁴⁰¹ Тәфсирул-Бәғәуи, 8-том, 501-бет.

жасаған. Яғни, жер орталығындағы ядроның қатты қысыммен сыртқа атқылауы. Міне, бұлардың барлығы қияметтің қорқыныштылығын суреттейді.

3. وَقَالَ الْإِنْسَانُ مَا لَهَا؟ – «Адам баласы «Бұған не болды?» – деген сәтте». Оны аса қорқынышты суреттеу үшін айтылған. Яғни, жер жарылып, жанартаулар атқылап, сілкініп жатқанда адам не істерін білмей сасып: «Мына жерге не болған?», «Бұл не деген сұмдық?!» деп қатты қорыққан, үрейге толы кезең. Бұл аяттағы «адам» кез келген, тіпті ақыретті жоққа шығарған дінсіз жан да болуы мүмкін. Өйткені, оның мүмкін емес деген нәрселері көз алдында көрініп, не істерін білмей жан ұшыра аласұрады. Алайда иман келтірушілер осы оқиғаға қайран қалып қарауы мүмкін. Олар бұл құбылысқа күйгелектемейді де, үрейленбейді де. Өйткені, олар осы күннің міндетті түрде болатынын алдын ала білетін.

4-5. بَانَ رَبِّكَ أَوْحَىٰ لَهَا يَوْمَئِذٍ تُحَدِّثُ أَخْبَارَهَا – «Ол күні жер уақиғасын түсіндіреді. Раббыңның оған білдіруімен». Аллах Тағаланың әмірімен сол күні жер өзінің үстінде болған барлық уақиғаларды баяндайды. Кімнің қай жерде жамандық істегенін, кімнің қалай ізгі амалдар жасағанынан түгелдей хабар бермек. Пайғамбарымыз бір хадисінде де: «Жер әрбір адамның жасаған амалдарына куәлік етеді», – дейді⁴⁰².

Тәпсірші Мәудуди: Жер қиямет күні үстінде болған барлық жайттарды баян етеді. Жердің қалай тілге келетінін бұрынғының адамдарына таңсық әрі түсініксіз болуы мүмкін. Алайда, ғылым қарыштап дамыған қазіргі заманда мұны аңғару қиынға соқпайды. Мы-

⁴⁰² Тирмизи. Қиямәт 7, Тәфсиру Сурә 99.

салы, радио, кино, теледидар, т.б. техникалар болған оқиғаларды қайтадан сол күйінше көрсете алады. Сондай-ақ, адамның аузынан шыққан әрбір сөз ауаға көтеріліп тарайды. Радио толқындары арқылы үйдің қабырғалары мен төбесінде және жолда, егін даласында сөйлеген сөздердің атомдары сақталады. Айтылған әрбір сөз ешқашан жоғалмайды. Міне, Аллаһ Тағала қалаған уақытта осы дауыстарды адамдардың аузынан алғаш рет шыққандай қайталата алады. Естіген адам өзінің дауысын жазбай таниды. Өзгелер де куәлік етеді. Сондай-ақ адамдар жер бетінде қай жерде, қай уақытта қандай да бір қарекет жасаған болса, соның көрінісі айналасындағы заттарда бейне бір фотоапарат яки таспаға жазылғандай сол күйінше сақталып қалады. Тіпті түн қараңғылығында жасалған әрбір әрекет те, сол жердегі кейбір толқындар арқылы дәл күндізгідей суреті түсіріліп алынады. Міне, осы суреттер қиямет күні киноэкран тәрізді адамға көрсетіледі. Адамның дүниеде қай жерде, қалай қимыл жасағанын түгелдей көрсетіп, куәлік етеді.

Аллаһ Тағала әрбір пенденің жасаған амалын қалт жібермейді. Алайда ақыретте, «сот» құрылған кезде Аллаһ Тағала біреуге жазаны әділ бағасын беру арқылы жаза береді. Сондықтан да, Оның сотында әрбір күнәкар пенденің жасаған қылмыстары түгелдей дәлелденіп, жан-жақтан оны жасаған қылмысына қарай куәлар келтіреді. Мысалы, пенде бір бақтың ішінде қылмыс жасаса сол жердегі жанды-жансыздың барлығы бірдей айғақтық танытады. Адамның өзінің дене мүшелері де куәлік етпек. «Ясин» сүресіндегі: «Ол күні олардың ауыздарын мөрлейміз. Бізге олардың қолдары сөйлеп,

не істегендеріне аяқтары айғақ болады» аяты да осыны қуаттайды⁴⁰³.

Әбу Хурайра: Пайғамбарымыздың (с.а.с.) «Міне, сол күні жер уақиғасын түсіндіреді» аятын оқыды да: «Жердің қандай хабар беретінін білесіңдер ме?» деп сұрады. Сахабалар да: «Аллаһ пен елшісі (с.а.с.) әлдеқайда жақсы біледі», – дейді. Сонда Аллаһ елшісі: «Жердің хабар беруі – әрбір ер мен әйелдің не істегендерінен айтып куәлік етуі. Пәлен күні мына нәрселерді жасадың деуі. Міне, бұлар жердің жеткізетін хабарлары»⁴⁰⁴ – деген сөзін риуаят еткен.

6. *يَوْمَئِذٍ يَصُدُّ النَّاسُ أُمَّتَاتًا لِّبِرِّوَا أَعْمَالِهِمْ* – «Сол күні адам біткен амалдары көрсетілуі үшін топ-тобымен келеді». Қара жерге берілген денелері қайтадан қабірлерінен шығып, мақшар алаңына қарай ұмтылады⁴⁰⁵. Бірінің жүзі ақ, енді бірінің жүзі қап-қара болады. Енді бірі сабырлы қалпынан танбаса, енді бірі қорқыныштан бойын үрей билейді. Нәм енді бірі көлік үстінде, енді бірі жаяу, енді бірі емін-еркін, енді бірінің аяқ-қолы шынжырға байланады, сол күні адамдардың бір тобы бақытты болса бір тобы қара бет болып, жерге қарайды.

لِّبِرِّوَا أَعْمَالِهِمْ – «Амалдары өздеріне көрсетілуі үшін». Жақсы немесе жаман амалдарының қарымын алу мақсатымен келеді. Келеді де, жасаған амалдарын өз көздерімен қайта көреді. Амалдары таразыға тартылды.

7-8. *وَمَنْ يَعْمَلْ مِثْقَالَ ذَرَّةٍ شَرًّا يَرَهُ* – «Сонда кім тозаңның түйірінің салмағындай

⁴⁰³ Ясин сүресі, 65.

⁴⁰⁴ Тирмизи. Қиямәт 7.

⁴⁰⁵ Тәфсирул-Бәғәуи, 8-том, 502-бет.

жақсылық істеген болса, ол оны көреді. Ал, кім тозаңның түйірінің салмағындай жамандық істесе, ол оны да көреді». Аяттағы *زَّرَّ* – «зәppә» – ең кішкентай нәрсе, атом деген мағынаға саяды. Адамның жауапкершілігінің ең кішкене түрі. Бұндағы мақсат – титтей жақсылық, яки, жамандық Аллаһ Тағаланың назарынан жоғалмайтындығын, қағыс қалмайтынын білдіру.

Бұл аят адамға маңызды бір шындықты ескертуде. Ол мынау: әрбір кішкене жақсылықтың бір салмағы мен қадірі бар. Сондай-ақ жамандық та солай. Олар есепке тартылады. Сондықтан, бұл жағынан жеңілтектікпен қарамау қажет. Болар-болмас жақсылықтарға да бейқам қарамаған абзал. Өйткені, бұлар жинала келіп, таудай жақсылыққа айналмақ. Онда тұрған не бар деп кішкене күнәларды да көзге ілмеу дұрыс емес. Кішкене күнәлар да бір күні жиналып, таудай болып алдыңды кес-кестеуі мүмкін. Болар-болмас жақсылықтың өзін елеп-ескеру мәселесінде Аллаһ елшісі (с.а.с.): *«Жарым құрма мен жақсы сөз болса да, оларды қалқан етіп, өздеріңді оттан қорғауға тырысыңдар»*⁴⁰⁶, – дейді. Хазіреті Айша бірде жүзімнің бір түйірін садақа қып беріп: *«Осының өзінде қаншама зәредей ауырлық бар»*, – деген. Ол осы сөзімен кішкене садақаның өзі, адамға пайдалы болатындығын көрсеткен.

Зәредей жақсылық мен жамандықтың қарымы берілетіндігін аятта айқын баян етеді. Сонымен қатар Құран осы мәселені бірнеше ұстаным арқылы былайша өреді:

⁴⁰⁶ Бухари. Әдәб 34, Зәкәт 10, Тәухид 36; Муслим. Зәкәт 66-68.

Біріншісі: Кәпір, мүшірік және мұнафықтардың амалдары (яғни, жақсы саналған амалдары) босқа кеткен. Ақыретте оларға ешқандай сый-сияпат берілмейді. Егер қандай бір сый-сияпаттары болса, осы дүниеде беріледі. Мысалы қараңыз. («Ағраф», 147; «Тәубе», 17, 67-69; «Һуд», 15-16; «Ибраһим», 18; «Кәһф», 104-105; «Нұр», 39; «Фұрқан», 23; «Зүмер», 65; «Ахқаф», 20.)

Екіншісі: Жамандықтардың жазасы жасалғанына қарай беріледі. Артық та, кем де берілмейді. Алайда, жақсылықтардың қарымы жасалғаннан әлдеқайда артығымен ұсынылады. Тіпті кей жерде жақсылықтың қарымы он есе артық, кей жерлерде де Аллаһ Тағала қанша қаласа сонша беретіндігі айтылған. Қараңыз. («Бақара», 261; «Әнғам», 160; «Жүніс», 26-27; «Нұр», 38; «Қасас», 84; «Сәбә», 37; «Мүмин», 40.)

Үшіншісі: Мұсылман үлкен күнәлардан бойын аулақ салып жүрсе, кішкене күнәлары кешіріледі. Қараңыз. («Ниса», 31; «Шура», 37; «Нәжім», 32.)

Төртіншісі: Салиқалы мұсылмандар есепке жеңіл тартылады. Оның жамандықтары кешіріліп, жасаған ең жақсы амалдарына қарай сый-сияпат беріледі. Қараңыз. («Анкабут», 7; «Зүмер», 35; «Ахқаф», 16; «Иншиқак», 8.)

«АДИЯТ» СҮРЕСІ

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ
وَالْعَادِيَاتِ ضَبْحًا { ۱ } فَالْمُورِيَاتِ قَدْحًا { ۲ } فَالْمُغِيرَاتِ صُبْحًا
{ ۳ } فَأَثَرْنَ بِهِ نَقْعًا { ۴ } فَوَسَطْنَ بِهِ جَمْعًا { ۵ } إِنَّ الْإِنْسَانَ لِرَبِّهِ
لَكَنُودٌ { ۶ } وَإِنَّهُ عَلَىٰ ذٰلِكَ لَشَهِيدٌ { ۷ } وَإِنَّهُ لِحُبِّ الْخَيْرِ لَشَدِيدٌ { ۸ }
أَفَلَا يَعْلَمُ إِذَا بُعْثِرَ مَا فِي الْقُبُورِ { ۹ } وَحُصِّلَ مَا فِي الصُّدُورِ { ۱۰ }
لِرَبِّهِمْ بِهِمْ يَوْمَئِذٍ لَّخَبِيرٌ { ۱۱ }

Мағынасы:

1. «Қатты ентігіп шапқан.
2. (Тұяғынан) от шығарған.
3. Таң сәріден шабуыл жасаған.
4. Тозандатып, шандатқан.
5. Сөйтіп жаудың ортасына шандата кірген аттарға серт.
6. Шын мәнінде адам баласы Раббысына тым көрсоқырлық етеді.
7. Шындығында ол, өзі де соған куә.
8. Сондай-ақ, ол байлықты өте жақсы көреді.
9. Ал олар білмей ме? Қабірдегілер қопарылып шығарылған кезде.
10. Көкіректегілер жарыққа шығарылған сәтте.
11. Сол күні Раббылары олар жайлы толық хабар алушы.

Түсу себебі

«Адият» сүресі Мәдина кезеңінде түскен. Он бір аяттан тұрады. Аллаһ елшісі (с.а.с.) Кинанә тайпа-

сына Мунзир ибн Амр әнсари деген кісіні қолбасшы етіп аз ғана атты әскер жіберген еді. Осыдан кейін Пайғамбарымызға бір ай бойы олардан ешбір хабар келмейді. Мұнафықтар «олар өлтірілді» деп сөз тара-тады. Міне, осы сүре олардың амандықтарын білдіріп, сүйіншілемек үшін түседі.

Кейбір ғалымдар бұл сүрені меккелік сүреге жатқызады. Және сүренің тәсілі соған жатады. Өйткені, Меккеде түскен бірнеше сүре болашақта болатын уақиғаларды меңзейді. Осы аяттарда мұсылмандардың дұшпандарға қалай шабуыл жасайтындықтарын айтып, болашақтағы жеңіс күндерге ишарат етіледі.

Сүреде адамдардың кейбір мінез-құлықтары айтылып, олардың дүниеге деген құштарлықтары мен ақыретке бей-жай қараулары сыналады. Көкіректердегі ең құпия сырлардың да ап-анық белгілі болатын мақшар күні еске алынып, адамзаттың сол күнге қарай өздерін дайындау қажеттіліктерін айтып, насихаттайды.

1. وَالْعَادِيَاتِ ضَبْحًا – «Қатты ентігіп шапқан». Аяттағы, ضَبْحٍ – «дабх» – аттардың шапқан кезіндегі ентіккен дауыстары⁴⁰⁷.

2. فَالْمُورِيَاتِ قَدْحًا – «Шапқан кезде тұяқтарынан от шығарған». Аяттағы قَدْحٍ – «қадх» – тұяқтардан от шығару мағынасына саяды. Бұл жерде атты әскерлердің қуаттылықтарын меңзеп тұр.

3. فَالْمُغِيرَاتِ صُبْحًا – «Таң сәріден шабуыл жасаған». Яғни, таң сәріден дұшпанына шабуылға шыққан атты әскерлер.

⁴⁰⁷ Тәфсирул-Бәғәуи, 8-том, 507-бет.

4. فَأَثَرُنَّ بِهِ نَقَعًا. – «Тозаңдатып, шаңдатқан».

5. فَوَسَطْنَ بِهِ جَمْعًا. – «Сөйтіп жаудың ортасына шаңдата кірген аттарға серт». Дұшпан әскерінің алда тұрғандарын бұза-жара ортасына кіріп, жайпап, жеңгендер⁴⁰⁸. Міне, осындай қуатты күштерге ант етейін!

6. إِنَّ الْإِنْسَانَ لِرَبِّهِ لَكَنُودٌ. – «Шын мәнінде адам баласы Раббысына тым көрсоқырлық етеді». Өздеріне берілген ырыс-нығметінің қадірін білмейтін, шүкіршілік етпейтін адам. Көрген нығметтердің қадірін біліп, қажетті міндетін орындамайды. Бәрін де ұмытып, басына келген кейбір ауыртпалықтарды ғана ойлап, шағымданады да тұрады. Аяттағы كَنُودٌ – «кәнуд» – сөзі нығметтердің қадірін білмейтін, ынсапсыз деген сөз.

7. وَإِنَّهُ عَلَىٰ ذَٰلِكَ لَشَهِيدٌ. – «Шындығында ол, өзі де соған куә». Яғни, адамның өзі де ынсапсыз, көрсоқырлық еткендігіне куә.

8. وَإِنَّهُ لِحُبِّ الْخَيْرِ لَشَدِيدٌ. – «Сондай-ақ оның байлыққа деген құмарлығы өте зор». Бұл аяттағы «хайыр» сөзі – «байлық» мағынасында келген. Аяттағы «шәдид» сөзіне де ғалымдар бірі – «сараң», бірі – «өте» деп екі түрлі мағына берген. Бірінші мағынасына сай, адамдар байлықты сөзсіз «хайыр» яғни, жақсылық деп ұғынып, жақсы көргендіктен қолдары сараң болып кетеді. Келесі мағынасында пенде мал-даулетін өте қатты жақсы көреді. Дүние табуға келгенде алдына жан салмайтын дүниеқұмар, ашкөзге айналады. وَتُحِبُّونَ الْمَالَ حُبًّا جَمًّا. –

⁴⁰⁸ Тәфсирул-Бәғәуи, 8-том, 508-бет.

«Сендер дүниені өте қатты жақсы көресіңдер»⁴⁰⁹ аятында да осы мағына айтылған. Бір хадисте де: «Адам баласының екі сай толы алтыны болса, үшінші сайдың болғанын көксейді. Адамның қарнын топырақ қана толтырады. Бірақ, Аллаһ тәубе еткенді кешіреді»⁴¹⁰, – дейді.

Аллаһ Тағала адамның жасаған жиіркенішті қылықтарын айтып қорқытқаннан кейін былай дейді:

9. أَفَلَا يَعْلَمُ إِذَا بُعِثَ مَا فِي الْقُبُورِ – «Ал олар білмей ме? Қабірдегілер қонарылып шығарылған кезде». Бұл аятта إِذَا مَا فِي الْقُبُورِ – «Олар білмей ме?» – деу арқылы адам баласын қорқытып, есін жиғызу мақсаты байқалады. Яғни, байлықты өте жақсы көріп, сарандық жасап, ырыс-берекенің қадірін білмей көрсоқырлық етеді де, ал оның жазасын тартпағаны ма сонда? Ендеше, қиямет күні қабірдегілер өре түрегеліп, сыртқа шығарылған кезде⁴¹¹.

10. وَحُصِّلَ مَا فِي الصُّدُورِ – «Көкіректегілер жарыққа шығарылған сәтте». Сол көкіректерде жиналған барлық нәрсенің нәтижесі алынған кезде. Яғни, жүректерде құпия сақталған сырлар, ниеттер, мақсаттар егін тәрізді орылып, нәтижесі паш етілген кезде, сол көрсоқырлық еткен ынсапсыз адамдар өздерінің бұл дүниеде қалай өмір сүріп, не жасағандарын айқын аңғарады.

11. إِنَّ رَبَّهُمْ بِهِمْ يَوْمَئِذٍ لَّخَبِيرٌ – «Сол күні Раббылары олар жайлы толық хабар алушы». Әлемдердің Раббы Өзінің нығметтеріне көрсоқырлық қылған адамдардың не істегендерінен, әлбетте хабары бар. Ешбір нәрсесінен

⁴⁰⁹ «Фәжр» сүресі, 20.

⁴¹⁰ Муслим. Зәкәт 116, 119; Тирмизи. Мәнәкиб 32, 64.

⁴¹¹ Тәфсирул-Бәғәуи, 8-том, 509-бет.

бейхабар емес⁴¹². Жан дүниесі мен сыртын түгелдей әу бастан-ақ біледі. Дәл сол күні барлығын өздеріне сездіреді. Олар ұмытқанмен, Ол біледі.

Аллаһ Тағала адамның әрбір жасаған амалдарының артындағы жасырын ниеттері мен еріктерін әу бастан біледі. Міне, соған қарай жаза немесе сый-сияпат береді. Сондай-ақ, осы аяттың сөздерінен тек Аллаһ Тағаланың білгеніне бола үкім берілмейтіндігі аңғарылады. Аллаһ Тағала адамдардың ерік пен ниеттерін бұрыннан-ақ білсе де, қиямет күні осы жасырын ниеттері сыртқа шығарылып, паш етіліп, әділдік таразысымен тартылып, жақсы-жаман екендігі анықталады.

Ал, аяттағы «Сол күні Раббылары олар жайлы толық хабар алушы» деуі сол күні ғана хабары болады деген сөз емес. Керісінше, сол күні амалдарының қарымы қайтарылады деген ұғым. Аллаһ Тағала қорқыту мақсатымен айтқан. Болмаса Ол олардың сырларын сол күні де, бүгін де біледі⁴¹³.

«ҚАРИҒА» СҮРЕСІ

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ

الْقَارِعَةُ { ۱ } مَا الْقَارِعَةُ { ۲ } وَمَا أَذْرَاكَ مَا الْقَارِعَةُ { ۳ } يَوْمَ يَكُونُ

النَّاسُ كَالْفَرَاشِ الْمَبْثُوثِ { ۴ } وَتَكُونُ الْجِبَالُ كَالْعِهْنِ الْمَنْفُوشِ

{ ۵ } فَأَمَّا مَنْ ثَقُلَتْ مَوَازِينُهُ { ۶ } فَهُوَ فِي عِيشَةٍ رَّاضِيَةٍ { ۷ } وَأَمَّا مَنْ

⁴¹² Тәфсирул-Бәғәуи, 8-том, 510-бет.

⁴¹³ Толығырақ тәпсір үшін қараңыз: әр-Рази. әт-Тәфсирул-Кәбир, 32-том, «Адият» сүресі.

خَفَّتْ مَوَازِينُهُ { ۸ } فَأَمَّهُ هَاوِيَةٌ { ۹ } وَمَا أَدْرَاكَ مَا هِيَّةُ { ۱۰ } نَارٍ
حَامِيَةٍ { ۱۱ }

Мағынасы:

1. «Зор уақиға.
2. Ол, зор уақиға не нәрсе?
3. Қариганы, қорқыныштылығымен жүректерді есеңгіреткен сол бір қиямет пәлекетін сен қайдан ғана білмексің?».
4. Ол күні адам баласы ұшқан көбелектей болады.
5. Таулар түтілген жүндей болады.
6. Міне, сонда біреудің таразысы ауыр тартса.
7. Онда ол разы болатын бір тіршілікке енеді.
8. Ал енді біреудің таразысы жеңіл тартса.
9. Онда оның орны «Һауя» болады.
10. Ол Һауяның не екенін білесің бе?
11. Ол жалындаған от».

Түсу себебі

«Қариға» сүресі Меккеде түскен. Он бір аяттан тұрады. Қияметтің бір сипаты саналып, алғашқы аятта кездескен сөз сүренің атауы болған. Бұл сүренің аты ғана емес, сонымен қатар сүренің негізгі мазмұны да саналады. Өйткені, сүренің барлығы қиямет пен оның қорқынышты халдері, һәм ақырет, оның қиын жағдайлары және сол жерде болатын үлкен оқиғалар мен жақсы, жаманның нәтижесі хақында хабар береді.

Тәпсірі

1. الْقَارِعَةُ – «Қариға». Қариға – «қараға» етістігінен шыққан. Бір нәрсеге қатты тию, зор дауыс шығару, есікті қағу, жүректі жарып жіберерліктей дүрсілдеу

тәрізді қорқыныш мағыналарын береді. Қиямет аса зор қорқыныштылығымен адамдарды есеңгіреткендіктен الْقَارِعَةُ – «Қарига» деп аталған. Қиямет атауларының бірі⁴¹⁴.

2. مَا الْقَارِعَةُ – «Ол, зор уақиға не нәрсе?». Бұл жерде оның қандайлығын сұрап тұрған жоқ, керісінше «Ол неткен аса қорқынышты соққы» деп қияметтің аса қиыншылығын меңзеп тұр.

3. وَمَا أَذْرَاكَ مَا الْقَارِعَةُ – «Қариганы, қорқыныштылығымен жүректерді есеңгіреткен сол бір қиямет пәлекетін сен қайдан ғана білмексің?». Саған не білдірді қариға-қиямет? Бұл аяттың осылайша қайталануында үлкен мән бар. Мұндай сұмдық пәлекетті, адам айтуға тілі жетпес қорқынышты адамзат, тіпті, пайғамбардың да өз ақылымен біле алмайтындығын білдіреді. Сондықтан да الْقَارِعَةُ – «қариға» сөзі үш рет қайталанған. Адам баласын сақтандыру мақсатымен айтылған. Сақтаныңдар! Алдарыңда күтіп тұрған қариға бар. Оның ақыл жетпес қорқыныштылығы сол – оны көрмейінше біліп, сезе алмайсыңдар.

4. يَوْمَ يَكُونُ النَّاسُ كَالْفَرَاشِ الْمَبْثُوثِ – «Сол күні адамдар ұшқан көбелектердей болады». Аятта көбелек көпше түрде берілген. Яғни, түнде от жарығының айналасында әрлі-берлі тыным таппай ұшып, ақырында өздері отқа құлаған кәдімгі көбелектер. Осы арқылы қияметте адамдардың жағдайларының қандай болатындығын білдірген. Не істерін білмей қатты қозғалып, дел-сал болып, анда бір жүгіріп, мұнда бір жүгіріп «жаным

⁴¹⁴ Тәфсирул-Бәғәуи, 8-том, 513-бет.

қиналмаса болғаны» деп, безек қаққан қауқарсыз пенделердің халдері бейнеленген.

Кейбір тәпсіршілердің көзқарасына қарай, осы жағдай адамдар қабірлерінен қорқа-қорқа шыққан кезінде болады. Сол күні адамдар естерін жинай алмай, қайта тірілгенін анық байқап, әрлі-берлі сапырылысқан көбелектерге ұқсайды. Өйткені, аяттағы «жайылған көбелектер» сөзінде, солардың от айналасында ұшып жүріп, ақырында жанып жерге түскені айтылады. Сол тәрізді сол күннің сұрапыл сұмдығынан адамдар демала алмай, тыныстары тарылып, қорыққанынан талып қалатындықтары мен қалжырағандары аңғарылады. Бұл «Ұлы Сотқа» шақырған Сұрдың алғаш дауысынан рухтарда болатын қорқынышты білдіреді. Сол шақыруды естіген кезде азғантай топтан басқаларының бәрі талып жерге құлайды. Екінші дауысты естіген шақта есін жиып, Сот алаңына қарай ұмтыла жүгіреді.

5. وَتَكُونُ الْجِبَالُ كَالْعِهْنِ الْمَنْفُوشِ – «Таулар түтілген жүндей болады». Таулар осындай күйге ұшыраса адамдардың хал-ахуалы қандай болмақ? Аяттағы عِهْن – «иһн» – жүн, әсіресе әртүрлі жүндер деген сөз. الْمَنْفُوش – «мәнфуш» – «түтілген жүн» болса, жермен-жексені шығып, диірменнен шыққан ұн тәрізді күйді білдіреді. Өйткені, таулар алдымен уатылып, сосын құмға айналады. Одан кейін бұлтқа ұқсап, «түтілген жүн» секілді болмақ. Ақырында сағымға айналады.

Бұл жерде адамдар талып құлап, таулар желге ұшып, жер беті теп-тегіс болып, қияметтің келуінің бірінші кезеңі хақында баяндалды. Бұдан соң қайта тірілуден кейінгі екінші кезең суреттеледі. Адамдар қабірлерінен тұрғызылып Сот алаңына қарай

жіберіледі. Бұл дүниеде жасаған істер Ұлы Соттың әділдік таразысында тартылады. Таразысы ауыр басып, жақсылықтары жамандықтардан көп болған адамдар жәннатқа лайық келіп, мәңгілік бақыттылық күйін кешеді. Таразысы жеңіл келген, яғни, бұл дүниеде жаман істер жасап, жамандықтары ауыр басқан адамдардың баратын жері Науа болмақ.

6. فَأَمَّا مَنْ ثَقُلَتْ مَوَازِينُهُ – «Міне, сонда біреудің таразылары ауыр тартса». Мақшарда адамның бұл дүниеде жасаған жақсылық пен жамандық амалдары таразыда тартылмақ. Қиямет күніндегі таразыны бұл дүниенің таразысы тәрізді ойлаудың ешбір жөні жоқ. Оның қандай екендігі бізге мүлде беймәлім. Бірақ, адам баласы жақсылық пен жамандықтарының бірі де ескерусіз қалмай тартылатын таразыға иман етіп, сенуі қажет.

Кейбір тәпсіршілер де осы аяттардағы таразыларды ақыреттегі Аллаһ Тағаланың түп-тура әділдігі деп түсіндіреді. Өйткені, адамдар таразыны әділдіктің рәмізі деп түсінеді. Аят пен хадистерде айтылған таразы да (дұрысын Аллаһ біледі) Илаһи әділдіктің рәмізі ретінде айтылса керек.

Міне, таразылары ауыр басып, жақсы амалдары басым келген топтар.

7. فَهُوَ فِي عِيشَةٍ رَاضِيَةٍ – «Онда ол, разы болатын бір тіршілікте болады». Бұдан кейін оған ешбір қайғы-қасірет жоқ. Мәңгі-бақи ризалық бағында, шаттық аясында, тіл жетпес бақыттылық күйін кешпек. Негізінде таразылары ауыр басқандар бұл дүниенің өзінде де бақытты өмір сүреді. Өйткені, Аллаһ Тағаланың жарлығын орындап, харамнан бойын аулақ салған адамның ар-ожданы рахатқа бөленеді. Сондай-ақ он екі

мүшесі де сау болмақ. Ақырет пен есеп күніне сенгендіктен де өлімнен қорықпай, біреудің ала жібін аттамай бейбіт өмір сүреді.

Таразылары жеңіл келгендер бұл дүниеде бақытты ғұмыр кешіп жүрген тәрізді болғанмен бақытты емес. Өйткені, алдымен Аллаһ Тағала мен ақыретке сенбегендіктен ар-ождандары қашанда да мазасыз күй кешеді. Себебі өлімге деген қорқыныш әрі кейбір жақындарынан айырылу қайғысы, олардың рухтары мен ой-санасын ағашқа түскен құрттай жеп бітіреді. Сырттай бақытты тәрізді көрінгенмен, іштей аласапыран күй кешіп, қашанда да абыржып тұрады. Сондықтан олар жаһаннам өмірінің азабын бұл дүниеде жүріп-ақ тарта бастайды. Бұл өмірде жүргенде-ақ дінсіздіктің түпсіз шұқырына түсіп, өмір бақи содан шыға алмай жанталасып пенделік шырмауы мен соқыр сенімнің жетегіне ілесіп кетеді.

8. وَأَمَّا مَنْ خَفَّتْ مَوَازِينُهُ – «Ал, енді біреудің таразысы жеңіл тартса». Сауабы болмаған яки күнәлары ауыр басып, сауаптары жеңіл келген топқа жататын адам болса:

9. فَأُمُّهُ هَاوِيَةٌ – «Онда оның орны «Һәуия» болады». Яғни, мәңгі бақи тұрақталатын жері, паналайтын жұрты – Һәуия болмақ. Баратын жер, басатын тауы қалмай, жәһаннамның құзына құлайды⁴¹⁵. Аятта «Оның анасы – Һәуия болады» деген. Ана – баланың паналайтын, қорыққан кезінде тығылатын құшағы болғандықтан, Аллаһ Тағала жәһаннамға «Уммуһу» яғни, «Оның анасы» деп ат берген. Сондықтан жаһаннам қатты қорыққан күнәкарларды анасы тәрізді омырауын ашып, өзіне тар-

⁴¹⁵ Тәфсирул-Бәғәуи, 8-том, 513-бет.

тады. Кейбір тәпсіршілер «Ғауияны» жаһаннамның бір аты дейді. Түбі терең шұқыр болғандықтан оны осылай атаған.

10. وَمَا أَدْرَاكَ مَا هِيَ. – «Оның не екенін білесің бе?». Яғни, «Ғауияның не екенін сен қайдан білесің?». «Сен оның қаншалықты қорқыныштылығын білесің бе?» деген сөз. Аяттағы бұл сауал Ғауияның адам айтқысыз қорқынышты екендігін білдіру үшін айтылған⁴¹⁶.

11. نَارٌ حَامِيَةٌ – «Ол жалыны аса күшті қайнаған от». Аяттағы «Хәмия» – қызуы аса зор от деген сөз. Оның қызуына ешбір жан шыдай алмас.

«ТӘКӘСУР» СҮРЕСІ

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ
أَلْهَاكُمْ التَّكَاثُرُ { ١ } حَتَّى زُرْتُمُ الْمَقَابِرَ { ٢ } كَلَّا سَوْفَ تَعْلَمُونَ { ٣ }
تُمْ كَلَّا سَوْفَ تَعْلَمُونَ { ٤ } كَلَّا لَوْ تَعْلَمُونَ عِلْمَ الْيَقِينِ { ٥ } لَتَرَوُنَّ
الْجَحِيمَ { ٦ } تُمْ لَتَرَوُنَّهَا عَيْنَ الْيَقِينِ { ٧ } تُمْ لَتَسْأَلَنَّ يَوْمَئِذٍ عَنِ
النَّعِيمِ { ٨ }

Мағынасы:

1. «Дүниелеріңнің көптігі сендерді алдандырды.
2. Қабірге барғандарыңа дейін.
3. Әсте олай емес. (Өткінші дүние қызығына алдану дұрыс емес, сақтаныңдар) Болашақта білесіңдер.
4. Иә, иә! Болашақта білесіңдер.
5. Сақтаныңдар бұдан! Егер анық білген болсаңдар, бұлай жасамас едіңдер.

⁴¹⁶ Уәһбә Зухәйли. әт-Тәфсирул-мунир, 15-том, 772-773-бет.

6. Сөзсіз жаһаннамды көресіңдер.
7. Иә, иә оны сөзсіз көздеріңмен көресіңдер.
8. Сосын сол күні әрбір нығметке есеп беріп, сұраласындар».

Меккеде түскен бұл сүре сегіз аяттан тұрады. Сүре аты алғашқы аятта алынған. Адамдардың өткінші дүниеге салынуының мағынасыз екендігін және ол адам жаратылысының негізі мен биік мақсаттарына кедергі келтіретіндігін айтады.

Тәпсірі

1. *أَلْهَأَكُمُ التَّكَاثُرُ* – «Дүниелеріңнің көптігімен мақтанып, тәкаппарлану сендерді алдандырды». Аяттағы *التَّكَاثُرُ* – «Тәкәсур» – құр қиял қуу, тәкаппарлану деген сөз. Бұл көкіректік байлықтың көптігі, мансап, шен-шекпенмен мақтану түрінде де болуы мүмкін⁴¹⁷. Аяттағы бұл сөз кімге және қандай адамдарға айтылғаны белгісіз. Сондықтан, бұл сөз жалпы дүниеге беріліп, ақыретін ұмытқан жандарға айтылса керек⁴¹⁸.

Абдуллаһ ибн Шинһирдің риуаятв: Аллаһ елшісі (с.а.с.) «Тәкәсур» сүресін оқып жатқанда жанына бардым. Ол: «Адам баласы «*малым, малым!*» дейді де тұрады. Алайда, ей, адам баласы! Сенің жеп тауысқаныңнан, яки киіп тоздырғаныңнан не болмаса садақа бергеніңнен әлде жинағаныңнан өзге малың бар еді?»⁴¹⁹ – деді.

⁴¹⁷ Уәһбә Зухәйли. әт-Тәфсирул-мунир, 15-том, 780-781-бет.

⁴¹⁸ Тәфсирул-Бәғәуи, 8-том, 517-бет; әс-Сағди. Тәйсирул-Кәримир-Рахмән, 5-том, 433-бет.

⁴¹⁹ Муслим. Зухд 3,4; Тирмизи. Зухд 31, Тәфсиру Сурә 102.

2. حَتَّى زُرْتُمُ الْمَقَابِرَ – «Қабірге кіргендеріңе дейін».

الْمَقَابِر – «мақабир» – мақбара сөзінің көпше түрі. «Қабірге кіргендеріңе дейін» аятына тәпсіршілер үш түрлі мағына берген:

Біріншісі: Молшылықтарыңды айтып тәкаппарланып, мақтану сендерді алдандырды. Сендердің Аллаһ Тағалаға мойынсұнып, Оның азабынан сақтану үшін жасалатын жемісті амалдарыңа кедергі жасап, көздеріңді бояғаны сонша – тірілерді мақтаумен ғана шектелмей, қабірлердегі өлілерді санап, солармен мақтануға дейін бардыңдар. Қабірлерді зиярат етіп, аталары мен батырларының атақтарымен мақтану емес, керісінше мазардан ғибрат алып, адамның өз-өзіне келіп, қызуы қатты оттан сақтану жолдарын қарастырып, көркем амалдар жасаулары қажет еді.

Екіншісі: Тәкәсур, яғни, дүниеге деген құмарлық, мал, бала-шағаларыңның көптігімен мақтанып тәкаппарлану сендерді дандайсытты. Осылайша ұйқылы-оюу ғұмыр кешіп, ояна алмай ақыр соңында қабірге көмілуге қадам бастыңдар. Яки, өлім таяғанға дейін жандарың шыққанша ғұмырларыңды дүние табуға сарп етіп, текке ойнап-күліп, алтын уақыттарыңды ысырап еттіңдер. Ақыреттерің үшін ешқандай қам жасамадыңдар. Бар-жоғы дүние мен ұрпақ көбейтуді ойлап, сағым құдыңдар. Ақырында міне енді өлім аузына тақап, ажал келіп, көмілгелі жатырсыңдар. Ендеше, бұдан кейін бәрі де кеш, ей, қамсыз ғұмыр кешкен бейбақтар! Сендер енді өздеріңді құтқара алмай, жаһаннамды терең бойлайсыңдар.

Үшіншісі: Хазіреті Әли: «Біз «Тәкәсур» сүресі түскенге дейін қабір азабы хақында күмәнданып

жүрген болатынбыз»⁴²⁰, – дейді. Ендеше аятты «қабір азабын тартқанға дейін» деп түсінген жөн.

Мәудуди: «Яғни, сендер өмірлерінді дүниеге құмарлық, мал, ұрпақ көптігімен мақтану арқылы түгестіндер. Тіпті ақырғы демдеріңе дейін осы түсініктен құтыла алмайсыңдар» – деп түсіндіреді.

Бұл аяттарда адамдардың мал мен ұрпақ көбейту үшін бір-бірлерімен бәсекелесуін және көздері жұмылғанша нәпсілерін осы құмарлықтарынан арылта алмағандықтарын кінәлайды. Бұдан кейінгі аяттарда жақында өздеріне айтылған ақыреттік жауапкершіліктің айқындалып, сол күні өздеріне берілген дүние нығметтерінің есебі сұралатындығы айтылады.

3. *كَلَّا سَوْفَ تَعْلَمُونَ* – «Әсте олай емес. (Өткінші дүние қызығына алданудұрыс емес, сақтаныңдар) Болашақта білесіңдер». Бұл – ескерту⁴²¹. Ей, адамдар! Іс олай емес, сақтаныңдар. Қабірге дейінгі молшылықтарыңмен мақтанып, босқа уақыт өткізбеңдер. Адамдардың қабірде қайта тірілетінін ұмытып, осы дүниедегі аса маңызды міндетті естен шығарып, болмайтын нәрселерге алданып, малдарыңның көптігімен мақтану саналы жандарға жараспайтын қылық. Негізінде, шындық сендер ойлағандай емес. Жақында білесіңдер. Қандай бейқам күй кешкендеріңді һәм мына халдеріңнің ақыры неткен жаман екендігін көргендеріңде бір-ақ түсінесіңдер.

4. *ثُمَّ كَلَّا سَوْفَ تَعْلَمُونَ* – «Иә, иә, болашақта білесіңдер». Бұл – алдыңғы ескертуден кейін артынша келген, екін-

⁴²⁰ Тирмизи.Тәфсиру Сурә, 102, 2.

⁴²¹ Тәфсирул-Бәғәуи, 8-том, 517-бет; әс-Сағди. Тәйсирул-Кәримир-Рахмән, 5-том, 434-бет.

ші бір ескерту. Мақсат – қаттырақ қорқыту. Сендерге ажалдың ажырамас құрығы киілгенде, өлімнің тіл жетпес қорқынышы көрінгенде мал-дәулеттеріңнің молшылығымен мақтанудың қандай екендігін көресіңдер. Үшінші аятты Ибн Аббас: «Қабірде сендерге келетін азапты көресіңдер» – деп, төртінші аятты: «Ақыретте сендерге келетін азапты көресіңдер» деп тәпсірлейді.

5. *كَلَّا لَوْ تَعْلَمُونَ عِلْمَ الْيَقِينِ* – «Сақтаныңдар бұдан! Егер анық білген болсаңдар бұлай жасамас едіңдер». Аяттағы «яқин» сөзі шәксіз, күмәнсіз білінген анық ілім мағынасында берілген. Кейбір тәпсіршілер *الْيَقِينِ* – «Яқин» сөзін өлім деп түсіндіреді. Яғни, өлімді білу, яки өлім ілімі, өлім арқылы ақыреттегі жазаны білген болсаңдар деген сөз. Осы мағынаға қарай адамдардың өлімді білуі үш сатыдан тұрады:

Бірінші: Әрбір саналы жан өзі тәрізді пенделердің өліміне зер салу арқылы бір күні өзінің де өлетінін сөзсіз біледі. Бұл – *عِلْمَ الْيَقِينِ* – «илмәл-яқин» сатысы.

Екінші: Өлім аузында жатып, ажалына санаулы сәттер қалғанда періштелерді айқын көру арқылы өлімнің хақтығын біледі. Бұл – «айнәл-яқин» сатысы.

Үшінші: Анық өлім, ажал құшқан сәттегі өлімді білуі. Бұл – «хаққал-яқин» сатысы.

Иә, аятта айтылғандай, адам баласы ертеңгі күнінің ақыры не боларын айқын білгенде бейқам өмір сүрмес еді. Бұл дүние – амал кезеңі. Осы өткінші кезеңді жеткілікті бағалай алмағандардың ақыры өкініш бұл қасірет мысалмен берілген:

Бірде жолаушылар қараңғы бір жерден өтеді. Өтіп бара жатып, қайта-қайта аяқ астындағы тастарға

сүріне береді. Кейбіреулері осы жолдан тезірек өтуді ойлап, аяқтарын алшаң басып жылдам өте шығады. Кейбіреулері әлгі тастарды қызық көріп қалталарына, қоржындарына салып, алып кетеді. Сосын сол қараңғы жерден шыққан кезде әлгі адамдар қолдарындағы тастарын қараса, аса бағалы тастар екен. Сол кезде екі жақ та қатты өкініп, «аһ» ұрады. Тасты алғандар: «Шіркін-ай! Неге көбірек алмадым екен?» деп мұңайса, алмағандар: «Қап, әттеген-ай?! Тым құрыса біреуін қалтама сала салсамшы!» деп қайғырады.

Міне, қиямет күні адамдардың жағдайы дәл осылай болмақ. Көркем амал жасағандар «Неге көбірек амал жасамадық екен?» десе, ешбір амалы жоқтар: «Тым құрыса бір амал жасағанымда ғой!» деп өкінеді. Сондықтан, адам баласы ақыретін мәңгілік жастыққа айналдыруға тырысулары қажет. Дүниенің жалған қызығына алданып, өмірін қор етпегені дұрыс. Өйткені, бұл жалған дүние сайран салу мекені емес, болашағы үшін дайындық орны. «Сират» (қыл көпір) тек қана әзірлігі бар пенделерді ғана өткізе алады.

6. لَتَرَوْنَ الْجَحِيمَ – «Сөзсіз жаһаннамды көресіңдер». Бұл жаһаннам алдыңғы сүредегі «Һауя» (шұқыр) деп аталатын қайнаған от. Ғалымдар осылай тәпсірлеген.

7. ثُمَّ لَتَرَوْنها عَيْنَ الْيَقِينِ – «Иә, иә оны сөзсіз көздеріңмен көресіңдер». Осы аяттарда алдымен дүниеге деген құмарлықтың опасыздығы айтылған соң, ақырет азабы мен жауапкершілік тағы да бір-бірін қуаттаған аяттармен баяндалады.

9. ثُمَّ لَتَسْأَلَنَّ يَوْمئِذٍ عَنِ النَّعِيمِ – «Сосын сол күні әрбір нығметке есеп беріп сұраласыңдар». Аяттағы «Найым»

– барлық нығметті қамтиды. Өмір, денсаулық тіпті ішкен бір жұтым су да осы ырыс-берекеге жатады.

Бұл аяттағы «суммә» (сосын) сөзі жаһаннамға қойғаннан кейін, сұраққа алынады деген сөз емес. Негізгі мағынасы: «Сосын осы хабарды да сендерге жеткізудеміз. Сендер осы нығмет хақында есепке тартыласыңдар» мағынасында берілген. Яғни, осы сұрақтың илаһи әділдік соты құрылған кезде сұралатыны меңзеліп тұр.

Аллаһ елшісі (с.а.с.) бірде сахабаларымен бірге бір құрма жеп, су ішкен кезде, «Бізді тойғызып, суға қандырған және мұсылман қылған Аллаһ Тағалаға хамд, мадақ айтамын» деп, шүкіршілік етіп, осыған ишарат еткен.

Тәпсіршілер осы сүренің ақырындағы осы сөздің кәпірге де, мұсылманға да, пасыққа да, салиқалы жанға да, барлық адамдарға тиісті сөз екендігін келтіреді. Иә, күллі адам баласы ақыретте өзіне берілген әрбір нығметтен сұралады. Бір жұтым су болса да оның ақыретте есебін беру аса қиын.

Бірде Аллаһ елшісі екі серігімен Әбу Айып әл-Әнсаридың үйіне қонаққа келеді. Әйелі қарсы алып: «Қош келдіңдер, Пайғамбарым және серіктері» деп құрақ ұшады. Осы кезде Айып келіп бір бас құрма кесіп алады. Аллаһ елшісі: «Оны біз үшін кестің бе? Дайыны да болар еді ғой» дейді. Айып болса: «Пайғамбарым! Һәм құрғақ құрмадан, һәм шала піскенінен және жаңа піскенінен ауыз тиюіңізді қалап едім» – деп жауап қатады. Сосын сахаба Айып бір лақ сойып жартысын отқа қақтап, жартысын асып, Пайғамбарымызға табак тартады. Аллаһ елшісі лақтың етінен аздап алып, иленген қамырдың үстіне қойып: «Айып! Мы-

наны Фатимаға апарып бер. Ол бірнеше күннен бері мұндай тамақ жемеген еді», – дейді. Айып та оны дереу Фатимаға апарып береді. Пайғамбарымыз екі серігімен бірге дастарқан басында отырып, тамақтан дәм татады. Бір кезде Ақырғы Пайғамбар: «Нан, ет, құрма, әлі толықтай піспеген құрма, жаңа піскен құрма» деген кезде көздері жасаурап сала береді. «Нәпсім құдіретті қолында болған Аллаһ Тағалаға ант етейін, міне, мынау сұралатын нығметтерің». Аллаһ Тағала: «Сосын сол күні әрбір нығметке есеп беріп, сұраласыңдар», – дейді. Міне, бұл қиямет күні сұралатын нығметтерің». Бұл сахабаларына өте ауыр тиеді. Осы кезде Пайғамбарымыз: «Тамақтан дәм татар алдында «Бисмиллаһ» дендер. Тойған кездерінде де, «Бізді тойғызып, нығметтер берген және мол шарапатын төккен Аллаһ Тағалаға хамд, шүкіршілік еттім» дендер. Өйткені, осы сөз есеп беруге жетеді», – дейді⁴²².

«АСЫР» СҮРЕСІ

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ
وَالْعَصْرِ {١} إِنَّ الْإِنْسَانَ لَفِي خُسْرٍ {٢} إِلَّا الَّذِينَ آمَنُوا وَعَمِلُوا
الصَّالِحَاتِ وَتَوَاصَوْا بِالْحَقِّ وَتَوَاصَوْا بِالصَّبْرِ {٣}

Мағынасы:

Рахман да Рахымды Аллаһтың атымен

1. «Ғасырға ант етейін:
2. Шындығында адам баласы зиянда.
3. Бірақ, иман келтіріп көркем амал жасағандар, бір-бірлеріне ақиқат пен сабырды насихаттағандар бұдан тыс болмақ».

⁴²² Суити. әд-Дуррул-мәнсур, 8/615.

Меккеде түскен «Асыр» сүресі үш аяттан тұрады. Бұл сүре аса қарапайым және қысқа болса да өткен сүрелердің барлық насихаттарының мазмұнын қамтыған. Сүреде барлық адамдардың зиянда қалатындықтарын, алайда, азаттық пен бақыттылық тек қана иман келтіріп, көркем амал жасап, ақиқат пен сабырды насихаттау арқылы келетінін айтады. Имам Шафиғи: «Құрандағы басқа сүрелер түспегенде, осы сүренің өзі адамдардың дүние мен ақыретте бақытты болуына септігін тигізер еді. Бұл сүре Құранның барлық насихаттарын қамтиды» деген.

1. وَالْعَصْرِ – *«Ғасырға ант етейін!»*. Қазақ тілінде ғасыр деп жүз жылдық бір заманды айтады. Осы сөзге тәпсіршілер: Намаздыгер намазы, намаздыгер уақыты, заман, әсіресе, хазіреті Пайғамбарымыздың ғасыры, яғни, Аллаһ елшісінің жіберілген заманы, ақырзаман мағыналарында қолданған⁴²³.

Аллаһ Тағала сәске уақытына ант еткені тәрізді ғасырға да ант еткен. Дұха күннің бір ұшы болса, ғасыр (асыр) – күннің ақырғы ұшы. Бұдан адамдардың өмірінің бітуге жақындағанын ишарат еткен. Сондықтан да «Қасас» сүресіндегі: وَقَدْ آتَيْنَا مُوسَى الْكِتَابَ مِنْ بَعْدِ مَا أَهْلَكْنَا – *«Расы - да, бұрынғы ұрпақтарды жоқ еткеннен кейін, Мұсаға адамдардың түсінулері үшін Кітапты көрнеу дәлелдер, туралық және мәрхамат түрінде бердік»*⁴²⁴ – аятын мысал етіп көрсеткен кейбір тәпсіршілер Құранда адам-

⁴²³ Уәһбә Зухәйли. әт-Тәфсирул-мунир, 15-том, 789-790-бет.

⁴²⁴ «Қасас» сүресі, 43.

зат тарихы үш заманға бөлінгендігіне ишарат бар деген пікір айтады:

1. Хазірет Мұсаға Тәурат түспестен бұрын перғауынның өлімімен аяқталған заман – «алғашқы ғасырлар» заманы.

2. Тәураттың түсуімен басталып, ақырғы Пайғамбарға дейінгі «орта ғасыр» заманы.

3. Ақырғы Пайғамбар Мұхаммедтің (с.а.с.) келуімен басталған «ақырғы ғасыр», «ақырзаман», яғни, Мұхаммед (с.а.с.) және үмбетінің ғасыры. Ендеше, аяттағы «ғасыр» сөзі осы ғасыр жөнінде айтылса керек⁴²⁵.

Тәпсіршілердің пікірлерінің нәтижесі мынау: Ей, Мұхаммед (с.а.с.)! Ғасырға, әсіресе, барлық заманның мазмұны саналған ақырғы – осы ғасырға ант етейін;

2. إِنَّ الْإِنْسَانَ لَفِي خُسْرٍ – «Шындығында адам баласы зиянда». Яғни, келесі аятта айтылған адамдардан өзге әрбір адам, барлық адамзат, ұлттар, әрбір ғасырда, әсіресе, ақырзаманда келген адамдардың барлығы зиянда⁴²⁶. Өйткені, адамдардың қазынасы – өмірі. Ал сол баға жетпес ғұмыр әрбір сағат босқа өтіп түгесілмек. Тыныс алынған сайын сол нығметтің ақыры мен есебі жақындай түсуде. Осы бір ғұмыр, һәм алған тыныстар адамның өз дүниесі болғанда, яғни, оны өзі жасап алатындай күш-қуаты болғанда пенденің өмірі түгесілмес еді де, оны қалағанынша жұмсар еді. Оны қайда жұмсаса да өз еркінде болып, ешқашан зиянға душар

⁴²⁵ Елмалылы М. Хамди Языр. Хақ діні Қуран ділі, 9-том. 429-бет.

⁴²⁶ Тәфсирул-Бәғәуи, 8-том, 525-бет; Уәһбә Зухәйли. әт-Тәфсирул-мунир, 15-том, 789-бет; Қараңыз; әр-Рази. әт-Тәфсирул-кәбир, 32-том, «Асыр» сүресі.

болмас еді. Алайда, өмір адамның өз меншігі емес, сол өмірді жаратқан Хақ Тағаланың меншігі. Ол сол меншігін Өзінің атынан жұмсап, пайда тапсын деп адамға шектеп және есептеп аманат етіп берген қазынасы. Адамн өз өмірін дұрыс жолға жұмсау арқылы табыс таба білуіне қатысты.

3. *إِلَّا الَّذِينَ آمَنُوا وَعَمِلُوا الصَّالِحَاتِ وَتَوَاصَوْا بِالْحَقِّ وَتَوَاصَوْا*
بِالصَّبْرِ – «Бірақ, иман келтіріп көркем амал жасағандар, бір-бірлеріне ақиқат пен сабырды насихаттағандар бұдан тыс болмақ». Мына саналған төрт ерекшелікке иелік еткендер зиянға ұшырамай, қайта мол табысқа кенелмек.

1. *الَّذِينَ آمَنُوا* – «Иман келтіргендер». Барлық әлемдердің Раббы, дін күнінің иесі Аллаһ Тағаланың даралығы мен түсіргендерін растап, Оған ықыласты түрде құлшылық етіп, мойынсұнып сөз берген жандар.

2. *وَعَمِلُوا الصَّالِحَاتِ* – «Және иман арқылы көркем амалдар жасағандар». Яғни, имандары тек қана көңілдері мен тілдерінде қалып қоймай, жасаған істерін имандарына сай, Аллаһтың ризалығына, түскен үкімдерге сәйкес, ақиқат пен қайыр екендігіне сеніп⁴²⁷, әрбір жақсылықты отбасы, туыстары, елі, тіпті жалпы адамзаттың бақытылығы үшін жасағандар. Өмір етілген уазипаларды орындап, тыйым салынған үлкен күнәлар мен жиіркенішті қылықтардан іргесін аулақ салғандар.

Құран бойынша, тамыры иман емес барлық амалдар салиқалы амалдарға жатпайды. Сондықтан да Құранның қай жерінде салиқалы амалдар хақында сөз қозғалса, сонымен бірге иман да айтылған. Һәм әрқашан салиқалы

⁴²⁷ Тәфсирул-Бәғәуи, 8-том, 525-бет.

амал, иманнан кейінге қалдырылған. Сондай-ақ еш жерде, жақсы да болса имансыз іс-әрекетке сый-сияпат үміті берілмеген. Пайдалы және бағалы иман – амал арқылы анықталған иман екендігін көрсеткен. Өйткені, амалсыз иманға иелік еткен адам өзін қаншама имандымын дегенімен негізінде ол Аллаһ және елшісінің көрсеткен жолынан өзге бір жолға түскен болып саналады.

Салиқалы амал негізінде екі түрлі:

Біреуі – тәнге қатысты құлшылықтар. Яғни, жауапкердің тікелей өзіне пайдалы және өзінің жақсылығы үшін болған амалдар.

Келесісі – зекет және садақа тәрізді басқаларға пайдасы тиетін амалдар. Бұның ең маңыздысы да ақиқатқа шақыру және хақ жолында күш-қайрат жұмсау. Бұлар иман және көркем амал арқылы бір-бірлеріне және басқалардың да мәңгілік бақытқа жетулеріне күш-қайрат жұмсап, оларды Хаққа шақыруды негізгі міндеті санамақ.

3. *وَتَوَاصَوْا بِالْحَقِّ* – «Және Хақты өзара насихаттағандар». Яғни, барлық күш-жігерлері Хаққа арналып, имандары да, амалдары да, сөздері де түгелдей Хақ жолында сарп етілгендер. Қандай әрекетке барса да ақиқатты негізге алып, оны насихат еткен. Әр кез халықты ақиқатқа шақырып, жақсылыққа баулып, жамандықтан тыюға күш салысқандар.

Жоғарыда айтылған екі сипат әрбір адамда болуы тиіс. Бұлар иман етіп, салиқалы амал жасағаннан кейін бір-бірлеріне ақиқатты айқындап, сабырды насихаттаулары тиіс. Бұның мағынасы мынау: біріншісі, иман келтіріп, салиқалы амал жасағандар осы істерімен шектеліп қалмай, мұсылман һәм салиқалы бір қоғам құруы

ләзім. Екіншісі, қоғамды бұзылудан сақтап қалу үшін, сол қоғамның әрбір мүшесі өзінің жауапкершілігін ұғынулары керек. Сондықтан, қоғамның барлық мүшелеріне, бір-бірлеріне ақиқат пен сабырды дұрыс насихаттап отырғандары жөн.

«Хақ» сөзі – «жалғанға» қарама-қарсы ұғым. Әсіресе, бұл сөз мына екі мағынада қолданылады: Біріншісі – шындыққа, әділдікке лайық шынайы сөз. Екіншісі – адам мойнының борышы мен парызы болған ақиқат. Хақты насихаттаудың мағынасы – мұсылман қоғамына жалғанның таралуына тосқауыл болуы. Қоғамның әрбір мүшесі өзі ғана ақиқатты, туралықты және әділдікті іске асырып қоймай басқаларға да үлгі-өнеге көрсетуі тиіс. Қоғамды құлдыраудан осындай жолмен ғана сақтап қалуға болады. Егер қоғамда осы рух жоқ болса зияннан көз ашпайды. Тек өз басы ғана ақиқатты ұстанып жүргендердің қоғамның бұзылуына жайбарақат қарауының ақыры – бір күні олар да тура жолдан тайқып, зиянға ұшырайды. Сондықтан, «Маида» сүресінде хазіреті Дәуіт және хазіреті Исаның тілімен Израйыл ұрпақтарына лағнет еткен. Өйткені олар жайылған зұлымдық пен күнәларды көре тұра бір-бірлеріне тосқауыл жасап, ақиқатты насихаттамаған еді («Маида», 78-79).

4. *وَتَوَاصَوْا بِالصَّبْرِ* – «Және сабырды өзара насихаттағандар». Яғни, Хақ пен ақиқат жолында сабырға бір-бірлерін шақырғандар. Ақиқатты насихаттаумен қатар мұсылман қоғамының зияннан құтылулары үшін, қоғам мүшелері бір-бірлерін сабырға үндеулері тиіс. Яғни, ақиқат және оны сақтау жолында кездескен барлық қиыншылықтарға төтеп беріп, бір-біріне көмек беру.

Сабырлық етуде тәрбиенің, еріктің ең бастысы – иманның орны ерекше. Сабыр ете білу жауапкершілік арқалаған адамдардың діттеген межесіне жетуі үшін аса қажетті қасиет. Сондықтан Құранда: *إِنَّ اللَّهَ مَعَ الصَّابِرِينَ* – «Аллаһ сабыр етушілермен бірге»⁴²⁸, *إِنَّمَا يُوفِي الصَّابِرُونَ* – «Сабыр еткендердің сауабы есе - сіз беріледі»⁴²⁹ – деп насихатталған. Хадистерде де: «Сабыр – кеңдіктің кілті»⁴³⁰; «Сабыр – жарық», деп айтылған.

Ендеше, бұл аяттағы мақталған сабыр – иман мен көркем амал жолындағы сабыр. Бұл нағыз батырлық пен мәрттіктің рәмізі. Болмаса, әрбір қорлыққа мойынсұну, жамандыққа ризалық білдіруді сабырлық деуге келмейді. Өйткені, жамандыққа ризалық – жамандық, күпірге ризалық – күпірлік саналады.

Міне, ендеше осындай иман, көркем амалдар, ақиқат пен сабырды насихаттап төрт ерекшелікке ие болғандар зиянға ұшырамайды. Бұның төртеуі де Хақ Тағалаға толық иманның белгісі. Имансыздардың ешбірі жазадан құтыла алмайтындықтары айқын. Бірақ, бұл аят бойынша Хақ Тағалаға иман келтірсе де салиқалы амалдар жасамаған, ақиқат пен сабырды насихаттамаған адамдар да зияннан толықтай құтыла алмайды. Сондықтан, сүнниттердің көзқарасына қарай – иманы болса да салиқалы амалдары болмаған пасықтар мен күнәкарлар үшін кәпірлерден әлдеқайда күнәлары жеңілірек болса да бастарына келетін қасірет бар. Өйткені, мәңгілік қалмаса да күнәкар мұсылмандар үшін де жаһаннам бар.

⁴²⁸ «Бақара» сүресі, 2\153.

⁴²⁹ «Зүмер» сүресі, 10.

⁴³⁰ Кәшфул-Хафа, 1. 27.

Имандары ақыр соңында құтқарғанмен, жамандықтары ауыр басқан мұсылмандар күнәлары тазарғанға дейін жаһаннам азабын тартады. Хақ Тағала бізді жаһаннам қасіретінен сақтасын!!!

«ҺУМӘЗА» СҮРЕСІ

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ
وَيْلٌ لِّكُلِّ هُمَزَةٍ لُّمَزَةٍ { ۱ } الَّذِي جَمَعَ مَالًا وَعَدَّدَهُ { ۲ } يَحْسَبُ أَنَّ
مَالَهُ أَخْلَدَهُ { ۳ } كَلَّا لَيُنْبَذَنَّ فِي الْحُطَمَةِ { ۴ } وَمَا أَدْرَاكَ مَا الْحُطَمَةُ
{ ۵ } نَارُ اللَّهِ الْمَوْقِدَةُ { ۶ } الَّتِي تَطَّلِعُ عَلَى الْأَفْنِدَةِ { ۷ } إِنَّهَا عَلَيْهِم
مُؤَصَّدَةٌ { ۸ } فِي عَمَدٍ مُمَدَّدَةٍ { ۹ }

Мағынасы:

Рахман да Рахымды Аллаһтың атымен

1. «Кілең ғайбаттаушы мен бетке жамандаушылардың түбі қорлық!
2. Мұндайлар мал жинап, соны санайды да тұрады.
3. Негізінен малы, өзін мәңгі жасатады деп ойлайды.
4. Әсте олай емес, сөзсіз ол «Хутамаға» тасталады.
5. «Хутаманың» не екенін білесің бе?
- 6-7. Ол жүректерді өртейтін Аллаһ Тағаланың жағылған оты.
- 8-9. Расында олар сол отқа қамалып, ұзын діңгектерге байланады».

Меккеде түскен «Һумәза» сүресі тоғыз аяттан тұрады. Есімі алғашқы аяттан алынған. Бұл сүреде біреудің артынан өсектеп, келеке еткен адамдардың

қылықтарының жиіркеншітілігі мен оларды күткен жаһаннамның қорқыныштылығын суреттейді.

Тәпсірі

6. 1. *وَيْلٌ لِّكُلِّ هُمَزَةٍ لُّمَزَةٍ* – «Кілең ғайбаттаушы мен бетке жамандаушылардың түбі қорлық!»

Қасы, көзі және қолы мен тілі арқылы біреудің сыртынан жамандап келеке еткен, адамның айыбын бетіне басып, кемсіткен адамдардың ақыры жаһаннам болмақ⁴³¹. Олардың ақыреті неткен жаман.

Түсу себебі

Ибн Аббастың хабарына қарай бұл сүренің түсуіне адамдарды ғайбаттап, келеке еткен, бір пұтқа табынушы себепкер болған еді⁴³². Бірақ, басқа тәпсіршілер: бұл аят тек бір адамға ғана емес, ғайбаттаушылардың барлығына қатысты, – дейді. Осылайша, аят адам құқығына құрметтің негізі болған, өзгелерге тіл тигізбеу, келеке етпеу, құқығын сақтау секілді ұстанымдарды қойған.

Адамдардың арасына іріткі салу және өзгелерді айыптауға итермелейтін себептер мынау:

2. *الَّذِي جَمَعَ مَالًا وَعَدَّدَهُ* – «Мұндайлар мал жинап, соны санайды да тұрады». Қашан да мал жинап, сол жиған-терген дүниесін түгендеумен таң атырып, күн батырған. Есіл-дертінде сол дүниесін есептеп, көбейтіп тұрады. Аяттағы малын санауы, оның сараңдығы мен дүниеге табынған бір адам екендігін көрсетеді. Яки айналасындағыларға дүние-мүлкін санатып, соны-

⁴³¹ Қараңыз; Тәфсирул-Бәғәуи, 8-том, 529-бет; Мухаммәд Али әс-Сабуни. Сафуәтут-тәфәсир, 3-том. 602-бет.

⁴³² Тәбари, 15, 293.

сымен тәкаппарланып, мақтану. Яғни, екі көзі мал-мүлкінде, әрекеті – адамдарды бір-біріне айдап салып, қызықтау.

3. *يَحْسَبُ أَنَّ مَالَهُ أَخْلَدَهُ* – «Негізінен малы өзін мәңгі жасатады деп ойлайды». Мыңғыртып мал айдаған байшыкештің бар сенері де сүйенері де алдындағы малы болғандықтан, ерте ме, кеш пе бір күні ажалдың құрығына ілініп, Хутамаға тасталатыны айтылады⁴³³.

4. *كَلَّا لَيُنْبَذَنَّ فِي الْحُطَمَةِ* – «Әсте олай емес, сөзсіз ол «Хутамаға» тасталады». Жо-жоқ. Іс оның ойлағанындай емес. Адамды құтқарып, мәңгілікке апаратын мал емес, алдыңғы сүреде айтылғандай Хақ Тағалаға иман, ілім мен салиқалы амалдар. Аллаһ Тағалаға ант етейін, малына сеніп, әрқашан соны есептеп, өзгелерді қор көріп ренжіткен, олардың құқығы мен намысын аяққа таптаған адамдар сөзсіз жаһаннамға жіберіледі. Аяттағы «Нәбәз» сөзі жай ғана тастау емес, бір нәрсені көзге ілмей, түкке тұрғысыз лақтырып тастау деген мағынаға саяды. бұл дүниеде өзін үстем санап, өзге жандардың үстінен өктем қарағандар, сөзсіз жаһаннамға лақтырылады.

Аяттағы *الْحُطَمَةِ* – «Хутама» сөзінің мағынасы – бір нәрсені таптап, түгелдей жоқ қылу, қырып-жоя дегенге саяды. Лапылдаған от та алдына келгенін тұтастай жұтып, күлге айналдырғандықтан, жаһаннамның бір атауы «Хутама» деп айтылған. Яғни, бұл жерде «Хутама» сөзінің әлгі адамдарға тікелей қатысы бар. Ол адамдар бұл өмірде малына сеніп, өзін бай, өзгелерді қор санап, келеке етіп, алдына келген әлсіздерді таптап

⁴³³ Тәфсирул-Бәғәуи, 8-том, 530-бет.

кетуші еді. Міне, оларды осы қылықтарына сай «Хутама» жазаламақ.

Бірақ, осы оттың өзге оттарға ұқсамайтынын, яғни, мүлдем басқа от екендігін көрсетіп қорқытуы үшін:

5. وَمَا أَدْرَاكَ مَا الْحُطَمَةُ – «Сен Хутаманың не екенін білесің бе?», дейді. Немесе «Қандай қорқынышты хутама!».

6. نَارُ اللَّهِ الْمَوْقَدَةُ – «Аллаһтың жағылған оты». Бұл аятта «Аллаһтың оты» деп айтылған. Яғни, «Құдайдың жіберген бәлесі, қарғысы» деген сөз. Аятта «Муқадаһ» дейді. Яғни, Аллаһтың әмірімен жағылған от. Тек денелерді өртеп қоймай, сонымен қатар рухы мен рухани нәрселерін де өртейтін от.

7. النَّارِ تَطَّلِعُ عَلَى الْأَفْتَدَةِ – «Бұл от жүректерге дейін өртейді», деп жеткізеді. Яғни, лапылдаған бұл от – жүректердің ішкі әлемі мен рухтардың тереңіне дейін дендеп, түгел жағып, жанды азапқа салады.

Құранда осы сүреден басқа сүрелерде жаһаннам отына «Аллаһтың оты» деп айдар тағылмаған. Осы жерде ғана осылай жазылған. Бұның себебі, сол оттың қаншалықты қорқыныштылығын ғана емес, сонымен қатар дүниеде байлығымен мақтанып, тәкаппарланған адамдардың Аллаһ үшін қаншалықты жиіркенішті екендігін білдіру мақсатымен айтылған.

Хутама үшін, әсіресе, عَلَى الْأَفْتَدَةِ – «жүректердің» ішін өртейтін от деп көрсетілуінде терең екі ой бар: 1. Жүрек тәннің ең нәзік жері және ауыртпалықтың ең кішкенесіне дейін сезеді. 2. Сондай-ақ, күллі ой атаулы алдымен адамның осы тұсында туады. Жаман ниеттер, ойлар, бос сенімдер ұялаған жүректерді от өртейді.

8. *إِنَّهَا عَلَيْهِمْ مُّوَصَّدَةٌ* – «Шындығында олар сол отқа қамалады». Негізінде аяттағы «Мусада» – жабылу, қамалу деген сөз. Яғни, олар сол жерден қайта шыға алмай, мәңгі бақи қалып қояды.

9. *فِي عَمَدٍ مُمَدَّدَةٍ* – «Өздері де ұзын діңгектерге байланады». Яғни, бұл аят ұзын ағаштарға байланып, азапталған адамның халі арқылы от азабының қаншалықты қорқыныштылығын бейнелеген⁴³⁴.

Кейбір тәпсіршілердің сөзіне қарай, жаһаннамның есіктері жабылған соң азаптанушылардың қол-аяқтары шынжырларға байланып, есіктер жабылғаннан кейін қайта шығатын үміттері қалмайды. Мәңгі бақи сол жерде денесі мен рухы азап тартып, дүниедегі жасаған қылықтарын еске алған сайын «ah» ұрып, өзегі одан сайын өртене бермек. Адам ауыртпалыққа ұшырағанда содан күндердің бір күнінде құтылармын деген дәмемен өмір сүреді. Алайда, пенде басына түскенінен құтыла аларынан күдер үзсе, ең қиыны да сол – ақыры жоқ Аллаһтың мәңгілік азабын тартады. Міне, бұл аятта да есіктердің жабылу мәселесі бар. Есіктер жабылып, қамауда қалу, енді есік мәңгі бақи ашылмайды деген сөз. Ендеше, жаһаннамның ең ауыр азабының бірі де – сол жердегі есіктің қайта ашылмастай болып жабылуы. Хақ Тағала бізді жаһаннам азабынан сақтасын!

⁴³⁴ Уәһбә Зухәйли. әт-Тәфсирул-Мунир, 15-том, 798-бет; Қараңыз; әр-Рази. әт-Тәфсирул-кәбир, 32-том, «Һумәза» сүресі.

«ПІЛ» СҮРЕСІ

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ
 أَلَمْ تَرَ كَيْفَ فَعَلَ رَبُّكَ بِأَصْحَابِ الْفِیْلِ { ۱ } أَلَمْ یَجْعَلْ كَیْدَهُمْ فِی
 تَضَلِیْلِ { ۲ } وَأَرْسَلَ عَلَیْهِمْ طَیْرًا أَبَابِیْلَ { ۳ } تَرْمِیْهِمْ بِحِجَارَةٍ مِّنْ
 سِجِّیْلِ { ۴ } فَجَعَلَهُمْ كَعَصْفٍ مَّاكُولٍ { ۵ }

Мағынасы:

1. Раббыңның піл иелеріне не істегенін көрмедің бе?
2. Олардың айлакерліктерін босқа жібермеді ме?
3. Оларға топ-топ құстар жіберді.
4. Құстар оларға балшықтан жасалған тастар тастады.
5. Сонда оларды желінген егін тәрізді қылды.

Меккеде тұскен бұл сүре бес аяттан тұрады. Сүре атауын алғашқы аяттан алған. Бұл сүре – «Піл әскері» оқиғасын баяндайды. Олар Қағбаны қиратпақ ниетімен жолға шығып, Меккеге тақаған кезде Хақ Тағала оларға бізге беймәлім, аяқтары мен тұмсықтарына шағын тастар ілген құстарды жіберіп, сол арқылы оларды жермен-жексен жайратып Қағбаны қорғаған.

1. *أَلَمْ تَرَ كَيْفَ فَعَلَ رَبُّكَ بِأَصْحَابِ الْفِیْلِ* – «Раббыңның піл иелеріне не істегенін көрмедің бе?» Бұл жерде «Көрмедің бе?» деп, Аллаһ елшісіне айтып тұр. Өйткені, бұл оқиға Пайғамбарымыздың өмірге келуінің бір белгісі ретінде орын алған. Ол туатын жылы болған оқиға. Бірақ, кейбір тәпсіршілер: «Бұл сөз Меккелік құрайыш тайпасы мен жалпы Араб түбегіндегі арабтарға қарата айтылған» дейді.

كَيْفَ فَعَلَ رَبُّكَ بِأَصْحَابِ الْفِيلِ – «Сенің Раббың оларға қалай істегенін?». Бұл жерде екі ұғым бар. Біріншісі: رَبُّكَ – «сенің Раббың» деу арқылы сол оқиғаның жа - дан-жай емес екендігін оның әлемдер Раббысының әмірімен болғандығын баяндайды. Және сол оқиғаның Аллаһ елшісінің пайғамбарлығына дәлел екендігін көрсетеді. Екіншісі: Аллаһ Тағаланың құдіреттілігінің шексіздігіне назар аудартады. Яғни, Ұлы Жаратушы Өзіне қарсы келіп, Қағбаны яғни, дінді жойғысы келген дұшпандарды құстардай күш-қуаты шамалы тіршілік иесі арқылы-ақ жермен-жексен ете алатындығын танытады. Ендеше, бұл аяттың осылай айтылуында шексіз мән жатыр. Құстардың өз алдына жеке тіршілік иелері екені Құранда арнайы айтылған. Яғни, құстар мен жан-жануарлар, құрт-құмырсқалар, жәндіктер т.б. бәрі өз алдына жеке тіршілік иелері. Бір жағынан алғанда Хақ Тағалаға мойынсұнған әскерлер. Ендеше, жер бетіндегі Аллаһ Тағалаға қарсы шығып, астамшылыққа бой ұрған кәпір, дінсіздерге Құран қатаң ескерту жасауда. Мысалы, бір қоғам астамшылдық етіп, діннен безуі ықтимал. Осы кезде Аллаһ олардың егініне шегірткелерін қаптатып, жазалауы кәдік. Мұның салдарынан әлгі елдің экономикасы дағдарысқа ұшырамақ. Ұзаққа бармай-ақ, осы ғасырда болған «Цунами апаты» соның бір айғағы деуге әбден болады. Міне, «Сенің Раббың оларға қалай істегенін көрдің бе?» деу арқылы тарихтағы сол тәрізді оқиғаларға назар аудартады. Әрі «Сенің Раббың» деген аят, әрбір мұсылман мен әрбір адамға да айтылып тұр. Яғни, ей, пенде, сенің Раббың аса ұлы. Оның құдіретінде шек жоқ. Сен өзінді күнәға батырып, астамшылдыққа салынба! Тәубеңе кел.

بِأَصْحَابِ الْفِيلِ – «Піл иелеріне?». Бұл жерде Аллаһ Тағала олардың кім екендігін айтпаған. Өйткені, оларды сол замандағы адамдардың бәрі де білетін еді. Піл иелері Йеменді жаулап алған Эфиопияның әкімі Әбрәһәнің⁴³⁵ әскері болатын. Ол қалың әскерімен «Махмуд» («мамуд») деп аталған пілдеріне сеніп, алдынан шыққанын езіп, жаншып Қағбаны құлатуға келген болатын. Бірақ, ниеттері іске аспай, бәрі де құрдымға кеткен ді. Сондықтан, олар «Піл иелері» деп аталғанды. Арабтар да сол жылды «Піл жылы» деп жана тарих жылын бастаған еді. Аллаһ Елшісі (с.а.с.) сол аты шулы жылы дүниеге келген.

Бұл сүренің «Піл сүресі» деп аталуында да терең мән жатыр. Яғни, «піл» – күш-қуат, тірек деген сөз. Кәпірлер оны күш-қуат етіп арқа сүйеген еді. Ендеше, өмірде өзінің экономикалық, әскери күш-қуатына сеніп, Аллаһ Тағаланың дінін жоймаққа ниеттенген қаншама арам пиғылды дінсіздер болған. Бірақ, барлығы да ақырында өздері қазған орға құлап құрыған. Қазіргі кезеңде де Ислам-қағбасын құлатуға жанталасып, бірігіп жатқан күш-қуатты, арам пиғылды, лаңкестік топтар көп ұзамай, өз тұзақтарына өздері түсіп, Ислам-қағбасының Иесі бар екендігіне бүкіл әлем тағы бір мәрте көз жеткізбек. Міне, келесі төрт аятта бұндай күштерді қалай жермен-жексен еткенін баяндайды. Осы тәрізді күштерді де қалай құрдымға тастайтындығына ишарат етеді.

2. أَلَمْ يَجْعَلْ كَيْدَهُمْ فِي تَضْلِيلٍ. – «Олардың айлакерліктерін босқа жібермеді ме?». Яғни, олардың арам ниеттері іске аспай, өздері түгелдей қырылмады ма? Бұл жерде

⁴³⁵ Тәфсирул-Бәғәуи, 8-том, 535-бет.

де сауал қою арқылы олардың ақыры не болғандығына назар аудартуда. Тарихи көздерге зер салсақ, Әбрәһе Санға деген біреу жерге бір шіркеу салып, арабтарды сол жерге құлшылық еттірмек болады. Сол үшін де ол күллі арабтардың тауап еткен Қағбасын жығуға ниеттенеді. Егер оны құлатса, халық өзінің салған шіркеуіне келетініне бек сенімді еді. Ол әскерімен Меккеге жақын Мұғаммас деген жерге келген кезде әлгі «Махмуд» атты пілі кенеттен кілт тоқтап қалып, қанша зорлағанмен ілгері бір қадам да баспай қояды. Олардың құрған жоспарлары осы кезден бұзыла бастаған. Артынша өздері жел жапырған егіндей күйге ұшырады. Ендеше, «олар Қағбаны жығу былай тұрсын, өздері түгелдей құрып кеткен жоқ па? Міне, жоспары осындай болған қара ниетті залымдарды діттеген межесіне жақын қалған сәтте, аяқ астынан өздері сенім артқан піл-күштерін жарамсыз етіп, не істерін білмей дағдарып тұрғанда түгелдей тас-талқанын шығарған тек қана «Сенің Раббың» дейді.

Аятта كَيْدٌ – «кәйд» сөзі колданылған. Бұл біреудің аяғын шалу үшін жасалатын «құпиялы қулық айла», «құпиялы саясат» мағынасына саяды. Ал бұл жерде олардың құпия мақсаты қандай болуы мүмкін? Әбрәһе шіркеу салып, арабтарға Қағбаға емес, сол шіркеуге тауап етуге үндейді. Кейбір арабтар оған күйініп, әлгі шіркеуге түнде жасырын барып, ластап кетеді. Міне, Әбрәһе осыған ашуланып, кегін алмақ болып, Қағбаны құлатуға шығады. Бірақ, бұл оның сыртқы саясаты ғана. Ал жасырын ішкі саясаты: Қағбаны құлату арқылы құрайыштардың Араб түбегіндегі беделін жою тұғын. Өйткені, сол кезде Мекке, Араб түбегіндегі ең мықты сауда орталығы еді. Арабтар меккеліктерге Қағбаның қызметшілері болғандықтан ғана қатты құрмет тұтатын.

Егер олар Қағбадан айырылса, барлық беделден жұрдай болмақ. Эфиопиялықтар құрайыштықтарды жойып, Оңтүстік Арабстаннан Шаммен Мысырға дейін созылған сауда жолын өздеріне аударуды мақсат тұтқан болатын. Бірақ, олар бұл саяси мақсаттарын құпия сақтаған еді. Бұл тәрізді арам пиғылды күштер әр заманда да орын алуы ықтимал. Исламды әлсіретіп, мұсылмандардың жер асты байлықтарын қарату мақсатымен, өздерінің шіркеу тәрізді ғимаратын құлатып, соны мұсылман әлеміне жауып, кек аламын деп, араларынан кінәліні іздеген лаңкестік топтар қазіргі заманның кейіпкерлері. Құран аяттарында бұндай оқиғалар мысал үшін ғана берілген. Ол тарихи нәрседен ғана хабар беріп тұрған жоқ. Яғни, Құран, негізінде жалпы адамзат пен күллі заманға түскен. Сондықтан, ондағы аяттардан әрбір адам өз заманына қатысты оқиғалар мен мәселелердің шешімін таба алады. Құранға терең көз салып қараған адам одан өз заманының хал-ахуалын анық байқайды.

3. وَأَرْسَلْ عَلَيْهِمْ طَيْرًا أَبَابِيلَ – «Оларға бірінен кейін бірі келген топ-топ құстар жіберді». Бұл құстардың қандай құстар екендігі беймәлім. Тарихи деректерде бұл құстардың бұрын-соңды сол маңайда болмаған, үлкенді-кішілі, қара, жасыл, ақ түстерге оранған өзгеше екендігі және олардың Йемен мен теңіз жақтан дауылдай қаптап келіп, барлығын талқандап өте шыққандығы жайлы баяндаған.

4. تَرْمِيهِمْ بِحِجَارَةٍ مِنْ سِجِّيلٍ – «Құстар оларға балшықтан жасалған тастар тастады». Бұл жердегі «балшықтан жасалған тастардың» не екендігі белгісіз. Тарихи деректерге үнілсек, құстардың тұмсығына тістеген бір және аяқтарына қысқан екі ноқаттай, яки, құмалақтай ғана

тастары кімге тисе, сол адамның денесін тесіп өткендігі байқалады.

5. فَجَعَلَهُمْ كَعَصْفٍ مَأْكُولٍ – «Сонда оларды желінген егін тәрізді қылды». Бұл аяттағы عَصْف – «асфин» сөзін – тәпсіршілер «егін топаны» деп түсіндіріп бұл хақында бірнеше көзқарастарын білдірген⁴³⁶.

1. Науқаннан кейінгі егін даласында қалып, желге ұшып, мал жеген егін топандары.

2. Қиқымдалып желге ұшқан сабан.

3. Төгіліп, құрт-құмырсқа жегендіктен шұрқ тесігі шыққан жапырақтардай денелері боратылған оқтардан сау тамтығы қалмаған Әбрәһә әскерінің өлімі бейнеленген.

Міне, Ұлы Жаратушы піл иелерінің, жеңілу тұрмақ, бізге біреулер қарсы тұрады-ау деген ой бір сәт санасына кірмеген Әбрәһә мен оның қалың қолын бір демде жусатып, жермен-жексен етіп, «құрт-құмырсқаға жем болып, желге ұшқан егіндей» күлін көкке ұшырды.

Аталмыш оқиға Аллаһ елшісінің дүниеге келуіне елу күн қалғанда болған. Бұған тарихи деректер де куә. Және осыған ұқсас бір оқиға болашақта да қайталанбақ. Ақырғы елші бірде былай дейді: «Әскер Қағбаны қиратпақ ниетпен жолға шығады. Олар (Қағбаға қарай жақындап) сақарадан өтіп бара жатқанда, жер жарылып түгелдей батып кетеді»⁴³⁷, – дейді. Бұл – Аллаһ елшісінің, келешекте болатын бір жайттан хабар берген ғайыпқа қатысты мұғжизасы. Иә, ендеше әрқашан да Қағба мен Исламды жықпаққа ниеттенген Әбрәһәлардың қайысқан қалың қолы шыға береді де-

⁴³⁶ Тәфсирул-Бәғәуи, 8-том, 541-бет.

⁴³⁷ Бухари. Буйу, Муслим. Фитән.

ген сөз. Бірақ, бәрі қара ниетіне жұтылып, жер бетінен жойылып кете бермек.

Қағба хазіреті Адам ата дүниеге келмей тұрғаннан бар. Бірақ, оның жер бетіндегі белгісі ретінде алғаш рет іргетасын қалап, адамдарға тауап етуге мүмкіндік туғызған – хазіреті Адам. Ғасырлар өтіп, орны тағы да білінбей кеткен кезеңде хазіреті Ибраһим пайғамбарға Аллаһ Тағала Жәбірейіл періштесі арқылы хабар беріп, баласы екеуіне салдыртады. Иә, Қағба Хақ Тағаланың қасиетті еткен орны, Оның ұлылығы мен дінінің нышаны, Өзіне құлшылық қылушы пенделерінің бас бұратын құбыласы. Мұсылман бірлігінің рәмізі мен байрағы. Хақ Тағала Құранды қорғағаны тәрізді, оны да сақтамақ. Ал сол Қағбаға дұрыс тауап ету, оның айналасын ширк, ортақ қосу тәрізді сасық иістерден тазартып, тәухидтің жұпар иісін шашып, оны жер бетінің «бейбітшілік рәмізі» ету – пайғамбарлардың уазипасы.

Құранда Аллаһ Тағала хазіреті Ибраһимге: *وَإِذْ بَوَّأْنَا لِإِبْرَاهِيمَ مَكَانَ الْبَيْتِ أَنْ لَا تُشْرِكْ بِي شَيْئًا وَطَهِّرْ بَيْتِيَ لِلطَّائِفِينَ وَالْقَائِمِينَ وَالرُّكَّعِ السُّجُودِ* – «Сол кезде Ибраһимге Қағбаның орнын әзірлеп: «Маған ешбір нәрсені ортақ қоспа! Тауап етушілерге тік тұрып, еңкейіп және бас қойып, құлшылық қылушылар үшін үйімді тазала»⁴³⁸, деп әмір береді. Жоғарыда айтылғандай оқиға Пайғамбарымыз дүниеге келудің алдында ғана болып өткен. Міне, Хақ Тағала Ақырғы пайғамбары дүниеге келмей тұрып, Қағбаны сақтау арқылы Өзінің Жаратушы Ие екенін көрсеткен. Ендігі іс, яғни, оның айналасын шірік пен пұтқа табынушылықтан тазартып, Аллаһ Тағалаға құлшылық етушілерге дайындық жасау сол Ақиық елшінің міндеті

⁴³⁸ «Хаж» сүресі, 26.

еді. Осыған орай, Хақ Тағала: «Раббыңның піл иелеріне не істегенін көрмедің бе?» деп әрі Өзінің Қағбаны қалай сақтағандығын әрі елшісіне берілген міндетін толық атқару қажеттілігін меңзеп тұр. Аллаһ Тағаланың дінін, Қағбасын ешкім жоя алмайды. Ал сен – Оның елшісісің. Ендеше, ешбір күштер мен азғын кәпірлерден тайсалмай, өзіңе тиісті міндетіңді толықтай атқар. Өйткені, бұл дінді сақтайтын сол діннің Иесі «Раббука», «Сенің Раббың» дейді. Және осы аяттың мағыналары әрбір заман толқынында ғұмыр кешкен әрбір мұсылманға да айтылып тұр. Ислам-қағбасының Иесі – Хақ Тағала. Оны сақтайтын Сол. Ал, сен «Тауап етушілерге тік тұрып, еңкейіп және бас қойып, құлшылық қылушылар үшін үйімді тазала»⁴³⁹ дегеніндей, сен Ислам-қағбасының айналасын «бидғат», күпірден тазалауға күш-қайратыңды жұмса.

Сөз түйіні, бұл сүре Пайғамбарымызға – сый, мұсылмандарға – сүйінші, кәпірлерге – қатаң ескерту. Сол заманда өмір сүрген құрайыш кәпірлеріне де ерекше ескерту. Құрайыш кәпірлері мұсылмандардың Ислам-қағбасын қиратуды ниет еткен-ді. Күпірлік ол кезеңде үлкен күш болатын. Бірақ, Хақ Тағала мұсылмандардың иман күші арқылы күпірлікті Меккеден түгелдей жоқ қылып жіберді. Аллаһ Тағала – Аса Ұлы⁴⁴⁰.

⁴³⁹ Хаж сүресі, 26.

⁴⁴⁰ Теренірек мағлұмат үшін қараңыз; Уәһбә Зухәйли, әт-Тәфсирул-мунир, 15 том, «Піл сүресі», 801-809 беттер.

«ҚҰРАЙЫШ» СҮРЕСІ

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ
 لِإِيلَافِ قُرَيْشٍ { ۱ } إِيْلَافِهِمْ رِحْلَةَ الشِّتَاءِ وَالصَّيْفِ { ۲ } فَلْيَعْبُدُوا
 رَبَّ هَذَا الْبَيْتِ { ۳ } الَّذِي أَطْعَمَهُمْ مِنْ جُوعٍ وَآمَنَهُمْ مِنْ خَوْفٍ { ۴ }

Мағынасы:

1. «Құрайыштың амандығы мен бейбітшілік келісім-шарттарын нығайту үшін.
2. Олардың қысы-жазы жасаған сапарларындағы келісім шарттың қадірін білу мақсатымен.
3. Олар осы үйдің (Қағбаның) Раббына құлшылық қылсын.
4. Ол оларды аштықтан (құтқарып) тойдырып, қауіп-қатерден аман қылған».

«Құрайыш» сүресі Меккеде түскен, төрт аяттан тұрады. Алғашқы аятында құрайыш хақында айтылғандықтан осылай аталған. Бұл сүре, алдыңғы «Піл» сүресіндегі тақырыппен тығыз байланысты, оның жалғасы тәрізді. Қағбаны қорғау арқылы Құрайыш тайпасының қол жеткізген нығмет пен ырысын білдірген.

Түсу себебі

Піл оқиғасы айтылып, Меккеде өмір сүрген құрайыштар сол Қағба мен өздерін сақтап қалған Ұлы Жаратушының елшісіне жәрдем етудің орнына қасарысып, қарсы шыққандықтан осы сүре оларға тағы бір рет ескерту ретінде түсірілген.

1. *لَا يَلَافُ قُرَيْشٌ* – «Құрайыштың амандығы мен бейбітшілік келісім-шарттарын нығайту үшін». Аллаһ Тағала олардың жік-жікке бөлініп жүргенде біріктіріп сауда жолдарын нығайтып, ахуалын жақсартып, дәулетті еткен. Осыны біле тұра құрайыштықтар Аллаһ Тағалаға шүкіршілік етіп, құлшылық қылудың орнына пұттарға жөнсіз алғыс білдіріп, соларға шүкіршілік етіп, олардың басында құрбан шалып, Құдай Тағаладан теріс айналады. Алайда, құрайыштарға берілген сансыз ырыс пен нығметтерді былай қойғанда, тек Аллаһ Тағаланың шарапатымен керуен жолдары арқылы саудасаттық жасаулары, өз алдына бір жақсылық тұғын. Тым құрыса осы үшін Аллаһ Тағалаға шүкіршілік білдірсе болар еді⁴⁴¹.

2. *إِيْلَافَهُمْ رَحَلَةَ الشِّتَاءِ وَالصَّيْفِ* – «Олардың қысы-жазы жасаған сапарларындағы келісім шарттың қадірін білу мақсатымен». Яғни, Аллаһ Тағала қыста Йеменге, жазда Сирияға жасаған сауда сапарларын құрайыштықтарға жеңілдеткендігі үшін Оған құлшылық қылсын. Құрайыштар сауда үшін қыста Йеменге, жазда Шам жаққа, Басраға сапар шегетін. Сондай-ақ жазда сауда яки дем алу мақсатымен Тайыфқа көшіп, қысқа қарай Меккеге қайта оралатын. Аллаһ Тағаланың сансыз нығметін былай қойғанда құрайыштар ең болмаса осы нығметі үшін

3. *فَلْيَعْبُدُوا رَبَّ هَذَا الْبَيْتِ* – «Олар осы үйдің (Қағбаның) Раббына құлшылық қылсын». Ақырғы елшінің шақыруын жауапсыз қалдырмай, ақиқатты танып, ортақ қосудан бас тартсын. Піл иелерінің зұлымдығынан сақтаған мына Қағбаның ортағы мен ұқсасы болмаған Раббы-

⁴⁴¹ Мухаммәд Али әс-Сабуни. Сафуәтут-тәфәсир, 3-том. 606-бет.

сына, құлшылық қылсын⁴⁴². Оны Құдай санап, Оның әміріне қарай қалтқысыз құлшылық етсін. Құлшылық Қағбаны құбыла етіп, оның Раббысына жасалуы қажет. Алайда құрайыштар Қағбаға құрмет көрсетіп, оны тауап ететін де, Аллаһ Тағалаға құрмет көрсетпейтін. Қазірде де кейбір дінін толық түсінбеген мұсылмандар Қағбаны қатты жақсы көріп, құрметтегенмен оның Раббысына және Хақ Тағаланың елшісі мен Құранына дәл солай құрмет көрсете алмайды. Бар ғұмырын құбылаға бет бұрып, басын сәждеге қойып өткен тақуа кісілердің рухына құрбан шалып, олар қатты дәріптеліп, ал құрметтелуге нағыз лайық, барлық ырыс-берекенің Иесі, Хақ Тағала қалыс қалуда. Ұлы Жаратушы біздің құрметіміз бен құлшылығымызға мұқтаж емес. Бірақ, оны орындамаған адамдар үшін бұл – үлкен күнә.

4. الَّذِي أَطْعَمَهُمْ مِنْ جُوعٍ وَأَمَّنَّهُمْ مِنْ خَوْفٍ – «Ол оларды аштықтан (құтқарып) тойдырып, қауіп-қатерден аман қылған (Раббысына құлшылық қылсын)». Бұл аяттағы қауіп-қатер дегені, «піл иелерінен» аман сақтап қалуы. Олар келсе Қағбаны ғана емес, меккеліктерді де таптап, ерін – құл, қызын – күң етер еді. Бұдан басқа да: أَوَلَمْ يَرَوْا أَنَّا جَعَلْنَا حَرَمًا آمِنًا وَيَتَخَطَّفُ النَّاسُ مِنْ حَوْلِهِمْ أَفَبِالْبَاطِلِ يُؤْمِنُونَ وَبِنِعْمَةِ اللَّهِ يَكْفُرُونَ – «(Мекке халқы) маңындағы адамдар өлтіріліп яки тұтқындалып жатқанда, Меккені ардақты және бейбіт орын еткенімізді көрмеді ме? Соны біле тұра бос нәрсеге сеніп, Аллаһ Тағаланың нығметіне күпірлік ете ме?»⁴⁴³ аятында айтылғандай, Меккенің айналасындағы елді мекендерде халық қорқыныш күйін кешіп жатқан-ды. Дүркін дүркін бір

⁴⁴² Тәфсирул-Бәғәуи, 8-том, 547-бет.

⁴⁴³ «Анкабут» сүресі, 67.

ел көрші елге шабуыл жасап, үйлерін өртеп, малын барымталап, қызын күң, ерін құл етіп, қарсы келгенін өлтіріп тастайтын. Басқа елдер осылай болып жатқан Мекке халқы бейбіт өмір кешкен. Өйткені, Мекке халқына ешкім тимейтін. Бұл бір жағынан да хазіреті Ибраһим аталарының жасаған батасының арқасында болған еді. Ол: *وَإِذْ قَالَ إِبْرَاهِيمُ رَبِّ اجْعَلْ هَذَا بَلَدًا آمِنًا* – «Сол кезде Ибраһим: *«Іә, Раббым! Бұл қаланы бейбіт қала ет»* деген еді»⁴⁴⁴. Және ол: *وَأَرْزُقْهُمْ مِنَ الثَّمَرَاتِ* – «Оларға жемістерден ризығыңды бер»⁴⁴⁵ – деген болатын. Ендеше, Аллаһ Тағаланың құрайыштарды бәле-жаладан аман сақтап, мол ризық бергені үшін ғана Оған құлшылық қылуларына жетпей ме?

Аллаһ Тағала олар араб түбегінде, адамдар тыныштықтың не екенін ұмытқан кезде тыныштық өмір нәсіп еткен-ді. Жалғыз жолаушы бір қаладан екінші қалаға аман-есен барулары мұң болған. Саудагерлер де әрқашан табысты бола бермейтін. Жолдарын тосқан қарақшылар әрқашан торуылдап жүретін. Тек қана жолдағы араб тайпаларының көсемдеріне мол ақша беріп өте алған. Алайда меккеліктер бұлардан тыс еді. Олар қалаған жерлеріне аман-есен баратын. Жолдағы қарақшылар бұлардың керуеніне тиіспейтін. Һәм меккеліктер қалада да бейбіт өмір сүрген. Ешбір жан Меккеге келіп зұлымдық жасамаған. Өйткені, араб түбегіндегі халықтар меккеліктерді «Қағбаның қызметшілері» деп құрмет көрсетіп, тиісуге Құдайдың қаһарынан қорыққан. Әрине Әбрәһаның қайысқан қалың қолы бір сәтте талқандалғанын естігеннен

⁴⁴⁴ «Бақара» сүресі, 126.

⁴⁴⁵ «Ибраһим» сүресі, 37.

кейін, оларға деген өзгелердің құрметтері арта түсуі әбден түсінікті. Меккеліктер жалғыз сапарға шыға алатын. Қарақшылар жолын тосып, тұтқындаса оның: «Мен Қағбаның қызметшісімін, яки, меккелікпін» деген жалғыз ауыз сөзі жеткілікті болған. Оларға бейне бір қасиетті адам ретінде қараған. Қағбаға өздері де мұқтаж, һәм сол аймақ сауда орталығы болғандықтан, меккеліктердің беделі әрдайым үстем тұғын. Міне, өзгелер күтпеген жерден жау шауып қызы мен баласы тұтқындалып бақытсыз ғұмыр кешкен кезеңде, Аллаһ Тағала бұларға осындай бейбіт ғұмыр бергендігін айтып, жалғыз Өзіне ғана құлшылық қылуға әмір етуде.

Бұл жерге дүниенің төрт бұрышынан саудагерлер келіп, жылда Уқазада жәрмеңкеге жиналған. Сондықтан, меккеліктерге бір жағынан саудадан, бір жағынан Қағбаға зиярат етушілерден көп қаржы түсіп тұрған. Осы мол ырыстың «Оларды аштықтан тамақтандырған» деп, Өзінің меккеліктерге деген шарапатын төккен Аллаһ Тағала оларды шүкіршілікке шақыруда. Және де өткен ғасырда әлемде алапат соғыс болып, жер бетіндегі адамдар сендей соғылып, тар жол тайғақ кешіп жатқанда, олар бейбіт өмір сүрген. Ендеше, бұл сүренің қазіргі кезеңге де тікелей қатысы бар. Құран жалпы адамзатқа түскендіктен, бұл сүренің барлық мұсылмандарға да берер тағылымы мол.

«МАҒҮН» СҮРЕСІ

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ

أَرَأَيْتَ الَّذِي يُكَذِّبُ بِالذِّينِ { ۱ } فَذَلِكَ الَّذِي يَدْعُ الْتَيْمِ { ۲ } وَلَا
يَحْضُ عَلَى طَعَامِ الْمِسْكِينِ { ۳ } فَوَيْلٌ لِّلْمُصَلِّينَ { ۴ } الَّذِينَ هُمْ عَن
صَلَاتِهِمْ سَاهُونَ { ۵ } الَّذِينَ هُمْ يُرَآؤُونَ { ۶ } وَيَمْنَعُونَ الْمَاعُونَ { ۷ }

Мағынасы:

1. «Мына дін мен мақшарды жоққа шығарғанды көрдің бе?
2. Ол жетімді итеріп, қақпайлайды.
3. Жоқ-жітіктерді тойдыруға ынталандырмайды.
4. Мынадай намаз оқығандардың халі қандай жаман!
5. Олар намаздарын немқұрайды оқиды.
6. Құлшылықтарын рияшылдық үшін жасайды.
7. Зекет және өзге де нәрселерін беруге қимай сараңдық жасайды».

Бұл сүре жеті аяттан тұрады. Бір қатар тәпсіршілердің пікірінше, бұл сүре Меккеде түскен. Кейбір ғалымдар осы сүренің алғашқы үш аяты – Меккеде, қалғандары – Мәдинада түскендігін айтады. Сүренің атауы «жәрдемдесу» мағынасына келетін ақырғы аятынан алынған. Сүреде дін мен салиқ амалдардың ақыретте қарымы қайтарылатынына, иман етудің негізгі мәселе екендігіне назар аударылған және қоғамда бір-біріне қол ұшын берудің көмектесудің шарт екендігі баяндалады.

Сүренің жалпы мазмұны екі топ:

1. Аллаһ Тағаланың ырыс-нығметін жоққашығарған көрсоқырлар мен мақшарға сенбеген кәпірлер.

2. Жасаған амалдарынан Аллаһ Тағаланың ризалығын көздемей, қайта рияшылдық мақсатпен амал етіп, намазға жығылған мұнафықтар жайында өрбиді.

Тәпсірі

1. *أَرَأَيْتَ الَّذِي يُكَذِّبُ بِالْذِّنِّ* – «Мына дін мен мақшарды жоққа шығарғандарға көз салып көрдің бе?»

أَرَأَيْتَ – «Көрдің бе?» Бұл сөз былай қарағанда, Пайғамбарға айтылып тұр. Алайда Құранның тәсіліне сай бұл сөз әрбір саналы жанға яғни, сөздің мәнін ұғына алатын адамға арналған. «Көрдің бе?» сөзінің мағынасы – көзбен көру. Өйткені, одан кейінгі айтылатын мәселелер зағип емес, әр адамның көре алатын нәрселері. Сонымен қатар, бұның мағынасы ұғыну, ойлану, тұшыну да болуы мүмкін. Адамның болатын мәселеге тереңнен назарын аударту мақсаты жатуы мүмкін. Ендеше, «Сен мақшар күнін жоққа шығарғандардың қандай адамдар екенін білесің бе?» яки, «Мына адамның халіне кара! Ол амалдардың қарымы қайтарылатын күнді жоққа шығаруда». Немесе «Ей, Мұхаммед! Құрайыш арасында кәпірлердің не істегендерін анық біліп, олардың кімдер екенін білдің бе?» – мағынасына да келеді.

Түсу себебі

Риуаятта былай айтылады: Әбу Жәһіл бір жетімнің мирасының сақтаушысы еді. Бір күні әлгі жетім жалаңаш оған келіп, өз малынан аздап беруін сұрайды. Әбу Жәһіл оны көзге ілмей итермелеп, адам ғұрлы көрмейді. Құрайыштың үлкендері де әлгі балаға: «Мұхаммедке бар. Ол саған қолұшын берер» деп оны келекеге айналдырды. Жетім бала олардың мазақтап

тұрғанын түсінбей, Аллаһ Елшісіне келіп көмек сұрайды. Мұқтаж жанның меселін қайтаруды білмейтін Пайғамбарымыз (с.а.с.) оны ертіп Әбу Жәһілдің үйіне келеді. Әбу Жәһіл оны жақсылап қарсы алып, жетімнің малын дереу қайтарады. Құрайыштар мына жайттан хабар алған соң Әбу Жәһілге барып: «сен де дініңнен безіп, Мұхаммедтің дініне кірдің» деп ашулы қабақ танытады. Әбу Жәһіл: «Жоқ, мен дінімнен безген жоқпын. Бірақ, оның екі жағында қолына қару ұстаған сарбаз көрдім. Егер бермесем, өлтіріп кетер деп қатты қорықтым», – дейді.

Ибн Аббастың бір хабарына қарай бұл сүре сараңда, рияшыл бір мұнафық хақында түскен дейді. Ендеше бұл сүре жалпы осы тәрізді адамдардың хал-ахуалын білдіру үшін түскен.

Аяттағы *الدِّينِ* – «дін» сөзі ақыретте амалдардың қайтарымы ретінде және Ислам үшін де айтылады. Бірақ, бұл жерде бірінші мағынаға әлдеқайда жақын келеді. Өйткені, ақыретке сенген адам жетімге бұлай қарамайды. Жетімнің жағасынан алып, көкірегінен итермелеп, жоқ-жітіктерге тамақ беруден қашқан адам ақыретке сенбейтін, Құдай Тағаланың қаһарынан қорықпайтын болғаны.

2. *فَذَلِكَ الَّذِي يَدْعُ الْيَتِيمَ* – «Ол жетімді итеріп, қақпайлайды». Яғни, мынаны жақсылап біл! Дін мен ақырет күнінде есепке тартылатынын ойламаған адамдар, қашанда да дінсіз келеді. Имансыз болғандықтан, жетімнің көкірегінен қағып, мысын басады. Құдайдан қорықпағандықтан ынсап пен рақымдылықтан жұрдай болып, әлсіздердің малын жеп, оларды келеке етеді.

3. وَلَا يَحْضُ عَلَىٰ طَعَامِ الْمَسْكِينِ – «Жоқ-жітіктерді тойдыруға ынталандырмайды». Яғни, міскін, кедей, жоқ-жітік, бейшара жандарға азық беруге ешкімді шақырмайды⁴⁴⁶. Алдымен өзі тамақтандырайын демейді. «Өзгеге де «бейшара жандарға қол ұшын берсеңдер дұрыс болар еді» деп те айтпайды. Аяттағы адамның біреуді ынталандыра алатындай күші болғанына қарағанда, елге сөзі өтерлік, жоғары лауазымды кісі болса керек. Ендеше, бұл арада қоғамның кейбір қайраткер, іскер, т.б, елге белсенді жандары меңзелген. Олар алдымен өздері өнеге көрсетіп, халық арасында жақсылыққа үндеуі керек. Бірақ, өкінішке қарай, олар тек өздерінің қарақан бастарының пайдаларын ғана ойлайды. Жетім-жесірлер мен жоқ-жітіктердің ақысын өздері жейді. Аяттағы «Тағамул-мискиннің» мағынасы қазақ тілінде «Міскіннің тағамы» дегенге келеді. Яғни, бай адамның байлығының бір бөлігі міскіннің ақысы. Құранда: وَفِي أَمْوَالِهِمْ حَقٌّ لِّلسَّائِلِ وَالْمَحْرُومِ – «Олардың мал-мүліктерінде тіленші мен жоқ-жітіктердің ақысы бар»⁴⁴⁷ деп айтылады. Дәулеті – иесінің малы емес. Мысалы зекет – байдың өзінің дүниесі емес. Ол Аллах Тағаланың жоқ-жітіктерге бер деп, оны себепкер еткен кедейдің дүниесі. Сондай-ақ, бір қоғамда да жағдайы нашар жандарға көмек ретінде бөлінген қорлар болады. Олар да жетім мен жоқ-жітіктердің үлесі. Алайда имансыз, һәм дінсіз жандар сол мүліктің үлесін өздері жеп, әлсіздерге қол ұшын беруге ниет қылмайды.

⁴⁴⁶ Тәфсирул-Бәғәуи, 8-том, 551-бет; әр-Рази. әт-Тәфсирул-кәбир, 32-том, «Мағұн сүресі».

⁴⁴⁷ «Зәрият» сүресі, 19.

Бұл сүренің мазмұнын алдындағы екі сүренің мағынасымен ұштастырып айтар болсақ, бір қоғамда бейбіт ғұмыр кешіп, Аллаһ Тағаланың жәрдемі арқылы аштықтан құтылып, амандыққа жеткен адамдардың Хаққа бағынып және осы құлшылықты жасау үшін жетім мен жоқ-жітіктерге қарап, аш, бейшара жандарға тамақ беріп, киіндіріп, басқа да көмек беру Хақ діннің талабы. Шамалары келе тұрып мұны жасамағандардың Аллаһ Тағаланың қаһарына ұшырайтыны сөзсіз. Жетімдерді қақпайлап, ақысын жеп және айналасындағы бейшара жандардың қажеттіліктері хақында ынталандырмау мейірімсіздік. Бұнымен қатар олардың жетімдерді қақпайлап, жоқ-жітіктерді көзге ілмей, мақшар күнін жоққа шығаруы астамшылық.

4. *فَوَيْلٌ لِلْمُصَلِّينَ* – «Мынадай намаз оқығандардың халі қандай жаман!». Яғни, бұлайша намаз оқығандардың ақыреттегі халі неткен жиіркенішті. Олар осы іс-әрекетімен жаһаннамның түпсіз тұңғыығына батып, қан мен ірің болып аққан өзенге түспек. Бұлар – намазға жығылған сияқты көрініп, өздерін мұсылман танытқысы келген адамдар.

5. *الَّذِينَ هُمْ عَنْ صَلَاتِهِمْ سَاهُونَ* – «Олар намаздарын немқұрайды оқиды». *سَاهُونَ* – «сәһу» – қазақ тілінде «жаңылысу» мағынасына саяды. Яғни, аяттың мағынасы: «Олар намаздарын жаңылысып оқиды». «Намаздарын жаңылысып оқу» аятына тәпсіршілер көптеген түсіндірмелер жасаған. Намаздың қадірін білмей немқұрайды қарап, негізгі уазипа деп қарамағандар. Намаз уақыттарына да бәлендей мән беріп жатпайды. Әлдеқашан азан шақырылып қойса да және әлден уақыттан кейін келесі азан шақырылса да, «Осы менің

намазым қаза болды-ау» деп асығуды, өкінуді білмейді. Намазын оқыған күннің өзінде де жәй әншейін оқып, халықтың қарапайым салт-дәстүріндей көріп, оған салғырттық танытады. Намазға Ұлы Жаратушының аса маңызды жарлығы ғой деп, өмірінде бір сәт көңіл бөлмейді. Яғни, намазын Аллаһ үшін ықыласпен емес, дүниеге тиесілі бір мақсатпен мұнафықша оқу. Көпшілік намазға тұрып жатса бұл да сапқа тұрып, жалғыз қалғанда есіне де алмау. Бұған Пайғамбармыз төмендегі екі хадисін дәлел еткен.

1. «Сағд ибн Әби Уаққас деген сахаба⁴⁴⁸: «Аллаһ елшісінен осы аят хақында сұрағанымда ол маған: «Олар намазды мезгілін кейінге қалдырғандар»⁴⁴⁹ – деп жауап берген.

2. Әбу Бәрзәлә әл-Әсләми осы аят түскенде Пайғамбарымыздың: «Аллаһу Әкбар, бұл сендердің әрқайсыларыңа үлкен байлық берілгеннен әлдеқайда артық. Олар—намазоқыған кезде сол намаздан жақсылық келетініне сенбей, Құдайдан қорықпайтындар», деп айтқанын жеткізген⁴⁵⁰.

Намаз кезінде өзге дүниелік ойға бату басқа нәрсе, намазына ешбір көңіл бөлмей, намазда әрқашан өзге нәрселерді ойлау басқа нәрсе. Кейде адам намазда тұрып байқаусыз әлдебір ойларға батып, өз-өзін ұстай алмауы мүмкін. Бірақ, мұсылман кейіннен өзіне келгенде дереу есін жинап, көңілін Хақ Тағалаға аударып, намазын ары қарай шынайылықпен жалғастырады. Екіншісі болса, намазды әрқашан селқос оқығандар. Өйткені, олардың оқыған намаздары жаттығу тәрізді. Бұндай адамның

⁴⁴⁸ Бұл сахаба қазақта «Сәдуақас» деп аталып кеткен.

⁴⁴⁹ Бәухақи. әс-Сунәнул-Кубра, 2, 214.

⁴⁵⁰ Суити. әд-Дуррул-Мәнсур, 8, 642.

жүрегінде Аллаһ Тағаланы зікір ету, Оған жалбарыну ниеті болмайды. Өйткені, намаздың парыз екендігіне сенбейді. Намазға тұрғанда бір сәт те Хақ Тағаланы ойламайды. Қандай дүниелік оймен бастаса, сол оймен намазын аяқтайды. Ал көпшілікпен бірге мешіттен шығып бара жатқан кезде төңірегіндегілерге өзін әулие, тақуа кісі көрсетіп, «Жаңа көрдіңдер ме, менің намаз оқығанымды?» – дегендей панданып, әлдекімдерге намаздың маңызы хақында сөз қозғайды.

Құранда Осы аятты қуаттайтын: *إِنَّ الْمُنَافِقِينَ يُخَادِعُونَ اللَّهَ وَهُوَ خَادِعُهُمْ وَإِذَا قَامُوا إِلَى الصَّلَاةِ قَامُوا كُسَالَى يُرَاءُونَ النَّاسَ وَلَا يَذْكُرُونَ اللَّهَ إِلَّا قَلِيلًا* – «Мұнафықтар Аллаһ Тағаланы алдағысы келеді. Алайда Аллаһ Тағала олардың айлаларын жарамсыз етеді. Олар намазға тұрғанда жалқауланып әзер тұрып, мұсылмандарға рияшылдық жасайды. Олар Аллаһ Тағаланы өте аз естеріне алады», деген аят бар⁴⁵¹. Олар намаз оқиды. Бірақ, намаздың ақиқатынан мүлде аулақ.

6. *الَّذِينَ هُمْ يُرَاءُونَ* – «Құлшылықтарын рияшылдық үшін жасайды». Яғни, жасаған барлық құлшылықтарын елге көрсетіп, рияшылдық мақсатпен ғана орындайды. Бұл аятты мұнафықтар мен меккелік кәпірлерге қатысты десек те жалпы мұсылмандарға да қатысы бар. Кейбір мұсылман кісілер барлық құлшылықтарын өзінің дүниелік мақсаты үшін жасайды. Мысалы, Құран жаттаса оны «ел мені қари деп атасын» деп жаттайды. Зекетін берсе, елге көрсетіп, өзін жарнамалап береді. Қажылыққа барса өзін ел «қажы» атасын деп барады. Аятта айтылғандай Аллаһ Тағаланы болар-болмас зікір

⁴⁵¹ «Ниса» сүресі, 142.

етіп, көбінесе өзін ойлайды. Аллаһ Тағалаға жақын құл болуды емес, өзінің нәпсісіне «жақын құл» болуды ойлаған бейшара мұсылман-мұнафық. Мұнафық екі түрлі болады. Әуелгісі – ақидада мұнафық. Іші кәпір сырты мұсылман көрінген адам. Екіншісі – «амали мұнафық». Бұл өзі мұсылман. Бірақ, іс-әрекеті мұнафықша. Ісін Аллаһ үшін емес, көбінесе өзі үшін істейді.

6. وَيَمْنَعُونَ الْمَاعُونَ – «Зекет және өзге де нәрселерін беруге қимай сараңдық жасайды». Аяттағы «Мағуун» сөзінің мағынасына сөздік пен тәпсірлерге көз салсақ, зекетке, жақсылыққа, сый-сияпатқа және көршілер арасында ауыс-түйісте жүретін отбасы, ошақ қасында қолданылатын қасық, ожау, балта, орақ, күрек, т.б. тұрмыстық заттарға қатысты айтылады⁴⁵². Міне, мінез-құлықтары жоғарыда айтылған бұл адамдардың тағы бір ерекшелігі – заттарын беруге қимайтын сараңдықтары. Яғни, сұрап барған көршісіне уақытша қасығы мен балтасын да беруге қимай, әр нәрсені сылтауратып шығарып салмақ. Ендеше, бұлар зекеті мен пітір садақасын шығармайтын, қоғамға мүлдем қол ұшын бермейтіндердің қатарына жататындар⁴⁵³. Болмашы нәрсесін қимаған, қомақты жәрдемді қалай ғана берсін.

Мұндай кісілердің мінезі былайша болмақ.

1. Ақыретке және ғарасат майданында бұл дүниедегі істерінен сұраққа тартылатынына сенбейтін мұнафық. Яки сене тұра, ертең не боларын ойламаған немесе жүрегімен сезбеген дүниеге батқан әлсіз мұсылман.

⁴⁵² Уәһбә Зухәйли. әт-Тәфсирул-Мунир, 15-том, 824-бет.

⁴⁵³ Тәфсирул-Бәғәуи, 8-том, 552-бет.

2. Жетімнің малын жегенімен қоймай, оны қорлаушы. Яки ата-анасы жоқ жетімдерге бөлінген арнайы қаражатты оларға жеткізбей, жымқырып, онымен ғана тоқталып қалмай сол жетімнің малына семіріп, мастығып оларды келеке етуші.

3. Төрт-түлігі сай дәулеті тасыған адам бола тұра, жоқ-жітіктерге қол ұшын беруді білмейтін тас жүрек адам. Халықтың жағдайын емес, өзінің қу құлқынын ойлап, аз уақытта отырған лауазымын пайдаланып, қымқырып қалуға тырысып, өзгенің халіне пысқырып та қарамаған шолақ белсенді.

4. Намазын Аллах Тағала үшін емес, өзінің дүниелік пайдасы үшін ғана оқып, оған мүлде зейін қоймай «өткен ғасырдың дәстүрі» деп қараған жаһаннамға лайық адам.

5. Басқа да құлшылықтарын мұсылман халыққа көрсетіп, сол арқылы елге діндар көрініп бедел жинаушы. Жасаған қажылығын, салған мешітін өзінің дүниелік құпия мақсатына жету үшін амал етуші.

Адам баласын жамандықтардан тыйып, ізгілікке баулып, әлсіздерге мейірім-шапағатын оятатын ең үлкен себеп ол сөзсіз – ақыретке деген сенім. Ақыретке деген сенімі болмаған адамның жетім-жесірлерді ойлауы әсте мүмкін емес. Олар тек қана өз қарақан бастарын ойламақ. Сондықтан да бұл сүреде ақыретке сенбеген, намазға маңыз беріп қарамаған, рияшылдық жасап, өзгелерге көмектеспейтіндері хақында баяндалады.

Ақыретте есепке тартылатынына анық сенген адам – жетімге жаны ашып, жоқ-жітікке көмектесіп, намазын ықыласпен оқымақ.

«КӘУСАР» СҮРЕСІ

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ
 إِنَّا أَعْطَيْنَاكَ الْكُوتِرَ { ١ } فَصَلِّ لِرَبِّكَ وَأَنْحَرْ { ٢ } إِنَّ شَانِئَكَ هُوَ
 الْأَبْتَرُ { ٣ }

1. «Біз шындығында саған кәусарды бердік.
2. Сен де Раббың үшін намаз оқып, құрбан шал.
3. Шындығында сенің дұшпандарың ұрпақсыз қалады».

Меккеде түскен. Құран уахиының бастапқы кезеңінде түскен сүрелердің бірі. Құранның ең қысқа сүресі – үш аяттан тұрады. Аллаһ Тағаланың елшісіне (с.а.с.) берген мол берекеті жайлы сөз етеді.

Түсу себебі

Бұл тақырыпқа қатысты риуаяттар Пайғамбармызға діні үшін дұшпан болған кейбір адамдардың оған «ұрпақсыз» дегеніне қатысты осы сүренің түскенін растайды. Бірақ, бұл сөзді айтқан кім? Не деген? Бұл хақында риуаяттар әртүрлі. Аллаһ Елшісінің (с.а.с.) Меккеде ең үлкен баласы Қасым көз жұмған еді. Кейіннен Абдуллаһ қайтыс болды. Сол кезде меккелік кәпірлер «Оның нәсілі түгесілді, ол ұрпақсыз қалды» деп сөз таратады. Оларға қарсы Аллаһ Тағала: «Сөзсіз саған дұшпандық жасағандардың өздері ұрпақсыз қалады» – деген аятын түсіреді.

Кәпірлердің бұл сөздері Аллаһ елшісінің көңіліне қаяу салады. Аллаһ Тағала елшісіне осы сүрені түсіріп, ақыр соңында сол сөзді айтқан дұшпандардың ұрпақсыз

қалып, ал елшісінің есімінің қияметке дейін ұмытылмай, мәңгі сақталатыны және оған пайғамбарлық арқылы мол жақсылық берілгені айтылады. Оған осыншалық пайғамбарлық ырыс, нығметі берілгені үшін шүкіршілік етіп, Раббысына намаз оқып, құрбан шалуы әмір етілген.

Осындай ғажайып сырларды қамтыған сүре алдында түскен сүрелердің толықтырушысы және кейінгі сүрелердің негізі тәрізді. Әсіресе, «Мағұн» сүресімен тығыз байланыстылығы қызықтырады. «Мағұн» сүресінде айтылған жаман қасиеттердің орнына осы қысқа сүреде жақсы қасиеттер айтылған. Мысалы, «Мағұн» сүресінде дінсіздік және мұнафиқтың сипаты саналған дін мен ақыретті жоққа шығаруы баян етілсе, бұл сүреде ақыреттік иман бар. Онда ынсапсыздық пен сараңдықтың орнына кәусардың бір мағынасы мол жақсылық жасау, намазды жоққа шығарудың орнына намаз оқуды жалғастыру, рияшылдықтың орнына «Раббың үшін» аяты арқылы шынайы ықыласпен құлшылық қылу. «Мағұн» яғни, қасық, балтасын да қимай сараңдық жасаған мінездің орнына құрбан шалу, садақа беру, аш адамдарға ас беру ерекшеліктері айтылған.

Тәпсірі

1. *إِنَّا أَعْطَيْنَاكَ الْكَوْثَرَ*. – «Біз шындығында саған кәусарды бердік». Тікелей Пайғамбарымызға бағытталған. Аллах Тағала «Біз бердік» деу арқылы өзінің ұлылығы мен берген кәусарының қадірлігін меңзеуде. Аллах Тағаланың Құранда «Біз» деуі Оның ұлылығы мен шексіз құдіреттілігін білдіру мақсатында айтылған. Бұл араб әдебиетіндегі шешендік өнердің бір тәсілі. Негізі

бұл қазақтың шешендік өнерінде де айтылады. Мысалы: «көптен бері көпшілік жабылып шеше алмай, дал болып жүрген мәселені «біз» барып шешіп қайттық», – дейді. Бұл жерде мәселені шешкен жалғыз адам. Бірақ, өзінің беделін білдіру үшін осылай айтады.

Аятта Аллаһ Тағала «Біз береміз» демей, «Біз бердік» деу арқылы сөзсіз беретінін білдіру үшін өткен шақты пайдаланған. Өйткені, берген уәдесі сөзсіз орындалмақ.

الكَوْنَرُ – «кәусар» – сөздікте «өте көп», «мол» деген мағыналарға саяды. Бұл жердегі мағынасы – жаннаттағы ерекше бір өзеннің атауы. Жаннаттың барлық өзендері осыдан бастау алады. Кейбір ғұламалар бұны «мол жақсылық» деп түсіндіреді. Яғни, «мол жақсылыққа» Құран, пайғамбарлық, шапағат мәртебесі, ілім, т.б. ерекшеліктер жатады.

Алайда, бұның не екендігі хақында тәпсіршілер жиырма алты көзқарас айтқан. Бұл жерде біз ең маңыздыларына тоқтала кетейік.

Біріншісі: Көптеген тәпсір кітаптарында кәусарды жәннаттағы бір өзеннің аты деп түсіндіреді. Аллаһ Елшісі де: «*Кәусар – Раббымның Жаннатта маған берген бір өзені*»⁴⁵⁴, – дейді. Басқа хадисте: «Ол мол жақсылығы бар хауыз. Үмбетім қиямет күнінде келіп сол хауыздан су ішеді. Ыдыстары жұлдыздардың санындай. Араларынан кейбір адамдар хауыздың жанынан қуылады. Ей, Раббым олар менің үмбетім деймін. Сонда сенен кейін олардың не істегендерін білмейсің ғой?» – дейді. Міне, осы хадистерге қарасақ, өзен мен мол жақсылық саналған хауыз екендігі белгілі болады.

⁴⁵⁴ Бухари. Тәфсиру Сурә, 108, 1; Муслим.Салат, 53, Фәдәйл 37, 40, Таһарат, 36; Нәсәи. Ифтих, 21; Тирмизи. Қиямәт, 15.

Екіншісі: Пайғамбарымыздың зор беделі мен асқан абыройы. Өйткені, пайғамбарлық екі жаһанның бақыттылығы мен жақсылығын қамтыған. Сондықтан, бастауы Рахмани және Рахими шарапатты топтастырған – мол жақсылық.

Үшіншісі: Үмбетінің ғұламалары. Расында ілім мен көркем мінездік тұрғысынан пайғамбарлардың мирасшылары атанған ғұламалар, қашан да мол береке саналмақ.

Төртіншісі: Табиғиндар мен үмбетінің көптігі. Аллаһ Тағала оған өте көп ізгі сахабалар мен үмбет нәсіп еткен. Шындығында, жаннаттың басым көпшілігі оның үмбеті болатындығы сахих хадистерде айтылып сүйіншіленген.

Бесіншісі: Аллаһ Елшісінің ұрпағының көптігі. Кәпірлер оның балалары қайтыс болғанда «ұрпақсыз қалды» деп көңілін құлазытқан еді. Сондықтан да оған нәсілінің бітпейтіндігін қайта кәпірлердің нәсілі түгесілетінін айтып сүйіншілеуі бұл мағынаға да сай келмек. Ендеше, олардың ұрпағы бітіп, сенің ұрпағың заман өткен сайын көбейе түседі деген сөз. Шынында, солай болған. Аллаһ елшісінің әһли бәйті (әулеті) қай ғасырда да Ислам дінін жаңғыртуға өмірлерін сарп етіп келеді.

Бірақ, осыған қарамастан тәпсіршілердің басым көпшілігі «Кәусар» сөзінің «мол береке, жақсылық» деген мағынасын мақұлдаған. Өйткені, сөздік жағынан бұл сөз ең ауқымды мағынаны қамтиды. Яғни, бұл дүние мен ақыретке қатысты барлық ізгіліктер берілді деген сөз.

2. *فَصَلِّ لِرَبِّكَ وَأَنْحَرْ* – «Сен де Раббың үшін намаз оқып, құрбан иял». Хақ Тағала саған осыншама «мол

жақсылық, ізгілік, берекелі» Кәусарды берді, ендеше осыған шүкіршілік қылып, намаз оқып, құрбан шал. «Раббың үшін жаса». Тек қана Раббыңның Раббтық құқына сай ықыласпен шынайы түрде жаса. Намаз оқумен қатар, құрбан шалып шүкіршілігінді арттыр. Бұны да Раббың үшін ғана орында. Ешқашан өзгелердің атымен емес. Ендеше, Аллаһ үшін оқылмаған намаз – намаз емес, Аллаһ үшін шалмаған құрбан да құрбанға жатпайды. Аллаһ Тағаланың атымен сойылмаған малды жеу – харам.

Бұл аят парыз намаздарды жалғастыруға, тіпті, нәпіл құлшылықтар қылуға да ынталандырады. Аллаһ Тағалаға деген шүкіршілік екі түрлі болады. Бірі – тәндік құлшылықтар, намаз, Құран оқу, ораза ұстау, зікір айту, т.б. Міне, осы тәндік құлшылықтың негізін намаз құрайды. Намазда бүкіл тәндік құлшылықтардың барлық түрі қамтылған. Пайғамбарымыздың (с.а.с.) «*Намаз – діннің тірегі*» – деуі осыны білдіреді. Екіншісі – Аллаһ Тағаланың жолында зекет, садақа, қарыз беру, қол ұшын беріп көмектесу, мешіт салу, құрбан шалу, т.б. дүниелік құлшылықтар. Құрбан шалу осы дүниелік құлшылықтардың негізі мен рәмізі. Құрбан шалу – мұсылман өзінің бар дүниесін Аллаһ Тағаланың жолына беруге әрқашан даярмын деген ықыласының нышаны⁴⁵⁵.

Кейбір ғұламалар бұл сүредегі «Намаз оқы» жарлығы бес уақыт намаз десе, кейбіреулері Құрбан айтының намазы деп түсінген. Бірақ, сүренің түскен кезеңін есепке алсақ мағынасы: «Ей, пайғамбар! Раббың берген ырыс пен нығмет үшін намаз оқып, құрбан шал!». Бұл жарлық келген кезде Құрайыштар

⁴⁵⁵ Уәһбә Зухәйли.әт-Тәфсирул-мунир, 15-том, 832-бет.

мен барлық Араб түбегіндегі мүшріктер және барлық пұтқа табынушылар, өздерінің жасаған пұттарына құлшылық етіп, солар үшін құрбан шалуда еді. Ендеше бұл жердегі мақсат – өзгелер пұттарына табынып жатқанда, Пайғамбарымыздың тек қана Аллаһ Тағалаға намаз оқып, құрбан шалуда әрқашан тұрақты болуын білдіреді.

3. *إِنَّ شَانئَكَ هُوَ الْأَبْتَرُ* – «Шындығында саған дұшпан болғандардың өздері ұрпақсыз!». Яғни, сені кім жамандаса, сол адамның өзі ұрпақсыз қалмақ. Ұрпақсыз, мол жақсылықсыз қалатын сен емессің. Сенің артыңнан әлі талай ізгі нәсілдер жалғасып, балаларың тәрізді табиғиндарың мен сүйікті үмбетің көбейеді. Барлық пайғамбарлардың үмбетінен сенің үмбетің көп болады. Дінің, кітабың, ғажап есімің, абыройың мәңгі бақи сақталады. Ақыретте де тіл жетпес, түгесілмес сый-сияпатқа кенелесің. Мұндай кәусарлы берекені көре алмай жамандап, жақсы көрмегендер, әлбетте, жақсылықсыз қалатыны кәміл.

Шындығында Аллаһ елшісіне тіл тигізген мүшріктердің нәсілі түгесіліп, тірісінде ешбір жақсылық көрмей, өмірден аты өшіп дүниеден өткен.

Бұл сүре Хақ Тағаланың дінін халық көңіліне жеткізуге өмірін сарп еткен, нағыз шынайы мұсылмандарға да қатысы бар. Ей, мұсылман, Хақ Тағала саған кәусарды берді. Сен жоқ едің, Аллаһ Тағала сені бар етіп жаратты. Бар болып қана қалмадың, Ол сені жанды етті. Жанды болумен де шектелмей сені адам етіп жаратты. Құдай Тағала саған иман нәсіп етті. Ақырғы пайғамбардың үмбеті саналдың. Шүкіршілік етіп, намаз оқып, құлшылық қыл. Өзгелер өздерінің жасаған құдайларына табынғанына көз салмай, Жаратушыға ғана құлшылық

қыл. Өзгелер өз пайдасы үшін көсемдерін пұт қылып, дүниелерін соның жарнамасы үшін шашып жатқанда, сен тайсалмай мал-мүлкінді Аллаһ үшін ғана жұмсап, құрбан шалып, әлсіздерге қол ұшын бер. Саған және дініңе тіл тигізіп, «лаңкестік дін» деп қаралағандарына көңіл аударма. Шынтуайтқа келгенде, олардың өздері нағыз лаңкестік топтар, түбі құрдымға бататындар.

«Фатиха» сүресінің тәпсірінде айтылғандай, Құранның негізгі тақырып пен мақсаттары мыналар:

1. Тәухид, яғни, Аллаһ Тағаланың даралығы.
2. Пайғамбарлық.
3. Ақырет.
4. Құлшылық пен әділдікті қамтыған туралық.

Құранның ең қысқа сүресі «Кәусар» сүресінде де Құранның негізгі мақсаттары мен тақырыптарын көруге болады.

1. *إِنَّا أَعْطَيْنَاكَ* – «Біз саған бердік» деу – Аллаһ Тағаланың бар және бір екеніне ишарат.

2. *أَعْطَيْنَاكَ* – «Саған бердік» деу – Аллаһ елшісінің пайғамбарлығының нышаны.

3. *أَعْطَيْنَاكَ الْكَوْثَرَ* – «Кәусар бердік» сөзінде де ақыретке белгі бар. Кәусардың мағыналарының бірі – жаннатта Пайғамбарымызға берілген өзеннің аты мен мақшардағы үмбетінің су ішетін хауызы.

4. *فَصَلِّ لِرَبِّكَ وَأَنْحِرْ* – «Раббың үшін намаз оқып, құрбан шал» жарлығында да құлшылық пен әділдікке меңзелген. Намаз оқуды үзбей туралықты сақтау және құрбандықты жоқ-жітіктерге тарату жолымен әділдікті сақтау бар⁴⁵⁶.

⁴⁵⁶ Қыса сурелерінің (Фатиха, Дуһа, Нас) тефсири, 163.

«КӘФИРУН» СҮРЕСІ

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ
قُلْ يَا أَيُّهَا الْكَافِرُونَ { ۱ } لَا أَعْبُدُ مَا تَعْبُدُونَ { ۲ } وَلَا أَنْتُمْ عَابِدُونَ
مَا أَعْبُدُ { ۳ } وَلَا أَنَا عَابِدٌ مَّا عَبَدْتُمْ { ۴ } وَلَا أَنْتُمْ عَابِدُونَ مَا
أَعْبُدُ { ۵ } لَكُمْ دِينُكُمْ وَلِيَ دِينِ { ۶ }

Мағынасы:

1. «Айт: «Ей, кәпірлер!
2. Мен сендердің табынғандарыңа табынбаймын.
3. Сендер де менің құлшылық жасаушыма құлшылық қылушы емессіңдер.
4. Мен де сендердің табынғандарыңа табынушы емеспін.
5. Сендер де менің құлшылық жасаушыма құлшылық қылушы емессіңдер.
6. Сендердің діндерің – сендерге, менің дінім – маған».

Меккеде түскен, алты аяттан тұрады. Бұл сүренің атауы алғашқы аятынан алынған. Мұсылмандардың кәпірлермен ат құйрығын кесісіп тәухидке берілулері әрі кәпірлерді Ислам дінін қабылдауға зорламай, қалауларына қалдыру қажеттілігі хақында айтылады. Осылайша Исламдағы дін еркіндігі ұстанымы көрсетілген.

Бұл сүрені «Ғибадат» сүресі және «Ықылас» сүресі деп те атайды. Бір хадисте Аллаһ елшісі: «Сендерге Аллаһ Тағалаға ортақ қосудан сақтайтын бір сөз айтайын ба? – дейді де: «Жатар алдында «Қул иәә

«*ашоһал кәфирун*» сүресін оқыңдар»⁴⁵⁷, – дейді. Басқа бір хадисте: «Бұл сүре Құранның төрттен біріне тең»⁴⁵⁸ – делінген.

Түсу себебі

Құрайыштың ақсақалдары Аллаһ елшісіне келіп: «Бір жыл біздің тәңірлерімізге табын, бір жыл біз де сенің Раббыңа құлшылық қылайық», – дейді. Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Аллаһ Тағалаға серік қосудан сақтасын» деп жауап береді. Олар: «тым құрыса тәңірлерімізді құрметтеп, қол сүртіп бетінді сипай сал, біз де сені растап, Құдайыңа құлшылық етелік», – дейді. Осы әңгімеден кейін «Кәфирун» сүресі түскен. Аллаһ елшісі таңертең Қағбаға барады. Сол жерде құрайыштың беделді кісілері отырған ды. Пайғамбарымыз оларға жақын келіп осы сүрені оқиды. Сонда олар біржолата үміттерін үзеді⁴⁵⁹.

Бұл сүре меккелік кәпірлерге қатысты түскенмен, жалпы кәпірлерге айтылған.

Тәпсірі

1. قُلْ يَا أَيُّهَا الْكَافِرُونَ – «*Айт: «Ей, кәпірлер!»*». Бұл сүренің قُلْ – «қул» – «*айт*» деп басталуы хақында ғұлама Рази қырыққа жуық пікір білдірген. Олардың кейбірін айтайық. Біріншісі «айт» деп жарлық берілуі сүренің пайғамбардың өзінен емес, Аллаһ Тағаланың әмірі екендігінің айғағы. Аллаһ елшісінің оларға «кәпір» деп айтуы пайғамбардың Аллаһ Тағала жағынан сақталғандығының белгісі.

⁴⁵⁷ Суити. әд-Дуррул-мәнсур, 8, 657.

⁴⁵⁸ Куртуби. 20, 224; Алуси. Рухул-Мәани, 30, 249.

⁴⁵⁹ Суити. әд-Дуррул-мәнсур, 8, 654.

Негізінде *يَا أَيُّهَا الْكَافِرُونَ* – «Ей кәпірлер!» деген сөз жалпы кәпірлерге емес, өзіне ешқашан иман келтірмейтінін Аллаһ Тағала білген кейбір адамдар. «Кәпірлер» сөзі кәпірлерді кекетіп, мазақтау емес, ақиқатты білдіру үшін айтылған. Араб тілінде кәпір сөзі дінсіздерге бағытталады. «Ей, кәпірлер!» деген сөз – «Ей, пайғамбарлығымды жоққа шығарып, әкелген жарлықтан бас тартқандар» мағынасына саяды.

Аятта: *يَا أَيُّهَا الْكَافِرُونَ* – «Ей, кәпірлер!» деп айтылған. «Ей, мүшріктер!» деп айтылмаған. Сондықтан бұл сүре тек қана меккелік мүшріктерге емес, сонымен қатар Аллаһ елшісін (с.а.с.) жоққа шығарған барлық пенделерге арналады. Мәжуси, христиандар, яһудилер, буддисттер, т.б.

2. *لَا أَعْبُدُ مَا تَعْبُدُونَ* – «Мен сендердің табынғандарыңа табынбаймын». Яғни, өздерің ойдан шығарып тәңірі санап, маған табын дегендеріне мен әсте табынбаймын. Яки, сендердің маған талап етіп қойған ширк табынушылықтарыңды мен бұрын да жасаған емеспін және ешқашан жасамаймын.

3. *وَلَا أَنْتُمْ عَابِدُونَ مَا أَعْبُدُ* – «Сендер де менің құлшылық қылғаныма құлшылық қылмайсыңдар». Сендер де менің құлшылық қылған ақиқат Құдайыма шынайы түрде құлшылық қылмадыңдар. Ол – жалғыз Құдай. Мен Хак Құдайға ғана құлшылық қыламын. Ол – әлемдердің Раббы Аллаһ. Сендер тас пен пұттарға және жалпы жаратылғанға табынасыңдар. Жасалған пұт, салынған мүсін, жаратылған нәрселер әсте Ұлы Жаратушы бола алмайды. Жаратылушы мен Жаратушы бірдей бола алмайды.

4. *وَلَا أَنَا عَابِدٌ مَّا عَبَدْتُمْ* – «Мен сендердің табынғандарыңа әсте табынушы емеспін». Бұл аят алдында келтірілген жаратылғанға табынудан алыстауды қуаттау үшін айтылған.

5. *وَلَا أَنْتُمْ عَابِدُونَ مَا أَعْبُدُ* – «Сендер де менің құлшылық жасаушыма құлшылық қылушы емессіңдер».

6. *لَكُمْ دِينُكُمْ وَلِيَ دِينِ* – «Ендеше сендердің діндерің – сендерге, менің дінім – маған». «Сендердің діндерің» барлық жауапкершіліктері, есебінің жазасы, обалы, т.б, барлығы да сендерге тиесілі. «Менің дінім маған» яғни Хақ Ислам діні де менікі⁴⁶⁰. Оның барлық сауап, жақсылығы да маған тиесілі. Бұл Аллаһ елшісінің кәпірлердің табынушылықтарынан мүлде алыстығын көрсетіп, өзінің шексіз құдіретке ие, жалғыз Аллаһ Тағалаға құлшылық еткендігін қуаттайды.

Әрі кәпірлердің дін мәселесінде Аллаһ елшісі мен оған иман келтіргендермен ешуақытта бірлесе алмайтындығын және үміттерін біржолата үзу қажеттілігін көрсетеді.

Міне, мүшріктердің ұсыныстарына осылай жауап берген бұл сүре әркімнің қалауы өз еркінде екендігін және сол қалаған нәрсесіне түгелдей өзі жауап қайтаратындығын білдіреді. Шындығында, Құран ар-ождан еркіндігін әкелген. Ешбір жанды зорлықпен дінге кіргізуді әмір етпеген. Аллаһ елшісіне: *فَإِنَّمَا عَلَيْكَ الْبَلَاغُ* – «Сенің міндетің тек қана естірту» («Әли Имран», 20; «Нахыл», 82; «Шура», 48), деп Пайғамбардың уа-зипасы адамдарды мәжбүрлеуші емес, естіртуші, насихатшы екендігін айтқан. Басқа аятта да: *وَمَا أَنْتَ عَلَيْهِمْ بِجَبَّارٍ*

⁴⁶⁰ Тәфсирул-Бәғәуи, 8-том, 564-бет.

– «Сен оларды мәжбүрлеуші емессің» («Қаф», 45) деген. لَا إِكْرَاهَ فِي الدِّينِ – «Дінде зорлық жоқ» («Бақара», 256), قُلْ يَا أَيُّهَا النَّاسُ قَدْ جَاءَكُمْ الْحَقُّ مِنْ رَبِّكُمْ فَمَنْ اهْتَدَىٰ فَإِنَّمَا يَهْتَدِي لِنَفْسِهِ وَمَنْ ضَلَّ فَإِنَّمَا يَضِلُّ عَلَيْهَا وَمَا أَنَا عَلَيْكُمْ بِوَكِيلٍ «Айт: Ей, адамдар, міне, сендерге Раббыларыңнан ақиқат келді. Енді жолға түскісі келген өзі үшін түсер, айнып адасқанның кесірі өзіне. Мен сендерге уәкіл емеспін» («Жүніс», 108) сынды аяттар ар-ождан еркіндігінің ең айқын көрінісі.

«НАСЫР» СҮРЕСІ

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

إِذَا جَاءَ نَصْرُ اللَّهِ وَالْفَتْحُ {١} وَرَأَيْتَ النَّاسَ يَدْخُلُونَ فِي دِينِ اللَّهِ أَفْوَاجًا {٢} فَسَبِّحْ بِحَمْدِ رَبِّكَ وَاسْتَغْفِرْهُ إِنَّهُ كَانَ تَوَّابًا

1. «Аллаһ Тағаланың жәрдемі мен жеңісі келген кезде.
2. Адамдардың топ-топ болып Аллаһтың дініне кіргендерін көрген кезде.
3. Раббыңа хамд, мадақ айтып, тәсбиһ айтып пәкте және Одан кешірім тіле. Ол тәубені қабыл етуші».

Мәдина кезеңінде түскен. Сүре үш аяттан тұрады. Хазіреті Айша: «Насыр сүресі түскен кезде Аллаһ елшісі (с.а.с.) әрбір намазында «Ей, Раббымыз! Саған мадақ айтып пәктеймін, Аллаһым мені кешір!» – дейтін еді. Намаз рүкуғында, сәжделерінде осыларды көп қайталайтын болды», – деген⁴⁶¹.

⁴⁶¹ Бухари, Тәфсир сура 110, 1,2; Муслим, Салат, 218-220.

Ибн Аббастың жастығына қарамастан, хазіреті Омар оны жиналысқа қатыстыратын. Алайда бұған Бәдір соғысына қатысқан сахабалардың үлкендері оның қатысуын орынсыз санайтын. Бір күні жиналыста хазіреті Омар: «Насыр» сүресі хақында ойларыңыз қандай?» деп сұрайды. Әркім әр түрлі жауап қатады. Ақырында Ибн Аббастан сұрағанда ол: «Аллаһ елшісі уазипасының тәмәмдалып, ажалының жақындағанын білдіреді», – деп жауап береді. Хазіреті Омар оның жауабына риза болып: «Ал, қане, бұл баланың жиналысқа қатысуына кім қарсылық білдіре алады?» – дейді⁴⁶².

Осы сүре түскен кезде Аллаһ елшісі (с.а.с.): «Маған ажалымның жақын қалғандығы аян болды» дейді. Сондықтан бұл сүре «Қоштасу» сүресі деп те аталады.

Басқа бір хабарда: «Осы сүре түскен кезде Аллаһ елшісі қызы Фатиманы шақырып алып: «Маған ажалымның жақын қалғандығы аян болды»⁴⁶³, – дейді. Сонда қызы жылайды да артынша күлімсірейді. Кейіннен бұл туралы сұраған кезде хазіреті Фатима: «Көз жұматынын айтқан кезде жыладым. Артынша мені қайта шақырып алып отбасымнан алғаш маған қауышатыны сенсің дегенде, қатты қуанып күлдім», деп жауап қайтарады. Бұл сүренің «Қоштасу кажылығы» күндерінде, Меккеде түскені жайлы да риуаят бар.

Кейбір тәпсіршілер осы сүренің аят тұрғысынан емес, сүре тұрғысынан Құранның ақырғы түскен сүресі екендігін айтады.

⁴⁶² Бухари, Тәфсиру сурә 110, 3.

⁴⁶³ Бухари, Тәфсиру сурә 110, 3.

Тәпсірі

1. إِذَا جَاءَ نَصْرُ اللَّهِ وَالْفَتْحُ. – «Аллаһ Тағаланың жәрдемі мен жеңісі келген кезде». نَصْرُ اللَّهِ – «насруллаһ» – Аллаһтың жәрдемі деген сөз. Аллаһ Тағаланың пайғамбары мен мұсылмандар дұшпандарға үстем келіп, жеңіске жеткізетініне уағда берген жәрдемі мен жеңісі. Бұл Аллаһ елшісінің арабтар мен Құрайышқа жеңісі және Меккенің алынуы. Бұл жердегі жеңіс мақсаты тек қана мемлекеттердің алынуы емес, жүректердің иман мен Исламға ашылуы. Ғалымдардың «Меккенің алынуы» деуінде де үлкен мән бар. Ислам, Мекке алынып, ондағы Құрайыш кәпірлерін жеңгенге дейін басқа аймаққа кең жайыла қойған жоқ-ты. Мекке мен Тайып қаласы алынған соң ғана барлық аймақтардан халық ағылып, Исламды қабылдай бастады.

Бухари Амрибн Сәләмеден: Жеңіске жеткенде әрбір ел мұсылман болып Аллаһ елшісіне қарай ұмтылды. Барлық ру-тайпалар мұсылман болу үшін Меккенің алынуына көз салып: «Оны елімен оңаша қалдырайық. Егер оларға үстем келсеб онда ол пайғамбар болғаны», деген деректі жеткізген.

Сүредегі жеңіс – Меккенің жеңісі. Сонымен қатар Аллаһ Тағаланың діні мен Ислам есігінің күллі адамзатқа ашылуының жарқын көрінсітуғын. Бірден Араб түбегі одан әрі қарай жер-жаһанға жайылған Исламның жеңістері Қағбаның есігінің ашылуымен басталған.

Аятты ғұлама Мәудуди: «Аяттағы: الْفَتْحُ – «Жеңіс» белгілі бір соғыстың жеңісі емес. Негізінде бұл жерде анық жеңіс айтылып тұр. Мұның жеңіс болғаны сол – бұдан кейін Исламға қарсы тұрарлық ешбір күш қалмай,

Ислам Араб түбегіне түбегейлі үстем болған-ды» деп, тәпсірлеген.

Кейбір осы заман тәпсіршілердің де көзқарасына қарай, осы сүредегі жеңіс тек қана бір мемлекеттің жеңісі емес, жалпы жүректердің иман мен Исламға ашылуы. Шамасы ең кең мағынасы да осы болса керек. Тіпті өлкелер алынуының өзі, жүректердің алынуы арқылы болады. Көңілдердің төрінен орын алмай тұрып, өлкелердің алынуы мүмкін емес. Болған күннің өзінде жаулап алу, зорлықпен басып алу болмақ.

2. *وَرَأَيْتَ النَّاسَ يَدْخُلُونَ فِي دِينِ اللَّهِ أَفْوَاجًا* – «Сен адамдардың топ-тобымен Аллаһтың дініне кіргендерін көрген кезде». Адамдардың топталып кіріп жатқанын көрген кезде⁴⁶⁴. Бұл аятта кіру етістігі өткен шақта емес осы шақта берілген. Барлығының бірден кірмей, кіре бастағанын және бірте-бірте кіретіндерін меңзейді. Және аятта *النَّاسَ* – «ән-Нас», «адамдар» деп айтылған. Арабтардың ғана емес өзге ұлттардың да топ-тобымен қабылдайтынын айтады.

أَفْوَاجًا – «әфуәжән», «топ-тобымен» жағаға кезе - пен соққан жал-жал толқындар тәрізді, тұтас қоғам, ұлт-ұлтымен, ру-рументұтастай кірулері. Мекке алынғаннан кейін Хунәйін соғысы мен Тайып қоршауынан басқа ешбір соғыс болмай, Аллаһ елшісінің дүниеден қайтуына дейінгі екі жыл ішінде адамдар Араб түбегінің түкпір-түкпірінен ағылып, Исламды қабылдаған. Исламды қабылдамағандар да оның қанатының астына кіруді қабыл еткен. Міне, уәде етілген сол жәрдем мен жеңіс келіп, сен адамдардың ағылып Хақ Тағаланың дініне кіре бастағанын көрген кезде,

⁴⁶⁴ Тәфсирул-Бәғәуи, 8-том, 575-бет.

3. فَسَبِّحْ بِحَمْدِ رَبِّكَ وَاسْتَغْفِرْهُ إِنَّهُ كَانَ تَوَّابًا – «Раббыңа хамд, мадақ айтып, тәсбих айтып, пәкте және Одан кешірім тіле. Өйткені, Ол тәубені қабыл етуші». Бұл сүреде Аллаһ Тағаланың елшісіне Араб түбегінде Ислам діні үстем болып, адамдар топ-тобымен дінге кірген кезде деп айтуы, осындай уақытта елшісінің уазипасы аяқталатынын білдіргені. Одан кейін елшіге Аллаһ Тағалаға мадақ пен шүкіршілік білдіріп, Оны пәктеп құлшылық етуін әмір еткен. Ол Аллаһ Тағаланың шарапатының арқасында ұлы бір істі толықтай атқарған еді.

Бұл аяттарда Аллаһ елшісіне (с.а.с.) Хақ Тағаланың жәрдемі мен жеңісі келіп адамдар ағылып мұсылман болып жатқанда, Раббыңа шүкіршілік білдіріп, тәсбих айтып Одан кешірім, жарылқау тілеуін әмір етуде. Бұл Ақырғы елшіге айтылған сөз. Бірақ, оның іс-әрекеті үмбетіне өнеге болғандықтан, әрбір мүминнің Аллаһ Тағаланың жәрдемі мен жеңісі келген кезде Оған шүкіршілік білдіріп, тәсбих айтуы осы сүренің маңыздылығы саналады.

Негізгі бір мәселе – пайғамбар мен тұлға арасындағы айырмашылықтың қаншалықты үлкендігін көрсетеді. Қандай да бір көшбасшыға үлкен төңкеріс жасау нәсіп болса, ол адам салтанатты түрде өзінің көсемдігін танытып, шаттыққа кенеледі. Алайда бұл жерде Аллаһ елшісі жиырма үш жылдай бір елдің сенімі мен ой-санасын, мінез-құлқын, мәдениетін, саясаты мен экономикасын және соғыстың ұғым-түсінігін өзгертіп, қараңғылыққа көмілген елді айналасына үстем болатындай дәрежеге шығарса да, көшбасшылығын даңғазалап жария етпей, өте қарапайымдылық танытып, Аллаһ Тағалаға

шүкіршілік қылып, Одан жарылқау тілеп, Оны тәсбих етіп, пәктеуі әмір етілген.

Тәсбих – Аллаһ Тағаланы пәктеу (Субхан Аллаһ). Пайғамбарымыздан тәсбих жайлы сұрағанда ол: «*Аллаһ Тағаланы күллі кемшіліктен пәктеп ұлықтау*»⁴⁶⁵, – дейді. Ендеше тәсбих – Аллаһ Тағаланы затында, сипатында, істерінде, есімдерінде пәктігін білдіру.

Хамд, мадақтың мағынасы: «Ұлы істің жеңісі пенденің себебінен емес екендігін еске алу. Іс түгелдей Хақ Тағаланың шарапатымен болғандығына илану. Сол үшін Аллаһ Тағалаға шүкіршілік қыл. Барлық іс Оның ғана құдіретімен болғандығын жан-жүрегіңмен және тіліңмен қабыл ет. Мақтау мен мадаққа, хамдқа Аллаһ Тағалаға ғана лайық.

Тәсбихтың өзге бір мағынасы: «Хақ Тағала дінінің жайылуы үшін сендерге мұқтаж емес. Ол мұндайдан мүлдем ада. Осыны мойында. Қайрат-жігеріңмен жеңіске жетуің, Аллаһ Тағаланың қуаттауы және жәрдемі арқылы болатынына кәміл сенуің қажет. Аллаһ Тағала қаласа осы істі, өзге де құлдарына жасата алады. Пенде ортадағы себепші ғана. Хақ Тағала бір құлын таңдап, оған осындай ұлы іске қызмет еттіруі сол құлына ерекше шарапаты. Аллаһ Тағаланың сендерге деген шарапаты да Оның дініне қызмет қылу абыройын сендерге нәсіп етуі». Сонымен қатар тәсбих айтып, «Субхан Аллаһ» деудің таңғалуды, тамашалауды білдіретін тұсы бар. Бір мұсылман адам баласының қолынан келмес таңғажайып бір нәрсені көргенде Хақ Тағаланың құдіретіне таңғалып, бас иіп «Субхан Аллаһ» дейді. Ендеше, Аллаһ Тағаланың құдіретімен ғана осындай ұлы іс жүзеге асады. Ешбір пенденің бұған

⁴⁶⁵ Ибн Мәжә.Иқамәт 179.

күші жетпейтіндігін мойындау тиіс. «Одан кешірім тіле. Ол тәубені қабыл етуші». Тәубе – жасаған пенде күнәсі үшін қатты пұшайман болып, оны қайталамау⁴⁶⁶. Истиғфар – Аллаһ Тағаладан жарылқау тілеу. Ешкім біреудің атынан тәубе ете алмайды. Бірақ, өзгенің күнәлары үшін Аллаһ Тағаладан жарылқау тілей алады.

Құранда: رَبَّنَا اغْفِرْ لِي وَلِوَالِدَيَّ وَلِلْمُؤْمِنِينَ يَوْمَ يَقُومُ الْحِسَابُ – «Раббымыз, есеп беретін күні мені, ата-анамды және иісі мұсылмандардың күнәсін кеш!»⁴⁶⁷ тәрізді бұның ғажап мысалдары бар. Сол үшін бұл жерде, وَاسْتَغْفِرْهُ – «одан жарылқау тіле» әмірі Пайғамбарымызға ғана емес, үмбетіне де айтылған. Өйткені, Аллаһ Тағала Елшісін күнәдан сақтаған.

Хазіреті Айша: «Аллаһ елшісі (с.а.с.) соңғы кездерінде سُبْحَانَ اللَّهِ وَبِحَمْدِهِ اسْتَغْفِرُ اللَّهَ وَاتُوبُ إِلَيْهِ сөзін көп айтатын. Оның мәнісін сұрғанымда ол: «Раббым маған үмбетімде бір белгі көретінімнен хабар берді. Оны көрген кезде мадақ айтып, тәсбих етіп, жарылқау тілеуімді әмір етті», – дейді.

Парыз намаздарынан кейін дереу үш рет истиғфар тілеуі және тәһажжүт оқыған адамның таң сәріге дейін жарылқау тілеуі, қажының жарылқау тілеуі насихат етілген. Сондай-ақ, дәреттен кейін немесе жиналыс біткен сәтте Хақ Тағаладан жарылқау тілеу қажеттілігі хадистерде айтылған. Мысалы Аллаһ Елшісі (с.а.с.)

жиналыстан кейін: سُبْحَانَكَ اللَّهُمَّ وَبِحَمْدِكَ اسْتَغْفِرُكَ وَاتُوبُ

⁴⁶⁶ Қазақ тілінде тәубә сөзі «шүкіршілік» мағынасында қолданылып кеткен. Бұл өте қате ұғым.

⁴⁶⁷ «Ибраһим» сүресі, 41.

اليه «Аллаһым сен пәксің, саған мадақ айтып, сенен жарылқау тілеп саған тәубе етемін» – дейтін еді⁴⁶⁸.

Осы сүре түскен кезде Аллаһ елшісі (с.а.с.) мінберге шығып хұтба оқып: «Аллаһ бірі құлды дүние мен Өзіне қауышудың бірін таңдауына ерік берді. Ол Аллаһ Тағалаға қауышуды таңдады»⁴⁶⁹ дейді. Ақырғы елшінің айтып отырған құл – өзі. Осы сөздің астарын ұққан Әбу Бәкір пайғамбардың өлімді қалағанын біліп: Жанымыз, мал-мүлкіміз, ата-бабаларымыз бен балаларымыз саған құрбан дейді.

Басқа хадисте осы сүрені сахабаларына оқыған Аллаһ елшісі қатты қуанады. Алайда хазіреті Аббас жылап жібереді. Ақиық пайғамбар: «Неге жылайсың немере ағам?» деп сұрайды. Сонда ол: «Бұл жерде сенің ажалыңның жақын қалғандығын білдіріп тұр ғой» дейді. Пайғамбарымыз да: «Иә, дәл солай» деп жауап қатады⁴⁷⁰.

«ТӘББӘТ» СҮРЕСІ

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ
 تَبَّتْ يَدَا أَبِي لَهَبٍ وَتَبَّ {۱} مَا أَغْنَىٰ عَنْهُ مَالُهُ وَمَا كَسَبَ {۲}
 سَيَصْلَىٰ نَارًا ذَاتَ لَهَبٍ {۳} وَامْرَأَتُهُ حَمَّالَةَ الْحَطَبِ {۴} فِي جِيدِهَا
 حَبْلٌ مِّن مَّسَدٍ {۵}

⁴⁶⁸ Муслим. Салат, 218-220, Мусәфирин, 201; Әбу Даууд. Салат, 119, Әдәб, 27; Тирмизи. Дауат, 32; Осыған ұқсас дұға қараңыз; Уәһбә Зухәйли. әт-Тәфсирул-Мунир, 15-том, 852-бет.

⁴⁶⁹ Бухари. Мәнәкибул-Әнсар, 45, Салат, 80.

⁴⁷⁰ Бухари. Тәфсиру сурә 110, 3.

Мағынасы

1. «Әбу Ләһәбтың қолдары құрысын. Құрыды да!
2. Оның малы да, істеген істері де пайда бермеді.
3. Ол лаулаған отқа кіреді.
- 4-5. Әйелі де мойнында есілген арқанмен, сол отқа отын тасиды».

Бұл сүрені «Мәсәд» және «Ләһәб» сүресі деп те атайды. Меккелік кезеңнің бастапқы шағында түскен сүре. Ақиқат дінге дұшпандық жасап, өштік пен қызғаныштан мәңгілік жаһаннамға кірмей тұрып-ақ дүниеде де отқа кірген мағынасына саятын Әбу Ләһәб пен оның әйелінің ақыры не болатынын баяндайды. Сонымен қатар, Әбу Ләһәбтың кәпір болып өлетінін жылдар бұрын хабар берген.

Түсу себебі

Пайғамбарымызға *وَأَنْذِرْ عَشِيرَتَكَ الْأَقْرَبِينَ* – «Ең жақын туыстарыңа айтып ескерт!»⁴⁷¹ аяты түскен кезде Аллаһ елшісі (с.а.с.) Сафа төбесіне шығып: «Ей, жарандар, таң атты» деп, – айқай салады. Халық бұл кім? деп ақырында сол төбеге жиналады. Аллаһ елшісі сонда: «Сендерге мына таудың артынан атты адамдар шығады десем сенер ме едіңдер?» – дейді. Туыстары: «Әлбетте сенеміз. Біз сенен осы уақытқа дейін туралықтан өзге ешнәрсе естімедік», – деп жауап береді. Аллаһ елшісі: «Ендеше мен сендерге алдарыңда тұрған азапты ескертемін», – дейді. Әбу Ләһәб: «Тәббән ләкә», Өй, нәлет осы үшін бізді шақырдың ба?» – деп орнынан тұрып кетеді. Осыдан кейін «Тәббәт» сүресі түседі⁴⁷².

⁴⁷¹ «Шұғара» сүресі, 214.

⁴⁷² Суити. Дуррул-Мәнсур.

Кейбір деректерде Әбу Ләһәбтың осы сөзді айтып тұрып, екі қолымен жерден тас алып Аллаһ елшісіне лақтырмақ ниетінде болғандығы да айтылады.

Осы сүре түсіп пайғамбардың немере ағасының есімі айтылып тұрып, лағынет етілген соң өзге кәпірлер Аллаһ елшісімен дін хақында бітімге келуден үміттерін үзді. Өйткені, Аллаһ елшісі немере ағасының өзіне мынадай сөз айтқан соң, басқаларының мәмілеге келулеріне мүлде мүмкіндік жоқ-ты. Аллаһ елшісіне күпір ішінде жүзіп жүрген туысынан гөрі, иман еткен бөгде жан әлдеқайда жақын. Пәлен мен түгеннің туысқан баласы екен дегеннің ешбір маңызы жоқ еді.

Тәпсірі

1. **بَبَّتْ يَدَا أَبِي لَهَبٍ وَتَبَّ** – «Әбу Ләһәбтың қолдары құрысын. Құрыды да!». **تَابَ** – «Тәбәәб» сөзінің түбірінен шыққан **تَبَّتْ** – «тәббәт» өткен шағы дұға болып айтылғанда, «жоқ болсын, түбімен құрысын» деген мағынаны білдіреді⁴⁷³.

Пайғамбарымыздың немере ағасы абыройына ие бола тұрса да, иман келтірмей, қайта оған дұшпандық жасап, асқан күпірлік көрсеткендіктен, Әбу Ләһәб осылайша құрдымға кетті. Мұндай жоғары бедел Әбу Ләһәбты құтқаруға жетпесе, Аллаһ елшісіне дұшпандық жасап, тәубе етпеген өзге адамдардың халі қандай болатыны белгілі.

وَتَبَّ – «қолы құрыды да» – деп қайталанып келуі оның сөзсіз үлкен бәлеге душар болып, жермен-жексен

⁴⁷³ Тәфсирул-Бәғәуи. 8-том, 581 бет; Уәһбә Зухәйли. әт-Тәфсирул-мунир, 15-том, 859-бет.

болатындығынан алдын-ала хабар беруде. Көп ұзамай өте жаман ауруға ұшырап, азаптанып өледі.

2. مَا أَغْنَىٰ عَنْهُ مَالُهُ وَمَا كَسَبَ. – «Оның малы да, жасаған істері де ешбір пайда бермеді». Аяттағы «жасаған істері» кейбір ғалымдардың көзқарасы бойынша – Әбу Ләһәбтың балалары. Енді бір тұжырым ол – оның өз ойынша жасаған ізгілік амалдары. وَقَدِمْنَا إِلَىٰ مَا عَمِلُوا مِنْ – «Жасаған әр істерінің алдына шығып, оны айналаға шашылған шаң тәрізді еттік»⁴⁷⁴ аяты осы мағынада. Басқа деректе де Әбу Ләһәбтың: «Егер бауырымның айтқаны расқа айналса малым мен балаларымды құрбан етіп, одан құтыламын» – дегені де бар. Әбу Ләһәб айықпас дертке шалдыққанда малы да балалары да ешбір пайда бермей, өлер алдында жалғыз тастайды. Өлген кезде де оның жанына ауруы жұғады деп балалары да жоламайды. Кейіннен сасып, иісі айналаға жайылып бара жатқан соң халық шулап, балалары біреуді жалдап жүріп әрең денесін үйден шығартып, бір шұқырға апарып көме салады. Құранның Әбу Ләһәб жайлы айтқаны бірнеше жылдың ішінде айнамай келген еді. Иә, қашан да Исламға қарсы шығып, дұшпандық жасаған кәпірлер, жазасын бұл өмірде-ақ көре бастайды. Қағбаны жығуға келген Әбу Ләһәбқа ұқсас Әбрәһа да айдалада өліп, денесі шіріген-ді.

Арада қаншама ғасырлар өтіп, кешегі Кеңестік дәуір келгенде де өз ұлтымыздың арасынан небір атеист Әбу Ләһәбтар шыққан. Солардың бірі Қызылқұм аймағында болған. Кеңес үкіметі алғаш қазақ ауылдарына тарап, атеистік идеология қатты жүргізіледі. Сол ауылдардың бірінде бір атеист белсендісі шығып,

⁴⁷⁴ «Фұрқан» сүресі, 23.

әсіресе жастардың құлшылықтарын аңдиды. Ұстап алса соққыға жығып, сібірге айдатады. Сондықтан иманын жасырған жастар құпия құлшылық жасайды. Бір күні Рамазан айы да келеді. Өлгі жастар ауыздарын жасырын бекітеді. Бірақ, әлгі қазақтың Әбу Ләһәбі бір қулық ойлап табады. Күдіктенген жастың жанына барып, «ауыз бекіттің бе?» деп сұрайды. «Жоқ» деп жауап қатса, қалтасынан нан шығарып, «Ендеше мынаны жеп көр» деп қолына нанды ұстатады. Ол уақытта бір үзім нанның да сондай тапшылау кезі еді. Өлгі жас бала амалсыз жеп, оразасын бұзуға мәжбүр болған екен. Осылайша олардың жүрген іздерін аңдып, талайын қан қақсатқан «Әбу Ләһәб» бір күні адам айтқысыз дертке ұшырап, көп ұзамай ит өліммен өліп кетеді. Осының әрекетін Әбу Ләһәбтің күйімен салыстырып қарасаңыз, бір-біріне қатты ұқсайды. Бір кездері Әбу Ләһәб та Меккеде дәл осылай әрекет еткен.

3. *سَيَصْلَى نَارًا ذَاتَ لَهَبٍ* – «Ол жалындаған отқа түседі». Бұл жердегі от – дүниедегі отқа ұқсамайды. Денелерді ғана емес, рухтарды да өртеп, күйдіретін жаһаннам оты. Жаһаннам отының жанында бұл дүниенің оты таң сәрідегі шығыстан соққан керім самалмен тең.

4-5. *فِي جِيدِهَا حَبْلٌ مِّن مَّسَدٍ وَأَمْرَأَتُهُ حَمَّالَةَ الْحَطَبِ* – «Әйелі де мойнында есілген арқан байланған күйде сол отқа отын тасиды». Әбу Ләһәбтың өзі ғана емес, көмектескені үшін әйелі де отқа бірге түседі. Әркімнің қайда барам десе еркі өзінде. Аллаһ Тағала пендесінің алдына екі жол көрсетіп берген. Бірінің ақыры – жаһаннам, бірінің соңғы аялдамасы – жәннат. Адам нені ниеттеніп, соған жетуге күш-қайрат жұмсаса, Аллаһ Тағала да оның жолын жеңілдетпек. Міне, Әбу Ләһәб

дұшпандығы арқылы жәһәннамға баруды ниетімен өзі қалады. Әйелі де оның сол ниетіне үнемі май құйып, өршітіп отырған-ды. Әбу Ләһәбтың отына әйелі үнемі отын тасып, өршітіп отыруы құба-құп. Оның әйелі де Исламға жала жауып, көрінгенге жамандап, сөз таситын. Пайғамбарымыздың, жүрген жолына тікен шашу арқылы, қолынан келген бар жамандықты жасап қалуға тырысып, еріне көмектескен. Сол себепті оның «Отын тасушы әйел» болуы да өте түсінікті.

Осы сүренің де қазіргі заманмен тікелей қатысы бар. Терең көз салсаңыз, жаңа түсіп жатқандай сезінесіз. Қазіргі кезеңде Ислам дінін жер бетінен жоймаққа ниеттенген арам пиғылды күштер, оларға көмектесіп жүрген лаңкестік топтар бар. Өздерін мұсылман көрсету арқылы дінді қараламақ. Құран мен хадисті жоққа шығаруда. Оны «адамның жазғандары» деп ғылыми жолмен дәлелдегенсіп, кітаптар жазып жүрген еуропаның көптеген шығыстанушылары, олардың идеяларын жақтаушы мұсылмандар арасынан шыққан теолог ғалымдар бар. Олар еуропа ғалымдарының ығына жығылып, қуаттап отырады. Көз салсаңыз істері бірдей.

Аятта جيد – «жид» мойын мағынасына келсе де, негізі алқа тағылған әдемі мойындар деген сөз. Әбу Ләһәбтың әйелі мойнына інжу-маржаннан алқа тағып: «Лат пен Уззаға ант етейін! Осы алқамды сатып, ақшасын Мұхаммедке қарсы пайдаланамын», – дейтін. Сондықтан, «жид», мойын сөзі бұл жерде келеке түрінде берілген. Алқа тағып тәкаппарлық көрсеткен сен сол алқанды, жаһаннамда жіп болып мойныңа оралады. Әлбетте ол жаһаннамның алқасы болғандықтан, азапқа азап қоспақ.

Бұл сүре қияметке дейін Аллаһ елшісінің, дінінің жайылуына кедергі жасағандардың ақырының қандай болатынын жария ету мақсатымен түскен. Әбу Ләһәб пен әйелі дінге дұшпандық етіп, бейбітшілікке тас атқандардың мысалындай⁴⁷⁵.

«ЫҚЫЛАС» СҮРЕСІ

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ
 قُلْ هُوَ اللَّهُ أَحَدٌ { ۱ } اللَّهُ الصَّمَدُ { ۲ } لَمْ يَلِدْ وَلَمْ يُولَدْ { ۳ } وَلَمْ يَكُنْ
 لَهُ كُفُوًا أَحَدٌ { ۴ }

Мағынасы:

1. «Айт: Ол Аллаһ – Жалғыз.
2. Аллаһ – Самад.
3. Тумаған да туылмаған.
4. Оның ешбір теңдесі жоқ.

Алғашқы уахи етілген сүрелердің бірі. Ол төрт аяттан тұрады. «Фатиха» сүресі тәрізді бұның да бір-неше аттары бар. Ең белгілісі – «Ықылас» және «Құл һуаллаһу ахад». Бұл сүре діннің негізгі ұстанымы болған тәухидті ең ғажап түрде жеткізгендіктен «Ықылас» деп аталған. Құраннан басқа ешбір кітап, Исламнан басқа ешбір дін Аллаһ Тағаланы дәл осылай айқындап жеткізе алмаған. Бұл сүре ширктің барлық түрін түгелдей жоққа шығарған.

Сондай-ақ, бұл сүрені «Тәухид» сүресі, «Тәфрид» сүресі, «Тәжрид» сүресі, «Нәжәт» сүресі, «Уәләят»

⁴⁷⁵ Тереңірек мағлұмат үшін қараңыз; Уәһбә Зухәйли. әт-Тәфсирул-мунир, 15-том, «Мәсәд» сүресі.

сүресі, «Мағрипат» сүресі деп те атаған. Өйткені, бұл сүренің мазмұнын толық ұққанда Аллаһ танылады.

Бұл сүреге «Нисбә» сүресі деп те атау берілген. Өйткені, мүшріктер Аллаһ Елшісіне: «Бізге Раббыңның шежіресін айт» – дегеніне қатысты осы сүре түсіп⁴⁷⁶, Аллаһ Тағаланың нәсілден пәк, ада екендігі айтылады.

Бұны «Самад» сүресі және «Муауизә» сүресі деп те айшықтайды. Абдуллаһ ибн Унәус: «Аллаһ елшісі (с.а.с.) көкірегіме қолын қойып, маған «айт» деді. Мен не айтарымды білмедім. Сонда ол: «Ықылас» сүресін айт», – деді. Мен айттым. Сосын: «Фәләк» сүресін айт», – деді, мен айттым. Сосын «Нәс» сүресін айт деді, мен айттым. Осыдан кейін Аллаһ елшісі: «Міне, осылайша Аллаһ Тағалаға сиын! Сиынғандардың ешбірі дәл осылайша сиынбаған»⁴⁷⁷ – дегенін жеткізген.

Бұл сүре айқындағандай, тәухидсіз иман толық болмайтындықтан «Иман» сүресі деп те бейнелеген.

Тәпсірі

«Ықылас» сүресі: *«Аллаһ – Жалғыз. Аллаһ – Самад (Ол ешкімге мұқтаж емес, керісінше, барлық жаратылыс атаулы Оған мұқтаж, тәуелді). Ол тумаған. Ол туылмаған. Оның теңдесі жоқ»*, деген алты сөйлемнен тұрады. Осы алты сөйлем тәухидтің, яғни, Ұлы Жаратушының жалғыздығы мен даралығын дәлелдеумен бірге, Оған ортақ қосудың алты түрін жоққа шығарады. Осы алты сөйлем аса маңызды ақиқаттарға толы тәухид ілімінің шексіз қазынасы. Бұл сүредегі әрбір сөйлем қалған сөйлемдерге әрі дәлел, әрі соның нәтижесі болмақ. Неге десеніз, әрбір сөйлемнің

⁴⁷⁶ Тирмизи. Тәфсиру сурә, 112.

⁴⁷⁷ Нәсәи. Истиазә 1.

екі мағынасы бар. Бір мағынасы арқылы нәтиже, келесі мағынасы арқылы дәлел көрсетілген. Осылайша «Ықылас» сүресінде отыз «Ықылас» сүресіндей ғажайып, бір-бірін айқындайтын дәлелдерден тұратын сүрелер тоғысқан.

Мысалы

قُلْ هُوَ اللهُ لَأَنَّهُ أَحَدٌ، لَأَنَّهُ صَمَدٌ، لَأَنَّهُ لَمْ يَلِدْ، لَأَنَّهُ لَمْ يُولَدْ، لَأَنَّهُ لَمْ يَكُنْ لَهٗ كُفُوًا أَحَدٌ، لَأَنَّهُ لَمْ يُولَدْ، لَأَنَّهُ لَمْ يُولَدْ، لَأَنَّهُ هُوَ اللهُ، هُوَ اللهُ، فَهُوَ أَحَدٌ، فَهُوَ صَمَدٌ، فَذَا لَمْ يَلِدْ فَذَا لَمْ يُولَدْ فَذَا لَمْ يَكُنْ كُفُوًا أَحَدٌ

Яғни, «Айт! Ол – Аллаһ, өйткені, Ол – Жалғыз, өйткені, Ол – Самад, өйткені, Ол – тұмаған, өйткені, Ол – туылмаған, өйткені, Оның ешбір теңдесі жоқ. Оның ешбір теңдесі жоқ, өйткені, Ол – туылмаған, өйткені, Ол – тұмаған, өйткені, Ол – Самад, өйткені, Ол – Жалғыз, өйткені, Ол – Аллаһ. Ол – Аллаһ, демек Ол – Жалғыз, демек, Ол – Самад, ендеше Ол – тұмаған, ендеше, Ол – туылмаған, ендеше Оның ешбір теңдесі жоқ». Осылайша тізбектеп отызға дейін жалғастыруға болады⁴⁷⁸. Міне, әрбір аят бір-біріне дәлел әрі нәтиже арқылы байланысқан. Түсінікті болу үшін кеңірек баяндайық. Мысалы, «Ол – Аллаһ». Осы сөйлем бейне бір күн секілді қалған сөйлемдермен тығыз байланысып, айналдыра тартып, өзіне әрі дәлел, әрі нәтиже етіп тұр. Әуелі, осы «Ол – Аллаһ» сөйлеміндегі Ұлы Жаратушының Аллаһ екендігін қалған сөйлемдер дәлелдеуде. «Аллаһ» күллі жаратылысты жоқтан жаратқан Ұлы Жаратушының есімі. Оның Жаратушы екендігін келесі «Ол – Жалғыз» сөйлемі айқындап тұр.

⁴⁷⁸ Жалғасын қараңыз; Мехмет Килежи. Куран Мужизесі, 149-бет.

Өйткені, Жаратушы екеу болмақ емес. Бір қаланы екі әкім, бір елді екі елбасы басқаруы ақылға қисынсыз. Ендеше, ғаламды екі құдай қалайша басқара алмақ. Өрі екі құдайдың болуы құдайлық сипатқа теріс ұғым. Өйткені, құдай деп құдіреті шексіз, әлсіздіктен ада, пәк, ұқсасы болмаған, жаратылмағанды айтамыз. Өзі сықылды теңдесі болған, құдіреті өзгемен тең, ендеше әлсіздігі бар, әлсіздігі болу жаратылғанға ұқсас, демек жаратылған деген ұғымға сай келгендік құдай болмақ емес. Құранда: *لَوْ كَانَ فِيهِمَا آلِهَةٌ إِلَّا اللَّهُ لَفَسَدَتَا فَسُبْحَانَ اللَّهِ رَبِّ الْعَرْشِ عَمَّا يَصِفُونَ* – «Егер жер мен көкте Аллаһтан басқа тәңірлер болғанда екеуі де жермен-жесексен болар еді»⁴⁷⁹, – дейді. Өрі өзі тәрізді екінші құдайдың болуы – ғаламзатты ақылдасып жаратып, бірге басқаруда деген ұғым. Патша уәзірдің кеңесіне мұқтаж болуы әбден мүмкін, бірақ, біреудің ақылына мұқтаждық еткен құдай болмақ емес. Өйткені, бөгдеден ақыл сұрау – нұқсандықты, жарымдылықты көрсетеді. Кемшілігі бар құдай болмақ емес. Әлем нұқсан жаратылса, әпсәтте күл болмақ. «Тәбәрак» сүресінде *الَّذِي خَلَقَ سَبْعَ سَمَاوَاتٍ طِبَاقًا مَا تَرَى فِي خَلْقِ الرَّحْمَانِ مِنْ تَفَاوُتٍ فَارْجِعِ الْبَصَرَ هَلْ تَرَى مِنْ فُطُورٍ* – «Бірінің үстіне бірін көтеріп, Аллаһ жеті қат аспанды жаратты. Рахманның жаратуынан ешқандай ақау таба алмайсың. Сен аспанға қайта-қайта қара көз таста. Бір сызат көрер ме екенсің?»⁴⁸⁰ аяты ғаламның ақаусыз жаратылғанын, әрі күн сайын, сәт сайын ақаусыз жаратылуы Жаратушының нұқсандықтан пәк болуының айғағы. Ол пәктік Хақ

⁴⁷⁹ «Әнбиә» сүресі, 22.

⁴⁸⁰ «Тәбәрек» сүресі, 3.

тағаланың жалғыздығының куәсі. «Жалғыздық – Құдайға ғана жарасқан». Ендеше, жалғыздық сипатқа иелік еткен біреу ғана әлемнің Жаратушысы болмақ. Ол – Аллаһ. Оның құдайлығына дәлелдік еткен келесі сөйлем «Өйткені, Ол – Самад». Самад – ешкімге һәм ешнәрсеге мұқтаж болмау, кіріптарлық, тәуелділіктен ада, керісінше барлық нәрсе өзіне мұқтаж болу, тәуелді болу. Осы сипат Аллаһтың ұлылығына дәлел болмақ. Иә, қоректену, мекен ету, заманға тәуелді болу, біреуге тізгінін ұстату, әлсіздік таныту құдай сипатына теріс нәрсе. Керісінше, күллі заман мен мекеннің тізгінін тартып, жаратылғанды өзіне шексіз тәуелді еткен, жәрдеміне барлығын мұқтаж қылған біреу ғана Құдай Тағала болмақ. Аллаһ – жаратылмаған. Жаратылған қашанда мұқтаждықпен бірге. Самад мұқтаждықтан ада, керісінше өзгені мұқтаж еткен сипатына көз салсақ, Аллаһтың жаратылмағандығын, яғни, құдайлығын айқындап тұр. Әрі Аллаһтың мекен-тұрағы, заман өлшемі, көлемі жоқ, шектеусіз. Мекен мен заманы, көлемі мен шектеулі болуы – мұқтаждықты көрсетеді. Әрі өзгені өзіне мұқтаж қылып, самәд сипатына лайық болу – бұл Құдай тағаланың күллі жаратылысты өзіне мұқтаж еткендігін айқындап тұр. Ендеше, «Ол – Самад» сөйлемі Оның құдайлығына анық дәлел болады. Әрі Аллаһ Тағаланың жалғыздығына да дәлел болуда. Өзгеге мұқтаж болмай, өзгені мұқтаж еткен Құдай қашанда жалғыз болмақ. Ендеше, Ол – Самад. «Өйткені, Ол – тумаған». Туу – біреуге мұқтаж болу, бір нәрседен құралу, жаралу һәм жалғыз емес, туған нәрсесі өзіне ұқсау әрі өзгені туғандығына қарағанда, оның да әуелі, басы болу деген сөз. Бұл – аталмыш сипаттардың бәріне де теріс, қарама-қарсы, жат ұғым. Бұл барлық ортақ қосушыларға

айтылған нақты жауап. Туған ешқашан жаратушы болмақ емес. Ендеше, тумаған, жаратылмаған біреу ғана Самад, Жалғыз, Құдай болмақ. Аллах – тумаған. «Өйткені, – туылмаған». Туылу – туу, тууға себепкер болу, біреуден туылғандықтан өзгеге мұқтаж қалу, ұқсасы көп болу, әлсіз болу деген ұғымдарды қамтиды. Бұл – бір тұрғыдан алғанда христиандарға берілген жауап. Хазіреті Иса анадан туылған. Ол туылғандықтан оның ұқсастары өте көп. Өзгелерге мұқтаж. Әу баста анасының ақ сүтіне мұқтаж. Одан әрі ауаға, мекенге, жылуға, т.б. толып жатқан нәрселерге мұқтаж. Оның рухы да мейірім-шапағатқа, қала берді денесіне мұқтаж. Ал туылмау – бастауы болмау, тумау, жаратылмау, мұқтаж болмау, жалғыз болу, құдай болу деген ұғымға иелік еткендіктен өзінен алдыңғы барлық сөйлемдерді айқындап тұр. Ендеше, Ол – туылмаған. «Өйткені, Оның ешбір теңдесі жоқ». Теңдесі болу – туылу, бастау болу, ұқсасы болу, өзгеге мұқтаж қалу деген ұғымды білдіргендіктен, мұндай сипатқа ие құдай болмақ емес. Өзгеге ұқсамаған теңдессіз дара біреу ғана құдай болмақ. Осы ақырғы сөйлем өзінен бұрынғы сөйлемдерге дәлел болумен қатар, екінші сөйлемдей әуелгі «Ол – Аллах» сөйлеміндегі Ұлы Жаратушының құдайлығына дәлел болып тұр. Ал енді осы сүренің ақырғы «Оның ешбір теңдесі жоқ» сөйлемінен басталық. Осы кезде оның дәлелі өзінен алдыңғы сөйлем болып тұр. «Өйткені, Ол – туылмаған». Туылғанның қашанда теңдесі, өзіне ұқсасы бар. Туылмаған, жаратылмаған біреудің ғана теңдесі болмайды. «Өйткені, Ол – тумаған, өйткені, Ол – Самад, өйткені, Ол – Жалғыз, өйткені, Ол – Аллах». Ал енді сөйлемдердің алдыңғы сөйлемге нәтиже болу тұрғысынан қарап көрелік. «Ол – Аллах». Аллах – күллі

әлемдердің Раббы. Ол жаратылысты жоқтан жаратқан. Әрбір атом жаратылған. Жаратылғандығына қарағанда, оның жаратушысы да бар болуы ләзім. Салынған нәрсе болса, оның салушысы, жасалған нәрсе болса, оның жасаушысы, өнердің ұстасы, суреттің суретшісі де бар деген сөз. Ендеше, әлем жаратылған. Жаратылғанның, әлбетте жаратушы Құдайы да болмақ. Яғни, Аллах – Хақ. Демек бұдан Ол – Жалғыз деген нәтиже шығады. Ғаламды жоқтан жаратқан күдіретті Құдай Тағала ғана – жалғыз болмақ. Оның осы жалғыздығынан «Ол – Самад» деген нәтиже тумақ. Самад, алдыңғы сөйлемге де, екінші сөйлемге де нәтижелік міндет атқаруда. Аллах Тағала – ұлы, құдыретті! Ендеше, Ол – Самад! Самад ешкімге мұқтаж емес, қайта күллі жаратылыс Оған мұқтаж. Ендеше, Ол тумаған, жаратылғанға ұқсамаған деген нәтижені береді. Демек, Ол – тумаған!⁴⁸¹

«ФАЛАҚ» СҮРЕСІ

سورة الفلق

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

قُلْ أَعُوذُ بِرَبِّ الْفَلَقِ { ۱ } مِنْ شَرِّ مَا خَلَقَ { ۲ } وَمِنْ شَرِّ غَاسِقٍ إِذَا وَقَبَ { ۳ } وَمِنْ شَرِّ النَّفَّاثَاتِ فِي الْعُقَدِ { ۴ } وَمِنْ شَرِّ حَاسِدٍ إِذَا حَسَدَ { ۵ }

“Жаратқан нәрселердің кесірінен, қараңғылық басқан сәтте түннің кесірінен, түйіншектерге дем салып, дуалаушылардың кесірінен және қызғаныштан тұла

⁴⁸¹ Құран кімнің сөз. Мұхитдин Исаұлы, Алматы. 2005, 90-93 беттер.

бойы өрт болып жанған көре алмаушылардың күндеген сәттегі кесірінен таңның Раббына сиынамын”, – де.”

“Таңның Раббына сиынамын. Жаратқан нәрселердің кесірінен. Қараңғылық басқан сәтте, түннің кесірінен, түйіншектерге дем салып, дуалаушылардың кесірінен және қызғаныштан тұла бойы өрт боп жанған көре алмаушылардың күндеген сәтте кесірінен”, – де”.

Бұл сүренің аты осы сүренің алғашқы аятындағы «фәлақ» сөзінен алынған. Сүре бес аяттан тұрады. Бұл сүреде адамдардың барлық жамандық пен пәлекеттерден Аллах Тағалаға қалай сиынып, қалай Оның қорғанына кіру жолдары айтылады.

1. قُلْ أَعُوذُ بِرَبِّ الْفَلَقِ – «Айт: Таңның Раббысына сиынамын». Сиыну мақсаты – қорыққан кісі сақтану үшін өзге біреуді арқа сүйеп, паналайды. Сиынған адам бір нәрседен қорқып, оған шамасы жетпейтінін сезген кезде, қуатты біреуге сиыну қажеттілігін сезінеді. Һәм сиынушы өзінің паналағаны, қорыққан нәрселерге күші жетіп, оны қорғай алатынына бек сенеді⁴⁸².

Сүренің басындағы قُلْ – «айт» сөзі – уахидың бір бөлігі. Аллах Елшісінің пайғамбарлық хабарының бір бөлігі. Бұл жарлық әуелі Пайғамбарға айтылғанмен бұдан басқа да әрбір мұсылманға айтылған жарлық.

بِرَبِّ الْفَلَقِ – «Фәлақтың Раббысына». Жарып ж - ратушы, өліден тіріні тіріден өлі шығарушы және қараңғылықты жарып, таңды ашушы. Бұл аяттағы «Фәлақ» сөзі – қазақ тілінде «жарып шығару» мағынасына саяды. Бұл жерде шамасы «фәлақ» қараңғылықтың жарылуынан пайда болған таң уақыты,

⁴⁸² Уәһбә Зухәйли. әт-Тәфсирул-мунир, 15-том, 877-бет.

яғни, таң құланиектеніп айналаға сәулесін шашқан жарық, яки, таң бозарып атқан сәттегі, шапақты меңзейді. Бұл қазақ тіліндегі «таң» деген сөз. Көптеген тәпсіршілер бұл аятты жалпыға танымал «таң» мағынасымен тәпсір етуді жөн көрген. Ендеше, осы мағынаға сай «Раббул-Фәлақ» «Таңның Раббысы» деп тәпсір еткен. Яғни, «таңды атырушы, шығарушы» деген сөз. Түн жамылып, қараңғылықта қалған пенденің қалай таңның атуын күтсе, қорқыныштың қараңғылық қапасында қалған адам баласы да, азаттық пен қуаныш нұрының атуын қалайды. Түн өзінің қараңғы жамылғысын түрген кезде, таң бозарып атып, жарық келеді. Бұл мағынасында біз қиыншылықтан кейін жеңілдік пен кеңшіліктің келетінін ұғамыз. Бірақ, бұдан басқа да Аллаһ Тағала жарыққа жарып шығарған барлық нәрселерді де меңзеген болуы ықтимал. Жердің жарылуы арқылы дүниеге шыққан күллі өсімдіктер мен жасыл желектер, таулардың арасынан тасты жарып шығып, сарқырап аққан сулар мен сылдырап күнге шағылысқан бұлақтар, жөңкіле көшкен бұлттардан сіркіреген жауындар, құрсақтан босап, дүниеге шыққан нәресте, дақылдардан шыққан бүршіктер. т.б. барлық жаратылыстар осы «фәлақ» сөзінің аясына саяды.

Кейбір тәпсіршілер «Раббул-иншиқак» «жарылғандардың Раббы» деуге әлдеқайда лайық деп өз жорамалдарын айтқан. Бұл мағына – адамдардың жүрегінің елжіреп, жүрегінде мағрипат тағылымдарының бүршік жаруынан бастап, ғаламзаттағы күллі жарылыстарға дейін қамтиды. Шынында да, ұшы-қиыры жоқ шексіз әлемді біртұтас болып тұрған шағында, оны қазіргі түріне әкеліп, арнайы бір жүйе құрған Хақ Тағаланың ұлылық тұрғысынан

сөз етілуі *قُلْ أَعُوذُ بِرَبِّ الْفَلَقِ* – «Құл аузу би Раббил-фәләқ» (Айт: күллі жаратылыстың Раббысына сиынамын) дегуге әлдеқайда лайық. Сондықтан бұл аят ғаламзаттың жоқтан бар, жарылысынан бастап, күннің Аллаһ Тағаланың жаратуымен бар болғанына дейін барлық жарылыстарды қамтиды.

Бұл жерде Аллаһтың зат есімінің орнына сипат есімі болған «Раббтың» қойылуының хикметі мынау: Рабб, яғни, «тәрбиелеуші», «өсіруші» сипатының сиыну халіне әлде қайда лайық келуі. Яғни, *بِرَبِّ الْفَلَقِ*, «би-Раббил-фәләқты» (жаратылыстың Раббы) «Тәңді аттырып, жаратқан Рабб» деп түсінсек аяттың мағынасы: «Түн қараңғылығынан күндіздің жарығына шығарған Раббқа сыйынамын. Ол Рабб түннің кесапатынан шығарып, күндіздің амандығына жеткізген».

2. *مِنْ شَرِّ مَا خَلَقَ* – «Жаратқан нәрселердің кесірінен». Яғни, Рабб заттық және рухани, дүние мен ақыретке қатысты барлық жамандығы мен кесапаты тиетін жаратылғанды қамтиды. Адам мен жын және барлық шайтандардың жамандығынан бастап, жыртқыш аңдар, жәндіктер, микробтар жамандығына, һәм у мен оттың жамандығынан, күнәлар мен нәпсінің жамандығынан һәм амалдардың жамандығына дейін, жаратылғанның кез келген зияны тиетін нәрселердің жамандығынан Раббысына сиыну.

3. *وَمِنْ شَرِّ غَاسِقٍ إِذَا وَقَبَ* – «Қараңғылық басқан сәтте, түннің кесірінен». *غَاسِقٍ* – «Ғасиқ» сөзі – бірнеше мағынамен тәпсір етілген. «Фәләқ» сөзін таң деп тәпсірлеген ғалымдар бұл сөзді – «түн» мен «тас қараңғылық» деп, ал, *وَقَبَ* – «уақабә» сөзін – «түн

қараңғылығының басқан кезеңі» деп тәпсір еткен. Қараңғылық – жаманшылық пен кесапаттың жайыла бастауы. Жалпы қылмыстар түн қараңғылығында жасалады. Зиянды жәндіктер мен жыртқыш аңдар да түнде шығады. Айналаны қараңғылық баспай, жаманшылық шықпай тұрып, Аллаһ Тағалаға сиынып сақтану ең қажетті нәрсе. Аятта, әсіресе, түн қараңғылығы басқан шақта шығатын барлық жаманшылықтардан Аллаһ Тағалаға сиынуды танытқан. Бұл жерде түн қараңғылығының жаманшылығынан таңды әкелген Аллаһқа сиындағы тереңдік аса маңызды.

Кейбір тәпсіршілер «Ғасиқты» – ай деп, «Уақабаны» (түн қараңғылығын) да айдың тұтылуы, яки, ай соңындағы үш күн деп тәпсірлеген. Һәм бұған қатысты бір хадис те айтылған. Хазіреті Айша: «Бір күні Аллаһ елшісі (с.а.с.) айға қарады да: *«Ей, Айша! Мынаның кесапатынан Аллаһ Тағалаға сиын. Өйткені, бұл қараңғылық түскен кездегі түн»*, – деді⁴⁸³.

4. وَمِنْ شَرِّ النَّفَّاثَاتِ فِي الْعُقَدِ – «Түйіншектерге дем салып, дуалаушылардың кесірінен». النَّفَّاثَاتُ – «Нәффәсәәти» – жіптерге, түйген түйіндерге, жүректердегі сенімдерге үпірген дуалаушылар, үпіріп оқитын әйелдер немесе қоғамдардың жаманшылығынан Аллаһ Тағалаға сиынамын.

Оқып дем салу Ислам дінінде дұрыс па?

Сиқырлық іс-әрекет араласпаған, яғни, жаманшылық пен шайтандық үшін емес, қайта одан қорғану мақсатымен және бір ауруға қарсы Аллаһтан

⁴⁸³ Тирмизи.Тәфсиру сурә 113, 114-1.

шипа тілеп өзіне, өзгеге таза жүрек пен түзу ниет арқылы бір дұға, аятты оқып үпіру дінде рұқсат етілген. Ешкімге зияндық тигізу не болмаса жолдан тайдыру, я Аллаһтан басқаға сиыну мағынасы жоқ. Осы сүрелерде «Сиынамын де!» әмірі де әрбір нәрседен Аллаһ Тағалаға сиыну қажеттілігін айтады. Аллаһ елшісінің өзі мен өзгеге осылайша оқып үпіргені және осылайша жақсылық үшін оқып, дем салуға рұқсат етілгені шындық. Осылай оқу арқылы мейлі рухани, мейлі тәндік қаншама науқастар шипа тапқаны белгілі. Бұлай оқу Ислам дінінде айтылып қана қоймаған, сонымен қатар, әмір етілген.

Афу ибн Мәлик Әшжәи былай дейді. «Біз Исламнан бұрын оқып, дем салатын едік. Аллаһ елшісінен осы хақында не дейтінін сұрағанда ол: *«Оқып, дем салған дұғаларыңды маған айтыңдар. Оқуда ширк болмаса, ешқандай қауіп жоқ»*, – деді»⁴⁸⁴.

Пайғамбарымыз: *«Әрбір аурудың бір шипасы бар»*⁴⁸⁵ деген хадисінде тәндік ауруға тәндік себептер арқылы емдегені тәрізді, рухани науқастарға да рухани емдеу дұрыс. Бірақ, бұл жерде шипа өзгеден, дәріден, оқығаннан емес, шипа Аллаһ Тағаладан болмақ. Емдеген кезде де алдаудан, дуалаудан, зияндықтан аулақ тұруы тиіс.

Түзу ниет арқылы Аллаһ Тағалаға сиынып, Одан шипа тілеп оқып, дем салу сөзсіз дуалаушылықпен ешбір қатысы жоқ. Оқып үпірудің дұрыстығын ғалымдар сахих хадис кітаптарынан дәлел алып көрсеткен.

1. Аллаһ елшісі (с.а.с.) аздап мазасызданған еді. Жәбірейіл оған оқып дем салды да: *«Саған жапа шек-*

⁴⁸⁴ Муслим. Сәләм, 64.

⁴⁸⁵ Бухари. Тыбб.

тірген әр нәрседен Аллаһтың есімімен саған оқып, дем саламын. Аллаһ саған шипа берсін»⁴⁸⁶, – дейді.

2. Хазіреті Айша: «Аллаһ елшісі (с.а.с.) мазасызданған науқастың жанына барған кезде, оны оң қолымен сипап былай дейтін: «Адамдардың Раббы Аллаһым! Осы ауыртпалықты кетіріп, шипа бер. Сен шипа берушісің. Сенің шипаңнан басқа ешбір шипа жоқ. Сенің шипаң ешбір дерт қалдырмайды», дегенін жеткізген⁴⁸⁷.

5. وَمَنْ شَرَّ حَاسِدٍ إِذَا حَسَدَ – «Қызғаныштан тұла бойы өрт бой жаңған көре алмаушылардың күндеген сәттегі кесірінен». Бұл аяттың басынан бері жаман нәрселердің кесірлері жеке-жеке айтылып, солардан Аллаһ Тағалаға сиыну қажеттілігі айтылған. Ақырғысында қызғанып, көре алмаушыдан сиын деп айтылуы, көре алмаушылықтың алдыңғылардан да ең жаман екендігінің белгісі. Өйткені, қызғаныш көкте де, жер бетінде де алғаш рет Аллаһ Тағалаға қарсы шығуға себеп болған ауыр күнә. Алғашқысы көкте болған еді. Хақ Тағала Адам атаны жаратқанда, Ібіліс қызғаныштан от болып жанған. Өйткені, адам жаралмай тұрғанда ол ғаламзат ішінде жалғыз еркі бар саналы жан еді. Яғни, адамнан бұрын жындар жаратылған. Жындардың ішінде ібіліс ең ардақтысы болғандықтан дәрежесі жоғарылап, көкке шыққан. Бірақ, көп ұзамай Адам ата жаратылды. Ол жер бетінің халифасы әрі күллі ғалам адамзатқа бағындырылатын болды. Жындар да адамға бағынуы тиіс. Өзінен үстем біреудің шыққандығын көрген Ібіліс қызғанышын ішіне сыйдыра алмай Хақ Тағалаға қарсы шығып, Оның рақымынан

⁴⁸⁶ Бухари. Тыбб, 38; Муслим, Сәләм, 40.

⁴⁸⁷ Бухари. Мәрдә, 20, Тыбб, 38, 40.

мәңгілікке қуылды. Екіншісі – жер бетінде болған. Адам Ата жер бетіне түскен соң көп ұзамай ұрпағы көбейді. Сонда Қабылдың егіз қарындасын Абылға бермек болады. Қабыл қарындасын қызғанып, Абылды өлтіріп, жер бетінде алғаш рет қан төгіледі. Содан бері кімде-кім жазықсыз адам өлтірсе, алдымен соның күнәсі Қабылға жазылуда. Міне, қияметке дейінгі кісі өлтіру күнәларының Қабылға жазылуына сол қызғаныш себеп болған еді. Көре алмаушылық Исламда үлкен күнә болып саналады.

«НАС» СҮРЕСІ

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ
قُلْ أَعُوذُ بِرَبِّ النَّاسِ { ۱ } مَلِكِ النَّاسِ { ۲ } إِلَهِ النَّاسِ { ۳ } مِنْ شَرِّ
الْوَسْوَاسِ الْخَنَّاسِ { ۴ } الَّذِي يُوَسْوِسُ فِي صُدُورِ النَّاسِ { ۵ }
مِنَ الْجِنَّةِ وَالنَّاسِ

«Адамдардың жүрегіне жаман ойлар салып, азғыратын жын мен адам шайтанының кесірінен адамдардың Раббына, адамдардың жалғыз Иесіне, адамдардың Құдайына сиынамын! – де».

«Адамдардың Раббына, адамдардың жалғыз Иесіне, адамдардың Құдайына сиынамын. Сол бір азғырушы шайтанның кесірінен. Ол – адамдардың жүрегіне жаман ой салып, азғырады. Ол шайтан жындардан да, адамдардан да шығады», – де».

Сүре атауы аят соңдарында қайталанған «адамдар» мағынасындағы «нас» сөзінен алынып қойылған. Бұл сүре алты аяттан тұрады. Және «Фәләк» сүресінің

жалғасы болып, адам мен жынның азғыруынан Аллаһ Тағалаға сиынуды әмір еткен.

Тәпсірі

1. قُلْ أَعُوذُ بِرَبِّ النَّاسِ – «Айт: Адамдардың Раббына (сыйынамын)». «Фәлақ» сүресінде айтылғандай бұл жерде «әузу» (сиынамын) деп айтылып, Аллаһтың үш сипаты хақында сөз қозғалып, Оған сиыну керектігі әмір етілген. Біріншісі: رَبِّ النَّاسِ – «би Раббин-Нас». Адамдарды өсіріп, жетілдірген, тәрбиелеушісі, иесі Аллаһ Тағала. Екіншісі: «Мәликин-Нас». Барлық адамдардың патшасы мен билеушісі Аллаһ. Үшіншісі: «Илаһин-Нас». Адамдардың нағыз құлшылық етуіне лайық Аллаһ.

«Илаһ» сөзі Құранда екі мағынада берілген. Біріншісі: ешқандай құдайлық құдіретке лайық емес бола тұрса да, құдайлық дәрежеге шығарып, кейбір пенделердің құлшылық қылған жеке тұлғасы, яки, зат. Екіншісі: өзіне құлшылық қылуға лайық нағыз Илаһ-Құдай. Оған құлшылық қылса да, қылмаса да Ол – илаһ. Міне, Құранда Аллаһ үшін айтылған «илаһ» сөзі осы екінші ұғымда берілген.

Бұл аятта Ұлы Жаратушы негізінде барлық жаратылыстың Раббы бола тұра, адамдардың абыройын көтеріп, оларға жоғары баға беру үшін «Адамдардың Раббы» деген. Жалпы Аллаһ Тағаланың адамның беделін үстем етуі былай болған: Ғаламзаттағы барлық нәрсені олардың әміріне беріп бағындырған. Оларға ақыл мен ілім беріп қуаттаған. Періштелеріне оларға сәжде еттірген. Сондықтан да, адамдар сөзсіз барлық жаратылыстың ең үстемі саналады.

2. مَلِكِ النَّاسِ – «Адамдардың жалғыз Иесіне (сиынамын)». Яғни, сол бір адамдарды тәрбиелеп өсірген және адамдардың бәрін бірдей заңына бағындырып, ілім мен хикметіне сай әмір беріп, тыйым салу арқылы басқарған адамдардың Патшасына сиынамын. Ол – тек қана біздің мына көрген дүниеміздің Раббы мен Патшасы емес, сонымен қатар Құранның: قُلِ اللَّهُمَّ مَالِكَ الْمُلْكِ تُؤْتِي الْمُلْكَ مَنْ تَشَاءُ وَتَنْزِعُ الْمُلْكَ مِمَّنْ تَشَاءُ وَتُعْزِزُ مَنْ تَشَاءُ وَتُذِلُّ مَنْ تَشَاءُ الْمُلْكَ مَنْ تَشَاءُ وَتَنْزِعُ الْمُلْكَ مِمَّنْ تَشَاءُ وَتُعْزِزُ مَنْ تَشَاءُ وَتُذِلُّ مَنْ تَشَاءُ – «Айт: «Ей, мүліктің Иесі Аллаһым! Сен қалағаныңа мүлік бересің, қалағаныңнан мүлікті аласың, қалағаныңды үстем етіп, қалағаныңды төмендетесің. Сенің барлық нәрсеге күшің жетеді»⁴⁸⁸ аятында айтылғандай, қалағанына мал-мүлік беріп, патша еткен, қалағанда патшаларды бір сәтте тақтан тайдырып, жермен-жексен еткен, қалағанының мерейін үстем етіп, қалағанын қор қылған ұлы құдыретке иелік еткен патшалардың Патшасы, сұлтандардың – Сұлтаны, иелердің – Иесіне сиынамын.

Кейбір тәпсіршілер былай дейді: «Адамдардың Раббысына, адамдардың Патшасына, адамдардың Құдайына (сиынамын)» деп әмір етілуінде мынадай сыр бар: Адамдардың ішінде небір патшалар бар. Аллаһ Тағала Өзінің олардың да Патшасы екендігін айтып тұр. Және адамдар арасында Өзінен өзгеге табынушылар бар. Олардың да Құдайы мен Иесінің Өзі екендігін айтып сол үшін патшалар мен көсемдерге емес, Өзіне сиыну қажеттілігін білдірген.

3. إِلَهِ النَّاسِ – «Адамдардың Құдайына сиынамын». Адамдардың құлшылық етуге лайық Құдайына. Ол –

⁴⁸⁸ «Әли Имран» сүресі, 26.

жарату мен әмір қылу, бар ету мен жоқ ету, өмір беру мен өлім беру, сауап пен жаза беруші құдіретке ие хәм ешбір жаратылысқа мұқтаж болмаған, қайта барлық жаратылыс Оған ғана мұқтаж – Жаратушы Жаппар Ие. Міне, осындай ұлы құдірет Өзіне ғана тән болған, Жалғыз да Сәмәд Аллаһ Тағалаға сиынамын.

Біз бұл жерде мынаны айқын байқаймыз. Алдыңғы сүреде үш нәрсенің жаманшылығынан «Таңның Раббына сиын» деп, Аллаһ Тағаланың бір ғана сипаты айтылған мына аятта бір нәрсенің жаманшылығынан Аллаһ Тағаланың «*Рабб, Патиа, Құдай*» тәрізді үш бірдей сипатына сиынуды аса қажет етіп тұр. Ендеше, ақырғы сүредегі бір ғана жаманшылық алдыңғы сүредегі үш жаманшылықтан әлдеқайда қауіпті де қатерлі екендігін ескертіп тұр. Адам баласы осы жаманшылықтан өмірінің барлық кезеңдерінде, әсіресе, ақырғы ақтық сәтінде сақтануды негізгі мақсат етуі тиіс.

4. مِنْ شَرِّ الْوَسْوَاسِ الْخَنَّاسِ – «Сол бір азғырушы шайтанның кесірінен». Яғни, адам баласын ақиқат жолынан тайдырып, адастыру үшін әр түрлі айла тәсілдер арқылы жасырын түрде азғырған шайтаннан – Аллаһ Тағалаға сиынамын.

الْوَسْوَاسِ – «уасуас» өте көп азғырушы деген сөз. Бұл жерде шайтанның бір есімі ретінде берілген. Өйткені, оның барлық ісі мен өнері, жалпы өмірі – адамдарды азғыруға арналған.

الْخَنَّاسِ – «ханнас» сөзі де бір іс-әрекетті көп қайталаушы мағынасына саяды. Қайта-қайта келіп, адамның басын айналдырып, азғыруға тырысу. Кейбір тәпсіршілердің пікірі бойынша «Ханнастың» мағынасы былай: Кейде жасырынып, кейде көрнеу түрде, әртүрлі

жолдар арқылы адамдарды жолдан тайдырушы. Сүренің аяғында «жын мен адамдардан» деу арқылы адамдар арасында да осындай «Ханнастар» бар деген сөз. Яғни, әртүрлі азғындық жүйелері арқылы қоғамның көркем мінезін жермен-жексен етуге тырысып бағу. Белгілі бір уақыт өткен соң жаңа азғындық жоспарлар құру арқылы, қоғам арасына ірікті салу. Қоғамды азғындық жолға салу үшін сол ғасырдың барлық құралдарын сол бағытқа пайдалану. Ел ішіне лаңкестік жолдар арқылы бүлік салып, айрандай ұйыған бір ұлтты жік-жікке бөліп, бір-біріне айдап салу. Қоғамның қаймағы аталған зиялыларының да санасына қарама-қайшы пікірлер салып, бір-бірімен айтыстырып, сөз таластыру. Міне, осы тәрізді іс-әрекеттің барлығына осы аяттағы *الْوَسْوَاسِ الْخَنَّاسِ* – «Уасуасул-Ханнас» (Азғырушы Ханнас) себе - кер болмақ.

Адам уасуаса-азғыру басталған сәттен-ақ, Аллаһ Тағалаға сиыну қажеттілігі осы аяттан білінеді. Өйткені, азғыру алдымен бейқам, ойсыз күй кешкен адамдарға қатты әсер етеді. Мұндай адамның жүрегіне үрлеп, жамандыққа деген пейіл туғызады. Осы арам ниет ақыр соңында сананың қалауына айналады да, азғырудың әсері арқылы әбден қатайып, жетіліп-піседі. Осының кесірінен әлгі пенденің арам амалы жарыққа шығады. Азғырудың жаманшылығынан Аллаһ Тағалаға сиынудың мәнісі әуел бастан-ақ азғырудың жүректе қылтитқан жаманшылығын жоқ етуі. Өртті жана бастағанда су сеуіп өшіргендей адам да жүрегінде азғыру басталғанда Аллаһ Тағалаға сиынып, уасуаса отын өшіруі тиіс. Болмаса, құрғақ қамысқа лап етіп ти-

ген өрттей адам жүрегі мен санасындағы уасуаса өртін сөндіруі қиынға соқпай.

Уасуаса-азғырушының азғыру жолдарын былайша да беруге болады. Ол алдымен адамға күпірлік, атеисттік, ширк келтіру, Аллаһ пен елшісіне қарсы келуге, мұсылмандарға дұшпандық жасауға айдап салады. Арам ойы іске аспай, өзі нысанаға алып, азғырған адамы мұсылмандықтан бас тартпаса онда ол бұдан кейін оны Ислам ішіндегі «бидғаттарға» қызықтырып, соны жасатуға күш салады. Осы арқылы кішкене күнәлар жасатып, осы күнәларының үлкен күнәларға айналуына жанын салып бағады. Бірақ, ол бұнда да мақсатына жете алмаса, әлгі мұсылманның өзінің Ислам түсінігін ғана дұрыстатып, өзге мұсылмандардың барлығының исламдық түсінігін жоққа шығартуға айдап салады. Мысалы, «Сен ғана нағыз мұсылмансың, өзгелерінің бәрі де кәпірлер. Сондықтан, сен оларды өзіңе бағындыруың қажет» деген тәрізді. Бұған да ырық бермей, алданбаса адам мен жындардың барлық шайтандарын қозғап, барлығы бірдей халыққа әлгі адамды жаман етіп көрсетуге тырысады. Осы кезде шайтан әлгі мұсылманға келіп: «Сенен елдің бәрі безіп отыр. Олардың ойынша сен өте жаман адамсың. Ал сен қалай бұл қорлыққа шыдап отырсың. Бір нәрсе деп, қарсылық көрсетпейсің бе?» дейді. Бұл да шайтанның ақырғы құрған тұзағы. Алайда шайтан адамды ақырғы деміне дейін әртүрлі жолдар арқылы азғыра бермек. Бірақ, пенде әрқашан Аллаһ Тағала сиынып жүрсе, олардың ешбірінің әсері болмайды. Олардың құрған тұзақтары Хаққа сиынған мұсылмандарға өрмекшінің торы тәрізді ғана.

5. *الَّذِي يُوسِسُ فِي صُدُورِ النَّاسِ* – «Ол – адамдардың жүрегіне жаман ой салып азғырады». Адамдардың жүректеріне не болмаса қоғамның, Аллаһ Тағаланы ұмытқандардың көкіректеріне, ішкі және сыртқы сезімдеріне әртүрлі жаман ойлар тастайды⁴⁸⁹. Аңдып басып келіп, ақырын түртіп, азғындыққа итермелейді. Адамның жан дүниесіне жыландай жылжып кіріп, оның әрбір қалтарыстарына азғындық жұмыртқаларын тастап, жемтігін аңдыған жыртқыштай нәтижесін күтеді. Ақырында қабығын жарып шыққан азғындық ниет, ойлар бойдағы сансыз сезім иірімдерімен бірге ирелендеп, санасын шарлап, у мен зәрін шашып, пендені сансыратады. Егер осы кезде адам дереу Хақ Тағалаға сиынып, Оған арқа сүйемесе, көп ұзамай адасып, ақырында дін мен иманнан біржолата айырылады.

6. *مِنَ الْجِنَّةِ وَالنَّاسِ* – «Ол шайтан жындардан да, адамдардан да шығады». Азғырушы бізбен қатар өмір сүрген жындар арасынан да, адамдар арасынан да шығады⁴⁹⁰. Уасуаса-азғырушы шайтан екі түрлі болмақ: Бірі – метафизикалық әлемде ғұмыр кешкен жындар мен кәдуілгі адамдар ұрпағынан болады. Бұл мағына «Әнғам» сүресінде де кездеседі: *وَكَذَلِكَ جَعَلْنَا لِكُلِّ نَبِيٍّ عَدُوًّا* – *شَيَاطِينَ الْإِنْسِ وَالْجِنَّ يُوحِي بَعْضُهُمْ إِلَى بَعْضٍ زُخْرُفَ الْقَوْلِ غُرُورًا* – «Осылайша, Біз әрбір пайғамбарға адам мен жын шай-

⁴⁸⁹ Тәфсирун-Нәсәфи, 4-том. 387-бет.

⁴⁹⁰ Тәфсирул-Бәғәуи. 8-том, 599-бет; әс-Сағди. Тәйсирул-Кәримир-Рахмән, 5-том, 453-бет; Уәһбә Зухәйли. әт-Тәфсирул-мунир, 15-том, 886-бет; әр-Рази. әт-Тәфсирул-кәбир, 32-том, 181-бет; Мухаммад Али әс-Сабуни. Сафуәтут-тәфәсир, 3 том. 626 бет.

тандарын дұшпан қылдық. Олар алдап бір-бірлеріне жылтыраған сөздер сыбырлайды»⁴⁹¹.

Әрбір адамның өзін жамандыққа сүйреп, азғындық істерді көзіне әдемі етіп көрсетуге тырысқан бір шайтаны бар. Аллаһ елшісі: (с.а.с.): «Арнайы уазипаланған жын шайтаны мен періштесі болмаған ешбірің жоқ», – дейді. Сонда біреу: «Пайғамбарым! сенікі ше?» – деп сұрайды. Ол: «Иә, бар. Бірақ, Аллаһ Тағала мені одан үстем етіп жеңгізді», – дейді⁴⁹².

Сүренің ақырғы осы аяты барлық адам мен жындардың жаманшылығынан сақтануды үйретеді. Сөзсіз адамдардың шайтандары жын-шайтандарға қарағанда әлдеқайда қауіпті. Аллаһ Тағалаға сиынған кезде жын шайтандар аулақ кетіп жасырынады. Адамның шайтандары көріксіз нәрсені оған ғажайып көрсетіп, оған жамандық жасауға ынталандырады.

Шайтан уасуаса-азғыруының дәрісі – үшеу. Біріншісі: Аллаһ Тағаланы көп ойлап, зікір ету. Екіншісі: Аллаһ Тағалаға сиынып, хадис пен Құрандағы сиыну дұғаларын оқу. Мұның ең мықтысы да осы аят. Үшіншісі: шайтанға қарсы шығып, оның жаса дегенін керісінше жасау. Адамдардың Раббы, адамдардың Патшасы, адамдардың Құдайы болған Аллаһ Тағалаға сиыну қажеттілігі әмір етілген.

Міне, Құран осы аятпен осылайша аяқталады. Бірақ, осы аятты оқып, Аллаһ Тағалаға сиынған бір мұсылман, өзін қорғаған Аллаһ Тағалаға шүкіршілік ету мақсатымен «Хамд пен мадақ әлемдердің Раббы Аллаһ Тағалаға лайық» деп қайта бастайды. Ақырғы аят пен «Фатиханың» арасында бір-бірімен тығыз

⁴⁹¹ «Әнғам» сүресі, 112.

⁴⁹² Дарими.Рикақ 25; Муснәд, 1, 385.

байланыс бар. Бұдан басқа да осы сүреде бір-бірін қайталамай жиырма екі араб әрібі қолданылған. «Фатиха» сүресіндегі әріптер де осылай, бір-бірімен қатынас, ұқсастық жатыр.

«Фәлақ» пен «Нас» сүресі Құранның ақырғы сүрелері. «Фатиха» – алғашқы сүресі. Бұл сүрелердің бір-бірімен тығыз байланысты екенін көрсетеді. Мысалы, Құран «Фатиха» сүресімен ашылып, ақырғы екі сүремен аяқталады. Екеуі де дұға сүрелері. «Фатиха» сүресінде құл Аллаһ Тағалаға жалбарынып: «Ей, Аллаһым! Саған ғана құлшылық қылып, Сенен ғана жәрдем тілеймін. Сенің маған ең үлкен жәрдемің, тура жолды көрсетуің, мені сол жолдан адастырмауың» дейді. Аллаһ Тағала да оған тура жол ретінде «Әлиф, Ләм, Мим. Міне, Кітап. Онда күмән жоқ. Тақуалар үшін жол көрсетуші» деп, Құран түсіріп сол кітап арқылы тура жолдарды нұсқайды. Одан кейін «Таңның Раббы, адамдардың Раббы, адамдардың Патшасы, адамдардың Құдайы болған Аллаһ Тағала бізге: «Жаратылыстың әр түрінің бүлігі мен жаманшылығынан Саған сиынамын. Тура жолдан адастыратын ең үлкен кедергілер солар», – деп әмір етеді.

Сөзімізді түйіндесек, осы сүреде ғажайып дауыс үндестіктері бар. Сүрелердің әрбір аяты «с» әрібімен аяқталған. Осы сүрелерді оқысаңыз, құлағыңызға сыбырлаған дауыс естіледі. Шайтанның адамға сездірмей, оятып алмай, сыбырлап азғыратынын дауыс үндестігі арқылы да білдірген. Құран сөздің мағынасын дауыс үндестігіндей әуезбен бізге жеткізген. Бұл Құранның мұғжизалығының бір сыры. Бұндай ғажайыптылықты басқа сүрелерден де көруіңізге әбден болады. Иә, солай. Өйткені, Құран – ғаламзаттың Раб-

бы, Аллаһ Тағаланың жер бетіндегі күллі адамзатқа

түсірген ақырғы сөзі.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Абдуррахман ибн Наср әс-Сади. Тәйсирул-Кәримир-Рахмән фи тәфсири кәләмил-Мәннән, Бэйрут.
2. Ахмәд ибн Ханбәл. Муснәд. Египет, 1949.
3. Әбу Хаян. Бахрул-Мухит.
4. әз-Зәрқани. Мәнәһилул-Ирфән фи улумил-Қуран, Бэйрут, 1995.
5. әт-Тәбәри. Жамуил-Бәян, Бэйрут, 1998.
6. Бәйхақи. әс-Сунәнул-Кубра.
7. Елмалылы М. Хамди Языр. Хақ діні Қуран ділі, Станбул.
8. Жәләуддин әс-Сиуити. әл-Итқан фи Улумил-Қуран. Бэйрут, 1996.
9. Ибн Кәсир. Тәфсирул-Қуранил-азим, Бэйрут, 1997.
10. Ибн Манзур. Лисанул-Араб.
11. әл-Имам Алауддин Әбу Бәкр ибн Мәсғуд әл-Кәсәнил-ханафи, Бәдәиус-Санаии.
12. әл-Имам Мухис-Суннә Әби әл-Хусәйн ибн Мәсууд әл-Бәғәуи, Тәфсирул-Бәғәуи, Рияд, 1993.
13. әл-Имам Фәхруддин әр-Рази, әт-Тәфсирул-кәбир әу мәфәтихул-ғайб, Бэйрут, 1990.
14. Исмайыл Паша әл-Бағдади, Һәдиятул-арифин, Станбул 1951.
15. Куртиби. Ахкамул-Қуран.
16. Мәжмауз-Зәуәид. Бэйрут, 1967.
17. Мәннәнүл-Қәттән. Мәбәһис фи улумил-Қуран 1997.
18. Муслим. Әбул Хусәйн ибн Хажжәж. Сахих. Станбул, 1973.

19. Мухаммәд Али әс-Сабуни, Рәуәиул-бәян тәфсиру әяәтил-ахкәм минәл-Қуран, Станбул.
20. Мухаммәд Али әс-Сабуни. Сафуәтут-тәфәсир, Станбул.
21. Сайд Қутуб, Фи зилалил-Қуран, Бәйрут. 1995.
22. Суити. Дуррул-Мәнсур.
23. Тирмизи, Мухаммәд ибн Иса. Сунән. Египет.
24. Уәһбә Зухәйли, әл-Фикһул-Исләмия уә әдилләтуһу, Димашқ. 1996.
25. Хаким. Мустәдрәк.
26. Хафизуддин Әбул-Бәрәкәт Абдуллаһ ибн Ахмәд ибн Махмуд ән-Нәсәфи, Мәдәрикут-тәнзил уә Хақаикут-т Тәуил, Станбул, 1991.

МАЗМҰНЫ

ҚҰРАН КІМНІҢ СӨЗІ?

4

Алғы сөз

5

Автордан

7

Құранға дейінгі арабтардың өмірі

10

БІРІНШІ ТАРАУ

17

Құран хақында жалпы түсінік

17

Құранның Ұлы Жаратушының кітабы болуының дәлелдері

21

Құранның қайнар көзі

23

Құран қайнар көзінің зерттелуі

24

Ханифтер

24

Пұтқа табынушылар

26

Сабиилер

32

Монах Бахира

33

Тәураттағы хабарлар

34

Құранның Інжілмен қатынасы

41

Құранның Тәуратпен қатынасы

44

Шабьт, яки ой-қиял хақында

53

Құран мен Пайғамбар сөзінің айырмашылығы

54

Құран стилі

54

Мұхитдин ИСАҰЛЫ

МӘҢГІ МҰҒЖИЗА

Редакциялагандар:

Корректоры:

Көркемдеуші дизайнер:

Компьютерде беттеген: